Алтын ғасырдан қазіргі шағымызға дейін

Өркениет Шыңындағы Жауһарлар 2

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Алтын ғасырдан қазіргі шағымызға дейін

Өркениет Шыңындағы Жауһарлар

II том

Осман Нұри ТОПБАШ

Алматы - 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Бізді, ғаламның мақтанышы Пайғамбарымызға (с.а.у.) үмбет болу бақытын нәсіп еткен Аллаһ Тағалаға сансыз мадақ!

Барша ғаламға рақым нұры ретінде жіберілген әрі үмбетіне үлгі боларлық кісілігімен өзіндей теңдесі жоқ ***«өркениет шыңында ізгілікке толы ғұмыр кешу»*** *қағидаттарын үйреткен Пайғамбарымыз Хазірет Мұхаммед Мұстафаға шексіз салауат пен сәлем болғай!*

Күллі жаратылыстарының ішінде адам баласын **«фи ахсани тақуим»** ең көркем пішінде жаратқан Аллаһ – құлының барша ғұмырындағы іс-әрекетінің, құлшылығының, мәңгі-бақилық о дүниелік дайындығының ең керемет кейіпте жүзеге асуын қалайды. Өйткені, Раббымыз жер бетіндегі халифасының өзіне лайық мәртебеде ғұмыр кешуін сүйеді. Кейін оған о дүниеде мәңгі-бақи тұрақтайтын мекені жәннатты және Өзінің дидарын көруді сыйға тартуды мұрат етеді.

Сондықтан, адамзат баласының ақтық деміне дейінгі барлық өмірін көркем түрде **«ізгілікке толы ортада»** өткізуі, адамшылықтың нағыз өзі болмақ. Өйткені, әрбір құнды нәрсе, өзіне лайық құндылығымен бағалануы қажет. Егер оның құндылығы теріс немесе жаңылыс бағаланса, оған залал тигізуі әбден мүмкін.

Мысалы: бриллиант, жақұт тастар тобына жатады. Бұл құнды тастар ең жақсы нәрселерге қолданылады. Әрі ерекше сақталады. Қарапайым майда тастар болса, жолдағы шұңқырларды бітеу секілді ұсақ-түйек істерге жарайды. Осылай бола тұрып құнды тастарды бәрібір тас қой деп нашар жолдың шұңқырларын бітеуге қолдану нағыз барып тұрған ақымақтық емес пе?

Мінекей осы секілді, күллі жаратылыстың ең абзалы адамзат баласы ізгілікке толы ғұмыр кешудің орнына, ғапылдықтың батпағына батып өмір сүруі барып тұрған ақымақтық. Тіпті одан бетер масқаралық, яғни адам баласы өз қадірін білмеушілік деген сөз. Міне осындай жан Хақ Тағала құзырындағы бар абыройын, қасиетін жоғалтады. Адамдық шеңберінен шығып, өзіне орасан зор залал тигізеді.

Хазірет Әли емтихан дүниесіндегі адамзат баласының бейқамдығын һәм соған алдануын: *«Ізгілікке қол жеткізу өте қиын. Ал масқаралыққа бой алдыру өте оңай»* деп суреттейді.

Сондықтан адам баласы әрдайым рухани тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие адам баласының жаратылысында болмаған нәрсені үйретпейді. Тақуалыққа немесе азғындыққа, жақсылыққа немесе жамандыққа бейім болуы адамның бойында о бастағы жаратылысынан бар дүние. Асыл ізгілік сол жаратылыстағы жағымсыз бейімділікті жойып, негізгі ерекшеліктерін тануға, қалыптастыруға тырысу.

Міне, Хақ Тағала әрбір құлының нәпсісінің құрған тұзақтарына түспеуге, қор болып өмір сүрмеуге және жаратылысындағы ерекшеліктерді тану үшін **«ең көркем кейіпте»** ізгілікке толы кешудің қағидасын иләһи кітаптар арқылы жеткізген. Әрі сол ізгіліктерді бізге үлгі ретінде көрсету үшін пайғамбарлар жіберген.

Өйткені, кез келген нәрсенің әдемілігін таныту үшін тек жақсы ұстанымдар, қағидалар қою жеткіліксіз. Өлшемдер, үкімдер және ұстанымдар қанша жүйелі болса да, олардың іс жүзінде яғни теорияның тәжірибеде қандай екендігі, өмірден мысалдар алу арқылы ғана білінеді. Ал егер бұлай болмаған күнде ол керемет ұстанымдар тек теория жүзінде қалып қоюға мәжбүр болады. Адам баласы әрдайым үлгі-өнегеге мұқтаж. Өнеге болмаса ақиқаттарды, әдеміліктерді және ізгіліктерді ұғына алмайды. Оның санасындағы жақсылық яки жамандық тек өнеге арқылы айқындалады. Сондықтан, адамзат баласын мәңгі бақытқа қауыштыратын, ізгілік өлшемдерін өз өмірінде іс жүзінде жүзеге асырған, әрі үлгі боларлық кәміл жандарға мұқтаждық бар.

Құран Кәрімнің Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқылы жіберілуінің басты сыры осыда жатыр. Яғни, Құран үкімдерінің іс жүзінде жүзеге асу мүмкіншілігі бар екендігі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) теңдессіз үлгі боларлық кісілігі арқылы танылған. Олай болмаса, адамзат баласы нәпсісінің қалауына теріс түскендіктен мүлдем жүзеге аспайтын, тағат жетпейтін, адам қиялы бойламайтын үкімдер ретінде қарастырады. Өйткені пайғамбарлар дүниеден өткеннен кейін, ұлы ұстанымдарды өз өмірімен ұштастыра білген жандар қалмаған дәуірлерде адамдар иләһи кітаптардағы нендей тағлымдарды, ізгіліктерді және әмірлерді «бұлар жүзеге аспайтын нәрселер» деп өз пайдалары мен нәпсілеріне қолайлы етіп өзгертіп отырған.

Бұдан ұлы ұстанымдардың шынында жүзеге асатындығын, тек өмірден алынған мысалдармен ғана растауға болатындығы байқалады. Сондықтан, соңғы иләһи кітап Құран Кәрім, пайғамбардың жүрегіне түсірілген. Әрі иләһи әмірлер оның бойынан орын алып, өмірлік ұстанымдары ретінде қалыптасқан. Осылайша барша адамзат оны өзіне

үлгі тұтып, ұлы ұстанымдарды жүзеге асыру бақытына қол жеткізген. Жаратылысына сәйкес **«ең көркем пішінде»** ғұмыр кешіп, илаһи қауышуға жеткен...

Құран Кәрімде: «(Ей, Мұхаммед!) **Бұл Құранды өзінен бұрын түскен кітаптарды растаушы және мүминдер үшін жол бастаушы әрі сүйіншілеуші ретінде Аллаһтың әмірімен Жәбірейіл сенің жүрегіңе түсірді»** делінген (Бақара сүресі, 97-аят).

Яғни Құран, пайғамбарымыздың жүрегіне түсу арқылы оның күллі іс-әрекетінде көрініс тапты. Сөйлеген сөзінде, жасаған ісінде, ұжданында және сезімдерінде, қысқасы бар болмысын билеп алды. Осылайша пайғамбарымыз санаулы ғұмырында сөйлейтін Құран тәпсіріне айналған еді. Хақ Тағала илаһи ақиқат пен ізгіліктерді оның ұлы тұлғасында көрсетті.

Кісі, сүйген жанынан үлгі алады. Оның тұлғасына қайран болып өтеді. Сүйген жанның сүйіспеншілік деңгейі, жақсы көрген адамының бойындағы сипаттары, өз бойында көрінгенде байқалады. Яғни оны өзіне үлгі тұтуына тікелей байланысты. Көпшілік өзінің көсеміне қарай белгілі бір жүйеге келеді. Пайғамбарымыздың ұлы кісілігі баурап алған сахабалар, оның нұсқаулары мен тәрбиесінің аясында адамзат тарихына **«алтын дәуірді»** сыйға тартты. Сахабалар Хунейнде ол арқылы ерліктің дәмін татты. Ұхудта тәуекел мен разылықтың қандай болатындығын онымен бірге аңғарды. Сахабалардың жұмыста, жанұяда, саудада, адами қарым-қатынастарда, қоғамдық қызметтерді, көркем мінез-құлықта және құлшылыққа қатысты іс-әрекеттерінде Пайғамбар (с.а.у.) басты үлгі болды. Сахабаларды сахаба еткен, оларды көркем ахлақ пен ізгіліктің шыңына көтерген ұстаным, оған иман келтіру және оны өздеріне үлгі тұтулары еді.

Құран Кәрімде: «(Ей, Мұхаммед!) **Шынында сен ұлы ахлаққа иесің»** (Қалам сүресі, 4-аят) делінген. Пайғамбарды бұл аяттан басқа нәрсемен таныту мүмкін емес. Аллаһ Тағала адамзат тарихындағы ұлы ахлақ пен ізгіліктердің заңғар биігін оның бойында орын алуын, барша адам баласына үлгі болуын мұрат еткен.

Сондықтан дүниедегі мұсылманы бар, кәпірі бар барлығы оның ұлы ахлақы мен ізгілігіне қайран. Азулы мүшріктердің бірі болған әрі: «Біз сенің **әмин** (сенімді) және **садық** (сөзің мен ісің тура) екендігіңді білеміз. Бірақ әкелген нәрсеңе қарсымыз» деген Әбу Жәһілден бастап бүгінгі күнімізге дейінгі ислам дұшпандары Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ұлы кісілігін мойындап келген. Тарих оның ізгіліктерінің әр ғасырда заңғар биіктен көрінгендігіне әрдайым куә болып келеді.

Міне сол мыңдаған мысалдардың бірі:

Американдық ғалым Михайл Харт 1979 жылы адамзат тарихындағы ең ықпалды жүз адамды таңдап алу үшін зерттеу жүргізді. Ұлы тұлғалардың қабілеттерін, күрестерін, атқарған істері мен қол жеткізген табыстарын компютерьге тіркеді. Бірнеше айға созылған зерттеу өз нәтижесін берген еді. Компютерьде өзіне жүктелген мағлұматтарға сүйене отырып, талдау жасады. Дүниенің ең ықпалды тұлғасының есімін таңдады. Ол **Хазірет Мұхаммед (**с.а.у.**)** болды.

Зерттеудің артынша француз журналы «Le Point» Хазірет Мұхаммед Мұстафаны (с.а.у.) 1979 жылы «жыл адамы» деп атады. 29 желтоқсан 1979 жылы шыққан газеттер бұған мынадай түсініктеме берді: «Хазірет Мұхаммед, 571-632 жылдар аралығында өмір сүрсе де дүниеде оның ықпалы өте үлкен. Миллиондаған жандар оның көрсеткен жолымен жүріп келеді (Зафер журналы, 97/3-8).

Өйткені, оның көрсеткен жолымен жүру адамзатқа тек тыныштық, бақыт, мейірімділік ұсынбақ.

Оның ізімен жүру, тірі Құранға айналу сырын аңғару болмақ.

Мына нәрсені ұмытпалық, тарихта Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілік пен иман нұрына бөленіп, оның салған сара жолына жан-тәнімен берілудің туын тасу қадірлі халқымызға нәсіп болған еді. Бұл ақиқатты, әрбір халық ер азаматын «кішкене Мұхаммед» деген мағынаға сәйкес келетін «мехметшік» деп атаулы дәлелдей алады. Шүбәсіз әрбір азаматты бұлай деп атау, Пайғамбарымыздың кішкене бір моделі болу тілегінен туған нәрсе. Ол атауды қазіргі таңға дейін сақтап келсек те, бұл сезім мен ойға қаншалықты ие болғандығымызды һәм лайық екендігімізді жеке-жеке, барша халық болып өзімізден сұрауымыз қажет секілді.

Сол бұрынғы абырой мен қадірге қайта қол жеткізу үшін ұлы Пайғамбарды жан-тәнімен сүюіміз әрі әрбір іс-әрекетімізді оның іс-әрекетімен салыстыруымыз ләзім. Ол үшін оның әрбір сөзін, әрекетін толықтай түйсініп, жүрегімізбен тануымыз әрі танытуымыз, әрі оның рухани дүниесінен нәр алып, әрі оның сара жолында сәтті қадамдар жасау үшін көптеген тер төгуіміз керек. Бірақ, бұларды жүзеге асыру үшін алдымен оның ізімен жүрудің әрі қалай сәтті қадамдар жасау керектігін жақсы аңғарып алуға мәжбүрміз. Осыны жеткізу үшін «ізгілікке толы ғұмыр кешудің» екінші томын жазуды қолға алдық. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ғұмырында бір жүйеге енген ізгілік қағидаларын белгілі мазмұн шеңберінде жеткізуге тырыстық. Бұрын жазылған еңбектерімізден, басқа да құнды еңбектерден ізгілік кестелерін құрастырдық. Алайда, кітабымызға енген ізгілік кестелері, көркем ахлақтың шыңына байрақ тіккен Пайғамбарымызды (с.а.у.) суреттуде дариядан алынған бір тамшы су іспетті екендігін ескерген жөн. Ол бұл кітапта айтылған немесе

айтылмаған ізгіліктерді өз бойында жинаумен шектеліп қалмаған. Оның ізгілік көкжиегі, күллі адамзат қолданған барша мадаққа сыймайды. Хазірет Әлидің айтқаны секілді: *«Сендерге Аллаһтың Елшісінен (с.а.у.) бір хадис-шәріп, бір сөз немесе бір уақиға нақыл етілгенде, Аллаһтың Елшісінің һидаят, туралық және тақуалық тұрғысынан үстем және биік екендігін біліп қойыңдар»* (Ахмет, 1, 122).

Осындай жауапкершілік сезімі мен мұқияттылыққа сүйене отырып оның бұл дүниеде және ақыретте пайдасы тиетін **істерді**, дүниені жәннатқа айналдыратын **мәмілелер** тұрғысында қолданған әдістерін мүмкіндігімізше танытуға күш салдық. Әрі осы бағытта Аллаһ Елшісінің қанатының астында тәрбиеленген саңлақ сахабалардың, пайғамбардың мирасқорлары болып саналатын әулиелердің, оның ізімен жүрген ізгі тұлғалардың ғибратқа толы өмірлерінен мысалдар нақыл етуге тырыстық.

Ниетіміз: Аллаһ Елшісінің, ардақты сахабалардың және әулиелердің көркем ахлағынан кішкене болса да пай алу. Құран ахлағының тірі мысалына айналу. Ғұмырымызды Аллаһ және Оның Елшісіне лайықты ізгіліктермен өткізу. Барша мүмкіншілігімізді осы сара жолда сарып ету. Мәңгі бақыттың бұлақ суынан нәр тату.

Осы сәтті пайдалана отырып, еңбектің жарық көруіне ерен еңбек еткен Мұрат Кайа бастаған барша ғылым жолында жүрген бауырларыма шексіз алғысымды білдіремін. Жасаған еңбектерінің «садақа жария» ретінде қабыл етілуін Хақ Тағаладан тілеймін.

Раббымыз, барша жақсы ниеттерімізді разылығымен түйістірсін! Амал дәптерімізді ізгіліктерге толтырсын. Жүрегіне түсірілген уахидың ықпалымен тірі Құранға айналған Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) рухани дүниесінен пай алуымызды нәсіп етсін. Сол арқылы біз де оның үмбеті болуға лайық кейіпке еніп, дәл сол ізгіліктерден тиесілі еншімізді алалық.

Уа, Раббым! Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жолында, оған деген сүйіспеншілікпен һәм оның ахлақы және ізгіліктерімен өмір сүруімізді баршамызға жеңілдет!

Әмин!..

Осман Нұри ТОПБАШ

Сәуір айы, 2007 жыл

Үскүдар/Стамбұл

БІРІНШІ БӨЛІМ

Қызмет

«Қауымының мырзасы атануы - оларға қызмет еткендігінен тұрады»
(Дэйләми, Мүснәд II, 324)..

«Бүгін Аллаһ үшін не істедіңіз?!»

ҚЫЗМЕТ

Қызмет, Хақ Тағаланың бізге жүктеген әлеуметтік құлдық міндеттеріміздің бірі. Момынның ғұмыры, күллі жаратылысқа қызмет саясында береке, рухани тұрғыдан кемелдікке және ұлықтыққа бөленеді. Фәни тәнін Аллаһқа қызмет ету үшін құрбан еткен жан, мәңгі жасайтын рухын азаптан азат етеді.

Хазірет Мәулана мұны былай хикая етеді:

«Құлшылық етіп, жақсылық жасап, жомарттық танытып, халыққа қызмет етіп оятқан көкірек көзің арқылы алуан түстерден басқа бояуларды көресің. Қарапайым тастардың орнына інжу, маржан тастарын көресің. Інжу деген немене? Сен теңізге айналасың. Көктен көз тастап, серуендейтін күн боласың».

Хақ Тағала біздерге сансыз нығметтер нәсіп еткен. Бұл нығметтер арқылы махлұқатына қызмет етуімізді мұрат етеді. Өзіне сыйға тартылған нығмет пен мүмкіндіктерді өзімшілдік танытып, тек өз пайдасына ғана жұмсап қызмет етпегендер жеміссіз ағаш іспетті. Бұл жан шынар ағашына қатты ұқсайды. Шынар ағашы өте биік болып өседі. Алайда жемісі болмайды. Тіпті діңгегінен дұрыс тақтай да шықпайды. Тек жағылатын отын ретінде пайдаланылады. Зәйтүн ағашы болса, отырғызылғаннан бір-ақ жыл өткеннен кейін жеміс бере бастайды. Шынар ағашы секілді биіктігі де жоқ.

Адамзат баласы да байлық, денсаулық, білімділік т.б. секілді материалды және рухани тұрғыдан үлкен мүмкіндіктерге ие бола тұрып, шынар ағашы секілді жеміссіз болса, өзіне орасан зор залал тигізеді. Ақылды жан зәйтүн ағашы сияқты көп уақыт өтпестен жеміс беруге, яғни маңайындағыларға пайдалы болуға тер төгуі қажет. Оның жемісі, күллі жаратылысқа қызмет ету болып табылады.

Хақ Тағала қызмет етуге үлкен сыр берген. Аллаһқа құлшылық ету үшін жаратылған адам баласына қызмет ету құлшылықтың бір түрі болып табылады. Аллаһ, дініне қызмет еткен және құлдарының қиыншылықтарын жеңілдету үшін тер төккен жандардың қиыншылықтарын өтеуді өз мойнына алады. Барша ісі тек өз дертінен аспаған жандарды өзімен-өзін алпарыстырып әуреге салып қояды.

Қызмет, нәпсінің менмендігінен құтылып, өзгешіл, халықшыл рухпен күллі жаратылысқа еңбек етіп, Аллаһтың разылығын іздеу демек. Шынайы пейілмен жасалған қызмет, ақиқатында, Аллаһ Тағалаға қауышу құштарлығының іс-әрекеттерде көрініс табуы болып табылады.

Әрбір мүмин өзінің қоршаған ортасына қызмет етуді Аллаһ разылығына қол жеткізуге мүмкіншілік танынатын маңызды себеп деп білуі тиіс. Өйткені, қызмет етуді өз өмірінде негізгі ұстаным ретінде ұстанған жан, қоғамда қандай мансапта болуы аса маңызды емес. Өйткені ол Аллаһ Тағаланың құзырында ерекше мансапқа, дәрежеге ие болмақ.

Хадис-шәріпте: *«Бір қауымға қызмет еткен жан (сауап пен сыйға қол жеткізу тұрғысынан) олардың ең үлкені, көсемі»* деп айтылған.[1]

Әбу Һұрайра (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) былай дегенін нақыл етеді: «Бір кісі жол үстінде ағаш бұтағын көрді. *«Аллаһқа ант етемін, мынаны мұсылмандардың мазасын алмауы үшін жолдан алып тастаймын»*, - деді (Ағашты жолдан алып тастап) жәннаттық болуға қол жеткізді» (Мүслим, Бирр 128).

«Бір кісі жолда келе жатып, тікен бұтағын көрді. Оны жолдан алып, жолдың шетіне лақтырып жіберді. Аллаһ оның бұл әрекетіне разы болып, күнәларын кешірді».

Мына нәрсені ұмытпалық, Хақ Тағаланың разылығы кейде шын пейілмен жасалған болмашы болып көрінген істе болуы мүмкін. Сондықтан үлкен-кіші деместен барша қызметке ұмтылып, оның разылығын іздеуіміз керек.

Хақ Тағаланың қабыл ететін амалдарының бірі, оның разылығы үшін адамдарға қызмет ету әрі көркем ахлақ иесі болу. Өйткені Аллаһтың жолында жүру дегеніміз, адамдарға қызмет ету, олар үшін пайдалы бола білу.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Адамдардың ең қайырлысы, адамдарға пайдалы болғаны»*, - деген (Ибн Хажар, әл-Маталибул-ғалиа 1, 264).

Аллаһтың разылығына лайық жасалған болмашы қызмет, көптеген құлшылықтан артық болуы әбден мүмкін. Бұл ақиқатты «алтын ғасырда» болған бір уақиғамен дәлелдеп көрелік.

Ауа-райы қатты ысып кетіп, сапарда келе жатқан Пайғамбарымыз (с.а.у.) тынығу үшін аялдады. Сахабалардың бір бөлігі ораза ұстаған еді. Олар қатты шаршағандықтан, дереу ұйқыға бас қойды. Ораза ұстамағандар, көлеңкелейтін шатырлар құрды. Дәрет алу үшін және жануарларды суғару үшін су тасыды. Ораза ұстағандарға қызмет етті. Ауыз ашу уақыты келгенде Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Бүгін ораза*

1. Дәйлами, әл-Фирдаус би-масирил-хитаб, Бейрут 1986, II, 324.

ұстамағандар (көбірек) сауап алды», - деді (Бұхари, Жиһад 71; Мүслим, Сиям 100-101; Нәсай, Саум 52).

Хазірет Пайғамбар (с.а.у.) барша саналы ғұмырын қызмет етумен өткізген. Әуелі, ол бүткіл өмірін адамдардың тура жолға түсуіне, ішкі жан дүниелерінің рухани байлыққа кенелуіне және т.б. секілді ұлық қызметке арнаған. Сонымен қатар өзге қызметтерді де ең көркем түрде атқарып отырған.

Мысалы, Қағба қайта жөнделгенде, Құба мешіті және пайғамбар мешіті салынғанда, Хандақ оры қазылғанда сахабалардың қарсылығына қарамастан олармен бірге жұмыс істеген. Сахабаларымен бірге бір күні серуенге шығады. Олардың әрбірі өзіне лайықты іс алғанда, Пайғамбарымыз (с.а.у.) отын жинауды өз мойнына алады. Сахабалардың: «Сіз әуре болмаңыз. Біз сіздің орныңызға, өзіміз істейміз», - дегендеріне көнбей, өз ісін ойдағыдай атқарып шыққан-ды. Өзімен кездесуге келген ру елшілеріне үлкен мән беріп, өзі бас болып қызмет ететін. Үйде болса өзін көруге келген жанға көрпеше төсеген. Егер сыртта болса үстіндегі киімін шешіп, қонағының астына төсеген.

Барша ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл ұлы қарапайымдылығы, қызметі үмбеті үшін таптырмас үлгі-өнеге. Негізінде оның күллі өмірі Хақ Тағалаға, адамзат баласына және барлық жаратылысқа қызмет етумен өткен. Ол тәрбиелеген ұрпақ өз өмірлерін Аллаһ Елшісіне арнаған. Аллаһ жолында қызмет ету, олардың ләззат алатын ісіне айналған.

Бауырлық сезім жойылып, қоғам тынышы мен рақаты жоғалған, өшпенділік пен дұшпандықтың өршіп тұрған мына заманда, бұл қызмет рухына асқан зәрулік бар. Мұндай шақта істелінген болмашы қызметке, Аллаһ Тағала үлкен сауап береді. Бұл жайлы Хазірет имам Раббани былай дейді.

«Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетіне және оның үкімдеріне еріп нығметіне бөленген жан нендей бақытты! Қазіргі таңда оның әкелген дінінің хақ екендігіне иланып, істелген азғана іс, үлкен іс ретінде қабыл етіледі» (Мәктубат Раббани, 44 мәктуб).

Сондықтан, өзімізді және ұрпағымызды Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) ұлық қызмет рухымен тәрбиелеуіміз қажет. Кез келген қызметті, істі шын көңілмен сүйіп, шынайы пейілмен атқарып, ізгілік үлгісі боларлық халге келуіміз керек.

Алайда, жасалған қызметтің Аллаһ құзырында қабыл болуы үшін бірнеше шарттары бар. Олар: ықылас, мейірімділік, халықшылдық және істің, қызметтің Аллаһ разылығы үшін атқарылуы.

Қызметте сылбыр қимылдау, жалқаулық таныту, шын пейілмен

болса да істі, қызметті жәй жүргізу қызметтің құндылығын жоғалтады. Жасалған қызметті Аллаһ разылығына қол жеткізу үшін, берілген мүмкіндік деп тану және құлшылық сезімімен атқару керек. «Алтын ғасырда» болған мына уақиға бұған айғақ бола алады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларының бір бөлігін жорыққа аттандырған еді. Солардың ішінен бірі қалып қойды. Жанұясына: «Аллаһтың Елшісімен түскі намазды бірге оқып, оған сәлем беріп қоштасайын деп қалдым. Әрі маған қиямет күнінде шапағат ететін дұға оқуын сұрайын», - деді.

Әлгі кісі Пайғамбарымызбен (с.а.у.) түскі намазды оқығаннан кейін барып сәлем берді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жолдастарыңның сені қаншалықты озып кеткендігін білемісің?»* - деді.

Сахаба: «Иә, таңертеңнен бері қанша жүрсе, сонша озып кеткен шығар», - деді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһтың атымен ант етейін, олар сенен сауап тұрғысынан, шығыс пен батыстың арасындағы ең ұзақ қашықтықтай ұзап кетті»*, - деді (Ахмет ІІІ, 438).

Басқа риуаятта Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жер жүзіндегі барша нәрсені инфақ етсең де, олар қол жеткізген сауапқа жете алмайсың»*, - деді (Тирмизи, Жұма 28/527; Ахмет І, 256; Бәйһақи ІІІ, 187).

Бұл сахаба игі ниетіне қарамастан Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) ескерту естуге мәжбүр болды. Ол оған жақын болуды қалаған еді. Бірақ өкінішке орай оны мұңайтты. Демек, басты қағида Аллаһ жолында шын пейілмен еңбек ету керек екен. Жеке өз басының қамын ойлап, қызметтен ұзақ тұру рухани тұрғыдан үлкен күйзеліске апарып соғуы мүмкін. Сонымен қатар Хақ Тағала бірлігімізді бұзбай, қызмет етуімізді мұрат етеді. Құран Кәрімде: **«Күмәнсіз, Аллаһ Тағала өзінің жолында біркелкі қаланған ғимараттай сап түзеп, соғысқандарды жақсы көреді»**, - деп айтылған (Саф сүресі, 4-аят).

Сүйіспеншілік, қиыншылықтарды қуанышқа айналдыратын ең күшті құрал болып табылады. Кісі махаббат, сүйіспеншілік арқылы кез келген қиын істі, оңай жүзеге асыра алады. Аллаһ жолында барша қызметті сүйіспеншілікпен және рақымдылықпен атқаратын мүмин, өз ортасындағы жандардың сүйінішіне айналады. Істеген кез келген ісінде алақанының ыстық табы қалып, Аллаһтың сүйікті құлы болуға күш салады.

Әйгілі ғалымдардың бірінің төмендегі мына өнегелі хикаясы, қызметте жүріп қиыншылыққа тап болған кез келген жанға жол көрсетеді.

«Бір киік, өзге киікке былай деп шағымданып жатқан еді.

«Бұдан былай Қағбада, Харам-шәріпте өмір сүремін. Сол жерде жайылып жүруге бел байладым. Өйткені, аңшылар барша жерге қақпан құрып тастады. Күні-түні қыр соңымыздан қалмайды. Осылайша аңшы дертінен құтылғым келеді. Көңілім де тынышталады».

Оның сөзін тыңдап тұрған өзге киік: «Ей, ақылды досым! Өмір сүруді қаласаң, әрдайым өзіңді қайрап жүр. Болат қылыштан өткір бол. Қауіп-қатер, қабілетіңді емтихан етеді. Дене мен жанның құдіретін, тек қауіп-қатер арқылы біліп отырамыз», - дейді.

Адамзат баласына жасалатын ең үлкен қызмет, исламды тәлім ету болып табылады. Яғни, адамдарға жақсылық, игілік жасауды, ақиқат бұлағынан сусындауды насихат ету. Әрі оларды жамандық атаулының барлығынан тыйылуға үгіттеп, Хақ Тағалаға дағуат ету.

Аллаһтың кітабының әмірлері мен Оның Елшісінің сүннетін мүлтіксіз іске асыру үшін, әуелі ақиқатты таныту мен халыққа қызмет ету сүйіспеншілігі көңілімізде орнығуы қажет.

1. АЛЛАҺҚА ДАҒУАТ ЕТУ (шақыру)

Әлдебір мүминді өзге адамдардан айыратын ең маңызды қасиеттердің бірі – мейірімділік. Жаратушыға деген махаббаттан жаратылысқа көрсетілетін мейірімділіктің көрінісі ретінде жасалатын қызметтердің ұлығы Исламды тәблиғ ету және Аллаһқа шақыру болып табылады.

Адамдарды жақсылыққа шақыру, қателіктерін түзетіп білместікпен үйрене алмаған шындықтарды, туралықтарды үйрету, рухани ішкі жан дүниелерін биіктетіп Аллаһқа жөнелдіру олар үшін атқарылуы тиіс ең үлкен қызметтердің бірі. Олардың бұл дүниелік әрі о дүниелік өмірлерін бақытқа қауыштыратын бұл қызмет, бізге иман келтіруімізді нәсіп еткен Аллаһқа шүкір борышымызды өтеуге себепкер болары хақ. Сонымен қатар, Хақ Тағаланың разылығына қол жеткізуге себепші болатын берекелі әрі ізгі іс. Әрбір адам баласы үшін Аллаһ Тағаланың төмендегі мына мадағына қол жеткізуден артық мұраты, арманы бар ма екен?

«(Адамдарды) **Хақ Тағалаға дағуат етіп, ізгі іс істеген, әрі мен мұсылмандарданмын деп айтқан** (кісіден) **сөз тұрғысынан кім артық бола алады?»** (Фуссилат сүресі, 33-аят).

Ұлық Раббымыз, салих құл болуымызды қалап: **«Сендердің араларыңнан игілікке шақыратын, жақсылық жасауды әмір етіп, жамандық атаулыдан тыйатын бір топ болсын! Міне солар мұратына жеткендер (**болып табылады**)»**, - дейді (Әли Имран сүресі, 104-аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) тәблиғ қызметінің маңыздылығын төмендегі мына хадисінде атап көрсетеді.

«Аллаһқа ант етейін, Хақ Тағаланың сен арқылы бір кісіні тура жолға түсіруі, (дүниедегі ең бағалы, құнды дүние болып табылатын) қызыл түйелердің иесі болуыңнан хайырлы» (Бұхари, Асхабун-наби 9).

Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) байлығының көпшілігін құлдарды азат етуге, олардың тура жолға түсуіне жұмсады. Кез келген момынды сүйіндіру, құлдық міндетін еш нәрсеге алаң болмай өтеуіне қол ұшын беру Әбу Бәкірдің (р.а.) сүйікті ісі болатын. Әбу Бәкірдің (р.а.) байлығын осындай кейіпте сарп ететіндігін әкесі Әбу Куһафа (р.а.) жақтырмайтын. Бір күні ұлына қарап: «Ұлым! Сен әрдайым нашар, әлсіз құлдарды азат етіп жүрсің. Құл азат етуді тоқтатпасаң, ең болмаса күштілерін азат ет. Басыңа іс түсіп жатса, сені қорғап қалады», - деді.

Әбу Бәкір (р.а.): «Әкешім! Менің мақсатым Хақ Тағаланың разылығына қол жеткізу. Мен оларды азат етудің сауабын Аллаһтың құзырында алуды қалаймын»,-деді.

Хазірет Әбу Бәкірдің осы және де өзге игі істеріне орай, төмендегі мына аяттар түсті.

«(Дүние-мүлкін Аллаһ жолында) **жұмсап, тақуа болғанға, әрі көркем сөзді** (кәлима-таухидтті һәм жәннаттың бір екенін) **растағанға** (игі іс жасауды, құлшылықты) **жеңілдетеміз»** (Ләйіл сүресі, 5-7 аяттар).[2]

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) төмендегі мына хадис-шәріпте былай дейді: *«(Адамдарды) тура жолға шақырған жан, (оның сөзіне құлақ асып) соңынан ергендердің сауабындай сауап алады. Бұл сауап, оның соңынан ергеннің сауабын азайтпайды. Ал (адамдарды) жаман жолға шақырған жан, (оның сөзіне құлақ асып) соңына ергендердің күнәларындай күнәға батады. Бұл күнә, оның соңынан ергеннің күнәсін азайтпайды»* (Мүслим, Білім 16; Әбу Дәуіт, Сүннет 6/4609).

Демек, адамдарды жақсылық, игілік жасауға шақырудың мол сауабы бар екен. Ал жаман жолға шақырудың, бастаудың күнәсі тек бір кісімен ғана шектеліп қалмай, қоғамды бұзады ағайын!

Тәблиғ қызметі сонымен қатар, «үлкен жиһад» болып табылады. Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«**(Уа, Мұхаммед!) **Кәпірлерге бас име! Оларға Құран Кәрім арқылы ұлы жиһад жаса!»** - дейді (Фурқан сүресі, 52-аят).

Аяттағы бұл «ұлы жиһад» бұйрығы, момындардың мүшріктермен шайқасуға материалдық тұрғыдан шамасы жетпеген Мекке дәуірінде түскен болатын. Бұл жиһадтың тағы бір мағынасын айқындай түседі. Ол, Құран Кәрім әмірлерінің іске асуы мен адамдарға түсіндірілуі болып

2. Ибн Хишам, Сирәтун-Нәби, Бейрут 1937, Дарул-Фикр wI, 341; Тәбари, Жамиғул-Баян ған Тәуили Айил-Құран, Бейрут, 1995, XXX, 279 (Ләйіл сүресінің тәпсірінде); Суюти, Лұбәбун-Нуқұл, Бейрут 2006, 257-258

табылады. Өйткені ол шақта, момындардың қолында Құран Кәрімнен өзге құрал жоқ еді. Тек оны үйрену және үйретумен шектелетін. Осы бағытта ардақты сахабалар көптеген машаққаттарға тап болып, исламды адамзат баласына жеткізуге күш салды.

Тәблиғ қызметінде алға қойған мақсатқа жету үшін, әуелі Құран Кәрімнің тереңдіктеріне бойлай білетін қабілет қажет. Мұнымен шектеліп қалмай, Құран Кәрім ұсынған көркем ахлақты бойға сіңіру керек. Өйткені елді исламға дағуат ететін кісі, Құран Кәрімнің жанды бейнесіне айналуы қажет. Яғни, исламның ғажайыптарын, әмірлерін өз бойынан көрсете білуі ләзім. Міне, елді исламға дағуат етудің ең тиімді жолы осы.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) үмбетіне әрдайым тәблиғ қызметін мүлтіксіз атқаруды, оның үлкен жауапты іс екендігін айтып отырған. Бұл жайлы сөз қозғалған хадис-шәріптерге көз жүгіртейік:

«Менен бір аят болса да, адамдарға жеткізіңдер!» (Бұхари, Әнбия 50).

«Бізден бір хадис естіп, оны басқаларына жеткізу үшін сол күйінде жаттаған кісінің Аллаһ Тағала жүзін нұрландырсын! Өйткені бізден естігенімен, одан артық оны (хадисті) түсінетін, әрі іске асыратын көптеген жандар бар» (Тирмизи, Білім 7).

Адамзат баласын жамандық атаулыдан тыйылуға шақырып, жақсылық жасауға үгіттеу, Хақ Тағалаға деген иманымыздың деңгейін көрсетеді. Төмендегі мына хадис-шәріп соған ишарат етеді.

«Араларыңнан кімде-кім бір жамандық көрсе, оны қолымен түзетсін. (Қолымен түзетуге) шамасы жетпесе тілімен түзетсін. (Тілімен түзетуге) шамасы жетпесе, жүрегімен жек көрсін. Бұл (яғни тым болмаса жүрегімен жек көру) иманның ең әлсіз халі» (Мүслим, Иман 78).

Бір күні ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдарды жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюға мынадай мысал келтірген болатын:

«Бір кемемен сапар шеккен жолаушылар екіге бөлініп, бір бөлігі кеменің үстіңгі қабатына, ал бір бөлігі кеменің төменгі қабатына орналасты. Кеменің төменгі қабатына жайғасқандар: «Су алып келу үшін қайта-қайта жоғары шығып, үстіңгі қабаттағылардың мазасын алып жүрміз. Оның орнына, кеменің табанын тесіп, суды сол жерден алайық», - десті.

Бұл жағдайда, егер үстіңгі қабаттағылар, төменгі қабаттағыларға кедергі жасамаса, барлығы батып кетеді. Ал егер олар төменгі қабаттағыларға кемені тесудің үлкен қателік екендігін түсіндірсе, һәм өздерін һәм өзгелерді тұншығып батудан құтқарып қалады» (Бұхари, Шәһадат 30; Тирмизи, Фитан 12).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) яһудилердің бұзылуын былайша баян етеді.

«Яһудилердің ізгі жандары жаман іспен айналысып жатқан біреуді көріп қалса: «Досым! Сөзіме құлақ сал! Аллаһтан қорық. Мына істен бас тарт. Өйткені мұны істеу, саған харам», - деп ескерту жасайтын. Бірақ олар келесі күні әлгі кісінің сол кешегі іспен айналысып жатқандығын көргенде, онымен бірге тамақтануға және жүріп-тұру үшін екінші мәрте ескерту жасамайтын. Міне осы шақ туғанда, Аллаһ Тағала олардың жүректерін бір-біріне ұқсатты».

Пайғамбарымыз (с.а.у.) осы сөздерді жантайып жатып айтқан еді. Дереу тік отырып: *«Сендер не бір-біріңе жақсылықты насихат етіп, жамандықтан тыясыңдар. Залымның зұлымдығына кедергі боласыңдар. Яки, Аллаһ Тағала жүректеріңді бір-біріне ұқсатып жібереді. Яһудилердің лағнеттегені секілді, сендерді де лағнеттейді»*, - деді.[3]

Әйгілі ғұлама Ғаззали, мұсылман еместермен және пасықтармен бірге болудың, алдымен ойлау тұрғысынан жақындауға себеп болатындығын, уақыт өте келе рухани тұрғыдан жақындауға айналатындығын айтып өткен. Мұндай әрекет кез келген жанның түбіне жетеді.

Тәблиғ қызметінің атқарылмауы кісіні һәм бұл дүниеде һәм о дүниеде көптеген қиыншылыққа душар етеді. Бұл жайлы Әбу Һұрайра (р.а.) былай деп әңгімелейді.

«(Сахабалардың арасында мына ақиқатты) құлағымыз шалатын. Қиямет қайым болғанда, бір кісінің жағасына танымайтын бір кісі келіп жабысады. Кісі аң-таң болып: «Не қалайсың менен? Мен сені танымаймын», - дейді.

Жағаға жабысқан кісі: «Дүниеде жүргенімде, менің қателіктерімді, жаман істермен шұғылданып жүргенімді біле тұра маған ескерту жасамадың. Мені жамандық атаулыдан тыймадың», - деп шағым жасайды».[4]

Тәблиғ қызметіне кірісер кісі ел арасында, білімі, көркем ахлағы, ізгі амалдары арқылы танылуы ләзім. Өйткені сауатсыз кісі жасаған тәблиғте, міндетті түрде қателіктер болады. Сондықтан, тәблиғ қызметіне кірісер кісі, **білім мен рухани** тұрғыдан кемелденуі керек-ақ.

Сонымен қатар, тәблиғ қызметіндегі әрбір момын, әуелі өзінің жеке тұлғасын тәрбиелеуі қажет. Өйткені адамдар көзімен көрген нәрсесіне қатты еліктейді. Үлкен әсер алады. Сол себепті кез келген пайғамбар,

---

3. Әбу Дәуіт, Мәлахим 17/4336; Тирмизи, Тәпсір 5/6, 7; Бәйхақи, әс-Сунәнул-Кубра, Дарул-Фикр X, 93.

4. Мунзири, әт-Тәрғиб уәт-Тәрһиб, Бейрут 1417, III, 164/3506; Рудани, Жамиғул-Фауайд, ауд.Найм Ердоған, Станбул V, 384.

пайғамбарлық міндеті жүктелмей тұрып **«сенімді, шыншылдық»** тағы да басқа ұнамды қасиеттерімен ел арасында танылған. Өзін-өзі тәрбиелей алмаған, бойына игі қасиеттер жинамаған кісінің тәблиғ қызметіне кірісуі бос арамтерлікпен тәмамдалады. Міне осындай жандар, шаш ал десе, бас алатындардың кейпін киеді. Елді Исламға шақырамын деп жүріп, залалын тигізеді. Ел-жұртты үркітіп, діннен, иманнан шығарады.

Хазірет Әлидің (р.а.) айтқаны секілді: «Қисықтың көлеңкесі қисық болады» демекші, бұрыс әдістен дұрыс нәтиже шықпайды. Бұл ақиқат.

Хақ Тағала Құран Кәрімде исламға дағуат етудің әдісін былай деп баяндайды.

«(Уа, Мұхаммед! Адамдарды) **Раббыңның жолына даналық пен көркем үгіт арқылы шақыр! Әрі олармен ең көркем түрде күрес»** (Нахыл сүресі, 125-аят).

Хазірет Әли (р.а.) хикмет пен дұрыс уағыз-насихаттың құндылығын былай деп жеткізеді.

«Адамдарды терең ойға шомдыратын хикметті сөздер арқылы насихат етіңдер. Сонда ғана көңілдері тыншиды».

«Жүрегіңе тек уағыз-насихат арқылы қуат бер. Хикметпен нұрландыр. Дағуатта түсінікті тіл, ұғымды әдіс қолдану қажет. Хазірет Мәулана: «Қанша білсең де, айтқандарың қарсы алдыңдағы адамдардың түсінгеніндей ғана болады»,-деп тіл мен әдістің маңыздылығын тілге тиек етеді.

Мұсылманшылықты елге жаю қызметінде мән берілуі керек болған нәрселердің бірі, бұл істі атқаратын кісі өз жауапкершілігін және кез келген жанды бағалай білуі қажет. Қарсы алдындағы кісінің Хақ Тағаланың қадірлі құлы екендігін жадынан шығармауы керек.

Сөз қозғап отырған тақырыптарымызға қатысты адамзат тарихы куә болған ізгілік мысалдарына көз салалық!

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) елді Хақ Тағалаға дағуат етудегі жігері мен қайратын Хазірет Әли (р.а.) былай деп жеткізеді.

«(Уа, Мұхаммед!) **сен әуелі жақын туыстарыңа ескерту жаса!»** (Шура сүресі, 214-аят) аяты түскенде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мені шақырып алды.

Маған қарап: «Ей, Әли! Ұлық Аллаһ, ең жақын туыстарыма ескерту жасауымды әмір етті. Қатты мұңайып қалдым. Өйткені мен, қауымыма бұл істі айтар болсам, міндетті түрде жағымсыз нәрселер естимін.

Ей, Әли! Бізге бір қазан ас дайында. Оған қойдың бір санын сал.

Сүт әкеліп қой. Артынша Абдулмутталибтің ұлдарын шақыр. Олармен сөйлесейін. Аллаһтың әмірін, оларға жеткізейін», - деді.

Хазірет Әли Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұйрығымен әзірлеген асты, әлгі туыстарына тарту етті. Бір кісіге әрең жететін тағамның, қырық кісіге жеткендігін көрген Әбу Ләһаб: «Таң қаларлық жайт! Мынау бізді сиқырымен баурап алды. Шынында, бүгінгі сиқырдан асқан сиқыр көрмедік», - деп Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) сөз бермеді.

Әбу Ләһабтың сөздері Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) қатты тиді. Ләм-мим деп жақ ашпады. Отырғандар тарап кетті.[5]

Бірақ Аллаһ Елшісі (с.а.у.) тап болған қиыншылықтарына мойымастан, міндетін сабырлықпен жалғастырды. Ертеңіне туыстарын қайта жинады. Дәл сондай қиыншылыққа қайтадан душар болды. Соған қарамастан ол, оларды Исламға дағуат етті.[6]

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл әрекетінен тәблиғтағы сабырлылықты, сый-сияпаттылықты және мұның жылы шыраймен атқарылуы керектігін байқаймыз. Өйткені кез келген жан сый-сияпаттың құлы.

***

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір күні Сафа төбесіне шығып Құрайыш руының барша атасын шақырды. Олардың барлығы Сафа төбесінің маңына жиналды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) биік бір жартастың үстіне шығып: «Уа, Құрайыш! Мына таудың етегінде яки анау сайда дұшпанның атты әскері тұр, сендерге шабуыл жасамақшы. Дүние-мүліктеріңді талан-тараж етпекші деп айтсам, айтқан сөзіме нанар ма едіңдер?» - деді.

Құрайыштықтар еш ойланбастан: «Иә, сенеміз. Өйткені сені осы күнге дейін шыншыл деп білеміз. Сенің өтірік айтқаныңды еш естіпедік те көрмедік», - десті.[7]

---

5. Ахмед бин Ханбал, әл-Мұснәд, Станбул 1992, I, 159; ибн Әсир, әл-Кәмил фит-Тарих, Бейрут 1979-1982, II, 62; ибн Кәсир, әл-Бидая уән-Ниһая, Кайр 1993, III, 88-89.

6. Ахмед I, 159; ибн Сағд, әт-Табақатул-Кубра, Бейрут, Дару Садр I, 187; Хайсами, Мәжмағуз-Зәуәид, Бейрут 1988, VIII, 302.

7. Бұл жерде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әуелі Исламға шақыру үшін адамгершілікті анықтаттыруда. Өйткені адамдар ең алдымен мінез-құлқына тәнті болады да содан кейін барып мойынсұнады. Қазіргі таңда да Исламды жаюшылардың сол сияқты адамгершіліктерін паш етіп қоғамдағы халыққа сенімді, шыншыл, турашыл деген сеніміде болулары ләзім. «Ясин» сүресінде айтылып өткен Хабиб ән-Нажжар Исламға шақыруда салиқалы жандардың адамгершілік негіздерін былай айтады:

«اتَّبِعُوا مَنْ لاَ يَسْئَلُكُمْ اَجْرًا وَهُمْ مُهْتَدُونَ» **«(Ей, қаумым!) Сендерден ақы сұрамайтын кісілерге еріңдер. Олар тура жолда»** (Ясин сүресі, 21-аят) *Сондай-ақ аятта Исламға шақырудың тек қана Аллаһ ризалығы үшін әрі шақырушылардың әуелі өз бағыт-бағдарларын анықтап алу керектігі де баяндалуда.*

Қарсы алдындағы жандардың бұл құптауынан кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оларға төмендегі мына ақиқатты жеткізді:

«Олай болса мен қазір сендерге, алдарыңда азабы қатты қияметтің бар екендігін, Аллаһқа иман келтірмегендердің сол қатты азапты тартатындығын айтпақшымын. Мен, сендерге сол азапты ескерту үшін жіберілдім.

Уа, Құрайыш! Сендерге деген менің халім, дұшпанды көріп қалып, жанұясына зиян тигізуінен қорқып дереу хабар беруге шапқан кісінің халі секілді.

Уа, Құрайыш! Сендер ұйықтап жатқан кісіге ұқсап өлесіңдер. Ұйқыдан оянған жан тәрізді, қайта тірілесіңдер. Сендер міндетті түрде қабірлеріңнен шығып, Хақ Тағаланың құзырына барасыңдар. Сол жерде дүниедегі барша іс-әрекеттеріңнің есебін беретіндіктеріңде күмән жоқ. Жасаған игіліктерің мен құлшылықтарыңның сый-сияпатын аласыңдар. Немесе жаман істеріңнің жазасын тартасыңдар! Сый-сияпат мәңгілік жәннат. Ал жаза, мәңгілік тозақ».[8]

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) бұл сөзіне қарсы шығар ешкім көрінбеді. Тек туысы Әбу Ләһаб: «Әй, екі қолың семіп қалғыр! Бізді осы жерге сол үшін шақырдың ба?» - деп жағымсыз сөздер айтты. Пайғамбарымызды (с.а.у.) мұңайтты.

Әбу Ләһабтың мұндай әрекетіне, оны және әйелін қорлайтын, әрі тозақтық екендіктерін жария еткен «Тәббат» сүресі түсті.

«Әбу Ләһабтың екі қолы семіп қалсын! Семіп те қалды. (Жиған) **дүние-мүлкі мен тапқан малы оған пайда бермеді. Ол, алаулап жанған тозаққа тасталады. Мойнында есілген арқаны бар әйелі** (тозаққа) **отын арқалап кіреді»** (Тәббат сүресі, 1-5 аяттар); (Бұхари, Тәфсір 26/2, 34/2, 111/1-2; Мүслим, Иман 355).

***

Пайғамбырымыздың (с.а.у.) ішкі жан сарайының кемелдікке жеткені соншалық, барша адамзат баласын тура жолға түсіруді қалаған еді. Сондықтан ислам дінін жер-жиһанға жаю үшін өзінің саналы күллі ғұмырын сарп етті. Өзіне жүктелген иләһи міндетті мүлтіксіз атқару, оны адамзаттың асқар шыңы етті. Міндетін атқаруға кедергі болатын дүниелік ұсыныстардың бәрінен бас тартып, Аллаһқа құлшылық етуді бірінші жолға қойды. Ислам діні жайылып жатқан алғашқы күндерінде болған мына уақиға соны айғақтай, растай түседі.

8. Бұхари, тәпсір 26; Мұслим, Иман, 348-355; Ахмед I, 281-307; ибн Сағд I, 74, 200; Белазури, Әнсабул-Әшраф, Мысыр 1959, I, 119; Сәмира әз-Зайд, әл-Жәми фис-срәтин-Нәбәуйия, әл-Матбағатул-Ғилмиия I, 357-359.

Мүшріктер Әбу Талибті араға салып, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) міндетінен бас тартуын талап етті. Мұны естіген Аллаһ Елшісі: «Ағатай! Уаллаһи, мүшріктер Аллаһтың дінін жаюдан бас тартуым үшін маған оң қолыма күнді, сол қолыма айды берсе де, мен бұл міндетімнен бас тартпаймын. Аллаһ Тағала оны барша әлемге жаяды, осылайша менің міндетім тәмамдалды. Яки осы жолда құрбан боламын»,-деді. Артынша кемсеңдеп, көз жасына ерік берді (Ибн Хишам I, 278; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 96-97; ибн Әсир, әл-Кәмил II, 64).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) исламды жаю және адамзат баласына ең үлкен игілікті жасау үшін үй-үйді аралап иләһи ақиқаттарды жеткізетін. Еріну, жалығу дегенді білмейтін. Тіпті өзіне дұшпандық жасағандарға да бірнеше мәрте айтып шыққан еді. Бұған мысал бола алатын уақиғаны Мұғира ибн Шұғба (р.а.) былайша жеткізеді.

«Мен және Әбу Жәһил, Мекке көшелерінің бірінде бірге келе жатқанымызда Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) кездестік. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әбу Жәһилге қарап: «Уа, Әбул-Хакам! Кел, Аллаһқа және Оның Елшісінің соңынан ер. Сен үшін дұға етейін», - деді.

Әбу Жәһил: «Уа, Мұхаммед! Сен қайтадан тәңірлерімізге тіл тигізбексің бе? Оларға табынуымызға кедергі болмақсың ба? Ант етейін, айтқан нәрселеріңнің ақиқат екендігін білгенімде саған ерер едім», - деді.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) кетіп қалғаннан кейін, Әбу Жәһил маған қарап: «Уаллаһи, мен оның айтқан нәрселерінің ақиқат, шындық екендігін білемін», - деді.

Кейінірек Әбу Жәһил өзінің иман келтірмеуінің себебін, ру арасындағы бақталастық пен қызғаныштан туындағанын мойындаған еді (Ибн Кәсир, әл-Бидая III, 113).

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Әбу Жәһилге соққан еді. Ол жолдастарымен бірге отырған болатын. Олар: «Уа, Мұхаммед! Уаллаһи, біз сені өтірікші деп айыптамаймыз. Сен, біздің пікірімізше шыншыл адамсың. Біз тек сен әкелген нәрсені өтірік, жалған деп есептейміз», - десті.

Міне осылайша, олар ар-ождандары іштей қабыл еткенімен, нәпсілерінің айдауына көніп, ақиқатты көрмегенсіді. Соған байланысты Хақ Тағала төмендегі мына аятты түсірді.

«(Уа, Мұхаммед!) **Біз, олардың айтқан сөздерінің сені мұңға батырып жүргендігін білеміз! Негізінде олар сені жалғанға шығармайды. Бірақ олар Аллаһтың аяттарына қарсы шығуда** (күпірлік етуде)**»** (Әнғам сүресі,

33-аят).[9]

***

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) елді Аллаһқа дағуат еткенде, бойында болған бірнеше қасиетін көрсететін мына уақиғаға көз салайық.

Құрайыштықтар қадірлі кісісі Хұсайынға келіп: «Мына адаммен біздің атымыздан сөйлесіп көрші. Ол тәңірлерімізге тіл тигізіп жүр», - десті. Хұсайын келісіп, барлығы Аллаһ Елшісінің үйіне келді. Мүшріктер есіктің аузында қалып қойып, ал Хұсайын ішке кірді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағыларға қарап: «Үлкен кісіге орын беріңдер», - деді. Хұсайынның мұсылмандықты қабыл еткен ұлы Имран бірнеше жолдастарымен бірге сол жерде отырған болатын. Хұсайын Аллаһ Елшісіне қарап: «Мына сен не айтып жүрсің? Тәңірлерімізді қабыл етпейді екенсің. Онымен шектеліп қалмай оларға тіл тигізеді екенсің. Әкең ақылды, игі кісі еді»,-деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Уа, Хұсайын! Қанша тәңірге табынасың?» - деп сұрады.

– Жетісі жерде, біреуі көкте. Жалпы сегіз тәңірге табынамын.

– Басыңа іс туғанда қайсысына жалбарынасың?

– Көктегіге.

– Дүние-мүлкіңе жұт келгенде кімге жалбарынасың?

– Көктегіге.

– Сенің тілеулеріңді орындайтын тек бір тәңір бола тұра, неге басқаларын оған серік етіп жүрсің? Шүкір етіп, оларды разы етемін деп жүрсің бе? Әлде осылар менің түбіме жетеді-ау деп қорқып жүрсің бе?

– Жоқ!

Хұсайын осы күнге дейін Пайғамбарымыз (с.а.у.) секілді кісімен сөйлеспегендігін аңғарды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Уа, Хұсайын! Мұсылман болып құтыл»*, - деді.

Хұсайын: «Қауымым мен туыстарым бар еді. Оларға не айтамын?», - деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһым! Ісімді кемелдендіру үшін сенен жол көрсетуіңді сұраймын. Маған пайдасы тиетін білімімді көбейт!» деп дұға ет!», - деді.

Хұсайын бұл дұғаны оқыды. Артынша мұсылмандықты қабыл етті.

9. Уақиди, Әбәбу Нузулил-Құран, Кәмал Бәсуни Зағлул, Бейрут 1990, 219-бет; Тирмизи, Тәпсір 6/3064.

Орнынан тұрғанда ұлы Имран қатты қуанып әкесінің басын, қолын, аяғын сүйді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жайтты көріп, толқыды. Көзіне жас алып: «Имранның істегеніне жылап тұрмын. Әкесі Хұсайын кәпір болып есіктен кіргенінде, орнынан тұрмады. Тіпті жүзіне назар салмады. Ал мұсылмандықты қабыл еткенде ақысын өтеді. Бұл әрекет мені қатты толқытты», - деді.

Хұсайын кетуге ыңғайланғанда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына қарап: «Тұрыңдар! Мына кісіні үйіне дейін шығарып салыңдар»,-деді.

Хұсайынның бірнеше кісімен шығып келе жатқандығын көрген құрайыш мүшріктері: «Хұсайын да дінін тәрк етті», - деп онымен сөйлеспестен тарап кетті.[10]

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хұсайынды (р.а.) хикметпен, жақсы үгіт-насихатпен, ғажайып ахлақ үлгісімен мұсылманшылыққа шақырған еді. Мұндай керемет ілтипатты көрген Хұсайын, үйден шықпай жатып-ақ имандылық нұрына бөленген еді.

***

Бибі Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.а.у.): «Ұхуд соғысынан да ауыр қайғыға батқан күніңіз болды ма?» - деп сұраған еді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деп жауап берді.

«Иә, сенің руыңнан көп жамандық көрдім. Бұл жамандықтардың ең сұмдығын, Ақаба күнінде[11] жасады. Оған қоса тайыфтық Абдукулалдың ұлы ибн Абдуялилден пана сұраған едім. Ол ұсынысымды қабыл етпеді. (Мені аяққиіммен ұрғызып, қанға бөккен болатын.) Қайғы еңсемді басып кері қайттым. Қарнус-Сағалибке жеткенше өз-өзіме келе алмадым. Басымды көтеріп қарасам, бір бұлт мені көлеңкелеп келеді екен. Назар салып қарасам, бұлттың ішінен Жебірейілді (а.с.) байқадым. Маған қарап: «Аллаһ Тағала, қауымыңның саған айтқандарын естіді. Сені өз паналарына алмайтындықтарын да естіді. Оларға қалағаныңды істету үшін, мына тау періштесін жіберді», - деді.

Тау періштесі маған сәлем берді. Артынша: «Уа, Мұхаммед! Қауымыңның саған айтқандарын Хақ Тағала естіді. Мен тау періштесімін. Қалауыңды орындау үшін Аллаһ Тағала мені саған жіберді. Не қалайсың?

---

10. Ибн Хажар, әл-Исаба фи Темиизис-Сахабә, Бейрут 1328, Дару Ихияит-Турасил-Араби I, 337; Тирмизи, Дағауат 69/3483.

11. Ақаба күні: Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Минада Ақаба деген жерде тұрып адамдарды Исламға шақырған күні. Сол кезде бұл адамдардың жартысы Исламды қабылдағанымен қалғандары Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) қиянат жасап, қысымшылық көрсеткен еді. Міне осы күн «Ақаба күні» деген атпен танымал болды.

Қаласаң мына екі тауды (Меккедегі Әбу Құбайыс пен Қуайқиған таулары) олардың үстіне тастап жіберейін», - деді.

Мен: «Жоқ! Мен, Хақ Тағаладан олардың нәсілінен тек Аллаһқа құлшылық ететін, оған серік қоспайтын жандарды шығаруын қалаймын», - дедім (Бұхари, Бәдул-халқ 7; Мүслим, Жиһад 111).

Екі дүние шамшырағы Пайғамбарымыз (с.а.у.) осы машақаттың барлығына, адамзат баласының екі дүниенің бақытына қол жеткізуі үшін шыдаған еді. Жеке басына жасалған тұрпайылыққа, дөрекелікке сабырлық танытып, адамдардың тура жолға түсуіне аянбай тер төккен болатын.

***

Мәдиналық Әнәс ибн Рафиғ бірнеше жас жолдасымен бірге Меккеге келген еді. Олар Хазраж руына қарсы Құрайыш руымен келіссөз жасау үшін келген болатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) олардың келгенін естіген бетте, солай қарай бет алды. Олардың қасына отырып, Меккеге келу себептерін сұрап алды. Артынша: «Сендерге мұнан қайырлы іс жайлы айтайын ба?» - деп сұрады.

Олар: «Иә, ол не екен?» - десті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мен Аллаһтың Елшісімін. Аллаһ мені құлдарына жіберді. Оларды Аллаһқа дағуат етемін. Тек Аллаһқа құлшылық етулерін, Оған серік қоспаулары жайлы айтамын. Аллаһ (сөзімді растау үшін) кітап түсірді»,-деп исламды танытты. Құран Кәрімнен бірнеше аяттар оқыды.

Араларындағы Ияс ибн Мұғаз атты бозбала: «Достар! Уаллаһи, мына ұсыныс, ниеттеніп келген істеріңнен артық», - деді. Бірақ жолдастары оның сөздеріне құлақ аспады. Тіпті сөгіп тастады.

Олар Мәдинаға кері оралғанда, «Бұғас соғысы» бұрқ етті. Көп ұзамай Ияс ибн Мұғаз көз жұмды. Өлімі жақындағанда маңында отырғандар, оның Аллаһты зікір етумен айналысып жатқандығын байқады. Мұсылман болып, өлгеніне ешкімнің күмәні қалмады. Өйткені, Ияс (р.а.) Аллаһ Елшісін тыңдағанда исламды жан-тәнімен құлай сүйген болатын. Оны қабыл еткен еді.[12]

***

Аллаһқа дағуат етуде адамзат баласының ұлтына, түсіне, материалдық деңгейіне, тіпті кім екендігіне мән берместен барлығына бірдей арнау керек. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қызы Зейнепті түйеден құлатып, өліміне себеп болған мұсылмандардың қас жауы Хаббар ибн Әсуадқа, Мекке

12. Хаким, әл-Мустадрак аләс-Сахихайн, Бейрут 1990, III, 199; Ахмед V, 427.

бағындырылғанға дейін мұсылмандарға жамандық атаулының барлығын жасаған Икрима ибн Әбу Жәһілге, көкесі Хазірет Хамзаны шәһит еткен Уахшиге, тіпті көкесі Хамзаның ішін жарып, бауырын жеген Әбу Суфиянның жары Хиндке мұсылмандықты қабыл етудің жолын жаппаған еді.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) тіпті ажалы таяп, ауыр дертке шалдыққанда Аллаһқа дағуат етуді тәрк етпеген болатын.

Ибн Масғұд (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) үйіне бардым. Ол қызуы көтеріліп, сырқаттанып қалыпты.

Оған қарап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Қызуыңыз қатты көтеріліп кетіпті», - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә, сендердің араларыңдағы екі кісінің қиналғанындай, қиналып жатырмын», - деп жауап берді.

Мен: «Олай болса, екі кісінің сауабын алатын шығарсыз!» - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә, солай. Аллаһ Тағала, аяғына кірген тікен яки қандай-да бір қиыншылық арқылы мұсылманның күнәларын кешіреді. (Күнәлары кешірілген) мұсылманның күнәлары, ағаш жапырақтары секілді төгіліп түседі», - деді (Бұхари, Марда 3, 13, 16; Мүслим, Бирр 45).

Міне осылай! Пайғамбарымыз (с.а.у.) өлім келіп есігін қақса да, сахабаларына пайдалы насихат, өсиет айтудан жалықпайтын. Бұл жайт, оның үмбетіне деген үлкен махаббатын көрсетеді.

***

Аллаһтың дінін жер жиһанға жаю, адамзат баласына тәлім ету пайғамбардың атқарған міндеті деп аталуға лайық қасиетті борыш болып табылады. Хақ Тағаланың таңдаулы құлдары пайғамбарлар, осы борышты атқарар тұста көптеген қиыншылықтарға тап болған. Олардың бірі тоғыз жүз елу жыл өмір сүріп адам төзгісіз машаққаттарға душар болған, солардың барлығына сабыр етіп адамдарды Аллаһқа дағуат еткен Нұх пайғамбар (а.с.).

Әке өз ұлына пайғамбар Нұхты (а.с.) көрсетіп: «Ұлым! Мына адамға сенбе», - деп айтқан еді. Ұлы әкесінің қолындағы таяқты алып, пайғамбар Нұхтың (а.с.) басынан салып кеп қалды. Басы жарылып, қанға бөккен Нұх (а.с.): «Уа, Раббым! Игілік жасауды қаласаң мыналарды тура жолға сал. Немесе олар жайлы үкім шығарғаныңа дейін маған сабыр етуді нәсіп ет! Өйткені сен үкім берушілердің ең жақсысысың», - деп дұға еткен еді.

***

Шұғайыптың (а.с.) қауымын Аллаһқа дағуат еткендегі көріністердің бірі, Құран Кәрімде былай деп баяндалады.

«**Шұғайып қауымына қарап: «Уа, қауымым! Егер менің, Раббым тарапынан маған берілген** (бұлтартпас) **айғағым және ол маған көркем ырыздық нәсіп етсе, бұған не дейсіңдер? Сендерге тыйым салған нәрселерімнің терісін іске асырып, сендерге қарсы келуді тілемеймін. Мен тек шамам жеткенше, түзетуді қалаймын!** (Ісімнің) **сәтті болуы тек Аллаһқа байланысты. Мен оған тәуекел еттім! Әрі тек соған мойынсұнамын», - деді»** (Һұд сүресі, 88-аят).

Осы аяттағы Шұғайыптың: **«Сендерге тыйым салған нәрселерімнің терісін іске асырып, сендерге қарсы келуді тілемеймін»** деуі, сендерге өзім іске асырып жүрген істерді жүзеге асыруды әмір етемін. Егер қандай да бір нәрсеге тыйым салсам, одан әуелі өзім аулақ боламын» деуге саяды.

Аллаһқа дағуат етуде бұл жайт аса маңызды болып табылады. Өйткені өзі жүзеге асырмаған істі, өзгеге қалай насихат етпек? Ақылға қонымды дүние еместігі ақиқат.

Аллаһ Тағала бұл жайлы былай дейді.

«(Уа, әһлул-кітап ғұламалары!) **сендер кітапты** (тәуратты) **оқып,** (ақиқаттарды түйсіне тұра)**, адамдарға жақсылық жасауды бұйырып, өздеріңді ұмытпақсыңдар ма? Неге ой жүгіртпейсіңдер?»** (Бақара сүресі, 44-аят).

«Уа, иман келтіргендер! Сендер, іске асырмайтын істер жайлы неге сөз қозғайсыңдар? Іске асырмайтын істер жайлы сөз қозғауларың, Аллаһ құзырында үлкен ашуға себепші болады» (Саф сүресі, 2-3 аяттар).

***

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Александрияның әкімі Мұқауқисқа елші етіп Хатиб ибн Балтағаны (р.а.) жіберген еді. Мұқауқис, Аллаһ Елшісіне біраз сыйлықтар тарту етті. Сонымен қатар, апалы-сіңлі Мәрия және Сиринді сыйға тартты. Хатиб (р.а.) жол-жөнекей бұл апалы-сіңлі екеуіне Исламды таныты, мұсылмандықты қабыл етулерін өтінді. Олар оның сөздерін тыңдап, иман келтірді (Ибн Сағд VIII, 212).

Яғни, Хатиб (р.а.) олардың ақиқатқа көз жеткізуі үшін Меккеге жетуін күтпей, Аллаһқа дағуат етуді алғашқы туған сәттен-ақ мүлтіксіз атқарған еді.

***

Ардақты сахабалар күллі іс-әрекеттерінің Аллаһ разылығына ілігуі үшін тер төгетін. Сондықтан барша мүмкіндіктерін, күш-қуаттарын Аллаһқа дағуат ету үшін аянбай жұмсайтын. Олардың пікірінше өмірдің

ең қымбат, ең құнды тұстары адамзат баласына таухид түсінігін жеткізген сәттер болып табылады. Дарға асылайын деп тұрған сахаба, өзіне соңғы үш минуттық сәтті берген, ақиқаттан жұрдай мақрұм болған жендетке қарап: «Бұл үш минуттық сәтті маған бергендігіңе дән ризамын. Өйткені сен берген үш минутта, саған таухид ақиқатын жеткізіп, тура жолға түсуіңе себепкер болармын», - деген-ді.

***

Сұлтан Фатих Мехмет хан шығыс Рим императорлығына қарсы жорық ұйымдастырып, Трабзонға бет алған еді. Қалың әскер қаланың арт жағынан келіп, шабуылдау үшін таулы және орманды жермен жүріп келе жатқан болатын. Бағзы уақытта балташылар алға түсіп, жол ашып отырды. Жолдың нашарлығынан Фатихтің астындағы ат сүрініп кетті. Фатих сұлтан бір үлкен тасқа жармасайын деп аласұрып жатқанда қолы қанап кетті. Мұны көріп тұрған, өзімен бірге еріп келе жатқан Ұзын Хасанның шешесі қолға түскен сәтті пайдаланып: «Ұлым! Ханның ұлы хансың! Ұлы падишасың! Трабзон секілді кішкене қамал үшін мұншалықты машаққатқа түсуің дұрыс па?» - деді.

Өйткені Ұзын Хасан рим императорымен туыстық қарым-қатынас құрған болатын. Сондықтан анасын сұлтан Фатихті бұл жорықтан бас тартқызу үшін жіберген еді. Сұлтан Фатих қолы қанаған күйде: «Уа, қарт ана! Қолымызда ұстаған қылыштың исламның қылышы екендігін білмей місің? Мұншалықты машақатқа түсуіміздің себебі, тек өзге жерді жаулап алу үшін деп ойлама. Барша төккен теріміздің, еңбегіміздің Аллаһтың дініне қызмет ету, адамдарды тура жолға салу үшін ғана, мұны біліп қойғайсың. Ертең Аллаһтың құзырына қарабет болып шықпау үшін. Қолымызда исламды күшейту және жаю мүмкіндіктері бола тұра, бірнеше машақатқа түспей жан рақатын таңдасақ, бізге «ғази» (қаһарман) деген ат лайық бола ма? Кәпірлерге барып исламды жаймасақ, олардың азғындықтарына кедергі болмасақ, Аллаһтың құзырына қандай жүзбен шықпақпыз?» - деді.[13]

***

Адамдарға исламды үйретумен қатар олардың мұқтаждықтарын өтеуді де ұмытпау қажет. Әсіресе исламмен жаңа танысқандар, алғашқы күндерде көптеген қиыншылықтарға тап болуы әбден мүмкін. Бұл күндер олардың материалдық және рухани қолдауға аса зәру болатын күндері. Ғасырлар бойы исламның туын желбіретуді өз мойнына алған ата-бабаларымыз бұл істі аса үлкен мұқияттылықпен атқарған. Осман империясының заманында үлкен мәжілістің кезекті отырысынан кейін,

13. Кыналызаде Али Ефенди, Девлет ве Айле ахлакы, Ахмед Караман, 191-192; Мустафа Нұри Паша, Нетайжул-Уқуат, Анкара 1987, I-II, 45.

исламмен жаңа танысып, тура жолға түскендерге көмек ретінде елу күміс ақша берілетін. Ол шақта дінін ауыстырған кісі қазіргі таңдағы секілді барша туысынан, жамағатынан тіпті жұмыс орнын жоғалтып алатын. Сондықтан тура жолға түсіп, мұсылмандықты қабыл еткендерге әсіресе, жесір әйел мен жалғызбасты қарияларға үй, күнкөрісі қамтамасыз етілетін.[14]

***

Қысқасы, Хақ Тағаланың жолына, игілікке дағуат ету ісінде біздің міндетіміз ешнәрседен тайынбастан, үмітсіздік пен босаңсуға жол берместен, шектен шықпай қызметті жалғастыру болып табылады. Сонымен қатар істің жемісін, нәтижесін Аллаһтан күтіп, тәуекел етуден тұрады.

Өйткені Хақ Тағала мұсылманды тек өзі және жанұясынан ғана емес, маңайындағы ортадан да жауапты еткен. Мұсылманның басты парыздарының бірі, жақсылық жасауға шақырып, жамандықтан тыюды мүлтіксіз орындауы қажет. Аллаһ Тағала бұл парызды орындағандарға, һәм өзіне һәм маңайындағы жандарға екі дүниенің бақытын тарту ететіндігін уәде еткен. Ал керісінше, дағуат жасаудан бас тартып, міндетін атқармағандардың үлкен зиянға душар болатындығын ескерткен.

А) ЖАҚСЫ ҮЛГІ-ӨНЕГЕ БОЛУ

Аллаһқа дағуат ету қызметінде әсерлі сөз айту және жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін әуелі өзгеге үлгі боларлық мінез әрі тұлғалық көрсету қажет. Өйткені іс жүзінде аспаған, үлгі боларлық мысалдармен өрнектелмеген ақиқаттар теория ретінде ғана қалып қояды. Өмірдегі өз орнын ала алмаған пікірлер тек кітап беттерінде қалуға мәжбүр болады.

Олай болса кез келген мұсылманның исламға деген қызметі, әуелі оны өз өмірінде мүлтіксіз жүзеге асыруынан басталмақ. Өйткені айтқан сөзін, іс-әрекетімен өрнектей алмаған жанның өзгеге істетуі мүмкін емес.

Аллаһ Тағала кісінің сөзі мен өзінің, сөйлегені мен әрекетінің қарама-қайшы болмауын әмір еткен.[15] Пайғамбарымыз (с.а.у.) мұндай жандардың соңының қайғылы болатындығын былай деп ескертеді:

«Қиямет күні бір кісі сүйреп әкелініп, тозаққа лақтырылады. Ішектері ақтарылып қалады, диірмен айналдырған есек тәрізді айналады. Тозақтықтар қасына келіп: «Ей пәленше! Мынаған қалай тап болдың? Сен бізге жақсылық жасауды әмір етіп, жамандықтан тыйатын едің ғой?!»

14. Илбер Ортайлы, Османлыйы иениден кешфетмек, Станбул 2006, 139-б.
15. Саф сүресі, 2-3 аяттар.

- деп сұрайды. Ол: «Иә, мен сендерге жақсылықты әмір етіп, өзім оны жасамайтынмын. Сендерді жамандықтан тыйып, өзім жасайтынмын», - деп жауап береді» (Бұхари, Бәдул-Халқ 10).

Өзгелерге жақсылық жасауды әмір етіп, өзінің халінен ғапыл болған жандардың соңының қайғылы болатындығы баршамызға ғибрат болуы тиіс. Өзіміз үйренген әрі басқаларға өсиет етіп жүрген жақсылықтарды, игіліктерді алдымен өз өмірімізде қолдануымыз керек. Ал өзінің саналы ғұмырында игіліктерді іске асыра білген жандардың жүзі, назар салып қарағанға Аллаһты есіне түсіретін садық (шыншыл) және әулие құлдардың бірі болады. Сахабалар Пайғамбарымыздан (с.а.у.): «Аллаһтың әулие құлдары кім?» - деп сұраған еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«(Аллаһтың әулие құлдары) жүздеріне қарағанда, Аллаһты еске түсіретін жандар»*, - деп жауап берген болатын (Хайсәми, X, 78; ибн Мәжә, Зуһд 4). Осы хадистің түсініктемесі, дәлелі ретінде басымыздан өткен бір уақиғаны айтып берейін. «Марқұм Хазірет Сами мырза, онымен бірге келе жатқан марқұм әкем Мұса мырза және мен Бурсадан Стамбулға қайтып келе жатыр едік. Ялавода көлік таситын кемеге міну үшін көлігімізбен кезекке тұрып жатқан едік. Келіп жатқан көліктерді, бір-біріне киліктірмей, реттеп тұрған қызметшінің көзі (назары) көліктің артқы орындығында отырған Сами мырзамен әкем Мұса мырзаға түсті. Күніне жүздеген адамның жүзін көріп жүрген қызметші, аң-таң болып тұрып қалды. Кейін көлікке жақындады. Көліктің терезесінен үңіліп қарады. Терең тыныс алып күрсініп: «Ой, Алла-ай! Нендей қызық дүние десеңші! Кейбіреудің жүзі періштедей. Ал кейбіреуінің жүзі «нәмрұд» тәрізді», - деді.

Ұзын сөздің қысқасы өзі, сөзі, хәлі, іс-әрекеті арқылы жақсы үлгі бола білу, Исламды жаю қызметінде қолданылатын ең ықпалды, әсерлі тіл. Бұл тіл, хикмет пен ғибратқа толы әлемнің сөзсіз, дыбыссыз, бірақ шешен әрі сөзге жүйрік тілі секілді. Сонымен қатар бұл тіл, ақиқатты аңсаған әрбір түйсік иесінің түсінетін хал тілі. Бұл тілді түсінбейтін халық жоқ. Бұл тілмен сөйлегенде, кез келген жанның жан-сарайынан орын тебуге болады. Хал тілінің сүрінуі немесе қателігі болмайды. Өте қарапайым, мағыналы, түсінікті тіл.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыз (с.а.у.) жарық дүниеге келгеннен бері, айрықша, ерекше өмір сүрген. Исламды тәблиғ ету міндеті жүктелместен алдын, көркем ахлағы және пәк өмірімен өзгелерге үлгі болды.

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) пайғамбарлық парызы берілгенде, жауапкершіліктің үлкендігінен қорқып, тынышы кеткен сәтте қадірлі анамыз Хадиша (р.а.) былай деп жұбатқан еді.

«Еш қорықпа! Аллаһ сені ешқашан қор қылмайды. Өйткені сен туыстық қатынасты үзбейсің, тура сөйлейсің, шамасы жетпегендердің жүгін тасисың. Пақырға жақсылық жасайсың. Ешкімнің бере алмайтынын бересің. Қонақты күтесің. Хақ жолында болатын уақиғаларға жәрдем етесің. Аманатқа қиянат жасамайсың. Әрі сенің ахлағың өте көркем (Бұхари, Бәдул-Уахи 1; Мүслим, Иман 252; ибн Сағд I, 195).

Күмәнсіз бұл айтылған сөздер, ғаламның рақым нұры, жүздеген мың жанның көңілінде ерекше орны бар, ахлағымен барша адамзат баласына үлгі болған Аллаһ Елшісінің ұлылығының тек бір бөлігін ғана көрсетеді.

***

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) исламға шақырған хаты жеткен Умман патшасы Жуланди, әуелі ғаламның мақтанышы Аллаһ Елшісі жайлы мәлімет сұрастырды. Пайғамбарымыздың ұлы ахлағынан, ізгіліктерімен танысқаннан кейін мұсылман болды. Әрі таңданысын былай деп жеткізді.

«Аллаһ Тағала маған бұл умми пайғамбарды тануды нәсіп етті. Ол тек өзі жүзеге асырған жақсылықты ғана өзгеге әмір етеді. Әрі өзі күллі жамандық атаулыдан аулақ болып, өзгелерді жамандықтан тыйады. Ол міндетті түрде жеңіске жетеді. Ешкім оған кедергі бола алмайды. Шүбәсіз ол мұратына жетеді. Қиыншылыққа душар болмайды. Ол келісім-шартқа опасыздық жасамайды. Уәдесінде тұрады. Мен еш күмәнсіз оның пайғамбар екендігін қабыл етемін» (Ибн Хажар, әл-Исаба I, 262).

Шынында Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір нәрсені әмір еткенінде, әуелі оны өзі жүзеге асырып үлгі болар еді. Кейін момындар оған шын пейілімен еліктеп, құлшылық толқынысына бөленіп одан көргендерін іске асыратұғын. Бұл Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ең көп қолданған тәлім әдістерінің бірі. Оған қоса бұл әрекет ол әкелген діннің ақиқат екендігін көрсететін бұлтартпас айғақтардың бірі болып табылады. Өйткені ол біреуге бір нәрсені әмір етсе. Әуелі өзі оны іске асырған. Біреуді бір нәрседен тыйған. Алайда әуелі өзі сол жағымсыз әрекеттен аулақ болған. Біреуге насихат айтқан. Алдымен өзі сол насихаттан пай ала білген. Адамдарды Аллаһтың азабымен қорқытқан. Ең қатты қорыққан да өзі болған. Аллаһтың мейірімін айтып, адамдарды үміттендірген. Үмітін үкілегендердің ең ұлысы өзі болған...

***

Мәлік ибн Хуайрис (р.а.) былай деп әңгімелейді.

«Жасымыз шамалас он шақты кісі (исламды үйрену үшін) Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келдік. Соның қасында жиырма күн қалып қойдық. Пайғамбарымыз (с.а.у.) аса рақымды, мейірімді жан еді. Жүзіміздегі

сағынышты байқап, жанұяларымызды сұрастырды. Біз сұрағанын айтып бердік. Бізге қарап: *«Үйлеріңе қайтыңдар! Жанұяларыңның жанында болыңдар. Оларға қажетті мағлұматты үйретіңдер. Айтатын нәрсе болса айтыңдар»*, - деді.

Ол тағы біраз нәрселерді айтқан еді. Қазір солардың бір бөлігі есімнен шығып кетіпті. Ал бір бөлігі жадымда қалып қойыпты.

Артынша: *«Менің қалай намаз оқығанымды көрдіңдер. Дәл солай намаз оқыңдар. Намаздың уақыты кіргенде араларыңнан бір кісі шығып, азан айтсын. Ең жасы үлкендерің сендерге имам болсын»*, - деді (Бұхари, Азан 18).

Жоғарыда айтылған уақиғада Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларға әуелі өзі үлгі болып, діннің әмірлерін іске асыруды үйретті. Кейін елдеріне қайта оралып, сөз және іс тұрғысынан үлгі болуларын әмір етті. Өйткені іс-әрекет арқылы үлгі болу ең әсерлі тәблиғ әдісі болып табылады.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) намазды, алғашқы кірген уақытында оқуды сахабаларына өсиет ететін. Намазды кешіктіруді ұнатпай, сахабаларына: *«Намаздың алғашқы уақытында Аллаһтың разылығы, ал соңғы уақытында кешірімі бар»*, - деп ескерту жасайтын (Тирмизи, Салат 13/172).

Үмбетіне де осыны өсиет еткен Аллаһ Елшісі (с.а.у.) алдымен өз өсиетін мүлтіксіз іске асыратын. Өйткені ол өзінің саналы ғұмырында намазды әрдайым алғашқы уақытында оқитын. Қай жерде, қандай жағдайда болмасын, уақыты кірген бетте намаз оқуды қатты жақсы көретін.[16]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларымен бірге сапар шекті. Жолда тар бір асуға тап болды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) көлігінің үстінде отырған еді. Жаңбыр тоқтамастан жауып тұрды. Жер ми батпаққа айналды (балшық жерге түсулеріне кедергі болды). Намаздың уақыты кірген болатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) азаншыға азан айтуын әмір етті. Азаншы азан айтып, қамат түсірді. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) көлігімен сахабалардың алдына шығып, сахабаларына имам болып намаз оқытты. Ишаратпен намаз оқыған еді. Сәжде жасағанда рукуғтан біраз төмен иілетін (Ахмед IV, 173-174).

Хазірет Айша анамыз (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) намаз оқуды соңғы уақытына дейін екі мәрте кешіктірместен, Аллаһ оны өз құзырына алды», - дейді (Тирмизи, Салат 13/174; Ахмет VI, 92).

16. Бұхари, Салат 48.

Яғни, өмірінде бар болғаны бір-ақ мәрте кешіктіруге мәжбүр болған еді.

***

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) харамдарды тәркетуіне қатысты мысалдардың бірі мына төмендегідей.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) алтыннан жасалған әсемдік бұйымдарды қолданудың мұсылман еркектерге харам екендігін асхабына білдіріп жатқанда қолындағы алтын жүзікті шығарып, сахабаларына қарап: «*Мен мына алтын жүзікті тағып жүруші едім. Әрі жүзіктің көзін қолдың ішіне қаратып жүретінмін*», - деп лақтырып жіберді. Кейін: «*Уаллаһи, оны екінші мәрте тақпаймын*», - деді (Бұхари, Айман 6).

Шариғат еркектерге алтын жүзік тағуға және тағы басқа сол секілді нәрселерді қолдануға тыйым салған. Өйткені, Аллаһ Тағала еркектердің еркектік қасиеттерін, ал әйелдердің әйелдік қасиеттерінің бұзылмай сақталуын мұрат етеді. Жоғарыда айтылғандай Раббымыз күллі иләһи үкімдерді іске асыру үшін, Аллаһ Елшісі Пайғамбарымызды үлгі алар тұлға ретінде бізге нәсіп етті. Сондықтан, адамдарды Аллаһтың дініне және Оның разы болатын істеріне шақыру үшін, дәл Пайғамбырымыз (с.а.у.) тәрізді орындауымыз қажет. Яғни, оларды тек сөз жүзінде қалдырмай, өз өмірізде іс-әрекетімізбен өрнектей алсақ нұр үстіне нұр болар еді.

***

Адамзат баласы өзі үлгі тұтар тұлға болмаса саналы ғұмыр кеше алмайды. Олардың жағымды немесе жағымсыз, өзі үлгі алар тұлға тауып алары даусыз. Сондықтан үлгі болатын тұлғалардың, әсіресе діни мәселелермен айналысатын кісілердің мінсіз болулары қажет. Өйткені олардың діни мәселедегі болмашы қателігі, қоғамның басым көпшілігіне кері әсерін тигізуі әбден мүмкін. Тіпті көптеген кісілердің тура жолдан шығуына себеп болары сөзсіз. Бір күні Имам Ағзам Әбу Ханифа балшықты кешіп жүрген баланы көрді. Мейірімділікке, рақымдылыққа толы келбетімен күлімсіреп: «Балам! Абайлап жүр! Құлап қалма», - деді. Бала да ақылды және парасатты көзбен имамға бұрылып қарап: «Уа, имам! Әуелі сен абайла! Құлап қалма! Өйткені ғалымның құлауы, ғаламның құлауы демек. Мен құласам түгім кетпейді. Залалын тек мен көремін. Бірақ сенің аяғың сүрініп кетсе, сенің соңыңнан ерген халықтың аяғы сүрінеді. Ал олардың барлығын қайта аяққа тұрғызу машақатты іс», - деді.

Әбу Ханифа бұл сөздерді естіп, қатты әсерленді. Сол күннен бастап кез келген мәселені шәкірттерімен бірге ұзақ уақыт қарастырғаннан кейін ғана пәтуа беретін болды. Шәкірттеріне: «Егер сендерге кез келген

мәселеде айғақтығы басымдау дәлел жететін болса, ол мәселеде менің пәтуама ермеңдер. Бұл исламдағы кемелдіктің белгісі. Маған деген сүйіспеншіліктерің тек осындай жағдайда байқалады», - деп өсиет ететін.[17]

***

Халифа Омар ибн Абдулазиз адамдарға үлгі болу мәселесінде тарих куәлік еткен алып тұлғалардың бірі еді. Оның көптеген игі іс-әрекеттерінің бірі мынадай болды:

Бір күні түнде халифаның үйіне уәзірлердің бірі келді. Халифа одан: «Маған мезгілсіз келуіңнің себебі не»? - деп сұрады.

Уәзір: «Қарастыруымыз керекті болған бір мәселемен келдім», - деп жауап берді.

Омар ибн Абдулазиз: «Сенімен бөлек бір бөлмеде бірге отырып мәселе қарайтын артық шамым жоқ. Бәйтулмалдан (мемлекеттік қазынадан) тек бір шамға жететін май алып жүрмін. Оны жанұяммен бірге қолданамын», - деді.

Уәзір: «Ертеңгі алатын майыңызды бүгінге жаздырып, бәйтулмалдан алсақ қалай болады?» - деп сұрады.

Халифа: «Жарайды», - деп жауап беріп, құжат толтырып қазына қызметкеріне беріп жіберді.

Қазына әмірі құжатты оқып шығып: «Бұл ертеңгі майдың құжаты. Жеткіліксіз. Халифаның ертеңге дейін тірі болатындығына қатысты тағы бір құжатқа қол қоюы қажет. Оны маған алып кеуіңіз керек», - деді.

Мұны естіген уәзір шарасыз қалды. Өз үйіндегі шамды алып, халифаның үйіне бет алды. Қарастырылуы керек болған мәселеге көз жүгіртіп, шешімге келгеннен кейін уәзір халифаға қарап: «Мырзам! Бәйтулмалдан алып жүрген нәрселеріңіздің жеткіліксіз болатындығы байқалып жүр. Оларды бұдан былай арттыруға әмір етіп өліміңізден кейін балаларыңызға, немерелеріңізге қажетті дүниесін жинасаңыз қайтеді? - деп сұрады.

Халифа Омар ибн Абдулазиз былай деп жауап берді.

«Егер менің ұрпағым ізгі кісілердің қатарына кірсе, таршылыққа тап болуларынан қорықпаймын. Өйткені Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«Ол** (Аллаһ)**, ізгі жандардың** (қауіпсіздігі мен ризық-несібесін) **өз мойнына алады»**, - дейді (Ағраф сүресі, 196-аят). Егер Аллаһ олардың істерін жүргізуді өз мойнына алып жатса, неден қорқамын. Ал егер керісінше ұрпағым ақылсыз кісілердің қатарына кірсе, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

17. Ибн Абидин, Хашйиету ибни Абидин, Дамаск 2000, I, 217-219.

«Дүние-мүліктеріңді ақылсыздарға бермеңдер!» (Ниса сүресі, 5-аят) - дейді, осындай тыйымға назар аудармастан ақылсыз ұрпағыма дүние-мүлік жинайын ба?».[18]

***

Омар ибн Абдулазиз халифа болған күнінен бастап балаларына деген мәмілесі де қатты өзегерді. Халифа болып сайланған күні биғат етуге (қол беруге) келген халық ағылды. Сол аласапыранда жүгіріп жүрген ұлы Абдулмәліктің киімі жыртылып қалды. Мұны көрген халифа Абдулазиз ұлына қарап: «Ұлым, барып киіміңді тіктіртіп ал. Өйткені бұл күннен бастап бұдан басқа киім таппай осыған мұқтаж болуың әбден мүмкін», - деді.

Омар ибн Абдулазиз күніге кешке қыздарына келіп, жағдайларын сұрайтын. Кейін ұйықтауға бет алатын. Әдеттегідей бір күні кешке оларға келген еді. Әкелерінің келгенін естіген қыздар, ауыздарын жапқан күйде есікті ашты. Омар ибн Абдулазиз қыздардың неге бұлай істеп жүргендерінің мәнісін тәрбиешілерінен сұрады. Тәрбиешілер: «Олардың тек жасымық пен пияздары ғана бар еді. Пияздың иісі сіздің мазаңызды қашырмасын деген ниетпен ауыздарын жауып алды», - деді. Олардың бұл зүһд, әдеп және сыпайылығына халифа қатты толқып, көздері жасқа толды. Қыздарына: «Қыздарым! Сендердің алуан түрлі әрі жақсы тағамдарды, дүние нығметтерін талап етулерің, әкелерің үшін ақыретте күнә болар еді», - деді.

***

Кез келген нәрседе үлгі боларлық кісілікті көрсетудің керек екендігін паш ететін төмендегі мына мысал ғибратқа толы.

Әмәуи әулетінің халифаларының бірі Уәлид ибн Абдулмалик ғажап ғимараттарға әуестұғын. Оның дәуіріндегі адамдар оған еліктеп биік, әсем ғимараттарға құмар бола бастады. Мәжілістерде, мейрамдарда әңгіме әрдайым тек құрылыс жайында болатын.

Халифа Сүлеймен ибн Абдулмалик, ішіп-жеуге құмар кісітұғын. Оның заманында өмір сүрген адамдардың әңгімесі тек ішіп-жеу жайлы болатын. Күллі уақыттарын соған сарп ететін.

Омар ибн Абдулазиз болса, көп құлшылық жасайтын, тақуа, заһид кісі еді. Оның дәуіріндегі халық құлшылықта, инфақта (қайыр жұмсауда) бір-бірімен жарысатын еді. Мәжілістерде: «Түнгі зікірің қандай еді, Құран Кәрімнен қанша аят жаттадың, осы айда қанша күн ораза ұстадың, қанша инфақ жасадың?» тәрізді сөздер қозғалатын. Осылайша адамдар

18. Әбул-Ула Мардин, Хузур Дерслери, Станбул 1966, II-III, 769-770.

бір-бірін жақсылық жасауға үгіттейтін.[19]

***

Хазірет Абдулла ибн Мубарак мінезі нашар кісімен бірге сапар шеккен еді. Сапар бітіп, айырылысқаннан кейін Абдулла ибн Мубарак өксіп-өксіп жылай бастады. Оның бұл халіне таңырқаған достары:

«Неге жылап тұрсың? Сенің соншалықты жаныңа батқан не нәрсе?» - деп сұрады. Қадірлі әулие терең тыныс алып, жасаураған күйде: «Сонша жер менімен сапар шегіп келген жолдасымның нашар мінезін түзей алмадым. Ол бишараның ахлағын жөндей алмадым. Менің бір кемшілігім болып, оған пайдам тимеді-ау деп ойлаймын. Егер шынымен-ақ менің кемшілігім себеп болып, тура жолға түспесе ертеңгі халім не болмақ?» - деді. Кейін көз жасына булығып, өксіп жылауын жалғастырды.

***

Ұзын сөздің қысқасы, кісі өз көзі көрген нәрседен тәлім алуға бейім келеді. Үлгі боларлық жақсы нәрсеге кезіксе, дереу еліктейді. Сондықтан исламды және көркем ахлақты тәлім еткенде, ол қасиеттердің бойда болуы аса маңызды. Яғни, үйренгенімізді іс-әрекетімізбен өрнектей алсақ, тек сөзден құралған насихаттан әсерлі, артық болатындығы даусыз. Жағымды қасиеттерді бойына сіңірген жандардың, Хақ Тағалағаның жолына дағуатта, игілікке шақыру қызметінде табысты болуларының сыры осыда жатыр.

Исламды тәблиғ еткенде, өзгелерге үлгі боларлық қасиеттердің мұсылманның бойынан табылуы, жауапкершілігінің жеңілдеуіне себепкер болады. Өйткені, мұсылман баласы өзі іске асырмаған ислам әмірлерін, өзге жанның жүзеге асыруын әмір етсе Хақ Тағаланың ескертуіне душар болады.

Кейде Аллаһ Тағала кез келген жанның айтқан яки жазған ақиқаттарының шын пейілділігін білу үшін емтиханнан өткізуі мүмкін. Мұны жадымыздан шығармалық! Айтқан сөзін іс-әрекетімен өрнектей алмаған жанның емтиханнан өтуі екіталай дүние ағайын!

Ә) ЖЫЛЫ СӨЗДІ БОЛУ

Аллаһ Тағала құлдарының тура, түсінікті, әсерлі, жылы, сыпайы сөз сөйлеулерін қалайды. Құран Кәрімде: **«Уа, Мұхаммед! Құлдарыма, сөздің ең жақсысын қолдансын деп айт! Шайтан олардың арасына іріткі салады.** (Өйткені) **шайтан адам баласының қас дұшпаны»**, - деп айтылған (Исра сүресі, 53-аят).

19. Табери, Тарихул-Умәм уәл-Мүлк, Кайр 1939, V, 266-267; Ахмед Жевдет Паша, Қисаси Әнбия уә Тауарихи Хуләфа, Станбул 1976, I, 717.

Кез келген кісінің ішкі жан дүниесіне жылы сөзден артық әсер ететін нәрсе жоқ. «Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады» деген мақал жылы сөздің бет пердесін, маңыздылығын ашып көрсетеді. Жылы сөздің қажеттілігі адамдарды мұсылманшылыққа дағуат еткенде байқалады.

Көптеген аяттар және хадис-шәріптерде исламға дағуат етудің жылы сөз арқылы жүзеге асырылуының ең дұрыс әдіс екендігі айтылған. Хақ Тағала Мұса (а.с.) мен Харунды (а.с.) шектен шығып, тура жолдан тайып адасқан перғауынға жібергенде жылы сөз қолдануларын әмір еткен. Бұл ақиқат Құран Кәрімде: **«Оған сыпайы сөз сөйлеңдер! Бәлкім, насихатқа құлақ асар. Яки** (Аллаһтан) **қорқар»**, - деп баяндалады (Таһа сүресі, 44-аят).

Мінекей, күпірлікке бой алдырған перғауынның өзіне, жылы сөз қолдану әмір етілген. Ал перғауынның деңгейіне жетпегендігі айдай мәлім кісілерге қалай мәміле жасау керектігі, түсінігі бар кез келген жанға бірден байқалады.

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) мұсылманшылықты таратудағы жеңісі, жемісі оның мүминдегі мен кешірімшілдігінің берекеті болып табылады. Хақ Тағала Пайғамбарымыздың бұл мәселедегі кемелдігін Құран Кәрімде былай деп суреттейді.

«(Уа, Елшім!) **Сен оларға Аллаһтың мейірімі бойынша, жұмсақтық таныттың! Егер тұрпайы, қатігез жүректі болғаныңда, олар маңайыңнан тарқап кетер еді»** (Әли Имран сүресі, 159-аят).

«Шүбәсіз, сендерге өз араларыңнан ардақты Пайғамбар келді. Оған сендердің машақатқа түсулерің ауыр тиеді. Ол сендерге өте ынтық. (Сонымен қатар) **ол мүминдерге өте мейірбан, ерекше рақымды»** (Тәубе сүресі, 128-аят).

Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһ Тағала маған парыздарды орындауды әмір етумен қатар, адамдарға игі және мейірімді түрде мәміле жасап, жылы сөз сөйлеп, олардың жүректерінің арасында сүйіспеншілік көшеттерін отырғызуымды әмір етті»*, - дейді.[20]

Атағы жер жарған Зуннун Мысри: «Нәпсілерінің айдауына көніп, надандықтың шырмуына шырмалған жандардың мәселелеріне жылы сөз және күлімсіреген жүз арқылы жол көрсетуге күш салу имандылықтың белгісі», - дейді.

Қолданар әдіс жұмсақ және қолайлы болуымен қатар, оның ішінде шын пейілділік болуы керек. Өйткені: «Жүректен шыққан сөз, жүрекке жетеді. Ауыздан шыққан сөз құлақтан аспайды» деген әйгілі мәтел мұны айғақтай түседі.

20. Суюти, Әл-Жамиғус-Сағир, Кайр 1321/1903, Матбағатул-Хайрийя I, 59/1695.

Бұл жайлы Хазірет Мәулана: «Жүрегі мен айтқан сөзі бір болмаған кісінің жүздеген тілі болса да, ол тілсіз», - дейді.

Кісінің жүрегінің түкпірінен, шын пейілімен айтқан жылы сөздер, оның ахлағының кемелдігін көрсетеді. Бұл кемелдік, кісінің өзіне жасалған дөрекілікке, тұрпайылыққа сабыр етуге, өзгенің қателіктерін кешіруге септігін тигізуі қажет. Мінекей, жылы сөзді болу, өзге жандарға жұмсақтық таныту оңай шаруа емес. Бірақ берекеті және игілігі мол қасиет екендігі даусыз.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мейірімді, сыпайы, биязы, ішкі жан сарайы нәзік жан болатын. Дөрекі, тұрпайы мінезді біреу: «Ей, Мұхаммед! Ей, Мұхаммед!», - деп бірнеше мәрте айқайласа да, сыпайылығын, биязылығын бұзбастан: «Иә. Не қалайсың? - деп үн қататын. Яғни кісінің дөрекілігіне, тұрпайылығына қарамастан, сыпайылықтың шегінен шықпайтын.[21]

***

Хазірет Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мәмілесін былай деп еске алады.

«Ахлағы, Аллаһ Елшісінен көркем пенде жоқ. Сахабаларының біреуі яки жанұя мүшелерінің бірі оны шақырса: «Иә. Айта беріңіз», - деуден танбайтын. Оның көркем ахлағын айғақтай түсу үшін Аллаһ Тағала: **«Күмәнсіз, сен көркем ахлаққа иесің»** (Қалам сүресі, 4-аят) - деген аят түсірді (Уақиди, 463 бет).

***

Шөлден келген бір бәдәуи пайғамбар мешітінің ішіне кіші дәрет сындырған еді. Мұны көрген сахабалар дереу бәдәуиге ұмтылып, оған ұрса бастады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына қарап: *«Оған тимеңдер! Кіші дәрет сындырылған жерге, бір шелек су төгіп жіберіңдер. Сендер адамдарға қиыншылық туғызу үшін емес, жеңілдік көрсету үшін жіберілдіңдер»*, - деді (Бұхари, Дәрет 58; Әдеп 80).

Кейін ғаламның рақым нұры Пайғамбарымыз (с.а.у.) бәдәуиге мешіттердің қасиеттілігін, маңыздылығын және әдептерін жылы сөзбен түсіндірді.

***

Сағд әд-Дәлил (р.а.) Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сыпайылығын, жылы сөзбен тура жолға шақыруын былай деп тілге тиек етеді.

21. Мұслим, Нузур 8; Әбу Дәуіт, Әйман 21/3316; Тирмизи, Зуһд 50; Ахмед IV, 239.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) және Әбу Бәкір (р.а.) Меккеден Мәдинаға һижрет етіп бара жатқанда бізге соқты. Сол шақта Әбу Бәкірдің (р.а.) біздің руымыздан шыққан сүт анасының қасындатұғын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мәдинаға ең қысқа жолмен жетуді қалаған еді. Біз оған: «Бұл жер Рақуба өткелінің Ғайыр жолы деп аталады. Ол маңайда Әслам руының «мұханан» деп аталатын екі ұрысы бар. Қысқа жолмен барсақ, солардың үстінен түсеміз», - дедік.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Сен бізді оларға ертіп апар», - деді.

Сөйтіп біз жолға түстік. Рақуба асуының тұсына келіп, оларды тауып алдық. Адамзаттың сұлтаны Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларды қасына шақырып алды. Жылы сөзбен оларға исламды танытты. Мұсылмандықты қабыл етулерін өтінді. Олар оның сөзіне құлақ асып, мұсылман болды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) олардың есімдерін сұрады.

Олар: «Бізді жұрт «мунахан» (қор екі жан) деп атайды», - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Жоқ! Керісінше сендер мукрамансыңдар» (құрметке бөленген екі кісі, - деп оларды қуанышты хабарды жеткізу үшін Мәдинаға жөнелдірді (Ахмед IV, 74).

***

Ибн Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді.

«Мен бір жорыққа аттанған әскердің қатарына қосылған едім. Әскердің бір бөлігі қашып кетті. Мен солардың ішінде болатынмын. Біраз жер ұзақтағаннан кейін: «Енді қайтпекпіз? Жиһаддан қаштық. Аллаһтың қаһарына ұшырадық», - деп өз арамызда сөйлестік. Кейін: «Неде болса Мәдинаға қайталық. Бізді ешкім байқамас», - деген шешімге келдік. Мәдинаға келгенде: «Барып жағдайымызды Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) айталық. Біз үшін тәубе ету мүмкіндігі болса, оны іске асырайық. Ал жоқ болса, кері қайталық», - деген қарарға келдік. Таң намазынан бұрын мешітке барып, Пайғамбарымызды (с.а.у.) күте бастадық. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) келгенде орнымыздан тұрып: «Біз қашқынбыз», - дедік.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге қарап: «Жоқ. Сендер қашқын емессіңдер. Мемлекет басшысына жәрдем ету үшін келген әрі соғысқа кері қайту үшін маневр жасаған жандарсыңдар», - деді.

Біз оған жақындап, қолынан сүйдік. Ол бізге: *«Мен мұсылмандардың баспанасымын»*, - деді (Әбу Дәуіт, Жиһад 96/2647; Тирмизи, Жиһад 36/1716).

Нендей ұлы ахлақ! Адамдардың қателіктерін кешіріп, оларға әрдайым жылы сөйлеп көңіл шипагері бола білу оңай шаруа емес. Мынаны ұмытпауымыз қажет, кез келген жан жақсы мәмілеге, жылы шырайға мұқтаж. Адамдарға жасалған жақсы мәміле дұшпанның дұшпандығын

азайтып, дос және жақын жандардың махаббаты мен жақындығын арттыра түсуі күмәнсіз.

***

Хазірет Ибраһим (а.с.) адамдарды Хақ жолына дағуат етуді әкесі Азардан бастаған болатын. Оған сыпайылық танытып, былай деген еді.

«Уа, әкешім! Естімейтін, көрмейтін әрі саған тиер пайдасы жоқ нәрсеге неге табынасың? Уа, әкешім! Маған, саған берілмеген білім берілді. (Сол себепті) **менің соңымнан ер! Сені тура жолға салайын! Уа, әкешім! Шайтанға табынба!** (Өйткені) **шайтан, Аллаһқа қарсы шықты. Уа, әкешім! Сенің Аллаһтың азабына ілігіп,** (тозақта) **шайтанмен дос болуыңнан қорқамын!»** (Мәриям сүресі, 42-45 аяттар).

Әкесі Азар болса, қатты ашуланып былай деп үн қатады.

«Уа, Ибраһим! Сен менің тәңірлерімнен бас тартпақшысың ба? Егер бұл пікіріңнен бас тартпасаң, сені тасқа бораймын. (Сондай-ақ) **біраз уақыт менен аулақ жүр!»** (Мәриям сүресі, 46-аят).

Бірақ Ибраһим (а.с.) Азарға жылы сөз сөйлеп қайта былай деп тіл қатады.

«Саған (Аллаһ) **амандық берсін! Саған Раббымның жарылқауын тілеймін. Өйткені ол маған өте көп игілік жасаушы»** (Мәриям сүресі, 47-аят).

Иә, өзін сөккен әрі қорқытқан кісіге жылы сөз сөйлей білу нендей ұлы ахлақ десеңізші!

***

Мусғаб ибн Умайыр (р.а.) бозбала шағында мұсылмандықты қабылдап, тура жолға түскен еді. Жанұясы жәбір көрсетіп, жапа шектірді. Мирастан мақұрым етті. Соған қарамастан ол дінін тәрк етпеді. Өйткені ол сырт көзге пақыр болып қалғанымен, ішкі жан дүниесі иман нұрынан нәр алып, алып бай көңілге айналды. Исламды жан-тәнімен сүйіп тәблиғ етуде теңдессіз тұлға болатын.

Мусғабтың (р.а.) Мәдинаға келуі исламның сол жерде кең тарауына себеп болды. Өйткені, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қызметке тағайындаған бұл жас жігіт, адамдарға исламды таныстыру және оларды тура жолға салу жолында аянбай тер төккен еді. Мусғабтың (р.а.) қажырлы еңбегінің арқасында исламмен танысып, һидаятқа қол жеткізген бақытты жандардың бірі Әсад ибн Зураға болатын. Ол Мәдинаға келген алғашқы мұғалімді өз үйіне қонақ етіп, барша жұмыстарына қолұшын беретін.

Ол бір күні Мусғабты қасына алып, Зафар руына жататын кісілердің бақшасындағы құдықтың басында отырды. Абдуләшхел руының бас

көтерер кісілерінің бірі Сағд ибн Муғаз мұны естіп, Усайд ибн Хұдайырға: «Сен өз ісін жақсы білетін. Ешкімнің жәрдеміне мұқтаж болатын жан емессің. Арамыздағы нашарлардың сенімін бұзу үшін ауданымызға келген мына адамдарға барып, ескерту жаса! Қайтіп ауданымызға аяқ баспайтын болсын. Әсад туысым болмағанда бұл істі өзім істер едім», - деді.

Усайд дереу қолына найзасын алып, оларға жетіп барды. Ашуға мініп: «Сендер бұл жерге неге келдіңдер? Мына жаныңдағыны жат біреуді нашарларымыздың сенімін бұзу үшін ертіп әкелдің бе? Екінші мәрте бұлай етпе. Егер жандарың өздеріңе керек болса, мына жерден кетіңдер»,-деді.

Парасатты сахаба Мусғаб (р.а.) тынышы кетпей, жылы сөзбен: «Біраз уақыт отырып айтқандарыма құлақ салсаң қайтеді? Сен ақылды кісісің. Айтқандырым саған ұнап жатса қабыл етерсің. Ұнамаса қабыл етпессің», - деді.

Усайд: «Дұрыс айттың», - деп найзасын жерге қадап, жанына келіп отырды. Хазірет Мусғаб оған исламды жылы сөзбен жеткізіп, Құран Кәрімнен аяттар оқыды.

Усайд, Құран Кәрімді тыңдаған сәттен, бір ауыз ләм-мим деместен оның жүзінде ислам нұры жарқырап, жүрегі исламға еріп қоя берді. Құран Кәрім жайлы: «Бұл нендей керемет кәлам! Сендер бұл дінге кіргенде не істейсіңдер?» - деп сұрады.

Усайд (р.а.) орнынан тұрып, Хазірет Мусғаб пен Әсадтің (р.а.) нұсқауымен алдымен ғұсыл алды. Киімін тазалап, тілін кәлимаға келтірді. Кейін екі рәкағат намаз оқыды. Намазды оқып бітіргеннен кейін: «Мен сендерге келместен алдын артымда бір кісі қалған еді. Ол сендерге ерсе, қауымы оған қарсы келе алмайды. Ол Сағд ибн Муғаз. Мен қазір оны сендерге жіберейін», - деп кетіп қалды.

Біраз уақыт өткеннен кейін қаһарына мініп, қастарына Сағд келді. Алайда ол да Мусғабтың жылы әрі тәтті сөзіне елігіп, иләһи ақиқаттарға мойынсұнып мұсылмандықты қабыл етті. Кейін руына қайта оралып: «Уа, Абдулешхел руы! Мені кім деп ойласыңдар?» - деп сұрады.

Олар: «Сен біздің мырзамыз әрі ойшылымыз, әрі көсемімізсің», - десті.

Сағд: «Сендер Аллаһқа және оның елшісіне иман келтіргенге дейін, еркек яки әйел жандарыңмен сөйлесу маған харам болсын», - деді.

Ол күні кешке дейін сол рудан иман келтірмеген жан қалмады.[22]

22. Ибн Хишам II, 43-46; ибн Сағд III, 604-605; ибн Әсир, Усдул-Ғаба, Кайр 1970, I, 112-113.

Мінекей жылы сөз, нәзік әдіс қолдану арқылы исламға шақыруды берекеті осындай болмақ. Жүздеген садақа жария. Өйткені, игілігі мен жақсылығы мол Раббымыз мұсылмандықты қабыл еткен кісілердің қол еткізер сауабының мөлшеріндей сауапты, олардың һидаятқа келуіне себеп болған кісілерге беретіндігін уәде еткен.

***

Адамзат тарихында есімі мәңгі қалатын әйгілі залым Хажжаж жаратылысы жағынан пәлсәпашыларға қатты ұқсайтын. Бір күні жұма намазында оны байқап қалған құтпашы: «Жиһадтың ең ұлығы, залым сұлтанның алдында тұрып ақиқатты және әділетті айту»,[23] - деген Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадис-шәріпін еске түсіріп, хұтпада Хажжаж жайында ауыр сөздер айтты. Залым Хажжаж дыбысын шығармай, құтпаны толықтай тыңдап шықты. Намаздан кейін құтпашыны құзырына шақырып: «Сен бағана хұтпада не деп кеттің?» - деп сұрады.

Құтпашы неде болса басым кетеді ғой деп, кері қадам жасамай Хажжажға құтпада айтқан сөздерін одан бетер өсіріп айтып шықты.

Хажжаж: «Өте оғаш қылық», - деді. Сен білімі мол адамға ұқсайсың. Бірақ исламға шақыру әдістерінің ешбірінен хабарың жоқ. Яки сен еш Құран Кәрім оқымайсың ба? Сенен артық екендігінде ешбір күмән жоқ Мұсаны (а.с.), менен кемшілігі көп, әрі күпірлікке түскендігінде шүбә жоқ перғауынға Хақ Тағала жібергенде, оған «ләйин» яғни жылы сөз, судың ағысы тәрізді сылдырлаған нәзік тілді қолдан деп әмір етпеп пе еді?» - деді.

Құтпашының аузына құм құйылды. Аллаһқа шақырудағы әдісінің терістігін аңғарып, Хажжаждан кешірім сұрады.

***

Тоқсан сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, жұмсақтық қасиеті мүминнің бойынан табылуы керек. Ол халықты Хақ Тағаланың жолына дағуат еткенде, оларға қызмет еткенде қолданатын ең үлкен құралы болып табылады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһ – рафиқ (жұмсақтық иесі). Әрі рифқпен (жұмсақтықпен) мәміле жасауды сүйеді. Дөрекілік және өзге (жағымсыз) қасиеттерге бермеген сауабын, рифқпен (жұмсақтықпен) мәміле жасауға береді»* - дейді (Мүслим, Бирр 77).

Бұл жайлы Хазірет Мәулана: «Аллаһтың: «Ей, Мұса! Перғауынға жылы сөз сөйле. Оған жұмсақтық таныт», - деген сөзін жақсылап ұғын. Өйткені қайнап жатқан майға суық су төксең, пешті де, қазанды да құртасың», - дейді.

23. Әбу Дәуіт, Мәлахим 17/4344.

Әрбір кісіні қайнап жатқан майға теңеу қажет. Өйткені оның бойында белгілі деңгейде намыс, тағыда басқа қасиеттер бар. Ешбір жан қатты сөзді яки дөрекілікті сүймейді. Сондықтан, кез келген жанның ішкі жан сарайына еніп, жандандыру үшін жылы сөз, жұмсақтық, қарапайымдылық тәрізді жақсы қасиеттерді бойымызға сіңдіруіміз керек.

Б) ИСЛАМНЫҢ ЖАРҚЫН ЖҮЗІН КӨРСЕТЕ БІЛУ

Кәміл мүмин барша махлұқатқа мейірімді әрі жарқын жүзді болары хақ. Жаратушыға деген махаббаты себепкер болып, күллі жаратылысты жанындай сүйіп, сый-құрмет көрсетеді. Мүминнің исламды толықтай үйреніп, меңгеріп оның жарқын жүзін адамдарға, хайуандарға тіпті жансыздарға иләһи бір сый ретінде ұсынуы ләзім. Осындай мүминдерден құралған қоғамда шүбәсіз тыныштық орнары сөзсіз.

Ислам діні адамзат баласын әрдайым тыныштық пен бақытқа бастайтын иләһи дін. Ең маңызды іс исламды толықтай меңгеріп, оны әлемге таныта білу. Егер біз мұсылмандар ислам негіздерін іске асырсақ, оны қабыл етсек бізден ынсапты жан табылмас. Мұсылмандар, діндерінің жарқын жүзін барша әлемге көрсете білсе, әрбір ақылды кісі Исламның уәде еткен мәңгі бақытын түйсініп, оның күллі әсемдікті, әдемілікті қамтыған рақат ортасына кіру үшін құлшына кірісері даусыз.

Зұлымдық пен қарабайыр қараңғылықтың бұғауында арпалысқан, қорқыныш пен қайғының телегей теңізінде тербелген адам баласы ғасырлар бойы исламның жарқын жүзін көріп, оны бойына сіңіріп бақытқа қауышып отырған. Исламды білмеген, оны жете танымаған көптеген жандар, оның хақиқи жарқын жүзін Аллаһ достарының өмірінде көрген сәтте таңданыстарын жасыра алмаған. Исламның мейірімділігі мен рақымдылығын жұртқа паш ете білген Аллаһ достары қатігез, қара ниетті жүректердегі мұздыерітіп, оларға һидаят жолын көрсете алған.

Исламның жарқын жүзін он сегіз мың ғаламға көрсетудің ең дұрыс жолы, әдісі, оны дұрыс тану және Аллаһ Елшісінің сүннетін мүлтіксіз жүзеге асыру болып табылады. Исламның жарқын жүзі әуелі біздің күнделікті өмірімізде, яғни барша іс-әрекетімізде, ішкі жан дүниемізде орын тебуі қажет.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Сайып ибн Әбус-Сайып (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) барған едім. Ардақты сахабалар мені жер көкке сыйғызбай мақтап, мен жайлы айта бастады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мен оны сендерден жақсы танимын», - деді.

Мен: «Дұрыс айттыңыз. Әке-шешем жолыңызға құрбан болсын Аллаһтың Елшісі. Сіз менімен ортақ іс жүргіздіңіз. Әрі нендей ғажап серіктес едіңіз. Қарсы болмайтынсыз әрі тартыспайтын едіңіз», - дедім (Әбу Дәуіт, Әдеп 17/4836; ибн Мәжә, Тижарат 63).

Адамзаттың ардақ тұтар тұлғасы Пайғамбарымыз (с.а.у.) ислам діні келместен бұрын бойынан табылған нәзіктік, биязылық, сыпайылық, жарқын жүзі, сенімділігі көптеген адамдардың мұсылмандықты қабыл етуін біршама жеңілдеткен еді.

***

Зәйд ибн Харисаның (р.а.) сегіз жасқа толған шағы болатын. Қайын руының барымташылары шабуыл жасап, Зәйдті тұтқындап, өздерімен бірге алып кетті. Олар Зәйдті құл ретінде сату үшін Ұқаз жәрмеңкесіне әкелді. Хаким ибн Хизам оны нағашы әкпесі Хазірет Хадиша үшін төрт жүз дирхамға сатып алды. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Зәйдті көрген бетте: «Мына құл менің меншігімде болғанда, міндетті түрде азат етер едім», - деді.

Хазірет Хадиша шын пейілімен: «Олай болса, оны саған бердім», - деді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) оны дереу азат етті (Ибн Хишам I, 266; ибн Сағд III, 40).

Зәйдтің әкесі ұлының жоғалып кеткендігіне қатты мұңайып, оны іздестіру шараларын бастаған еді. Ұлының Меккеде екендігін қажылардан естіп, дереу бауырымен бірге жолға шықты. Меккеге келіп Пайғамбарымызды (с.а.у.) тауып алды. Олар оған Зәйд үшін төленетін құнды өтеуге дайын екендіктерін білдіріп, құнын асқақтатпауын өтінді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) олардан: «Бұдан басқа жолмен мәселені шеше алмаймыз ба?» - деді.

Олар: «Қандай жол?» - деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Оны шақырып алайық. Таңдауын өзі жасасын. Егер сендерді таңдаса, құн төлеудің қажеті жоқ. Егер мені таңдаса, уаллаһи менімен қалғысы келген жанды ешкімге бермеймін», - деді.

Зәйдтің әкесі мен көкесі: «Сен бізге әділеттілік таныттың. Бізге үлкен игілік, жақсылық жасадың», - деп ризашылықтарын білдірді.

Зәйд келіп: «Уаллаһи, уа, Мұхаммед әл-Әмин! Мен сізден басқа ешкімді таңдамаймын. Сіз менің әке-шешем секілдісіз. Мен тек сіздің қасыңызда қаламын», - деді.

Әкесі мен көкесінің мұңды сөздеріне: «Мен бұл кісінің бойынан

көптеген нәрселер көрдім. Оны ешкімге айырбастай алмаймын. Одан ешқашан айрылмаймын», - деп жауап қайырды.

Он сегіз мың ғаламның ардақтысы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Зәйдтің ағынан жарылып айтқан сөздерінен қатты әсерленді. Оны қолынан ұстап Қағбаға ертіп апарып: *«Уа, жарандар! Куә болыңдар. Зәйд менің ұлым. Мен оның мирасқорымын. Ол менің мұрагерім»*, - деп оны бала етіп асырап алды.[24]

Зәйдтің әкесі мен көкесі мұны көріп, көңілдері жай тауып еліне қайтты (Ибн Хишам I, 267; ибн Сағд III, 42).

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) адамдарға жасаған мәмілесінің кереметтігі, ғажаптығы сондай ешкім оның қасынан кетуді қаламайтын. Оның рақымдылық пен мейірімділік дариясы болған нәзік жаратылысына, әрдайым раушан гүлзары тәрізді жүзіне, ұзын сөздің қысқасы барша жан көркем ахлағына тәнті болатын.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Хунайында қолға түскен олжаны біраз уақыт күттіріп, кейінірек таратып берген еді. Соншалықты кешіктірудің сыры Жиранаға келіп жеткенде оныншы күні білінді. Жеңіліске ұшыраған Хауазин руының бір топ кісісі Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп, мұсылман болғандықтарын айтты. Соны себеп қылып, тұтқындарының және дүние-мүліктерінің кері қайтарылуын талап етті. Сол сәтте Сағд руының бір кісісі орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына көлеңкенің астында тұрғандар сенің сүт нағашы ағаларың, нағашы әкпелерің, саған сүт беріп баққан әйелдер. Егер біз Шам немесе Ирак патшасын емізіп, қазіргі халімізге тап болып олардан кешірім және игілік жасауын сұрансақ қолдан келгенін аянып қалмас еді. Ал сен расында сүт беріліп, бағып-қағылғандардың ең қайырлысысың», - деді.

Хазірет Пайғамбар (с.а.у.): *«Мен олжаның бөлініп берілуін бүгінкі күнге дейін кешіктірдім. Бірақ сендер көп кешіктіңдер. Ал қазір тұтқындарыңды яки дүние-мүліктеріңді таңдаңдар»*, - деді. Мұны естіген олар тұтқындарын таңдап алды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) *«Мен, маған және Абдумұтталиб ұлдарының пайына түскен тұтқындарды сендерге сыйға тартамын. Өзгелері үшін ертең бесін намазынан кейін маған келіп жолығыңдар»*, - деді.

Ертеңіне Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларын жинап алып, мәселені түсіндірді. Өзінің пайына түскен тұтқындарды азат еткендігін айтып: *«Араларыңда кімде-кім қолындағы тұтқындарды құнын алмай, көңіл*

24. Сол күннен бастап Зәйд, Зәйд бин Мұхаммед деп атала бастады. Бұл жағдай Ахзаб сүресінің 5 және 40 аяттарымен бала асырап алудың күші жойылуына дейін жалғасын тапты.

ризашылығымен босатып, бауырларын разы етуді жаны қаласа, солай жасасын. Ал кімде-кім өз пайына түскен тұтқындарды құнын алмастан босатуға разы болмаса, оны Аллаһтың нәсіп ететін алғашқы олжасынан өтейміз. Қалаған кісі осылай істесін», - деді.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабаларына бұлай деп өтініш білдіруінің себебі тұтқындардың сахабалардың пайына түскендігінде жатыр.

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) өзінің пайына түскен тұтқындарды азат еткендігін, әрі мұның өздерінен талап етілгенін естіген ардақты сахабалар сол игілікке өз үлестерін қосқысы келіп, шын пейілдерімен: «Біз де тұтқындарымызды Аллаһ Елшісіне сыйға тарттық», - десті (Бұхари, Мәғази 54; ибн Хишам IV, 134-135).

Осылайша сол күні Хауазин руының алты мың тұтқыны ешбір құн алынбастан азат етілді. Тарих, мұндай уақиғаға ешқашан куә болмаған еді. Бірақ сол күні тарих бұл ғажайып оқиғаға куәгер болды. Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) үмбетіне тәлім еткен ислам ахлағы және ізгіліктердің саясында көзді ашып-жұмғанша алты мың тұтқын дүниелік ешбір құн алынбастан азат етілді.

Мұндай теңдессіз игілікті көрген Хауазин руы толығымен мұсылмандықты қабыл етті. Тіпті сол шақта Тайыфта жүрген ру көсемі Мәлік ибн Ауф болған уақиғаның мән-жайына қанықканда қайран қалып, Аллаһ Елшісінің алғашқы ұсынысынан-ақ мұсылман болды. Сөйтіп мұсылмандықты қабыл етіп, ықыласқа бөленіп, ілтипатқа іліккендердің қатарына енді. Хазірет Пайғамбар (с.а.у.) оған жүз түйе сыйға тартып, оны қайтадан ру көсемі етіп тағайындады (Ибн Хишам, IV, 137-138).

***

Жомарттығы ел аузына іліккен Хатим Тайдың ұлы Ади сөзге шешен, абыройлы, игі, жомарт кісі болатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) һижреттің тоғызыншы жылында Хазірет Әлиді (р.а.) Тай руының пұты «фулсты» жығу үшін жіберген еді. Мұны естіген Ади Шамға қашты. Қарындасы Саффана қолға түскен тұтқындармен бірге Мәдинаға әкелінді.

Ғаламның рақым нұры Пайғамбарымыз (с.а.у.) Саффананы азат етті. Киім, көлік және жол азығы беріп, руының бірнеше сенімді кісісін жанына қосып Шамға жіберді.

Ади ибн Хатим одан кейін болған уақиғаны былай деп тарқатады.

«Саффана ақылды әйел болатын. Одан Аллаһ Елшісін меңзеп: «Мына кісі жайында қандай пікірің бар?» - деп сұрадым.

Маған: «Уаллаһи, сенің оған барып, қосылуыңды қалаймын. Егер шынымен Пайғамбар болса, оған ергендердің басы болуың сен үшін бір

игілік және артықшылық емес пе? Ал егер патша болып шықса, оның саясында Йемендегі билігіңді сақтап қалып, қор күйге түспейсің. Шешім сенікі», - деп жауап берді.

Уаллаһи, бұл керемет пікір. Мен бұл кісіге барып жолығайын. Бір өтірікші болып шықса, маған өтірігі зиянын тигізбес. Ал егер айтқандары тура, дұрыс болып шықса, соңынан ерермін деп шешім қабылдап Мәдинаға тартып кеттім.

Хазірет Пайғамбарды (с.а.у.) туыстарының, балалардың, әйелдердің арасында отырғанын көргенімде оның бойында «Кисраның» немесе «Қайсардың» салтанатын байқай алмадым.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) қолымнан ұстап, үйіне ертіп апарды. Жолда кетіп бара жатқанымызда бір кәрі әйел кездесіп, оны тоқтатып алып мұқтаждығын айтты. Ол біраз уақыт әйелдің мұқтаждығын тыңдады. Кейін мұқтаждығын өтеп берді. Үйге кіргенімізде құрма талшығынан тоқылған көрпешені маған ұсынып: «Мынаның үстіне отыр», - деді.

Мен: «Жоқ. Сен отыр», - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Жоқ. Бұған сен отырасың», - деді.

Көрпешенің үстіне отырып алдым. Ал Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жерге отырды. Ішімнен: «Уаллаһи, бұл патшаның әрекеті емес», - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Ади! Мұсылман бол, амандыққа қол жеткізесің», - деді.

Мен: «Менің өзімнің ұстанып жүрген дінім бар», - дедім.

Маған қарап: «Сенің дініңді сенен жақсы білемін», - деді.

Мен: «Менің дінімді менен жақсы біле місің?» - деп сұрадым.

Ол: «Иә. Сен Рақусилардан[25] емессің бе? Руыңның қолға түсірген олжаның төртте бір бөлігін алады емессің бе?» - деп сұрады.

Мен: «Иә солай», - деп жауап бердім.

Ол: «Негізінде ол, сенің дінің бойынша адал емес қой»,- деді. Бұған қосып ешнәрсе айтпады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұны айтқанда, қатты ұялдым. Оған қарап: «Иә. Уаллаһи солай», - дедім. Дәл сол сәтте оның Аллаһтың Елшісі екендігін аңғардым.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мені ұятқа қалдырған сөзді қайтып қайталамады. Кейін: «Сенің мұсылмандықты қабыл етуіңе кедергі болып тұрған себепті де білемін. Сен: «Оған тек нашарлар, арабтардың еш сый-құрмет

25. Рақусия: Христиан және Сабилік (Христиан мен Юдайзм арасынан шыққан дін өкілдері) екеуінің арасынан шыққан діни түсінік.

көрсетпейтін әлсіз жандар ереді», - деп ойлайсың. Сен Хираны біле місің?» - деп сұрады.

Мен: «Көргенім жоқ. Бірақ ол жайлы естідім», - деп жауап бердім.

Ол: «Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, Аллаһ бұл игі істі тәмамдары хақ. Тіпті бір әйел жалғыз өзі Хирадан шығып, Аллаһтың үйін тауаф етеді. Кейін Кисра ибн Хурмуздың қазыналары қолға түседі», - деді.

Мен: «Кисра ибн Хурмуздың қазыналары ма?» - деп сауал қойдым.

Ол: «Иә. Кисра ибн Хурмуздың», - деп жауап берді.

Кейін ол: «Көп ұзамай, дүние-мүліктің артатындығы соншалық, зекетті алар кісі табылмайды», - деді.

Мұсылмандықты қабыл еткенімде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қатты қуанды. Жүзінде қуаныштың белгісін көрдім. Ансардың бір үйіне түсіп, қонақ болуымды өтінді. Таңертең-кешке оның үйіне барып тұрдым. Әрбір намаздың уақыты кіргенде Аллаһ Елшісін (с.а.у.) сағынатын едім».

Көптеген жылдардан кейін бұл уақиғаны хикая еткен Ади: «Уаллаһи, бір әйелдің Хирадан түйесіне мініп еш қорықпастан, мына Аллаһтың үйіне қажылыққа келгенін көзім көрді. Кисраның қазынасын қолға түсіргендердің арасында мен де бар едім. Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) айтқан үшінші сөзі де жүзеге асады. Өйткені оны Аллаһ Елшісі айтты», - дейтұғын.[26]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) айтқан бұл үшінші хабар, уақыты келіп жеткенде іске асты. Халифа Омар ибн Абдулазиз, зекет қызметкерін Африка аймақтарына жіберген еді. Қызметкер зекетті таратпастан кері қайтып әкелді. Өйткені зекет алар кісі жоқ болатын. Мұны көрген халифа, зекет қаражатына көптеген құл сатып алып, оларды азат етті.[27]

***

Хазірет Мәулана «алтын ғасыр» дәуірінде өмір сүріп адамшылығы мен ұжданын жоғалтқан, рухани дүниесі күйзелген, дөрекі әрі тұрпайы жанның Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) нәзік, биязы халі және һидаятқа қол жеткізер әдісі арқылы қалай иман келтіргенін өзіне тән хикая әдісімен былай деп өрбітеді.

Бірнеше мүшрік кеш батып қалған шақта мешітке келіп, Пайғамбарымызға (с.а.у.) қонақ болды. Қонақтар: «Уа, барша дүниенің кісісін рухани тұрғыдан өз жан сарайына қонақ ететін ұлық кісі! Біз бұл жерге, саған қонақ болып келдік. Ішіп-жейтін ешнәрсеміз қалмады.

26. Бұхари, Мәнақиб 25; Ахмед IV, 257, 377-379; ибн Хишам IV, 246-249; ибн Кәсир, әл-Бидая V, 65; ибн Абдилбәр, әл-Истиғад, Кайр III,1057; ибн Әсир, Усдул-Ғаба IV, 9.
27. Сайд Рамазан әл-Бути, Фиқһус-Сирә, Бейрут 1980, 434-бет.

Оның үстіне біз алыс жерден келіп аяқ тіредік. Бұл жерде танитын кісіміз де жоқ. Қанекей игілігіңді, жомарттығыңды көрсет. Біз бейшараларды сүйіндір, көңілімізге қуаныш нұрын шаш», - десті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына қарап: *«Уа, достар! Мыналарды өз араларыңда бөлісіп алыңдар. Сый-құрмет көрсетіңдер. Өйткені сендер менімен бірге көркем ахлақты, жомарттықты бөлістіңдер. Менің бойымдағы сипаттарға еліктеп, өз бойларыңа сіңдіруге күш салып жүрсіңдер»*, - деді.

Сахабалардың әрбірі бір кісіден алып, үйіне әкетіп жатты. Қонақтардың арасында теңдесі жоқ дәу әрі дөрекі біреу бар еді. Расында орасан алып болатын. Бұл піл секілді кісіні, ешкімнің үйіне ертіп әкетуге батылы жетпеді. Кесенің түбінде қалған көбік тәрізді мешітте жалғыз қалды. Ешкім алып кетпеген бұл кісіні Хазірет Мұстафа (с.а.у.) өз үйіне ертіп әкетті. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүт беретін жеті ешкісі бар еді. Алып қонақ дастарқандағы нанды, асты жеді. Кейін әлгі жеті ешкінің сүтінің барлығын өзі ішіп алды. Жанұя мүшелері бұл обыр кісіге өкпелеп, ашуға мінді. Өйткені жанұяның күллі азығы, бұл ынсапсыздың құлқынына түскен еді.

Сегіз-он кісінің асын бір өзі жегендіктен обыр кісінің қарны дауылпаз сияқты ісіп кетті. Жататын уақыт таяғанда бір бөлмеге келіп кірді. Қызмет көрсетіп жүрген қыз бұл адамға қатты ыза болғандықтан, бөлменің есігін құлыптап кетті. Кейін сыртынан шынжыр тақты.

Түннің ортасында қонақ тысқа шыққысы келді. Таңға дейін іші ауырып шықты. Төсегінен атып тұрып, есікке ұмтылды. Қолын есікке таяғанда, оның құлыптаулы және шынжырлы екендігін аңғарды. Есікті ашу үшін обыр алуан түрлі әдіс қолданды. Алайда есікті аша алмады. Қиналуы арта түсті. Оған бөлме тарылып кеткендей көрінді. Не істерін білмей тосылып қалды. Шарасыз, тынышы кетіп бейшара күйге түсті. Ішінің ауырғандығын ұмытпақшы болып төсекке келіп жатты. Дөңбекшумен болды. Көзі ілініп кетіп, түсінде өзінің қирап қалған бір жерде жүргендігін көрді. Сол жерде дәретін бұзып жіберді. Оянып кетіп, жатқан жерінде дәрет бұзып ластағанын көрді. Ұялғанынан жерге кіріп кете жаздады. Өз-өзіне күбірлеп: «Мына түн тезірек өтіп, есіктің ашылғанын естісем», - деп күтуге кірісті. Күтудің себебі, мына лас жерден тезірек құтылып, ешкімнің көзіне түспейін деген ниеттен туған еді. Садақтың адырнасында керіліп тұрған оқ тәрізді кейіпке түсті.

Таң рауандап атқанда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) келді. Бөлменің есігін ашты. Әлгі кісі шығып кетсін деп жол ашты. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ол мені көріп ұятқа қалмасын деп жасырынып қалды.

Қонақ бөлмеден безіп шықты. Ғаламның рақым нұры Пайғамбарымыз (с.а.у.) күлімсіреп: «Маған су толы шелек әкеліңдер. Бөлмені жуып

шығайын»,-деді. Маңайында жиылып қалғандар: «Жанымыз жолыңа құрбан болсын. Біз жуайық, сен араласпа. Бұл іс қол ісі, көңіл ісі емес. Біз саған қызмет ету үшін жүрміз. Қызметті сен атқарсаң, біз не қылмақпыз», - десті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Маған деген сүйіспеншіліктеріңді білемін. Бірақ менің бұл бөлмені жууда бір сыр бар», - деді. Үй-ішіндегі жандар Пайғамбардың (с.а.у.) бұл сөзін естігеннен кейін, бұл істің тереңінде жатқан сырды көрелік деп күте бастады...

Ол имансыз қонақтың тұмардай етіп мойнына тағып жүретін кішкентай пұты бар еді. Оның қай жерде түсіріп алғандығын есіне түсіре алмай аңтарлып қалды. Ішінен: «Мен қасиетті тәңірімді, жатқан бөлмемде тастап кеттім-ау деймін», - деген ойға келді. Жасаған жаман әрекеті есіне түсіп қатты ұялды. Бірақ мойнына тағып жүретін пұтқа деген махаббаты ұятын жеңді. Пұтын қайтып алмақшы болып үйге қарай жүгірді. Бөлменің ішінен пұтын тауып алды. Өзінің былғап кеткен төсегін Аллаһ Елшісінің жуып жатқандығын көрді. Пұтқа деген махаббаты сөніп, оны ішкі жан сарайынан қуып шықты. Надандықтың мастығынан айығып, өз-өзіне келді. Қатты тебіренді. Толқыды. Жеңін, жағасын жыртты. Екі қолымен бетін, басын ұрғылады. Басын қабырғаға, есікке соқты.

Ол: «Уа, жаһанның қадірі ұлық кісісі! Сенің жасаған игілігіңе қайтарым ретінде істеген ғапылдығыма қатты ұялып тұрмын», - деген сөзді бірнеше мәрте қайталады. Рухани дүниесінің астаң-кестеңі шығып, ғаламға бет бұрып: «Уа, хикметке толы жер жүзі! Сен Аллаһтың әміріне мойынсұнып, бас иесің. Оған деген махаббатың сені шыр-көбелек айналдырып тұр. Ал мен болсам сенің үстіңдегі нығметтерге мұқтаж, бейшара біреумін. Соған қарамастан нәпсімнің дегеніне көніп, азғындаймын. Сен Аллаһ Тағаланың дегенінен шықпай, одан қорқып тітіреп зікір етесің де тұрасың. Мен болсам оның әмірлеріне қарсы шығамын. Нендей оңбаған адаммын десеңші!» - деп айқайлады. Әрбір сәт жүзін көкке бұрып Хазірет Пайғамбарымызға (с.а.у.): «Уа, жаһанның толған айы! Сенің жүзіңе қарайтын менде бет қалмады», - деп шыр-пыры шығып көз жасына ерік берді.

Оның бұл жан тебірентерлік халі арта түскендігін, күпірліктен безгісі келгендігін байқаған Хазірет Мұстафа (с.а.у.) оны өзінің жан сарайына қонақ етті. Ішкі дүниесінен нәр алуға ерік берді. Кісінің жаны жай тапты. Оның рухани күйзеліске ұшыраған дүниесін қайта тірілтті. Оған мағынасы терең сөздер айтты. Осылайша пұтының құлы болған қараңғы кісі өмірінде көрмеген мынадай ұлы ахлақты, жақсы мәмілені көрген сәтте жақын досқа айналды. Аллаһ Елшісінің ішкі жан сарайының кеңдігін, оның қарапайымдылығын байқап аң-таң болды.

Пайғамбарымызға (с.а.у.) қарап: «Уа, Аллаһтың тек жалғыз екендігінің ақиқи куәгері! Маған кәлима-шәһадатты үйрет. Аллаһтың бірлігіне иман келтіріп, сенің пайғамбарлығыңды растап бақыттылардың керуеніне қосылайын. Мен бұл қарабайыр тұрпайылықтан, сезімсіз ар-ұжданнан, піл тәрізді денемнен жалықтым. Бұдан былай иманның шексіз ұланғайыр өлкесіне сапар шегейін», - деді.

Хазірет Мұстафа (с.а.у.) оған иманды тәлім етті. Оның кәлима-таухидті айтуы мұң-ақ екен яғни «ләә иләәһә иллаллаһ, мұхамәддур-расулуллаһ» деуі сол екен кеудеде жиналған барша түйін шешіліп қоя берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған: «Бұл кеште үйіміздің әрі ішкі жан сарайымыздың қонағы бол», - деп өтініш білдірді.

Мұсылмандықты қабыл етіп, бақыт шуағына бөленген кісі: «Уаллаһи, қай жерде болсам да, қай жерге барсам да мен сенің мәңгі-бақи қонағыңмын. Мен өлік едім. Сен тірілттің. Бұдан былай мен сен азат еткен құлың секілдімін. Сенің босағаңда қалған ғұмырымды өткіземін. Өйткені күллі дүние, ақырет сенің шапағат дастарқаныңның қонақтары», - деді.

Сол күні кешке ол Хазірет Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қонағы болды. Бір ешкінің сүтін тауыса алмады. Кейін шүкір етіп, дастарқаннан тұрды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Сүт іш, астан алсаңшы», - деп қанша мәрте айтса да кісі асқа қол созбады. Мұсылмандықты жаңа қабыл еткен кісі: «Уаллаһи, шынымен-ақ тойып қалдым. Мұны ұялғанымнан немесе мақтанып айтқаным жоқ. Сенің ішкі жан сарайыңнан нәр алған сәттен бастап бір жұтым ас, жүздеген жұтым астың орнын басты. Мен кешегі обырланып жегенімнен артық жегендей тойдым», - деді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, күпірлік толы құлшыныс пен қорлықтан құтылған шақтан бастап, айдаһаның асқазанындай асқазаны бар бұл кісі болмашы азыққа тойған еді.[28] Бұл тұрпайы, дөрекі мүшрік бәдәуи Аллаһ Елшісінің бойындағы исламның жарқын жүзін, кешірімшілдігін, рақымдылығын, сыпайылығын, биязылығын көрген еді. Жүрегіндегі мұздар еріп, сыпайы, биязы, мейірімді, парасатты мұсылман болып қайта туды.

***

Рухани күйзеліске ұшыраған адамдарды сол күйінде тағдыр тәлкегіне тәрк етпей, оларға исламның игіліктерін, жарқын жүзін көрсетіп қол ұшын беруіміз қажет. Өйткені, мұндай кісілер Аллаһқа және

28. Ұқсас дерек үшін қараңыз: Тәбарани, әл-Мужмағул Кәбир, Хамди Абдулмәжид әс-Сәләфи, Бейрут, Дару ихяит турасилил араби II, 274/2152.

жақсылыққа бағыт алу үшін рухани көмекке зәру екендігін жадымыздан шығармағанымыз жөн.

Язид ибн Асам былай деп әңгімелейді.

Шамда туып өскен күшті, қуатты әрі абыройлы кісі бар болатын. Анда-санда Хазірет Омарға (р.а.) келіп тұратын. Біраз уақыт өтіп, әлгі кісі Омардың (р.а.) көзіне түспеді. Жанында жүретін кісілерден: «Әлгі пәленше не істеп жүр? Көрінбей кетті ғой», - деп сұрады.

Олар: «Уа, мүминдердің әміршісі! Ол арақ ішіп кетті», - деп жауап берді.

Хазірет Омар (р.а.) хатшысын шақырып алып: «Жаз! Омар ибн Хаттабтан пәленшеге! Сәлем саған! Өзінен өзге тәңір болмаған, күнәні кешіретін, тәубені қабыл ететін, азабы қатты әрі игілігі мол Аллаһты мадақтаймын. Одан өзге тәңір жоқ, әрі тек оған қайтамыз», - деді.

Омар (р.а.) хатты жазып бітіргеннен кейін, жолдастарына бұрылып қарап: «Оның Аллаһқа бет бұруы үшін, тәубесінің қабыл болуы үшін бауырларыңа дұға етіңдер», - деді.

Ол кісінің қолына Хазірет Омардың жазған хаты тиіп: «Аллаһ күнәні кешеді, тәубені қабыл етеді әрі азабы қатты»,[29] - деген сөйлемді бірнеше мәрте оқыды. «Аллаһ мені һәм азабымен қорқытыпты һәм күнәларымды кешіретіндігін уәде етіпті», - деп көз жасына ерік берді. Кейін барша күнәсына тәубе етті.

Хазірет Омар (р.а.) ол кісінің тәубе еткендігінен хабардар болып: «Бір бауырларыңыз тура жолдан шығып, күнәға белшесінен батып жүргендігін көрсеңіздер оны тура жолға қайта салуға, Аллаһтың кешірімшілдігіне деген сенімін арттыруға күш салыңдар. Тәубе етуін нәсіп етсін деп Аллаһқа жалбарыныңдар. Оған қарғыс дұғасын айтып, шайтанға жәрдемші болмаңдар», - деді.[30]

***

Исламның жарқын жүзін көрсететін мына уақиғаны Хазірет Мәулана былай деп хикая етеді.

Хазірет Баязит Бистамидің заманында отқа табынушы бір адам өмір сүрген еді. Бір күні оған иман келтірген бір кісі келіп: «Мұсылман болып амандыққа қол жеткізсең, абырой мен ұлылыққа кенелсең нең кетеді?» - деді. Отқа табынушы былай деп жауап берді.

«Әй, менің амандыққа қол жеткізуімді мұрат еткен кісі! Аузымда қаншалықты ұрылған мөр болсада, яғни иманымды ашықтан-ашық

29. Бұл сөйлем «Мүмин» сүресінің 3-аятынан алынған.
30. Ибн Кәсир, Тәфсирул Құранил Азим, Бейрут 1988, IV, 76.

айта алмасамда мен іштей Баязиттің иманына сенемін. Өйткені, оның иманында айрықша әсемдік және тереңдік бар. Мен әзірге дінге, иманға толықтай берілген жан емеспін: Алайда оның иманындағы ұлылыққа қайранмын. Ол барша жаннан бөлек. Сыпайы, сүйкімді, қарапайым, нұрлы, өте ұлы, өзгеге үлгі болар кісі. Ал егер мені шақырған иманың, сендердің имандарыңдай болса, мен оған аяқ баспаймын. Өйткені менің сендердің имандарыңа деген аңсарым, қалауым жоқ. Өйткені бір кісінің көңілі иман келтіруге жүздеген мәрте ауса да, сендердің қаталдықтарың мен қатігездіктеріңді көріп көңілі суып кетеді. Оның көңілінде иманға деген аңсары әлсірей бастайды. Өйткені ол сендердің бойларыңнан исламның мағынасыз, тек аты ғана бар, іші бос кеудесін көреді. Мұның мысалы, сусыз шөлдерді раушан гүлі, алуан түрлі көкөніс егілетін жер ретінде қарастыру тәрізді оғаш әрі мағынасыз.

Менің аңғарғаным иманның күллі кереметі, нұры Баязиттің иманында бар. Оның иманының титтей бір бөлшегі бір тамшыға тисе, оны телегей теңізге айналдырады.

Ал сендердің имандарың ішкі жан сарайыңызға толық енбей, қабық секілді тыста қалғандықтан мақтаныш пен даңғойлықтың тұтқынына айналған. Келіп-кетуі тез алдамшы иман, дауысы жағымсыз, рухсыз азаншы сияқты. Адамдарды сүйіндірудің орнына, бездіріп жібереді. Яғни сендердің имандарың раушан гүлзарына енсе, гүлзарды құратып жібереді.

Алайда Хазірет Баязиттің иман нұры, оның ішкі жан сарайынан шығып әлемге шуағын төксе мына фәни, алдамшы дүние жақұтқа, жәннатқа айналады. Мүминдердің ішкі жан сарайлары барша әлемге иман нұрынан нәр берерлік мөлдір бұлаққа айналады. Сондықтан Баязиттің иманы, шыншылдығы менің ішкі жан дүниемде иманға деген теңдессіз махаббат, сағыныш тудырды.

***

Риуаят етілген дерекке сүйенсек, Имам Ағзам Әбу Ханифа бір мажусиге зат берген еді. Оны кері сұрап алайын деп мажусидің үйіне бет алды. Оның қақпасының алдына жеткенде, аяқкиімін былғап алды. Аяқкиімін тазалайын деген ниетпен, аяғын сілкіп қалғанда, оған жабысқан лас нәрсе мажусидің үйінің қабырғасына шашырап кетті. Не істерін білмей қалған Әбу Ханифа өз-өзіне : «Егер мынаны сол күйде қалдырсам мажусидің үйінің жағымсыз болып көрінуіне себепші боламын. Ал егер сүртіп өшірсем, қабырғаның сылағы бұзылады», - деп есікті қақты. Шыққан қызметшіге қарап: «Мырзаңа барып, Әбу Ханифа есіктің алдында сені күтіп тұр деп хабар бер», - деді. Үй иесі мажуси тысқа шығып, Әбу Ханифаның затын сұрап келді-ау деген оймен оған түрлі себептер айтып жалына бастады. Әбу Ханифа болса: «Бұл қазір онша

маңызды емес», - деп қабырғаның жағдайын айтты. Кейін: «Мен мұны қалай тазалайын?» - деп сұрады. Мұндай ұлылық пен сыпайылыққа қайран қалып толқыған мажуси: «Мен әуелі нәпсімді тазартайын», - деп сол сәтте мұсылман болды.

Мінекей Хазірет Әбу Ханифаның, мынадай болмашы мәселеде мажусиге зұлымдық жасаудан бас тартып, оған берген затын қайтып алмағандығы үшін мажуси иман келтірді. Зұлымдық жасаудан және хақсыздықтан мұншалықты аулақ болған мұсылманның Аллаһ құзырындағы сыйы мен құрметі қандай болмақ?![31]

***

Имам Ағзам Әбу Ханифаның көршілерінің бірі маскүнем жас жігіт еді. Бұл жігіт таң атқаннан кешке дейін ішімдік ішетін. Түндеде тыным таппай айқайлап, біреулерді балағаттап маңайындағы көршілерге маза бермейтін.

Бір күні түнде жас жігіттің айқайы басылып қалды. Хазірет Әбу Ханифа ертесіне жағдайын білмекші болып таңертең көршісін іздеп үйіне барды. Жолдастары ішімдік ішіп, біреумен төбелесіп абақтыға жабылды деді. Мұны естіген Әбу Ханифа қатты мұңайды. Абақтыға барып, құзырлы кісілерге жолығып оны босатуларын өтінді. Қызметкерлер тек кепілдік арқылы босататындықтарын айтты. Имам Ағзам Әбу Ханифа өзі кепіл болып, маскүнем көршісін абақтыдан шығарып алды. Кейінірек уақиғаның мән-жайына қаныққан жас жігіт дереу Әбу Ханифаға келіп, өкініш жастарына ерік берді. Ішімдікті тастап, тәубе еткендігін айтты. Бұдан кейін жақсы көрші және әдепті оқушы боламын деп уәде етті. Ұлы имам жас жігітке мейірім толы көз әрі қайғылы дауыспен: «Жас жігіт. Сені біз құрттық. Саған дер кезінде қол созбадық. Негізі сен бізді кеш», - деді.

***

Нақыл етілген дерекке сүйенсек Хазірет Ибраһим ибн Адһам ұйықтап қалған бір маскүнемнің сасық әрі лас аузын жуған еді. «Мұны неге істедің?» - деп сұрағандарға: «Егер ұлы Аллаһты зікір ету үшін жаратылған тіл мен ауызды лас күйінде қалдырсам, үлкен құрметсіздік болар еді», - деп жауап берді.

Кісі мастығы айығып, өз-өзіне келгенде маңайына жиналған жұрт: «Сенің аузыңды әйгілі Хорасанның заһиді Ибраһим ибн Адһам жуды», - десті.

Мұны естіп қатты ұялған маскүнемнің ішкі жан дүниесі қайта тіріліп: «Олай болса, мен тәубе еттім», - деді.

31. Фахруддин әр-Рази, Мәфатихул-Ғайб (әт-Тәфсирул Кәбир), Бейрут 1990, I, 192.

Бұған себепкер болған Ибраһим ибн Адһамға түсінде: «Сен біз үшін оның аузын жудың. Біз де сен үшін оның жүрегін жудық», - деген аян берілді.

***

Әйгілі әулие Хазірет Мағруф Кәрхи, бағзы жас жігіттердің теріс жолда жүрген біреулерді қолдау үшін жорыққа аттанып жатқандықтарын көріп: «Аллаһым! Оларды өзің сақта», - деп дұға етті. Мұны байқап қалған кейбір жандар Мағруф Кәрхи тәрізді ұлықтың залымға қолдау көрсету үшін аттанып жатқан жігіттерге былай деп дұға етуіне қайран қалды. Олар одан: «Сен қазір мына жандарға оң дұға еттің бе?» - деп сұрады.

Ұлық әулие: «Мен Аллаһтан оларды қорғап сақтауын өтіндім. Егер Хақ Тағала оларды сақтамаса, барғылары келген жерге жете алмайды», - деп жауап берді.

Мағруф Кәрхи Дижла өзенінің жағасымен жүріп келе жатқан еді. Бір топ жігіт өзен жағасында шарап ішіп, көңілдерін көтеріп жатқан болатын. Олар Хазірет Мағруфты байқап қалып, істеп жатқан күнәмізді көріп мына кісі бізге теріс бата береді, қарғыс дұғасын оқиды деп мазалары қашты. Араларындағы етқызулау біреуі шыдай алмай: «Уа, шейх! Нені күтіп тұрсың! Қане қазір бізді Дижланың асау толқындарына батып өлсін деген қарғыс дұғанды бастасаңшы»,- деп келеке етті.

Хазірет Мағруфтың жүзінен ешбір ашудың белгісі көрінбей, мейірімділік танытты. Қолдарын аспанға көтеріп: «Аллаһым! Мына жігіттерге дүниеде саулық бергенің секілді, ақыретте де саулық бергейсің», - деп дұға етті.

Мұндай дұғаны күтпеген жігіттер: «Уа, шейх! Сен не деп кеттің? Айтқан сөздеріңнің мағынасын түсінбедік», - десті.

Ерекше ықыласы мен тақуалығы үшін бір ауыз сөзінің ішіне көптеген мағынаны сыйғызған, Хақ Тағаланың шарапаты тиген Мағруф Кәрхи: «Ұлдарым! Хақ Тағала сендерге ақыретте саулық беруді мұрат етсе, тәубе етулеріңді нәсіп етеді», - деді.

Жігіттер күтпеген жерден мынадай рақымдылыққа тап болғандықтан аңтарылып қалды. Әуелі ұзақ ойланып, өз-өздерін есепке тарта бастады. Соңында ішкі жан дүниелерінде үлкен өкініш туды. Дереу туралықты түйсініп, өкініш жастарына ерік беріп, шараптарын төкті. Шатырларын жықты. Тәубе етті. Сөйтіп екі дүниенің бақытына қол жеткізбек болып қайта жанданды.

***

Осман эмперисының дәуірінде падишаһынан бастап, барша халқы исламды жан-тәнімен сүйді. Оның жарқын жүзі әрбір сәтте көрінген ерекше шақ болатын. Соның дәлелі ретінде болған мына уақиға нендей өнегелі, ғибратты.

Жиһангер мәртебелі Фатих сұлтан Мехмет хан Стамбулды бағындырғаннан кейін ғұламаларды, ғарифтерді, пашаларды жанына ертіп керемет салтанатпен Едірнекапыдан қалаға аяқ басты.

Ақбоз атының үстінде тұрып: «Ғазиларым! Хақ Тағалаға шексіз мадақ! Стамбулды бағындырғандардың қатарына кірдіңдер! Қарсы шықпай, жан сауғасын сұрағандарға тимеңдер. Әйелдерге, балаларға, қарттарға, ауруларға зәредей зияндарыңды тигізбеңдер. Сізге адал болған, олжаны ғана олжалаңдар», - деп әскеріне соңғы әмірін берді.

Оның адам құқықтары декларациясы дүниеге келместен, көптеген уақыт бұрын жариялаған бұл үкімдері ұлттық тарихымыздың ең қадірлі құжаттарының бірі болып табылады. Әділдік толы мұндай әрекетке қайран қалып, көздері жасқа толған Стамбул архиепископы Фатихтің аяғына жығылды. Фатих оны көтеріп: «Біздің дінімізде адамдарға Аллаһқа сәжде еткендей иілу харам. Орныңыздан тұрыңыз. Сізге және күллі христиандарға күллі құқықтарын, азаттықтарын қайтарып беремін. Осы сәттен бастап өміріңіз және азаттығыңыз үшін қаһарымнан қаймықпаңыз. Архиерископқа рим православтарының көсемі ретінде көрсетілетін барша сый-құрмет сақталады», - деді.

Стамбул бағындырылғаннан кейін Фатих сұлтан жалпы кеңшілік жариялап, Византияның абақтыларында қамалып жатқандарды босатты. Олардың арасында екі ғалым, бір пәлсәпашы епископ бар еді. Фатих олардың неге абақтыға түскендіктерін сұрады.

Олар: «Біз, Византияның ең үлкен епископтары едік. Патшаның зұлымдығын, халыққа көрсеткен қысымын, жасаған жағымсыз әрекеттерін, ырду-дырду көңіл көтеруін барлығын сарайына барып, бетіне айтып салдық. Соңының жаман болып бітетіндігін, мемлекеттің жығылатындығын тілге тиек еттік. Ол біздің ескертумізді естіп, ашуына мінді. Абақтыға қаматты», - деп жауап берді.

Бұл сөздер Фатихтің назарына ілікті. Епископтардан осман империясы жайлы пікірлерін сұрады. Олар біраз уақыт зерттеулер жүргізгеннен кейін ғана пікірлерін білдіретіндіктерін айтты. Епископтар қолына сұлтанның әмірі жазылған құжатты алып, мемлекетті шарлап шығуға бел байлады. Таңертең ерте тұрып қажетті заттарды сатып алу үшін дүкенге барды.

Дүкенші: «Мен біраз сауда-саттық жасадым. Сауда жасамаған көршімнен алыңыздар», - деді.

Олар қалың көпшілік жүретін жерлерді, тіпті шалғай жерлерді аралап шықты. Баршамен танысып, сұхбат құрды. Халықтың бойынан тек игілік пен көркем ахлақ көрді.

Олар бір базарға соққан еді. Дәл сол сәтте азанның дауысы естілді. Дүкеншілер дүкендерін құлыптамай мешітке бет алып жатқан еді. Ешкім өзгені күндеп, қызғаныштық танытпайтын. Барлығы бір-бірінің қорғауында жүрген тәрізді болатын. Намаздарын соңғы оқып жатқан намаздары секілді шын пейілмен оқыды.

Ешкім өзге біреудің құқығына қол сұқпай, бір-бірінің көңілін қалдырмайтын. Ешкім мойнына біреудің құл ақысын жүктеп, Хақ Тағаланың құзырына шығуды қаламайтын. Кез келген жан тек Аллаһтың разылығын ойлап жүрген еді. Аллаһ разылығы үшін сөйлесіп, Аллаһ разылығы үшін өмір сүретін. Барлығы сұлтанның ұзақ өмір сүріп, әскерінің жеңісі үшін талмай дұға ететін. Қоғамда ішкі жан сарайы мейірімділікке толы, көңілі бай жандардың саны көп болатын.

Епископтар бұл ғажайып халдерді көріп, таң қалды. Қаншама қаланы аралап шықса да сот кеңселерінен жазасы ауыр бір қылмыс таба алмай шықты. Ұрлық, адам өлтіру, біреудің намысын аяққа таптау, алдау тағы да басқа қылмыстар атауымен жоқ болатын. Бір сот мекемесінде болып жатқан дау олардың назарын аударды. Қайран қалды.

Қазыға екі кісі келіп жүгінді. Дау иесі өзін нұсқап: «Мырзам, алдыңызда тұрған пенде мен, мына дін бауырымның егін егетін жерін сатып алған едім. Егін егу үшін соқамен жерді жыртып жатқанымда жерден алтын толы құмыра тауып алдым. Құмыраны мына жерді сатып алған кісіме апарып: «Ал, мынау сенікі дедім. Ол: «Мен бұл жерді сатқанда саған асты-үстін түгел қосып сатқанмын. Бұл алтын маған адал дүние болмайды»,-деп құмыраны қабыл етпеді. Ақиқатына жүгінсек, егер жердің астынан бұл құмыраның шығатынын білгенде сатпас еді», - деді.

Қазы екінші кісіге сөз берді. Ол: «Дау дәл бауырымның айтқаны секілді. Бірақ мен жерді сатқан кезде асты-үсті түгел кіреді деп ойлағанмын. Жердің үстіндегі ешбір нәрсені алуға құқығым болмағыны сияқты, астындағыны да алуға құқығым жоқ емес пе?» - деді.

Епископтардың аң-таң болып көрген уақиғалары, қазы үшін күнделікті іс болатын. Қазы екі шын пейілді мұсылманның арасында үкім шығаруға еш қиналмады. Біреуінің ізгі ұлы, екіншісінің салиқалы бойжеткен қызының бар екендіктерін естіген сәтте, екеуінің арасына елші болды. Екі жақтың разылығымен екі жастың некесін қиды. Бір құмыра алтынды жастардың той, жиһаз, әсемдік бұйымдары сияқты тағыда басқа істеріне жұмсауға үкім етті. Бұл жерде ақиқи ислам ахлағы, әділеті іске асып жатқан болатын.

Епископтар бұлардың барлығына куә болғаннан кейін үйлеріне қайтты. Кеш батып қалған шақта қыздарын бір медресеге жіберді. Қыздар есікті ашқан жастарға: «Кеш батып қалды. Бізді бұл түні қонақ етесіңдер ме? Шарасызбыз», - десті.

Шәкірттер біраз ойланып, өз орындарын бұл екі қызға бермекші болып келісті. Төсектерін қыздарға беріп, ортаға бір перде тартып өздері ошақтың басында түнеп шықты. Таңертең қыздарды шығарып салды.

Қандай уақиға болғандығын ойлап тынышы кеткен епископтар, қыздарынан түнді қалай өткізгендіктерін сұрады.

Олар: «Шәкірттер өз орындарын бізге берді. Өздері бөлменің бұрышына тығылды. Ошақта жанып жатқан шоқтарды қолдарымен кезек-кезек ұстап, бір-біріне қарап: «Раббымыз бізді тозақ отынан сақтасын. Бізді көзді ашып-жұмғанша ауысатын ақымақтардан етпесін», - десіп жатты. Біз жаққа бір мәрте бұрылып назар салмады», - деп болған уақиғаны тарқатты.

Епископтар христиандар тұратын аудандарға да бас сұқты. Фенер ауданына қарай бет алды. Жолда келе жатып өздері бес саусақтай білетін христиандар тұратын жерлердің өзі қатты өзгергендігін байқады. Көшедегі қоқыстың өзі едәуір азайыпты. Ешкім өзге біреуге зұлымдық жасауға бата алмайтын болыпты. Барша кісінің көңілі орнына түсіп, жаны жай тауыпты. Бұрынғыдай шарап ішіп алып, көшеде айқайлап жүретіндер таусылыпты. Тіпті пақыр христиандарға үй берілгендігін көздері көрді.

Епископтар бұл ұзақ зерттеу мен тексеруден кейін Фатих сұлтанның құзырына кіруге рұқсат алды. Сұлтанға көздері көрген уақиғаларды айтып шығып: «Бұл халық пен мемлекет, осы бағытынан жаңылмаса қиямет қайымға дейін өмір сүреді. Мұндай көркем ахлақ пен өмір ағысының иесі болған адамдардың діні, сөзсіз хақ дін», - десті. Кәлима шәһадат айтып, мұсылмандықты қабыл етті.

***

Ұзын сөздің қысқасы, исламның жарқын жүзін ғаламға көрсете білу Аллаһқа дағуат етудің ең жеңіл әдісі болып табылады. Ол адамзат тарихы куә болып келген пайғамбарлардың, әулиелердің, салих жандардың ұстанып келген берекелі әдісі әрі ұлы қызметі. Өйткені адамзат баласын құтқарып қалар тек амал осы. Әйтпесе өзгеге насихат еткенін, өзі жүзеге асырмаған, үйренгенін өз бойына сіңіре алмағандардың өзге адамзат баласы тұрмақ өздеріне еш пайдасы тимесі хақ. Өйткені, Хақ Тағала іске аспай, сөз жүзінде қалып қойған сөздерді және ықыласcыз жасалған амалдарды қабыл етпейді.

Хазірет Әбу Бәкір (р.а.): «Аллаһ, құлының іске аспай қалған сөзінен разы болмайды», - деп оның маңыздылығын атап өткен.

Ал Сағди Ширази: «Қанша оқысаң да, біліміңе жарасар пішінде әрекет етпесең надан болып қалып қоясың», - дейді.

Кез келген мүмин әрбір іс-әрекетін алуан түрлі жүрек дертінен арындырып, ықылас пен ихсан мәртебесіне жеткізген сәтте исламның жарқын жүзін лайықты кейіпте көрсете бастайды.

Хақ Тағала мұндай керемет халге ие болуымызды, шынайы қызмет етуді баршамызға нәсіп етсін!

Әумин!..

B) АЛЛАҺҚА ДАҒУАТ ЕТУДІ ТОҚТАТУДЫҢ МҰҢДЫ НӘТИЖЕСІ: ТӘРБИЕСІЗДІКТІҢ ЖАЙЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРДЫМҒА ҰШЫРАУЫ

Емтихан мекені ретінде жаратылған бұл дүниеде Аллаһ Тағаланың есепсіз нығметіне бөлене тұра, Оның әмірлеріне қарсы шығу игілікті, жақсылықты бағаламау болып табылады. Қарабайыр қараңғылықтың, надандықтың тап өзі. Қараңғы надандықтың жетегінде кеткен жанның соңы үлкен ақымақтықпен тәмамдалады. Иманның ақиқаттары мен иләһи ахлақ жүйесіне қарсы шығып, сырт айналғандар, міне осы ақымақтыққа бой алдырғандар. Олар түптеп келгенде ертелі-кеш Хақ Тағаланың қаһарына ұшырайды.

Адамзат тарихының өнегеге толы парақтарына көз жүгіртер болсақ, тек бірнеше жан емес тұтас мемлекет тұрғындарының қабірлерін көреміз. Жойылып, құрып-кетулерінің басты себептері имансыздық, ахлақсыздық және зұлымдықтың кесірі. Осы имандылықтан жұрдай, залым қауымдардың **өлім жанталасы** Хақ Тағаланың бұл дүниеде тартқызған азабы екендігі сөзсіз.

Адамзат баласына қорқынышты болып көрінетін топан су, боран, жер сілкіністері, құрғақшылық, жарқылдаған найзағайға толы азап бұлттары, дұшпан қоршауы, жұқпалы ауру түрлері т.б. тәрізді Хақ Тағаланың азаптары иләһи ескерту, қорқыту болып табылады. **«Табиғат құбылыстары»** ретінде қабыл етілетін осы тәрізді уақиғалар кездейсоқтықтан тумайды. Олардың бірнеше себептері және хикметтері бар. Сырт көзбен қараған кісіге физикалық бағзы себептерден туындаған қайғылы уақиғалар, көкірек көзі ояу кісінің назарымен көз жүгіртілгенде олардың, яғни уақиғалардың адамдардың азғындауы мен күнәларының жемісі яки адамзат баласына иләһи ескерту екендігі байқалады.

Ағаштан түсетін бір жапырақтың өзі, Хақ Тағаланың рұқсаты және тағдырымен түсетіндігі Құран Кәрімде айтылған.[32] Олай болмаса ғаламда

32. Әнғам сүресі, 59-аят.

физикалық тұрғыдан анархия пайда болар еді. Барша физикалық уақиғалардың ішінде мыңдаған рухани сыр бар. Бұл сырлар тек пайғамбарлар мен әулиелерге ғана аян.

Құран Кәрім бұрын өмір сүрген елдердің жойылып кетулерінің себептеріне тоқталып, келешек нәсілді олардың кебін кимеуге шақырады. Бұл себептердің бастыларына көз салайық. Олар: Аллаһтың нығметтерін бағаламау, шүкір етудің орнына молшылықтың буына мастанып менменсіну, зұлымдық пен хақсыздықтың шырқау шегіне жету, ахлақсыздық пен әдепсіздікті ізгіліктен артық көру, тура жолға шақыруды тоқтату, уағыз-насихатқа құлақ аспау іспетті күнәлар болып табылады. Күнәлар кешірілмесе, пейішке кіруге кедергі болады. Адамзат баласын құрдымға сүйреген бұл күнәларды тоқтату тек парасатты, айтқан сөзін іс-әрекетімен өрнектей алған мүминдердің қолынан келеді. Мүминдер іске асыруға талпынып жүрген тәблиғ және иршад, төмендегі мына аяттың нұсқауының саясында ғана жемісін береді.

«Сендер, адамзат баласын жақсылық (жасауға) **шақырып, жамандықтан тыятын, сонымен қатар Аллаһқа иман келтірген ең қайырлы үмбет ретінде** (жарық көрдіңдер)**»** (Әли Имран сүресі, 110-аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Сендерге (Хақ Тағаладан) көмек келіп, олжаға қарық боласыңдар. Әрі көптеген мемлекеттерді бағындырасыңдар. Араларыңнан кімде-кім сол шаққа жетсе, Аллаһтан қорқып, (елді) жақсылық жасауға шақырып, жамандықтан тыйсын»*, - дейді (Тирмизи, Фитан 70/2257).

Мүминдер әрдайым жақсылыққа кілт, жамандыққа құлып болулары қажет. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жақсылыққа кілт, жамандыққа құлып болғандарды: *«Нендей бақытты жандар»*, - деп сүйіншілеген (Ибн Мәжә, Муқаддима 19).

Мүминдер сауатсыздық, пайдакүнемдік, осалдық тәрізді алуан түрлі себептер арқылы исламның әмірлерін іске асыруды тоқтатып, діни жауапкершілігін ұмытқан шақта қоғамдағы тепе-теңдік бұзылады. Тепе-теңдік бұзылғанда рухани тұрғыдан азғындау бас көтеріп, тек мұны бастаған жандарға ғана емес, өзге ізгі кісілерге де залалын тигізеді. Яғни, жеке кісіден туындаған болмашы кемшілік, қателік уақыт өте келе жалпыланып жақсы-жаман деп айырмастан барша кісіні қамтиды. Ал мұның нәтижесі адамдардың бірте-бірте азғындап, құруына апарып соғады. Бұл ақиқат жайлы Хақ Тағала Құран Кәрімде былай дейді.

«Араларыңдағы тек зұлымдық жасағандармен ғана шектелмейтін бүліктен сақтаныңдар! Біліп қойыңдар! Аллаһтың жазасы қатты» (Әнфал сүресі, 25-аят).

Кейбір күнәлардың зардаптары жалпыға ортақ келеді. Ол күнәдан

туатын бүлік, анархия, қайғы-қасірет тек мұны істеген жанмен яки залыммен шектелмейді. Залымдармен бірге ол күнәға қатысы бар күллі жан, тіпті ешқандай қатысы жоқ кіршіксіз жандар да зардабын шегеді. Күнәһарлардың жанында, күнәсіз болып көрінген жандар да бұл қасіреттің дәмін татады.

Міне сондықтан кез келген мұсылман баласы өзіне жүктелген міндет пен жауапкершілікті мұлтіксіз орындауы қажет-ақ. Ешқашан өлім мен Хақ Тағаланың құзырында есепке тартылатындығын жадынан шығармауы тиіс.

Қазіргі таңда өкінішке орай нәпсісінің айдауына көніп, алуан түрлі желеу, тәуил (жорамал) тауып Аллаһтың әмірлерін толықтай орындамайтындар көптеп кездеседі. Маңайындағы жандардың деңгейінің төмендігін пайдаланып, Аллаһ әмірлерінің кейбірін орындағанға даңдайсып, олардан өзін артықпын деген ғапылдыққа түседі. Хақ Тағаланың харам еткендігіне қарамастан бағзы нәрселерді қазіргі шақтың қажеттілігі деп іске асырады. Өзін-өзі «Барша жан істеп жатыр ғой. Мен де істеуге мәжбүрмін» деп алдайды. Ал ақиқатына жүгінсек бұл мәселелерде үкім айтуға ешкімнің құқығы жоқ. Тіпті деңгейі де жетпейді. Өйткені діннің үкімдерін қойған тек Құдай Тағала. Діннің қағидаларын өзі қойғандықтан есебін де сұрайтын Өзі.

Кез-келген жан әуелі исламның әмірлерін өзінің өмірінде іске асырып, момындық кемелдігінің негізін салуы қажет. Содан кейін ғана исламның тұлғасын өзінің ортасына көрсетіп, тәблиғ пен иршадты (жол көрсетуді) бастауы ләзім. Балаларын тәрбиелеуге көңіл бөліп, діни тәрбиені міндетті түрде беруі тиіс. Жақынынан алысына қарай, жақсылық жасауға шақырып, жамандық атаулыдан тыюлуға үндеуі керек. Өйткені бұл істің жауапкершілігі өте ауыр. Міне осы қызметте босаңдық таныту, жалығу жалпыға бірдей иләһи азаптың келуіне септігін тигізеді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) яһудилердің бұзылуының алғашқы сатысын былай деп баян етеді.

«Яһудилердің арасында зұлымдық арта түскен шақта, біреу өзгенің күнә іспен айналысып жатқандығын көрген сәтте, әуелі оған бұл істен бас тартуын айтатын еді. Бірақ ертеңіне әлгі адамды қайтадан сол күнәні істеп жатқандығын көргенде, онымен жүріп-тұру үшін (пайдасы тиіп қалар деген ниетпен) күнәдан тыймайтын, ескерту жасамайтын» (Тирмизи, Тәпсір 5/6; ибн Мәжә, Фитан 20; Әбу Дәуіт, Малахим 17/4336).

Басқа хадис-шәріпте Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді.

«Аллаһ Тағала бір қауымға азап жібергенде, ол азапты сол жердегілердің барлығы тартады. Кейін әрбірі амалдарына қарай қайта тіріледі» (Бұхари, Фитан 19; Мүслим, Жәннат 84).

Күнә мен жамандық атаулыға тосқауыл болу үшін аянбай тер төккендігімен, жақсы нәтижеге қол жеткізе алмағандарды Хақ Тағала есепке тартпайды. Бірақ залым мен ғапылдарға жақындық көрсеткені, көрші болғандығы үшін бұл дүниеде олардың басына келген пәлекеттердің дәмін тартуы мүмкін. Мұндай жандар, ақыретте сауап алғандарымен дүниеде машақаттарға тап болады. Алайда бұл машақаттар, залымдардың азабын арттыра түседі.

Зейнеп бинти Жахыш (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) тітіреген күйде қасыма келіп: «Аллаһтан өзге тәңір жоқ. Келуі жақындап қалған жамандықтан арабтың жағдайына қарашы! Бүгін Яжуж бен Мәжуждің қорғанынан мынандай орын ашылды деп бас бармағы мен сұқ саусағын бірлестіріп шеңбер жасады. Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Араларымызда ізгілер болса да апатқа ұшыраймыз ба?» деп сұрағанымда Расулұллаһ (с.а.у.): *«Жамандықтар мен күнәлар көбейетін болса әрине солай болады»* деді (Бұхари, Фитән 4, 28, Әнбия 7, Мәнақиб 25; Мүслим, Фитән 1).

Демек, қоғамдағы ізгі жандар қара ниетті кісілерге тосқауыл бола алмаса, тыйым салмаса жеткілікті деңгейде күш салмағандықтарының сазайын тартары даусыз. Бұл ақиқатты Аллаһ Елшісі (с.а.у.) хадис-шәріптерінде былай деп суреттейді.

«Адамдар жамандықтарды көре тұра, оны өзгертуге күш салмаса көп уақыт өтпей-ақ Аллаһ Тағала оларға жалпылай пәлекет жібереді» (Ибн Мәжә, Фитан 20).

«Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, не игілік жасауға шақырып, жамандықтан тыйасыңдар. Болмаса Аллаһ Тағала көп уақыт өтпестен сендерге азап жібереді. Артынша Хақ Тағалаға жалбарынып, дұға етесіңдер. Бірақ дұғаларың қабыл етілмейді» (Тирмизи, Фитан 9/2169).

Адамзат тарихы имандылық пен ахлақ жолынан адасып азғындаған қауымдардың басына түскен азаптың алуан түрлеріне куә болып келген. Нұх, Ад және Самуд қауымдарының тәкаппар халқы, өзінің тәңір екендігін жариялауға дейін жетіп, Қызыл теңіздің тереңіне тұншығып өлген перғауын, бір шыбыннан жеңілген Намрұт, өмірлік ұстанымдары хайуаннан бетер Лұт қауымы, тағы да басқа ұяттан жұрдай әдепсіз жандар, көптеген залымдар күнәлары мен Хақ Тағаланың әмірлеріне қарсы келгендіктері үшін жер құшты. Жер бетінен жойылып кетті.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Оларға өздерінен бұрын (ғұмыр кешкен) **Нұх, Ад, Самуд, Ибраһим пайғамбарлардың қауымының, Мәдиян елінің, ойраны шыққан кенттердің хабары жетпеді ме? Пайғамбарлары оларға көптеген мұғжиза көрсеткен болатын. Аллаһ Тағала оларға зұлымдық**

жасамады. Керісінше олар өз-өздеріне зұлымдық жасады» (Тәубе сүресі, 70-аят).

Душар болған азаптары, пәлекеттері өз күнәларының нәтижесі еді. Жасаған қателіктері мен қарсы шығуларының кесірінен һәм бұл дүниелік һәм ақыреттік бақыттарын жоғалтты.

Құран Кәрімде бұл жайт, былай деп баяндалады:

«Адамдардың өз қолымен істеген (күнәларының себебінен) **құрлық пен теңізде бұзақылық пайда болды. Бұл, олар** (күнә атаулыдан аулақ болып) **тәубе етер деп, Аллаһтың жасаған күнәларының сазайын беру үшін (іске асады)»** (Рум сүресі, 41-аят).

«Бастарыңа келген қандай да бір қасірет, қолекі істегендеріңнің салдарынан болады. (Бірақ мейірімі мол Аллаһ) **көптеген күнәларды кешіп жібереді»** (Шұра сүресі, 30-аят).

Ұлық Раббымыз, нендей мейірімді десеңізші! Тура жолдан тайып, күнәға белшесінен батқан құлдарына алуан түрлі дүниелік жазалар беріп, ескерту жасауы, оның кең мейірімділігінің бір көрінісі болып табылады. Өйткені ақыреттегі жазалар өте ауыр. Сондықтан Аллаһ Тағала құлдарын бірнеше қиыншылыққа душар еткізеді. Оған қоса, құлдарының жасаған барша күнәсінің жазасын бұл дүниеде бермейді. Оларға күнәларын тәрк етіп, тура жолды қайта табуларына мүмкіндік жасайды. Иләһи ескертулерге құлақ асып тура жолға түссе, ескі күнәларының кешірелетіндігін білдіреді. Тіпті құлының шын пейілділігіне қарай, ескі күнәні сауапқа айырбастайтынын жеткізеді. Міне оның мейірімділігі мен рақымдылығы осындай.

Алайда дүниенің алдамшы қуанышына сүйініп, есепсіз ескертулерге құлақ аспаған, тәубе етіп тура жолға түскісі келмеген құлдарын күйзелтуші азаптың дәмін таттырады. Бұл жайлы Құран Кәрімде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Күмәнсіз, оның жазасы (азабы) **күйзелтуші әрі қатты»** (Һұд сүресі, 102-аят).

Мұсылман баласы үшін екі дүниенің бақытын сыйлайтын ислам дінінен өзге жол жоқ. Мұсылмандар әрдайым бір-бірін игілік жасауға үгіттеп, жігерлендіруі қажет. Бір-бірін толықтырып отыратын бір заттың екі бөлшегі тәрізді, бір-біріне қолдау көрсетулері керек. Аллаһтың әмірлерін мүлтіксіз орындаулары ләзім. Өйткені Аллаһтың әмірлері іске аспай, күнәларға жол ашылса дүниенің жүйесі бұзылады. Ақиқат, әділет, ынсап, махаббат, жан қауіпсіздігі іспетті маңызды нәрселер құндылығын жоғалтады. Олардың орнына қоғамда зұлымдық, ахлақсыздық, аштық, ұрлық, қылмыстық іс-әрекеттер пайда болады. Адамдар тіпті көшеге шығудан қалады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ол шақтарды төмендегі мына хадис-шәріптерімен суреттейді.

«Адамдар игілік жасауға шақыруды, жамандықтан тыюды тоқтататын күн туады» (Хайсами VII, 280).

«Сендер жақсылық жасауға үндемейтін, жамандықты тыймайтын кісілерді ең қайырлы кісі деп есептейтін күн келіп жетеді».[33]

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағыларға қарап: «Жастарың пасықтыққа, әйелдерің азғындыққа бой алдырған шақта халдерің қандай болмақ?» - деді.

Маңайында отырғандар таң қалып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Шынымен-ақ осындай халге тап боламыз ба?» - десті.

Аллаһ Елшісі: «Иә, одан бетерін көресіңдер», - деді. Артынша: «Жақсылық жасауға үндеуді, жамандықтан тыюды тоқтатқан шақтарыңда халдерің қандай болмақ?» - деді.

Маңайындағы сахабалар: «Осы айтқаның іске аса ма?» - десті.

Аллаһ Елшісі: «Иә, одан бетері болады»,-деді. Артынша: «Жамандық жасауды әмір етіп, жақсылық жасауға тыйым салған шақтарыңда халдерің қандай болмақ?» - деді.

Маңайындағылар таңданыстарын жасыра алмай: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Осы айтқаның міндетті түрде бола ма?» - десті.

Аллаһ Елшісі: «Иә, одан бетері болады», - деді. Кейін: «Жақсылықты жамандық, ал жамандықты жақсылық деп қабыл ететін шақтарыңда халдерің қандай болмақ?» - деді.

Сахабалар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Осы айтқаның жүзеге аса ма?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі: «Иә, жүзеге асады», - деп жауап берді (Хайсами VII, 281).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына қарап: «Мүминнің жүрегі суда еріген тұз секілді еритін күн келіп жетеді», - деді.

Сахабалар: «Неге ериді», - деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Жамандықтарды көзі көріп, оларды өзгертуге шамасы келмегендіктен ериді», - деп жауап берді (Әли әл-Муттақи III, 686/8463).

Жоғарыдағы хадис-шәріптерде айтылған нәрселердің қазіргі таңда жүзеге асып жатқандығын байқап жүрміз бе? Олай болса Аллаһ Тағаланың ескертулеріне құлақ асып, әрекет етейік. Әйтпесе қиямет-

33. Али әл Муттақи әл-Һинди, Кәнзул Уммал, Бейрут 1985, III, 686/8462.

қайым болғанда Аллаһтың құзырында айтар сылтауымыз, желеуіміз болмайды. Өйткені, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге қажетті мағлұматтың барлығын баяндап кеткен. Бұл ақиқат Құран Кәрімде былай деп баяндалады:

«Міне осы Құранда, адамдар өнеге алсын деп алуан түрлі мысал келтірдік» (Зүмәр сүресі, 27-аят).

Аллаһ Тағала баршамызға Құран Кәрім мен ардақты пайғамбардың сүннетіне сай әрекет етуді нәсіп етсін! Әуелі ислам дінін үйреніп, күнделікті өміріміздe іске асыралық. Кейін үйренгенімізді өзгеге тәлім етелік! Аллаһ, қоғамымызда арсыздық пен жамандықтың жайылуына жол бермесін! Бізді және ұрпағымызды имандылық нұрынан айыра көрмесін деп тілейік ағайын!

Әумин!...

2. БІЛІМ ЖӘНЕ ҚҰРАН КӘРІМГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Білім және Құран Кәрімге қызмет жолында тер төгу, адамзат баласына жасалатын ең маңызды игі істердің бірі екендігі сөзсіз. Адам баласы дүниеге қатысты тәні өз қызметін атқаруы үшін материалды нәрселерге қалай мұқтаждық болса, дәл солай мәңгі өмірдегі бақытын қамтамасыз ететін рухани азықтар да аса зәру болып табылады. Құран Кәрімде бір адамды материалдық қиыншылықтардан құтқару, ғаламдағы барша жанды құтқарғанмен тең екендігі айтылған.[34] Ал бір кісінің өлі, ішкі жан сарайын қайта тірілтіп жандандыруға, рухани тұрғыдан кемелденіп екі дүниенің бақытына қол жеткізуіне себепші болуға Аллаһ Тағаланың қаншалықты сауап, сый-сияпат жасайтындығын кім білсін?! Өйткені адам баласының жаратылыс мақсаты, бұл дүниеде мәңгі қалып қою емес. Керісінше осы дүниеде рухани кемелдігін арттырып, о дүниеге дайындық жасау болып табылады. Тәнінің қызметін жалғастыру үшін тамақтануының өзі рухани тұрғыдан кемелденуіне септігін тигізеді.

Аллаһ Тағаланың барлық нәрсені білетіндігін білдіретін көптеген көркем есімдері бар. Мұсылман баласы Аллаһтың білім сипатынан нәсіп алуға күш салуы қажет. Өйткені білім, байлығы таусылмас қазына, күш-қуат көзі болып табылады. Шейх Сағдидің айтқаны тәрізді: «Кімде-кім білімді болса, сол күшті».

Білімнің тек білген кісіге ғана емес, күллі жанды-жансыз махлұқатқа пайдасы тиеді. Өйткені ақ пен қараны, зұлымдық пен ақиқатты тек білім айырады. Пайдалы біліммен айналысу Хақ Тағаланың разылығына қол жеткізуге себепші болады. Әрі Аллаһ Тағаланың құзырында құлшылық ретінде қабыл етіледі.

34. Мәйда сүресі, 32-аят.

Ислам діні надандықтың, сауатсыздықтың барша түріне қарсы шығады. Сын тезіне алады. Өйткені надандық пен сауатсыздықтың түпсіз тереңінде күпірлік пен Аллаһ Тағалаға қарсы шығудың ұшқындары жатыр.

Хазірет Осман (р.а.): «Надандық, үстіне мінген кісіні қор ететін, ал жанында жүрген кісіні адастыратын көлік іспетті», - дейді.

Қазіргі таңдағы барша ғылым Аллаһ Тағаланың ғаламға орнатқан қағидаларын табу мен іздестіруден құралады. Мұны жадымыздан шығармайық. Сондықтан хақиқи білімді жан болу үшін, сол қағидалар арқылы хикмет пен даналыққа бет алу керек. Тіпті хикмет пен даналыққа байланып қалмай, олардың шығып жатқан жеріне жөнелу қажет. Хазірет Мәулана заһири ғылымдардың дариясында жүзіп жүрген шағын **«шикі едім»**, хикмет пен даналыққа қол жеткізген шағын **«пістім»**, ғалам кітабын оқу арқылы жеткен мағрипат сатысын **«жандым»** деп жеткізеді.

Олай болса, адамзат баласына ең пайдалы білім, барша нәрсені білетін Аллаһ Тағаланың күллі ақиқаттарды сүзіп, ішіне салған Құран Кәрімді үйрену, тану болып табылады. Міне осы білім, кісіні Аллаһты тануға жетелейді. Білімнен талап етілген нәрсе де осы ағайын!

Хақ Тағала Құран Кәрімде бізге осындай сипаттағы білімді алуға үндейді.

«(Уа, Мұхаммед!) **Білімімді арттыр, деп тіле!»** (Таһа сүресі, 114-аят).

«Аллаһ, араларындағы иман келтіргендер мен білім берілгендердің дәрежесін көтереді» (Мұжәдәлә сүресі, 11-аят).

«Шын мәнінде Аллаһтан, құлдарының арасында (лайық дәрежеде) **тек ғалымдар қорқады»** (Фатыр сүресі, 28-аят).

«Міне біз осындай мысалдарды адамдарға келтіреміз! Бірақ ол мысалдарды тек ғалымдар түсінеді» (Анкабут сүресі, 43-аят).

Қайыс ибн Кәсир былай деп әңгімелейді.

«Дамаскта тұрып жатқан Әбуд-Дардаға (р.а.) Мәдинадан бір кісі келді. Әбуд-Дарда (р.а.): «Уа, бауырым! Сені бұл жерге не әкелді?» - деп сұрады.

Мәдинадан келген кісі: «Бір хадис-шәріп. Сенің сол хадисті риуаят еткеніңді естідім. (Өзіңнің аузыңнан естігелі келдім)», - деп жауап берді.

– Басқа қажеттілік үшін келмедің бе?

– Жоқ.

– Сауда-саттыққа келген шығарсың?

– Жоқ.

– Тек сол хадисті есту үшін келдің ғой. Солай ма? Мен Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) былай деп айтқанын естіген едім.

«Кімде-кім білім үйрену үшін сапар шексе, Аллаһ Тағала оған жәннат жолын жеңілдетеді. Періштелер білім үйреніп жүргендерді жақсы көретіндіктен қанаттарын олардың жолына жаяды. Жеті қат көк пен жердегі барша махлұқат, тіпті судағы балықтар ғалымдардың күнәларының кешірілуі үшін Аллаһқа жалбарынады. Бір ғалымның тек құлшылықпен айналысып жүрген жаннан артықшылығы, он төртінші түндегі айдың өзге жұлдыздардан артықшылығы іспетті. Ғалымдар, пайғамбарлардың мирасқорлары. Пайғамбарлар алтын, күмісті емес, тек білімді мирас етіп қалдырған. Міне осы білім мирасынан пай ала білген кісі, орасан зор нәсіпке қол жеткізеді» (Тирмизи, Білім 19/2682; Әбу Дәуіт, Білім 1/3641).

Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз (с.а.у.) білімнің артықшылығына төмендегі мына хадис-шәріпте тоқталып өтеді.

«Тек мына екі кісіге ғыбта етуге (қызғанышпен қызығуға) болады. (Олар):

-Аллаһ нәсіп еткен дүние-мүлікті, Аллаһ жолында жұмсаған жан;

-Аллаһ нәсіп еткен біліммен (орынды) үкім ететін, әрі оны (білімді) өзгелерге үйреткен жан» (Бұхари, Білім 15, Зекет 5, Ахкам 3, Иғтисам 13, Таухид 45; Муслим, Мусафирун 268).

Білім алу жиһадтың бір түрі. Өйткені жиһадтың мақсаты, топырақты қанмен суғару емес, адамзат баласына Исламды жеткізу. Тек жер жаулап алу үшін жасалған соғыстар адамзат баласының ең сорақы әрекеті, ол зұлымдық болып табылады.[35] Сондықтан білім, ислам дінінде жиһадтың құралы. Бұл жайлы көптеген хадис-шәріптерде айтылған. Солардың кейбіреуіне тоқталып өтейік.

«Білім алу үшін сапарға шыққан жан, үйіне қайтып оралғанша Аллаһ жолында (жиһадта) болады» (Тирмизи, Білім 2/2647).

«Кімде-кім Аллаһтың дінін қайта тірілтіп жандандыру үшін білім алып жүргенінде көз жұмса, онымен пайғамбарлардың арасында тек бір дәреже айырмашылығы болады» (Дарими, Муқаддима 32).

Білім және Құран Кәрім қызметерінде ықылас пен шын пейілділіктің алар орны ерекше. Аллаһ Тағаланың разылығы болмаған және іс жүзінде шынайылықпен жүзеге аспаған Құран Кәрім мен білім қызметтері кез келген адамға пайдасын тигізбейді.

35. Осы тақырыпта егжей-тегжейлі дерек үшін қараңыз: Осман Нұри Топбаш, Хазіреті Мұхаммед Мұстафа II, 81-85.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Кімде-кім Хақ Тағаланың разылығы үшін үйренетін білімді, дүние-мүлікке қол жеткізу үшін үйренсе қиямет-қайымда пейіш тұрмақ иісінен мақұрым қалады»*, - дейді (Әбу Дәуіт, Білім 12/3664).

Білімнің пайдасы болуы қажет. Пайдасы тимейтін мағлұматпен айналысу бекерлік, уақыт өлтіру болып табылады. Білім кісіні Хақ Тағалаға құлшылық етуге, игі істер істеуге, адамзат баласына қызмет етуге итермелеу керек. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде хақиқи ғалымдарды былай деп суреттейді:

«(Ал осы кәпірлер) **Түндерін сәжде етумен, қиямда тұрып құлшылық еткен, әрі ақыреттен сақтанған, әрі Раббысының мейірімінен үміт еткен жан секілді ме?** (Уа, Елшім!) **Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма? - деп айт! Шын мәнінде мұны тек ақылды жандар ғана түйсінеді»** (Зұмәр сүресі, 9-аят).

Раббымыздың аятта мадақтаған ғалымдары мынадай:

-Түндерін сәжде мен қиям халінде, шын пейілімен құлшылық ететіндер;

-Аллаһ Тағаланың ақыреттегі есебі мен азабынан қорқатындар, яғни ақыреттің қамын күйттейтіндер;

-Мейірімі шексіз Раббымыздың мейіріміне қол жеткізуге үміттенгендер. Әрі сол үшін қолынан келгенін аянып қалмайтындар.

Аятта айтылған деңгейге қол жеткізу үшін һәм еңбектену керек һәм дұғадан айрылмау қажет. Рухани деңгейі биік жандардың әрдайым дұға халінде болуы таң қаларлық жайт емес.

Білімнің пайдалы болуы, кісінің онымен амал етуіне байланысты. Шынайы өмірде жүзеге аспаған мағлұматтар кітап жолдарында немесе кез келген уақытта ұмытылуға дайын тұрады.

Язид ибн Салама (р.а.) былай деп сабақтайды:

«Мен Аллаһ Елшісіне қарап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сенен көптеген хадис естідім. Соңғы естігендерім бұрынғы естігендерімді ұмыттырады-ау деп қорқамын. Маған осының барлығының орнын толтыратын сөз айтшы», - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Білгендерің жайлы Аллаһтан қорық. (Яғни, білгеніңе сай әрекет ет, һәм ұмытпайсың һәм жаңа мағлұматтарды үйрене аласың)»*, - деді (Тирмизи, Білім 19/2683).

***

Барша ғылым атаулының қайнар бұлағы, қазынасы кітабымыз Құран Кәрім болып табылады. Сондықтан ең қадірлі іс, амал Құран Кәрімді үйрену һәм үйрету және тәлім ету. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз

(с.а.у.) Құран Кәрімнің артықшылығын, қадірін, ерекшелігін былай деп тілге тиек етеді.

«Құран Кәрім, адамзат баласын дүниеге келетін барша бүліктен құтқарып қалады. Оның ішінде сендерден бұрын өмір сүргендердің хабарлары, сендерден кейінгілердің халі, адамдар арасында туатын уақиғалардың үкімдері бар. Ол ақиқат пен батылды (жалғандықты) айырады. Бос сөз емес. Оған мойынсұнбаған азғынды Хақ Тағала жоқ етеді. Одан (Құраннан) өзге нәрседен һидаятты, тура жолды іздегенді Аллаһ Тағала адастырып жібереді. Ол Хақ Тағаланың үзілмес жібі, зікір-хакимі және тура жолы. Оны ұстанған жандар ешқашан адаспайды. Оны сөйлеген ешқашан жаңылмайды. Ғалымдар оған тоймайды. Қайталап оқи бергеннен өзінің құндылығын, қадірлігін жоймайды. Жындар оған құлақ асқанда: **«Шынымен-ақ біз, ғажайып Құран тыңдадық»**[36] *деп айтқан болатын. Құран Кәрімге сүйеніп сөз сөйлегендер шындықты, туралықты айтады. Онымен үкім еткендердің әрдайым үкімі әділ болады. Оның (үкімдерін) іске асырғандар сауапқа қол жеткізеді. (Елді) Оған шақырғандар міндетті түрде тура жолды табады»* (Тирмизи, Фадайлул-Құран 14/2906; Дарими, Фадайлул-Құран 1).

Ал әйгілі ғалым Хасан Басри: «Аллаһ Тағала төрт жүз кітап жіберді. Осылардың баршасының ғылымдарын мына төрт кітаптың ішіне сыйғызды. Олар: «Тәурат, Інжіл, Зәбур және Құран Кәрім. Кейін үшеуіндегі күллі ғылымды Құран Кәрімге салды», - дейді.[37]

Пәк жүректі Мұхаммедке (с.а.у.) түсіріліп, әрі соның өмірінде жүзеге асып тәпсір етілген Құран Кәрімге қызмет ету, Пайғамбар ахлағына еліктеудің маңызды көріністерінің бірі болып табылады.

«Сендердің араларыңдағы ең қайырлы, игі жан, Құранды үйреніп һәм үйреткендер»,[38] - деп айтқан Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге, яғни үмбетіне Құран Кәрімге қызмет ету тұрғысынан теңдесі жоқ үлгі болған. Сондықтан Құран Кәрімді оқу әрі оқыту кез келген мұсылманның басты міндеті. Басқаша айтсақ, Құран Кәрімге деген махаббат және қызмет имандылықтың белгісі.

Білім және Құран Кәрім қызметтерінде іс атқарып жүрген жандардың әуелі жүректері Аллаһ Тағалаға деген махаббатқа толы болуы керек. Жүректердің түкпіріне орын тепкен махаббат, сүйіспеншілік шәкірттер мен жамағаттың сезімдерін қозғап, ойға шомдыруы қажет.

Аллаһ Елшісінен (с.а.у.): «Құран оқу үшін қандай дауыс және қырағат керек?» - деп сұралған еді.

---

36. Жын сүресі, 1-аят
37. Бәйхақи, Шуғабул-Иман, 1990, II, 450.
38. Бұхари, Фәдайлул-Құран 21.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Құран оқуын естігеніңде Аллаһтан қорыққандығы сезілетін кісінің дауысы мен қырағаты»*, - деп жауап берген еді (Дарими, Фадайлул-Құран 34).

Ал тілден жүрекке түспеген қырағаттың яки білімнің, кісіні Құран Кәрімнің шексіз тұңғиықтарына жетелеуі екіталай.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әнәстің (р.а.) айтуынша бір күні Әбу Талха (р.а.) Пайғамбарымызға (с.а.у.) барған еді. Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) түрегеп тұрып Асхабус-суффаға Құран Кәрім оқуды үйретіп жатқандығын көзі көрді. Ол аштықтан екі бүктеліп қалған белін түзеу үшін қарнына тас байлап алыпты.

Міне, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) және ардақты сахабалардың ең сүйікті ісі, Аллаһтың кітабын һәм үйреніп, һәм үйрету еді. Әрі мағынасын түсініп, өзгелерге түсіндіру болатын. Олар Құран Кәрімді қайта-қайта оқып, тыңдауды ұнататын.[39]

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«(Уа, Мұхаммед! Кез келген уақытта қандай да) **бір істің соңынан жүрсең,** (яки) **Құран Кәрімнен бір нәрсе оқысаң,** (немесе) **қандай-да бір істі істесеңдер** (жақсы яки жаман)**, әрі сол іске кірісіп кеткендеріңде сендерді көріп тұрамыз. Жерде немесе көкте тозаң салмағындай нәрсе Раббыңнан жасырын қалмайды. Тіпті одан кішісі яки үлкені міндетті түрде лаухул-махфузда** (жазулы) **болады»** (Юнус сүресі, 61-аят).

Аятта әуелі «**кез-келген уақытта қандай-да бір істің соңынан жүрсең»** деп жалпылама айтып өтіп соңынан Құран оқу туралы айтылуы және Құраннан бұрын шан замирінің[40] қолданылуы Аллаһ Елшісінің ең маңызды әрі ең үлкен ісінің Құран оқу екендігін меңзеу үшін болып табылады.[41] Міне, сондықтан Құран Кәрім қызметі осындай абыройлы, парасатты салих амал саналады.

***

39. Әбу Нұғайм, Хилятул-Әулия, Бейрут 1967, I, 342.

40. Шан замирі – қандайда бір есімнің нақты орынын белгілей алмаған замир. Бұл замир өзінің алдындағы сөйлемнің мағынасын береді. Яғни өзінен бұрын келген сөйлем қандай мағынада келсе бұл замир де сол мағынада болады. Шан замири өзінен келген сөйлемнің мағынасын әуелі жабық көрсеткенімен кейін келген сөйлем оның мағынасын ашып береді. Осылайша өзіне назар аудартып өзінен келетін есім немесе мағынаның абыройы мен маңыздылығын көрсетеді.

41. Замахшари, Кәшшаф, Мұхаммед Мерси Амир, Кайр 1988, III, 17; Әбу Суғуд, Иршадул Ақилус Сәлим, Бейрут (Дару ихяит турасил араби) IV, 156.

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мешітке кіргенде шеңбер түрінде отырған екі топты көреді. Екі топтың бірі Құран Кәрім оқып, Аллаһ Тағалаға дұға етіп жатты. Ал екіншісі білім үйренумен және үйретумен айналасып отырған еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Мына отырғандардың барлығы жақсы іспен айналысып жатыр. Мыналар Құран Кәрім оқып, Аллаһқа дұға етіп жатыр. Хақ Тағала қаласа тілегендерін береді. Қаламаса бермейді. Ал мыналар һәм білім үйреніп һәм білім үйретіп жатыр екен. Ақиқатына жүгінсек мен де мұғалім ретінде жіберілдім»*, - деп біліммен айналысып жатқандардың қасына отырды (Ибн Мәжә, Муқаддима 17).

Біліммен айналысып отырғандар Құран Кәрім және хадис ғылымдарын үйреніп жатқан болатын. Құран Кәрім оқу ізгі іс. Бірақ басты нәрсе Құран Кәрім ғылымдарымен шұғылданып үкім мен хикметтерді үйреніп, амал ету еңбастысы болып табылады.

***

Білім және Құран Кәрім мәжілістерінің артықшылығын көрсететін төмендегі мына уақиға нендей ғибратты.

Әбу Уақид әл-Ләйси (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні мешітте Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасында отырған едік. Кенет есіктің алдында үш кісі көлбеңдеді. Екеуі ішке кіріп, біреуі кетіп қалды. Әлгі екеуі Пайғамбарымыздың тұсына келді. Біреуі шеңбер түрінде отырған мәжілістің бос тұрған жеріне келіп отырды. Ал екіншісі орын қалмағандықтан, әрі ешкімнің мазасын алмайын деген оймен мәжілістің соңына барып отырды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сұхбат үстінде: *«Мына үш кісінің кебін айтайын ба? Мәжілістің бос тұрған жеріне келіп отырған кісі Аллаһ Тағаланың химаясына (қорғауына) сыйынды. Аллаһ Тағала оны өз қорғауына алды. Екінші кісі, Аллаһтан ұялып, әдептілік танытты. Аллаһ Тағала да одан ұялып, оны азабынан аман алып қалды. Ал ішке кірмеген үшінші кісі бұл мәжілістен бас тартып, сырт айналды. Аллаһ Тағала да одан сырт айналды»*, - деді (Бұхари, Білім 8).

***

Білім және Құран Кәрім қызметтерінде ең басты назар аударылатын мәселенің бірі, білгенін, үйренгенін өз өмірінде іс-әрекетімен өрнектей білу болып табылары сөзсіз. Мына төмендегі рияуаят осыны көрсетеді.

Әбу Абдуррахман әс-Сулами былай деп әңгімелейді.

Аллаһ Елшісінің сахабаларының бірі бізге Құран Кәрім оқуды тәлім ететін. Бізге қарап: «Біз, Пайғамбарымыздан он аят үйренуші едік. Оларды жақсылап түйсінбей, амал етпей басқа он аятқа өтпейтінбіз. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге һәм білімді һәм амал етуді бірге үйрететін», - деді (Ахмед V, 410; Хайсами I, 165).

***

Сахабалар Аллаһ Елшісінен:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Амалдардың ең сауабы мол қайсысы? - деп сұраған еді. Ол:

– Аллаһты тану, - деп жауап берді. Олар:

– Қандай амал мәртебені арттырады? - деп сауал қойды. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Аллаһты тану, - деп жауап берді. Олар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз амал жайлы сұрастырып жатырмыз. Сіз білім жайлы айтып отырсыз, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Аллаһты танып, жасалған аз амалдың өзі пайда береді. Алайда сауатсыздықпен жасалған көп амал пайда бермейді, - деді.[42]

Білім және Құран Кәрім қызметтері дегеніміз Аллаһты тану, ізгі істер істеу және Аллаһтың разылығына қол жеткізіп, рухани тұрғыдан кемелдену.

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) әрдайым білім және Құран Кәрім қызметіне қолдау көрсетуді үндеп келген. Құран Кәрімді жақсы білетіндерге әрқашан сый-құрмет көрсетуші еді. Оларды өзгелерден артық көретін.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Тәбук жорығына аттанғанда Нажжар руының туын Умара ибн Хазымға берді. Кейін Зәйд ибн Сәбитті көріп қалып туды Умарадан алып, соған берді. Умара (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз маған ренжідіңіз бе?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Жоқ. Уаллаһи ренжіген жоқпын. Бірақ сендер де Құран Кәрімді артық көріңдер. Зәйд Құран Кәрімді сенен көбірек жаттаған еді. Мұрны кесіліп қалған қара түсті құл болса да, Құран Кәрімді көбірек жаттаған жан өзгеден артық бағалануы тиіс»*, - деді.

Әус, Хазраж руларына да туды Құран Кәрімді көбірек жаттағандар ұстап жүрсін деп әмір етті. Осылайша Ауф руының туын Әбу Зәйд (р.а.), ал Сәлима руының туын Муғаз (р.а.) ұстап жүрді.[43]

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Йеменге бір делагация жібермекші болды. Делагация басшысы етіп, олардың арасынан ең жасын тағайындады. Керуен бірнеше күн жолға шықпай, күтіп қалды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) делагация мүшелерінің бірімен кездесіп: «Әй, пәленше! Саған не болған? Әлі Йеменге кетпедің бе?» - деп сұрады.

---

42. Мұнауи, Фәзул Қадир, Бейрут 1994, IV, 688.
43. Уақиди, Мағази, Бейрут, 1989, III, 1003.

Әлгі кісі: «Аллаһтың Елшісі! Басшымыздың аяғы ауырып, соның себебінен жолға шыға алмай отырмыз», - деп жауап берді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) делагация басшысына келіп: «Аллаһтың атымен, Аллаһқа сыйынамын. Мына жердің жамандығынан Аллаһтың құдіретіне сыйынамын», - деп жеті мәрте оқып, оның аяғына үрледі. Ол кісінің аяғы жазылып кетті. Әжептәуір жасқа жеткен кісілердің бірі Пайғамбарымызға қарап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол біздің ең кішіміз. Сен бізге оны басшы етіп тағайындадың ба?» - деп сұрады. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған оның Құран Кәрімді жақсы білетіндігін есіне түсірді.

Қарт: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Егер Құран Кәрімді жаттағаннан кейін ұйықтап қалып оған құрметсіздік көрсетуден, онымен амал етпеуден қорықпасам, мен де үйреніп алар едім», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Құран Кәрімді үйрен. Өйткені Құран Кәрім ішіне миск құйылып, аузы байланған ыдысқа ұқсайды. Ыдыстың аузын ашсаң, одан хош иіс шығады. Ал ашпай, сол күйінде қалдырсаң, тұрған жерінен қалып қойып хош иісі шықпайды. Мінекей Құран Кәрім осыған ұқсайды. Оны оқып амал етсең, одан пайда көресің. Ал құр кеудеңде жатталған күйде қалып қойса, одан толығымен пайда көрмейсің»*, - деді (Хайсами VII, 161).

***

Ұхуд соғысында Мәдиналық ансарлар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Шәһиттеріміз өте көп. Не қылайық? Бізге нені әмір етесіз, - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Терең әрі кең қабір қазыңдар. Әр қабірге екі-екі, үш-үш кісіден жерлеңдер, - деп жауап берді. Олар:

– Алдымен қайсысын қабірге қоялық? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Әуелі ең көп Құран Кәрімді білетінді қойыңдар, - деді (Нәсай, Жанайз 86, 87, 90, 91).

***

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дәуірінде ағайынды екі кісі өмір сүрген еді. Біреуі (білім үйрену үшін) Пайғамбарымызға (с.а.у.) келетін. Ал екіншісі күн-көріске қажетті заттарды алу үшін жұмыс істейтін. Жұмыс істейтіні бір күні Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп, бауырын (жұмыс істемейді деп) шағымданды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған: «Бәлки сен оның саясында жұмыс істеп, ризығыңды тауып жүрген шығарсың», - деді (Тирмизи, Зүһд 33/2345).

***

Аллаһ Тағала Мұсаның (а.с.) білім алуға деген құштарлығын, сол жолда көрген қиыншылықтарын, үлгі алуымыз үшін бізге мысал ретінде көрсетеді:

«Сол шақта Мұса қызметшісіне (қарап)**: «Екі теңіздің қосылған жеріне** (жеткенше) **тоқтамаймын! Яки жылдар бойы** (сапарымды) **жалғастырамын», - деді»** (Кәһф сүресі, 60-аят).

Хазірет Мұса (а.с.) Қыдырмен (а.с.) кездескенде, мұғалімнің алдында отырған шәкірттің кейпіне кіріп, былай дейді:

«(Аллаһтың) **саған үйреткен рушты** (білім және хикметті) **сенен үйрену үшін соңыңнан еруге бола ма?»** (Кәһф сүресі, 66-аят).

Әуелі сәлем бергеннен кейін, оның соңынан еру үшін рұқсат сұрады. Рұқсат берсе, жанына еріп жүретіндігін тілге тиек етті. Содан кейін ғана «Аллаһтың саған үйреткен «рушдты» (білім және хикметті) маған да үйретуің үшін» сөзін қолданды. Қыдырдың (а.с.) қасына сынау немесе мінеу үшін емес, білімін арттыруға келген қарапайым шәкірттің бейнесімен келді. Мұса (а.с.) Аллаһтың өзі тілдескен пайғамбары бола тұра, ғалым кісіден үш мәселені үйрену үшін талай жер бірге жүрді. Аштыққа, сусыздыққа төтеп берді.[44]

***

Нақыл етілген дерекке сүйенсек Ілияс пайғамбар (а.с.) ажал періштесін көргенде қатты қорыққан еді. Әзірейіл (а.с.) оның себебін білмекші болып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Өлімнен қорықтың ба?» - деп сұрайды.

Ілияс (ғ.с.): «Жоқ. Өлімнен қорыққандығымнан емес, дүниеге қош айтысатындықтан осы күйге түстім», - дейді. Кейін сөзін: «Дүниеде Раббыма құлшылық етуге, жақсылық жасауды әмір етуге, жамандықтан тыюға тер төгетінмін. Күллі уақытымды құлшылық және игі істермен өткізетінмін. Көркем ахлақты болуға күш салатынмын. Бұл хал менің ішкі дүниемді жай таптырып, көңілімді қуанышқа бөлеп, рухани тұрғыдан ләззатқа батырып шат-шадыман ететін. Көз жұмсам бұл ләззаттан мақұрым қаламын. Қиямет қайымға дейін қабірде қамалып қалып қоямын деп мұңға батамын», - деп жалғастырады.

Сондықтан ажал келместен бұрын, қолдағы мүмкіндікті пайдаланып, барша күш-қуатымызды құлшылық етуге, білім, Құран Кәрім қызметіне жұмсауымыз қажет. Мол игі істер істеп, Аллаһтың разылығына қол жеткізелік ағайын.

***

44. Ибни Қайюм, Мифтаху Дарис Сағада, Рияд I, 55-56.

Кулайб ибн Шиһаб былай деп әңгімелейді.

Әли ибн Әбу Тәліп (р.а.) қасындағылардан Куфа мешітінен шығып жатқан дауыстарды сұрады. Маңайындағылар: «Бәз біреулер Құран Кәрім оқып жатыр, үйреніп жатыр», - деп жауап берді. Хазірет Әли (р.а.): «Нендей бақытты жандар! Олар Аллаһ Елшісінің ең жақсы көретін жандары болатын», - деді (Хайсами VII, 162).

***

Әбу Һұрайра (р.а.) сіз көп хадис-шәріп нақыл етесіз дегендерге былай деп жауап берген еді.

«Мұһажир бауырларым сауда-саттықпен, Ансар бауырларым егіншілікпен, құрма бауларымен шұғылданып жатқанда, мен жартылай аш, жартылай тоқ Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасынан шықпайтынмын. Олар келе алмаған шақта мен Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) маңынан табылатынмын. Олар көрмеген көптеген нәрсеге мен куә болдым. Олардың жаттай алмағанын, мен жаттап алатынмын» (Бұхари, Білім 42).

Мінекей осындай шарттарда Аллаһ Елшісінің мубәрак сөздерін, іс-әрекеттерін, халін кейінгі ұрпаққа жеткізу құрметіне қол жеткізген сахабалардың ең ұлықтарының бірі Әбу Һұрайра болатын. Ол Пайғамбарымыздан (с.а.у.) және сахабалардан естіген хадистердің қайталануын қосар болсақ бес мың үш жүз жетпіс төрт хадис-шәріп нақыл етті. Осылайша ең көп хадис-шәріп риуаят еткен сахабаға айналды. Бұл мубәрак сахабадан сегіз жүзден астам сахаба және табиғин хадис нақыл еткен еді.

***

Ардақты сахабалар Құран Кәрім оқуды өзгеге үйретуді мүлтіксіз орындаушы еді. Абдулла ибн Масғұд біреуге бір аят үйретіп: «Бұл аят күннің сәулесі үстіне түскен немесе дүние жүзіндегі барша нәрседен хайырлы», - дейтұғын. Бұл сөзін Құранның әрбір аяты үшін қайталайтын (Хайсами VI, 166).

«Білім жоқ болып кетпей тұрғанда оны үйреніңдер. Оның жоқ болып кетуінің себебі, ғалымдардың жоқ болып кетуінен туындайды. Білім үйреніңдер, өйткені кез келген жан оған қашан мұқтаж болатындығын білмейді», - деп те айтатұғын.

***

Абдулла ибн Масғұд (р.а.): «Өзінен өзге тәңірі болмаған Аллаһқа ант етейін! Аллаһ Тағаланың кітабындағы әрбір сүресінің қай жерде түскендігін білемін. Әрі Аллаһ Тағаланың кітабындағы әрбір аяттың кім жайлы түскендігін де білемін. Басқа біреудің Аллаһтың кітабын менен жақсы білетінін естісем әрі оған түйемен жету мүмкін болса еш ойланбастан сапар шегер едім», - дейді (Бұхари, Фадайлул-Құран 8).

Білім дегенде алғаш ойға келетін нәрсе Құран және сүннет білімі болып табылады. Жоғарыда аталып өткен риуаят қадірлі сахабалардың білімде дария екендіктерін және олардың білмеген нәрселерін үйрену үшін құлшыныстарының, талпыныстарының мол болғандығын көрсетеді. Шынымен-ақ олар білім және Құран Кәрім қызметтерінде аянбай еңбек етті. Мысалы, Жәбир ибн Абдулла Абдулла ибн Унайыстан тек бір хадис жайында сұрастыру үшін бір айлық сапар шеккен еді (Бұхари, Білім 19).

Табиғиндердің ұлыларының бірі болып табылатын Әбул-Ғалия: «Біз Басрада тұрып жатқанда Аллаһ Елшінің (р.а.) сахабалары нақыл еткен хадистерді еститінбіз. Бұған көңіліміз толмай, дереу көлігімізге мініп Мәдинаға жол тартушы едік. Мәдинаға келіп, хадис-шәріпті сахабалардың өз аузынан еститінбіз», - дейді.[45]

Әйгілі ғұлама Сағит ибн Мусаййаб: «Тек бір хадис-шәріпті есту үшін, күні-түні тоқтамай ұзақ сапарлар шегетінмін», - дейді (Ибн Кәсир, әл-Бидая IX, 106).

Ардақты сахабалар, табиғиндер, ғұламалар ислам мен сүннеттің бұзылмай сақталуына көп күш салды. Аштық, шаршау тағы да басқа машақаттарға шыдай білді. Хақ Тағала оларды қиямет қайымға дейін мұсылмандардың оң дұға ететін мәртебеге жеткізді. Жазған еңбектері әуелі Құран Кәрімнен кейінгі, мұсылмандар қадірлейтін, имандай сенетін негізгі кітаптарға айналды.

***

Абдулла ибн Сәламның ұлы Жүсіп (р.а.) былай деп нақыл етеді:

Біраз уақыт Әбуд-Дарданың (р.а.) қасында тұрып, одан білім алдым. Ажалы таяған шақта мен шақырып алып: «Адамдарға менің өлейін деп жатқанымды жеткіз», - деді.

Мен елді хабардар етіп, қайтып келдім. Үйдің іші, сырты адамдарға толып кетті.

Мен оған: «Ажалыңның таяп қалғанын елге айтып келдім. Үйдің іші, сырты кісіге толды», - дедім.

Ол: «Мені солардың жанына апарыңдар», - деді. Кейін: «Мені отырғызыңдар», - деді. Біз оны жақсылап отырғыздық. Басын көтеріп: «Уа, жарандар! Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): «Кімде-кім дәрет алса, әрі ол дәретін мүлтіксіз тәмамдаса кейін екі бас намаз оқыса, әрі оны мүлтіксіз тәмамдаса Аллаһ оған қалағанын сол сәтте яки кейінірек міндетті түрде береді», - деп айтқанын естіген едім», - деді.

Кейін: «Уа, жарандар! Намаз оқып тұрғанда (қыбыладан) басқа жаққа бұрылмаңдар. Өйткені басқа жаққа қарап намаз оқыған кісінің намазы

45. Хатиб әл-Бағдади, Әл-Кифая фи ғилмир-Риуая, Бейрут 1988, 402-403 бет.

қабыл болмайды. Нәпіл намаз оқығанда өздеріңе ие бола алмай мұны істесеңдер де, оны парыз намаздарда істемеңдер. Бұған міндетті түрде сақ болыңдар»,-деп сөзін жалғастырған еді (Ахмед VI, 442-443).

Бұл мубәрак сахаба соңғы деміне дейін Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) үйренген білімін адамдарға үйретумен болды. Ажалының таяп қалғандығын сезіп намазға қатысты маңызды деп таныған хадис-шәріпті адамдарға қайталап айтуды жөн көрді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) көз жұмардан алдын айтқан соңғы сөздері: «Намазға, әсіресе намазға үлкен мән беріңдер. Қол астарыңда жүргендер жайлы Аллаһтан қорқыңдар»,[46] - деді. Бұл сөздерді қайталап айтуға шамасы жетпеген Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ішінен қайталағанын[47] ойлаған Әбуд-Дарданың, ажалы таяған шақта адамдарға жасаған ескертуіндегі терең сырды жақсы ұғынамыз.

***

Имам Абдулла әл-Фариси былай деп әңгімелейді:

«Мен Әбу Ханифаның жанында отырған едім. Кенет күтпеген жерден үйдің шатырынан бір кірпіш құлап, басымды жарды. Мұны көрген Имам Ағзам маған қарап: «Құнын сұрайсың ба? Әлде үш жүз хадис-шәріп саған нақыл етейін бе?» - деп сұрады. Мен: «Хадис-шәріптерді нақыл етуіңді қалаймын», - деп жауап бердім. Ол уәдесінде тұрып, хадис-шәріптерді маған нақыл етті».[48]

***

Ибн Сирин (р.а.) былай дейді:

«Бір күні мешітке келдім. Қарасам Самир ибн Абдуррахман қысса айтып отыр екен. Ал Хумейд білім үйретіп жатыр екен. Бұлардың қайсысының мәжілісіне отырайын деп ойландым. Сөйтіп отырып көзім ілініп кетіпті. Түсімде біреу маған келіп: «Қайсысының мәжілісіне отырайын деп ойланып тұрсың ғой. Қаласаң саған Хумейдтің жанында отырған Жәбірейілдің (а.с.) орнын көрсетейін», - деді» (Дарими, Мұқаддима 32).

Хазірет ибн Сирин Аллаһтың қалауымен Жебірейілдің (а.с.) мәжілісін таңдады. Осылайша қиямет-қайымға дейін есімі өшпейтін әйгілі ғалымға айналды.

***

Отыз жыл бойы білім іздеп жер жиһанды шарлаған Яқуб ибн Суфиян өзінің басынан өткен уақиғасын былай деп жеткізеді:

---

46. Әбу Дәуіт, Әдеп 123-124/5156; ибн Мәжә, Уасая 1.

47. Ахмед VI, 290.

48. Абдулфаттах Әбу Ғудда, Сафахат мин сабрил ғуләма алә шадаидил илми уәт тахсил, Бейрут 2003, 52-53.

«Сапар шегіп келе жатқан едім. Азығым таусылуға айналды. Түні бойы жазып, күндіз білім оқитынмын. Бір күні түнде шамның жарығымен жазып жатқан болатынмын. Қыс мезгілі еді. Кенеттен көздерім жасқа толып, ешнәрсе көре алмайтын болып қалдым. Ел-жұртымнан алыстап, білімге деген өмірімнің біткендігін ойлап, мұңға баттым. Көздеріме кенеттен бір ауыртпалық түсіп, ұйықтап қалдым. Түсімде Аллаһ Елшісін (с.а.у.) көрдім. Маған: «Яқуб! Неге жылайсың?» - деп сұрады.

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Көзім көрмей қалды. Бұдан былай білім үйрене алмайтын болдым-ау деп мұңайып жүрмін, - деп жауап бердім.

– Жаныма кел, - деді. Кейін оқып тұрған тәрізді болып, қолдарын көздерімнің үстінен жүргізіп өтті. Оянғанымда көздерім қайта көріп кетті. Парақтарды қолыма алып, жазуды жалғастырдым».[49]

***

Йылдырым Баязит ханның ұлдарының бірі шаһзада Сүлейменді, дәрістеріне деген құлықсыздығы үшін ұстазы жеңіл жазалаған болатын. Шаһзада ашуға мініп, сарайға барып ұстазының үстінен шағым айтты. Йылдырым хан ұстазбен көрісіп, шаһзада Сүлейменді неге жазалағанын сұрады. Ұстаз байсалды әрі салмақты кейіпте, тарихта алтын әріптермен жазылатын мына жауапты айтты.

«Падишаһым! Шаһзадаңыз ертең осы мемлекеттің билігін қолына алмақ. Үмбет оған аманат етілмек. Оның сауатсыз болып тәрбиеленуі халқына залалын тигізбек. Иә, ол бүгін шаһзада. Алайда әлі білімді және ізгі жанға айналмады. Сондықтан мен оны бағып-қағуға әрі керекті тәрбиені беруге мәжбүрмін».

Йылдырым Баязит үлкен құрметтілікпен көзін төмен салып: «Иә, айтып тұрғаныңыз дұрыс. Сіз қажет болса, мені де жазаландырасыз. Сіз секілді ұстаздарымыз тірі тұрса, әлемге үстемдігімізді жүргіземіз», - деді.

Ұстаз рухани дүниесі бай падишаһтың сөзіндегі мағынаны аңғарды. Дәріске келіп, ұлын неге жазалағанын сұраған падишаһқа мәймөңкелемеді. Осылайша шаһзада ұстазының рухани тұрғыдан мәртебесінің әкесі сұлтаннан артық екендігін ұғынды. Қателігін түсінді. Сол күннен бастап дәрістеріне ерекше ден қойып, үлгерімі жақсы шәкірттердің біріне айналды.

***

Фатих сұлтан Мехмет хан уәзірлерімен бірге бюджет мәселелерін қарастырып жатқан болатын. Сұлтанның медреселерге бөлген қаражаты

49. Ибн Хажар, Тәһзибут-тәһзиб, Бейрут, 1991, VI, 243-244.

өте үлкен еді. Қаржы уәзірі бұл соманы көргенде, аң-таң болып үндемей қалды. Уәзірінің кейпін байқап қалған парасатты сұлтан: «Паша! Бюджет мәселесінде ең көп пікірін білдіретін қаржы уәзірі емес пе? Неге үндемей қалдыңыз?» - деп сұрады. Уәзір ойын білдіргісі келмей: «Тыңдап отырмын, сұлтаным», - деп жауап берді.

Сұлтан Фатих: «Шамасы медреселер үшін бөлген қаржы сомамды көп деп ойлап отырсыз-ау деймін», - деп оның ойын сезгендігін білдірді.

Уәзір: «Иә, сұлтаным. Мемлекеттің мыңдаған мәселесі бола тұра, бұлардың тек бірі болып табылатын білімге мол қаржы бөлдіңіз», - деп пікірін айтып салды.

Мұны естіген сұлтан һәм уәзірін ренжіткісі келмей һәм мәселені шешуді жаны қалап, оны қанағаттандырайын деген ниетпен: «Паша! Кез келген саланың қадірі кетеді. Әсіресе білімнің қадірі көбінесе түсіп отырады. Өйткені Хазірет Пайғамбар (с.а.у.): «Ғалымдар, пайғамбарлардың мирасқорлары»,[50] - деп айтқан. Ал Пайғамбардың уәкілі бола білу, оңай шаруа емес. Міне сондықтан білімнің қадірі көбінесе өзгесінен артығырақ жоғалып отырады. Өзге салаларды былай деп ойлаймын. Кір суға қара қорғасын түстес яки қоңыр түсті матаны салсам, оны кепкенде сәлде ретінде орай аламын. Бірақ ақ орамалда сондай бола ма? Жоқ! Оны кір суға салу түгілі, үстіне шыбын қонса көрініп тұрады. Білім де осындай», - деді. Кейін уәзірден: «Паша! Қолдағы барша мүмкіндікті қолданып, қамтамасыз ететін жүз шәкіртіміздің қаншасы жақсы бітіріп шығады? Араларынан үш-төрт адам шыға ма?» - деп сұрады.

Қаржы уәзірі: «Иә, сұлтаным! Үш-төртеу шығады. Алайда олардан не шығады дейсіз», - деп жауап берді.

Сұлтан биязы жымиып: «Паша! Қараңғы халықты тәрбиелеп шығаратын сол үш-төрт кісі емес пе?» - деді.

Уәзір басын төмен салып: «Иә, сұлтаным. Сіздікі дұрыс», - деп ақиқатты мойындады. Мәселені ақылдылығы және парасаттылығы арқылы оңай шешкен сұлтанның көңілі тыншыды. Уәзіріне қарап: «Паша! Медреселеріміздің әрбір жүз шәкіртінен үш-төрт кісі шығып, халықты тәрбиелеп жатыр екен. Олай болса, солардың құрметі үшін өзге шәкірттерді бағып-қағуға разы болуымыз қажет», - деді.

***

Явуз Сұлтан Сәлім әскерімен бірге Addананың тұсына жеткенде қалың нөсерге тап болды. Жер ми-батпаққа айналды. Сұлтан Сәлім сол дәуірдің ең әйгілі ғалымы Камал Пашазадамен бірге ат үстінде қатарласып, сөйлесіп келе жатыр еді. Кенет күтпеген жерден Камал Пашазаданың

50. Әбу Дәуіт, Ғылым 1.

аты сүрініп кетті. Аттың аяғынан шашыраған балшық сұлтанның үстіндегі бешпентке тиді. Камал Пашазада қатты мұңайып, реңі өзгеріп кетті. Явуз оған бұрылып күлімсіреп: «Ғұламалардың атының аяғынан шашыраған балшық, біз үшін үлкен құрмет, абырой. Бұл балшық тиген бешпентті, мен көз жұмғанда қабірімнің үстіне қойыңдар», - деді.

Ғалымдарға көрсетілген осындай құрмет, ілтипат Осман империясында білімнің артуына, өркендеуіне үлкен үлес қосқан қолдау, демеу болды.

***

Қысқасы, білім және Құран қызметтеріне маңыздылық таныту, көптеген қиыншылыққа, машақатқа төтеп беру демек. Ешбір жанның жас деңгейіне мән берместен Құран Кәрім мен сүннетті, яғни Исламды үйрету үшін қолдан келгенді аянып қалмау қажет. Өйткені екі дүниеде бақытты болуымыз осыған байланысты жамағат!

Білім және Құран Кәрім қызметтерін атқару Аллаһ Елшісі уәде еткен сауаптан, сыйдан нәсіп алуға себепкер болады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Адам баласы көз жұмған шақта тек мына үш амалынан өзге барша амалының сауабы тоқтайды. Олар: «Садақа-жария, пайдасы тиетін білім және соңынан дұға ететін қайырлы перзент»*, - дейді (Мүслим, Уасият 14).

Білім және Құран Кәрім қызметтері кісіні екі дүниеде қадірлі етеді. Аллаһ Тағалаға жақындатады. Салих, ізгі мұсылман баласы Аллаһ Тағаланың разылығына қол жеткізу үшін әуелі білімнің соңына түсуі керек. Білімге қызмет етуі қажет. Тіпті болмаса білім алуға талпынып жүргендерге қол ұшын беруі ләзім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Мүмин пейішке кіргенге дейін, естіген ешбір біліміне тоймайды»*, - дейді (Тирмизи, Білім 19/2686).

3. ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Аллаһ Тағала, адамдардың бір қоғам ішінде өмір сүруін қалайды әрі оларды бір-біріне мұқтаж етіп жаратқан. Намазды жамағатпен оқуды, пақырларға зекет беруді және шамасы жеткендердің қажылыққа барып Ислам әлемімен танысуын әмір еткен. Бұлардың барлығы адамдардың Аллаһқа құлшылық етуде бір-біріне жәрдем етулері, үгіттеулері үшін керекті. Сондықтан Аллаһ Тағала қоғамдық қызметтерге үлкен сауаптар уәде еткен.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына қарап:

«Бүгін кім жаназа намазына қатысты?»

«Бүгін кім бір пақырды тойғызды?»

«Бүгін кім бір аурудың көңілін сұрап шықты?» - деп сұрады. Кейін: *«Кімде-кім бұл ізгі істердің барлығын жүзеге асырса, ол міндетті түрде жәннатқа кіреді»*, - деді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл сауалдары арқылы мүминнің тек өзін ойламай, қоғамды ойлауын, яғни өзімшілдіктен құтылып, өзгешіл, халықшыл және кеңпейіл болуға үндейді.

Төмендегі мына хадис-шәріпте қоғамдық қызметтердің бағасы, игілігі айтылған.

«Кімде-кім ораза ұстап, аурудың көңілін сұраса әрі жаназаға қатысса, оның (кіші) күнәлары кешіріледі. Кейін істегендері бұдан тыс» (Ахмед III, 440).

Ал мына құдси хадисте қоғамдық қызметтердің құлдың Аллаһқа жақындауына себепкер болатындығы айтылған.

«Аллаһ Тағала қиямет күнінде былай дейді:

«Ей, адам баласы! Сырқаттанып қалдым. Сен менің көңілімді сұрамадың?»

Адам баласы:

«Сен әлемдердің Раббысысың, мен Сенің көңіліңді қалай сұрап шығар едім?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Пәленше деген құлым сырқаттанып қалған еді. Сен оның көңілін сұрап шықпадың. Оған кіріп шықсаң, мені соның қасында табар едің. Мұны білмеуші ме едің?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Ей, адам баласы! Сенен мені тамақтандыруыңды сұрадым. Сен мені тамақтандырмадың», - дейді.

Адам баласы:

«Сен әлемдердің Раббысысың, мен сені қалай тамақтандырар едім?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Пәленше деген құлым, сенен тамақ сұраған еді. Егер оған тамақ берсең, бергеніңнің сауабын менің құзырымда міндетті түрде алар едің. Мұны білмеуші ме едің?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Ей, адам баласы! Мен сенен су сұраған едім. Сен бермеп едің», - дейді.

Адам баласы:

«Сен әлемдердің Раббысысың, мен саған қалай су берер едім?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Пәленше деген құлым, сенен су сұраған еді. Сен бермедің. Егер оған сұрағанын бергенде, бергеніңнің сауабын менің құзырымда алар едің. Мұны білмеуші ме едің?» - дейді (Мүслим, Бирр 43).

Сондықтан біз мүминдер өз ортамызға жауапты екендігімізді сезініп, қоғамдық қызметтерге үлкен мән беруіміз қажет.

Адамдарға жақсылық жасауды әмір етіп жамандықтан тыю, оларды ренжітпеу, жеке басымызға жасалған жапаға сабырлық таныту, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу, жұма намазына бару, мұсылмандармен бірге білім, зікір мәжілістерінде болу, аурудың көңілін сұрап шығу, жаназаға қатысу, мұқтаж жандарға жәрдем беру, надандарға жол көрсету тағыда басқа қоғамдық қызметтер Аллаһ Елшісінің сүннеті болып табылады. Өйткені ол барша ғұмырын Аллаһтың құлдарына қызмет етуге сарп еткен.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) өмірінде көптеген қиыншылықтарға тап болып, жапа шеккен. Солардың барлығына сабыр еткен. Бірақ кейін ісі алға басып, Аллаһтың мұсылмандарға күш және жеңіс нәсіп еткен шағында да өз рақатын еш ойламаған-ды. Туысының жәбір көріп жүргеніне қатты қынжылған Аббас (р.а.) әлемнің мақтанышы Пайғамбарымызға (с.а.у.) биік тақтың үстінде отырып, олардың жапасынан құтылуын сұранғанда, ғаламның рақым нұры:

«Жоқ. Аллаһ мені олардың арасынан алып, тыныш тапқаныма дейін, олардың арасында боламын. Олар келіп өкшемді бассын, киімімді тартсын, көтерген шаңымен менің мазамды алсын», - деді (Ибн Сағд II, 193; Хайсам IX, 21).

Ал мүминдерге де былай деді:

«Кез келген мұсылман жан, адамдардың арасында болып олардың көрсеткен жәбіріне сабырлық танытса, олармен араласпай, олардың көрсеткен жәбіріне сабырлық тынатпағаннан қайырлы» (Тирмизи, Қиямет 55/2507).

Мүминнің дін бауырына күлімсіреуі, сәлем беруі, жолдағы тасты алып тастауы, біреуге жол көрсетуі, жүгін таси алмағанға жәрдем етуі, білмегенге үйретуі, адал мал тауып, жанұясын бағуы, қайғыға душар болып көңіліне кірбің ұялаған жандарды жұбатуы, инфақ жасауы және тағыда басқа игіліктер оған таптырмас, құнды құлшылық әрі қызмет болып табылады. Хақ Тағала рақымдылығының нышандарының бірі

жақсылық жасау жолдарын жеңілдетіп, әрі мұның қайтарымы ретінде мол сауап беруді уәде етуі. Сондықтан кәміл мүминдер жәннатқа кіргенге дейін жақсылық жасаудан жалықпайды.

Қоғамдық қызметтердің ең маңыздыларының бірі үйленгісі келетін, алайда үйленуге алуан түрлі материалдық жағдайы болмаған мүминдерге жәрдемші болу. Мұндай садақа-жария істеу мүмкіндігіне ие болған жан, Хақ Тағаланың уәде еткен сауабына қол жеткізері хақ.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Араларыңдағы бойдақтарды, құлдарың мен күңдеріңнің жақсыларын үйлендіріңдер! Олар пақыр жандар болса, Аллаһ өз игілігімен оларды байытады. Күмәнсіз Аллаһ кеңшілік иесі, әрі (кез келген нәрсені толық) **білуші»** (Нұр сүресі, 32-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл қоғамдық қызметтің маңыздылығын білдіру үшін бір хадисінде былай дейді.

«Ең игі істердің бірі, үйленгісі келген екі жанға жеңгетай болу, жәрдемші болу» (Ибн Мәжә, Неке 49).

Мұхиддин ибн Араби жастарды үйленуге үгіттейді. Әсіресе үйленейін деп жүргендерге жәрдем етудің игілігін, артықшылығын былай деп тілге тиек етеді.

«Ең үлкен садақа-жария, үйленуге себепші болу. Өйткені олардың нәсілінен туған жандардың жасаған әрбір ізгілігінен, игілігінен, себепші болған кісі сауап алады».

Әрине, барша қызмет түрі секілді бұл қызмет шын пейілділікпен, ықыласпен іске асуы тиіс. Яғни, тек Аллаһ разылығы үшін істелуі қажет. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) осындай деңгейге жеткен мүминдерді: *«Кімде-кім Аллаһ Тағала (разылығы) үшін берсе, Аллаһ Тағала (разылығы) үшін бермесе, Аллаһ Тағала (разылығы) үшін (біреуді) сүйсе, Аллаһ Тағала (разылығы) үшін (біреуді) сүймесе және Аллаһ Тағала (разылығы) үшін бойдақтарды үйлендірсе иманын кемелдендіреді»*, - деп сүйіншілейді (Ахмед III, 438).

Міне, қоғамдық қызметтерді ықыласпен атқарғандар осындай орасан зор сауаптарға қол жеткізеді екен ағайын! Мұны жадымыздан шығармайық.

Тасаууф тәрбиесінде қоғаммен араласып жұмыс істеудің аса үлкен маңызы бар. Атап айтсақ «Нақшбәнди» тариқатында рухани тәрбие құралы болып табылатын, қоғамдық тәрбие әдістерінің бірі «сұхбат» соның бір көрінісі. Сонымен қатар тыныш жерде оңаша отырудың орнына, елмен араласып жүрек тұрғысынан Хақ Тағаламен бірге болу артық деп есептеледі. Яғни, тіпті халық ішінде Аллаһ Тағаламен бірге болуды сақтай білу, ең маңызды фактор болып табылады. Басқаша

айтсақ, «қол пайдада (болу керек), ал жүрек Хақпен бірге болу қажет» ұстанымын әрдайым ұстану көзделген.

Ата-бабамыз қоғамдық қызметтердің маңыздылығын өте жақсы түйсінген. Жеке басының қамын күйттеудің орнына, халық пайдаланатын қоғамдық шараларды жүзеге асыруға күш салған. Мұны, тіпті мұсылманшылықтың ата дұшпаны болған жандар да мойындаған. Солардың бірі, өз дінін қатты ұстанатын протестант епископ Саломон Шуайгер. Ол падишаһынан бастап қарашасына дейін барша мұсылмандардың өз үйлерін өте қарапайым пішінде салатындығын аңғарған. Ал мешіттер және өзге де қоғамдық ғимараттарды орасан зор пішінде, әрі ғажап өнер туындысы ретінде салатындығын көргенде, таңданысын жасыра алмай өзінің естелік кітабы «Саяхатнамаға» жазған. Сонымен қатар епископтың бұл туындысы, сол шақтағы мұсылмандардың діндерін жақсы ұстанғандығына айғақ бола алады.[51]

Кәміл иманның алғашқы жемісі, Жаратушыға деген махаббаттан туып, жаратылған барша махлұқатқа рақымдылық пен мейірімділік көрсету болып табылады. Рақымдылық пен мейірімділіктің жарқын бейнесі махлұқатқа қызмет еткенде байқалады. Қоғамдық қызметтердің барлығы осы екі негіз арқылы жүзеге асуы қажет. Міне осылай атқарылған қызметтер, құлшылық ретінде қабыл етіледі.

А) КҮЛЛІ ЖАРАТЫЛЫСҚА МЕЙІРІМДІЛІКПЕН МӘМІЛЕ ЖАСАУ

Ұлық Раббымыз Құран Кәрімде жиі-жиі кешірімшілдігіне, мейірімділігіне қатысты көптеген сипаттарын атап көрсеткен. Тіпті **«Рақымдылардың ең рақымдысы»**[52] екендігін, рақымдылығының барша нәрсені қамтығандығын[53] айтады. Он сегіз мың ғаламдағы күллі рақымдылықтың көрінісі Аллаһ Тағаланың шексіз рақымдылығынан бастау алады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Хақ Тағала рақымдылығын жүзге бөлді. Оның тоқсан тоғыз бөлігін өзінің құзырында алып қалды. Ал қалған бір бөлікті жер жүзіне жіберді. Міне осы бір бөлік рақымдылықтың арқасында барша махлұқат бір-біріне рақымдылық танытады. Тіпті биенің құлынына зиянын тигізбеу үшін аяғын көтеруі, осы бір бөлік рақымдылықтың әсері»*, - дейді (Бұхари, Әдеп 19; Мүслим, Тәубе 17).

Рақымдылығы шексіз Раббымыз, құлдарының бір-біріне рақымдылық пен мейірімділік танытуларын мұрат етеді. Ғаламның мақтанышы

51. Илбер Ортайлы, Османлыйы иениден кешфетмек, 57, 88.
52. Ағраф сүресі, 151-аят.
53. Ағраф сүресі, 156-аят.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) рақымды жан болатын. Бұл оның басты сипаттарының бірі еді. Аллаһ Тағала оны жер жүзіне «рақымдылықты таныту» үшін жіберді.[54] Аллаһ Тағала өзінің көркем есімдері болып табылатын «рауұф» (аса рақымды) және «рахиим» (ерекше мейірімді) сипаттарын Пайғамбарымызға (с.а.у.) нәсіп етті.[55] Ал ақиқатына жүгінсек, одан бұрын келген пайғамбарларға бұл сипаттардың екеуі бірден нәсіп болмаған еді.[56]

Күллі махлұқатқа рақымдылық таныту, жылы шырай көрсету иманның кемелдігіне ишарат етеді. Кәміл мүмин қараңғы түндегі толған ай секілді нұрын шашады. Халықшыл, көпшіл болады. Оның басты ұстанымдарының бірі жомарттық, сақилық. Сонымен қатар бойынан сезімталдық, сыпайылық, биязылық байқалады. Рақымдылық пен мейірімділік оның ажырамас серігіне айналады. Мейірімділік пен рақымдылық атаулыдан жұрдай жандар, кеудесінен жаны шыққан өлік секілді жылуы болмайды.

Хадис-шәріптерде былай деп айтылады:

«Рақымдылық танытқанға Рахман (аса рақымды) Хақ Тағала рақымдылық көрсетеді. Жер жүзіндегілерге рақымдылық танытсаңдар, көк жүзіндегілер сендерге рақымдылық танытады» (Тирмизи, Бирр 16/1924).

«Мейірімділік танытпағанға, мейірімділік көрсетілмейді» (Бұхари, Әдеп 18; Мүслим, Фадайл 65).

«Мейірімділік тек бақытсыздың жүрегінен алынады» (Тирмизи, Бирр 16/1923; Әбу Дәуіт, Әдеп 58/4942).

Жаратушының назарымен, махлұқатқа рақымдылықпен назар салу қасиеті Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) төмендегі мына хадисінде айтылған.

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына қарап: «Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, бір-біріңе мейірімділік танытпасаңдар жәннатқа кірмейсіңдер», - деді.

Сахабалар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Баршамыз мейірімді жанбыз», - десті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Менің айтып тұрғаным, сендердің түсінгендерің секілді бір-біріңе деген мейірімділік емес. Керісінше күллі махлұқатты қамтитын мейірімділік. Иә, күллі махлұқатты қамтитын мейірімділік»*, - деп сөзіне түсініктеме берді.[57]

54. Әнбия сүресі, 117-аят.
55. Тәубә сүресі, 128-аят.
56. Құртуби, әл-Жамиғ ли аххамил-Құран, Бейрут 1985, VII, 192.
57. Хаким, әл-Мұстәдрак аләс-Сахихайн, Бейрут 1990, IV, 185/7310.

Мүминдердің иман сезімін толқытатын, нәпсі өзімшілдігінен құтқаратын, рухани деңгей тұрғысынан кемелдендіретін ең басты қасиеттердің бірі мейірімділік болып табылады. Мейірімділіктің жемісі жомарттық, қарапайымдылық, қызмет ету және күңшілдіктен құтылу.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді.

«Мүминдер бір-біріне деген сүйіспеншілікте, бір-біріне деген жанашырлықта және бір-бірін қорғауда бір денеге ұқсайды. Дененің кез келген ағзасы ауырғанда, өзге ағзалар да ұйқысыздыққа тап болады. Қызуы көтеріледі» (Бұхари, Әдеп 27; Мүслим, Бирр 66).

Мейірімділік, бұл дүниеде ар-ождан тыныштығы. Пейіштің сүйіншісі. Ал ақыретте мәңгі бақытты болудың кепілі.

Бір кісі Мұғаз ибн Жәбалға келіп: «Маған насихат айтшы», - деген еді.

Мұғаз: «Мейірімді бол! Пейішке кіруіңе мен кепіл болайын», - деп жауап берген болатын.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бір бәдәуи ардақты Пайғамбарымыздың (с.а.у.) балаларды сүйіп жатқандығын көріп, таң қалып: «Демек, сен балаларды сүйеді екенсің ғой. Ал біз, ақиқатын айтар болсақ оларды еш сүймейміз», - деді. Бәдәуиге жаны ашып, қараған Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһ Тағала сенің жүрегіңнен мейірімді алып қойса, мен не қылмақпын?!»* - деді (Бұхари, Әдеп 18; Мүслим, Фадайл 65).

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қызы Зейнептің өлім тырнағына ілігіп, жанталасып жатқан баласын көргенде, көңілі босап жылаған еді. Мұны байқап қалған сахабалар таңданыстарын жасыра алмай: «Сіз де жылайсыз ба? - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Бұл мейірімділіктің көрінісі. Аллаһ Тағала оны құлдарының жүрегіне салады. Хақ Тағала тек мейірімді құлдарына ғана мейірімділік танытады»*, - деп жауап берді (Бұхари, Жанайз 33; Мүслим, Жанайз 11).

***

Әбу Усайд (р.а.) Бахрейннен әкелген тұтқындармен бірге Пайғамбарымыздың (с.а.у.) құзырына келген еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір тұтқын әйелдің жылап тұрғанын байқап қалды. Оған:

– Неге жылап тұрсың? - деп сұрады. Әйел:

– Мына кісі ұлымды сатып жіберді, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Әбу Усайдқа қарап:

– Мына әйелдің ұлын сатып жібердің бе? - деп сұрады. Әбу Усайд:

– Иә! - деп жауап берді.

– Кімге саттың? - деп сауал қойды. Ол:

– Абс руының кісілеріне, - деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабасына қарап:

– Көлігіңе мін. Барып мына әйелдің ұлын дереу алып кел, - деп әмір етті (Әли әл-Муттақи IV, 176/10044).

***

Хазірет Омар былай дейді.

Бір күні Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) тұтқындар әкелінді. Бір қарасақ тұтқындардың ішінен бір әйел аласұрып, жоғалған баласын іздеп жүр. Тұтқындардың арасынан сәби көрсе дереу оны кеудесіне қысып, емізіп жатты. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мына әйел баласын отқа тастайды деп ойласыңдар ма? - деп бізден сұрады. Біз: «Жоқ. Уаллаһи, отқа тастамайды», - деп жауап бердік. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мінекей Аллаһ Тағала, мына әйелдің баласына деген мейірімінен де аса мейірімді», - деді.

***

Мұсылмандар тіпті қас жаулары болған Аллаһтың құлдарына рақымдылық пен мейірімділік танытқан. Мусғап ибн Умайырдың бауыры Әбу Ғазиз Бәдірде мүшріктердің туын ұстаған еді. Соғыста мүшріктер жеңіліп, ол қолға түсті. Әбу Ғазиз тұтқындық өмірін, мұсылмандардан көрген мейірімділік пен рақымдылықты былай деп баяндайды.

«Бәдір соғысында мен тұтқынға түсіп, Ансардың бір топ кісісінің қарауына берілген едім. Бәдірден қайтқанымызда, олар маған таңертеңгі және кешкі астарынан нандарын маған тарту етіп, өздері кепкен құрманы жейтұғын. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге, яғни тұтқындарға жақсы мәміле жасауларын өсиет еткен еді. Олардың бірінің қолына нанның бір тілімі тисе, дереу маған әкеліп беретін. Мен қатты қысылып, ұялып нан тілімін олардың кез келген біреуіне қайтып беретінмін. Бірақ ол нан тілімін маған қайта беріп, қол тигізбейтін (Ибн Хишам II, 288; Хайсами VI, 86).

***

Әбу Уақид (р.а.) былай деп әңгімелейді:

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мәдинаға келгенде жұрт тірідей түйенің өркешін кесіп, қойдың санынан ет кесіп алып жейтұғын. Мұны көрген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Хайуан тірі тұрғанда, одан кесіліп алынған ет өліктің үкімінде, ол желінбейді»*, - деді (Тирмизи, Сайд 12/1480).

Ғаламның рақым нұры Пайғамбарымыздың жарық дүниеге келуімен

тіпті хайуандар зұлымдықтан құтылып, мейірімділік пен рақымдылықты ұқты.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қойдың құлағынан тартып, бауыздауға апара жатқан біреуді көріп қалып дереу араласып: *«Хайуанның құлағын жібер, мойнынан ұста»*, - деп әмір етті (Ибн Мәжә, Забайх 3).

Әрі Пайғамбарымыз (с.а.у.) пышақтың хайуаннан жасырын қайралуын, оған көрсетілмеуін бұйырған. *«Араларыңдағы кез келген біреу жануарды бауыздағанда, оны тез және мүлтіксіз орындасын»*, - деген (Ибн Мәжә, Зәбайх 3).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жолда кетіп бара жатып бір топ кісіге жолықты. Олар көліктерінің үстінде бір-бірімен әңгіме соғып тұрған еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларға қарап: *«Көліктеріңді зорықтырмай мініңдер. Ал (мінбейтін болсаңдар) дем алдырыңдар. Оларды жолдағы, көшедегі әңгімелерің үшін орындық қылмаңдар (үстінде отырып алып бір-біріңмен әңгіме соқпаңдар). Көптеген көлік, үстіндегі иесінен артық. Хақ Тағаланы иесінен көбірек зікір етеді»*, - деді (Ахмед III, 439).

Тек күшті, азулы ғана өмір сүретін қарабайыр қараңғылық дәуірде тіпті хайуандардың бірнеше құқығы бар деп жариялануы, Исламның ақиқат, рақымдылық, мейірімділік діні екендігін көрсетері сөзсіз.

Атап айтар болсақ, көптеген хайуандардың мініп жүрген ғапыл иесінен артық екендігінің, Аллаһты қожайынынан көбірек зікір ететіндігінің бізге баян етілуі көп нәрсені аңғартады. Бізге, мүминдерге күллі махлұқатқа рақымдылық көзімен қарауымызды үндейді. Барша жаратылыс өзінің деңгейінде Аллаһ Тағаланы әрдайым зікір етеді. Бірақ біздің есту мүмкіндігіміз шектеулі болғандықтан оларды тыңдай алмаймыз. Бұл ақиқат Құран Кәрімде былай деп баяндалады:

«Жеті қат көк пен жер, тіпті осы екеуінің ішіндегілердің барлығы Аллаһты пәктейді. Күллі нәрсе оны мадақтап, дәріптейді. Бірақ сендер, олардың пәктеулерін (тасбихтарын) **түсінбейсіңдер! Шүбәсіз Аллаһ, өте жұмсақ, әрі аса кешірімшіл»** (Исра сүресі, 44-аят).

***

Ашаршылық жылдарында Жүсіптен (а.с.): «Сен қазынаға жауапты қызметкер болсаң да, әрі оны сарп ету өз еркіңе берілсе де, аш қаласың? Тойып бір жемейсің», - деп сұралған еді. Жүсіп: «Мен тойып жесем аш болғандарды ұмытып, олардың халдерін түсінбей қаламын ба деп қорқамын», - деп жауап берді.[58]

***

58. Бурсауи, Рухул Баян, Станбул 1969, IV, 284.

Умму Қайыс бинти Михсан (р.а.) былай деп әңгімелейді.

Ұлым көз жұмды. Өлімі қатты жаныма батты. Оны жуатын кісіге: «Ұлымды суық сумен жума. Оны өлтіріп қоясың», - дедім. Бұл сөзді естіген бауырым Уккаша дереу Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) барып, айтқандарымды жеткізіпті. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) күлімсіреп: «Осылай деп жатыр ма?! Аллаһ оның өмірін ұзартсын», - деді.

Хадисті нақыл еткен рауи: Біз ол тәрізді ұзақ өмір сүрген әйелді көрмедік», - дейді (Нәсай, Жанайз 29).

Адамзат баласы өте қадірлі болып жаратылған. Сондықтан көзі тірісінде қалай құрмет көрсетілсе, о дүниелік болғанда да дәл сондай құрметке бөленуі тиіс. Марқұмды суық немесе қайнап тұрған сумен жуу, ары-бері аунатып денесіне сызат салу тағы да басқа іс-әрекеттерге тыйым салынған.

Бұл хадис-шәріптен басқа мағына да шығады. Ол Умму Қайыстың (р.а.) ұлына мейірімі түсіп, жуатын кісіге кеңес беруі. Мұны естіген Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның ұлына деген мейіріміне көңілі толып, ұзақ өмірлі болуын тілеп, дұға етуі. Сондықтан бұл риуаяттан рақымды әрі мейірімді жандардың өмірлері ұзақ болады деген мағына шығуы әбден мүмкін.

***

Абдулла ибн Жағфар (р.а.) саяхатқа шыққан еді. Жолы түсіп бір құрма бауына кірді. Баудың қызметшісі қара түсті құл болатын. Құлға үш дана нан әкелінді. Дәл сол кезде бір ит келді. Құл үш нанның бірін әлгі итке берді. Ит нанды жеп алды. Кейін тағы да біреуін лақтырды. Ит оны да жеп алды. Кейін үшіншісін лақтырды. Ит оны да жеп қойды. Мұны көрген Абдулла ибн Жағфар (р.а.) мен құлдың арасында мынадай әңгіме жүріп өтті:

– Сенің алатын ақың не?

– Мына сен көріп тұрған үш дана нан.

– Неге барлығын итке бердің?

– Бұл маңайда еш ит болмайтын. Бұл ит ұзақ жерден келді-ау деймін. Аш қалуына көңілім разы болмады.

– Сонымен бүгін не жемексің?

– Сабыр етемін. Күндік ақымды Раббымның аш махлұқына бердім.

Мұндай көркем ахлақты көрген Абдулла (р.а.): «Субханаллаһ! Жұрт мені аса жомарт деп мақтайды. Ал ақиқатына жүгінсек мына құл менен асқан жомарт екен», - деді. Соның артынша құлды және бауды сатып

алды. Құлды азат етіп, бауды оған тарту етті.[59]

***

Деректерге сүйенсек Хазірет Жунайд Бағдадидің бір шәкірті бар еді. Бір күні ол өзінің кісілігіне дақ түсіретін бір әрекет жасап, ұсталып қалған болатын. Бұл әрекетіне қатты қысылып ұялған шәкірт, дәргаһты тастап, қайтып ол жерге келмеді. Арадан біраз уақыт өтті. Рухани дүниесі күйзеліске ұшыраған бұл шәкірт, өзінің әңгіме-дүкен құратын жолдастарымен базардың тұсынан өтіп бара жатқан Жунайд Бағдадидің көзіне түсті. Шәкірт ұстазын байқап қалып, ұялғанынан дереу ол жерден тездетіп алыстай бастады. Жағдайды түсінген ұстаз жанындағыларға бұрылып: «Сендер кете беріңдер. Менің ұямнан бір құсым ұшып кетіпті»,-деп шәкірттің соңына түсті. Артына бұрылып бір қараған шәкірт, өзінің соңынан келе жатқан ұстазын көріп қатты толқып, қадамдарын жиілетті. Біраз жүріп барып, соңы бітіп қалатын тұйық көшеге түсті. Ұялғанынан не істерін білмеген шәкірт, сасқанынан басын қабырғаға ұрды. Ұстазын өзінің алдында көргенде алуан түске еніп, басы салбырап кетті. Хазірет Жунайд Бағдади: «Балам! Қайда кетіп барасың? Кімнен қашып жүрсің? Ұстаздың шәкіртіне тиер жәрдемі мен оны сергітер насихаты дәл осындай қиын сәттерде болмақ»,-деді. Оны мейірім толы кеудесіне басып, дәргаһқа ертіп әкелді. Шәкірт ұстазының аяғына жығылып, жасаған іс-әрекеті үшін тәубе етті.

Ислам діні, кінәліні қоғамнан аластап тастаудың орнына оған мейірімділк танытып, рухани дерттеріне дауа болуды насихат етеді. Өйткені мейірімге қатты мұқтаж болған жандар, күнәның батпағына белшесінен батып, рухани дүниесі күйзеліске ұшыраған күнаһарлар болып табылады.

Бұған ұқсас уақиға өзіміз өмір сүріп отырған дәуірімізде де болған еді.

Марқұм Махмұд Сами Рамазанұлының бір шәкірті рухани тұрғыдан қатты күйзеліп, мас күйде есігінің алдына келген еді. Есікті ашқан кісі: «Мынауың не? Кімнің есігінің алдында тұрғаныңды біле місің?» -деп айқай салды. Әлі құрыған бишара: «Мені мейірім толы құшағына басатын басқа есік бар дей місің?,-деп шарасыздығын білдіреді. Бұл шуды құлағы шалып қалған Махмұд Сами мырза дереу есікке келді. Ішкі жан дүниесі күйреген шәкіртін үй ішіне алып кіріп, оны өз рухани дүниесіне қонақ етті. Оның күйреген жан дүниесін мейірімділік, рақымдылық және сүйіспеншілікпен қайта жандандырды. Мұндай нәзік әдіс қолдану арқылы қайта тура жолға түскен кісі, уақыт өте келе ізгі жандардың қатарына енді.

59. Ғаззали, Кимяи Сағадат, ауд.Фарук Меян, Станбул 1977, 467.

***

Әсма бинти Әбу Бәкір (р.а.) былай деп нақыл етеді:

Жәһилия (исламнан бұрынғы, қараңғы дәуір) дәуірінде Зәйд ибн Амрдың арқасын Қағбаға сүйеп: «Ей, Құрайыш руы! Уаллаһи, менен өзгелерің Ибраһимнің (а.с.) дінінде емессіңдер», - деп айтқанын естіген едім.

Зәйд тірідей топыраққа көмілейін деп жатқан қыздарды құтқарып қалатын. Қызын өлтіргісі келген жанға: «Оны өлтірме. Оның барша ауыртпалығын мен мойныма алайын»,-деп қызды қолынан алып қоятын. Қыз бойжетіп, үлкейген шағында әкесіне барып: «Қаласаң оны саған қайтып берейін. Қаласаң мұқтаждықтарын мен өтей берейін», - дейтін (Бұхари, Мәнақибул-Ансар 24).

Зәйдтің бойындағы бұл мейірімділік сезімі, оны Аллаһқа серік қосудан және күпірліктен сақтап, «ханиф» болып дүниеден өтуіне септігін тигізген. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ол жайлы: *«Ол, қиямет күнінде, мені мен Исаның (а.с.) арасында бөлек үмбет болып қайта тіріледі»*, - деген (Хайсами IX, 416).

***

Хазірет Мәулана «Мәжалис-сабға» атты еңбегінде төмендегі мына уақиғаны баяндайды.

Қарызға ет сататын қасапшылардың бірі есеп-қисап ісін жүргізу үшін бір жас жігітті жұмысқа алған еді. Оған: «Пәленшеге мұншама, түгеншеге мынадай мөлшерде ет берілді», - деп жаздырып тұратын. Бір күні бір құс ұшып келіп, бір тілім етті жұлып әкетті. Қасапшы дереу жігітке: «Құсқа да жүз дирһам деп жазып қоюды ұмытпа», - деді.

Сол баяғы құс дағдысы бойынша бір күні қайта ұшып келді. Қасапшы тұзақ құрып қойған болатын. Құс тұзаққа түсіп қалды. Қасапшы дереу басын шауып, өзге құстарға үлгі болсын деген ниетпен биіктеу жерге іліп қойды. Жігіт қасапшыға қарап: «Анау жолғы қарызды құстың есебіне жазған едім. Ал құстың ақысын сенің есебіңе қанша деп жазайын», - деп сұрады. Қасапшы өкіріп жіберіп: «Еттің есебі оңай. Бірақ бастың есебін сұрап жатса не қылмақпыз?» - деп жылауға басты.

***

II Абдулхамид хан заманында мемлекеттік жоғарғы қызмет атқаратын қызметкердің Чыраған сарайының алдынан өтіп бара жатып: «Аһ, Сұлтан Мұрат мырзам! Сен басымызда болсаң, осылай болар ма еді?» - деп айтқандығын тыңшылар жеткізді деген желеумен оны Физанға жер аудару туралы сұлтанның жарлығы шықты. Бұған қарсы шыққан бас уәзір Сағит Раша сұлтанға келіп: «Мырзам! Мұның не екенін түсінбедім.

Бұл қызметкердің шамамен алты ай бұрын істеген ұрлығы мен пара алуы дәлелденсе де, сіз оған кешірім жасадыңыз. Ал қазір болмашы бір хабарға сүйене отырып оны жер аударуға үкім шығардыңыз», - деп сұрады.

ІІ Абдулхамид хан бас уәзіріне қарап: «Жоқ, паша! Мен оны бұл хабарға сүйене отырып жер аудартып отырғаным жоқ. Негізгі себеп, сен айтқан ұрлық пен пара алу қылмысы. Оған қоса әлгі хабарды өзім ұйымдастырдым. Бірақ оны алты ай бұрын осылай істеместен дереу жазаландырсам тек өзін емес, бала-шағасын, туыстарын бірге жазаландыруға мәжбүр болар едім. Олар өз әйелдерінің, достарының алдында масқара болар еді. Ал қазір бұл кісі менің билігіме қарсы шыққан қаһарман ретінде танылады... Бұлай болуын артық көремін», - деп жауап берді.

Адамдардың ойында өзіне қарсы пікірлер тууына разы болып, бір жанұяның абыройын, қадірін ойлай білу нендей ұлы адамшылық, ізгілік және мейірімділік мысалы.

***

Дерекке сүйенсек мейірімділік атаулыдан жұрдай бір кісі бұзауды анасының көзінше сойғаннан кейін қолы семіп қалды. Бір күні әлгі кісінің алдына ұясынан түсіп қалған балапан құлады. Құс анасы қаншама шырылдағанымен балапанды қайта ұясына көтере алмады. Сонда әлгі кісінің мейірімділігі оянып, балапанды көтеріп ұясына салды. Аллаһ Тағаланың мейірімі түсіп, әлгі кісінің қолы жазылып кетті.

***

Шанаққала соғысында иманды әскеріміздің кең рақымдылық және мейірімділік сезімі тек мұсылмандарды ғана емес, өздерін өлтіруге келген дұшпандарды да қамтыған болатын.

Бір мың тоғыз жүз отызыншы жылы соғыста қайтыс болған француздарға арналған ескерткіштің ашылу салтанатына келген француз генаралы Гуро, шәһит түрік жауынгерлерінің қабірлерін зиярат етуді сұранды. Маңайындағы көпшілігі француз болған жандарға қарап: «Мырзалар! Мұсылман түрік жауынгерлері сирек кездесетін ерекше тұлғалар. Бұл жайында жадымда сол күйі қалып қойған мына өнегелі уақиғаны айтып берейін.

Бір күні таң атып күн сәулесі енді арайлап келе жатқан кез болатын. Бірден түріктермен қиян-кескі шайқас басталып кетті. Олар өте көп болатын. Әрі өте шебер шайқасатын. Жекпе-жекте дес бермейтін. Кешке дейін жалғасқан айқастан кейін жаралыларды, өліктерді жинап алайық деп екі жақ келісімге келдік. Екі жақ өз жаралыларын, өліктерін жинай бастағанда мен де шайқас алаңына шықтым. Ол у-шуда абстрактты суреттер салатын суретшілердің қыл қаламынан тумайтын көрініс көз

алдымда тұрған еді. Бұлардың барлығын ойымнан шығарып, қатты таңданып жүрісімді жалғастырдым. Бір жаралы түрік жауынгері өз жарақатына уыстап топырақ төгіп, ал құшағындағы жаралының жарақатына көйлегін жыртып таңып жатыр екен. Мырзалар! Өз жарақатына уыстап топырақ төгіп, ал құшағындағы жаралының жарақаты үшін көйлегін жыртып жүрген қаһарман жауынгердің құшағындағы жаралыны кім деп ойлайсыздар?.. Осы сөздерді айтқаннан кейін генерал көз жасына булығып шашалып қалды. Көз жастарын орамалымен сүртіп жатып, терең тыныс алды. Қарлыққан дауыспен: «Мырзалар! Түрік жауынгерінің құшағындағы жаралы, француз жауынгері болатын. Француз жауынгері...», - деді. Артынша жерге тізерлеп отырып қалды. Қолымен бетін жауып, көз жасына ерік берді.

Жауынгердің бойындағы бұл керемет қасиет, мүминнің ішкі жан дүниесінің көкжиектерін көрсетуге жеткілікті. Ол жаратушыға деген махабаттан тұтанған жаратылысқа мейірімділіктен, рақымдылықтан және Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көркем ахлағына еліктеуден туған еді.

***

Ата-бабамыздың кеңпейілді және мейірімді болғандығын көрсететін европалық Корнейл Ле Брайн атты кісінің көзімен көрген төмендегі мына уақиғасы нендей ғибратқа толы десеңізші!.

«Түріктердің игілігі тек адамдармен шектеліп қалмай құстарды да қамтыған еді. Араларындағы бөз біреулер құс базарларына әрдайым келіп, қапаста отырған құстарды сатып алып дереу босатып жіберетін. Бұлай істеулерінің себебі, қиямет күні әлгі құстардың Аллаһтың құзырына келіп, адамдардан көрген жақсылығына куәлік ететіндігіне нануында жатыр».

***

Осман империясына жасаған саяхатында көрген есепсіз ізгілік мысалдарын жадында сақтауға қиналған француз Комте де Бонневал төмендегі мына бір көріністі тілге тиек етеді.

«Осман империясында жеміс бермейтін ағаштардың сусыздықтан қурап қалмауы үшін, күнделікті суғарылып тұруына жұмысшыларға қаржы уақыф етуге дейін шектен шыққан түріктерді көру мүмкіндігіңіз бар».

Ислам дінінің адамзат баласына сыйлаған көңіл заңғар биігін танымайтындардың таңдануы ғажап емес. Ал барша жаратылысты Раббысының аманаты ретінде қабыл етіп, мейірімділік және рақымдылық шуағын төккен мүминдер үшін табиғи бір іс болып табылады.

***

Әйгілі саяхатшы Ду Лойр, Парижде басылған саяхатнамасында былай дейді:

Түріктердің әдет-ғұрыптарының ерекшіліктеріне қатысты соңғы көргендерім туралы қысқаша былай түйіндейін.

Олардың жақсылығы мен игілігі тек адамдармен шектеліп қалмай, хайуандарды да баурап алған. Барша осман империясының жерінде «имарет» деп аталатын қонақүйлер бар. Оларды уақыф еткен кісінің шарты бойынша қай дінді ұстанса да, күллі пақырлардың мұқтаждықтары өтелуі тиіс. Кез келген жолаушының «имаретте» үш күн қалып қонуына құқығы бар. Сонымен қатар оларға әр мезгіл сайын бірнеше табақ күріш беріліп тұрады.

Қалалардың көшелерінде бұл «имареттерден» басқа, барша жанға әрдайым есігі ашық «керуенсарай» деп аталатын қалың көпшілікке арналған ғимараттар кездеседі.

Кейбір түріктер игілік ретінде жол бойына су көздерін аштырады. Ал бәз біреулер көше бойына «сәбилдер» салдырады. Сол маңайда дәл мекемедегі қызметкерлер секілді айлық алатын қызметкерлер бар. Атқаратын істері, шөлдеген кісіге су тарату болып табылады.

Байлар абақтыларға келіп, қарызын өтей алмағандығы үшін қамалғандардың қарызын өтеп шығарып алады. Халдерін айтуға қысылып жүрген пақырларды тауып алып, ел көзіне көрсетпей мұқтаждықтарын қамтамасыз етеді.

***

Аллаһ Тағала жаратқан махлұқатқа көрсетілетін рақымдылық пен мейірімділіктің ең үлкен көріністерінің бірі «уақыфтар» екендігі даусыз. Олар, Аллаһ Тағаланың құлдарының бойынан көргісі келген рақымдылық пен мейірімділік қасиеттерінің мекеме түріне айналған кейпі. Тек қоғамға қызмет етеді. Осман империясында негізі қаланған уақыфтарға ғана көз жүгіртіп, сөз қозғар болсақ, мәселенің маңыздылығын аңғару қиын емес. Ұлан-ғайыр Осман империясында құрылған уақыфтардың толық санын айту мүмкін емес. Алайда архивтерде уақыфтар санының жиырма алты мың үш жүз екендігі тіркелген. Осы санның өзі ата-бабамыздың рақымдылық пен мейірімділік көкжиегін көрсетеді.[60]

Осман империясы гүлденген дәуірде бас уәзір қызметін атқарған,

60. Осман империясы кезінде уақыф құрған адам уақыфтың шарттарын қамтыған құжаттарын қазыға тіркеткен соң Станбулдағы Дәптерхананың (Құжаттар тұратын жер) арнайы бюроларына барып жазғызып қоятын. Дәптерханада тіркелген құжаттар бүгінгі күні де Анкара Уақыфтар Басқармасының архивінде сақтаулы тұр. Бұл архивте жиырма алты мың үш жүз уақыф құжаттары бар. (Док. Зия Казыжы, Ислами ме сосял ачыдан вакыфлар, Станбул 1985, 43-44 беттер).

сербиялық болғанына қарамастан шын пейілді мүмин әрі мемлекет қайраткері Сокуллы Мехмет пашаның уақыф құрудағы сезімталдығы бұған мысал бола алады.

Шынымен-ақ ол, мешіт, медресе, су құбырлары тәрізді көптеген қоғамдық ғимараттарды салып, уақыф еткен.[61]

***

«Нақибул-ашраф»[62] Әсет мырзаның уақфиясынан алынған төмендегі мына жолдар, бір мүминнің рухани деңгейінің тереңдігін көрсетуге жеткілікті.

«Ел көзіне түсе бермейтін, нашар лашықтарда тұрып жатқан жасы ұлғайған кісілердің және сырқаттанып қалғандықтан жұмыс істеуге шамасы келмей қалған жандардың отын, көмір тағы да басқа мұқтаждықтары өтелсін. Жетім және пақыр қыздар үйлену шағына келгенде оларға тиісті дүние-мүлкі алынсын».

***

Осман империясы дәуірінде әйелдердің бір мың төр жүз уақыфтың негізін қалауы елең еткізерлік жайт болып табылады. Олардың бірі Нұр Бану Уалида ханшайым Стамбулдың Анадолы және Румелі жағалауларында көптеген ғимараттар салдырған. Ол салдырған Үскідар Топташтағы «атиқ Уалида мешітінің» қонақ үйі, медресесі, ауруханасы және қос дәретханасымен ерекше көзге түсетін туынды.

Мемлекеттік жоғарғы қызметтер атқарған осы әйелдер, дүниеге алданбай аса үлкен қарапайымдылық танытқан еді. Күллі байлықтарын барша жанның игілігі үшін жұмсап, рақымдылық пен мейірімділіктің үлгісі болды.

***

Осындай әйелдердің бірі Махпайкар Көсем Уалида ханшайым еді. Ол «Ени мешіттің» (жаңа мешіттің) негізін салды. Үскідардағы «Шиниллі» мешітінің жанына медресе, су көзі, дәрул-хадис, қос дәретхана және «сәбил» салдырған еді. Оның жетім және пақыр қыздарды үйлендіру үшін құрған уақыфы өте әйгілі. Бұлардан өзге де көптеген игіліктері бар.

Көсем ханшайым тарихта, ханшайымдар арасында қаталдығымен

---

61. Сокулдық Мехмет Пашаның Румелидегі қайыр садақасымен салынған Станбулда екі үлкен мешіт бар. Бұлардың бірі тегін ауыз су таратылатын Азапкапыдағы мешіт. Ал екіншісі Сұлтан Ахмедтен Кумкапыға түсіп бара жатқанда төменгі жақта орналасқан «Шеһид Мехмет Паша» мешіті мен медресесі.

62. Нақибул-ашраф: Пайғамбарымыздың тегінен тарағандарға қызмет ететін мемлекеттің тағайындаған қызметкері.

ерекше көзге түскендігімен, уақыфтар құрудағы еңбегімен, мұқтаж және пақыр жандарға қол ұшын беруімен рақымдылық пен мейірімділіктің асқар шыңына айналған болатын.

***

Көсем ханшайым негізін салғанымен, бітіруге ғұмыры жетпей жарым-жартылай құрылысы тоқтап қалған «Ени жамиді» (жаңа мешітті) тәмамдап, қызметке беру Хадиша Тұрхан ханшайымға нәсіп болған еді. Оған қоса оның мектеп, медресе, имарет, кітапхана, су көздері тәрізді көптеген игіліктері бар. «Ени жамидің» уақфиясындағы мына шарт, кез келген жанды елең еткізері хақ. Ол шарттың мазмұны, қасиетті түндер мен Рамазан түндерінде кейбір су көздерінен бал шәрбатын ағызып, намазға келгендерге тарту ету. Тіпті уақфияда балдың сапасы да көрсетілген. Ол шақтың ең сапалы балы, қазіргі таңда «пазар» деп аталады, Ризаның Атина ауданынан әкелінетін. Уақфияда бағасы қанша болса да, тек осы балдың қолданылуы шарт ретінде қосылған. Бұл игілік жасаудағы сапа мен асқан сезімталдықты көрсетеді.

Аталмыш ханшайым уақыфтарының жұмысын тоқтатпау үшін өте көп қаржы көздерін қалдырған. Уақыфтарда істерді жүргізу үшін жүз он алты қызметкер тағайындаған болатын.

***

Партавниял Уалида ханшайым Стамбулдың Ақсарайындағы «Уалида мешіті» мен «Уа уадуд мешітін» салдырған еді. Сонымен қатар кітапхана, су көзі, медресе салдырып, уақыф еткен.

***

Қануни Сүлеймен сұлтанның қызы Миһраман ханшайым Едірнекапыда, Ускударда бірнеше «салатин мешіттерін» салдырды. Сонымен қатар орасан зор ғимараттарды уақыф етті. Соған қарамастан өте қарапайым, сыпайы жан еді. Төмендегі мына уақиға оны растай, айғақтай түседі.

Мекке мен Арафаттың суы кезінде Харун Рашидтің жұбайы Зубайда ханымның қаражатына, Арафат пен Тайыфтың арасында шыққан әрі «Айнуз-зубайда» (яғни Зубайданың бұлағы) деп әйгілі болған бұлақтан тартылғантұғын. Зубайда ханым бұлақтан шыққан суды Арафатқа жеткізу үшін, су өтетін Хунайын сайындағы барша құрма бауын сатып алуы керек болатын. Ол оны сатып алды. Бұл игі іске 1.700.000 мысқал алтын жұмсалған еді.[63]

Алайда, Қануни Сүлеймен сұлтанның заманында бұл су құбырларының

63. Мустафа Л. Билге, ДИА, «Айнизубейде» Станбул 1991, IV, 279.

бұзылғандығы, судың жеткілікті мөлшерде ақпайтындығы ел аузында айтылып жүрген болатын. Мұны естіген Миһриман ханшайым, әкесінің құзырына шығып бұл ескі, тозығы жеткен су құбырларын жөндеуді бас сәулетші Синанның басқаруын, әрі бұл игі істің құпия болуын әрі бұл игілік үшін өзінің барша әсемдік бұйымдарын сарп ететіндігін айтып өтінді. (50000 алтын жұмсағандығы деректерде кездеседі) Сәулетші Синанның Сүлеймания мешітінің фундаментін құйғаннан кейін, біраз уақыт жоқ болып еткен еді. Мұның себебін білер кісі жоқ. Мешіттің негізі нық отыру үшін әдейілеп жоғалып кеткен деседі жұрт. Ал ақиқатына жүгінсек оның жоғалып кетуінің себебі «Айнуз-зубайданың» жөнделуі және бұл игі істің иесі Миһриман ханшайымның игілігінің құпия күйде қалып қоюында жатыр.

***

Ханшайымдар арасында көптеген игі істерге мұрындық болған жандардың бірі Базмиалем ханшайым еді. Ол ғасырлар бойы халыққа қызмет етіп келген өте көп ғимараттар қалдырды. Салдырған мешіттерінің ең үлкені Долмабақша сарайының жанындағы «Уалида» мешіті болып табылады. Әйгілі Галата көпірі де оның уақыф еткен дүниесі.

Әсіресе Шамда құрған уақыфының ерекше көзге түсетін қасиеттері бар. Уақыфтың шарты мынадай:

1. Шамның тәтті суын қажыларға жеткізу.

2. Қызметкерлер сындырған немесе зиян тигізген нәрселерді, олардың абыройы мен тұлғасына тіл тигізбестен уақыф (қор) есебінен өтеу.

Жақсылығы көптеген аймаққа жеткен ханшайымның ең үлкен игіліктерінің бірі, өз есебінен орасан зор қаржы бөлдіріп салдырған «Ғурабайы-муслимиин» ауруханасы еді. Ол оны уақыф етті. Бұл үлкен ғимарат мешіті және су көзімен бірге 1843 жылы қызметке берілді. Сол күннен бері Мұхаммед үмбетінің пақырларына шипа беріп келеді.

Ханшайымдар игілік істерінде әрдайым суға ерекше көңіл бөліп отырған. Мекке, Арафаттағы тәрізді Стамбулда да көптеген су көздерін аштырған. Осы шаққа дейін жеткен құбырларды тарттырып, Стамбулдағы су мәселесін түбегейлі шешкен.

Өйткені Хақ Тағала барша нәрсені судан жаратқандығын, Құран Кәрімде айтып өткен.[64] Әрі суды өмір сүрудің негізі еткен. Сондықтан су қызметі, Хақ Тағала жаратқан махлұқатқа жасалатын игіліктің бірі болып табылады. Тіпті кез келген жанның, шөлдеген кісіге бір кесе су ұсынуы да айтып отырған мәселемізге кіреді.

Осындай уақыф қызметтерімен атағы жер жарған жандардың бірі,

64. Әнбия сүресі, 30-аят.

саясат және тақуалық тұрғысынан тарихымызда ерекше орны бар II Абдулхамид хан еді. Оның Стамбулға тарттырып, қырық су көзіне бөліп үздіксіз ағып тұратын «хамидия суы» қазіргі таңда біраз бөлігі қираганымен қызметін жалғастырып келеді.

***

Ұзын сөздің қысқасы, кәміл мүмин болу үшін рақымдылық, мейірімділік, сүйіспеншілік секілді жағымды қасиеттерімізді күшейтуіміз қажет. Сонымен қатар бұл қасиеттерді күллі махлұқатқа көрсетіп, Хақ Тағалаға құлшылық ретінде қабыл алуымыз ләзім. Рақымдылық пен мейірімділік орнықпаған кез келген қызметтің берекесі болмайды. Қоғамдық қызметтердің негізгі тіректері, осы қасиеттер болып табылады.

Жер жүзіндегілерге мейірімділік танытсақ, көктегілердің бізге мейірімділік танытуына қол жеткіземіз. Аллаһ Тағала жаратқан күллі махлұқатқа рақымдылық танытсақ, оның рақымдылығына ілігеміз ағайын! Өйткені біз, әрдайым оның мейіріміне мұқтажбыз!

Ә) ИНФАҚ

Мұсылманның жеке тұлғасының кемелденуін, қоғамдық қызметтерінің жалғасуын қамтамасыз ететін факторлардың бірі Аллаһ жолында, оның разылығына қол жеткізу мақсатында дүние-мүлік, жан мен тән тағы да басқа мүмкіндіктерді қолдана отырып инфақ жасау.

Діннің негізгі мұраты аса сезімтал, әдепті, биязы жандарды әзірлеу, сол арқылы қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман, қоғам тудыру болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда рақымдылық пен мейірімділіктің көрінісі ретінде зекет пен инфақтың орны айрықша.

Құран Кәрімде екі жүзден астам жерде инфақ сөзі, дүние-мүлік пен жанның Аллаһтың жолына аталуы дегенге саяды. Яғни, Раббымыздың бізге нәсіп еткен игіліктерін, нығметтерін, қайтадан оның жолына сарп ету демек. Бұған сүйенсек мұсылман дегеніміз, һәм дүние-мүлкін һәм жанын өз разылығымен Аллаһқа атаған жан деген мағына шығады.

Хақ Тағаланың көркем есімдерінің бірі «әл-Уәһһаб» болып табылады. Яғни, қайтарымын күтпестен кез келген шақта, кез келген жерде, кез келген нәрсені молынан беретін Жаратушы Аллаһ демек. Сол себепті Аллаһ жаратқан барша махлұқатына «беру, инфақ ету, сыйға тарту» тәрізді қасиетті берген.

Мысалы, ара өз мұқтаждығынан артық бал өндіреді. Аянбай тер төгіп, ғажайып пішінде дайындайды. Өндірген балының болмашы бөлігін өзіне, ал үлкен бөлігін адамдарға тарту етеді.

Жеміс ағаштары да өз нәсілін жалғастыру үшін өте көп жеміс береді. Мыңдаған жемістің тек біреуінің тұқымы жерге түсіп, ағашқа айналса алға қойған мақсаты орындалады. Ал басқа жеміс адам баласына және жан-жануарларға бұйырады.

Хайуандар адам баласының азығына арналған. Олар белгілі уақыт ішінде өседі. Уақыты жеткенде адам баласы үшін өзін құрбан етеді.

Топырақ, аяқтың астында тапталғанымен үстінде жайылып жүрген хайуандардың тезегін, қиын тыңайтқышқа айналдырып, алуан түрлі көкөністің, жемістің өсуіне мүмкіндік жасайды.

Бұл мысалдардың барлығы адамның халықшыл, өзгешіл болуына үгіттейді. Тапқан малының яки қол астындағы дүние-мүлкінің, өз мұқтаждығын толықтай өтегеннен кейін ғана бір бөлігін инфақ етуіне шақырады. Яғни, Хақ Тағала табиғатта мыңдаған мысалдарды көрсете отырып, құлының (пендесін) халықшыл, өзгешіл болуын қалайды.

Күллі махлұқаттың жаратушысы, иесі, ешкімге, еш нәрсеге мұқтаждықтан аулақ ұлық Раббымыз құлдарының садақаларын өзі алатындығын айтып,[65] инфақтың маңыздылығын көрсеткен. Құлдарының игіліктерін, садақаларын «әл-қарзул-хасан» (игі қарыз) атымен қабыл етеді. Сонымен қатар, һәм бұл қарызды өзі өтейтіндігін, һәм пәленше есе қылып өтейтіндігін уәде еткен.

Хақ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«(Уа, иман келтіргендер!) **намазды мүлтіксіз оқыңдар! Зекетті беріңдер! Сондай-ақ Аллаһқа игі қарыз беріңдер! Өздерің үшін** (өлместен) **алдын қандай-да бір игілік жасасаңдар, оның сыйын міндетті түрде** (жасаған игіліктен) **артық әрі сауабы мол күйде Аллаһтың құзырында табасыңдар!»** (Музаммил сүресі, 20-аят).

Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Садақа ешқашан дүние-мүлікті азайтпайды. Құл садақа беру үшін қолын созғанда, сол садақа алушының қолына жетпей жатып, міндетті түрде Аллаһ Тағаланың қолына түседі»*, - дейді (Әли әл-Муттақи VI, 377/16134; Табарани, Кәбир IX, 109).

Хақ Тағаланың сүйікті құлдарына айналуымыз үшін, жақсы көрген нәрселерімізді инфақ етуіміз қажет. Бұл жайлы Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: **«Сүйген нәрселеріңді сарп етпейінше, «бирге»** (Аллаһтың разылығына) **қол жеткізе алмайсыңдар!»** - дейді (Әли Имран сүресі, 92-аят).

Аяттағы «бир» сөзі, игіліктің ең жақсысы, Аллаһтың мейірімі, разылығы, жәннаты деген мағыналарда тәпсір етілген. Оған қоса, Хақ Тағала басқа бір аятта «бирге» былай деп түсініктеме берген.

65. Тәубе сүресі, 104-аят.

«Бирр, жүздеріңді шығыс яки батыс жаққа жөнелтулерің емес. (Ақиқи) **бирр** (дін иелері)**, Аллаһқа, ақыретке, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға иман келтіріп, сондай-ақ өзіне нендей қымбат болса да, жақындарына, жетімдерге, міскіндерге, жолаушыларға, тіленшілерге, құл азат етуге қаражат жұмсаған, намазын мүлтіксіз оқып, зекет бергендер, әрі байласқан уәдесін орындайтын, әрі таршылық пен қиыншылықта, сонымен қатар соғыстың қиындығына сабыр еткендер, міне осылар туралықтан таймағандар! Әрі осылар нағыз тақуа жандар»** (Бақара сүресі, 177-аят).

Игілікке, шыншылдық пен тақуалыққа түсініктеме берілген бұл аятта инфаққа қатысты түсініктеменің үлкен болуының мәні бар.

Бір құдси хадисте:

«Уа, Адам баласы! (Аллаһ үшін) инфақ ет, саған да инфақ етіледі», - деп айтылған.

Ең құнды инфақ, мұсылмандар қиыншылықтарға тап болған шақтарда жасалған инфақ болып табылады. Аллаһ Тағала материалдық және рухани тұрғыдан мұқтаждықтың асқынып тұрған уағында инфақ еткенді өзгелерден артық көріп: «Меккенің «фатхынан» (алынуынан) бұрын инфақ еткендер», деп өзгеше сый көрсеткен.

«Сендерге, Аллаһ жолында дүние-мүлік сарп етпейтіндей не көрінді? (Ал ақиқатына жүгінсек) **жеті қат көк пен жердің мирасы тек Аллаһқа тән. Араларыңдағы бұрын инфақ етіп, шайқасқан жандар,** (өзгелерімен) **тең емес. Олар дәреже тұрғысынан,** (Меккенің алынуынан) **кейін инфақ етіп, шайқасқан жандардан артық.** (Бірақ соған қарамастан) **Аллаһ барлығына бірдей үлкен сый** (жәннат) **беретіндігін уәде етті. Аллаһ, іске асырған күллі іс-әрекеттеріңнен хабардар»** (Хадид сүресі, 11-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) инфақтың артықшылығын төмендегі мына хадистерде баян етеді: *«Күнде таңертең екі періште (көктен) түседі. Олардың бірі: «Уа, Раббым! Инфақ еткенге, инфағының қайтарымы ретінде жаңасын нәсіп ет», - деп дұға етеді. Ал екіншісі: «Уа, Раббым! Сараңдық еткеннің, дүние-мүлкін құрта көр», - деп дұға етеді»* (Бұхари, Зекет 27; Мүслим, Зекет 57).

«Уа, Адам баласы! Мұқтаждығыңнан артылған дүниені садақа ретінде беруің, сен үшін жақсы (болады). Мұқтаждығыңа керекті дүниені қолыңда ұстағандықтан айыпталмайсың. Игілікті, бала-шағаңнан баста. Беруші қол, алушы қолдан абзал» (Мүслим, Зекет 97; Тирмизи, Зүһд 32).

«Кімде-кім адал тапқан малынан бір құрманы садақа ретінде берсе (Аллаһ адалдан басқасын қабыл етпейді) Аллаһ Тағала ол садақаны қабыл алады. Кейін оны тау тәрізді үлкейгенге дейін, араларыңдағы біреудің

өз тайын өсіргені секілді, иесінің орнына өсіреді» (Бұхари, Зекет 8, Таухид 23; Мүслим, Зекет 63, 64).

Инфақ, садақа, қызмет тәрізді ізгі істер сырт көзге өзге жанға пайдалы болып көрінгенімен, ақиқатында кісінің өзіне тиер пайдасы одан көп. Өйткені инфақ, кісінің ішкі жан дүниесіне жақсылық пен игіліктің орын тебуін қамтамасыз етеді. Құран Кәрімде айтылған зекет пен инфақтың һәм дүние-мүлікті һәм жүректі, ішкі жан дүниені тазартатындығы мұны растай түседі.[66]

Сонымен қатар инфақ, кісінің болмашы игілікке, азғантай мейірімге мұқтаж болатын қиямет-қайымда керекті азық болып табылады.[67] Сол себепті кез келген жан өлімнен кейін пайдасы тимейтін өкініштен өзін-өзі қорғау үшін, қазірден бастап қажетті шараларды алдын ала қабылдауы қажет.

Бір дана кісі былай деген екен.

«Құл көз жұмғанда, дүние-мүлкінің себебінен екі қасіретке душар болады. Ол, бұл екі қасірет тәрізді қасіретке бұрын тап болмаған болатын.

Біріншісі, барша дүние-мүлкінен айрылып қалуы. Ал екіншісі, барша дүние-мүліктен айрылып қалғандығына қарамастан, олардың барлығынан есепке тартылуы».

Кез келген кісі өзіне пайдасы тимейтін дүние-мүліктен есепке тартылуы нендей қиын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Бала-шағасын байлыққа бөгіп, ал өзі Хақ Тағаланың құзырына жамандық атаулының барлығын жинап келген кісінің халі нендей аянышты»*, - дейді (Суюти, әл-Жәмиғус-сағир №9693).

Яғни, мирасқорларына үлкен мирас қалдырғанымен өзі дүние-мүлікті адал жолмен таппағандығы үшін, тапқан малын игі істерде сарп етпегендігі үшін, бала-шағасының да мирасты ізгі істерде жұмсамағандығы үшін Аллаһтың құзырына күнәһар болып шығады.

Ал пайдалы дүние-мүлік дегеніміз инфақ және игі істерде жұмсалып, сауабы ақыретке жіберілгендер. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жайлы былай дейді:

«Аллаһ Тағала, сендердің әрбіреуіңмен тілмашсыз сөйлеседі. Кісі оң жағына қарайды, ақыретке жібергендерінен басқа еш нәрсені көрмейді. Сол жағына қарайды, ақыретке жібергендерінен басқа еш нәрсені көрмейді. Кейін қарсы алдына қарайды, тозақтан басқа еш нәрсені көрмейді. Олай болса, бір құрманың жартысымен болса да өздеріңді

66. Тәубе сүресі, 103-аят
67. Бақара сүресі, 272-274 аяттар.

тозақтан құтқарыңдар. Мұны да таппаған, ең болмаса жылы, тәтті сөзбен өзін құтқарсын» (Бұхари, Зекет 9, 10; Мүслим, Зекет 67, 97).

Хадис-шәріптен аңғарғанымыз садақа мен инфақ бар нәрсенің артығын берумен басталады. Жарты құрма, тіпті жылы сөз Аллаһтың разылығына қол жеткізуге себепші болатын инфаққа кіреді екен. Міне осы инфақтар, құлдың ықыласы мен пейіліне қарай тозаққа қарсы қалқан болады.

Рақымдылық, мейірімділік және осы екі қасиеттен туатын жомарттық пен инфақтың әрбір мүминнің ажырамас серігіне айналуын қалаған Аллаһ Елшісі (с.а.у.) кез келген мүминді бай деп қабыл алады. Өйткені ол, хадистерінде момындардың жақсылық жасауға үгіттеп, жамандықтан тыю, тәкбір және таухид айту тәрізді іс-әрекеттерін садақа үкімінде болатындығын тілге тиек етті. Сонымен қатар мазлұмға (зұлымдыққа ұшыраған жан) жәрдем беру, мұңайғанды жұбату, мұқтаж жандардың мұқтаждығын өтеу, жолда жатқан елге залалы тиетін нәрселерді алып тастау, аурудың көңілін сұрап шығу, тіпті жылы шырай таныту аталмыш үкімге кіреді.

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Бір дирһам, жүз мың дирһамнан артық болды»*, - деді.

Маңайындағы сахабалар: «Бұл қалай болды?» - деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Бір кісінің бар болғаны екі дирһамы бар еді. Бұлардың ең жақсысын инфақ етті (яғни, дүние-мүлкінің жартысын сарп етті). Ал басқа біреу (ол, бай болатын) дүние-мүлкінен жүз мың дирһам шығарып, инфақ еткен еді», - деп жауап берді.

Хадис-шәріп, инфақтың көлемінің емес, инфақ еткеннің пейілінің маңызды екендігін көрсетеді.

Демек, хақиқи байлық қолдағы байлық емес екен. Хақиқи байлық көңіл байлығы. Міне нағыз мүминдер осы көңіл байлығына қол жеткізіп, мүмкіндігіне қарай инфақ жасайды. Өйткені инфақ, әрбір мүминнің халықшылдық, өзгешілдік қасиеттерінің бір көрінісі болып табылады.

Инфақ етуде мән берілуі тиіс әдеп қағидаларының кейбіреуі мынадай.

1. Ықыласқа ерекше көңіл бөлу керек. Мақтан немесе дүниелік мақсат үшін инфақ етуден аулақ болу (Бақара сүресі, 264-аят).

2. Оң қолдың бергенін, сол қол сезбейтіндей пішінде сарп ету керек. Міне осылай инфақ еткендердің, күнәлары кешіріледі. Олар қияметтің қиын сәттерінде, Арштың көлеңкесін паналайтын бақытты жандар болады (Бақара сүресі, 271-аят; Бұхари, Азан 36).

3. Міндетсіну, ренжіту тәрізді қылықтармен садақаның құнын жоймау

керек. Хақ Тағала Құран Кәрімде бұған ерекше мән берген (Бақара сүресі, 271-аят; Инсан сүресі, 8-11 аяттар).

4. Мұсылман, өзіне берілгенде шын көңілімен қабыл етпейтін сапасыз, нашар нәрселерді өзгеге инфақ деп бермеуі қажет.

5. Берген кісі, алғанға іштей алғысын білдіруі тиіс. Өйткені ол оны үлкен жауапкершіліктен құтқарып, сауап алуына жол ашады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Меккені бағындырды. Мұсылмандардан тартып алынған Қағбаның кілтін қайта алды. Күллі жан кілтті кімге берер екен деп білуге құмарланып жүрді. Ал қасиетті Қағбаның кілтін ұстау және жабуын жасау (Хижаба) қызметін өз қолына алуды сахабалардың алдыңғы қатардағыларының баршасы тілейтұғын. Бұрыннан «сиқайа» (қажыларға су беру) уазипасын атқарып келген немере ағасы Хазірет Аббас келіп, Аллаһ Елшісінен «хижаба» (Қағбаның жабуымен айналысу) қызметін сұрап келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) немере ағасына қарап: «Мен сендерге адамдардың бәйтулмалға (қазынаға) беретін жабу тәрізді нәрселерден күн көрулеріңді қамтамасыз ететін қызметті емес, келген қажылардың су мұқтаждығын өтеу үшін қаржыларыңды жұмсап, мол сауапқа қол жеткізетін ауыр қызметті берейін»,-деп бұрыннан атқарып келе жатқан қызметін жалғастыруды бұйырды.

Аббастың (р.а.) Тайыфта жүзім бағы бар еді. Ислам діні келместен бұрын да, кейін де сол жерден мейіз тасып зәмзәмға араластырып қажыларға беретұғын. Өзінен кейін ұлдары, немерелері де сол қызметті жалғастырды (Ибн Хишам IV, 32; ибн Сағд II, 137; Уақиди II, 838).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) туыстарына дүниелік пайданы қамтамасыз ететін қызметтердің орнына, Аллаһтың құлдарына қызмет ететін, инфаққа қатысты уазипалар берген. Міне осы уақиға, дүниеде ауыр міндет тәрізді болып көрінген инфақ пен қызметтердің ақыреттегі мәңгі өмірде бақытқа қол жеткізуге себепкер болатындығын көрсететін бұлтартпас айғақтардың бірі.

***

Умму Салама анамыз (р.а.) былай деп нақыл етеді.

Бір күні Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жүзінің реңі өзгеріп келді. Бір жері ауырып қалған шығар деп ойладым. Қатты қорқып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бір жеріңіз ауырып жүр ме? Жүзіңіздің реңі өзгеріп кетіпті», - дедім.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Бізге түнде келген жеті динарды ойлап осындай күйге түстім. Кеш болды, оны әлі инфақ етпедік*

(садақа етіп берейік)», - деді (Ахмед VI, 293; Хайсами X, 238).

Бұл уақиға Аллаһ Елшісінің, Құран Кәрімнің тіліне салсақ «рауф» (аса рақымды) және «рахим» (өте мейірімді) екендігін, яғни рақымшылдық пен мейірімділіктің заңғар биігінен орын алғанын көрсететін мыңдаған мысалдардың бірі ғана.

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) көз жұматын күні Хазірет Айшаға (р.а.) үйдегі жатқан алты-жеті динарды пақырларға таратуын әмір етті. Біраз уақыт өткеннен кейін динарларды не қылғанын Айшадан (р.а.) сұрады. Хазірет Айшаның (р.а.) аласапыранда ұмытып кеткендігін естігенде, динарларды өзіне алып келуін бұйырды. Оларды қолына алып: «Аллаһтың пайғамбары Мұхаммед, бұларды пақырларға таратпай, өзіне алып қалып Раббысына қауышуды дұрыс көрмейді», - деді. Динарларды Ансардың кедейлерінің бес үйіне берді. Бұдан кейін: «Енді көңілім тыныш тапты», - деп көз ілдіріп алды (Ахмед VI, 104; ибн Сағд II, 237-238).

Мінекей жомарттардың сұлтаны Пайғамбарымыз (с.а.у.) өлім төсегінде жатса да инфақты (садақаны) тәрк етпеген еді.

***

Хазірет Хадиша анамыз (р.а.) ауқатты кісітұғын. Меккедегі байлардың бірі еді. Жанын, дүние-мүлкін, күллі байлығын Аллаһ Елшісінің жолына атады. Ислам діні алғаш келгенде материалдық және рухани тұрғыдан көптеген көмек көрсеткен жандардың бірі осы қадірлі анамыз болды. Сондықтан, опалықтың асқар шыңы Пайғамбарымыз (с.а.у.) анамызды ешқашан ұмытпайтын, әрдайым жақсылықтарын айтып еске түсіріп отыратын.

***

Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) сауда-саттықпен айналысатын әл-ауқаты жақсы кісі болатын. Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) пайғамбарлық келгенде қырық мың дирһамы бар еді. Дүниесінің үлкен бөлігін ислам жолында жұмсады. Қалған бес мың дирһамды һижрет еткенде өзімен бірге алып кетті.

Исламның алғашқы күндерінде мұсылман болып, қиыншылықтарға душар болған құлдарды өте қымбат бағаға сатып алып, азат ететін.[68]

Хазірет Әбу Бәкірдің мына сөздері ел арасында мәшһүр: «Маған дүниеде үш нәрсе сүйдірілді: Аллаһ Елшісі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жүзіне қарау, қызымның оған әйел болуы және оның жолында мал сарп ету».

***

68. Ибн Хишам I, Табари XXX, 279 (Ләйл сүресі, 5-7 аяттарының тәпсірінде).

Тәбук жорығына аттанардан алдын Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әскерлерге мұқтаж керекті құрал-жабдықтарды, заттарды қамтамасыз ету үшін сахабаларын инфақ жасауға үндеді. Ал ол шақта Мәдинаны аштық жайлап кеткен болатын. Осыған қарамастан сахабалар иманның асау толқынына малынып дүниенің күллі пайдасын тәрк етіп инфақ жарысына түсті.

Хазірет Әбу Бәкір дүние-мүлкінің барлығын алып келді (Тирмизи, Мәнақиб, 16/3675).

Бір сәті келгенде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жомарт жолдасының көңілін аулап: *«Әбу Бәкірдің мүлкінен пайдаланғаным тәрізді, өзге ешкімнің мүлкінен пайдаланған емеспін»*, - деп айтты.

Барша болмысын Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) пида еткен ол мубәрак сахаба бұл сөзді естіп, қатты толқып көз жасына ерік берді. Артынша Аллаһ жолында мал сарп етіп қол жеткізген рухани байлығының деңгейін көрсететін мына сөздерді айтты.

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен және дүние-мүлкім, тек сен үшін емеспіз бе?» (Ибн Мәжә, Муқаддима 11).

***

Хазірет Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге инфақ жасауды әмір етті. Ол кезде біраз дүние-мүлкім бартұғын. Өз-өзіме ішімнен: «Әбу Бәкірді озсам, бүгін озамын» деп мүлкімнің жартысын алып келдім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Үй-ішіңе не қалдырдың? - деп сұрады. Мен:

– Осы әкелгенімдей оларға қалдырдым, - деп жауап бердім.

Ал Әбу Бәкір мүлкінің барлығын алып келді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Әбу Бәкір, бала-шағаңа не қалдырдың? - деп сұрады. Ол:

– Оларға Аллаһты және Оның Елшісін қалдырдым, - деп жауап қайырды.

Өз-өзіме ішімнен: «Уаллаһи, оны ешқашан ешбір істе оза алмаспын», - дедім.

***

Абдуррахман ибн Хубаб (р.а.) былай деп әңгімелейді:

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларын «жайшул-ғусраға»[69] қол ұшын беруге үндеді. Мен сол сәтте оның қасында болатынмын. Осман ибн

69. Жәйшул Ғусра: қиыншылық әскері деген мағынады. Тәбук сапарына шыққан әскерге шарттарының қиындығына орай берілген есім.

Аффан (р.а.) орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ жолына ашамайымен, барлық керек-жарағы түгел жүз түйе менен болсын», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әскерге материалдық жәрдем етуге сахабаларын қайта шақырды. Хазірет Осман (р.а.) орнынан қайта тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ жолына ашамайымен, барлық керек-жарағы түгел екі жүз түйе менен болсын», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларын әскерге көмек беруге қайта үндеді. Осман (р.а.) орнынан қайта тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ жолына ашамайымен, барлық керек-жарағы түгел үш жүз түйе менен болсын», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мінберден түсіп келе жатып: «Османға (бұл істеген инфағының арқасында) бұдан кейін істейтін ешбір ісі оған залалын тигізбейді. Османға (бұл істеген инфақының арқасында) бұдан кейін істейтін ешбір ісі /оған зиянын тигізбейді», - деп айтқанын естідім (Тирмизи, Мәнақиб 18/3700); Ахмед V, 63).

Хазірет Осман (р.а.) бұған қоса мың динар әкеліп, Аллаһ разылығы үшін инфақ етті (Тирмизи, Мәнақиб 18/3701).

Бұл риуаяттар Хазірет Османның (р.а.) айрықша жомарттығымен қатар Аллаһ жолында жасалған инфақтың міндетті түрде қабыл болатындығын және Аллаһтың кешіріміне себепші болатындығын көрсетеді.

***

Пақыр мұсылмандардың бірі Ұлба ибн Зәйд (р.а.) түн ортасында ұйқысынан тұрып, намаз оқыды. Кейін: «Уа, Аллаһым» Сен жиһадқа шығуды әмір еттің. Оған үндедің. Ал шынында сен мені пайғамбарыңа еріп жиһадта мінетін көлікке ие етпедің. Пайғамбарыңа маған мінуге беретін көлікті де нәсіп етпедің. Мен әрқашан дүние-мүліктен, денемнен, заттардан мойныма түскен садақаны беріп келгенмін. Уа, Аллаһым! Құлдарыңның арасынан маған нәсіп еткен мына кішкене дүниемді инфақ етейін», - деп жалбарынды.

Таң атқаннан кейін Аллаһ Елшісіне келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Қолымда сарп ететін дүнием жоқ. Мына кішкене дүниемді инфақ етемін. Мені мұңайтқанға, маған қатты сөз айтқанға яки мені мазақ қылғанға ақым адал болсын (барлығын кештім)», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) махаббат, ықылас, жомарттық қана емес кең мейірім, кешірім толы сөздерді ести тұра тек: «Аллаһ инфағыңды қабыл етсін», - деумен ғана шектелді.

Ертеңіне Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған келіп: «Мен сенің садақаңды

қабыл еттім. Сені қуанышты хабармен сүйіншілеймін. Мұхаммедтің (с.а.у.) жанын қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, сен инфағы қабыл болғандардың қатарына жазылдың», - деді (Ибн Хажар, әл-Исаба II, 500; ибн Кәсир, әс-Сира IV, 9; Уақиди III, 994).

***

Әбу Масғұд әл-Ансари (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге инфақ жасауды әмір ететін. Арамыздағы бәз біреулер базарға барып, жүк таситын. Алатын ақысы бір «муд» (ас) болатын. Ол соның бір бөлігін инфақ етуші еді. Қазіргі таңда солардың әрбірінің жүз мың (динары) бар», - деген (Бұхари, Зекет 10).

***

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) орнынан тұрып: «Уа, жарандар! Инфақ етіңдер. Мен соған қиямет күні куәлік етейін. Бәлки араларындағы біреудің боталары тоқ, аунап-қунап жатқанда маңайындағы ұлы аштықтан белі бұралып жатыр. Бәлки араларындағы біреудің ағаштары жеміс беріп, дүние-мүлкі артып жатқанда, көршісі түгі жоқ жарлы. Жарлы жанұяға таңертең бір игілік, кешке бір игілік болатын бір сауын түйесін садақа ретінде беретін ешкім жоқ па? Түйе оларға таңертең, кешке шұбат берсін. Көздеріңді ашып жүріңдер. Мұның сауабы мол», - деді.

Бір кісі орнынан тұрып: Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің түйелерім бар. Төрт табын түйем бар (бұл түйелердің бірі садақа болсын)», - деді.

Басқа біреу орнынан тұрды. Бойы қысқа әрі сүйкімсіз жан болатын. Әдемі бір түйені жетектеп келе жатыр еді. Мұнафықтардың бірі Пайғамбар естімейді-ау деп: «Түйесі өзінен қайырлы екен», - деп сыбырлады.

Бірақ бұл сөзді естіп қалған Пайғамбар: «Өтірік айттың. Ол түйесінен де, сенен де қайырлы», - деді.

Абдуррахман ибн Ауф орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сегіз мың дирһамым бар. Төрт мыңын жанұяма қалдырдым. Төрт мыңын өзіммен алып келдім. Оларды Аллаһқа берейін», - деді. Мұнафықтар мұны көпсінді.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһым! Оның әкелгенін және жанұясына қалдырғанын берекелі ет», - деп дұға жасады.

Кейін Асым ибн Ади (р.а.) орнынан тұрып, жетпіс «уәсіқ»[70] құрманы инфақ етті. Мұнафықтар Абдуррахман мен Асымды келеке етіп: «Мыналардың ісі рия. Бұлар байлығымызды жұртқа көрсетіп қалайық

70. Уәсіқ: ауырлығы шамамен 200 кг салмақ өлшемі.

деп инфақ етті. Жасырып берсе болмай ма? Немесе бөліп-бөліп берсе болмай ма?» - десті.

Артынша Ансар Әбу Ақил (р.а.) орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің дүние-мүлкім жоқ. Бірақ кеше кешке пәленшелердің жүгін тасыған едім. Олар ақыма екі «сағ»[71] құрма берді. Екі сағ құрманың біреуін жанұяма қалдырдым. Ал екіншісін Аллаһқа жақын болу үшін инфақ етуге әкелдім», - деді. Мұнафықтар оны да келек етіп: «Түйесі барлар түйе әкелді. Күмісі барлар күміс әкелді. Ал мынау мына құрмаларды әкеліпті. Аллаһ Әбу Ақилдің бір сағ құрмасына мұқтаж емес», - десті.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһ сенің әкеліп бергеніңді де үйіңе қалдырғаныңды да берекелі етсін», - деп құрманың жиналған жәрдем ішіне төгілуін әмір етті. Бұл уақиғадан кейін төмендегі мына аят түседі:

«Садақалар жайында мүминдердің арасынан өз еріктерімен (садақа) **бергендерді, сондай-ақ шамасының жеткеніне қарай** (садақа) **бергендерді тәлкек еткендердің** (мұнафықтардың) **жазасын Аллаһ береді. Сонымен оларға** (тозақта) **күйзелтуші азап бар»** (Тәубе сүресі, 79-аят).[72]

***

Әбу Зәр (р.а.) былай деп әңгімелейді:

Бір күні Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бірге бесін намазын оқыдық. Мешітке бір пақыр келді. Сол жерде отырғандардан садақа сұрады. Бірақ ешкім садақа бермеді. Пақыр қолдарын аспанға көтеріп: «Уа, Аллаһым! Куә бол. Аллаһ Елшісінің мешітінде садақа сұрадым. Алайда ешкім маған садақа бермеді», - деді.

Хазірет Әли (р.а.) сол сәтте рукуғта еді. Пақырға оң қолының шынашағындағы жүзікке ишарат етті. Ол Әлидің қасына келіп, жүзікті шығарып алды. Хазірет Әлидің (р.а.) ишаратын және пақырдың жүзікті алғанын Пайғамбарымыз (с.а.у.) байқап қалған еді. Бұл уақиғаның артынша төмендегі мына аят түседі:

«(Уа, иман келтіргендер) **шынайы мәндегі сендердің достарың Аллаһ және Оның Елшісі, әрі иман келтіріп, намазды мүлтіксіз оқитындар,** (тіпті) **рукұғ халінде зекетті беретіндер** (болып табылады)**. Кімде-кім Аллаһты және Оның Елшісін, әрі иман келтіргендерді дос тұтса,**

---

71. Сағ: ауырлығы шамамен 3,328 кг салмақ өлшемі.

72. Алуси, Рухул Мағани, Бейрут X, 146; ибн Кәсир, Тәпсір IV, 127; Табари X, 251. Сонымен қатар қараңыз Бұхари, Зекет 10; Мұслим, Зекет 72.

күмәнсіз Аллаһтың тобы, міне солар жеңіске жетеді!» (Мәйда сүресі, 55-56 аяттар); (Рази XII, 23; Табари VI, 186).

***

Хазірет Омарға (р.а.) Хайбар олжасынан құнды (өте бағалы) бір жер түскен еді. Омар (р.а.) Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Хайбар олжасынан маған бір жер берілді. Өмірімде ондай бағалы жерім болған емес. Оны не қылуымды әмір етесің», - деді. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Қаласаң оның негізін уақыф етіп, инфақ ет»*, - деді.

Бұл сөзді естіген Омар (р.а.) жерін төмендегі мына шарттар бойынша уақыф етті.

«Оның негізі сатылмайды. Сыйға тартылмайды. Оған ешкім мұрагер бола алмайды. Ол пақырларға, жақын туыстарға, құл азат етуге, Аллаһ жолында жұмсауға, жолда қалып қойған жандарға, қонақтарға арналған. Оған басшылық еткен жанның, дүние жинамастан одан жеуінде және жолдасына жегізуінде ешқандай күнә жоқ» (Бұхари, Шурут 19, Уасайа 28, Айман 33; Мүслим, Уасият 15).

***

Әнәс (р.а.) былай деп нақыл етеді:

Мәдинадағы Ансардың арасында ең құрма бауы көп Әбу Талха (р.а.) болатын. Ең жақсы көретін дүниесі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мешітінің қарсы алдындағы «байруха» атты құрма бауы болатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бауға кіріп, оның тәтті суынан ішіп тұратын.

«Сүйген нәрселеріңді сарп етпейінше, «бирргe» (Аллаһтың разылығына) **қол жеткізе алмайсыңдар!»** деген аят түскенде Әбу Талха (р.а.) Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Хақ Тағала «Сүйген нәрселеріңді сарп етпейінше, «бирргe» (Аллаһтың разылығына) қол жеткізе алмайсыңдар!» деген аятын түсіріпті. Ең жақсы көретін дүнием «байруха» атты құрма бауым. Оны Аллаһ разылығы үшін инфақ етейін. Аллаһтан оның сауабын және ақырет азығым болуын тілеймін. Байруханы Аллаһтың саған көрсеткен жеріне жұмса», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Сені құттықтаймын. Пайдалы дүние деген осы. Айтқаныңды естідім Әбу Талха. Оны туыстарыңа беруді жөн көремін», - деді.

Әбу Талха (р.а.): «Иә, солай істейін, Аллаһтың Елшісі!» - деп бауын алыс туыстары мен немере туыстарына бөліп берді (Бұхари, Зекет 44, Уасайа 10, 17, 26, Тәпсір 3/5; Мүслим, Зекет 42, 43).

***

Құран Кәрімде Хақ Тағала былай дейді:

«Берген нәрсесінің сыйын бірнеше есе етіп қайтаруы үшін Аллаһқа игі қарыз берер жан жоқ па? (Ризықты) **тарылтатын да, молайтатын да тек (бір) Аллаһ. Әрі барлығың оған қайтасыңдар!»** (Бақара сүресі, 245-аят).

«Әл-Қарзул-хасан» (Аллаһқа игі қарыз беру) жайлы осы аят түскенде, Әбуд-Дахдах (р.а.) Аллаһ Елшісіне келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ бізден қарыз сұрай ма?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә, Әбуд-Дахдах! Аллаһ қарыз сұрайды», - деп жауап берді.

Мұны естіген Әбуд-Дахдах (р.а.) Пайғамбарыздан қолын ұсынуды өтінді. Оның қолынан ұстап тұрып: «Мен, ішінде алты жүз құрма ағашы бар бауымды Аллаһқа «қарзул-хасан» (игі қарыз) ретінде беремін», - деді.

Артынша бауға дейін жаяу жүріп келді. Баудың есігіне сүйеніп тұрып қалды. Әйелі балаларымен бірге баудың ішінде жүрген болатын. Әйеліне қарап: «Ей, Умму Дахдах! Баудан шығыңдар. Өйткені мен, бұл бауды Аллаһқа қарызға бердім», - деді.

Әйелі: «Ей, Әбуд-Дахдах! Өте пайдалы сауда-саттық жасапсың! Аллаһ саудаңды берекелі етсін», - деді. Артынша олар дереу баудан шығып, бауды Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) тапсырып кетті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Жәннатта Әбуд-Дахдах үшін әзірленген, бұтақтары салбыраған өте көп құрма ағаштары бар», - деді.

***

Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) қырық мың динарының он мыңын түнде, он мыңын күндіз, он мыңын жасырып, он мыңын елге көрсетіп инфақ еткен еді. Бұл уақиғадан кейін төмендегі мына аят түседі:

«Дүние-мүлкін күндіз-түні, жасырын немесе ашық (елге көрсетіп) **сарп еткендердің сыйы Раббыларының құзырында. Әрі оларға ешбір қорқыныш жоқ. Сондай-ақ олар ешқашан мұңға батпайды»** (Бақара сүресі, 274-аят); (Алуси, Рухул-Мағани III, 44).

Ал Хазірет Әлидің (р.а.) төрт дирһамнан өзге дүниесі жоқ болатын. Төрт дирһамның біреуін түнде, біреуін күндіз, біреуін жасырын, біреуін көпшілікке жария етіп инфақ етті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Әлиден (р.а.): «Неге олай еттің?» - деп сұрады.

Әли (р.а.): «Раббымның уәде еткен сауаптарына қол жеткізу үшін», - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Үміт еткен нәрсеңе қол жеткіздің», - деп оған

сүйінішті хабарды жеткізді (Уақиди, 95 бет).

***

Бір күні тіленшілердің бірі Хазірет Әлидің жанына келіп бір нәрсе сұрады. Хазірет Әли (р.а.) ұлы Хасанға яки Хүсейнге қарап: «Шешеңе барып, өзім беріп кеткен алты дирһамның біреуін алып кел», - деді. Ұлы үйге барып, қайтып келіп: «Шешем ол алты дирһамға ұн аламын деп айтты», - деді.

Хазірет Әли (р.а.): «Кез келген құл Аллаһтың құзырындағыға өз қолындағыдан артық сенбесе, иманы кемелденбейді. Шешеңе бар. Әкем алты дирһамның барлығын беріп жіберсін деп айтты де», - деп ұлын қайта жіберді.

Хасан немесе Хүсейн үйге барып, алты дирһамды алып келіп, әкесіне берді. Ол алты дирхамды түгелдей тіленшіге берді.

Хазірет Әли (р.а.) үйге беттеуі мұң-ақ екен түйесін сатуға келген бір кісі қасынан шыға келді.

Әли (р.а.) оған қарап:

– Түйеңді қаншаға сатасың? - деп сұрады. Ол:

– Жүз қырық дирһамға, - деп жауап берді. Әли (р.а.) оған:

– Ақшасын кейінірек алу шартымен түйені есікке байла, - деді. Кісі түйені есікке байлап, кетіп қалды. Сол сәтте басқа бір кісі келіп:

– Мына түйе кімдікі? - деп сұрады. Хазірет Әли (р.а.):

– Менмін, - деп жауап берді.

– Сатасың ба?

– Иә, сатамын.

– Қаншаға?

– Екі жүз дирһамға. Ол:

– Жарайды, келістік. Алдым, - деді.

Кісі екі жүз дирһам беріп, түйені алып кетті. Хазірет Әли (р.а.) түйенің иесіне жүз қырық дирһам берді. Қалған алпыс дирһамды Хазірет Фатимаға әкеліп берді. Хазірет Фатима анамыз: «Бұл қайдан келді?» - деп сұрады.

Хазірет Әли (р.а.): «Бұл Аллаһтың Құран Кәрімде: **«Кімде-кім бір жақсылық жасаса,** (жақсылығының сыйы) **оған он есе етіп беріледі»** деп айтып, Пайғамбары (с.а.у.) арқылы бізге уәде еткен сыйы», - деп жауап берді.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Хақ Тағаланың жолында жасалған игіліктің иләһи сыйларға себепкер болатындығын былай деп тілге тиек етеді:

«Бір кісі шөлде сапар шегіп келе жетқан еді. Көктен: «Пәленшенің бақшасын суғар», - деген дауыс естіді. Басын көтеріп көкке қарады. Көкте тек жалғыз бұлт болатын. Иә, дауыс сол жақтан келіп жатқан болатын. Кісі аң-таң болып, бұлттың соңынан ерді.

Тастақтау жерге келгенде, бұлт жаңбырын төгіп салды. Жаңбыр суы бір арыққа жиналып, аға жөнелді. Кісі арықты жағалап судың соңынан ерді. Қарсы алдынан бір бақша шықты. Бақша ішінде бір кісі қолындағы күрекпен суды қалаған жағына бұрып, бауды суғарып жатыр екен. Онымен сөйлесейін деген ойға бекінді.

– Уа, Аллаһтың құлы! Атың кім? - деп сұрады. Ол кісі оған бұлттан естіген есімді айтты. Кейін оған қарап:

– Неге атымды сұрадың? - деді. Ол:

– Бағанағы жаңбырды төккен бұлт бар еді ғой... - деп сөзге бастады – Біреу бұлтқа сенің атыңды атап, пәленшенің бақшасын суғар, - деді. Мен бұлттың соңына еріп осы жерге дейін келдім. Атыңды сұрауымның себебі осыда жатыр. Сен не істеп Аллаһтың мұндай игілігіне қол жеткіздің? - деп сұрады. Бақша иесі:

– Сұрап тұрсың ғой. Себебін айтайын. Мына сен көріп тұрған бақша өнімін бергенде есеп-қисап жасаймын. Өнімнің үштен бір бөлігін садақа ретінде таратамын. Үштен бір бөлігін бала-шағаммен азық етемін. Қалған үштен бір бөлігін тұқымға қалдырамын. Міне менің істейтінім осы, - деп жауап берді (Мүслим, Зүһд 45: Ахмед II, 296).

***

Әулиелердің бірі Хазірет Мұхаммед Сауқадан немере туысы бір нәрсе сұрап келген еді. Оның бұйымтайын естіген әулие жылай бастады.

Туысы: «Егер жылайтыныңды білгенде, қолқа салмас едім», - деді. Әулие: «Мен сен сұрамай тұрып неге бермедім деп жылап отырмын», - деді (Әбу Нұғайым, Хиля V, 6-7).

Хақ Тағала, пақырларды жүзінен тануымызды әдетке айналдыруды қалайды.[73] Өйткені мүминге жарасар асыл қасиет, мұқтажды сұратпай, душар болған қиыншылығына жәрдем ету болып табылады.

***

Бір фақиһ пен шейх Шиблидің арасында мынадай әңгіме жүріп өткен еді. Фақиһ шейхті сынайын деген оймен дүние-мүліктің қанша бөлігін

73. Бақара сүресі, 273-аят.

инфақ ету керектігін сұрады. Шейх Шибли: «Бұл сұрақтың жауабын фақиһтердің мәзһабына қарай ма? Жоқ әлде Хақ Тағалаға ғашық жандардың жаратылысына қарай жауабын берейін бе?» - деді.

Фақиһ: «Екеуінің де пәтуасына қарай», - деді.

Шейх Шибли: «Фақиһтердің мәзһабына сүйенсек, мысалы екі жүз дирһамның бір жыл өткеннен кейін қырықтан біріне тең болатын бес дирһамын беру керек. Ал Хақ Тағалаға ғашық жандардың пәтуасына көз жүгіртсек, екі жүз дирһамның барлығын беріп, «басымды құтқардым-ау» деп шүкір ету қажет», - деді.

Фақиһ: «Біз бұл пәтуаны (дүние-мүліктің қырықта бірін зекет ретінде беруді) ғалымдарымыздан үйренген едік», - деді.

Шейх Шибли: «Біз бұл пәтуаны Хазірет Әбу Бәкірден (р.а.) үйренген едік. Өйткені ол барша дүние-мүлкін Пайғамбарымыздың алдына әкелген еді», - деді.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Ей, Айша! Жарты құрма берсеңде, пақырдың қолын бос қайтарма,-деген еді. Осы хадис-шәріппен амал еткен марқұм әкем Мұса мырза, садақа сұрауды өзіне кәсіп еткен жандарға садақа беріп жатып: «Бермеуге дағдыланбау үшін, азда болса беріп тұрған дұрыс», - деуші еді.

***

Қысқасы инфақ ету Аллаһ Тағаланың көркем есімдерінің бір көрінісі болып табылады. Сондықтан инфақ етуді сүйгендер, Аллаһ Тағаланың жолында өзіне тиесілі пайды ала білгендерге жататыны сөзсіз.

Хақ Тағала біздің инфақ ететіндердің қатарына енуімізді қалайды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) құдси хадисте: *«Аллаһ Тағала сен инфақ ет. Мен де саған инфақ етейін»*, - деді. Аллаһтың қазыналары кең. Барша махлұқатқа берген ырыздығы оның қазынасын кемітпейді. Ол күні-түні үздіксіз инфақ етеді. Көк пен жерді жаратқан күннен бері инфақ еткен нәрселерін бір ойланып көр! Олар оның мүлкін кемітпеді, - дейді (Бұхари, Тәпсір 11/2, Таухид 22).

Аллаһ Тағала құлдарына берген ең үлкен сыйларының бірі садақа және инфақ ету жолдарын жеңілдетуі болып табылады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Дін бауырыңа қарап күлімсіреуің садақа. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюың садақа. Адасып қалғанға жол көрсетуің садақа. Көзі көрмейтін соқырға қол ұшын беруің садақа. Жолдағы тас, сүйек, тікен (секілді заттарды) алып тастауың садақа. Өз шелегіңнен, бауырыңның шелегіне су төгуің садақа»*, - деді (Тирмизи, Бирр 36/1956).

Яғни кез келген мүмин бай болсын, пақыр болсын шын пейілімен

ізденсе міндетті түрде инфақ ететін дүние табары даусыз. Өз мүмкіндігіне қарай дүние-мүлкінен, уақытынан, күш-қуатынан, білімінен, қабілетінен, өнерінен, тілінен, жүрегінен, дұғаларынан инфақ ете алады. Қоғамда тыныштық, бірлік, бауырмашылдықтың орнауы үшін мүминдердің аянбай еңбектенулері қажет.

Хақ Тағаланың разылығы үшіністелінген кез келген инфақ, ақырет азығы және мәңгі бақыт қоры. Мұны ұмытпалық бауырлар!

Б) АЛЛАҺ ЖОЛЫНДА ТЕР ТӨГУ

Аллаһ жолында аянбай тер төгудің, ислам дініндегі аты «жиһад» болып табылады. Жиһад, Ислам дінінің сақталуын, дамуын, өркендеуін қамтамасыз ететін барша іс-әрекетті қамтиды. Жиһадты тек қолға қару алып соғысу деп түсіну, үлкен қателік. Аяттар мен хадистерге көз жүгіртсек, бұл ақиқатты көруге болады. Өйткені қару, тек зұлымдықты тоқтату және ақиқатты орнату үшін қолданылатын соңғы шара екендігі хақ.

Жиһадттың мақсаты, адам баласының екі дүниелік бақытын қамтамасыз ету болып табылады.

Жиһад аяттары көп түскен Мекке дәуірінде, мүминдердің ауызға аларлық қарулы күші жоқ болатын. Олар, қарабайыр қараңғы дәуірдің жетегінде кеткен жандарға қарсы ислам дінін, яғни адамшылықты, ақиқатты, әділетті қолданды. Оған қоса кез келген жанға үлгі боларлық мүмин тұлғасын әрдайым ұсынып отырды. Құран Кәрім мүминдердің бұл халін **«үлкен жиһад»** деп атады.[74]

Міне, жиһад осындай мағынаға ие, ол мүминдердің ең қасиетті парыздарының бірі. Оның маңыздылығын мына жайттан аңғарамыз. Хақ Тағала кейбір әмірлерінің нисабын және нисбетін (өлшемін) көрсеткен. Мысалы, зекет осыған жатады. Намаз, ораза тағы басқалар да осылай. Аталмыш құлшылықтар белгілі мөлшерде өтелгенде, құл өзінің міндеттерін атқарған болып есептеледі. Бірақ жиһадтың нисабы да, нисбеті де жоқ. Яғни қолдағы бар мүмкіндікті Аллаһ жолында сарп ету дегенге саяды.

Осылай бола тұра, қазіргі таңда мән берілмейтін істердің бірі жиһад болып табылады. Ал ақиқатына жүгінсек, ол парыздардың алғашқы қатарына жатады. Бірақ мұсылмандардың көпшілігі, болмашы бір іс істеп жауапкершіліктен құтылғандығын ойлайды. Босаңсуға жол береді. Ал бәз біреулер, тіпті белгілі мөлшер қойылмаған бұл істен бейхабар. Хақиқи мүмин, оған иман нығметін жеткізгендерге алғысын білдіруімен

74. Фурқан сүресі, 52-аят.

қатар, оны келер ұрпаққа жеткізуі қажет. Өйткені қазіргі таңдағы ең үлкен жиһад, мүминнің өз қоғамындағы жауапкершілігін сезінуі болып табылады. Адамдарды жақсылық жасауға үгіттеп, жамандық атаулыдан тыйып, бойындағы қасиеттерімен өзгеге үлгі болуы керек.

Аллаһ жолында еңбектену кез келген мүмин үшін үлкен бақыт. Хақ Тағала, өзінің разылығына қол жеткізуге талпынған құлдарын былай деп суреттейді: **«Уа, иман келтіргендер! Сендерге, жан түршігерлік азаптан құтқаратын сауданы көрсетейін бе?** (деп айт)**. Аллаһқа және оның елшісіне иман келтіресіңдер! Дүние-мүліктеріңмен және жандарыңмен Аллаһ жолында күресесіңдер! Біле білсеңдер, бұл істерді** (іске асыруларың) **сендерге қайырлы»** (Саф сүресі, 10-11 аяттар).

Ұлы Раббымыз, өз жолында бір-біріне жәрдем етіп бір текті, бауыр сияқты еңбектенген құлдарын жақсы көретіндігін Құран Кәрімде айтып өткен.[75] Оларға мынадай сүйінішті хабарды жеткізеді:

«Біздің жолымызда күрескендерге, міндетті түрде тура жолдарды көрсетеміз!» (Ғанкабут сүресі, 69-аят).

Өйткені Аллаһтың мейіріміне лайық кісілер тек осындай кісілер болады.[76]

Хазірет Мәулана кез келген істе, кез келген жерде, кез келген шақта Аллаһ жолында тер төгудің керектігін былай деп жеткізеді:

«Қаласа ақырын әрекет етсін, қаласа асығып-аптықсын, кісі алдына қойған мақсатына ертелі-кеш жетеді. Ей, Хақ Тағаланың жолында еңбектеніп жүрген жан! Қалауыңнан, мақсатыңнан айрылып қалма! Өйткені мақсат – өте ғажап жол көрсетуші. Ақсақ болсаң да, мүгедек болсаң да тіпті кемшілігің көп болса да оның жолында бол. Оған қарай ұмтыл. Оны, яғни Аллаһты ізде!

Аллаһ жолында оқтай заулап, оған қарай жүруге, жүгіруге күш сал. Кейде орынды сөз сөйлеп, ал кейде орынсыз сөз сөйлеуден аулақ болып, ғажайып тұлға Пайғамбарымыздан өнеге алуға тырыс».

Тағы да сол Хазірет Мәулана басқа бір сөзінде былай дейді.

«Ұйықтасаң да Аллаһ жолында ұйықта. Жолдан қалып қойма. Бәлки жолыңда біреу кезігіп, сені ғапылдықтан құтқарып қалар».

Бір күні ардақты сахабалардың бірі Пайғамбарымыздан (с.а.у.) қандай құлшылықтың жиһадқа тең келетінін сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған тең келетін құлшылықтың жоқ екендігін жеткізді. Бірақ әлгі сахаба қайта-қайта сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайырған жауабын

75. Саф сүресі, 4-аят.
76. Бақара сүресі, 218-аят.

қайта қайталады. Артынша әлгі сахабаға қарап: *«Аллаһ жолында жиһад еткен жан кімге ұқсайтынын білемісің? Соғысқа кеткен жігіт, майданнан қайтып оралғанға дейін, үзбей намаз оқитын, ауыз ашпастан ораза ұстайтын, Аллаһтың аяттарын мүлтіксіз жүзеге асыратын жанға ұқсайды. Сенің бұған шамаң жете ме?»* - деді (Бұхари, Жиһад 1; Мүслим, Имара 110; Тирмизи, Фадайлул-жиһад 1).

Аллаһ жолында еңбек ету, кез келген жанның шама-шарқы мен қабілетіне қарай өзгеріп отырады. Біреу дүние-мүлкімен, ал біреу жан-тәнімен тер төгеді. Бәз біреулер білімімен, тағы да басқа бойындағы қасиеттерімен Аллаһ жолында аянбай еңбектенеді. Мүмин ниеті арқылы, істеген әрбір ісін Аллаһ жолына арнай алады. Ішіп-жеуі, жұмыс істеуі тіпті ұйқыға бас қоюының өзі Аллаһ жолында істелген іс ретінде қабыл етіледі. Адал мал табуға күш салуы, кемшіліксіз құлшылық ету үшін дұрыс тамақтануы құлшылық болып саналады. Сонымен қатар, Хақ Тағаланың дініне қол ұшын беруі Аллаһ жолында еңбектенуге кіреді.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үлкен қарапайымдылық, сыпайылық танытып Аллаһ үшін қолынан келген істің бәрін іске асырып отырған. Бір мемлекеттің басшысы бола тұрып Пайғамбар мешіті салынғанда сахабаларымен бірге кірпіш тасыды. Ол кірпіш тасып жүріп:

هذَاالْحِمَالُ لاَ حِمَالَ خَيْبَرْ
هذَا أَبَرُّ رَبَّنَا وَ أَطْهَرْ

«Бұл жүк Хайбар жүгі емес. Уа, Раббымыз! Бұл сенің құзырыңда мәңгі қалатын, өзгеден жақсы әрі таза іс», - деп айтушы еді (Бұхари, Мәнақибул-Ансар 45).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл сөздерімен сахабалар әрі өзі тасып жүрген жүктің дүниелік бір пайда үшін емес екендігін көрсетті. Әрі Аллаһ жолына төгілген тердің саудагерлердің Хайбардан алып келіп жатқан құрма, мейіз секілді материалдық дүниенің пайдасынан артық, қайырлы екендігін білдіргісі келді.

Сол мешіт салынып жатқанда топырақ тасып жүрген бір кісі Пайғамбарымызды көріп қалып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Рұқсат бер, кірпішіңді мен тасиын», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Сен бар, басқа кірпішті тасы. Өйткені сен Аллаһқа менен артық мұқтаж емессің»*, - деді.[77]

77. Сәмхуди, Уәфаул Уәфа, Бейрут 1997, I, 333.

Демек, кез келген кісі Аллаһ Тағалаға мұқтаж. Оның разылығына қол жеткізу үшін қолынан келген әрбір істі жүзеге асыруға міндетті. Сондықтан, өзін мұсылманмын деп атаған кісі мүмкіндігінше Аллаһ жолында шын пейілімен еңбектенуі қажет. Хақ Тағала құлының шамасы жетпеген істен жауапқа тартпайды. Ал шамасы жетіп тұрып, іске асырмаған істерінен есепке тартуы хақ.

***

Пайғамбар мешіті салынып жатқан шақ болатын. Әркім бір-бір кірпіштен тасып жатса, Аммар ибн Ясир (р.а.) бір кірпішті өзі үшін, ал екінші кірпішті Пайғамбарымыз (с.а.у.) үшін, екі-екіден тасып жүр еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұны байқап қалып, үстіндегі шаңды қағып: «Ей, Аммар! Сен неге жолдастарың секілді бір-бірден тасымайсың?» - деп сұрады.

Ол: «Мұның сауабын Аллаһтан алуға үміттенемін», - деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның арқасын сипап: Ей, Сумайяның ұлы. Өзге жандар бір сауап алады. Ал сен екі сауап аласың», - деді (Ахмет III, 91; ибн Кәсир, әл-Бидая III, 256).

***

Абдулла ибн Әуфа (р.а.) әйелі қайтыс болғанда айтқан мына төмендегі сөздері сахабалардың Аллаһ жолында қызмет етуге, тер төгуге деген құлшыныстарын көрсетеді.

«Оның табытын көтеріңдер! Құлшынып көтеріңдер! Өйткені ол және қызметшілері, тақуалыққа негізделген Пайғамбарымыздың мешіті үшін түндерде де тас таситын. Біз еркектер күндіз екі-екі таситынбыз» (Хайсами II, 10).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларымен бірге Бәдірге бет алған еді. Мінетін түйе саны жеткіліксіз болғандықтан, бір түйеге үш кісі кезектесіп мінетін. Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хазірет Әли (р.а.) және Әбу Лубабамен (р.а.) кезектесіп бір түйеге мінетін. Міну кезегі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келгенде қасындағы жолдастары: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз мініңіз. Біз жаяу жүрейік», - деп айтқан еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Сендер мен секілді жаяу жүруге шыдамды емессіңдер. Сонымен қатар сендер тәрізді менің де сауап алуға мұқтаждығым бар», - деді (Ибн Сағд II, 21; Ахмет I, 422).

Мінекей Аллаһ Елшісінің сауапқа қол жеткізу ісіндегі таусылмас қажыры. Кез келген мұсылман Пайғамбарының (с.а.у.) ізіне түсіп, сауапқа, жақсылық жасауға тоймауы керек. Соңғы деміне дейін Аллаһ жолында сауап алатын адымдар жасауы тиіс. Хадис-шәріпте: «*Таңертең немесе кешке азғантай уақыт Аллаһ жолында жүру, барша дүниеден және оның ішіндегіден қайырлы*», - деп айтылған (Бұхари, Жиһад 6).

Жас сахабалардың Аллаһ разылығына қол жеткізуге деген қайратын, жігерін көрсететін мына мысалдар өте мағыналы.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Бәдірге бет алмастан бұрын, алдымен әскеріне көз жүгіртіп жасы он бестен төмен болғандарды кері қайтарды. Сағд ибн Уаққас сол күні басынан өткізген уақиғасын былай деп әңгімелейді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жасы кіші болғандарды кері қайтармас бұрын бауырым Умайырдың жасырынып қалуға әрекет жасап жатқандығын байқап қалдым. Жанына барып:

– Саған не болды? - деп сұрадым. Ол:

– Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мені жасы кіші деп қайтарып жібере ме деп қорқып тұрмын. Ал мен шынында жорыққа шыққым келіп тұр. Әрі Аллаһтан менің шәһит болуымды нәсіп етеді деп үміттенемін, - деп жауап берді.

Расында бауырым Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) көрсетілген сәтте, Пайғамбарымыз оның әлі кішкентай екендігін байқап:

– Сен кері қайт, - деді. Умайыр жылай бастады. Оның қайғыруын қаламаған Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған жорыққа аттануға рұқсат берді. Умайыр жасы кіші болғандықтан қылышын мен байлап беретінмін. Бәдірде шәһит болғанда оның жасы он алтыда еді (Уақиди I, 21; ибн Сағд III, 149-150).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Ұхуд соғысына аттанбас бұрын әскерін қарап шықты. Соғысуға жарайтын жастағыларға рұқсат беріп, ал жасы жетпегендерді кері қайтарып жатты. Самура ибн Жундап және Рафи ибн Хадиж кері қайтарылғандардың қатарында еді. Зухайыр ибн Рафи Пайғамбарымызға келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Рафи жақсы садақ атады», - деп жорыққа аттанатын әскерге оның да қосылуын сұранды. Рафи ибн Хадиж уақиғаны былай деп жалғастырады.

«Аяғыма мәсі киіп алған болатынмын. Саусақтарымның ұшымен тұрып, ұзын көрінуге тырыстым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әскерге қосылуыма рұқсат берді. Самура ибн Жундап жорыққа аттануға маған рұқсат етілгендігін естіп өгей әкесі Мурай ибн Синанға: «Әкешім! Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Рафиға рұқсат беріпті. Мені болса кері қайтарып жіберді. Ақиқатына жүгінсек мен оны күресте жығамын», - деді. Мурай (р.а.) Пайғамбарымызға (с.а.у.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің ұлымды кері қайтарып, Рафиға рұқсат беріпсіз. Ал ұлым күресте Рафиды жығып

кетеді», - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Самура мен маған қарап: «Қанекей күресіңдер», - деді. Күрестік. Самура мені жығып кетті. Мұны көрген Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған рұқсат берді.[78]

***

Жас сахабалардың бірі Мусғаб ибн Умайыр (р.а.) Ұхуд соғысында Аллаһ Елшісін қорғаймын деп жүріп шәһит болды. Періштелердің бірі оның бейнесіне кіріп, қолынан туды алған еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның шәһит болғандығынан бейхабар болғандықтан, туды ұстап жүргенге қарап: «تَقَدَّمْ يَا مُصْعَبُ - Уа, Мусғаб! Алға!» - деп айқайлады. Дауысты естіген періште бұрылып қарағанда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мубарак сахабасының шәһит болғандығын аңғарды. Біраз уақыт өткеннен кейін Мусғаб ибн Умайырдың денесі табылды. Алайда оны орайтын кебін табылмады (Ибн Сағд III, 121-122).

Кейін әйтеуір қысқа бір кебін табылды. Басын жапса аяғы көрініп, аяғын жапса басы көрініп тұрды. Жағдай Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) айтылды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) мубарак шәһиттің басын кебіндеуді, ал аяқтарын «арфаж» деп аталатын хош иісті өсімдікпен жабуды әмір етті (Бұхари, Жанайз 27).

***

Мұсылмандар Бәдірге келіп аяқ тіреді. Құрайыш руы Умайыр ибн Уәһб және атты әскерлердің бірі Әбу Усаманы бір-бірінің артынан мұсылмандарды барлауға жіберді. Ислам әскерін айналып қарап шыққан екі барлаушы бір-біріне ұқсас мынадай мағлұмат әкелді. «Уаллаһи, қысыр әрі ірі түйелер, аттар, мол әскер және үлкен дайындық көрмедім. Алайда бір жамағатты көрдім. Олар жанұяларына қайтуды емес, шәһит болуды армандап келген екен. Қылыштан өзге өздерін қорғайтын карулары, бас сауғалайтын баспаналары да жоқ» (Уақиди I, 62).

***

Әнәс (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бәдірге мүшріктер таяп қалған болатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Биіктігі көк пен жердің арасындай жәннатқа кіру үшін ұмтылыңдар», - деді. Ансар Умайыр ибн Хумам (р.а.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Биіктігі көк пен жердің арасындай жәннатқа ма? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Иә, - деп жауап берді. Умайыр (р.а.):

– Нендей керемет! Нендей ғажап, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Неге олай дедің? - деп сауал қойды. Умайыр (р.а.):

78. Табари, Тарих, Кайр 1990, II, 505-506; Уақиди I, 216.

– Аллаһқа ант етейін, уа, Аллаһтың Елшісі! Жәннаттық болуды қалағандықтан айтып қалдым мына сөзді. Өзге ойым жоқ, - деп жауап берді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Шүбәсіз, сен жәннаттықсың, - деді.

Мұны естіген Умайыр (р.а.) дорбасынан бірнеше құрма шығарып жей бастады. Кейін:

– Егер мына құрмаларды жеп бітіргенше өмір сүрсем, бұл шыныменақ ұзын өмір, - деп қолындағы құрмаларды лақтырып жіберіп шайқас алаңына тұра жүгірді. Демі таусылып шәһит болғанға дейін мүшріктермен соғысты» (Мүслим, Имара 145; Ахмет III, 137).

***

Тауафа руының саудагері өз басынан кешірген уақиғасын былай деп тілге тиек етеді.

«Керуенмен бірге Мәдинаға келдім. Тауарды сатып бітіргеннен кейін өз-өзіме: «Мына кісіге (пайғамбарымызға) соғып, руыма ол жайлы ақпарат жинайын деген оймен Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келдім. Маған бір үйді көрсетіп: «Мына үйде бір әйел тұрады. Мұсылман әскерімен бірге ғазауатқа барды. Үйінде он екі ешкі және тоқыма жиһазы қалған еді. Қайтып келгенде он екі ешкі мен тоқыма жиһазының жоғалғанын көрді. Хақ Тағалаға жалбарынып: «Уа, Раббым! Сен, сенің жолыңда сапар шеккен жандарды өз қорғауыңа алатыныңды білдірдің. Кепіл болған едің. Ешкілерім мен тоқыма жиһазым жоғалып кетіпті. Сенен ешкілерімді және тоқыма жиһазымды қайтарып бер», - деп дұға етті. Таңертең ұйқысынан оянғанда жоғалған ешкілері мен тоқыма жиһазының екі есе артық болып, орнында тұрғандығын көрді. Сол әйел анау жерде. Қаласаң өзінен сұра», - деді.

Мен: «Саған сенемін. Сені растаймын. (әйелден сұраудың қажеті жоқ)», - дедім.

***

Ансар Сәлім руының көсемі Амр ибн Жамух ақсақ кісі болатын. Төрт ұлы бар еді. Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бірге жорықтарға барып тұратын. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Ұхуд ғазауатына аттанайын деп жатқан тұста, Амр ибн Жамух әскер қатарына қосылуды қалады.

Ұлдары: «Саған жиһад парыз емес. Аллаһ Тағала сені үзір иесі ретінде қабыл етті. Біз сенің орныңа барамыз», - десті.

Амр ұлдарына: «Сендер Бәдір соғысында жәннатқа кіруіме кедергі болған едіңдер. Уаллаһи, мен бүгін тірі қалсам да, басқа күні шәһит болып жәннатқа кіремін», - деді. Кейін әйеліне қарап: «Барлығы шәһит болып жәннатқа кетіп жатқанда, мен сендердің қастарыңда омалып отырайын

ба?» - деп айқайлады. Дереу қолына қалқанын алып: «Аллаһым! Мені үйіме кері қайтарма», - деп дұға етті. Артынша Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Ұлдарым мені Мәдинаға тастап кетпек ойлары бар. Маған сенімен бірге ғазауатқа баруыма кедергі болып жатыр. Уаллаһи, мен мына ақсақ күйімде жәннатта аяқ басып жүруді тілеймін», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһ Тағала сені үзір иесі ретінде қабыл етті. Саған жиһад парыз емес», - деді.

Амр: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сен, менің соңғы демім біткенше Аллаһ жолында шайқасып шәһит болып, мына ақсақ аяғыммен жәннатта жүруімді жөн көрмейсің бе?» - деді.

Алллаһ елшісі (с.а.у.): «Иә. Жөн көремін», - деді. Амрдың ұлдарына: «Әкелеріңнің ғазауатқа баруына кедергі болмаңдар. Мүмкін Аллаһ оған шәһит болуды нәсіп етер», - деді.

Амр қыбылаға қарап: «Аллаһым! Маған шәһит болуды нәсіп ет. Мені одан мақұрым етіп, үмітін үзген жан етіп үйіме кері қайтарма», - деп дұға етіп ғазауатқа қатысты.

Ұхуд соғысына қатысып, шәһит болуға сусап жүрген бұл ардақты сахаба шайқас алаңында: «Уаллаһи, мен жәннатты сағынып жүрмін»,- деп өзін қорғауға тырысқан бір ұлымен бірге шәһит болған еді. Кейінірек Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ол жайлы: *«Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, Амрдың жәннатта ақсаңдап жүргендігін көрдім»*, - деді (Уақиди I, 264-265; ибн Әсир, Усдул-Ғаба IV, 208).

***

Өз руының ислам дінін қабыл етуіне қарсы шығып, кейін бұл әрекетіне қатты өкінген Усайрам (р.а.) бес қаруын түгел асынып Ұхудқа келді. Пайғамбарымызға жақындап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сенімен бірге шайқасқа қатысайын ба? Жоқ әлде әуелі мұсылмандықты қабыл етейін бе?,-деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Алдымен мұсылмандықты қабыл ет. Кейін шайқас»,-деп жауап берді. Усайрам (р.а.) дереу мұсылмандықты қабыл етіп, шайқасқа кірісіп кетті. Жараланып шәһит болды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ол жайлы: *«Аз еңбектеніп, көп пайда тапты»*, - деген еді (Бұхари, Жиһад 13; Мүслим, Имара 144).

Жаралылардың арасында жатып, өзіне қайран қалып қарағандарға соңғы демінде: «Мен мұсылмандықты қабыл етуге келген едім. Аллаһ және Оның Елшісі үшін соғысып, жараланып қалдым», - деп жатты.

Әбу Һұрайра (р.а.) бұл мубәрак шәһитті жұмбақ секілді жасырып: «Айтыңдаршы! Кім өмірінде бір мәрте намаз оқымастан жәннатқа кірген еді?» - деп адамдардан сұрайтұғын. Адамдар жауабын таба алмай,

Әбу Һұрайраға өзің жауабын айт деп қолқа салатын. Әбу Һұрайра: «Ол, Усайрам! Яғни Амр ибн Сабит», - деп айтатұғын (Ибн Хишам III, 39-40; Уақиди I, 262).

***

Жәбир (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Ұхуд соғысына аттанбастан бір күн бұрын түнде әкем мені шақырып алып: «Пайғамбардың (с.а.у.) сахабаларының арасында алғашқы шәһит болатын мен-ау деп ойлаймын. Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) кейін соңымда қалып бара жатқан ең сүйікті, қымбатты адамым сенсің. Қарыздарым бар еді. Соларды төлеп шық. Бауырларыңа әрдайым жақсы мәміле жаса», - деді.

Басқа бір риуаятта бұл иманға толы тебіренісін ұлымен бөлісуді қалап: «Жәбир! Үйде қорғауыңа мұқтаж қыздар болмағанда, сенің де шәһит болуыңды тілер едім», - деген еді.

Әңгімені Жәбир (р.а.) былай деп жалғастырады: «Таңертең әкем ең алғашқы шәһит болды. Өзге шәһитпен бірге бір қабірге жерледім. Кейінірек оны жеке жерлейін деген ойға бекіндім. Жерленгеніне алты ай толған еді. Қарасам: «Құлағынан (құлағының бір бөлігінен) өзге, барша мүшесі қабірге жерлеген күйімде сақталыпты. Оны жеке өзін бір қабірге жерледім (Бұхари, Жанайз 78).

***

Хазірет Жәбир (р.а.) басқа бір риуаятта былай деп әңгімелейді.

«Бір күні мұңайып жүргенімде Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) кездестім. Маған қарап: «Неге сені мұңайған күйде көріп тұрмын?» - деп сұрады.

Мен: «Әкем Ұхудта шәһит болды. Артында бағып-қағуға мұқтаж көп бала-шаға мен едәуір қарызы қалды», - деп жауап бердім.[79]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Хақ Тағаланың әкеңді қалай қарсы алғанын саған айтайын ба?», - деп сауал қойды.

Мен: «Иә», - деп жауап бердім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһ ешкіммен бетпе-бет сөйлеспейтін. Тек перде артынан сөйлесуші еді. Бірақ әкеңді қайта тірілтіп, пердесіз бетпе-бет сөйлесті.

Аллаһ Тағала: «Ей, құлым! Қалағаныңды сұра, мен берейін», - деді.

---

79. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Жәбирге (р.а.) қай жағынан болмасын әрқашан көмегін аямаған болатын. Мысалыға оның қарызынан құтылуы үшін бақшасына барып дүние-мүлкінің берекетті болуын Аллаһ Тағаладан сұраған. Пайғамбарымыздың дұғасынан кейін Жәбирдің (р.а.) дүние-мүлкінің берекеті ерекше артып, барлық қарыздарын өтеген еді. (Бұхари, Уасая 36, Истиқраз 9, Жихад 49, Буюғ 34; Муслим, Мусақат 109,; Ахмед III, 303, 373, 391).

Әкең: «Уа, Раббым! Мені қайта тірілт. Сенің жолыңда қайтадан шәһит болайын», - деді.

Аллаһ Тағала: «Мен бұдан бұрын өлгендер дүниеге қайтып оралмайды деп үкім еткенмін», - деді.[80]

Әкең: «Уа, Раббым! Олай болса, (менің халімді) артымда қалғандарға жеткіз», - деді.

Әкеңнің қалауымен төмендегі мына аяттар түсті:

«(Уа, Мұхаммед!) **Аллаһ жолында қаза тапқандарды өлді деп санама! Керісінше олар тірі. Әрі Раббыларының құзырында ырыздыққа кенелуде! Раббыларының игілігінің арқасында берілген нығметтерге қуанып, әзірше өздеріне қосылмай артта қалып қойғандарға: «Оларға ешқандай қорқыныш болмайды. Әрі мұңға батпайды», - деп сүйінішті хабар жеткізгілері келеді»** (Әли Имран сүресі, 169-170 аяттар); (Ибн Мәжә, Мұқаддима 13/190).

Хазірет Айша (р.а.) анамыз ардақты сахабалардың Аллаһ жолындағы еңбегі мен құлшынысына қатысты көзімен көргендігін былай деп риуаят етеді:

«Хәндәк ғазауатында адамдардың соңынан жүріп келе жатқан болатынмын. Артымнан бір дауыс шықты. Бұрылып қарасам Сағд ибн Муғаз бен бауырының ұлы Хариса ибн Аусті көрдім. Тұрған орнымда отыра кеттім. Сағдтың үстінде тар сауыты бар екен. Қолдары сауыттан шығып тұр. Жиһадқа қатысуға үндейтін, ажал келгенде өлімнің нендей керемет екендігін көрсететін өлең жолдарын айтып келе жатыр еді. Анасы оған: «Балам! Жүгір, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) жет. Уаллаһи кешіктің!», - деп айтып жатты.

Мен Сағдтың анасына: «Сағдтың сауыты бүкіл денесін жауып тұрса жақсы болар еді», - дедім. Сауыттан шығып тұрған қолдарына оқ тиеді-ау деп қорықтым.

Анасы: «Аллаһ үкімін орындайды (яғни жазмыштан озмыш жоқ)», - деді. Шынымен-ақ, Сағд сол күні жараланып қалды (Ахмед VI, 141; ибн Хишам III, 244).

Хазірет Сағд (р.а.) жарақатының ауыр әрі өліміне себепкер болатындығын байқағанда: «Аллаһым! Егер Құрайыш руының мүшріктерімен тағы да қандай да бір шайқасуды жазып қойсаң, мені сол шайқасқа тірі қалдыр. Өйткені олар сенің Пайғамбарыңа жамандық атаулының барлығын жасады. Оның айтқандарын өтірік деп ушықтырды. Оны елінен қуып шықты. Құрайыш руымен соғысуды өзге рулармен соғысудан артық көремін. Егер осы өткен соғыс бізбен олардың

80. Тирмизи, Тәпсір 3/3010.

арасындағы соңғы соғыс болса, жарақатымды шәһит болуыма себепкер ет. Мені құзырыңа қабыл ет. Құрайза руының жазаландырылғанын көргенімше жанымды алма», - деп дұға етті.

Сағд (р.а.) дұғасын бітірмей жатып жарақатынан ағып жатқан қан тоқтады. Бір тамшы да тамбады (Тирмизи, Сияр 29/1582; Ахмед III, 350).

Хазірет Сағд (р.а.) Құрайза руының жазаландырылғанын көрген сәтте ескі жарақаты ашылды. Біраз уақыт өткеннен кейін пайғамбар ғашығы бұл сахаба рухын шәһит ретінде Аллаһқа тапсырды.[81]

***

Тәбук жорығына дайындық жүріп жатқан болатын. Қадірлі сахабалар Пайғамбарымызбен (с.а.у.) бірге Аллаһ жолында жандарын пида етуге құштарланып жүрген еді. Бірақ сахабалардың арасынан пақыр жеті кісі шықты, жорыққа мінетін көліктері жоқ болатын. Әскер қатарында жауынгерлер көбінесе екі кісі бір түйеге немесе үш кісі бір түйеге кезектесіп мінетін. Алайда жорыққа қатысуды шын пейілімен қалап, Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) әрдайым бірге болуды ойлаған кейбір сахабалардың тіпті кезектесіп мінетін бір түйесі жоқ еді. Олар Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп, жағдайларын айтты. Сол сәтте олардың жорықтан босатылғандықтары жайлы төмендегі мына аят түсті.

«(Уа, елшім! Жорыққа аттану үшін) **сенен көлік сұрап келгенде сен: «Сендерге берер көлігім жоқ!», - деп айтқан, әрі** (көлік сатып алуға) **сарп етерлік дүние-мүлкі болмай, мұңға батып, көз жасына ерік бергендерге кінә жоқ»** (Тәубе сүресі, 92-аят).

Аятта Хақ Тағаланың разылығына қол жеткізуге, Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) әрдайым бірге болуға деген қайғыдан көз жасын төккен бұл сахабалардың мұқтаждықтарын ибн Ямин (р.а.), Хазірет Аббас (р.а.), Хазірет Осман (р.а.) өтеді.[82] Ал қалған бір бөлігіне Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мінерге көлік берді (ат немесе түйе) (Бұхари, Мағази 78).

Жорықтан босатылғандықтары жайлы аят түссе де Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) бір елі ұзақ қалып қою көңілдеріне ауыр тиген әрі Хақ Тағалаға деген махаббатпен ішкі жан сарайлары толы сахабалар осындай ғажап құлшыныс, пейілдерінің арқасында жорыққа қатысу мүмкіндігіне ие болды.

***

Сахабалар Тәбук жорығына аттанып кеткен болатын. Біраз жер жүріп өтті. Көп уақыт өткеннен кейін сахабалардың бірі Әбу Зәр (р.а.) әскердің соңынан қуып жетті. Ол астындағы көлігі нашар болғандықтан

81. Ибн Хишам III, 271.
82. Ибн Хишам IV, 172; Уақиди III, 994.

артта қалып қойған еді. Жолда көлігін тастап, алуан түрлі машақатқа түсіп жаяу келді. Мұны байқаған Пайғамбарымыз (с.а.у.) күлімсіреп: «Аллаһ амандық берсін! Әбу Зәр жалғыз өмір сүреді. Жалғыз өледі. Жалғыз қайта тіріледі», - деді.

Аллаһ Елшісінің бұл мұғжиза сөздері уақыты келгенде жүзеге асқан еді. Шынымен-ақ, Әбу Зәр (р.а.) жалғыз өмір сүріп, жалғыз қайтыс болды (Уақиди III, 1000).

***

Аллаһ жолындағы өз жауапкершілігінен қашу кісінің рухани тұрғыдан күйзеліске ұшырауына жол ашуы әбден мүмкін. Сахабалардың бірі Әбу Хайсама (р.а.) Тәбук жорығының машақатын ойлап, Мәдинада қалып қойған болатын. Бір күні бақшасындағы шартақта жанұясы оған дастарқан жайып қойған еді. Әбу Хайсама дастарқанды көргенде, орнында бір сәт тұрып қалды да, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мен сахабалардың қандай күйде екендігін және өзінің қандай күйде екендігін қас-қағым сәтте ойлап үлгерді. Жүрегі сыздап, өз-өзіне: «Олар мынадай ыстықта Аллаһ жолында машақаттарға түсіп жатқанда, менің мынау отырысым оғаш емес пе?» - деді. Осы өкініш бойын билеп әкетіп, дастарқанға отырмастан жолға түсті. Тәбукте ислам әскеріне келіп қосылды. Әбу Хайсаманың келгендігін көрген Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның бұл әрекетіне риза болып: *«Ей, Әбу Хайсама! Күйреуіңе аз-ақ қалып еді»*, - деп оның кешірімі үшін Хақ Тағалаға дұға етті (Ибн Хишам IV, 174; Уақиди III, 998).

***

Бір күні Харис ибн Хишам (р.а.) мен Суһайыл ибн Амр (р.а.) екеуі бірге Хазірет Омарға (р.а.) келді. Оны екеуі ортасына алып әңгімелесті. Біраз уақыт өткеннен кейін алғаш һижрет еткен Мұһажирлер келе бастады. Әрбір мұһажир келгенде Хазірет Омар (р.а.) екеуіне: «Сен былай отыр Суһайыл, сен алға жылжы Харис», - деп оларды шетке ығыстырды. Кейінірек Ансар келе бастады. Хазірет Омар (р.а.) тағы да Суһайыл мен Хариске келген Ансарға орын берулерін әмір етті. Осылайша екеуі топтың ең соңынан бірақ шықты. (Хазірет Омар (р.а.) мәжілісіне келген әрбір адамды Исламға кірген уақытына және ықыласына қарай жанына отырғызатын).

Хазірет Омардың (р.а.) мәжілісінен шыққаннан кейін Харис Суһайылға қарап: «Омардың бізге істегенін көрдің бе?» - деді.

Суһайыл (р.а.): «Оны тілдеуге құқығымыз жоқ. Біз айыпты өз бойымыздан іздейік. Олар Исламға шақырылғанда дереу ұмтылып, еш күтпестен мұсылмандықты қабыл етті. Ал біз исламға шақырылғанда енжарланып кеш әрекет еттік. Осылайша артта қалып қойдық», - деді.

Адамдар Омардың (р.а.) мәжілісінен тарады. Екеуі Хазірет Омарға (р.а.) келіп: «Уа, мүминдердің әміршісі! Бүгінгі істеген әрекетіңді көрдік. Мұны өз басымызға өзіміз тілеп алғандығымызды жақсы білеміз. Бірақ осы қателікті түзеу мүмкін бе?» - деп сұрады.

Омар (р.а.): «Мұның түзеуі тек мынадай болады», - деп Рим жеріндегі майданға ишарат етті. Олар оның сөзіндегі мағынаны аңғарып майданға, Шам тарапына жол тартты. Сол сапардан екеуі де қайтпады (Әли әл-Муттақи XIV, 67/37953; Хаким III, 318/5227).

***

Әбу Мұса әл-Ашғаридың (р.а.) ұлы Әбу Бәкір сахабалардың Аллаһ жолындағы жігерін, қайратын көрсететін төмендегі мына керемет уақиғаны нақыл етеді:

«Әкем Әбу Мұса (р.а.) дұшпан әскерінің қарсы алдында тұрып: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Күмәнсіз жәннат есіктері қылыштардың көлеңкелерінің астында», - деп айтып еді»,-деді. Мұны естіген үсті-басы ұйпа-тұйпа бір кісі орнынан тұрып: «Ей, Әбу Мұса! Бұл сөзді Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) еситтің бе?» - деп сұрады.

Әбу Мұса: «Иә, естідім», - деп жауап берді.

Кісі бұл сөзді естіп, жолдастарына қайтып келіп: «Ассаламуғалейкум»,- деп сәлем берді. Қылышының қынын сындырып лақтырып жіберді. Қылышын қолына алып, дұшпан саптарына бет алды. Шәһит болып көз жұмғанға дейін дұшпанмен шайқасты (Мүслим, Имара 146; Тирмизи, Фадайлул-Жиһад 23/1659).

***

Әбу Әйюб әл-Ансари (р.а.) римдіктерге қарсы ұйымдастырылған жорыққа келіп қосылды. Жолда сырқаттанып қалды. Ажалы жақындағанда қасындағы жауынгерлерге: «Егер көз жұмсам мені жандарыңа алып, рим жерінің өздерің жеткен ең соңғы нүктеге жерлеңдер. Дұшпан саптарымен бетпе-бет келіп (алға ілгерілемей қалсаңдар), мені жеткен тұстарыңа, аяқтарыңның астына жерлеңдер», - деп өсиет етті (Ахмет V, 419, 416).

Мінекей Хазірет Әбу Әйюб әл-Ансари (р.а.) осылайша барша ғұмырын Аллаһ жолында күресуге сарп еткен болатын. Тіпті қайтыс болса да, қабірі және күмбезі арқылы соңынан келетін мұсылман әскерлерге жол нұсқап, қызметін жалғастырған.

***

Осман әмірлігі хақиқи мемлекет болу мәртебесіне Орхан Ғазидің заманында қол жеткізген еді. Ол да әкесі Осман Ғази секілді Анатолиядағы ішкі күрестерден бас тартып, кәпірлермен соғысу пікірін жөн көрді. Бұл

жолда басы Стамбулдан бастап көптеген жерлерге көз тікті. Сондықтан оған «марзбанул-уфуқ», яғни көкжиектердің иесі, ұлы ойлардың иесі деген атақ берілген еді. Бір жерде бір айдан артық тұрақтамай, «Аллаһ сөзін ұлықтау» жолында үздіксіз күрескендігі көптеген деректерде айтылады. Сонымен қатар ол: «Нағыз кісілік ғазуадан артық», - дей отырып, негізгі күрестің көңілді жаулап алу екендігін тілге тиек етті.

***

Өздемірұлы Осман паша, Аллаһ жолында тер төгіп үлкен жетістіктерге қол жеткізген еді. III Мұрат хан, пашаның есепсіз жетістіктерін ескеріп, оны өзіне бас уәзір етіп тағайындады. Өздемірұлы Осман паша бұл қызметте шамамен төрт ай іс атқарды. Қырымда бүлік шыққанда өзінің қалауымен сардарлық қызметіне қайта оралды. Қырымдағы бүлік басылғаннан кейін, сұлтанның бұйрығымен шығыс әскерінің сардары болып тағайындалды.

Ата-бабамыз мақамды, жоғары қызметті емес, Аллаһтың разылығының қай жерде мол екендігіне назар аударатын. Өздемірұлы Осман паша да бас уәзірлікті тастап, майданға қайта оралды. Аллаһ жолында күресіп, шәһит болу мәртебесіне қол жеткізіп Раббысына қауышты.

***

Жастық шақтарында, күш-қуаты кетпеген тұстарда жорықтарға қатысып, дұшпанға қарсы қылыш сермеген «янычарлар» сақалдарына ақ түсіп, қажыры қайтып қартайған уақытта арқаларына теріден тігілген мес асынып, қолдарына қалайы тостақ алып көшелерді кезетін. Кербалада бір жұтым суға зар болып көз жұмған шәһит Хазірет Хұсейін үшін су таратып, сауап алуға тырысатын. «Хасанайынның» яғни Хасан мен Хұсейіннің рухы үшін деп сусағандарға су беретін.

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сүйікті немересі Хазірет Хусейіннің жүректі тілімдейтін қайғылы уақиғасы әрбір жұтым судан кейін еске алынатын. Оған берілмеген бірнеше жұтым су сол күннен бастап, дүниенің төрт бұрышындағы барша сусаған жандарға берілетін болды.[83]

***

Шанаққалада соғыс жүріп жатқан болатын. Жоғарғы оқу орнын бітірген офицер Музаффар өз еркімен әскер қатарына алынды. Үш айлық оқудан кейін жолдамамен Шанаққалаға жіберілді. Алайда соғыс біткен еді. Армияның үлкен бөлігі шығысқа жөнелтілейін деп жатты. Армияны тасымалдау көліктерінің дөңгелек тағы да басқа қажетті заттарды қамтамасыз етілу тиіс болатын. Бұл іске, стамбулдық офицер Музаффар тағайындалды.

83. А. Туран Алкан, Османлы Энциклопедиясы, Станбул 1996, V, 20.

Ол дереу қолындағы билетпен Стамбулға жүріп кетті. Іздеген қажетті заттарын яһуди саудагердің дүкенінен тапты. Өтеуге керекті соманы алу үшін, бас штабқа келді. Алайда бас штаб материалдық мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін, тіпті жауынгерлерге бәтеңке, пальто таба алмай отырғандықтарын желеу етіп, соманы бере алмайтындықтарын білдірді.

Бас штабтан мұңайып шыққан офицер Музаффар не істерін білмеді. Полкқа екі қолы бос күйде қалай көрінбекші? Майдандағы машақаттарды ойлап, бір шешімге келді. Дереу яһуди саудагерге барып, тапсырысты дайындауын өтінді. Заттарды таңғы намаздан кейін алатын болып, ақшасын да сол кезде төлейтін болып келісті. Сол күні түнде түнімен еңбектеніп қолдан жалған жүз лира жасады. Ол нағыз ақшаға қатты ұқсайтын болып шықты. Ол кездері қағаз ақшаның үстінде: «Құны Дәрссағадатта алтынмен өтеледі», - деп жазылушы еді. Офицер Музаффар өзі жасаған жүз лираның үстіне: «Құны Шанаққалада алтынмен өтеледі», - деп жазды.

Ертеңіне таңертең ерте келіп яһуди саудагерден заттарды алды. Оған жүз лираны берді. Өзі кемеге отырып Шанаққалаға тартып кетті.

Үш күннен кейін яһуди саудагер қолындағы ақшаны майдалау үшін Осман банкіне барғанда, мәселе ортаға шықты. Ақша, жалған ақша болатын. Ақшаның үстіне жазылған алтынның мағынасы, алтыннан қымбат Шанаққалада төгілген шәһиттердің қаны еді.

Таң-қаларлығы яһуди бұл мәселеге ләм-мим деместен жақ ашпады. Ешбір теріс әрекет жасамады. Бірақ уақиға барша Стамбулға жайылып кетті. Шаһзада Абдулхалим мырза да бұл уақиғадан құлағдар болды. Шаһзада дереу іске араласты. Жалған ақшаны яһуди саудагерден алып, құнын өтеді. Оны әдемі құтының ішіне салып, қауіпсіздік мұражайына тарту етті.

***

Қысқасы, Хақ Тағаланың «Раббыңа, саған өлім келгенге дейін құлшылық ет!» деген әміріне бас иіп, ақтық деміміз кеудемізден шыққанша Аллаһ жолында тер төгуден жалықпауымыз қажет. Өйткені бұл дүние сауап жинайтын жер. Ал ақырет сый көретін жер. Иә, осы дүниеде неғұрлым көп игілік жасасақ, соғұрлым ақыретте бақытты боламыз ағайын!

Сонымен қатар, ешқашан жасаған игілігімізге, жақсылығымызға мастануға болмайды. Өйткені Аллаһ Тағаланың кешірімі, мейірімділігі, рақымдылығы құлдың сауабынан артық дүние.[84] Бұл жүректің әрқашан Аллаһ Тағаламен бірге болуына және ықылас, талпыныспен байланысты болмақ.

84. Әли Имран сүресі, 157-аят, Жүніс сүресі, 58-аят; Зұхруф сүресі, 32.

В) АЛЛАҺ ЖОЛЫНДА АЯНБАУ

Махаббаттың, сүйіспеншіліктің ең үлкен белгісі, сол жолда аянбау болып табылады. Құлай сүйген кісі, сүйіктісі үшін еш нәрседен тайынбайды. Алуан түрлі машақаттарға төтеп береді. Аллаһқа иман келтірген құлдардың да, Аллаһ жолында аянбаулары қажет. Парыздардан тыс игіліктер жасауы керек. Өйткені Аллаһ Тағала нәсіп еткен дүние-мүлікті жұмсаудың ең дұрыс жолы, Аллаһ Тағаланың жолына сарп ету.

Хазірет Мәулана былай дейді:

«Дүние-мүлік пен дене, қар секілді ериді де кетеді. Бірақ осы екеуі Аллаһ жолында жұмсалса, Аллаһ екеуін де сатып алады. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала былай дейді: **«Күмәнсіз Аллаһ, мүминдердің жандары мен малдарын төлеуін жәннат ретінде сатып алды»** (Тәубе сүресі, 111-аят).

Осылайша Аллаһ Тағала сатып алған нәрсе еріп, құрып кетуден аман қалады».

Ұлы Раббымыз, атап айтсақ қиын шақтарда Аллаһ жолында аянбау керектігіне тоқталады. Құлдарының осы жолдағы әрекетін «әл-қарзул-хасан», яғни игі қарызға теңейді.

Аллаһ жолында аянбау кәміл мүминдердің сипаты болып табылады. Сондай-ақ мұндай әрекет құлды Раббысына жақындата түсері сөзсіз. Құран Кәрімдегі көптеген аяттар сөзімізге дәлел бола алады.

Аллаһқа шынайы иман келтірген жан жомарт, мейірімді, қарапайым жан болады. Ол екі дүниенің бақытын сыйлайтын ислам дінін барша жанға ұғындыруға күш салады.

Өзгенің қамын өзінен артық күйттейтін мүмин әрдайым бауырына қол ұшын береді. Барша іс-әрекетінен Аллаһқа деген разылық байқалады. Ол әрдайым панасыздардың, әлсіздердің қасынан табылады.

Бізге, іс-әрекеттерімен теңдессіз үлгі ретінде ғұмыр кешкен ардақты сахабалар Аллаһ Елшісіне деген махаббатты жүректерінің түкпіріне орнықтырып, оның жолында аянбай тер төккен.

Жас сахабалар Аллаһ Елшісінің хаттарын тасу үшін бір-бірімен жарысқа түскен болатын. Олар Аллаһ Елшісінің қандай да бір тілегін орындау үшін еш нәрседен тайынбайтын. Машақаты мол сапар шегіп, Аллаһ Елшісінің хатын патшалардың құзырында батылдықпен оқи білген сахабалардың Пайғамбарды қалай жақсы көргендіктері көкірегі ояу жанның көзіне оңай шалынады.

Хазірет Мәулана «Диуанул-Кабир» атты туындысында былай дейді:

«Алтынның яки жанның немесе інжу-маржанның сүйіспеншіліктің жолына, яғни Аллаһтың жолына жұмсалмаса нендей құндылығы бар дейсің?!»

Демек, адамның жаны және дүние-мүлкі Аллаһ жолына жұмсалғанда ғана құнды дүниеге айналады. Болмаса, ысырапшылдыққа жатады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) исламды адамдарға алғаш жая бастағанда өзіне ұсынылған дүние-мүліктен, мақамнан, нәпсі сүйетін барша нәрседен ойланбастан бас тартқан еді. Аллаһтың дінін күллі машақатқа төтеп беріп, адамдарға таратуын тоқтатпады. Үйін,[85] дүние-мүлкін, барлық материалдық мүмкіндіктерін тәрк етіп Аллаһ жолында һижрет етті. Меккеден шығып, Хазуара деген жерге келгенде артына бұрылып мұңайған кейіпте: *«Сен Аллаһтың құзырында ең қадірлі аймақсың. Мені олар шығарып жібермегенде, сенен шықпас едім. Сенен өзге жерді мекендемес едім. Отан етпес едім»*, - деп айтқан болатын (Ахмед IV, 305; Тирмизи, Мәнақиб 68/3925).

Ол өз ғұмырын Мәдинада, еңкейіп әзер кіретін қарапайым үйде жалғастырды. Опагерліктің асқар шыңын көрсете білген Пайғамбарымыз (с.а.у.) Меккені «фатх» еткеннен кейін, Мәдинаға кері қайтты. Аллаһтың және өзінің сүйікті қаласында Ансарды мұңайтпайын деген оймен қалып қоймады.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) он үш жылдық Мәдина дәуірінде Аллаһтың дінін жаю үшін он үш ғазауат, жиырма бір «сәрия» әзірлей білгендігі, оның нендей жігерлі жан болғандығын көрсетеді.

***

Жәннатқа кіруді тілеген жан, Аллаһ жолында жанымен, дүние-мүлкімен қызмет етуі қажет. Төмендегі мына риуаят сөзімізді айғақтай түсері хақ.

Башир ибн Хасасия (р.а.) былай деп нақыл етеді:

«Мен, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) бийғат етуге келдім. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бийғатыма, Аллаһтан өзге тәңір жоқ екендігіне, әрі Мұхаммедтің (с.а.у.) Оның Елшісі екендігіне куәлік етуімді, намаз оқуымды, зекет беруімді, қажылық жасауымды, ораза ұстауымды және Аллаһ жолында жиһад етуімді шарт ретінде қосты.

---

85. Мушриктер хижреттен соң Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) анасы мен әйелінен қалған екі үйіне де қол сұғып сатып жіберді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Меккені қайтып алған кезінде жай ғана күркеде отырды. «Уа, Расулуллаһ! Үйіңізге бармайсыз ба?» - деп сұрағандарға: «Ақил бин Әбу Талиб бізге үй-баспана қалдырған ба еді» деп жауап берді. Жеңімпаз қолбасшы бола тұра, қайта басып алған үйін қайтадан сатып алмай қарапайымдылық танытты. (Уақиди II, 829; ибн Сағд II, 136; Әзрақи, Ахбару Мәккә, Мекке 1965, II, 161, Белазури I, 356; Мауәрди, Ахкамус султания, Мысыр 1966, 171-бет).

Мен жалма-жан: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Уаллаһи, мына аталғандардың арасында екі нәрсеге шамам жетпейді. Олар жиһад пен садақа. Бәз біреулер жиһадтан қашқан кісінің Аллаһтың қаһарына ілігетінін айтуда. Мен, шайқас алаңында бойымды қорқыныш сезімі билеп, қашып кетемін-ау деп қорқамын.

Садақаға келер болсақ, менің бірнеше қойым мен он түйем бар. Олар жанұямның ырыздық көзі. Әрі мінер көлігі», - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қолымнан ұстап тартты. Артынша жүзіме қарап: «Жиһад жоқ, садақа жоқ қалайша жәннатқа кірмекшісің?» - деді.

Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Биғат етемін!» - дедім. Осылайша Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қосқан шарттың барлығын қабыл етіп, биғат еттім» (Ахмед V, 224).

Аллаһ жолында кез келген нәрсені пида еткен қаһармандардың ең ұлығы Ибраһим пайғамбар (а.с.) болып табылады. Ол, мүминдердің игілігіне барша дүние-мүлкін уақыф ету арқылы дүние-мүлкін, алаулаған отқа тасталу арқылы өз жанын, құрбан ретінде шалуға ұлын жетектеп апарып, Аллаһ жолында еш ойланбастан пида еткен болатын. Осылайша ол, Құран Кәрімде Хақ Тағаланың: **«Берген уәдесінде тұратын Ибраһим»** деген ілтипатына ілікті.

***

Ислам діні алғаш тарап жатқан жылдарда меккелік мүшріктер мұсылмандарға қандай шара қолданарын білмей қатты састы. Күннен-күнге зұлымдық пен зорлықтың алуан түрін қолданып, мұсылмандарға күн туғызбауға қаншама күш салғандарымен ислам дінінің жайылуы тоқтамады. Меккеде ғұмыр кешу мұсылмандарға уақыт өте келе адам төзгісіз жағдайға жетті. Әбу Бәкір де (р.а.) өзге мұсылмандар тәрізді һижрет етуге Аллаһ Елшісінен рұқсат алып, Эфиопияға бет алды. Бір-екі күндік сапардан кейін жолда Қара руының көсемі ибн Дағинаға кезігеді.

Ибн Дағина: «Уа, Әбу Бәкір! Сен секілді азамат өз елінен кетпеуі қажет. Яки шығарылмау керек. Уаллаһи, сен руыңның бетке ұстар азаматтарының бірісің! Әрдайым игілік жасап, туыстарыңа қарайласып жүресің! Әлсіздерге қолдан келгенін аянып қалмайсың! Кері қайт! Сені өз панама аламын!» - дейді.

Хазірет Әбу Бәкір ибн Дағинаның сөзіне құлақ асып, екеуі бірге Меккеге қайтады. Меккеге кіргенде ибн Дағина Әбу Бәкірді өз панасына алғандығын жария етеді. Құрайыштықтар ибн Дағинаға бірнеше шарттар қояды.

Олар: «Әбу Бәкірге мына шарттарды айтқын! Раббына жасар

құлшылығын тек үйінде жасасын! Сол жерде қалағанынша намаз оқысын, Құран оқысын! Бірақ үйінен басқа жерде Құран яки намаз оқып мазамызды алмасын! Өйткені біз, әйелдеріміз бен балаларымызды (оның өз дініне) сиқырлап алуынан қормамыз!» - деп, осындай шарттарды қосады.

Ибн Дағина мүшріктердің шарттарын Әбу Бәкірге (р.а.) жеткізеді. Ол аталмыш шарттардың барлығын қабыл етеді. Үйінен намаз оқитын жер ашады. Сол жерде күнделікті намаз оқып, Құран Кәрімге ден қояды. Жаратылысынан аса нәзік жан болғандықтан Құран Кәрім оқығанда қатты тебіреніп, көз жасына ерік беретін. Ол Құран Кәрім оқығанда балалар мен әйелдер үйінің маңайына жиналып, Құран Кәрім тыңдауға бастайды. Бұл Құрайыш мүшріктеріне ұнамады. Дереу ибн Дағинаны шақыртып алып, Әбу Бәкірге тыйым салуын талап етеді. Сондай-ақ, паналауынан бас тартуын өтінеді.

Ибн Дағина Әбу Бәкірге (р.а.) келіп: «Уа, Әбу Бәкір! Үйіңде отырып дауысыңды шығарма! Яки менің панамнан шыққаныңды жария ет!» - дейді.

Әбу Бәкір (р.а.): «Панаңды өзіңе кері бердім! Маған Аллаһтың панасы жетеді», - деп Аллаһқа тәуекел етудің мысалын көрсетті (Бұхари, Манақибул-Ансар 45; ибн Хишам I, 395-396).

Иә, олар Аллаһ жолында қызмет ету үшін алуан түрлі қиыншылықтарға төтеп берген болатын. Дүние-мүліктерін, үйлерін тәрк етіп, Аллаһ разылығы үшін һижрет етті.

***

Жанкештілікті уақытында жасаған жөн. Өйткені, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) исламның алғашқы жылдарында иман келтіріп, түрлі-түрлі қиыншылыққа төтеп беріп, қолынан келгенін аянып қалмай һижрет еткен сахабаларын әрдайым өзгелерден артық көрген. Ерекше ықылас көрсеткен болатын. Төмендегі әңгіме соған айғақ болады.

Усама ибн Зәйд (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қасында отырған болатынмын. Кенеттен Хазірет Әли (р.а.) мен Хазірет Аббас (р.а.) ішке кіруге рұқсат сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған қарап: «Неге келгендіктерін білемісің?» - деп сұрады.

Мен: «Жоқ! Білмеймін!» - деп жауап бердім.

«Бірақ мен білемін!» - деді.

Рұқсат беріліп, олар ішке кірді. Сөз алып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сен өз отбасыңда кімді қатты жақсы көресің? Соны сұрауға келдік», - десті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Фатима бинти Мұхаммед», - деп жауап берді.

Олар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Жанұяңа кірмейтіндерден кімді жақсы көресің?» - деп сауал қойды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Ол, Аллаһ Тағала көптеген нығметтерге бөлеген, мен де игілік жасаған жан Усама!» - деді.

Олар: «Одан кейін кім?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Одан кейін Әли ибн Әбу Талиб», - деді. Мұны естіген немере ағасы Аббас (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ағаң қайда қалды?» - деді.

Пайғамбар (с.а.у.): «Өйткені Әли һижретте сенен озып кетті. Сенен бұрын әрекет етті», - деп жауап берді (Тирмизи, Манақиб 40/3819).

***

Сүхайып әр-Руми (р.а.) Аллаһ Елшісіне қауышу үшін Меккеден Мәдинаға бет алады. Бірақ Құрайыш мүшріктері оны кері Меккеге алып келу үшін соңынан қуғыншы салады. Артында қуғыншы келе жатқанын сезген Сүхайып, дереу түйесінен түсіп атысуға оңтайлы жерге жайғасып алады. Оқшантайынан бір жебе шығарып, қуғыншыларды күтті. Қуғыншылар оқ атым жерге келгенде, былай деп дауыстады:

«Уа, құрайыштықтар! Сендер менің араларыңдағы ең мерген жан екендігімді білесіңдер! Сендер маған жеткенше оқшантайымдағы барша оқты, сендерге жаудырып үлгеремін. Кейін қылышымды қынынан шығарып, кеудемнен жаным шыққанша сендермен шайқасамын! Содан кейін қалағандарыңды істеңдер! Бірақ оданша мен сендерге Меккеде тығып кеткен дүние-мүлкімнің орнын айтайын! Сендер де менің жолыма кедергі болмаңдар!». Олар бұл ұсынысты қабыл етеді.[86]

Сүхайып көп уақыт жоғалтпастан сапарын жалғастырады. Аллаһ Тағала Мәдинадағы Пайғамбарына (с.а.у.) төмендегі мына аятты түсіреді:

«Адамдардың арасында Аллаһтың разылығын тілеп, жанын пида ететіндер де бар. Күдіксіз Аллаһ, құлдарына аса мейірімді» (Бақара сүресі, 207-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Сүхайыпты көргенде: «Уа, Сүхайып! Жасаған сауда-саттығыңның пайдасы мол болды!» - деп сүйіншіледі. Сүхайып (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Жолда менен озып кетіп, менің басымнан өткен уақиғаны Жебірейілден басқа ешкім жеткізген жоқ шығар», - деді (Хаким III, 450-452).

***

86. Ибн Жәузи, Зәдул Мәсир, Бейрут 1987, I, 223; ибн Кәсир, Тәпсір I, 260-261.

Мұғаз ибн Амр (р.а.) Бәдір ғазауатындағы өз басынан кешірген уақиғасын былай деп әңгімелейді:

«Әбу Жәһилді қылышпен шапқанымда, оның ұлы Икрима да қолымды қылышымен шапты. Қолым теріме асылып қалды. Күні бойы осылайша қолым салақтап шайқастым. Бұлай шайқасу мүшкіл болды. Мазамды алып қоймағаннан соң, қолымды аяғыммен басып жұлып алдым» (Ибн Хишам II, 275-276).

Бұл уақиға Аллаһ жолында аянбай тер төгудің тек бір мысалы ғана. Иә, шайқасуға кедергі болған қолын жұлып тастау нендей ерлік!

***

Мусғап ибн Умайыр (р.а.) бай әрі абыройлы жанұяның баласы болатын. Ең әдемі киімдерді Меккеде сол киетін. Хош иісті бағалы иіссуларды да ол қолданатын. Әдемілігі ел аузына іліккен күннен бастап Меккенің барша қызы соның соңында болатын. Бірақ ол мұның барлығынан бас тартып, Аллаһ жолына түсті.

Хазірет Әли былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Пайғамбарымызбен (с.а.у.) бірге мешітте отырған едік. Бір кезде Мусғап ибн Умайыр (р.а.) мешітке кіріп келді. Үстінде жамау-жамау шапанынан басқа ешнәрсе жоқ еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мусғапты көрген сәтте оның бұрынғы Меккедегі нығметке бөленген халі мен қазіргі халін ойлап, көз жасына ерік берді. Кейін: «Араларыңдағы біреудің таңертең бөлек, түсте бөлек киім киетін, алдына бір табақтың қойылып, өзгесі алынатын, үйлерің Қағбаның жабуы секілді жабулармен жабылатын (яғни дүние нығметтері берілген) шақта халдерің не болмақ?!» - деді.

Маңайындағы сахабалар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әрине ол күнгі халіміз, бүгінгі халімізден жақсы болады. Өйткені, ол шақта (бүгінгі қиыншылықтарымыз және) күнкөрісті уайымдамай, өзімізді толықтай құлшылыққа береміз», - деп жауап берді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Керісінше бүгін сендер, ол күнгі болатын халден жақсы, хайырлы халдесіңдер»*, - деді» (Тирмизи, Қиямет 35/2476).

***

Шүкіршіл байлардың бірі болған Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) нәпіл ораза ұстаған күндерінің бірінде, ауыз ашарда алдына бірнеше астың түрі қойылады. Ол қатты толқыды. Көзіне жас алып, былай деді:

«Мусғап ибн Умайыр Ұхуд ғазауатында шәһит болды. Ол менен артық болатын. Бірақ кебіндеуге бір шапанынан өзге түгі жоқ еді. Шапанмен басын жапса аяғы, аяғын жапса басы көрініп қалды. Ал қазіргі таңда бізге көп дүние берілді. (Шынын айтсам) жасаған игіліктерімнің өтеуі, бұл дүниеде берілуінен қорқамын?!».

Абдуррахман ибн Ауф осы сөздерді айтқаннан кейін, мұңды кейіпте дастарқаннан тұрып кетті (Бұхари, Жанайз 27).

***

Абдулла ибн Сәһл мен бауыры Рафи (р.а.) Ұхуд ғазауатында Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бірге шайқасқан болатын. Екеуі де жараланып Мәдинаға кері қайтқан еді. Бірақ Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) дұшпанның соңынан түсуге шақырған үндеуін естігенде: «Уаллаһи, мінетін көлігіміз де жоқ! Жарақатымыз да ауыр. Алайда, Аллаһ Елшісінің өзі қатысатын жорықтан қалғымыз келмейді», - десіп, жорыққа аттанып кетті. Жарақаты жеңілдеуі жарақаты ауырдың жүруіне жәрдем етті. Тіпті кейде арқасында көтеріп жүрді. Осылайша ағалы-інілі екеуі Аллаһ Елшісінен қалып қоймады (Ибн Хишам III, 53).

Сол жорықта осы екі сахаба секілді көптеген қаһармандық әрекеттер істеген көптеген сахаба бар еді. Хақ Тағала олар жайлы Құран Кәрімде былай дейді.

«Жарақаттанып қалғаннан кейін Аллаһтың және Оның Елшісінің шақыруына қосылып, сонымен қатар араларынан иігілік жасап, тақуа болғандарға үлкен сый бар» (Әли Имран сүресі, 172-аят).

***

Әбу Мұса әл-Ашғари (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бірге ғазауатқа шықтық. Көліктің аздығынан алты кісі кезектесіп бір түйеге міндік. Жаяу жүріп, қатты титықтадық. Аяғымыз ойылып кетті. Менің де аяғым ойылып, тырнақтарым түсіп қалды. Бір септігі тиер деген ниетпен аяқтарымызды шүберекпен таңып тастадық. Осы шүберектер себеп болып, сол жолғы ғазауат «затур-риқа» деп аталды».

Осы хадисті риуаят еткен Әбу Бурда былай дейді:

«Әбу Мұса әл-Ашғари (р.а.) бұл уақиғаны айтқаннан кейін: «Мұным дұрыс болмады», - деп өкінішін білдірді. Шамасы ол, Аллаһ разылығы үшін істелген ісін жария еткендігіне өкінді-ау», - деймін (Бұхари, Мағази 31).

Мінекей ардақты сахабалардың ақ пейілділігі, қарапайымдылығы, ықыласы, тақуалығы осындай болатын!

***

Әбу Һұрайра (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Біз Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бірге бір жорыққа аттанып кеттік. Жолда жауынгерлердің азығы таусылды. Олар азық ретінде астындағы көліктерін союға бел байлады. Хазірет Омар (р.а.): «Уа, Аллаһтың

Елшісі! Мен жауынгерлерде қалып қойған азықтың барлығын жинайын. Артынша сіз, азықтың берекесінің артуы үшін дұға етсеңіз қайтеді? Осы дұрыс емес пе?» - деді.

Бидайы бар бидайын, құрмасы бар құрмасын, (құрманың) дәні бар дәнін алып келіп, ортаға жиды.

Сол жерде отырғандар Әбу Һұрайраға қарап: «Дәнмен не істеуші еді?» - деп таңдана сұрады.

Ардақты сахаба: «Оны аузына салып, еметін. Артынша су ішетін», - деп жауап беріп, әңгімесін былай деп жалғастырды:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дұға етті. Азықтың берекесінің артқандығы соншалық, барша жан қоржындарын толтырып алды. Аллаһтың мұндай сыйына риза болған Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһтан өзге тәңір жоқ екендігіне, әрі мен Оның Елшісі екендігіме куәлік етемін! Осы екі мәселе жайында күмәнға түспестен Аллаһқа қауышқан жан, міндетті түрде жәннатқа кіреді», - деді (Мүслим, Иман 44).

Аллаһ жолында осындай ерліктер жасаған сахабалар бай жандар емес еді. Тіпті құрманың дәнін сорып, аштығын басуға күш салатын. Иә, олар осындай қиын шақтарда жанкештіліктің теңдессіз үлгісін көрсеткен болатын.

***

Әбу Ахмет ибн Жахыш (р.а.) Әбу Суфиянның күйеу баласы еді. Жахыш әуелі Меккедегі үйлерін тастап, Мәдинаға һижрет еткенде Әбу Суфиян жақын туыстығына қарамастан сол үйлерді иеленіп алады. Күйеу баласының үйін Амр ибн Алқамаға төрт жүз динарға сатып жібереді. Мұны естіген Әбу Ахмет өлең жолдап, Әбу Суфиянға тіл тигізеді (Ибн Хишам II, 79; Әзрақи, Ахбару Мекке II, 244-245).

Бұл кісі Мәдинаға һижрет еткендердің ең соңғысы болатын. Зағип жан еді. Ол Мәдинаға һижрет етуге бел байлағанда әйелі, яғни Әбу Суфиянның қызы бұған қарсылық көрсетті. Өйткені әйелі оның Мәдинаға емес басқа жерге һижрет етуін қалаған еді. Бірақ ол Мәдинаға жасырын һижрет етіп, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) қауышады.

Мекке қолға алынып, Пайғамбарымыз (с.а.у.) хұтпасын айтып болғанда Әбу Ахмет Харам мешітінің алдына түйесімен келіп: «Аллаһ үшін! Уа, Абдуманафтың ұлдары! Біздің құқығымызды таптамаңдар! Аллаһ үшін! Уа, Абдуманафтың ұлдары! Үйімді кері қайтарыңдар!» - деп дауыстайды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дереу қасына Османды (р.а.) шақырып алады. Құлағына бір нәрселерді сыбырлап айтып, қуандырды. Хазірет Осман (р.а.) Әбу Ахметтің қасына барып, бір нәрселерді айтты. Ол да қатты

қуанды. Түйесінен түсіп, мәжіліске келіп қосылды. Бақилық болғанға дейін Әбу Ахметтің ол үй жайлы сөз қозғағындығын ел естімеді (Уақиди II, 841; ибн Сағд IV, 102).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дәл сол күні оны қолынан жетелеп, біраз жүрді. Артынша төмендегі мына өлең жолдарын оқыды.

«Мекке өте ғажап сай! Мен ешбір жанның көмегінсіз, (бұл жерде) кезе аламын. Бұл жерде зияратыма келер кісі де көп болады. Менің қазықтарым, Меккеде қағылған!» (Хайсами VI, 64).

Кейінірек ел Әбу Ахметтен (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сол кезде не айтты?» - деп сұрайды.

Әбу Ахмет (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сабыр етсең, сен үшін қайырлы болады. Бұл үйіңнің орнына, саған жәннатта бір сарай беріледі деді», - деп жауап береді (Әзрақи, Ахбару Мекке II, 245).

Әбу Ахметтің жанұясы да: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Әбу Ахметке: «Үйіңнің орнына, саған жәннатта сарай беріледі»,-деп айтқан еді», - дейді (Уақиди II, 841; ибн Сағд IV, 102).

Иә, мұсылмандардың ұстанар ұстанымы, кеудеден ақтық дем шыққанша дүние-мүлкімен, жанымен, қолдағы барша мүмкіндігімен Аллаһ жолында қызмет ету болып табылады.

***

Тәбук ғазауатында бір ғана сахаба шәһит болған еді. Бұл сахаба мүшрік рудың ішінде мұсылмандықты қабыл еткен Абдулла әл-Музани (р.а.) болатын. Әкесі көз жұмғанда, мирас ретінде ұлына еш нәрсе қалдырмады. Бай көкесі, оны қамқорлығын алып тәрбиелейді. Уақыт өте келе басына мал бітіреді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мәдинаға һижрет еткенде Абдулла (р.а.) мұсылмандықты қабыл еткісі келеді. Бірақ көкесі кедергі болады. Пайғамбар (с.а.у.) Меккені «фатх» етіп Мәдинаға оралады. Сол шақта Абдулла (р.а.) көкесіне келіп: «Уа, көкешім! Мұсылман болуыңды күтуден шаршадым. Сенің Мұхаммедке (с.а.у.) әлі көңілің аумағандығын байқадым. Ең болмаса, менің мұсылман болуыма рұқсат бер!» - дейді.

Көкесі: «Егер сен Мұхаммедтің (с.а.у.) соңынан ерсең, үстіңдегі киімнен бастап, саған берген барша дүниемді кері аламын», - дейді.

Абдулла (р.а.): «Мен, уаллаһи, Мұхаммедтің соңынан ердім. Тасқа, пұтқа табынуды тәрк еттім. Берген дүниеңді алғың келсе, ал!» - дейді.

Көкесі үстіндегі киімінен бастап, берген барша дүниесін кері алады. Абдулла киімсіз, анасына келеді. Анасы қалың кілемді екіге бөледі. Абдулла оның бір жартысын белінің төменгі жағына, ал екінші жартысын белінің жоғарғы жағына байлап алады. Шешім қабылданған болатын.

Ол Аллаһ Елшісіне тезірек қауышуға бел байлайды. Жолында кездескен күллі кедергі, оған түкке тұрғысыз болды. Уақыт созбай, қысым көрген өз руынан қашып, сол түні жолға түседі.

Ұзақ әрі машақаты мол сапар шегеді. Аяғы тілініп, сусыздық пен аштықтан титықтап, зорға дегенде Мәдинаға жетеді. Тебіренісінде шек жоқ болатын. Үстіндегі киімімен Аллаһ Елшісінің құзырына баруға ұялды. Бірақ Аллаһ Елшісін көруге деген құштарлығы оны оған ұмыттырып, мешітке жөнелді. Сәресіге дейін мешітте жатты. Пайғамбар (с.а.у.) жамағатқа имам болып, таң намазын оқытты. Жамағатқа көз жүгіртіп, үйіне қайтуға бет алғанда Абдулланы (р.а.) көрді. Сүйенері жоқ жандардың, жалғыздардың, зұлымдыққа ұшырағандардың панасы Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Абдулланы бауырына басты. Атының Абдулұзза екендігін естігенде: «Сен Абдулла Зұлбижадайынсың! (Екі жарты кілемнің иесі Абдулласың!) Маған жақындау жерде жүр! Жиі-жиі қасыма келіп тұр», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір сөзінде ол жайлы былай деген болатын:

«Ол Аллаһқа және Оның Елшісіне һижрет етіп келген жан. Ол «әууаһтардан. Яғни Аллаһқа көп жалбарынатын және Аллаһқа деген махаббатынан күйіп-пісетін жан». Өйткені ол, Құран Кәрім оқығанда Аллаһты көп зікір ететін. Мол дұға жасайтын.

Аллаһ Елшісін (с.а.у.) жанынан артық сүйген аталмыш сахаба, Тәбук ғазауатына аттанарда Пайғамбарға (с.а.у.) келіп, оған шәһиттік нәсіп болуы үшін дұға етуін өтінді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Уа, Аллаһым! Оның қанын кәпірлерге харам ет!» - деп дұға етті. Абдулла (р.а.): Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен бұлай деп дұға етуіңізді қаламаған едім», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Сен Аллаһ жолында жорыққа аттанып, жолда қызуың көтеріліп, көз жұмсаң шәһитсің! Көлігің сені түсіріп кетіп, мойның сынса сен шәһитсің! Мұңға батпа! Бұлардың қай-қайсысы болса да, шәһиттік болуға сен үшін жеткілікті», - деді.

Шынымен-ақ, оның шәһиттігі Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) айтқанындай болып шықты. Қызуы көтеріліп Хақ Тағалаға қауышты. Әскер кері қайтуға әзірленіп жатқанда, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) және екі қадірлі сахабасы шам жарығымен мәйітті көтеріп келе жатты. Екі сахабалардың бірі Әбу Бәкір (р.а.) және Омар (р.а.) болатын. Ал көтеріп келе жатқан мәйіт, Абдулла Зұлбижадайын еді.

Абдулла ибн Масғұд (р.а.) қызғана көз тастаған көрінісін былай деп суреттейді:

«Қараңғы түнде, жауынгерлердің шатырларының бір тұсынан жарық көрдім. Орнымнан тұрып жарық жаққа бет алдым. Қарасам Аллаһ Елшісі (с.а.у.), Әбу Бәкір (р.а.) және Омар (р.а.) Абдулла Зұлбижадайынның

мәйітін көтеріп келе жатыр екен. Олар едәуір жер жүріп, аялдады. Қабір қазды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қабірге түсті. Әбу Бәкір мен Омар (р.а.) мәйітті Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қолына ұстатуға әзірленді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оларға қарап: «Бауырларыңды маған жақындатыңдар!» - деп әмір етті. Олар мәйітті жақындата түсті. Пайғамбар (с.а.у.) мәйітті құшағына алып, қабірге жайғастырды. Артынша бойын тіктеп алып: «Уа, Раббым! Мен одан разымын. (Осы күнге дейін) разы болып келдім. Сен де одан разы бол!» - деп дұға етті.

Осы көріністі көргенде, қатты толқыдым. Зұлбижадайынға қызғана көз тастадым. Сол сәтте ішімнен: «Осы қабірдің иесі мен болсамшы! Пайғамбардың ілтипатына іліккен мен болғанымда ғой», - деп тіледім (Ибн Хишам IV, 183; Уақиди III, 1013-1014; ибн Әсир, Усдул-Ғаба III, 227).

Міне, Аллаһ жолында көрсетілер жанкештілік осындай болмақ! Жанкештіліктің сыйы да Аллаһ Елшісінің ілтипатына ілігумен тәмамдалмақ. Иә, кез келген мұсылман баласының Абдулла Зұлбижадайынға қызыға және қызғана қарауы табиғи құбылыс. Бұл дәрежеге қол жеткізу үшін аянбай тер төгу қажет-ақ ағайын!

***

Хазірет Әлидің (р.а.) төмендегі мына сөздері Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мен ардақты сахабалардың адам сенгісіз жанкештілігін көрсетеді:

«Ансарды сүймеген жан, мүминдердің қатарына кірмейді. Олардың құқықтарын білмеген кісі, мүмин емес! Аллаһқа ант етейін! Олар биенің құлынын қарайлағаны секілді, қылыштарымен, қызыл тілімен, жомарттықтарымен Ислам дінін ұлықтады. Меккеде Пайғамбар (с.а.у.) қажылық маусымында арабтардың руларын мұсылмандықты қабыл етуге шақыратын. Бірақ өкінішке орай, олардың ешбірі бұл шақыруға құлақ аспады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жалықпастан Мәжанна және Ұқаз жәрмеңкелеріне, Минаға келіп орналасқан руларға үздіксіз барып, бетпе-бет көрісетін. Бұл әрекетін жыл сайын қайталайтын. Тіпті кейбір ру кісілері оған: «Бізден үмітіңді үзер уақыт болмады ма?» - деп таңдана сұрайтұғын.

Бұл Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) оларға жиі-жиі барып: «Маған қолдау көрсетіңдер! Аллаһтың дінін таратайын!» - деп өтініш білдіруінен және Ислам дінін қайта-қайта түсіндіруінен туындаған болатын. Бұл жағдай Ансардан шыққан бір рудың мұсылмандықты қабыл етуіне дейін жалғасты. Пайғамбар (с.а.у.) Ансарға ислам дінін танытты. Олар қысқа мерзім ішінде мұсылмандықты қабыл етті. Пайғамбарды (с.а.у.) бауырына басып, қолдан келген көмектерін аянып қалмады. Аллаһ жасаған игіліктерін қабыл алғай!

Біз олардың жеріне келдік. Олармен бірге тұрдық. Олар тіпті бізді қонақ ету үшін, бір-бірімен ұрысып қалатын. Жеребе тастауға дейін

баратын. Кейінірек олардың дүние-мүлкін жұмсау жөнінде бізге көбірек құқық берілді. Бұл олардың шамына тимеді. Олар Аллаһ Елшісі үшін жандарын пида етті. Салауат пен сәлем Пайғамбарға (с.а.у.) және онымен бірге жүргендерге болсын!».[87]

***

Аллаһ жолында аянбай тер төгуге, жанкештілікке, мүминдердің тыныштығы үшін мансабы мен мәртебесі жоғары қызметтерден бас тарту да кіреді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) немересі Хасан (р.а.) алты ай халифа болғаннан кейін үмбеттің екіге бөлініп кетпеуін ойлап, халифалықты Мұғауияға берген болатын. Осылайша мүминдердің арасында саяси күрестің лап етуіне жол бермеді. Сонымен қатар үлкен саяси топтардың бір-бірімен соғысып, мыңдаған жандардың қанының төгілуіне кедергі болды.

Осман Ғазидің көз жұмғанда көсемдерден үлкен қолдау көрген, әрі атазаң бойынша таққа отыруға тиіс Алауддин мырза бауыры Орхан Бейді таққа отыруға өзінен лайық көріп былай деген еді:

«Бауырым! Әкеміз ақ батасын саған берді. Оның алдына қойған мақсатын тек сен іске асыра аласың! Ол көзі тірісінде әскердің қолбасшылығын саған сеніп тапсырған болатын. Сол себепті таққа отыру сенің құқығың!»

Осындай ерлікке барған Алауддин мырза бауырының ең үлкен демеушісіне айналады. Оған уәзір болу қызметін өз мойнына алады.[88]

***

Аллаһ жолында жанкештілікті, тарих беттерінде алтын әріптермен өрнектеген жандардың қатарына Фатих Сұлтан Мехметтің жауынгерлері де кіреді. Олар: *«Стамбұл, міндетті түрде алынады. Оны алған қолбасшы нендей ұлы қолбасшы! Әрі оны (алуға аянбаған) жауынгерлер нендей ұлы жауынгерлер!»*[89] деп баяндалған хадис-шәріптегі дәрежеге қол жеткізу үшін қолдан келгенін аянып қалмаған болатын. Олар қала қорғанынан төгілген ыстық су мен қайнаған майға төтеп беріп, қабырғаға өрмелеуді тоқтатпады. Жүректеріндегі имандылық нұры іс-әрекеттерінде қаһармандықты маздатып: «Бүгін, шәһит болу кезегі бізге келді», - деп, өлімді күлімсіреп қарсы алған еді.

***

Әйгілі Баязит мешіті салынып жатқанда болған төмендегі мына оқиға Аллаһ жолында аянбаудың мысалына айғақ бола алады.

87. Әбу Нуғайм, Дәлайл 105; Қандәһләуи, Хаятус сахабә, Акчағ баспасы I, 76-77.
88. Зия Нур Аксун, Османлы тарихы, Станбул 1994, I, 36.
89. Ахмед IV, 335; Хаким IV, 468/8300.

Мешіттің құрылысында жұмыс істеп жүрген жұмысшылар мен ұсталарға берілетін күнделікті ақшадан бір жұмысшының ақшасы артылып жүргендігі байқалады. Ақша құмыраға салынатын. Жұмысшылар мен ұсталар сол құмырадан өзінің пайына түскен ақшаны күнде алып жүретұғын. Сұрастыра келе, бұл әрекетті пақыр бір жұмысшының істеп жүргендігі анықталады. Ақшам уақытында әлгі жұмысшы ақшасын алмастан, мешіт құрылысының басынан кетіп қалып жүр екен. Бәз біреулер одан мұндай әрекетке не итермелегендігін сұрайды. Жұмысшы сырының ашылғандығына мұңайып: «Менің тігерге тұяғым жоқ. Сол себепті мына бес күндік жалған дүниеде еш нәрсе сарп етпедім-ау деген ой жегідей жейтін. Ең болмаса, мына мешіттің құрылысында тегін жұмыс істеп, ішкі жан сарайымды шат-шадыман етер бір іс істейін деген ниет қой менде», - дейді.

Сол маңайда тұрғандар жұмысшыға: «Мырза! Бұл құрылыс падишаһтың игілігі болып табылады. Сол себепті күнделікті тапқан ақшаңды алып жүруің керек. Ал алған ақшаңды қалаған нәрсеңе жұмсау сенің еркіңде», - десті.

***

Явуз Сәлім сұлтан 1517 жылы жиырма екінші қаңтарда Мәмлүктерді Риданияда қайта жеңді. Осылайша Мысыр, Осман империясының құрамына толықтай енген болатын. Ұлы сұлтан, Мәмлүк сұлтанының мәйітін өзі көтерісіп, үлкен қарапайымдылық танытты.

Іс Мысырды бағындырумен шектелмеді. Мәмлүк жауынгерлері көше соғыстарында қаһармандықпен шайқасты. Ал олардың арасындағы жүрегінде түгі бар сарбаздар Явузға жөнелді. Олар: «Явузды өлтірсек, біз жеңеміз», - деп ойлаған еді. Мұны байқаған Синан паша, бұл хабарды сұлтанға жеткізеді. Ол сұлтанның киімдерін киіп алып, атойлап шабуылға кірісті. Жауынгерлердің назары соған ауып, оны шәһит етті. Сұлтан қарамағындағы таңдаулы әскерімен оны өлім шеңгелінен арашалап алуға үлгермеді.

Явуз сұлтанның жүзінен Мысырды алғаннан соң мұң байқалды. Ол: «Мысырды алдық! Бірақ Синан пашадан айырылып қалдық!» деуден танбады. Сұлтан бұл сөздерімен пашасының өлімін, Мысырды алумен тең көріп тұрғандығы көзге шалынды.

Жеңістен кейін, ақылды әрі талантты қолбасшы Явуз: «Африканың солтүстігінен Андалусияға кіріп, Балқан түбегі арқылы Стамбулға кері қайтсам шіркін! Көңіл құрғыр осыны тілейді», - деп ақиқи мұсылманның тұлғасын көрсетті. Бірақ тосыннан пайда болған қиыншылықтар, сұлтанның арманын іске асыруға кедергі болды.

Аталмыш қаһарман падишаһ былай дейтұғын:

«Батылдық – адамды жеңіске, дер кезінде шешім қабылдай алмау – қауіп-қатерге, қорқақтық – өлімге бастайды».

Билік жылдарын жорықтарда өткізіп, сарайында тынығуды ойламаған падишаһ да дүниеден өтті. Иә, осындай ұлы сұлтанға қызмет еткен Синан паша нендей бақытты!

***

Қануни Сүлеймен сұлтан соңғы жорығы «Зигатварға» аттанарда, бас уәзірі Сокуллы оның құзырына келеді. Сұлтанға қарап: «Сұлтаным! Мұсылман үмбетіне сансыз жеңістер тарту еттіңіз! Шаршадыңыз! Ғұмырыңызды ислам әлеміне сарп еттіңіз! Бұл жорыққа жасыңыз ұлғайған шақта қатысуыңыз машақатты болуы әбден мүмкін. Сол себепті Стамбулда қалып, билігіңізді жалғастырыңыз! Мен, уәзірлер және пашалармен бірге жорыққа аттанайын!» - дейді.

Ұлы сұлтан Сокуллыға былай деп жауап береді:

«Ден қойып тыңда Сокуллы! Қазіргі айтар өсиетімді, менен кейінгі нәсілге жеткіз! Кез келген падишаһ әрдайым жауынгерлерімен бірге жорыққа аттануы тиіс. Сұлтанды жанында көрген жауынгерлердің батылдығы арта түседі. Ал дұшпан, арасында падишасы бар әскерді көргенде, жүрегінде қорқыныш пайда болады. Жеңістің сыры рухани күште!

Біздің балалық шақтан бері мемлекет билігінде көрген есепсіз тәжірибеміз бар. Жорықтарда бұл тәжірибеге қажеттілік туып жатады. Болмашы сәттер, минуттар көбінесе заман ағымының бағытын өзгертеді. Сол себепті жасым ұлғайып қартайсам да, жорыққа қатысуға бел байладым!

Сарайда қалып қойып, төсегімде көз жұмсам, ертеңгі күні жиһангер атамның бетіне қалай қараймын?

Сокуллы: «Шешім падишаһымдікі!» - деумен шектеліп қалады.

Қартайған падишаһ бірнеше айға созылатын жорықта, ат үстінде қалай отырмақшы? Сол себепті жауынгерлерге тың көрінсін деген ниетпен, падишаһ арқасы үлкен белдікпен таңып тасталады.

Жорық басталады. Жауын-шашынның мол маусымы болатын. Бір күні зеңбіректер батпаққа батып кетеді. Жегілген аттардың зеңбіректі сүйреп шығуға шамасы жетпейді. Ол маңайда тек пашалар мен бірнеше жауынгер келе жатқан еді. Сұлтан: «Жоғарғы шенді пашалардан бастап барша жан, батпаққа түсіп зеңбіректерді шығаруға күш салсын», - деп әмір етеді. Сол маңайдағылардың барлығы шешініп, батпаққа кіреді. Зеңбіректерді бір-бірлеп батпақтан шығарады. Сұлтан сарай тарихшысына қарап: «Жаз! Келешек ұрпаққа үлгі болсын! Қанунидің пашалары мен уәзірлері батпаққа түсіп, зеңбіректерді шығарды деп жаз!

Осылайша бір келеңсіздіктен құтылдық деп жаз!» - дейді.

Ұлы сұлтан, «Зигатварда» жеңіске жетеді. Қолдарын көкке көтеріп: «Уа, Раббым! Сен маған көптеген жеңістер тарту еттің! Алдыма қойған мақсатыма жеттім. Дұғамның баршасы қабыл болды. Сүйікті Пайғамбарыңның құрметіне маған әуелі шәһиттікті, кейін жүзіңді көруді мына бейшара құлыңа нәсіп ет!» - деп дұға етеді.

Осы дұғадан кейін көп ұзамай, ұлы сұлтан жорықта көз жұмады. Ол жорық үстінде қайтыс болған Осман империясының төртінші сұлтаны болатын. Иә, кеудесінен ақтық демі шыққанша аянбай тер төккен сұлтанның күллі іс-әрекеті кез келген жанға үлгі болары хақ!

***

Шанаққала соғысына қатысқан жауынгерлер Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ардақты сахабаларынан өнеге алған жандар еді. Солардың бірі қатардағы жауынгер Хұсайын ауыр жараланады. Дәрігерлер жарасын таңып береді. Бірақ ол, жарақатының ауыр екендігін аңғарады. Жолдастарының берген нанын тістейін деп аузына апарғанда кенеттен тоқтап қалады. Ойына сахабалардың ұлағатты іс-әрекеттері есіне түседі. Маңайындағыларға қарап: «Достарым! Бұл нанды менің жеуім жөн емес. Өйткені өлімім жақындап қалды. Алыңдар мына нанды! Өмір сүретін жігіттерге беріңдер»,-дейді.

Артынша қолындағы нанды қарулас досы Мұстафаға береді. Біраз уақыт өткеннен кейін қатардағы жауынгер Хұсайын шәһит болып Хақ Тағалаға қауышты.

***

Қысқасы, Аллаһ жолында аянбау Хақ Тағала сүйетін қасиет болып табылады. Әрбір мұсылман баласы осы қасиетті бойына сіңіруге тырысуы қажет. Аллаһ бұл қасиеттің сауабын міндетті түрде бірнеше есе етіп қайтарады. Мұндай қасиет бойында болмаған жандар қиямет-қайым болғанда пұшайман болады.

Қазіргі таңдағы мұсылмандық, сол Аллаһ жолында аянбай еңбек еткен жандардың арқасында келді. Біз де өз міндетімізді дұрыс атқарып, мұсылмандықты келер ұрпаққа жеткізуге күш салайық ағайын!

4. ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТКЕ ТАП БОЛҒАНДАРҒА СҮЙЕНІШ БОЛУ

А) МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ДЕРТТЕРІНЕ ОРТАҚ БОЛУ ЖӘНЕ ҚАМЫН ОЙЛАУ

Хақ Тағала әлсіз болып жаратылған адамзат баласының қоғам ішінде өмір сүріп, бір-біріне өзара көмек көрсетіп сауапқа қол жеткізуін мұрат еткен. Бұл фәни дүниеде құлдарының өзімшілдік тәрізді жағымсыз

қасиеттен аулақ болып, өзгешілдік, көпшілдік қасиетке бой алдыруын қалайды. Аллаһ Тағала бауырының кез келген мұқтаждығын өтеген, қиыншылығына ортақтасқан жанның дүниелік мұқтаждықтарын өтеуге және басына түсетін ақырет қиыншылықтарының бірін жоюға өзінің кепіл болатындығын уәде еткен.

Хақ Тағала Құран Кәрімде **«Мұсылмандарға қанатыңды жай»**, - деп (Хижр сүресі, 88-аят), Пайғамбарымызға әрі барша мұсылмандарға кез келген қайғы, пәлекеттің маңында табылып, дін бауырларының дерттеріне ортақ болуларын әмір етеді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бойында мұндай қасиет болғандарды: *«Аллаһ Тағала адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін адамдар жаратты. Адамдар мұқтаждықтарын өтеу үшін соларға жөнеледі. Міне солар, Аллаһтың азабынан аман болатындар»*, - деп сүйіншілейді (Хайсами VIII, 192).

Мұсылмандардың дерттеріне ортақ болған, қайғы-қасіреттің маңынан табылған мүмин Аллаһ және Оның Елшісі сүйген құл болып табылады. Ол бұл жағымды қасиетімен әрдайым сауапқа қол жеткізеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдарға жәрдем берудің сыйын, сауабын: *«Біреу менен бір нәрсе сұрағанда кейде араларындағы біреу ара түсіп жәрдем беріп сауапқа қол жеткізсін деген ниетпен әдейілеп кешіктіріп беремін. Иә, мұқтаж жанның мұқтаждығын өтеу үшін ара түсіңдер. Сауапқа кенелесіңдер»*, - деп тілге тиек етеді (Нәсаи, Зекет 65).

Басқа бір хадис-шәріпте Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Мұсылман мұсылманның бауыры. Ол оған зұлымдық жасамайды. Дұшпанға тәслім етпейді. Дін бауырының мұқтаждығын өтегеннің мұқтаждығын Аллаһ өтейді. Мұсылманның айыбын жапқан жанның, Аллаһ қиямет күні айыбын жабады»*, - деп мұсылмандардың арасындағы өзара жәрдемнің маңыздылығын атап көрсетеді.

Аллаһтың разылығын іздеген кісі, қайғы-қасіреттің маңынан табылуы тиіс. Дерекке сүйенсек, бір күні Мұса (а.с.): «Уа, Раббым! Сені қай жерден іздейін?» - деп жалбарынған екен.

Аллаһ Тағала оған: «Мені көңілі жабырқаулардың жанынан ізде»,- деп жауап берді (Әбу Нұғайым, Хиля II, 364).

Бұл ақиқатты толығымен түйсінген Хазірет Әли (р.а.): «Екі нығмет бар. Қайсысының мені артық сүйіндіретінін білмеймін.

Біріншісі, біреудің мұқтаждағымды өтеп береді-ау деген оймен маған келіп, шын пейілімен қол ұшын беруімді өтінуі;

Ал екіншісі, Аллаһ Тағаланың әлгі кісінің өтінішін мен арқылы өтеуі немесе жеңілдетуі. Кез келген мұсылманның басына түскен

қиыншылығына жәрдем етуді, дүние толы алтын мен күміске ие болудан артық көремін», - дейді (Әли, әл-Муттақи VI, 598/17049).

Тек өз қамын ойлап, өзгелердің жағдайына мән бермеу, яғни маған не қатысы бар деушілік, мұсылманның бойынан табылмауы тиіс. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Көршісі аш бола тұра, тоқ жатқан кісі мұмин емес (яғни бізден емес)»*, - дейді (Хаким II, 15).

Әулиелердің және ғарифтердің бұл жайлы айтып кеткен сөздеріне тоқталып кетелік.

«Адамдарға жақсылық жасау, кісіні пәле-жаладан қорғайды» (Хазірет Әбу Бәкір).

«Егер көңілім жабықпасын деп қам жесең, көңілі жабығып жүргендердің дерттеріне жәрдем ет» (Сағди Ширази).

«Дәрі, ғаламда сырқаттан өзге ешнәрсенің соңына түспейді» (Хазірет Мәулана).

«Басқалардың жүгін мойнына алуы тиіс. Бірақ оларға жүк болмауы керек. Жапа шектіргенге, ләм-мим деместен опалы болуы қажет» (Жүсіп Хас Хажиб).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Хазірет Омар (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұсылмандардың мәселелері жайлы Әбу Бәкірмен (р.а.) түннің бір уағына дейін сөйлесетін. Мен де олармен бірге болатынмын», - дейді (Тирмизи, Салат 12/169).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) тіпті төсегіне жатар алдын мүминдерді ойынан шығармай:

اَلْحَمْدُ لِلّٰهِ الَّذِى أَطْعَمَنَا وَسَقَانَا وَكَفَانَا وَآوَانَا
فَكَمْ مِمَّنْ لاَ كَافِىَ لَهُ وَلاَ مُؤْوِىَ

«Бізді ішкізіп-жегізген, қорғап баспана берген Аллаһқа мадақ болсын. Қорғанатын, баспанасы болмаған көптеген жан бар», - деп дұға ететін (Мүслим, Зікір 64; Әбу Дәуіт, Әдеп 98).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағы барша адамға мән беретұғын. Дерттеріне ортақ болып, ауруларын емдеуге күш салатын. Біреудің бір жері ауырғанда яки жараланғанда Пайғамбарымыз (с.а.у.) куәлік ететін (сұқ) саусағын топыраққа тигізіп қайта көтеріп: *«Аллаһтың атымен! Бұл арамыздағы біреудің түкірігімен араласқан, жұртымыздың топырағы.*

Раббымыздың қалауымен ауруымызға шипасы тиер», - деп дұға ететін (Бұхари, Тыбб 38; Мүслим, Сәлем 54; Әбу Дәуіт, Тыбб 19; ибн Мәжә, Тыбб 36).

Бұл шипаның жүзеге асуы үшін үш нәрсе керек. Олар:

1. Аллаһтың шипа беруді мұрат етуі

2. Дұғаны оқыған кісінің ықыласы

3. Дұға оқылған кісінің ықыласы

***

Умму Зуфар атты ақыл-есі дұрыс емес бір әйел бар еді. Бір күні Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Саған айтар бір мәселем бар»,-деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Жарайды. Қай жерде кездесуді қаласаң, сол жерде кездесіп мәселеңді шешелік», - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әлгі әйелмен жолдың шетіне шығып, мәселесін шешкенге дейін бірге тұрды (Мүслим, Фадайл 76; Әбу Дәуіт, Әдеп 12).

***

Мұсылмандардың бір бөлігі Эфиопияға һижрет еткен болатын. Патша оларды жылы қарсы алды. Біраз уақыт өткеннен кейін меккелік мүшріктер мұсылман болды деген жалған хабар естіп, Меккеге кері қайтты. Меккелік мүшріктер Эфиопиядан келген мұсылмандардың сый-құрметке бөленгендерін естіген сәтте, қатты алаң болып бұрыннан жасап келе жатқан зұлымдықтарын үдете түсті.

Туысы Уәлид ибн Мұғираның панасына кіріп, тыныш, рахат өмір сүріп жатқан Осман ибн Мағзун (р.а.) Аллаһ Елшісінің және сахабаларының душар болып жатқан жан түршігерлік зұлымдық пен зорбалықты, кейбіреуіне таңба басылып, бағзыларының қамшымен сабалып жатқандығын көрді. Осының барлығын ой елегінен өткізіп: «Уаллаһи, бір мүшріктің панасына кіріп тыныш өмір сүріп, достарымның және достарымның Аллаһ жолында тартып жатқан алуан түрлі азапты, менің тартпауым үлкен кемшілік. Аллаһтың панасы өзгенің панасынан абыройлы әрі қауіпсіз», - деп қорғанысын өз мойнына алған Уәдидке барды. Оған: «Уа, көкемнің ұлы! Сен мені өз панаңа алған едің. Оны мүлтіксіз атқардың. Берген уәдеңде тұрдың. Қазір сенің қорғанысыңнан шығып, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қасына барамын. Ол және оның сахабалары мен үшін теңдесі жоқ үлгі. Мені Құрайыш руының кісілерінің қасына ертіп барып, қорғап-паналайтындығыңнан бас тартқандығыңды білдір», - деді.[90]

Осман (р.а.) мүминдермен дерттес болуды артық көрді. Олар азап шегіп жатқанда, өзінің рахат өмір сүруіне көңілі разы болмады. Қолынан

90. Ибн Исхақ, Сирет, Коня 1981, 158; Хайсами VI, 34.

келер қайран болмаған соң, мұсылмандардың дертіне тек осылайша ортақ болған-ды.

***

Ибн Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Әкем Хазірет Омардың халифалығының тұсында бір жылы қатты аштық болды. Ол жылды жұрт «жұт жылы» деп атады. Әкем Омар (р.а.) өнімді жақсы берген жерлерден жинаған бидай мен зәйтүн майын түйелерге артып бәдәуилерге үлкен көмек көрсетті. Жұттың қатты болғандығы соншалық, жер бетінде жасыл шөп қалмады. Омар (р.а.) қолын көтеріп: «Аллаһым! Олардың ризық-несібелерін тау бастарынан нәсіп ет», - деп дұға етті.

Аллаһ Тағала оның және мұсылмандардың жасаған дұғаларын қабыл етіп, артынша жауын жауды. Мұны көрген Омар (р.а.): «Құдайға шүкір! Хақ тағала бұл қиыншылықты басымыздан алмаса, мүмкіншілігі бар әрбір мүминнің үйіне жанұя мүшелерінің санындай пақыр таратар едім. Осылайша бір кісінің асымен екі кісі күн көрер еді», - деді» (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад № 562).

Хазірет Омар (р.а.) бір топ кісімен бірге жолда келе жатқанда, жасы ұлғайып қалған Хаулаға (р.а.) кезікті. Хаула Хазірет Омарды тоқтатып алды. Ол тоқтап, әйелдің қасына жақындады. Басын Хаулаға иіп, оны ден салып тыңдады. Хазірет Хауланың мәселесін тыңдап, оны шешкеннен кейін кері қайтып келді. Біреу: «Уа, мүминдердің әмірі! Құрайыштың үлкендерін, осы кәрі әйел үшін күттіріп қойдың ба?» - деп қалды. Хазірет Омар ашуға мініп: «Ой, құрып кеткір! Ол әйелдің кім екенін біле місің? - деп сұрады.

Ол: «Жоқ білмеймін», - деді.

Хазірет Омар: «Ол әйел Аллаһтың жеті қат көктің үстінде дертін тыңдаған, Хаула бинти Сағлаба. Аллаһтың атымен ант етейін, егер кешке дейін жағамды босатпай қалмай қойса да, ісін бітірмейінше қасынан тапжылмас едім», - деді.

***

Ибн Аббас (р.а.) бір күні Пайғамбарымыздың мешітінде иғтикафқа кірген еді. Қасына бір кісі келді. Сәлем беріп, отырды. Ибн Аббас (р.а.): «Бауырым! Сен шаршаған әрі қайғылы күйдесің ғой», - деді. Кейін екеуінің арасында мынадай әңгіме жүріп өтті.

– Иә. Аллаһ Елшісінің немере інісі! Қайғылымын. Пәленшенің менде алар «уәла» ақысы бар (ақша төлеп, мені азат еткен еді). Бірақ мына қабір иесінің (Аллаһ Елшісі) ақысы үшін айтайын. Оның ақысын төлерлік қаражатым жоқ».

– Олай болса (сенің жағдайың туралы) онымен сөйлесіп көрейін бе?

– Қалауың білсін.

Ибн Аббас аяққиімін қолына алып, мешіттен шықты. Кісі оған қарап:

– Сен иғтикафқа кіргеніңді ұмыттың ба? Неге мешіттен шықтың? - деді. Ибн Аббас (р.а.):

– Жоқ! Ұмытқаным жоқ. Мен мына қабірде жатқан әрі арамыздан кеткеніне көп уақыт өтпеген қадірлі кісінің (бұл сөздерді айтып тұрғанда көздерінен жас ағып тұрған еді): «Кімде-кім дін бауырының кез келген шаруасының соңына түсіп, оны бітіріп берсе, он жыл иғтикафқа кіруінен артық. Ал расында кімде-кім Аллаһ разылығы үшін бір күн иғтикафқа кірсе, Хақ Тағала ол кісі мен тозақтың арасында үш ор жаратады. Әрбір ордың арасының қашықтығы шығыс пен батыстың аралағындай»,-деп айтқанын естіген едім, - деді (Бәйһақи, Шұғаб III, 424-425).

***

Ұтба ибн Фарқад былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Хазірет Омарға (р.а.) құрма мен майдан жасалған бірнеше кәрзеңке халуа апардым. Ол менен мұның не екендігін сұрады. Мен: «Ішінде жейтін ас бар. Саған алып келдім. Өйткені таң атқаннан кешке дейін халықтың ісімен шабасың да жүресің. Үйіңе қайтқанда жақсы бір азық алып қайтып, бойыңа күш-қуат жинасын деген ой ғой менде», - дедім.

Хазірет Омар (р.а.) кәрзеңкелердің біреуінің аузын ашып: «Ей, Ұтба! Құдай үшін шыныңды айт. Мына кәрзеңкелерден әрбір мұмин үшін бір-бір кәрзеңкеден бердің бе? - деп сұрады.

Мен: «Уа, мұминдердің әміршісі! Барша Қайыс руының дүние-мүлкін жұмсасам да, әрбір мұминге бір-бір кәрзеңке халуа бере алмаймын», - деп жауап бердім.

Омар (р.а.): «Олай болса маған керек емес», - деді. Кейін, кәрі әрі қатып қалған еттің сорпасына, кеуіп қалған нан салынған ас алдырды, Маған қарап еттің жақсы, жұмсақ жерлерін алыстан келген қонақтарға тарту еткендігін, ал сіңір мен қатты тұстарын өзінің жегендігін айтты» (Әли әл-Муттақи XII, 627/35936).

***

Әбу Абдуррахман Жәбали былай деп нақыл етеді:

«Римдіктерге қарсы ұйымдастырылған жорыққа шыққанымызда, Әбу Әйюб әл-Ансаримен (р.а.) бірге бір кемеде болған едік. Басшымыз Абдулла ибн Қайыс болатын. Әбу Әйюб әл-Ансари (р.а.) олжаны

үлестіріп жатқан қызметкердің қасына барды. Сол жерде жылап жүрген бір әйелді көрді. Ол әйел тұтқынға түскендердің бірі еді. Әбу Әйюб әл-Ансари (р.а.) әйелдің неге жылап жүргендігін сұрады. «Бұл әйелдің бір баласы бар еді. Соны одан тартып алып қойды. Сол үшін жылап жүр», - десті сол маңайдағылар.

Әбу Әйюб әл-Ансари (р.а.) дереу баланы іздестірді. Тауып алып анасына тапсырып анасының көз жасын тоқтатты. Олжаны үлестіріп жатқан қызметкер Абдулла ибн Қайысқа барып, Әбу Әйюб әл-Ансаридің (р.а.) істеген ісін жеткізді. Абдулла ибн Қайыс бұлай істеуінің себебін сұрады. Әбу Әйюб әл-Ансари (р.а.): «Мен Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): «Ана мен баланы бір-бірінен айырғандарды Хақ Тағала қиямет күні барша сүйгенінен айырады»,-деп айтқанын естіген едім», - деп жауап берді» (Ахмед V, 422; Тирмизи, Буюғ 52/1283).

***

Хазірет Омар (р.а.) бір күні түнде үйінен сыртқа шыққан еді. Оны Талха (р.а.) көріп қалды. Хазірет Омар оны байқамай біраз жүріп бір үйге кірді. Содан кейін ол үйден шығып, басқа бір үйге кірді. Талха (р.а.) мұның сырын білуге қатты құштарланды. Ертесіне таңертең әлгі үйлердің біріне соқты. Үйдің ішінде көзі соқыр, орнынан тұра алмайтын бір әйелді көрді. Талха (р.а.) әйелден: «Саған келген кісінің қандай ісі бар еді?» - деп сұрады. Кәрі әйел: «Ол пәленше уақыттан бері үнемі келіп тұрады. Күніге мен мұқтаж болған заттарды алып келеді. Үсті-басымды тазалап, қиыншылықтарымды жеңілдетеді», - деп жауап берді (Әбу Нұғайым, Хиля I, 48).

***

Омар ибн Абдулазиз жар салып айқайлайтындарды шақыртып алып: «Қарыз болып қалғандар қайда? Мұқтаждар, жетімдер, үйленгісі келгендер, пақырлар, зұлымдыққа ұшырағандар қайда? Уа мұқтаждыққа тап болғандар! Келіп ақыларыңды алыңдар», - деп жар салдырып мұсылмандардың мұқтаждықтарын өтеумен айналысатын.

***

Қажы Убайдулла Ахрар кенеттен бір сәттің ішінде денесі мұздай болып қалшылдап кетті. Шәкірттері дереу от жағып, жылытуға кірісті. Бірақ одан пайда шықпады. Ұстаз қалшылдап жылынбай қойды.

Дәл сол сәтте өзімен бірге біте қайнасқан, жақын шәкірті суық су толы орға түсіп, үсті-басы малмандай су болып суықтан қалшылдап үйге кірді. Шәкірттер дереу оны құрғатып, жылытты. Ол жылынып өз-өзіне келгенде, ұстаздың да қалшылдауы тоқтап дереу жылынды.

Мұсылмандардың дерттерін, қайғысын жан-тәнімен сезіну ахлақының

кәміл көрінісі осылай болатын шығар, сірә.

***

Баязит Бистами былай деп әңгімелейді:

«Біздің уақытымызда көптеген әулие бар болатын. Бірақ ғасырдың құтыптығы Әбу Хафыс атты ұстаға берілген еді. Мұның сырын білмекші болып, оның дүкеніне бас сұқтым. Қатты мұңайып отыр екен. Себебін сұрадым. Мұңайған дауыспен: «Менің дертімнен үлкен, менен артық дертті кісі бар ма екен? Дертім мынау, қиямет күнінде осыншама Аллаһттың құлдарының халі не болмақ?» - деп жауап берді. Артынша жылап, мені де жылатты. Аң-таң болып: «Халықтың азап тартуына мұншалықты неге күйінесің?» - деп сауал қойдым.

Әбу Хафыс: «Менің жаратылысым мейірімділік және рақымдылықпен иленгендігі соншалық, тозақтықтардың баршасының азабы маған беріліп, оларға кешірім жасалса, мен соған разы болар едім. Әрі дертім бітер еді», - деп жауап берді.

Мына жауапты естігеннен кейін, Хазірет Әбу Хафыстың «өзім-өзім» дейтіндерден емес, «үмбетім, үмбетім» деп айтатын Пайғамбардың (с.а.у.) жолын ұстанатындардан екендігін аңғардым. Оның қасында біраз уақыт қалып қойдым. Оған Құран Кәрім сүрелерін тәлім еттім. Бірақ қырық жыл бойы оқып, түйсіне алмаған дәрежеге соның арқасында қол жеткіздім. Яғни, негізгі тәлім берген мен емес, ол еді. Ішкі жан-дүнием Раббани файызға толды. Жақсы түсінген нәрсем, құтбият айрықша бөлек дүние екен. Ізгілік, артықшылық тек білім мен құлшылықта емес, олардың ғарифтікке жол бастауында, Хақ Тағаланың берген қабілеті мен бағытында екен».

***

Сәри Сақати бір күні дәрісте шәкірттеріне: *«Муминдердің дерттерін өзіне дерт етпеген олардан емес»*,[91] - деген хадис-шәріпке түсініктеме беріп жатқан еді. Дәл сол шақта бір шәкірті бөлмеге асығып-үсігіп кіріп: «Ұстазым. Күллі махалла өртеніп кетті. Тек сіздің үй аман қалды», - дейді. Ұстаз: «Құдайға шүкір», - деп қалады.

Сол уақидан кейін отыз жыл өткеннен кейін бір қадірлі досына: «Мен сол күні «Құдайға шүкір» деп айтып қалған едім. Азғана уақыт болса да тек өзімді ойлап, пәлекетке тап болғандардың қайғысынан аулақ болдым. Мінекей отыз жылдың жүзі болды, сол сәттегі ғапылдығым үшін тәубе етіп жүрмін», - дейді.

***

91. Хаким IV, 352; Хайсәми I, 87.

Бір күні ел әулиелердің бірі Фудайыл ибн Ғиядтың жылап жатқандығын көрді. Олар: «Неге жылап жатырсың?» - деп сұрады. Ол: «Маған зұлымдық жасаған бір бейшара мұсылман үшін қайғыға батып, жылап отырмын. Бар мұңым қиямет күнінде оның қор болатындығынан туып отыр...», - деді.

Мінекей бір әулиенің көңіл кеңдігі осындай болмақ. Өзіне жасалған зұлымдыққа мән бермей, зұлымдық жасаған жанның қиямет күнінде тартар азабын ойлап жылайды.

***

Абдулхамид ханның сарай хатшысы өз естелігінде мынадай ғажап уақиғаға тоқталып өтеді:

«Кеш батып қалған шақ болатын. Сарайда кезекші болып мен қалып қойдым. Келген хаттарды, телеграфтарды, ақпараттарды ретке келтіріп тізімін жасадым. Падишаһтың құзырына шығуға беттегенім сол-ақ екен, бір телеграф келді. Падишаһқа Стамбул Лалелі поштасы қызметкерлерінің бірі жіберген екен. Бейшара қызметкер, телеграфында әйелінің осы түні босанатынын, босануының қиын, қауіпті болатындығын дәрігерлердің ескерткендігін, бірақ ешқандай мүмкіндігі жоқ екендігін, сондықтан падишаһтың мейіріміне бас ұратындығын жазыпты.

Мен бұл телеграфты падишаһқа апаруды жөн көрмей, тізімге қоспадым. Алайда падишаһ мәселенің барлығына көз жүгіртіп болғаннан кейін маған қарап: «Басқа ешнәрсе жоқ па?» - деп сұрады.

Мен: «Тіркеуге лайығы жоқ», - деп жауап бердім.

Падишаһ алған бетінен қайтпай, сұрағын қайта қайталап: «Сен тіркеуге лайық болмаған нәрсені айт», - деді.

Мен сол әлгі телеграфты айттым. Бұл мәселені құзырына шығып, білдіруді жөн көрмегенімді де айтып салдым. Мұңайып: «Дереу әкеліңіз», - деп әмір етті.

Аң-таң болып, телеграфты алып келдім. Падишаһ оны мұқият оқып шықты. Артынша мен ойлағанның терісін жасап, дереу сарай дәрігерін шақыртып алды. Маған қарап: «Қазір дереу Лалеліге бірге барып, босанатын әйелге қажетті көмекті көрсетіңіздер», - деп әмір етті.

Падишаһтың әміріне сай сарай дәрігерімен бірге әлгі қызметкердің үйіне бардық. Міндетімізді орындап, таңға жақын ауруханадан сарайға кері қайттық. Сарайға кіргенімізде, есіктің дауысын естіген падишаһ келгенімізді аңғарып, пердені ашып «келіңдер» деп қолымен ишарат етті. Бөлмесінің шамдары жанып тұр екен. Демек таңға дейін құлшылық және дұға етумен айналысқан. Құзырына кірдік. Нәтижені сұрады. Уақиғаны толықтай баян еттім.

Мен: «Сұлтаным! Әйелдің босануы өте қиын болды. Құдайға шүкір, маман дәрігерлердің араласуымен әйел аман қалды. Бір еркек сәби дүниеге келді. Әке-шешесі атын Абдулхамид деп қойды. Таңға дейін ұлық мәртебеңіздің ұзақ өмірлі болуын тілеп, дұға етіп шықты», - дедім.

Бізді тұрып тыңдаған халықтың мейірімді әкесі падишаһ, менің сөздерімнің соңында терең тыныс алып: «Құдайға шүкір», - деді. Кейін перденің артына өтіп, екі бас (рәкағат) шүкір намазын оқыды.

***

Әуелі православ дінінде болып, кейін Хазірет Мәулананың «мәснауиінің» берекеті арқылы тура жолға түскен ұстазым Яман Деде өте сезімтал, Пайғамбарды жан-тәнімен сүйген кісі болатын. Аллаһ Елшісінің сахабаларының көркем ахлағы оның бойынан табылатын. Төмендегі мына уақиға оның қандай ғажап тұлға болғандығын көрсетуге жеткілікті болса керек:

«Бір күні дәрісте оқушыларының бірі: «Ұстазым! Ауыр күнә істеп күнәһар болуды ма? Әлде алапес ауруына шалдығуды артық көресіз бе?» - деп сұрайды.

Яман Деде: «Аллаһтың құлдарының ішкі жан сарайынан, көңілінен бір сәтке ұзақ болып, сезімсіз қалудан тірідей жанып күл болуды артық көремін», - деп жауап береді».

Мінекей ислам дінінің адамзат баласына тарту еткен өзгешілдігі, көпшілдігі, мейірімділігі және махаббат көкжиегінің кеңдігі осындай.

***

Стамбулда анархияның өршіп тұрған шағында болған мына төмендегі уақиға, мұқтаж жандардың дертіне ортақ болудың бұл дүниедегі берекетін көрсететін өнегелі хикая болып табылады.

Бес-алты ұрлықшы үлкен дүкенге кіріп, дүкен иесіне кассадағы барша ақшаны беруін талап етеді. Қарт шарасыз күйде қалып, кассаның кілтін қолына алғаны сол-ақ екен ары-бері өтіп жатқандарды бақылап тұрған ұрлықшылардың бірі қартты байқап қалып, дереу жүгіріп жанына келді. Қартты өз кеудесімен жауып, қолындағы қаруын жолдастарына кезеп: «Бұл жерден бір тиын алмастан кетеміз», - деп айқайлады.

Көзді ашып жұмғанша мұндай өзгерісті күтпеген жолдастары аң-таң болып: «Тыныштық па? Бұл жерге келгенге дейін талай дүкенді тонадық. Жақ ашпадың. Не болды саған дереу өзгеретіндей? Тұр былай! Ісімізді жалғастырайық», - десті.

Бірақ ол жолдастарына кедергі болуға шешім қабылдап, һәм қатты қысылып: «Жоқ! Бұл жерден бір ине алмастан кетеміз. Қарсы шықпаңдар. Мені өлтірместен, бұл дүкеннен сендерге көк тиын жоқ. Біліп

қойыңдар! Мына қарттың кім екенін білесіңдер ме? Мен жылдар бойы жанұяма, балаларыма мән бермей казино, барларда қаңғып жүргенімде мейірімділік танытып, оларға қол ұшын берген, тіпті әке орнына әке болған, балаларымды тәрбиелеп оқытқан ерекше кісі», - деді.

Мұны естіген жолдастары бастары төмен салбырап, барлығы қарттан кешірім сұрап дүкеннен шығып кетті. Мінекей Аллаһ разылығы үшін жасалған инфақтың (қайырымдылық) бұл дүниедегі пайдасының ғибрат толы үлгісі. Сонымен қатар *«Садақа пәле-жаладан сақтайды»*[92] деген хадис-шәріпінің көзге көрінер мысалы.

Мүмкіндігі шектеулі кісі аз садақа беріп, ал мүмкіндігі мол кісі мол садақа беріп Аллаһтың разылығана қол жеткізуге күш салып, пәле-жалаға қарсы тұру үшін өзіне қалқан дайындауы қажет.

***

Бір мұғалім кішкентай бір жүректің мұсылмандардың дерттеріне ортақ болудағы жігерін, құлшынысын былай деп әңгімелейді:

«Боснияда соғыс қызып жатқан болатын. Сыныптағы оқушылармен ол жерде болып жатқан жабайы, қорқынышты уақиғалар жайлы әңгіме қозғадық. Оқушылардың бірі: «Ұстаз! Біз де оларға жәрдем берейік», - деді.

Мен: «Отбасыларыңнан ақша сұрамау шартымен жәрдем жинайық», - дедім. Оқушылар еңбек дәрісінде қолдарынан келгендерін жасайтын болды. Ал мен олардың жасаған дүниелерін он бес күннен кейін Боснияға жәрдем үшін ұйымдастырылатын жәрмеңкеге апарып, сататын болып келістік.

Бір аптадан кейінгі дәрісте оқушылардың көпшілігі менің көзіме өте құнды, бағалы болып көрінген, жасаған кішкентай дүниелерін әкеліп тапсырды. Бірнеше оқушы бітіруге үлгере алмағандықтарын айтып, келесі дәріске міндетті түрде әкелетіндіктеріне уәде берді. Барлығы бақытты еді. Алайда алдыңғы партада отыратын үлгерімі жақсы оқушылардың бірі Сонгүл дәріс бойы басы салбырап, жұмған аузын ашпады. Қоңырау шалынғанда Сонгүл үн-түнсіз қасыма келіп: «Босния-Герцогавиниядағы бауырларыма жәрдем ретінде беруге тек мынаны таптым, ұстаз! Құдай қаласа бір көмегі тиіп қалар», - деп қолыма бір нәрсе қыстырып, жалт бұрылып кете барды. Қолымды ашып қарасам, автобусқа мінетін оқушы билеті екен. Мен өз-өзіме: «Босния-Герцогавиниядағы оқушылардың дәл осындай билетпен автобусқа мінеді деп ойлаған шығар», - дедім. Күлімсіреп орнымнан тұрдым.

Мектептен шыққанымда жаңбыр шелектеп жауып тұр еді. Көлігіме

92. Тирмизи, Зекет 28/664; Суюти, әл-Жамиғус Сағир I, 108.

міндім. Жолдың жөндеу құрылысы жүріп жатқандықтан, ешқашан өзім жүріп көрмеген мектептің артындағы көшемен үйге тарттым. Жаңбырдың молдығы соншалық, алдымды әрең көріп келе жаттым.

Тірі жан жоқ көшеде малмандай су болған он екі, он үш жасар қыз тез-тез жүруге тырысып келе жатыр екен. Көлігіме отырғызып алайын деген ниетпен қызға жақындай түстім. Қарасам Сонгүл.

Кішкентай қыз соңғы билетін Боснеядағы бауырларымен бөліскендіктен құйып тұрған жаңбырдың астында үйіне жаяу бара жатыр еді. Көлігіме отырғызып алдым. Оны әкесі және үш бауыры тұрып жатқан қирайын деп тұрған үйіне апарып тастадым. Үш-төрт шақырым бойынша одан жасырып келген көз жасыма ерік бердім. Сел болып ақты.

Бір аптадан кейін ұйымдастырылған жәрмеңкенің ашылуына келген аудан әкіміне, жанындағы кісілерге билетті көрсеттім. Өздері ауыр машақатта өмір сүріп отырған, алайда жүрегі кең, ішкі жан сарайы бай оқушымның хикаясын оларға айтып бердім. Әкім билетті аукционға салды. Сонымен сол билет жәрмеңкеде сатылған барша нәрсенің сомасына жақын бағаға сатылды».

Ұзын сөздің қысқасы Хақ Тағаланың разылығына қол жеткізуді мұрат еткен кең пейілді, сезімтал әрбір мүмин қайғы-қасіреттің маңынан табылуы ләзім. Мұсылмандардың дерттеріне ортақ болуды дағдыға айналдыруы қажет. Аллаһ Тағаланы көңілі жабығып жүргендердің қасынан іздеуі керек. Өйткені Аллаһтың құлына қызмет, оның өзіне қызмет демек. Сонымен қатар мұсылман үмбетіне қызмет, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) қызмет ету болып табылады.

Мұсылмандардың дерттеріне, қайғыларына шара табу, Аллаһтың разылығына бастайтын қоғамдық құлшылық. Ал одан сырт қалып қою, Хақ Тағала сүймейтін өзімшілдік екендігі даусыз. Барша мұсылман бір дене іспеттес болғандықтан, бір ағзаның сырқатына мән бермеу күллі дененің ауруына әкеліп соғуы әбден мүмкін.

Ә) ЖЕСІРЛЕР МЕН ЖЕТІМДЕРГЕ ҚАМҚОР БОЛУ

Қоғамда иләһи емтиханның бір көрінісі ретінде қанаты қайырылған жандар кездеседі. Хақ Тағала құлдарына солардың құрметі үшін ырыздық береді. Бірақ көптеген жан бұл ақиқатты аңғара бермейді. Олардың мақұрым қалғандығына мән бермей, өздерінің дүние-мүліктерінің артуын ғана күні-түні тілейді. Ал ақиқатына жүгінсек Аллаһ Тағала қоғамдағы қанаты қайырылғандарға қол ұшын беруді ауқатты кісілерге парыз етіп жүктеген.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді.

«Жоқ олай емес! Керісінше сендер жетімге жақсылық жасамайсыңдар! Сонымен қатар сендер, бір-бірлеріңді міскін(дер)**ді тамақтандыруға шақырмайсыңдар!»** (Фәжр сүресі, 17-18 аяттар).

Қоғамдағы халі төмен және мұқтаж жандарға шын пейілімен қол ұшын бергендер Хақ Тағаланың сүйген құлдары болып табылады. Әрі екі дүниенің бақытына қол жеткізері хақ.

Ал қанаты қайырылып, бейшара күйге түскен жандардың алдыңғы қатарында жесірлер мен жетімдер көзге түседі. Олардың ішкі жан дүниелері рухани тұрғыдан күйзеліске ұшырап, қайғы-мұңның ортасында кезіп жүреді. Міне осындай күйге тап болған жандарға рухани және материалдық тұрғыдан көмек беру мұсылман үмбетінің борышы. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жесірлерге, пақырлардың істеріне жәрдем берген жан, Аллаһ жолында күрескен секілді сауап алады»*, - деп айтып, бұл істің маңыздылығын атап көрсеткен.

Бұл хадис-шәріпті риуаят еткен кісі: «Мен тіпті Аллаһ Елшісінің: «Ондай кісі, әрдайым түні бойы намаз оқитын, үзбестен ораза ұстайтын жан секілді», - деп айтқандығын естіген едім», - дейді (Бұхари, Нафақат 1, Әдеп 25, 26; Мүслим, Зүһд 41).

Хақ Тағала жетімдерге қарайласуды өз мойнына алатындығын білдірген. Сонымен қатар оларға жақсы мәміле жасауды мүминдерге әмір еткен.[93] Жетімнің мұқтаждығын өтеуді, биік асудан өтуге теңеген.[94] Биік асудан өтіп, Аллаһ разылығына қол жеткізу үшін, өзі мұқтаж бола тұра жетім мен тұтқынға қол ұшын берген құлдарын мадақтайды.[95]

Бұл мәселе жайындағы Құран Кәрімдегі аяттарға көз жүгіртіп көрейік:

«Жетімге (келер болсаң) **оны қақпайлама!** (Жақсы мәміле жаса!)**»** (Дұха сүресі, 9-аят).

«Жетімдердің ақысын өтеуде әділеттіліктен таймаңдар! Жасаған әрбір игіліктеріңді, күмәнсіз Аллаһ біледі» (Ниса сүресі, 127-аят).

Қоғамдағы көңілі жабығып жүргендерге жәрдем берудің орнына зұлымдық жасау, күпірлікке бойы алдырған қатігез жүректен туады. Хақ Тағала ондай жандарға мынадай ескерту жасайды.

«Дінді (яғни, қиямет пен қиямет күнгі есепті) **жалған деп санап жүргенді көрдің бе? Ол, жетімді қақпайлап,** (ақысын жеп, зұлымдық жасайды)**. Сондай-ақ, ол, өзге біреуді міскінді тамақтандыруға**

93. Бақара сүресі, 83, 177, 215, 220 аяттар; Ниса сүресі, 2-3, 6, 8, 10, 36, 127 аяттар; Әнғам сүресі, 152-аят; Әнфал сүресі, 41-аят, Исра сүресі, 34-аят; Кәһф сүресі, 82-аят; Хашр сүресі, 7-аят; Инсан сүресі, 8-аят.

94. Бәләд сүресі, 11-16 аяттар.

95. Инсан сүресі, 8-аят.

шақырмайды» (Мағұн сүресі, 1-3 аяттар).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) жетімдерге жақсы мәміле жасаған мүминдерге мынадай сүйінішті хабарды жеткізеді.

«Жетімге қамқор болған кісі және мен, мына екеуі секілдіміз», - деп айтып сұқ саусағы мен ортаңғы саусағының арасын ашып көрсеткен еді (Бұхари, Әдеп 24, Талақ 14).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұсылмандарды үмбетінің халі төмен, қараусыз қалған жандарына игілік жасауға үгіттейді. Оны төмендегі мына хадистерде көреміз:

«Мұсылмандар үйлерінің арасындағы ең қайырлы үй, жетіміне жақсы мәміле жасаған үй. Ал ең жаман үй, жетіміне нашар мәміле жасаған үй» (Ибн Мәжә, Әдеп 6).

«Кез келген біреу, мұсылмандардың арасында жүрген жетімді үйіне апарып ішіп-жегізіп тойғызғаннан кейін кешірілмес күнәлардың бірін істемесе, Аллаһ Тағала оны міндетті түрде пейішке кіргізеді» (Тирмизи, Бирр 14/1917).

«Біреу тек Аллаһ разылығы үшін, бір жетімнің басын сипаса, оған қолы тиген әрбір шаштың мөлшеріндей сауап беріледі» (Ахмед V, 250).

Сахабалардың бірі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп, жүрегінің қатыгездігін айтып шағымданған еді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Егер жүрегіңнің жұмсаруын қаласаң, пақырды тойдыр, жетімнің басын сипа!»* - деп жауап берді.

Абдуррахман ибн Абза (р.а.) Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): *«Жетімге рақымды әке секілді (мәміле жаса)»*, - деп айтқандығын нақыл етеді (Хайсами VIII, 163).

Дүниеге көздерін жетім болып ашқан ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) үмбетінің жетімдеріне әрдайым қамқор болатын. Күллі адамзат баласына үлгі боларлық Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Мен, әр мүминге өзінен жақынмын. Біреу бақилық болып, дүние-мүлік қалдырса, ол дүние-мүлік туыстарына қалады. Ал қарыз яки жетімдер қалдырса, жетімдеріне қарау менің міндетім»*, - дейді (Мүслим, Жұма 43; ибн Мәжә, Мұқаддима 7).

Міне осындай ұлы тұлға пайғамбарымыз (с.а.у.) әрбір мұсылман баласына рақымдылық, мейірімділік, халықшылдық және тағы да басқа игі тұрғыдан үлгі болары хақ.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бәшир ибн Ақраба (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Ұхуд соғысы болған күні Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) кездестім. Одан:

– Әкемнің жағдайы қалай? - деп сұрадым.

– Әкең шәһит болды. Аллаһ оны мейіріміне бөлесін, - деп жауап берді. Жылай бастадым. Мені қолына алып, басымнан сипады. Көлігіне мінгізді. Кейін:

– Мен әкең, Айша анаң болуға разы емессің бе? - деп сұрады. Мен:

– Әке-шешем саған құрбан болсын уа, Аллаһтың Елшісі! Әрине разымын, - дедім.

Қазір шашыма ақ түсті. Ал Аллаһ Елшісінің мубарак қолы тиген жерлер яғни сол жақ беті әлі түсін жоғалтпады, қап-қара күйінде қалды».[96]

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қаза болған кіші қажылықтан Мәдинаға кері қайтуға бет алған еді. Меккеден шыққаны мұң екен соңынан Хазірет Хамзаның қызы Умама (р.а.) жүгіріп:

– Көкешім, көкешім, - деп айқай салды. Хазірет Әли оны қолынан ұстап, Фатимаға (р.а.) беріп:

– Көкеңнің қызын қасыңа алып ал, - деді. Мәдинаға келіп жеткенде Умаманы бағып қағуды өз мойнына алу үшін Хазірет Әли (р.а.), Зәйд (р.а.) және Хазірет Жағфар (р.а.) таласқа түсті. Хазірет Әли (р.а.):

– Ол менің көкемнің қызы. Оны бағып-қағуға толығымен құқығым бар, - деді. Хазірет Жағфар (р.а.):

– Ол менің де көкемнің қызы. Әрі мен оның әкпесіне (шешесінің сіңлісі) үйленгенмін, - деп даурықты. Хазірет Зәйд:

– Ол менің бауырымның қызы, - деп таласты. (Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Зәйд пен Хамзаны бір-біріне бауыр қылғантұғын).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Умаманы әкпесінің қасында қалсын деп үкім етіп:

– Әпке, ананың орнын басады, - деді. Кейін Хазірет Әлиге (р.а.) қарап:

– Сен менікісің, ал мен сенікімін, - деді.

Хазірет Жағфарға (р.а.) бұрылып:

– Жаратылысың және ахлағың маған нендей қатты ұқсаған, - деді. Зәйдке қарап:

– Сен біздің бауырымызсың. Әрі азат еткен азаматымызсың, -

96. Бұхари, әт-Тарихул-Кабир, Бейрут, 2001, II, 65; Әли әл-Муттақи XIII, 298/36862.

деді. Осылайша әрқайсысына жылы лебіз айтып, ешкімнің көңілін қалдырмады (Бұхари, Мағази 43, Сулх 6, Умра 3; Мүслим, Жиһад 90; Әбу Дәуіт, Талақ 35).

Хазірет Әли (р.а.) әңгімесін былай деп тәмамдайды:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Зәйдке қарап, жылы лебізін білдіргенде Зәйд қатты қуанғаны соншалық, жалғыз аяғының үстіне тұрып Пайғамбарымызды (с.а.у.) айнала бастады. Жағфарға (р.а.) лебізін білдіргенде, ол да Зәйдке ұқсап айналды. Маған қарап лебізін білдіргенде мен де Жағфардың (р.а.) артынша жалғыз аяғымның үстіне тұрып, секіре бастадым» (Ахмед I, 108; Уақиди II, 739).

***

Хазірет Жағфардың әйелі Әсма бинти Умайыс былай деп әңгілейді:

«Жағфар және жолдастары шәһид болған шақта Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үйге келді. Сол күні қырық тері илеген едім. Нан пісіретін қамырымды да илеп қойғантұғынмын. Балаларымның беттерін жуып, шаштарын тарап майлаған едім. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған қарап: «Ей, Әсма! Жағфардың балалары қайда?» - деп сұрады. Кейін оларды шақырып алып бауырына басты. Беттерінен сүйіп, маңдайларын иіскеді. Көздерінен жас парлап аға бастады.

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Әке-шешем жолыңа құрбан болсын. Неге жылап жатырсың? Неге балаларыма жетімдер сияқты мәміле жасап жатырсың? Әлде Жағфар және жолдастары жайлы қайғылы хабар жетті ме?» - деп сұрадым.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә. Олар бүгін шәһит болды», - деп жауап берді.

«Аһ, мырзам! Аһ, Жағфарым!» - деп айқай салып жылай бастадым.

Ғаламның рақым нұры Пайғамбарымыз (с.а.у.) қызы Фатимаға (р.а.) барып: «Жағфардың жанұясы үшін ас әзірлеңдер! Олар бүгін басына түскен қайғыдан қолдары босамай жатыр», - деді.

Жағфардың отбасына үш күн қатарынан ас апарылды. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Жағфардың үйіне үш күн бойы соқпады. Үш күннен кейін келіп: «Бауырым үшін жылауды доғарыңдар. Бүгіннен бастап бауырымның балаларына қарау менің міндетім», - деді.

Хазірет Жағфардың ұлы Абдулла (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізді құстың балапаны секілді аялап, үйіне ертіп әкелді. Кейін: «Маған бір шаштараз шақырыңдар», - деп әмір етті. Шаштараз келіп шашымызды алды. Аллаһ Елшісі қолдарын көтеріп: «Аллаһым! Жағфардың жанұясына тек жақсылық нәсіп ет. Абдулланың қолын сауда-саттықта берекелі қыл», - деп дұға етті. Дұғасын үш мәрте

қайталады. Шешем келгенде, болған уақиғаны оған айтып бердім. Оның қуанышында шек жоқ еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) шешеме қарап: «Сен бұл балалардың күнкөрісі мен бағылып-қағылуын еш уайымдама. Бұл дүниеде және ақыретте олардың уәлиі (бағып-қағатын, кепіл болатын кісісі) менмін», - деді (Ахмед I, 204-205; Әбу Дәуіт, Таражжул 13/4192; ибн Хишам III, 436; Уақиди II, 766; ибн Сағд IV, 37).

Абдулла ибн Жағфар (р.а.) ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзіне жасаған жақсы мәмілесін мына төмендегі уақиғада баян етеді:

«Есімде жақсы сақталыпты. Бір күні мен, Хазірет Аббастың екі ұлы Құсам мен Ұбайдулла үшеуміз балалық шағымызда көшеде ойнап жүрген едік. Кенеттен көлігіне мінген Аллаһ Елшісі (с.а.у.) шыға келді. Мені көрсетіп: «Мынаны маған көтеріп беріңдерші», - деді. Мені алдына отырғызып алды. Кейін Құсамды нұсқап: «Мынаны да көтеріп жіберіңдерші», - деді. Оны артына мінгізіп алды.

Кейін басымды үш мәрте сипады. Әр сипағанында: *«Аллаһым! Жағфардың балаларына көз қырыңды сала жүр»*, - деп дұға етті (Ахмед I, 205; Хаким III, 655/6411).

***

Сахабалардың бірі Әбу Умама (р.а.) қайтыс болардан алдын «Кабша, Хабиба және Фариа» атты кішкене қыздарын Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) аманат еткен еді. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларды өз қорғауына алды. Әрі барлық мұқтаждықтарымен етене танысып өтеуге күш салатын. Олардың пайғамбарлық тәрбиеде өсіп-жетілулеріне мүмкіндік берді.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзі үйленген жесір әйелдердің балаларын бауырына басып, оларды өз балаларындай көріп тәлім, тәрбиесіне үлкен көңіл бөлген. Анамыз Умму Салама (р.а.) көп балалы екендігін айтқанда адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Оларды қорғау жүзеге асады», - деген еді (Нәсаи, Неке, 28).

Осылайша Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тәрбиесінде жетілген бұл жетімдер, кейін хадис, фиқһ секілді ислами ғылымдарда әжептәуір салмағы бар әйгілі ғалымдарға айналды.

***

Әнәс (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Пайғамбарамыз (с.а.у.) ажалы таяғанда, қасында болған едік. Бізге қарап үш мәрте: *«Намаз жайында Аллаһтан қорқыңдар», - деп айтты. Кейін: «Қол астарыңдағы адамдар жайында Аллаһтан қорқыңдар! Екі*

халі төмен жандар жайында Аллаһтан қорқыңдар! Олар: «Жесір әйел және жетім бала. Намаз жайында Аллаһтан қорқыңдар», - деді.

Артынша: «Намаз, намаз», - деген сөзді қайталай бастады. (Тілі күрмеліп, айтуға шамасы жетпей қалған шақта да) жаны кеудесінен шыққанша осы сөзді ішінен қайталап жатты» (Бәйһақи, Шұғаб VII, 477).

***

Хазірет Айша анамыз (р.а.) бауыры Мұхаммедтің жетім қыздарын қамқорлығына алып, оларды жақсы тәрбиелеген еді (Муатта, Зекет 10).

***

Хазірет Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Халифа Әбу Бәкірдің халифалығының тұсында Мәдинаның шеткі махалласында соқыр кәрі әйел тұратын. Күніге оған соғып, мұқтаждықтарын өтеуді ойлаушы едім. Бірақ әрдайым барғанымда менен бұрын біреудің келіп оның істерін атқарып, мұқтаждықтарын өтеп жүргендігін байқадым.

Бір күні «бұл сауапты істі кім істеп жүр екен?» деп ойлап, таңертең ерте келіп үйдің маңайында жасырынып отырдым. Кімді көрді дейсің бе? Күніге келіп, әйелдің қажетті істерін атқарып жүрген салих жан Хазіреті Әбубәкір (р.а.) екен. Қарсы алдымда оны көргенде: «Өз өміріме ант етейін, ол сенсің», - дедім.[97]

***

Сахабалардың бірі Әслам (р.а.) өз көзімен көрген уақиғасын былай деп тілге тиек етеді:

«Омармен (р.а.) бірге бір күні түнде Мәдинаның Уақым төбелерінің маңайында кезіп жүргенбіз. Бір үйден жылаған балалардың дауысын естіп солай қарай беттедік. Үйде маңайында балалар бақырып жылап отырған бір әйел бар екен. Ошақта су толы қазан қайнап жатты. Хазірет Омар (р.а.) әйелден балалардың неге жылап отырғандықтарын сұрады.

Әйел: «Аштықтан», - деп жауап берді.

Омар (р.а.) қазанның балаларды жұбату үшін қайнап жатқандығын аңғарды. Әрі әйелдің балаларын осылайша алдап ұйықтатындығын түсініп, көз жасына ерік берді. Дереу зекет дүние-мүліктері жиналып тұратын қоймаға жөнелді. Бір қап ұн және тағыда басқа азық-түлікті қоймадан алып, иығына салып алды. Қапты мен арқалайын деп едім, Омар көнбеді. Маған қарап: «Ей, Әслам! Мен арқалаймын. Өйткені олардың есебі ақыретте менен сұралады», - деді.

97. Суюти, Тарихул Хуләфа, Мысыр 1969, 80-бет. Рамазаноғлу Махмуд Сами, Хазирети Ебу Бекир Сыддык, Станбул 1985, 120-бет.

Әйелдің үйіне барғанымызда, тамақ пісіруді өз мойнына алды. Ол бір жағынан қазанның астын үрлеп, бір жағынан қазанды араластырып жатты. Тіпті түтін сақалының арасынан шығып жатты. Осылайша асты әзірледі. Қазанды ошақтан түсіріп, балаларды өзі тамақтандыра бастады. Балалар тойғаннан кейін, дастарқаннан кері шегініп қарсы алдына отырды. Кейпі арыстан тәрізді айбарлы еді. Бір нәрсе деуге тайсалдым. Балалар бір-бірімен ойнап, сықылықтап күлгенге дейін отырған орнынан тапжылмады. Кейін орнынан тұрып: «Ей, Әслам! Олардың қарсы алдында неге отырдым? Білесің бе? Оларды алғаш көргенімде жылап отырған еді. Күлгендерін көргенше орнымнан тұрғым келмеді. Олардың жүзіне күлкі үйірілгенде ғана көңілім жай тапты», - деді (Әли, әл-Муттақи XII, 648/35978).

***

Ибн Аббас (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Хазірет Әли (р.а.) бір күні түні бойы біреудің құрма бауын суғарып шықты. Ақысына белгілі мөлшерде арпа алды. Таң рауандап атқанда арпаны арқалап үйіне келді. Жанұясымен бірге әкелген арпасының үштен бір бөлігін үгітіп «хадиира» деген ас әзірледі. Тамақ пісіп қалды-ау деген шақта есіктің алдына бір пақыр келіп, ас сұрады. Олар піскен асты сол күйі әлгі пақырға бере салды. Кейін тағыда үштен бір бөлігін үгітіп, жанұясымен бірге тамақ дайындады. Тағыда тамақ пісіп қалды-ау деген шақта, бір жетім келіп тіленді. Олар бұл жолғы әзірленген асты да жетімге піскен күйінде беріп жіберді. Соңғы қалған бөлігін үгітіп, қайтадан ас әзірлей бастады. Тамақ пісті-ау деген уақытта мүшрік бір тұтқын есіктің алдына келіп тіленді. Соңғы асын оған беріп, олар сол түнді аш болып өткізді.

Басқа бір деректе Хазірет Әлидің (р.а.) жанұясы үш күн қатарынан ауыз ашарға әзірлеген астарын пақырлар мен жетімдерге, тұтқынға беріп, өздері сумен ауыз ашты. Осы уақиғадан кейін төмендегі мына аяттар түсті:

«(Олар) **өздерінің тәбеті, мұқтаждығы бола тұра, қолындағы тамағын пақырға, жетімге, тұтқынға береді.** (Олар) **күмәнсіз: Сендерді тек Аллаһ разылығы үшін тамақтандырамыз! Сендерден ешқандай төлеу немесе алғыс күтпейміз!». Біз бәлелі, машақатты күнде Раббымыздың** (қаһарына ұшыраудан) **қорқамыз!» - дейді. Сондықтан Аллаһ Тағала оларды сол күннің жамандығынан сақтап, жүздеріне нұр мен қуаныш ұялатады»** (Инсан сүресі, 8-11 аяттар); (Уахиди, 470 бет; Замахшари VI, 191-192; Рази XXX, 244).

Жоғарыдағы аятта Хақ Тағаланың мадақ еткен құлдары, инфақ етіп жатып: **«Сендерді тек Аллаһ разылығы үшін тамақтандырамыз!»** деп айтатындары байқалады. Бірақ олар, Аллаһтың жомарт құлдары бұл

сөздерін пақырларға, мұқтаж жандарға жария етпей, іштерінен айтады. Міне осыған ишарат ету үшін аяттағы «деп айтады» деген сөз тікелей айтылмай, жасырын айтылған.

***

Сахабалар мен табиғиндер дәуірінде өмір сүрген Хасан Басри (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір жетім бала бар болатын. Ибн Омар (р.а.) оны әрдайым үйіне шақырып, тамақтандыратын. Бір күні ибн Омар (р.а.) тамақ жеуге бет алған еді. Жетімді іздеп, таба алмады. Тамағын жеп болғаннан кейін, жетім келді. Ибн Омар жетім үшін тамақ сұратты. Бірақ тамақ таусылып қалған екен. Ол жетімге сәуқ (қуырылған ұн) пен бал әкеліп: «Кел, мыналарды жеп ал. Уаллаһи, сен алданған жоқсың (яғни, мен де бұдан жақсысын жемедім)», - деді.

Бұл уақиғаны риуаят еткен Хазірет Хасан Басри: «Уаллаһи, ибн Омар (р.а.) да алданған жоқ. (Өйткені бұл әрекетімен үлкен сауапқа қол жеткізді)», - деді» (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад № 134; Әбу Нұғайым, Хиля I, 299).

Хасан Басри (р.а.) тағы да былай деп жеткізеді:

«Мұсылмандардың ғажап дәуіріне куә болдым. Бір кісі таңертең жанұясына: «Уа, жанұям! Жетімдеріңе, маңайдағы пақырларға, көршілерге көз қырларыңды салып жүріңдер. Оларға жақсы мәміле жасаңдар», - деуші еді. Ал қазіргі таңда жақсылық, игілік атаулы қалмады сендерде. Әрі күннен күнге ахлақи тұрғыдан төмендеп барасыңдар.

Өкінішке орай қазіргі таңда біреудің пасық болып, отыз мың кісімен бірге тозаққа кетіп бара жатқандығын көре аласың. Оған не болған? Аллаһ сазайын берсін. Ол Аллаһтан келген нәсібін, бір ешкінің құнына (өте аз бағаға) сатып жіберген.

Сонымен қатар, қаласаң біреудің барша тұрғыдан зиянға ұшырап, шайтанның жолын ұстануды тілеп жүргендігін көресің. Ар-ожданы яки адамдардың ешбірі оған насихат айтпайды» (Бұхари, әл-Әдебул-Муфрад № 139).

***

Хазірет Сәри Сақати былай деп әңгімелейді:

«Бір мейрамда Мағруф Кәрхиді көшеде құрманың дәндерін жинап жүргендігін байқап қалдым. Жанына келіп, себебін сұрадым. Ол маған қарап: «Мына жерде бір бала жылап жүр екен. Қасына барып, неге жылап жүргендігін сұрадым. Ол маған жетім екендігін, достарының киімі секілді киімінің жоқтығын, олардың ойыншықтары тәрізді ойыншығының жоқтығын айтып салып көз жасына ерік берді. Айтқан сөздері жүрегімді

тілімдеп кетті. Сол үшін мына дәндерді жинап жүрмін. Бұларды сатып, оның қалаған киімін, ойыншығын сатып аламын», - деді.

Оның бұл сөздері маған қатты әсер етіп Хазірет пірден: «Рұқсат етіңіз! Бұл баланың мәселесімен мен айналысайын. Қам жемеңіз», - дедім. Кейін баланың мұқтаждықтарын өтедім.

Осы ізгі ісінің берекетін Сәри Сақати: «Ішкі жан сарайымда бұл істен кейін нұр пайда болды. Рухани тұрғыдан көптеген ләззатқа бөлендім», - деп жеткізеді.

***

Бір мың тоғыз жүз он сегізінші жылғы соғысты тоқтату келісім-шартынан кейін, Стамбұл қоршауда қалған қиын күндерде жетімдерді бағып-қағатын мекемелер ғимаратсыз қалған еді. Бірақ ата-бабамыздың ерекше сезімталдығының, мейірімділігінің арқасында жетімдер көше кезіп, қаңғып кетпеді. Бос тұрған сарайлар жетімдерге баспана ретінде берілді. Стамбұлдың ішіндегі, сыртындағы тіпті Кағытханадағы Шағлаян сарайы тағыда басқа көптеген сарай бұл іске арналды.[98]

Сонымен қатар сол күндері армян бандиттік топтары Стамбұлды қан қылып, мыңдаған жанның өліміне себепкер болды. Көз жұмғандардың артынан төрт мың еркек жетім бала, екі мың жетім қыз қалды. Олар қараусыз қалып қойған жоқ. Казым Қарабәкір паша оларды өз қорғауына алды. Кейінірек бұл балалардан «гүрбүзлер» әскерін жасақтады. Жетімдер өз қалауымен отанға, халыққа қызмет етті. Қысқа мерзімді оқудан кейін, әр біреуі өзіне ұнаған мамандықты таңдады. Бұлардың арасынан баспада жұмыс істегендер «ұлттық күрес» жылдарында Сарықамыста «Варлык» газетін шығарып, күреске қолдау көрсетті.

***

Қысқасы, өлім хақ. Кез келген сәтте келіп, есік қағуы әбден ықтимал. Біз қайтыс болғанда артта қалған жанұямызға, балаларымызға жақсы мәміле жасалуын шын жүректен қалайтын болсақ, маңайымыздағы жесірлер мен жетімдерге жақсы мәміле жасап, оларға көз қырымызды салып жүруіміз қажет. Оларды Аллаһтың аманаты ретінде қабыл етуіміз керек. Материалдық және рухани тұрғыдан қол ұшын беріп, әсіресе діни тәрбиесімен айналысуымыз ләзім. Әрі Хақ Тағаланың олардың дұғаларына орасан зор берекет беретіндігін жадымыздан шығармайық. Олардың әрбіреуінің ақыреттік сауапқа қол жеткізуге себепкер болатындығын сезініп, мұқтаждықтарын өтеу, құлды Аллаһқа жақындататын игі істердің бірі болып табылады.

98. Хидаиет Нухоғлы, «Дарул Әйтам» ДИА, Станбул 1993, VIII, 521.

Б) НАУҚАСҚА ҚАРАЙЛАСУ ЖӘНЕ ДЕРТТІ ЖАНДАРМЕН АЙНАЛЫСУ

Қоғамда көңілі жабығып жүретіндер аз емес. Солардың бір бөлігі сырқаттар болып табылады. Денсаулық, Хақ Тағаланың адамзат баласына сыйға тартқан баға жетпес нығметі. Өкінішке орай, оның қадірін адам баласы тек қатты сырқаттанғанда ғана біліп жатады. Ауырып қалған, жазылмас дертке шалдыққан жан өз әлсіздігін жақсы сезінеді. Қатты мұңға батып, рухани тұрғыдан Аллаһ Тағалаға жақындай түседі.

Сағди Ширази, аурудың ішкі жан дүниесіндегі халін былай деп жеткізеді.

«Түннің нендей ұзақ болатындығын тек сырқаттар ғана біледі».

Ал бір шайыр осы мағынаға жақын өлең жолдарында:

«Ең ұзақ түннің қандай болатындығын жұлдыздарға қарап үкім ететін жұлдызшы немесе уақытты бөліп тұратын қызметкер білмейді. Түндердің қанша сағаттық екенін, сен мұңға батып жүргенден сұра», - дейді.

Өмірде әлсіздіктің, нашарлықтың дәмін татып, көңілі жабыққан сырқат, міндетті түрде достарының, туыстарының, көршілерінің оны іздеп, көңілін сұрап шығуын тілейді. Міне осындай жанның көңілін сұрап шығу, халін сұрау, қолдан келгенше жұбату Аллаһтың разылығына қол жеткізуге себепкер болатын қызметтердің бірі һәм құлшылық болып табылады.

Шариғатта аурудың көңілін сұрап шығудың үкімі сүннет муаккада. Уәжіп деп айтқан ғалымдар да баршылық. Сырқаттанып қалған кез келген жанды, маңайындағылардан ешкім көңілін сұрап шықпаса, мұқтаждықтарын өтемесе сол жерде өмір сүретін барша мұсылман жауапқа тартылады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Мұсылманның мұсылманда бес ақысы бар. Сәлем алу, аурудың көңілін сұрап шығу, жаназаға қатысу, шақырғанға бару, түшкіргенге «ярхамукаллаһ» (Аллаһ саған мейірімділік танытсын) деу»*, - дейді (Бұхари, Жанайз 2; Мүслим, Сәлем 4).

Аурудың көңілін сұрап шығу, сауабы мол салих амал. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл істің артықшылығына төмендегі мына хадис-шәріптерде тоқталып өтеді.

«Кімде-кім сырқаттың көңілін сұрап шықса яки Аллаһ үшін жақсы көрген кісісін зиярат етсе, оған бір періште: «Сен нендей бақыттысың! Жақсы жол жүріп келдің. Өзіңе жәннатта баспана әзірледің», - деп айқайлайды» (Тирмизи, Бирр 64/2008; ибн Мәжә, Жанайз 2).

«Аурудың көңілін сұрап шыққан кісі, қайтып оралғанша жәннат жолында болады» (Мүслим, Бирр 39).

«Бір мұсылман сырқаттанып қалған мұсылман бауырының көңілін сұрап шығу үшін жолға шықса, қайтып келгенше пейіштің хурфасында болады».

Сахабалар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Пейіштің хурфасы дегеніңіз не?» - деп Пайғамбарымыздан сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Ол жәннаттың жемісі»*, - деп жауап берген екен (Мүслим, Бирр 40-42).

Осындай маңыздылығы бар іске енжарлану, кез келген мұсылманға орасан зор залалын тигізеді. Әрі ауыр жауапкершілік болып табылары сөзсіз. Пайғамбарымыз (с.а.у.) мұсылмандарға бұл істің маңыздылығын төмендегі мына хадис-шәріпте айтып өткен.

«Аллаһ Тағала қиямет күнінде былай дейді:

– Ей, адам баласы! Сырқаттанып қалдым. Сен менің көңілімді сұрамадың? Адам баласы:

– Сен әлемдердің Раббысысың, мен Сенің көңіліңді қалай сұрап шығар едім? - дейді. Аллаһ Тағала:

– Пәленше деген құлым сырқаттанып қалған еді. Сен оның көңілін сұрап шықпадың. Оған кіріп шықсаң, мені соның қасында табар едің. Мұны білмеуші ме едің? - дейді (Мүслим, Бирр 43).

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) сырқаттың жасаған дұғасының, періштелердің сұраған дұғасы тәрізді болатындығын білдірген.[99]

Әрі Аллаһ Елшісі: *«Сырқаттанып қалған жанның көңілін сұрап шығыңдар! Сендерге дұға етуін сұраңдар. Өйткені сырқаттың дұғасы қабыл болады. Күнәсі да кешіріледі»*, - дейді (Суюти, әл-Жәмиғус-Сағир II, 57).

Сырқаттың қасында үміт толы сөздер айтылуы керек. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) төмендегі мына өсиетіне сай әрекет етілуі қажет:

«Ауру-сырқатқа ұшырағандар мен марқұмның қасында болғандарыңда жақсы сөз айтыңдар. Өйткені періштелер сендердің дұғаларыңа «әмин» деп тұрады» (Мүслим, Жанайз 6; Әбу Дәуіт, Жанайз 15).

Ал егер науқас өлім аузында жатса, оған «ләә иләәһә иллаллаһ», - деп «тәлқин» жасау ләзім.[100] Бірақ сырқаттың мазасын алмай, мәжбүрлемеу

99. Ибн Мәжә, Жәнайз 1.
100. Муслим, Жәнайз 1-2.

керек. Кәлима-таухидті айтсын деп сырқатты қинамау қажет. Өйткені қиын, ауыр жағдайларда науқасты ашуландыру, «ләә иләәһә иллаллаһ» сөзін айтпастан көз жұмуына себепші болуы әбден мүмкін. Әрі бұл үлкен пәлекетке айналары даусыз.

Сонымен қатар аурудың көңілін сұрап шығу қысқа болуы қажет. Қандай да бір мұқтаждығы болса, шын пейілмен өтелуі тиіс.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) сырқаттанып қалған, ауыр дертке шалдыққан жандардың көңілін сұрап шығуға, мұқтаждықтарын өтеуге үлкен көңіл бөлетін. Сахабаларын да осы тәрбиеде баулыған болатын.

Салман (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ауырып қалған ансардың бірінің көңілін сұрап шыққан еді. Қолын сырқаттың маңдайына қойып: «Өзіңді қалай сезініп жатырсың?» - деп сұрады.

Науқас Пайғамбарымызға жауап бермеді. Маңайындағылар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол сізді байқамады», - десті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Олай болса, мені онымен жеке қалдырыңдар», - деді. Адамдар тысқа шығып кетті. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қолын науқастың маңдайынан алды. Науқас қолыңды қайта қой деп ишарат етті. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Ей, пәленше! Өзіңді қалай сезініп жатырсың?» - деп сұрады.

Науқас: «Жақсы. Жаныма біреуі қара, екіншісі ақ реңді екі кісі келді», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Қайсысы саған жақындау?» - деп сұрады.

Науқас: «Қара түстісі, маған жақындау», - деп жауап берді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Олай болса жақсылық аз, жамандық көп», - деді.

Науқас: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Дұға ет! Маған пайдасы тисін», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһым! Көбін кешіріп, азын тәмамда», - деп дұға етті.

Артынша Аллаһ Елшісі науқасқа қарап: «Не көріп жатырсың?» - деп сауал қойды.

Науқас: «Әке-шешем жолыңа құрбан болсын! Жақсылық көріп жатырмын. Жақсылық көбейіп, жамандық азайып жатыр. Қара түсті кісі менен ұзап кетті», - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сырқаттан: «Қандай амалыңның саған көмегі тиюде?» - деп сұрады.

Науқас: «Мен су таратушы едім», - деп жауап берді» (Хайсами II, 322-324).

***

Ибн Омар (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сырқаттың көңілін сұрап шығуға қатысты көзімен көрген уақиғасын былай деп нақыл етеді:

«Біз Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бірге отырған едік. Тұсымызға ансардан бір кісі келіп, сәлем берді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған қарап: «Уа, ансардың бірі! Бауырым Сағд ибн Убада қалай?» - деп сұрады.

Ол: «Беті бері қарап келе жатыр», - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Кім менімен бірге барып, оның көңіліп сұрап шығады?» - деп сұрап, орнынан тұрды. Біз де он, он бес кісі орнымыздан тұрдық. Аяғымызда аяққиіміміз, мәсіміз, басымызда басқа киетін нәрсеміз, үстімізге киетін көйлегіміз жоқ еді. Тақырлау жермен жүріп, Сағдтың үйіне жеттік. Туыстары, Пайғамбарымыз (с.а.у.) және сахабалары Сағдқа жақындасын деген ниетпен кері шегінді» (Мүслим, Жанайз, 13).

Басқа бір риуаятта ибн Омар (р.а.) былай дейді:

«Сағд ибн Убада (р.а.) ауырып қалды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Абдуррахман ибн Ауф, Сағд ибн Әбу Уаққас және Абдулла ибн Масғұдты қасына алып, Сағдтың көңілін сұрап шығуға беттеді. Сағд қатты қиналып жатыр екен. Жанұясы жанына жиналып алыпты. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Көз жұмды ма?» - деп сұрады.

Маңайындағылар: «Жоқ. Аллаһтың Елшісі! (өлмеді)», - деп жауап берісті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) (Сағдтың ауыр халіне қайғырып) көз жасына ерік берді. Оның жылағанын көрген сол жердегілер қосылып жылады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Білмейсіңдер ме? Шынында Аллаһ Тағала көз жасы мен жүректің қайғыру себебінен адамды азаптамайды. Бірақ қолымен тіліне нұсқап: «Міне мынаның кесірінен азапқа тартады, яки кешірім етеді», - деді (Бұхари, Жанайз 45, Талақ 24; Мүслим, Жанайз 12).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл сөзімен, марқұмның артынан жағымсыз сөздер айтудың, үсті-басты жыртып айқайлаудың дұрыс еместігін білдіргісі келді. Разылық пен тәслимият (бойұсынушылық) танытып, Аллаһқа сыйынып сабыр етудің һәм марқұм үшін һәм артта қалған тірілер үшін Хақ Тағаланың мейірімдігі мен рақымдылығына себепші болатындығын баян етті».

***

Бибі Айша (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Сағд ибн Муғаз Хәндәк ғазауатында қолының күре тамырынан жараланды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған арнайы мешіттің ішінде шатыр құрдырды. Ниеті, оны жиі-жиі көріп тұру, көңілін сұрау (оған жақын болып, оның мұқтаждықтарымен айналысу) еді» (Бұхари, Мағази 30).

***

Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) қызмет ететін яһуди бір бала бар еді. Бір күні ол сырқаттанып қалды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның көңілін сұрап шығу үшін үйіне жол тартты. Бас жағына отырып: «Мұсылман бол», - деді. Бала жанында тұрған әкесіне қарады. Әкесі көптеген жылдар бойы тек жақсылық пен игілік көріп келген Аллаһ Елшісін меңзеп: «Ұлым! Әбулқасымның айтқанын орында», - деді. Бала мұсылмандықты қабыл етті. Аллаһ Елшісі аурудың көңілін сұрап шыққаннан кейін: «Оны тозақ отынан құтқарған Аллаһқа мадақ»,-деп шексіз қуанышын білдірді (Бұхари, Жанайз 80).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сырқаттанып қалған сахабаларына, шалдыққан дертіне шипа болатын кейбір дұғаларды үйреткен еді. Солардың бірі Осман ибн Әбул-Ас өзінің бойынан сезінген сыздауды Аллаһ Елшісіне келіп айтты. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Денеңнің ауырып тұрған жеріне қолыңды қойып, үш мәрте «бисмиллә» де, жеті мәрте:*

أَعُوذُ بِاللهِ وَقُدْرَتِهِ مِنْ شَرِّ مَا أَجِدُ وَ أُحَاذِرُ

«Менің бойымдағы бұл аурудың әрі сақтанып жүрген нәрселерімнің жамандығынан Аллаһқа және Оның құдіретіне сыйынамын», - деп айт», - деді» (Мүслим, Сәлем 67).

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл өсиетін мүлтіксіз орындаған Осман ибн Әбул-Ас: «Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) айтқанын толықтай жүзеге асырдым. Аллаһ дертіме шипа берді. Бұдан кейін бұл дұғаны жанұяма және өзге кісілерге насихат еттім», - дейді (Әбу Дәуіт, Тыбб 19).

Сонымен қатар, дұғалар шын пейілділікпен және салих амалдармен күшейтілуі қажет. Мінекей осындай ықыласпен етілген дұғалар, Раббымыздың жомарттығы мен игілігінің саясында қабыл болады.

***

Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай деп хикая етеді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сырқаттанып қалған бір кісінің көңілін сұрап шығу үшін, оның үйіне бет алды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның бас жағына отырып: «Не қалайсың?» - деп сұрады.

Сырқат: «Бидай нанын», - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағыларға қарап: «Кімде бидай наны болса, мына бауырына беріп жіберсін», - деді. Артынша: «Егер сырқаттанып қалған кісілерің қандай да бір нәрсені жеуді қаласа, оны беріңдер», - деді» (Ибн Мәжә, Жанайз 1).

***

Әнәс (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қатты азып кеткен сырқатты зиярат етті. Оның жанына отырып: «Аллаһқа бір нәрсе үшін дұға еттің бе? Жоқ әлде одан бір нәрсе сұрадың ба?» - деп сұрады.

Сырқат: «Иә. Аллаһым маған ақыретте беретін жазаңды, осы дүниеде бер» деп дұға етуші едім», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Субханаллаһ! Сенің бұған шамаң жетпейді ғой. Міне былайша деп дұға етсең болмас па еді?

رَبَّنَآ اٰتِنَا فِى الدُّنْيَا حَسَنَةً وَفِى الْاٰخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ

«Раббымыз! Бізге дүниеде де ақыретте де жақсылық бер. Бізді тозақ азабынан сақта!» - (Бақара сүресі, 201-аят).

Мұны естіген сырқат, бұл дұғаны оқып жазылып кетті» (Мүслим, Зікір, 23; Тирмизи, Дағауат 71/3487).

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) ауырып қалған бір бәдәуидің көңілін сұрап шықты. Кез келген сырқатты зиярат еткенде айтатын: «Жазылып кет. Сырқатың күнәларыңа каффарат болар, Құдай қаласа», - деген сөзін бәдәуиге де айтқан еді (Бұхари, Таухид, 31).

***

Салман (р.а.) былай дейді:

«Мен бір күні сырқаттанып қалдым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) көңілімді сұрап шығуға келді. Үйден шығарда:

يَا سَلْمَانُ! كَشَفَ اللهُ ضُرَّكَ وَغَفَرَ ذَنْبَكَ
وَعَافَاكَ فِى دِينِكَ وَجَسَدِكَ إِلٰى اَجَلِكَ

«Уа, Салман! Аллаһ дертіңе шипа берсін. Күналарыңды кешірсін. Қайтыс болғанға дейін саған дініңе қуат, бойыңа денсаулық берсін», - деп дұға етті» (Хайсами II, 299).

***

Сағд ибн Әбу Уаққас (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Қоштасу қажылығында (Меккеде) қатты ауырып қалдым. Көңілімді сұрап шығуға Аллаһ Елшісі келді. Мен оған қарап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен ауқатты кісімін. Бір қызымнан өзге мұрагерім жоқ. Дүние-мүлкімнің үштен екісін, садақа ретінде таратсам қалай болады?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Жоқ», - деп жауап берді.

Мен: «Жартысын таратайын ба?»,-деп сұрадым.

Ол: «Жоқ», - деді.

Мен: «Онда үштен біріне қалай қарайсың?» - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Үштен бірін тарат. Негізі ол да көп. Мұрагерлеріңді бай етіп қалдыруың, оларды мұқтаж күйге түсіріп халыққа алақан жайдыруыңнан артық. Аллаһтың разылығын ойлап жасаған инфақтың, тіпті әйеліңнің аузына салған астың да сыйын, сауабын аласың», - деді.

Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Достарымның барлығы кетіп, мен қалып қоямын ба? (осы жерде өлемін бе?)» - деп сауал қойдым.

Ол: «Жоқ. Сен бұл жерде қалып қоймайсың. Аллаһ разылығы үшін ізгі істер істеп, мәртебең артады. Көптеген жыл тағы өмір сүріп, кейбір адамдар (мүминдер) сенен пайда көреді, ал бағзы адамдарға (кәпірлерге) залалың тиетіндігін Аллаһтан үміт етемін», - деп жауап берді» (Бұхари, Жанайз 36, Уасайа 2, Нафақат 1, Мәрда 16, Дағауат 43, Фарайз 6; Мүслим, Уасият 5).

Басқа бір риуаятта Сағд: «Сырқаттанып қалғанымда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) менің көңілімді сұрап шығуға келіп: «Уа, Раббым! Сағдқа шипа бер», - деп үш мәрте дұға етті», - дейді (Мүслим, Уасая 8).

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Сағдтың бұл аурудың себебінен өлмейтіндігін, тіпті бірнеше жылдар бойы мұсылмандарға қызмет ететіндігін айтып, мұғжиза көрсеткен. Өйткені, шынында Сағд (р.а.) бұдан кейін қырық бес жыл тағы ғұмыр кешіп, ислам дініне, мұсылмандарға көптеген жәрдемі тиіп көз жұмған болатын.

***

Айша анамыздан (р.а.) риуаят етілген дерекке сүйенсек Пайғамбарымыз (с.а.у.) жанұя мүшелерінің бірі сырқаттанып қалғанда, оң қолымен сырқатты сипап былай деп дұға етеді екен:

اَللَّهُمَّ رَبَّ النَّاسِ، أَذْهِبِ الْبَأْسَ وَاشْفِ أَنْتَ الشَّافِى
لاَ شِفَاءَ إِلاَّ شِفَاؤُكَ شِفَاءً لاَ يُغَادِرُ سَقَمًا

«Уа, барша адамзаттың Раббысы болған Аллаһым! (Мынаның) дертіне демеу болып, шипа бер! Шипаны беретін тек Сенсің! Сенің шипаңнан өзге шипа жоқ. (Мынаның) ешбір ауруы қалмайтындай шипа бер»! (Бұхари, Марда 20, 38, 40; Мүслим, Сәлем 46-49).

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сырқаттанып қалған шағында Жәбірейіл (а.с.) келіп: «Уа, Мұхаммед! Сырқаттанып қалдың ба?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә, сырқаттанып қалдым», - деп жауап берді.

Жәбірейіл (а.с.):

بِسْمِ اللهِ أَرْقِيكَ مِنْ كُلِّ شَيْءٍ يُؤْذِيكَ،

مِنْ شَرِّ كُلِّ نَفْسٍ أَوْ عَيْنِ حَاسِدٍ، اللهُ يَشْفِيكَ، بِسْمِ اللهِ أَرْقِيكَ

«Аллаһтың атымен, сенің мазаңды алған күллі нәрседен сені оқимын. Кез-келген кісінің жамандығына яки күндеуші жанның көзінің жамандығына Аллаһ саған шипа берсін! Аллаһтың атымен сені оқимын», - деп дұға еткен еді (Мүслим, Сәлем 40).

Хазірет Әбу Бәкірдің (р.а.) төмендегі мына халі сырқаттанып қалған, ауыр дертке шалдыққан жандарға қол ұшын берудегі өнегелі игілігін көрсетеді.

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағы сахабаларына қарап:

– Араларыңда кім бүгін ораза ұстады? - деп сұрады. Хазірет Әбу Бәкір (р.а.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен ораза ұстадым, - деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Бүгін кім бір жаназаға қатысты? - деп сауал қойды. Хазірет Әбу Бәкір (р.а.):

– Аллаһтың Елшісі! Мен қатыстым! - деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Кім бүгін бір пақырды тойғызды? - деп сұрады. Хазірет Әбу Бәкір (р.а.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен тойғыздым, - деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Бүгін кім сырқаттанып қалған біреудің көңілін сұрап шықты? - деп сауал қойды. Хазірет Әбу Бәкір:

– Мен сұрап шыққан едім! Аллаһтың Елшісі! - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағыларға көз жүгіртіп:

– Кімде-кім бұл ізгі істерді мүлтіксіз орындаса, міндетті түрде жәннатқа кіреді, - деді (Мүслим, Фадайлус-сахаба 12).

Намаз, ораза секілді, сондай-ақ жаназа намазы, пақырды тойғызу, сырқаттың көңілін сұрап шығу іспетті әлеуметтік құлшылықтарды атқара білу нендей ұлы ахлақ десеңізші!? Хақ Тағала құлдарының осындай болуын қалайды.

***

Қайыс ибн Әбу Хазым былай деп әңгімелейді:

«Хаббаб ибн Арат (р.а.) сырқаттанып қалған еді. Көңілін сұрап шығуға бел байладық. Үйіне келсек, ол денесін жеті жерден күйдіртіпті. Бізге қарап: «Ескі достарымыз, дүниеге ұстатпастан о дүниелік болып кетті. Ал біз, көп дүние-мүлікке ие болғандығымыз соншалық, қоятын жер таба алмай топыраққа көмдік. Егер Пайғамбарымыз (с.а.у.) өлу үшін дұға етуге тыйым салмағанда, Аллаһтың жанымды алуын тілер едім», - деді».

Басқа бір күні Хаббабтың үйіне барсақ, қабырға тұрғызып жатыр екен. Бізге назар салып: «Мұсылман Аллаһ үшін жұмсаған кез келген нәрсесінен сауап алады. Тек мына батпаққа жұмсағанынан қолына еш нәрсе түспейді», - деді (Бұхари, Мәрда 19, Дағауат 30, Риқақ 7, Тәманни 6; Мүслим, Зікір 12; Тирмизи, Қиямет 40; Нәсай, Жанайз 2).

***

Сағит ибн Илақа былай деп әңгімелейді:

«Хазірет Әли (р.а.) қолымнан ұстап: «Кәнекей, сенімен бірге Хасанның көңілін сұрап шығайық», - деді. Хасанның үйіне барсақ, оның жанында Әбу Мұса (р.а.) отыр екен. Хазірет Әли оған қарап: «Уа, Әбу Мұса! Сырқаттың көңілін сұрап шығуға келдің бе? Жоқ әлде осы үйге соғып кетейінші деп келдің бе?» - деп сұрады.

Әбу Мұса (р.а.): «Сырқаттың көңілін сұрап шығуға келдім», - деп жауап берді.

Хазірет Әли (р.а.): «Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): «Бір мұсылман сырқаттанып қалған мұсылман бауырын таңертең көңілін сұрап шығуға келсе, жетпіс мың періште кешке дейін оған «Аллаһ мейірімділік танытсын» деп дұға етеді. Ал егер көңілін сұрап шығуға кешке келсе, жетпіс мың періште таңға дейін оны «Аллаһ кешірсін» деп дұға етеді. Әрі ол кісі үшін жәннатта жиналып қойған жемістер бар»,-деп айтқанын естіген едім», - деді» (Тирмизи, Жанайз 2/969; Әбу Дәуіт, Жанайз 3; ибн Мәжә, Жанайз 2).

***

Рабиғ ибн Абдулла көзі көрген өз уақиғасын былай деп жеткізеді:

«Хазірет Хасанмен (р.а.) бірге сырқаттанып қалған Қатаданың көңілін сұрап шығу үшін, үйіне бардық. Хасан (р.а.) сырқаттың бас жағына отырып, оның халін сұрап: «Аллаһым! Жүрегіне шипа бер. Дертіне шипа бер», - деп дұға етті» (Бұхари, әл-Әдебул-Муфрад, №537).

***

Хазірет Убайдулла Ахрар Хақ Тағаланың саясында үлкен байлыққа ие болған еді. Байлығының көптігі соншалық, егістіктерінде мыңдаған кісі жұмыс істейтін. Алайда бұл мубарак тұлға, соған қарамастан қызметті тастамайтын. Рухани тұрғыдан кемелдене түсу үшін, танитын немесе танымайтын кез келген жанға аса үлкен мейірімділікпен қызмет ететін. Осы қызметтерінің бірін өз аузынан естиік.

«Самарқанттағы Мәулана Құтбуддин медресесіндегі төрт сырқаттың қызметін өз мойныма алдым. Сырқаттар аурулары асқына түскендіктен, төсектерін кірлетіп қоятын. Мен оларды қолыммен жуып, ішкі киімдерін ауыстырып киіндіретінмін. Әрдайым қызмет еткендіктен, аурулары маған жұқты. Бірақ сол ауырған күйімде құмырамен су тасып, аурулардың астын тазалауды, киімдерін жууды үзбедім».

Әулие Махмұд Сами Рамазанұлы да ауыр дертке шалдығып, орнынан тұра алмай қалған Жиде мүфтисі Хұсайын мырзаға бір жылға жуық өзі қызмет еткен еді.

Мінекей әулиелерді ұлық ететін, осы ерекшеліктер. Олар әрқашан жалғыздардың, ешкімі қалмаған жандардың, қайғы-қасіреттің маңынан табылады. Ешкім келіп сауда жасамайтын дүкендерге соғып, қажетті заттарын сатып алады.

***

Әулие Хазірет Мұса мырза жаратылысынан аса рақымды жан болатын. Пақырлар мен сырқаттарға арнап Худайы емханасын ашқан еді. Оларға өзінің қызмет етуге шамасының жетпейтіндігіне өкініп, шын пейілімен: «Күш-қуатым жеткенде, емханаға барып сырқаттарға өзім қызмет етер едім», - дейтұғын.

Әрі сол мейірімділік сарынымен: «Ешкімі жоқтарға баспана беруіміз керек. Оларға қызмет етуге тиіспіз. Әйтпесе Хақ Тағаланың құзырында жауапқа тартыламыз», - деп туыстарымен бірге «Худайы» қарттар үйін құрды. Ол оның кең рақымдылығының бір көрінісі болатын.

***

Еуропалық саяхатшы Хункенің естелігіндегі, мұсылман ауруханасында жатқан бір жас жігіттің әкесіне жазған хатынан үзіндіге көз жүгіртелік. Бұл хаттан мұсылмандардың сырқаттанып қалған, ауыр

дертке шалдыққан кісілерге жасаған керемет, ғажап мәмілелеріне куә боласыз.

«Әкешім! Сіз маған: «Қаражат керек пе?» - деп жазыпсыз. Мен жазылып шыққанда аурухана бірсыдырғы жаңа киім әрі дереу жұмысқа бастап кетпесін деген мақсатта бес алтын береді. Сондықтан қой сатып әуре болмай-ақ қойыңыз...

Бұл жерден шыққым келмейді. Төсектер жұмсақ, жаймалар аппақ, көрпелер жібектей. Кез келген бөлмеде су ағады. Күн суығанда барлық бөлме жылытылады. Бізді қарап жүрген дәрігерлер өте мейірімді, рақымды жандар. Асқазаны жақсы қорыта бастаған әрбір сырқатқа үй құстары және қойдың етінен қуырдақ беріледі. Көршім тауықтың тәтті төсін тағы да бірнеше күн жеп қалу үшін біраз күн сырқатынан айықпаған кейіп танытты. Бірақ бас дәрігер күмәнданып қалды. Жазылғандығының дәлелі ретінде бір нанмен бүтін тауықты жеуіне рұқсат бергеннен кейін, үйіне қайтарып жіберді. Міне жағдай осы. Менің алдыма соңғы қуырылған тауығым қойылмай тұрғанда, тезірек кел!..»

***

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, Аллаһтың құлдарына жасалған ықыласты (шынайы) қызметтер Хақ Тағаланың разылығына қол жеткізуге себеп болары хақ. Мол сауапқа кенелтері даусыз. Сондықтан, қоғамдағы көңілі жабығып жүрген қайғылы жандарды зиярат етіп қамқорлыққа алу аса маңызды міндет және жауапкершілік болып табылады.

Қасіретке душар болып, мұңайған жандардың кебін бізде киюіміз әбден мүмкін. Сондықтан қайғылы, жалғыз, сүйеуі жоқ, мұқтаж, аш жандардың мұқтаждықтарын өтеумен айналысу (біздің) Раббымызға деген шүкір борышымыз. Қолдағы барша мүмкіндікті мұқтаж жандармен бөліселік. Оларды қуанышқа бөлеп, сүйіндіріп дүниеде рухани кемелдігімізді арттырайық. Ал ақыретте олар қолдаушымыз болып, жәннатта бақытымызға септігін тигізсін ағайын!

В) МҰҚТАЖҒА, ҚАРЫЗ БОЛЫП ҚАЛҒАНҒА ЖӘНЕ ЖОЛДА ҚАЛҒАНҒА ЖӘРДЕМ БЕРУ

Аллаһ Тағала бұл әлемді адамзат баласын емтихан (сынақ) ету үшін жаратқан. Әрі адамдарды көптеген хикметке (даналыққа) байланысты алуан түрлі деңгейде жаратқан. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Уа, Мұхаммед!) **Раббыңның мейірімін, олар бөліп беріп жүр ме? Олардың осы дүниедегі ырыздығын Біз үлестірдік. Сондай-ақ бір-біріне қызмет ету үшін, бәз біреулерін өзгелерден дәреже тұрғысынан**

артық еттік. (Уа, Мұхаммед!) **Раббыңның** (саған деген) **мейірімі, олар жинаған барша дүние-мүліктен артық!»** (Зұхруф сүресі, 32-аят).

Сондықтан әл-ауқатты жандар, бұл жазмышты жете түсініп, мұқтаж жандардың жағдайына бейқамдық танытпауы керек. Әрі мұны құлшылық деп біліп, қолдан келгенін аяп қалмаулары қажет. Хақ Тағала Құран Кәрімде ең көп қолданылған есімдерінің бірі «Рахман» (өте мейірбан). Мейірімділік дегеніміз сенде болғанды, болмағанға беру. Басқаша айтсақ, өзгенің мақұрымдығын жою үшін, аянбай жәрдем ету. Сонымен қатар иманның ләззаты мейірімділік арқылы сезіледі. Мейірімділіктің жемісі мұқтаж жандардың дертімен бөлісе білу болып табылады.

Мұқтаж жанға, қарыз болып қалғанға және жолда қалғанға жәрдем беру ислам дінінің негізгі адами қағидаларының бірі. Күнделікті зәру мұқтаждықтарын өтей алмай, қарыз болып қалған жанға көмектесу, дініміздің әмір еткен әлемдік ұстанымы. Бұл көмек, қарыз берушінің қарыз алғанға белгілі уақыт беруі, қарыздың бір бөлігін немесе барлығын кешуі, яки басқа біреудің оның қарызын өтеуі арқылы іске асады.

Өзге де қиыншылыққа тап болған жандарға қол ұшын беру мұсылмандардың ұраны екендігі даусыз.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Садақа беру әрбір мұсылманның міндеті», - деді.

Сахабалар: «Садақа беретіндей ешнәрсе таба алмаса, не істейді?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Жұмыс істеп, өзі пайда табады әрі садақа береді», - деп жауап берді. Сахабалар: «Бұған шамасы жетпесе ше?» - деп сауал қойды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Қиыншылыққа тап болған, мұқтаж жанға жәрдем береді» - деп жауап берді. Сахабалар: «Бұған да шамасы жетпесе, не қылмақ?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Жақсылық жасауды өсиет етеді», - деді. Сахабалар: «Бұған да шамасы жетпесе, не қылмақ?» - деп сауал қойды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Жамандық жасаудан аулақ болады. Бұл да ол үшін садақа» деп жауап берді (Бұхари, Зекет, 30, Әдеп, 33; Мүслим, Зекет 55).

Яғни мұсылман, әрқашан дін бауырына жәрдемші болуы тиіс. Әрбірі өзінің шамасы келген инфақты (қайырымдылық) жасайды. Дүние-мүлік арқылы жасалатын жәрдем жайында Хақ Тағала былай дейді:

«(Уа, Мұхаммед!) **олар сенен** (Аллаһ жолында) **қандай нәрсе инфақ ету** (керектігін) **сұрайды.** (Уа, Мұхаммед!) **қандай-да бір инфақ жасар болсаңдар, әке-шешеге, туыстарға, жетімдерге, міскіндерге, жолаушыларға** (болсын)**!»** (Бақара сүресі, 215-аят).

«(Сондай-ақ) **туыстың, міскіннің, жолаушының ақысын өте! Ысырапшылдыққа жол берме!»** (Исра сүресі, 26-аят).

Материалдық қиыншылықтарға тап болып, қиналып жүрген мұқтаж

жандарға қарызға қаражат беру аса үлкен игі іс болып табылады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жайлы былай дейді:

«Миғраж түнінде жәннаттың есігінің үстінде мына сөздің жазылып тұрғанын көрдім.

«Садақаға, он есе сый жасалады. Ал қарыз ақшаға он сегіз есе сый жасалады».

Мен:

– Уа Жәбірейіл! Қарызға берілген ақша неге садақадан артық болады? - деп сұрадым. Жәбірейіл (а.с.):

– Өйткені пақыр (көбінесе) қалтасында аз ақшасы бола тұра садақа сұрайды. Ал қарызға ақша сұрайтын жан, мұқтаждығы болғандықтан сұрайды, - деп жауап берді» (Ибн Мәжә, Садақат 19).

Сонымен қатар қарыз алғандарға қолдан келгенше көмек беру қажет. Әсіресе шын пейілімен қарызын өтегісі келгенімен, шамасы жетпеген жанға уақыт беру керек. Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Ал) **егер борышты кісі таршылықта болса,** (таршылықтан) **шыққанға дейін уақыт беру** (керек)**. Егер** (ақиқатты) **түйсінер болсаңдар,** (әлгі қарызды) **садақа яки зекетке** (айналдырсаңдар) **сендерге қайырлы болмақ!»** (Бақара сүресі, 280-аят).

Ал төмендегі хадис-шәріптерде былай делінген:

«Кімде-кім қарыз болып қалған кісіге мұрсат берсе, әрбір күнге бір садақа сауабын алады. Ал кімде-кім қарызды өтейтін күн келіп жеткенде, қарызды кешіктірсе, кешіктірген әрбір күнге садақа беруі ләзім» (Ибн Мәжә, Садақат 14).

«Сатқанда, сатып алғанда және қарызын сұрағанда жеңілдік танытқан кісіні Аллаһ мейіріміне бөлесін» (Бұхари, Буюуғ 16; ибн Мәжә, Тижарат 28).

«Аллаһ Тағала сендерден бұрын өмір сүрген үмбеттердің бірінен бір кісінің (күнәларын) кешірген еді. Өйткені ол, сатқанда жеңілдік жасайтын, сатып алғанда да жеңілдік көрсететін. Әрі қарызын алар шақта да жеңілдік жасайтын» (Тирмизи, Буюуғ 75/1320; Нәсай, Буюуғ 104; ибн Мәжә, Тижарат 28).

«Аллаһ Тағаланың қияметтің қиыншылықтарынан құтқарып қалуын қалаған жан, қарызын өтей алмағанға мұһлет берсін. Яки қарызының бір бөлігін кешсін» (Мүслим, Мусақат 32; Ахмет II, 23).

Оған қоса, қарыздар кісі бұл игілікті дұрыс түсінуі ләзім. Ол қарызын өтеуге шын пейілімен еңбектенуі қажет. Олай болмаған күнде, қоғамдағы игілік, жақсылық жасау сезімдері жойылады. Көптеген жанға залалы

тиеді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жайлы былай дейді:

«Араларыңдағы ең қайырлы жан, қарызын дұрыс өтеген жан» (Бұхари, Истиқрад 4, Уәкалат 6, Хиба 23; Мүслим, Мусақат 120).

«Бай кісінің қарызын өтеуді кешіктіруі зұлымдық (болып табылады)» (Бұхари, Хауалат 1, 2, Истиқрад 12).

Ал имам Раббани: «Қарызыңның бір тиынын иесіне беруің, көптеген алтынды садақа ретінде беруіңнен артық», - дейді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларының барша қиыншылықтарына жәрдем беруге күш салатын. Қолынан келгенін, аянып қалмайтын. Қолдағы мүмкіндігіне қарай, қарыз болып қалғанның қарызын өтеп жанұясын қиыншылықтан құтқарып қалатын.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жайлы былай дейді:

«Мен, әрбір мүминге осы дүниеде және ақыретте адамдардың ең жақынымын! Қаласаңдар мына аяттарды оқыңдар! **«Ол пайғамбар, мүминдерге өз жандарынан жақын** (болып табылады)» (Ахзап сүресі, 6-аят). *Егер кез келген мүмин көз жұмып, артына дүние-мүлік қалдырса мирасқорлары келіп алсын. Қарыз яки қарауға мұқтаж біреуді қалдырса, ол маған келсін. Мен оның мәуласымын (бағып-қағушысы, жәрдем етушісі мен боламын)»* (Бұхари, Тәпсір 4, 15, 25; Мүслим, Фарайыз 14).

Сол себепті мұқтаждарға, жолда қалып кеткендерге, қарыз болып қалғандарға қол ұшын беру, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзі іске асырып бізге, яғни үмбетіне тәлім еткен көркем ахлақтың бірі. Ал Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көркем ахлағынан пай ала білу қиямет-қайымда оның байрағының астынан табылуға, ұлы шапағатына қол жеткізуге себепкер болады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жаһилия дәуірінде өз еркімен келіп мүше болған қоғам «хилфул-фудул» еді. Өйткені бұл қоғам, әділеттілікті орнатуға күш салатын. Зұлымдыққа кедергі болу, жолда қалып қойған жандарға, мұқтаждарға жәрдем беру бұл қоғамның негізгі қағидалары болатын. Алғаш рет қиыншылыққа душар болып, өз ақшасын ала алмаған саудагердің құқығын қорғаумен басталып, өз қызметін жалғастырды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл қоғам жайлы пайғамбарлық келгеннен кейін былай дейді:

«Абдулла ибн Жудғаның үйінде көкелеріммен бірге «хилфул-фудулға» мүше болдым. Сол мәжіліске разы болғандығым соншалық, маған оның орнына қызыл түсті түйелер (сол кездегі ең құнды дүние) берілсе, солай

сүйсінбес едім. Сол қоғамға қазір шақырылсам, ойланбастан мүше болар едім!» (Ибн Кәсир, әл-Бидая II, 295; Ахмет I, 190, 193).

***

Айша (р.а.) былай деп нақыл етеді:

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) есіктің алдында бір-бірімен ұрысып жатқан екі кісінің айқайын естіді. Қарыз алған кісі, қарыз берген кісіге қарыздың бір бөлігін кешуін әрі өзіне түсінісушілікпен мәміле жасауын айтып жатқан еді. Қарыз берген кісі: «Уаллаһи! Жасамаймын», - деп ант-су ішіп жатты. Олардың қасына келген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Қайда әлгі жақсылық жасамаймын деп ант-су ішіп жатқан», - деп сұрады. Қарыз берген кісі: «Мен мұндамын. Аллаһтың Елшісі! Қалауы білсін», - деді (Бұхари, Сулх 10; Мүслим, Мусақат 19).

***

Жабир ибн Абдулланың (р.а.) дегеніне сүйенсек, әкесі шәһит болып көз жұмғанда, бір яһудиге отыз «уасық» құрма қарыз еді. Жабир яһудиден қарызын өтеу үшін біраз уақыт беруін өтінеді. Бірақ яһуди қабыл етпейді. Жабир Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп, яһуди мен екеуінің арасында араша болуын сұранады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) яһудиге келіп, отыз уасық құрманың орнына, бір баудың құрмасын толығымен беретіндігін жеткізді. Бірақ ол бұл ұсынысты да қабыл етпеді. Пайғамбар (с.а.у.) баудың ішіне кіреді. Ішінде ары-бері біраз жүргенннен кейін Жабирді шақырып: «Құрманы жинап, қарызыңды өте», - деді.

Жабир (р.а.) құрманы жинап, яһудиге отыз уасық қарызын өтейді. Оған қоса, он жеті уасық құрма өзінде қалып қояды. Ол дереу бұл сүйінішті хабарды Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) жеткізуге асығады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) екінті намазын оқып жатқан еді. Намазын бітіргенде Жабир болған жайды айтады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мұны Омар ибн Хаттабқа айт», - деді. Жабир (р.а.) Омарды (р.а.) хабардар етеді.

Мән-жайға қаныққан Омар (р.а.): «Мен, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) баудың ішінде жүре бастағанда, құрмаға береке кіретіндігін ішім сезген еді», - дейді (Бұхари, Истиқраз 9).

***

Мұсылмандар «Затур-риқа» ғазауатынан қайтып келе жатқан болатын. Жабир (р.а.) түйесі нашар болғандықтан артта қалып қоя беретін. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оның қасына таяп: «Уа, Жабир! Неге артта қалып қоя бересің?» - деп сұрады. Жабир түйесінің арық екендігін жеткізді. Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) қолына таяқ алып, түйені бірнеше мәрте нұқыды. Түйе күтпеген жерден Аллаһ Елшісінің түйесімен жарысар халге жетті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жол бойы Жабирмен (р.а.) әңгімелесті. Оның жаңа үйленгендігін, сол себепті қарыздар болғандығын естіді. Одан, қолында қандай дүние-мүлік бар екендігін сұрады. Ол осы жалғыз түйесінің бар екендігін айтты. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оны қарыздан құтқару үшін, түйесін өзіне сатуды ұсынды. Жабир түйесін Мәдинаға дейін мініп бару шартымен сататын болып келісті. Мәдинаға келіп жеткенде, түйесін жетектеп Аллаһ Елшісіне келді. Сол сәтте өзін қатты сүйіндірген, өзге жандарды таң-тамаша еткен ұлы мәмілені көрді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әуелі түйенің ақысын өтеп сатып алады да түйені қайта оған сыйға тартты» (Бұхари, Жиһад 49; Буюғ 34; Мүслим, Мусақат 109).

Жабир (р.а.) былай дейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) түйемнің ақысын өтеп, түйені маған қайта сыйға тартқаннан кейін таныс яһудиге кезіктім. Аталмыш уақиғаны оған айтып салдым. Яһуди қатты таңырқап: «Демек, әуелі түйеңнің ақысын берді. Артынша өзіңнің түйеңді, өзіңе сыйға тартты», - деп, осы сөзін бірнеше мәрте қайталады. Мен: «Иә», - деп жауап беріп тұрдым» (Ахмет III, 303).

***

Әнас (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өте мейірімді жан болатын. Қасына келіп мұқтаждығын білдірген әрбір кісіні міндетті түрде разы ететін. Өзінен сұралған нәрсе қолында болса дереу беретін. Ал егер қолында болмаса, кейінірек тауып беруге уәде ететін. Сөйтіп мұқтаж жанды риза қылатын.

Бір күні қамат түсіріліп, намазға тұрғанбыз. Аяқ астынан бір бәдәуи келіп Пайғамбарымыздың (с.а.у.) киімінен тартып: «Саған айтар кішкене бір мұқтаждығым бар еді. Дәл қазір шешпесем, ұмытып қаламын ба деп қорқып тұрмын», - деді.

Аллаһ Елшісі бәдәуидің мұқтаждығын өтеп біткенше онымен бірге күтіп тұрды. Мұқтаждығын өтегеннен кейін қайта бұрылып, намазын оқыды» (Бұхари, әл-Әдебул-Муфрад № 278).

***

Ибн Аббас (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір кісі өзіне он динар қарыз болып қалған кісінің қыр соңынан қалмай: «Сен мұны өтегенге дейін немесе саған кепіл болатын біреуді көрсетпейінше артыңнан қалмаймын», - деп келе жатқан еді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әлгі кісінің қарызын өтеуді өз мойнына алды. Әрі қарыз болып қалған кісіге бір ай мұрсат беруін өтінді. Осы уақыт ішінде қарыз болып қалған кісі қолында өңделмеген алтынымен

Пайғамбарымызға (с.а.у.) келді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Бұл алтынды қай жерден таптың?» - деп сұрады.

Кісі: «Кеннен таптым», - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Біз оған мұқтаж емеспіз. О да жақсылық жоқ», - деді. Артынша кісінің қарызын өзі өтеп жіберді (Әбу Дәуіт, Буюу, 2/3328; ибн Мәжә, Садақат 9).

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қарыз болып қалған кісіден кеннен шығарған алтынын қабыл етпеуі, Пайғамбарымыз (с.а.у.) білген бір мәселеге байланысы болуы мүмкін. Әйтпесе Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл әрекетінен кеннен шыққан алтынға иелік етіп, оны қолдануға болмайды деген мағына шықпайды. Немесе Пайғамбарымыз (с.а.у.) кепіл болған алтын өңделген алтын еді. Ал әлгі кісі әкелген алтын өңделмеген алтын болатын. Әрі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жанында оны сатып алар ешкім болмаған еді.

***

Жәбир (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сапарда ең соңынан жүретін. Әлсіз, нашарларға жәрдем етіп оларды өз көлігіне мінгізіп алатын. Әрі олар үшін дұға ететін», - дейді (Әбу Дәуіт, Жиһад 94/2639).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қарыздар болып қалған жандарға қол ұшын берген жанның нендей сауапқа кенелгендігін былай деп жеткізеді:

«Сендерден бұрын өмір сүрген бір кісіге, жанын алуға өлім періштесі келеді.

Періште оған қарап:

– Игілік жасап па едің? - деп сұрайды. Кісі:

– Білмеймін, - деп жауап береді. Періште қайтадан:

– Дұрыстап ойлан! (Бәлки есіңе түсер), - деп сауал қойды. Кісі:

– Еш нәрсе есіме түспей тұр. Бірақ мен адамдармен сауда-саттық жасайтынмын. Сол сауда-саттықта бай-әлауқатты кісіге өтеу мерзімін ұзататынмын. Ал пақырға (ақшасын өтеуде кеңшілік жасап) жеңілдік көрсететінмін, - деді.

Аллаһ Тағала оны (осы игілігінің арқасында) пейішке кіргізді» (Бұхари, Буюуғ 17-18; Мүслим, Мусақат 26-31).

Басқа бір риуаятта былай делінген:

«Адамдарға қарызға ақша беретін бір кісі өмір сүрген еді. Ол қызметшісіне: «Қиыншылыққа тап болған пақырға барғаныңда,

оған кеңшілік танытып қарызын кешіп жібер! Бәлки Аллаһ та біздің күнәларымызды кешірер», - дейтұғын.

Сонымен әлгі кісі Аллаһ Тағалаға қауышады. Аллаһ оның күнәларын кешеді» (Бұхари, Әнбия 54; Мүслим, Мусақат 31).

***

Бір кісі Абдулла ибн Омарға (р.а.) келіп: «Мен бір адамға қарыз ақша бердім. Әрі бергенімнен артық етіп, қайтаруына шарт қостым», - деді. Абдулла (р.а.): «Бұл өсім болып есептеледі», - деді.

Ол кісі: «Маған сонда не қыл демексің?» - деп сұрады.

Ибн Омар: «Қарыздың үш түрі бар:

1. Аллаһ разылығы үшін қарыз ақша бересің. Аллаһ саған разы болып, сауап береді.

2. Жолдасыңды разы ету үшін қарыз ақша бересің. Жолдасың да риза болады.

3. Адал ақшаңмен харам мүлік алу үшін қарыз бересің. Бұл өсім болып табылады. (Яғни біреуге қарыз ақша бересің. Әрі оның қайтарымын бергеніңнен артық етіп беруін талап етесің. Осылайша адал ақшаңа харам ақшаны араластырып, ластайсың).

Ол кісі қайтадан : «Енді маған не істеуімді әмір етесің?» - деп сұрады. Абдулла: «(Қайтарымын артық етіп шарт қосқан) парақты жыртуыңды (яғни өсім шартын жоқ етуіңді) өсиет етемін. Саған бергеніңді бүтіндей қайтарса қабыл ет. Бергеніңнен аз етіп өтесе, оны қабыл етсең сауапқа қол жеткізесің. Егер сен қаламастан, өз қалауымен бергеніңнен артық етіп өтесе бұл саған алғысын білдіргені. Оған қарызын өтеу үшін белгілі мүддет (уақыт) бергенің үшін өз алдына сауап аласың», - деп жауап берді (Муатта, Буюғ 92).

***

Хазірет Мәулана мұқтаж жандар мен жолда қалып қойған кісілерге қол ұшын берудің маңыздылығын былай деп түсіндіреді:

«Ұлы ғалым Баязит Бистами қажылық жасау үшін Меккеге бет алады. Жолдағы қалаларға соғып, рухани ұстаздарды сұрастыратын. Қалада кезіккен әрбір адамнан: «Бұл аймақта рухани ұстаздардан кім бар?» - деп сұрайтын.

Өйткені ол, әуелі әулиелердің насихатына құлақ асудың дұрыстығына иланатын. Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«Білмейтін болсаңдар, білетіндерден сұраңдар!»** - деп әмір етеді (Нахыл сүресі, 43-аят; Әнбия сүресі, 7-аят).

Пайғамбар Мұсаның (а.с.) өзіне, «ләдунни» білім иесі Қызырды (а.с.)

зиярат ету бұйырылған еді.

Баязит жаңа туған ай секілді көркем, ұзын бойлы пірге кезігеді. Оның бойынан әулиелердің нышаны байқалатын. Көздері дүние-мүлік дегенге соқыр, ал жүрегі күн секілді шуағын шашып тұр еді. Баязит пірге сәлем беріп қасына жайғасты.

Пір оған қарап: «Уа, Баязит! Қайда жол тарттың?» - деп сұрады.

Баязит: «Қажылыққа кетіп барамын. Екі жүз дирһам ақшам бар», - деп жауап берді.

Пір Баязитке қарап былай деді:

«Уа, Баязит! Әлгі ақшаңның бір бөлігін, Аллаһ жолында жүрген мұқтаждарға, пақырларға, бейшараларға тарат! Олардың ішкі жан сарайына ен! Рухың биіктейді. Әуелі ішкі сарайыңмен қажылық жаса! Содан кейін ғана, нәзік жүрекпен сапарыңды жалғастыр!

Өйткені Қағба, Аллаһтың маржаны. Яғни зиярат етілуі парыз, міндетті түрде сауап берілетін жердегі үйі болып табылады. Ал адам жүрегі, сыр қазынасы.

Қағба, Азардың ұлы Ибраһим (а.с.) салған ғимарат! Ал адамның ішкі жан сарайы Хақ Тағаланың назары түсетін жер.

Егер бойыңда игілік болса, әуелі ішкі жан сарай Қағбасын тауап ет! Топырақтан соғылған Қағбаның негізгі мән-мағынасы ішкі жан сарайда.

Хақ Тағала көзге көрініп тұрған Қағбаны рухани кірден тазарып, пәктікке бой алдырған ішкі жан сарайыңмен Қағбаны тауап етуіңді мұрат етеді.

Мынаны жадыңнан шығарма! Аллаһтың назары түсіп тұратын кез келген жанның ішкі жан сарайын ренжітсең, Қағбаға жаяу барып, қажылық етсең де, алған сауабың әлгі ренжітуіңді жаба алмайды.

Сен қолыңнан келгенше, дүние-мүлкіңді сарп етіп біреудің ішкі жан сарайын шаттыққа бөле! Сауабын, рақатын ақыретте көресің.

Хақ Тағаланың құзырына мыңдаған кесе толы алтын апарсаң да құны, қадірі болмайды.

Аллаһ Тағала: «Бізге бір нәрсе әкелгің келсе, игілік жасап біреудің ішкі жан сарайын қуант. Соның сауабымен кел! Өйткені алтын мен күмістің біз үшін қадірі жоқ. Біздің разылығымызды ойлап жүрсең, игі іс істеп сауап алуға күш сал!» - дейді.

Баязит пірдің айтқан сөзін ұғынды. Ішкі жан сарайы биіктеп, қуанышқа бөленді. Осылайша сапарын ары қарай жалғастырды».

Қайғы-қасіреттің маңынан табылу, қанаты қайырылған жандарға қол ұшын беру, мұқтаж кісілерді сүйіндіру іспетті қоғамдық қызметтер кәміл

кісінің дейгейіне жетудің бірден-бір құралы. Ал кәміл кісінің Аллаһтың әмірлерін толығымен түйсініп, мұқтаж жандарға көмектесуі хақ.

***

Хазірет Ахмет Әр-Руфағи әрбір көрген кісісіне сәлем беретін. Сырқаттанып қалған жандардың көңілін сұрап шығатын. Сапар шеккенде жолда кезігетін зағиптерді қолынан жетелеп, қалаған жеріне апарып тастайтын. Жасы ұлғайып қалған кісілерге кезігіп жатса, жүгін тасуға жәрдем беретін. Маңайындағы дос-жарандарына Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына хадис-шәріпі арқылы насихат ететін:

«Кімде-кім жасы ұлғайған қартқа құрмет көрсетіп, жәрдем етсе, Аллаһ Тағала жасы ұлғайғанда оған жәрдем беретін біреуді нәсіп етеді» (Тирмизи, Бирр 75/2022).

Қала сыртына шығып жатса, қайтарда орманнан ағаш шауып, көлігіне артып келетін. Бұл отынды жесірлерге, пақырларға, мұқтаждарға таратып беретұғын.

Айықпас дертке шалдыққан науқастарға қызмет ететін. Киімдерін жуып, олармен сұқбаттасатын. Ас әзірлеп, оларды тамақтандыратын. Содан соң, олардың өзіне дұға етуін сұранатын.

Соңына ерген шәкірттеріне: «Мына секілді нашарларды зиярат ету мустахаб емес, уәжіп», - дейтұғын.

Бір күні ол ойнап жатқан балалардың тұсынан өтеді. Бірнеше бала оның (Ахмет әр-Руфағидің) айбатынан тайсалып қашады. Ол дереу оларды қуып жетіп, бауырына басады. Мейірім толы көзбен оларға қарап: «Балаларым! Көріп тұрғандарыңдай, мен де бір бейшара құлмын. Сендерді ренжітсем, кешірім сұраймын», - деді.

***

Шығыс Албанияда кедей бір әйел өмір сүретін. Қыстыңгүні бір баланың бишара күйге түскеніне шыдай алмай, оған тозығы жеткен ескі аяққиім берген еді. Уақыт өте келе әлгі бала девширме әдісі арқылы (яғни Осман империясы дәуірінде бұрын басқа дінде болған балаларды мұсылман ретінде тәрбиелеген. Алайда ол бала өскенде өзінің балалық шағында христиан немесе басқа дін өкілі болғандығынан еш хабары болмай тәрбиеленген әдіс болған. Міне бұл әдіс девширме (қайта тәрбиелеу) әдісі деп аталған) Осман империясының сарайында қызметке ілікті. Сарайда мәртебесі өсіп, жоғарыға көтерілді. «Аяз паша» деген атпен әйгілі болды.

Алайда Аяз паша ескі күндерін ұмтыпаған-ды. Ескі, тозығы жеткен әлгі аяққиімді сақтап қойғантұғын. Паша мәртебесіне қол жеткізгеннен кейін, аяққиімді алтынға толтырып, алғысын бірдірмекші болып кедей әйелге беріп жіберді (Илбер Ортайлы).

Бұл уақиға мұқтаж жанға жәрдем берудің дүниелік пайдасын көрсетіп тұр. Ал ақыреттегі пайдасының қандай боларын кім білсін?!

***

Аласониялық қажы Жамал Өгүт ұстаздың мұқтаж жанға жәрдем беруге қатысты мына уақиғасы нендей ғибратқа толы.

Қыс мезгілі еді. Ымырт түскен уақыт болатын. Көшеден айран сатушы өтеді. Қызына қарап: «Қызым! Айран алайық па?» - деп сұрайды. Қызы үйде айранның бар екендігін айтады. Әрі айран алудың қажет еместігін әкесіне білдіреді. Біраз уақыттан кейін айран сатушы көшеде қайта өтіп: «Айран алатын адам бар ма?» - деп айқайлайды. Ұстаз қызынан: «Айран алу керек пе?» - деп қайта сұрайды. Қызы қайтып сол жауапты қайталайды. Дәл сол уақиға үшінші мәрте қайталанғанда қызы шыдай алмай: «Әкешім! Айранға мұқтаж емес екендігімізді бірнеше мәрте айттым. Соншама сұрауыңыздың себебі не? - деп сұрайды. Ұстаздың жауабы ішкі жан дүниесі бай мүминнің әрекетін көрсетті. «Қызым! Әлгі кісінің мұқтаждығы болмаса мына қақаған қыста, кешкі уақытта айран сататындай оған не көрініпті? Біз мына айранды сатып ала салайық. Бейшара үйіне қайтсын. Сен айранды әйтеуір іске жаратарсың. Осылайша әлгі кісінің мұқтаждығын өтеуге себепші болармыз».

***

Ұзын сөздің қысқасы, кез келген жан қиыншылыққа тап болуы ықтимал. Сол себепті қолдағы мүмкіндікке қарай, Аллаһтың разылығына бөленіп мұқтаж жандарға қол ұшын берудің жолын қарастыруымыз қажет.

Жүніс Әміре игіліктің, пақырға болмашы көмек берудің артықшылығын төмендегі мына өлең жолдарымен жеткізеді.

Тура жолға түскен болсаң,
Ер жігіттің жолын қусаң,
Қайыр істі атқарған болсаң,
Бірге мың да аз емес.

Бір пақырды көрген болсаң,
Қол ұшыңды берген болсаң,
Ертең бір ұшқыны өзіңе келіп,
Ақиқат киімін тоқығаның.

***

Сонымен қатар, қарызға ақша беру үрдісін жандандыруымыз керек. О дүниелік болғанымызда мұндай мүмкіндік бізге тимейді. Әл-ауқаты жақсы жандар, алуан түрлі сылтауға бой алдырмай мұқтаждарға қарызға қаражат беріп тұрғаны жөн. Ал мұқтаждардың міндеті, әуелі қарызын өтеуге күш салуы ләзім.

Оған қоса, жолда қалып қойғандарға жәрдем беруге мән беру қажет-ақ. Өйткені олардың дұғалары міндетті түрде қабыл болады. Хақ Тағала қаншама бай болса да, жолда қиыншылыққа душар болған жанның зекет ақшасын алуға құқығы бар екендігін Құран Кәрімде атап өткен.

Қожа Ахмет Яссауи Диуанул-хикметінде былай дейді:

Қайда жүрсең де көңілі жарымға мейірімді бол сен,

Егер мазлұм жолда қалса ойланғын сен,

Махшар күні құзырында адал бол сен.

....

Ақылды болсаң, ғаріптердің көңілін аула,

Мұстафа секілді дүние шарлап, жетімді аула!..

Г) АШТАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУ, ШӨЛДЕГЕНГЕ СУ БЕРУ

Аллаһ Тағалаға құлшылық ету үшін жаратылған адамның ең үлкен тән мұқтаждығы азық болып табылады. Адамзат баласы бұл мұқтаждығын өтей алмаса, өмір сүруі мүмкін емес. Әрі негізгі мақсатын, яғни құлшылық ете алмайды. Сондықтан аштарды тойғызу, сусағандарға су беру өмірлік маңызы бар қызметтердің бірі. Ислам дінінің ғұламалары: «Сый-құрметтің ең ұлығы тағам беру. Өйткені адамның материалдық құрылысы тағам арқылы өз функциясын атқарады. Әрі өмір тек ас ішу арқылы болмақ», - деп ас ішудің маңыздылығын атап көрсеткен. Қоғамдық қызметте әрі құлшылық болып табылатын аштарды тамақтандыруда терең иләһи сыр жатыр.

Хақ Тағала Құрайыш руына берген нығметтерінің арасында осы игілігіне Құран Кәрімде тоқталады.

«Олар, (құрайыш руы) **аштықтан құтқарып тамақтандырған, әрі барша қауіп-қатерден аман алып қалған Раббыларына құлшылық етсін!»** (Құрайыш сүресі, 3-4 аяттар).

Аллаһ Тағала бүкіл жаралылысты ішкізіп-жегізгенін, ал өзінің бұған мұқтаж емес екендігін білдіре отырып «тамақтандырған»[101] етістігін өзіне қарата айтқан. Олай болса мұсылман баласы, аштарды тойғызуға

101. Әнғам сүресі, 14-аят.

және сусағандарға су беру арқылы үлкен сауапқа қол жеткізеді.

Хақ Тағала осындай игі істерді іске асыруға құлдарын үндеп, шалынған құрбандық үкімі жайлы былай дейді:

«(Шалынған құрбандықтың етінен) **өздерің де жеңдер! һәм пақырларға, һәм жоқ-жітікке де жегізіңдер!»** (Хаж сүресі, 28-аят).

«Шалынған құрбандықтың етінен өздерің де жеңдер! һәм мұқтаждығын жасырған һәм жасырмаған пақырларға жегізіңдер!» (Хаж сүресі, 36-аят).

Шариғатта кейбір жазалардың үкімі, пақырларды тамақтандырумен ұштасады. Мысалы, анттың кәффараты он пақырды,[102] ал зиһардың кәффараты алпыс пақырды тамақтандыру болып табылады.[103] Ихрам кигеннен кейін аң өлтірген кісі, жаза ретінде пақырларды тамақтандырады.[104] Ораза ұстауға шамасы жетпеген кісі, ораза ұстамаған әрбір күніне бір пақырды тойғызатындай фидия береді.[105]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Сырқаттың көңілін сұрап шығыңдар! Аш кісіні тамақтандырыңдар! Тұтқынға түскендерді құтқарыңдар!» (Бұхари, Жиһад 171, Атғима 1, Неке 71, Марда 4).

Құдси хадистердің бірінде Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«Қиямет күні Аллаһ Тағала:

«Ей, адам баласы! Сенен, мені тамақтандыруыңды сұрадым. Сен мені тамақтандырмадың», - дейді.

Адам баласы:

«Сен әлемдердің Раббысысың, мен Сені қалай тамақтандырар едім?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Пәленше деген құлым, сенен тамақ сұраған еді. Егер оған тамақ берсең, бергеніңнің сауабын менің құзырымда міндетті түрде алар едің. Мұны білмеуші ме едің?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Ей адам баласы! Мен сенен су сұраған едім. Сен бермеп едің», - дейді.

Адам баласы:

102. Мәйда сүресі, 89-аят.
103. Мұжәдала сүресі, 4-аят.
104. Мәйда сүресі, 94-аят.
105. Бақара сүресі, 184-аят.

«Сен әлемдердің Раббысысың, мен Саған қалай су берер едім?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Пәленше деген құлым, сенен су сұраған еді. Сен бермедің. Егер оған сұрағанын бергенде, бергеніңнің сауабын менің құзырымда алар едің. Мұны білмеуші ме едің?» - дейді» (Мүслим, Бирр 43).

Демек, Аллаһтың қалауы аштарды тойғызумен ұштасады екен. Хақ Тағала осындай маңыздылығы бар қоғамдық қызметті іске асырған ықыласты құлдарын былай деп мадақтайды:

«(Олар) **өздерінің тәбеті, мұқтаждығы бола тұра, қолындағы тамағын пақырға, жетімге, тұтқынға береді.** (Олар) **күмәнсіз: Сендерді тек Аллаһ разылығы үшін тамақтандырамыз! Сендерден ешқандай төлеу** (ақы) **немесе алғыс күтпейміз!». Біз бәлелі, машақатты күнде Раббымыздың** (қаһарына ұшыраудан) **қорқамыз!»,-дейді. Сондықтан Аллаһ Тағала оларды сол күннің жамандығынан сақтап, жүздеріне нұр мен қуаныш ұялатады»** (Инсан сүресі, 8-11 аяттар).

Аш жандарды тамақтандырмау, оларға қамқор болмау Құран Кәрімнің суреттеуі бойынша «асудан өте алмау» болып табылады.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Бірақ) **ол асудан өте алмады. Ол асудың не екендігін білесің бе? Құл азат ету немесе ашаршылықта жақындығы бар жетімді яки аш пақырды тамақтандыру»** (Бәләд сүресі, 11-16 аяттар).

Жетім мен пақырды тойғызу берекелі іс. Осындай берекені пайдалана алмай, дер кезінде әрекет етпегендер қиямет күні пұшайман болады. Олардың қияметтегі қайғы-қасіретін төмендегі мына аяттардан көре аламыз:

«Дәптері оң жақтан берілгендер жәннатта болады. Олар күнәһарлардан: «Сендердің тозаққа түсулеріңе не себеп болды?» - деп сұрайды. (Олар)**: «Бізге өлім келіп жеткенше, біз намаз оқитындардың қатарынан емес едік! Әрі міскіндерді тамақтандырмайтынбыз. Бүлікшілдермен бірге** (бүлікке) **кірісіп жүретінбіз. Қиямет күнін жоққа шығаратынбыз! Оларға шапағатшылардың шапағаты пайда бермейді»** (Мүддасир сүресі, 39-48 аяттар).

Кез келген мүмин қолынан келгенше аштарды тойғызуға күш салуы тиіс. Өзімен ғана шектеліп қалмай, өзге мүминдерді де осындай игі істердің жүзеге асырылуына жәрдем етуге шақыруы қажет. Өйткені ұлы Раббымыз, өзі пақырды тамақтандырмаумен қатар, өзгені бұл іске үндемеген жандарға мынадай ескерту жасайды.

«Бір-біріңді міскіндерді тамақтандыруға шақырмайсыңдар!» (Фәжр сүресі, 18-аят).

Сонымен қатар, амал дәптері сол жағынан беріліп, үлкен қасіретке тап болған жанның; **«Әрі ол өзге жанды, міскінді тамақтандыруға шақырмайтын»** деген қасиеті айтылады (Хаққа сүресі, 34-аят).

Оған қоса, ақыретке иланбаған жандардың ең басты сипаттарының бірі аштарды тамақтандыруға үндемеу болып табылады. Мына аят соған айғақ болады.

«Әрі ол өзге жанды, міскінді тамақтандыруға құлық танытпайды» (Мағұн сүресі, 3-аят).

Демек, ақыретке иланатын мүминдердің ең басты қасиеттерінің бірі аштарды тойғызу, пақырға инфақ жасау екен.

Бір кісі Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Мұсылманның қандай амалы өзгесінен артық?» - деп сұрайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Танитын яки танымайтын кез келген жанға ас беру және сәлем беру»*, - деп жауап береді (Бұхари, Иман 6, 20, Истизан 9, 19; Мүслим, Иман 63).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) басқа хадисінде: *«Игіліктің қырық түрі бар. Осылардың ең абзалы сүтін сауып пайдалану үшін біреуге сауын ешкі беру»*, - дейді (Бұхари, Хиба 35; Әбу Дәуіт, Зекет 42).

Бір кісі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп, жүрегінің қатігездігін тілге тиек етіп шағымданады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жүрегіңнің жұмсаруын қаласаң, пақырды тамақтандыр! Жетімнің басын сипа!»*, - деген өсиет айтады (Ахмет II, 268, 387).

Аллаһ разылығының қандай амалда екендігі біліне бермейді. Ол болмашы бір істе, яки орташа бір амалда, немесе үлкен амалда болуы мүмкін. Сол себепті бір пақырды тамақтандыруды, шөлдегенге бір тостақ су беруді болмашы іс деп санамау қажет. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) шөліркеген жандарға су берудің сыйын төмендегі мына хадисі арқылы жеткізеді:

«Қиямет күні жәннаттықтар сап-сап болып тұрады. Сол шақта тозақтық бір кісі, жәннаттықтардың біріне келіп: «Ей, пәленше! Есіңде ме? Сен менен су сұрағансың. Сол кезде саған бір жұтым су берген едім ғой», - дейді (яғни, осы әрекеті арқылы шапағат етуін сұрайды). Мүмин (мәселесін кері қалдырмай) оған шапағат етеді» (Ибн Мәжә, Әдеп 8).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзіне қарағанда көбінесе сахабаларының жағдайын ойлайтын. Өйткені ол Құран Кәрімнің сипаттауы бойынша «аса рақымды», «ерекше мейірімді» жан болатын. Сахабалар

тамақтанбастан, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жанұясы тамақтанбайтын. Қолына түскенді мұқтаждарға таратып беретін. Тіпті бірнеше күн бойы ошағында от жағылмайтын. Нан табылмайтын. Мұның көптеген мысалы бар. Олардың бірі, мына төмендегідей.

Әбу Һұрайра (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Өзінен өзге тәңір жоқ Аллаһқа ант етейін! Мен бағзы уақытта аштықтан қарнымды жерге жапсырып жататынмын. Ал кейде қарныма тас байлап алатынмын. Бір күні (үйіне апарып біреу тамақтандырар деген ниетпен) сахабалар өтетін жолдың үстіне барып отырдым. Бір кезде Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) өтті. Дереу орнымнан тұрып, Құран Кәрімдегі бір аят жайлы сұрадым. Ол сауалыма жауап беріп, кетіп қалды. Кейінірек Омар (р.а.) өтті. Мені тамақтандырар деген үмітпен, Аллаһтың кітабындағы бір аят жайлы сұрастырдым. Ол да қойған сауалыма жауап беріп, кетіп қалды. Кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өтті. Мені байқап қалып, күлімсіреді. Ішкі жан дүниемдегі сырымды сезіп: «Әбу Һұрайра!», - деді.

Мен: «Ләббай! Аллаһтың Елшісі!», - дедім.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) маған қарап: «Менің соңымнан ер»,-деп жолын жалғастырды. Мен артынан еріп отырдым. Пайғамбар (с.а.у.) үйіне кіріп кетті. Артынша үйге кіру үшін рұқсат сұрадым. Рұқсат берілгеннен кейін, ішке кірдім. Ол бір ыдыстың ішінен сүт тауып алып: «Мына сүт қайдан келді?» - деп сұрады.

Жұбайлары: «Пәленше деген кісі сізге сыйға берді», - десті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Әбу Һұрайра!» - деп дауыстады.

Мен: «Ләббай! Аллаһтың Елшісі!» - дедім.

Маған қарап: «Суффалықтарды шақырып кел!» - деді.

Суффалықтар ислам дінінің қонақтары болатын. Олардың пана сұрайтын жанұялары жоқ еді. Тігерге тұяғы жоқ тақыр кедей, ешкімі жоқ пақыр жандар болатын. Пайғамбарымызға (с.а.у.) садақа келсе, қол тигізбестен дереу суффалықтарға беріп жіберетін. Ал егер сыйлық келіп жатса, оның бір бөлігін өзіне алып қалатын. Қалғанын оларға бөліп беретін.

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) суффалықтарды үйіне шақыруы маған ұнай қойған жоқ. Ішімнен өз-өзіме: «Мына сүт суффалықтардың қайсысына жетеді? Ол сүтті менің ішуім керек еді. Менің ақым ғой. Олар келгенде, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған сүтті бер дейді. Сүтті беруін беремін ғой, бірақ маған ешнәрсе қалмайды-ау. Бірақ Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) бұйрығын орындамау да дұрыс болмас»,-дедім.

Суффалықтарға барып, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) үйіне шақырдым.

Олар шақыруды құп алып, үйге келді. Рұқсат сұрап, ішке кірді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Әбу Һұрайра!» - деп мені шақырды.

Мен: «Ләббай! Аллаһтың Елшісі!» - дедім.

Ол: «Мына сүтті ал! Оларға тарту ет», - деді. Мен сүт құйылған ыдысты қолыма алып, кезекпен әрбіріне бере бастадым. Берген адамым, сүтті тойғанша ішті. Мен ыдысты келесі адамға беріп отырдым. Ол да қанғанша сүтті ішіп, ыдысты маған кері беріп отырды. Осылайша барлығы қана ішкеннен кейін, ыдысты Пайғамбарға (с.а.у.) бердім. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ыдысты қолына алып, маған қарап күлімсіреді. Артынша: «Әбу Һұрайра!» - деді.

Мен: «Ләббай! Аллаһтың Елшісі!» - дедім.

Маған қарап: «Мені мен сен екеуміз қалыппыз», - деді.

Мен: «Тура айттыңыз! Аллаһтың Елшісі!» - дедім.

Ол: «Отыр! Іш!» - деді. Мен отырып, сүт іштім. Артынша маған тағы да: «Отыр! Іш!» - деді. Қайта отырып, іштім. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Іш! Іше ғой!» - деп бірнеше мәрте айтты. Соңында мен шыдай алмай: «Жоқ! Сені хақ пайғамбар етіп жіберген Аллаһқа ант етейін! Сүт сиятын орын қалмады», - дедім.

Ол: «Сүтті маған бер!» - деді. Ыдысты оған бердім. Әуелі Аллаһ Тағалаға мадақ келтіріп, бисмиласын айтып, қалған сүтті ішті (Бұхари, Риқақ 17).

***

Хазірет Әбу Бәкірдің ұлы Абдуррахман (р.а.) төмендегі мына уақиғаны нақыл етеді:

«Суффалықтар түгі жоқ пақыр жандар еді. Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Екі кісілік асы бар жан (суффалықтардан) үшінші етіп біреуді, төрт кісілік асы бар жан бесінші етіп, тіпті алтыншы етіп біреуді үйіне асқа шақырсын», - деді.

Әкем Әбу Бәкір (р.а.) олардың арасынан үш кісіні үйге ертіп әкелді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) он кісіні үйіне ертіп кетті. Аллаһқа ант етейін, алдымыздағы ас желінген сайын арта түсті. Қонақтар тойды. Ас азаюдың орнына, керісінше арта түсіп, ортада қалып қойды. Хазірет Әбу Бәкір асқа көз тастады. Артынша әйеліне бұрылып: «Уа, Бәну Фирастың қызы! Мынау не?» - деді.

Ол: «Көзімнің нұрына ант етейін, ас қазір, бұрынғысынан үш есе артық», - деді.

Әкем астың қалғанын Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) беріп жіберді. Пайғамбар (с.а.у.) бұл астан дәм татты. Қалған ас, сол үйде қалып қойды.

Бізбен, яғни мұсылмандармен бір рудың арасында келісілген келісім бар болатын. Келісімнің мерзімі біткенде, әлгі ру кісілері Мәдинаға келіп аяқ тіреді. Араларынан он екі кісіні жаңа келіссөз жүргізу үшін таңдап алдық. Олардың әрбірінің жетегінде қанша кісі бар екендігін бір Аллаһ біледі. Міне солардың барлығы, сол астан дәм татты» (Бұхари, Мәуақит 41, Мәнақиб, 25, Әдеп 87-88; Мүслим, Әшриба 176, 177).

***

Қарны аш жанды тойғызуымен қатар, жақсы тәлім-тәрбие беруді көрсететін төмендегі мына риуаятқа назар аударайық.

Аббад ибн Шұрахбил (р.а.) былай деп әңгіме өрбітеді:

«Бір кездері пақырлық күйге түстім. Шыдай алмай Мәдинадағы бақшалардың біріне түстім. Бидай басын үгітіп біраз жедім. Дорбама да салып алдым. Сол сәтте бақша иесі келіп қалып, мені ұстап алды. Мені біраз төмпештеп алып, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) апарып шағым айтты.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бақ иесіне қарап: «Сауатсыз болып жүргенінде тәлім бермедің. Аш болып жүргенінде тойғызбадың!» - деді.

Артынша маған бақша иесіне дорбаны беруімді әмір етті. Содан кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған бір немесе жарты сағ (сағ – фиқхтағы өлшем бірлігі. 1 сағ - 3,6 киллограмға тең келеді) азық-түлік берді» (Әбу Дәуіт, Жиһад 85/2620-2621; Нәсай, Құдат 21).

Кез келген мұсылман баласы, сауатсыз қараңғы адамға қолынан келгенгше тәлім беріп, харамдардан сақтандыру қажет. Аштық немес пақырлық кісіні шарасыз күйге түсіріп, харамға қол созуға итермелейді. Сол себепті аштарды тамақтандыру аса игі іс. Сонымен қатар ондай жандар қателік жасағанда, жылы сөйлеп ескерту жасау керек. Оларға дұға етіп қойған да жөн.

Адамзаттың асыл тәжі Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзі және жанұясы қанша мұқтаж болса да, әуелі пақыр сахабаларын тойдыруды өмірінің негізгі ұстанымы етіп алғантұғын. Хазірет Әли (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) жанұясының ішінде ең жақсы көретін жаны, қызы Фатима (р.а.) еді. Диірмен тартқаннан қолында, меспен су тасығаннан мойнында жарақаттар пайда болатын. Үйдің ішін сыпырамын деп үсті-басы тозаңнан көрінбей қалатын. Бір күні Пайғамбарымызға (с.а.у.) тұтқындар әкелінді. Фатимаға: «Әкеңе барып, өзіңе бір қызметші сұрап алсаңшы», - дедім. Фатима әкесіне барды. Аллаһ Елшісінің біреулермен сөйлесіп тұрғанын көріп, қайтып келді. Ертесіне Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Фатимаға келіп: «Қызым қандай мұқтаждығың бар еді?» - деп сұрады. Фатима тіс жарып, ешнәрсе айтпады. Мен араға түсіп: «Мен түсіндірейін. Аллаһтың Елшісі», - деп жағдайды айтып бердім. Мұны

естіген Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Ей, Фатима! Аллаһтан қорық. Аллаһтың парыздарын өте. Төсекке жатқаныңда отыз үш мәрте «субханаллаһ», отыз үш мәрте «әл-хамду лилләһ», отыз төрт мәрте «Аллаһу акбар» деп айт. Осылайша барлығы жүз болады. Бұлай істеуің сен үшін қызметшіден қайырлы», - деді.

Фатима (р.а.): «Аллаһқа және Оның Елшісіне разымын», - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған қызметші бермеді» (Әбу Дәуіт, Хараж 19-20/2988).

Басқа бір риуаятта ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына төмендегі сөздерді айтқаны да нақыл етіледі:

«Уаллаһи, Әһлус-суффа аштықтан қарындарына тас байлап жүргенде, менде оларға сарп ететін еш нәрсе таба алмай жүргенімде сендерге қызметші бере алмаймын. Тұтқындарға төленген құнды Әһлус-суффаға жұмсаймын» (Ахмет I, 106).

***

Әнәс (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Өгей әкем Әбу Талха, анам Умму Сулайымға қарап: «Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) дауысы құлағыма өте әлсіз болып шалынды. Аш жүргендігін білемін. Берер нәрсең бар ма?» - деп сұрады. Анам Умму Сулайым: «Иә. Бар», - деп арпадан пісірілген бірнеше нанды көрсетті. Кейін өзінің бір орамалын шығарып, оның бір шетіне әлгі бірнеше нанды орап салып, киімімнің астына қойды. Орамалдың бір шетін беліме байлап, мені Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) жіберді. Мен нанды апарып бердім. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мешітте жамағатпен бірге отыр екен. Мен де барып олардың тұсына барып тұрдым.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған қарап: «Сені Әбу Талха жіберді ме?» - деп сұрады.

Мен: «Иә», - деп жауап бердім.

«Ас ішу үшін бе?» - деп сұрады.

Мен: «Иә», - деп жауап бердім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жанындағыларға қарап: «Жүріңдер», - деді. Олар оның соңынан еріп жүрді. Мен олардың алдына түсіп, Әбу Талхаға келіп хабар бердім.

Мұны естіген Әбу Талха: «Ей, Умму Сулайым! Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жамағатымен бірге біздің үйге келе жатыр екен. Ал біздің үйде оларды тамақтандыратын ештеңе жоқ?» - деді.

Умму Сулайым: «Аллаһ және Оның Елшісі (бізден артық) біледі», - деді. Әбу Талха дереу орнынан тұрып, Аллаһ Елшісін (с.а.у.) қарсы алды. Ол Әбу Талхамен (р.а.) бірге үйге кірді. Артынша: «Уа, Умму Сулайым!

Алып кел қолыңдағыны!,-деді. Анам нанды алып келді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) нанды бөлдіртті. Умму Сулайым қарыннан май шығарып, нан бөліктерінің үстіне жақты. Содан кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дұға оқыды. Артынша Әбу Талхаға бұрылып: «Он кісіге рұқсат бер!» - деді. Ол он кісіні ішке кіргізді. Олар тойғанынша жеп, сыртқа шығып кетті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Тағы да он кісіге рұқсат бер!» - деді. Әбу Талха он кісіні ішке кіргізіп, олар ішіп-жеп шығып кетті.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Тағы да он кісіге рұқсат бер», - деді. Осылайша еріп келген жамағаттың барлығы жақсылап тамақтанып алды. Бұл жамағат жетпіс яки сексен кісі болатын. Содан кейін Әбу Талха дастарқанды қайта жайды. Қараса, нан бөліктері сол күйінде сақталыпты. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үй иесімен бірге отырып тамақтанды. Сонда да көршілеріне тарту етерлік мөлшерде нан қалып қойды» (Бұхари, Мәнақиб 25; Мүслим, Әшриба 142-143).

***

Жәбир (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Біз Хәндәк соғысында ор қазып жатқан едік. Алдымыздан қатты, үлкен тас шықты. Сахабалар Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Ор қазып жатыр едік. Алдымыздан үлкен тас шықты», - деп хабар берді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Онда орға мен түсейін», - деп орнынан тұрды. Аштықтан қарнына тас байлап алған болатын. Біз үш күн бойы жейтін азығымыз болмай, орда қалған едік. Аллаһ Елшісі қолына қайланы алып, тасқа ұрды. Әлгі үлкен тас күл талқан болып, құм үйіндісіне айналды.

Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Үйіме барып келуіме рұқсат беріңіз»,- дедім. Рұқсат алып үйге тарттым. Үйге келіп әйеліме: «Мен Аллаһ Елшісін жан шыдатпайтын халде көрдім. Үйде жейтін ас бар ма?» - деп сұрадым.

Әйелім: «Біраз арпа мен бір лақ бар», - деді. Мен лақты сойып, арпаны үгіттім. Етті қазанға салдық. Нан пісіріліп, ет қайнап жатқан тұста Аллаһ Елшісіне барып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Азғантай дайындаған асым бар еді. Бір екі кісіні қасыңызға алып, үйге жүріңіз», - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Дайындап жатқан асың қанша?» - деп сұрады. Мен бәрін айтып салдым.

Ол: «О-о! Нендей көп! Нендей ғажап! Әйеліңе барып мынаны айт. Мен келгенге дейін қазанды ошақтан түсірмесін, нанды пештен шығармасын», - деді. Сөзін аяқтағаннан кейін сахабаларына қарап: «Жүріңдер», - деді. Мұхажирлер мен Ансар барлығы орнынан тұрды. Мен асығып-үсігіп әйеліме келіп: «Бір ұят іс болғалы тұр. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мұхажирлер мен Ансарды қасына ертіп, үйге беттеп келеді», - дедім.

Әйелім: «Сенен асымыздың қаншалықты екенін сұрады ма?» - деді.

Мен: «Иә», - деп жауап бердім.

Ол: «Олай болса алаң болма. Ол сенен жақсы біледі», - деді.

Біраз уақыт өткеннен кейін Пайғамбарымыз (с.а.у.) келді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына: «Кіріңдер! Бір-біріңді сығыстырмай, кіріңдер», - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) нанды үзіп алып, үстіне ет қойып үлестіре бастады. Әр алғанында қазанды және пешті жауып отырды. Олардың барлығын тойғызғанға дейін осы әрекетінен танбады. Соңында біраз ас артылып қалды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мына астан тамақтанып ал. Көршілеріңе де тарту ет. Өйткені аштық адамдарды титықтатып жіберді», - деді» (Бұхари, Мағази 29; Уақиди II, 452).

Жәбир (р.а.) әңгімесін былай деп тәмамдайды:

«Үйіме келген кісілердің саны мың шақты еді. Аллаһтың атымен ант етейін солай еді. Барлығы жақсы тамақтанды. Тіпті олардан артылып қалды. Қазанымыз ортаймастан қайнап жатты. Сол қамырымыз азаймады, тіпті екі әйел нан пісірумен болды» (Мұслим, Әшриба 141).

***

Әбу Зәр (р.а.) Пайғамбарымызды көріп, ол жайлы кеңінен мағлұмат алу үшін Меккеге келген еді. Бишара біреуден Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жайлы сұрады. Ол: «Мынау дінін тәркеткен жан», - деп айқай салды. Мүшріктер дереу Әбу Зәрдың маңына жиналып, таяқтың астына алды. Зәмзәм суынан басқа нәр татпаған Әбу Зәр, дәл отыз күн Меккеде қалды. Әйтеуір әрең дегенде Аллаһ Елшісі мен Әбу Бәкірді (р.а.) көрді. Оларға сәлем беріп, өзін таныстты. Әбу Зәр қыссасын әрі қарай былай деп жалғастырады:

«Аллаһ Елшісі: «Бұл жерге келгеніңе қанша күн болды?» - деп сұрады. Отыз күннен бері осы жерде жүргенімді айттым.

«Сені кім тамақтандырды?» - деп сауал қойды.

Мен: «Зәмзәм суынан басқа ішіп-жейтін еш нәрсем болған жоқ. Қайта мен осы жерде әжептәуір ет алдым. Тіпті қарным шығып, аштықты сезгенім жоқ», - дедім.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Зәмзәм, берекелі әрі ашыққанды тойдыратын ас әрі дертке дауа», - деді.

Әбу Бәкір (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Бүгін оны мен тамақтандырайын. Рұқсат беріңіз», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мен Әбу Бәкір (р.а.) жолға түсті. Мен олардың артынан ердім. Әбу Бәкір (р.а.) бір есікті ашып, бізге тайыфтық құрма

сусынын алып шықты. Бұл менің Меккеде ішкен алғашқы асым еді» (Мүслим, Фадайлус-сахаба 132).

Рақымдылық пен мейірімнің телегей теңізі Аллаһ Елшісі Әбу Зәрмен (р.а.) алғаш танысқан сәтте қалай тамақтанғанын сұраған еді. Ал Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) қолға түскен сәтті пайдаланып, Аллаһтың бір құлын тойдыруға ниет етті.

***

Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) қолына мүмкіндік тиген сәтте-ақ пақыр мұсылмандарды тамақтандыратын. Мұны байқап қалған Әбу Жәһил бір күні Әбу Бәкірге (р.а.) келіп: «Уа, Әбу Бәкір! Аллаһтың осындай пақырларды тамақтандыратындығына нанасың ба?» - деп сұрады.

Хазірет Әбу Бәкір (р.а.): «Иә, нанамын», - деп жауап берді.

Әбу Жәһил: «Олай болса, неге оларды өзі тамақтандырмайды?» - деп сауал қойды.

Хазірет Әбу Бәкір (р.а.): «Аллаһ бәз біреулерді пақырлықпен, ал кейбіреулерді байлықпен сынайды. Пақырларға сабыр етуді, байларға тамақтандыруды әмір етеді», - деді.

Ақылсыздық пен имансыздық қараңғылығында қалып қойған Әбу Жәһил: «Уаллаһи! Әбу Бәкір сен көп болса адасып жүрген шығарсың. Сен қалай бұған иланбақсың? Аллаһ шамасы жетіп тұрып, оларға еш нәрсе бермейді? Ал сен оларды тамақтандырып жүрсің?» - деп даурықты.

Осы уақиғадан кейін төмендегі мына аят түседі:

«(Оларға) **Аллаһтың сендерге нәсіп еткен ризығынан инфақ етіңдер деп айтылғанда, кәпірлер мүминдерге: «Аллаһ Тағала қаласа тамақтандыратын біреулерді, біз тамақтандырамыз ба? Сендер шынымен-ақ адасып жүрсіңдер»,-деп жауап береді»** (Ясин сүресі, 47-аят); (Құртұби XV, 26).

Мінекей аш-жалаңаш жандарды тойғызу Хазірет Әбу Бәкірдің көркем сипаты екен. Ал олардан сырт айналу, Әбу Жәһилдің жағымсыз сипаты екен. Хақ Тағала баршамызға Хазірет Әбу Бәкірге берген сипатын, бізге де нәсіп етсін. Әумин!

***

Әбу Һұрайра (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Адамдар Әбу Һұрайра көп хадис риуаят етеді дейді. Шынында мұның сыры, қарнымды тойдыру үшін әрдайым Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасында болғанымда жатыр. Еш ашытқымен пісірілген нан жемей, жақсы киім кимей жүретінмін. Маған ешқандай әйел немесе еркек қызмет етпейтін. Аштық қысқанда қарныма тас байлап алатынмын. Кез

келген біреу мені үйіне алып кетіп, тамақтандырар деген үмітпен біле тұра бір аятты сұрап, оқып беруін өтінетін едім.

Пақырларға ең қайырымды Жағфар ибн Әбу Талиб еді. Ол бізді алып кетіп, үйінде не болса соны бізге тарту ететұғын. Тіпті көбінесе бізге ішіндегі майы таусылған қарынды беретін. Қарынды жарып жіберіп, ішінде қалған майды жейтінбіз» (Бұхари, Асхабун-наби 10).

***

Әбу Мұса әл-Ашғари (р.а.) ажалы жақындағанда ұлдарын шақырып алып насихат айтты. «Нан берген кісіні естеріңе түсіріп жүріңдер», - деп мына уақиғаны баян етті:

«Бір монастырьға барып, елден оңашаланып барша ғұмырын құлшылықпен өткізген бір кісі өмір сүрді. Жетпіс жыл бойы халықтан жырақ болған әлгі кісі бір күні жолға шықты. Жолда шайтан оған әйел болып көрініп оны алдап соқты. Кісі онымен бірге жеті күн болды.

Кейін шайтан оған ақиқатты көрсетті. Кісі өзінің істеген ісіне қатты өкінді. Тәуба етіп, қаңғып кетті. Әрбір жасаған қадамында намаз оқып, сәжде етіп Аллаһтан кешірім сұрады. Кеш батқанда, бір үйге келіп паналады. Ол үйде он екі пақыр кісі өмір сүретін. Амалдың жоқтығынан олармен бірге түнеді.

Сол аймақта тұратын бір монах күніге кешке бұл пақырларға бірнеше нан беріп жіберетін. Әдеттегідей кешке қызметші келіп нан таратты. Пақырлардың біреуі шығар деп әлгі тәуба еткен кісіге де нан ұзатты. (Он екі кісіге шақтап әкелген нан болғандықтан, бір кісіге жетпей қалды). Нан жетпей қалған пақыр: «Саған не болған? Неге нанымды бермейсің?» - деп сұрады. Қызметші: «Саған нан бермеді деп ойлап тұрсың ба? Барып сол жердегілерден сұра. Біреуге екі нан берген шығармын», - деді. Барып сол жерде отырғандардан сұрады.

Үйдегілер: «Жоқ. Ешқайсымыз екі нан алған жоқпыз», - деді. Қызметші: «Мен сенің наныңды алып қойды деймісің. Уаллаһи, бүгін саған берер наным жоқ деп», - әлгі пақырмен іліністі.

Дәл сол сәтте тәубе еткен кісі қолындағы нанын, пақырға берді. Таң рауандап атқанда тәубе еткен кісі өлі күйде табылды. Тәубешілдің жетпіс жыл бойы жасаған құлшылығы мен жеті күндік күнәсі өлшенді. Жеті күндік күнә ауыр тартты. Кейін таразыға бір нан түсті. Бұл жолы нан ауыр тартты. Тәубешілдің өмірінің соңғы сәттерінде берген наны оны құтқарып қалды».

Әбу Мұса (р.а.) әңгімесін былай деп тәмамдады: «Ұлдарым! Нан берген кісіні естеріңе түсіріп, ғибрат алыңдар» (Әбу Нұғайым, Хиля I, 263).

Аллаһтың разылығы кейде өте қарапайым болып көрінген істе болуы

әбден мүмкін. Уақыты келгенде бір тілім нанның өмірлік құны болады.

***

Хазірет Ұбайдулла ибн Ахрар өз басынан өткен уақиғасын былай деп әңгімелейді:

«Бір күні базарға бардым. Бір кісі қасыма келіп: «Ашпын. Мені Аллаһ разылығы үшін тамақтандыршы», - деді. Қалтамда көк тиыным жоқ еді. Тек ескі сәлдем бартұғын. Бір асханаға кіріп аспазға: «Мына сәлдемді алшы. Ескі, бірақ таза. Жуған ыдыстарыңды сүртіп құрғатасың. Бірақ мұның қайтарымы ретінде мына аш кісіні тойдырсаң болғаны» - дедім.

Аспаз ол пақырды жақсылап тамақтандырды. Сәлдемді маған қайтарып бермекші болды. Қанша өтінсе де ұсынысын қабыл етпедім. Өзім де аш едім. Ол пақыр тойып алғанша жанында күтіп отырдым».

***

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) кеудесінде жаны бар әрбір жаратылысқа жақсылық жасау арқылы Аллаһтың разылығына қол жеткізуге болатынын айтқан еді. Мұсылмандар осыған сәйкес әрекет етіп хайуанаттарды тамақтандыруға, тіпті өсімдіктерге қарауға аса үлкен мән беретін. Бұған қатысты бірнеше мысал келтірелік.

Ата-бабамыз уақытында «бауыр сатушы» деген жұмыс ойлап тапқан еді. Бұл іспен айналысқан кісі ұзын сырыққа бауырларды іліп алып көшелерді, базарларды шарлап жүретін. Жолда оған кезіккен игі іс істеуді жанындай жақсы көретін жандар бауырларды сатып алып, аш мысықтарға, иттерге тарататын. Ал қайтарымын, сауабын Аллаһтан күтетін.[106]

***

Италиялық Риколдо де Монте Крос XIII ғасырдың екінші жартысында ислам әлеміне саяхат жасады. Ислам әлемінде көріп-білгенін таңдана отырып, былай деп жазған еді:

«Мұсылмандар уақыф құруға аса құмар, өте жомарт жандар. Тіпті игі іс жасау үшін христан тұтқындарды сатып алып, азат етеді. Ол істің сауабын әке-шешесінің рухына бағыштайды. Мұсылмандар, иттердің тамақтандырылуы үшін өз дүние-мүліктерінен пай айырады. Түркияның және Иранның көптеген қаласында иттерді тамақтандыруды өсиет еткен жандардың өсиетіне қарай бұл іске айырған қаражатқа сәйкес жұмыс істейтін итке қарап, бағатындар да бар».[107]

***

106. М.А.Убужини, Түркия 1850, Тержуман 1001 Темел есер, II, 455.
107. Онур Билге Кула, Алман күлтүрүнде түрк имгеси, Анкара 1993, 51-бет.

XVIII ғасырда осман империясын көруге келген Пере Жехаммот атты жазушы, өзінің естелігіне былай деп жазған еді:

«Түріктер лас деп танып, үйлеріне кіргізбейтін көше иттерінің аш қалмауы, өліп қалмауы үшін күніге бұл хайуандарға ет таратылып тұруын мирасқорларына өсиет етеді. Бұл іс үшін қасапшыларға арнайы ақша бөлінеді».[108]

***

Ұзын сөздің қысқасы аш жандарға ас беріп тойдыру ізгі іс. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Ей, адамдар! Бір-біріңе сәлем беріңдер, ас жегізіңдер, ел ұйықтап жатқанда намаз оқыңдар. Мұны жүзеге асырсаңдар аман-есен жәннатқа кіресіңдер»*, - деп айтқан болатын (Тирмизи, Атғима 45, Қиямет, 42; ибн Мәжә, Иқамат 174, Атғима 1).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа хадис-шәріпте ас ішіліп, қонаққа сый-құрмет көрсетілген үйде, жақсылық, молшылық, берекенің болатындығын айтып өткен.

Шайтан адамды кедей боласың деп, жақсылық жасаудан жирендіруі әбден мүмкін. Сондықтан кедейлер мен пақырларды ішіп-жегізу ісінде шайтанның тұзағына түспеу керек.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Екі кісінің тамағы үш кісіге, ал үш кісінің тамағы төрт кісіге жетеді»* (Бұхари, Атғима 11, Мүслим, Әшриба 178).

«Бір кісінің тамағы екі кісіге, екі кісінің тамағы төрт кісіге, ал төрт кісінің тамағы сегіз кісіге жетеді» (Мүслим, Әшриба 179-181).

Сонымен қатар аш жандарды тамақтандыру тек адамдармен ғана шектелмейді. Хадис-шәріптерге көз жүгіртсек, адам болсын яки хайуан болсын аш әрі мұқтаждыққа тап болған кеудесінде жаны бар күллі махлұқты тамақтандыру қажет. Бұл мұсылмандардың борышы. Кез келген жерде аштықтан өлейін деп жатқан жандыны тойдыру сол маңайдағы адамдарға парыз болып табылады. Өзі аштықтан өлім тырнағына ілініп жатпаса, өзгені тойдыру ізгі іс қатарына кіреді.

Ғ) ЖАНАЗАҒА ҚАТЫСУ, КӨҢІЛ СҰРАП ШЫҒУ

Ислам бауырластығының маңызды парыздарының бірі, көз жұмған мұсылман баласын дұрыстап жерлеу және жанұясына көңіл айту болып табылады.

108. Исмайл Хами Данишменд, Ески түр сежие ве ахлакы, Станбул 1982, 182-бет.

Аллаһ Тағала бұл парызды адамбаласына тірі мысал ретінде көрсетіп үйреткен.[109] Шариғатта жаназа намазын оқу, қабірмен айналысудың үкімі парыз-кифая, ал өзге қызметтердің үкімі сүннет яки мустахаб. Бұл қызметтер тәрк етілсе, сол аймақтағы барша халық күнәһар болады.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтыс болған кісіні сенімді кісілердің жууын өсиет еткен.[110] Кебініне және тағы да басқа керекті заттарына мән беруді әмір еткен. Ол осы істердің маңыздылығын төмендегі мына хадистер арқылы жеткізеді:

«Қайтыс болған кісіні жуып, оның бойындағы жағымсыз нәрселерді жасырған жанды Аллаһ Тағала қырық мәрте кешіреді. Көз жұмған кісіні кебіндеген кісіге, жібектен тігілген жәннат киімдерін кидіреді. Қайтыс болған кісіге қабір қазып көмгенге, бір пақырды қияметке дейін тұратын үйге орналастырған секілді сауап береді» (Хаким I, 506/1307).

«Мұсылманның мұсылманда бес ақысы бар. (Олар): Сәлем алу, сырқаттың көңілін сұрап шығу, жаназаның соңынан жүру, шақырғанға келу, түшкіргенге «ярхамукаллаһ» (Аллаһ саған рақымдылық танытсын) деу» (Бұхари, Жанайз 2; Мүслим, Сәлем 4).

Бақилық болған мұсылманға алғашқы дұға, оның жаназа намазын оқу болып табылады. Кейінірек қолдағы мүмкіндікке қарай оның атынан игі істер істеуге тура келеді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) төмендегі мына хадистерде былай дейді:

«Жаназа намазын оқығанда, көз жұмған кісіге шын ықыласпен дұға етіңдер!» (Әбу Дәуіт, Жанайз 54-56/3199).

«Кез келген мұсылманның жаназасында, Аллаһқа серік қоспаған қырық кісі жаназа намазын оқыса Аллаһ олардың оған деген шапағатын міндетті түрде қабыл етеді» (Мүслим, Жанайз 59).

Хадистегі «қырық» саны көптікті білдіреді. Өйткені басқа бір хадисте «жүз» саны,[111] тағы өзге хадисте «үш сап» түзеген жамағаттың жеткілікті екендігі айтылып өткен.[112]

Үш сап түзеу хадисін риуаят еткен Мәлік ибн Хұбайра (р.а.), қандай-да бір мұсылманның жаназа намазын оқуға келген кісілер санының аз екендігін байқағанда, дереу үш сапқа тұрғызатын.[113]

Мұсылман әрқашан өлімге дайын болып жүруі қажет. Әсіресе біреуге қарыз болып, көз жұмудан сақтануы керек. Егер қарызын өтеместен

109. Мәида сүресі, 31-аят.
110. Ибн Мәжә, Жанайз 8.
111. Мүслим, Жанайз 58.
112. Әбу Дәуіт, Жанайз 38-39/3166.
113. Әбу Дәуіт, Жанайз 38-39/3166.

бақилық болып жатса, туыстары оның қарызын өтеуі ләзім. Өйткені қарызы өтелмесе тіпті шәһиттің пейішке кірмейтіндігі деректерде айтылады.[114]

Сонымен қатар жерлеу рәсімін кешіктірместен, қолдан келгенше жылдамдату керек.

Шариғатта еркектер үшін үлкен игі іс болып табылатын жаназа намазы, қабірге жерлеу рәсімі әйелдер үшін игі іс ретінде қабыл етілмеген. Үкімі «тәнзиһән мәкруһ» (халалға жақын мәкруһ). Өйткені жаратылысынан рақымдылық пен мейірімділік сезімдері биік әйелдерден мұндай қайғы-қасіретте жағымсыз іс-әрекеттер шығуы ықтимал.

Умму Атия (р.а.) былай дейді.

«Бізге, әйелдерге жаназаға қатысуға тыйым салынды. Бірақ толықтай харам етілмеді» (Бұхари, Жанайз 29, Иғтисам 27; Мүслим, Жанайз 34-35).

Жақыны көз жұмған яки қасіретке тап болған жандарға көңіл айту, яғни оларды жұбатып, сабыр етуге шақыру аса маңызды іс.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Қандай-да қасіретке тап болған бауырына көңіл айтқан момынға қиямет күні Аллаһ Тағала «кәрем» киімін кигізеді» (Ибн Мәжә, Жанайз 56).

Жаратылысынан әлсіз адам баласы қайғы-қасіретке тап болған шақтарда қолдауға, жұбанышқа мұқтаж. Сол себепті жаназаға қатысу, көңіл айту тәрізді іс-әрекеттің маңыздылығы өте жоғары. Мұндай іс-әрекетке мән бермей енжарлық таныту үлкен қателік. Күндердің күнінде кез келген кісі жұбанышқа, қолдауға зар болады. Сондықтан бүгіннен бастап жерге тұқым тастай берсек, қолдауға зәру болғанымызда көлеңке болар ағаш табылады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Жабир (р.а.) былай деп өрбітеді:

«Пайғамбарымыздан (с.а.у.) таңды қалай атырдыңыз?» - деп сұралған еді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Жаназаға қатыспаған және аурудың көңілін сұрап шықпаған жандардан қайырлырақ таңды атырдым»*, - деп жауап берді (Бұхари, әл-Әдебул-Муфрад № 1133; ибн Мәжә, Әдеп 18).

Бұл сөздерімен Пайғамбарымыз (с.а.у.) шын пейілімен әрі Аллаһ разылығы үшін жаназаға қатысқан, аурудың көңілін сұрап шыққан

114. Нәсай, Буюғ 98, Ахмед V, 289.

жанның қол жеткізер сауабын үмбетіне тайға таңба басқандай анық етіп көрсеткен.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жаназаға қатысатын. Аурудың көңілін сұрап шығатын. Шақырылған жерге баратын. Әбу Сағид әл-Худри (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мәдинаға жаңадан келген шағында біздің біріміз өлімге бет алса, хабаршы жіберетінбіз. Ол келіп аурудың маңайында болып, ол үшін истиғфар ететін (Аллаһтан кешірім сұрайтын). Аурудың кеудесінен жаны шыққанда жанындағылармен бірге кері қайтатын. Кейде марқұм көмілгенше күтіп отыратын. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мазасын алмайық деген ниетпен өзара сөйлесіп: «Ауруымыз көз жұмғанға дейін Аллаһ Елшісіне естіртпелік. Қайтыс болғанда хабаршы жіберелік. Осылайша ол шаршамайды әрі уақытын жоғалтпайды», - деген шешімге келдік.

Шешімге қарай әрекет жасай бастадық. Ауруымыз көз жұмғанда хабар жіберетін болдық. Ол келіп жаназа намазын оқып, марқұм үшін истиғфар ететін. Кейін кері қайтатын. Бағзы уақытта марқұм көмілгенше күтіп отыратын. Бұл үрдіс біраз уақытқа дейін жалғасты.

Кейін: «Уаллаһи! Бұлай етпелік. Мұнымызбен Аллаһ Елшісін титықтатып жүрміз. Жаназамызды Пайғамбарымыздың (с.а.у.) есігінің алдына дейін апаралық. Сол жерде намазын оқысын. Бұл әрекетіміз оған жеңілдік болады», - деген қарарға келдік. Жаңа қабылданған қарарға қарай әрекет еттік. Хадисті нақыл еткен рауилердің бірі Мұхаммед ибн Омар: «Осыдан бастап Аллаһ Елшісінің есігінің алды «жаназа намазы оқылатын жер» мағынасына келетін «мусалла» болып аталды. Жаназалардың барлығы сол жерге апарылатын. Бұл үрдіс Аллаһ Елшісінің өлімінен кейін де жалғасты», - дейді (Ибн Сағд I, 257; Хаким I, 519/1349).

***

Талха ибн Бара (р.а.) сырқаттанды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның көңілін сұрап үйіне келді. Үйден шығып бара жатып: «Талхаға өлімнің жақындағанын көріп тұрмын. Көз жұмса маған хабар беріңдер. Марқұмды әзірлеуді, кебіндеуді тездетіңдер. Өйткені мұсылманның денесін жанұясының қасында күттіріп қою дұрыс емес», - деді.

Көп уақыт өтпестен Талха қайтыс болды. Өлерінен бұрын: «Мені дереу кебіндеп, Раббыма қауыштырыңдар. Хазірет Пайғамбарға (с.а.у.) хабар берменңдер. Өйткені бұл жерге келе жатқанында яһудилердің оған зарар тигізуінен қорқамын. Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қиыншылыққа душар болуына себепкер болуды тілемеймін», - деді.

Кеш батып қалған шақ болатын. Талха (р.а.) Аллаһ Елшісіне хабар берілместен, жерленді. Таңертең жағдай Пайғамбарымызға (с.а.у.) айтылды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Талханың (р.а.) қабірінің басына барып: «Аллаһым! Сен одан, ол да сенен разы болған күйде құзырыңа қабыл ет», - деп дұға етті (Ибн Әсир, Усдул-Ғаба II, 29).

***

Әбу Салама (р.а.) қайтыс болады. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның қасына келді. Ашық қалған көздерін жауып: «Рух кеудеден шыққанда, көздер оған қарап тұрады»,-дейді. Дәл сол сәтте Әбу Саламаның (р.а.) отбасы мүшелерінің кейбірі дауыс көтеріп, жылай бастады. Пайғамбырымыз (с.а.у.): «Өздеріңе тек жақсылық тілеп дұға етіңдер. Өйткені періштелер дұғаларыңа «әмин» дейді», - деп шектен шықпай ортаны ұстау керектігін білдіреді.

Кейін: «Аллаһым! Әбу Саламаны кешір. Дәрежесін һидаятқа ергендердің деңгейіне жеткіз. Артында қалдырғандарына сен кепіл бол. Уа, әлемдердің Раббысы! Бізді және оны кешір. Қабірін кеңейт. Ішін нұрға толтыр», - деп дұға етті (Мүслим, Жанайз 7).

***

Усама ибн Зәйд (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қызы Зейнеп (р.а.) Аллаһ Елшісіне хабаршы жолдап: «Ұлым өлейін деп жатыр. Біздің жаққа келіп кетіңіз», - деп сәлем жолдайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларымен жұмыс істеп жатқандықтан: «Алатын да беретін де Аллаһ. Оның құзырында кез келген нәрсенің белгілі мерзімі бар. Сабыр етіп, сауабын Аллаһтан күтсін», - деп сәлем жолдады. Мұны естіген қызы: «Міндетті түрде келсінші», - деп қайтадан хабар жіберді.

Бұл жолы Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Сағд ибн Ұбаде, Мұғаз ибн Жәбал, Үбей ибн Қағб, Зәйд ибн Сәбит тағыда басқа сахабаларды жанына ертіп, қызының үйіне келді. Сәбиді Пайғамбарымызға (с.а.у.) ұстатты. Нәрестені құшағына алды. Сәби әрең тыныстап жатыр еді. Аллаһ Елшісінің көзінен жас парлады. Мұны көрген Сағд ибн Ұбаде: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына халіңіз не?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Бұл Аллаһтың өзі қалаған құлының жүрегіне беретін мейірімі. Өйткені Аллаһ Тағала тек мейірімді құлдарына мейірімділік танытады», - деп жауап берді» (Бұхари, Жанайз 33; Мүслим, Жанайз 9, 11).

***

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қызы Зейнеп (р.а.) көз жұмады. Оны Умму Айман, Ансар әйелдерінің бірі Умму Атийа және аналарамыз Бибі Сәуда мен Умму Салама жуған болатын. Жуып жатқандарында

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қастарына келіп: «Оны жууды, оң жағынан және дәрет алып жүрген мүшелерінен бастаңдар. Су және сидрмен[115] тақ санмен, үш, бес немесе жеті мәрте, қажет деп ойласаңдар одан көп мәрте жуыңдар. Ең соңғы суға кафур салыңдар. Жуып бітіргенде, маған хабар беріңдер», - деді.

Әйелдер Хазірет Зейнептің шашын тарап, үшке бөліп жинап қойды. Жиналған шаштың екеуі Зейнептің басының екі жанының, ал біреуі басының алдыңғы бөлігінің шашы еді. Жуып біткенде Аллаһ Елшісі үстіндегі киімін беріп: «Мұны Зейнепке іш көйлек етіңдер», - деді (Бұхари, Жанайз 8-17; Мүслим, Жанайз 36; ибн Сағд VIII, 34-36).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жаназа намазын оқыды. Кейін қатты мұңайып, қайғырып қабірге түсті. Біраз тұрғаннан кейін күлімсіреген күйде қабірден шығып: «Зейнептің арықтығын ойлап, оған қабірдің тарлығын кеңейтуін және қайғысын жеңілдетуін Аллаһтан тілеп, дұға еттім. Аллаһ Тағала дұғамды қабыл етіп, оған қабір қиыншылығын жеңілдетті», - деді (Ибн Әсир, Усдул-Ғаба VII, 131).

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) жақсы көретін қызы, ислам діні үшін аянбай тер төккен тақуа, салиқалы әйел қабірдің қиыншылығына душар болып жатса, біздің халіміз қандай болмақ? Сондықтан келешегімізді ойлап, әрдайым жасаған іс-әрекеттерімізге ауық-ауық көз жүгіртуіміз ләзім.

***

Ауф ибн Мәлік (р.а.) былай дейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір кісінің жаназа намазын оқыды. Сол кезде былай деп дұға еткендігін естідім. (Әрі) жаттап алдым.

«Аллаһым! Оның (күнәсін) кешір! Рақым ет! Оны азап пен қиыншылықтан сақта! Кемшіліктерін кешір! Жәннаттан алар пайын нәсіп ет! Қабірін кеңейт! Оны сумен, қармен, мұзбен жу! Ақ киімді кірден тазартқан секілді, оны күнәларынан арылт! Оған өз үйінен артық үй, өз жанұясынан артық жанұя, өз әйелінен артық әйел нәсіп ет! Оны жәннатыңа кіргіз! Қабір және тозақ азабынан сақта!»

Осындай керемет дұғаны толығымен естігенде, ішімнен: Әттең! Көз жұмған мен болсамшы!» - деп тіледім» (Мүслим, Жанайз 85).

***

Әнәс (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) бірнеше сахабаларымен бірге тұрғанда, олардың қасынан бір жаназа өтті. Сахабалардың бағзылары марқұм

115. Сидр: Арабстанда өсетін қою көлеңкелі шие ағашы. Сидр ағашының жапырақтарын суға араластырып барып жаназа жуылады. (Асым Ефенди, Қамус II, 385).

болған жанның жақсылықтарын, ізгіліктерін, жақсы кісі болғандығын еске түсірісті. Мұны естіген Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Уажабат» (уәжіп болды), - деді. Кейін тағы да бір жаназа өтті. Сол маңайда тұрғандар, оның жаманшылығын еске алысты. Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтадан: «Уажабат» (уәжіп болды), - деді. Хазірет Омар (р.а.): «Ей, Аллаһтың Елшісі! Уәжіп болған не?» - деп сауал қойды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Алғашқы өткен жаназаның жақсы кісі болғандығын айтып, еске түсіріп тіл қаттыңдар. Оның жәннатқа кіруі уәжіп болды. Кейінгінің жаманшылығын еске түсірістіңдер. Ал оның болса, тозаққа кіруі уәжіп болды. Өйткені сендер Хақ Тағаланың жер жүзіндегі куәгерлерісіңдер», - деп жауап берді (Бұхари, Жанайз 86; Мүслим, Жанайз 60).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) марқұмның туыстарына көңіл айтумен ғана шектелмей материалдық, һәм рухани тұрғыдан қолынан келген жәрдемін аямайтын. Жаппар Таййар (р.а.) шәһит болғанда, ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) өз отбасына: «Жаппардың жанұясына ас әзірлеңдер. Өйткені олардың аспен айналысар (дастарқан жаюға) халі жоқ», - деді (Әбу Дәуіт, Жанайз 25-26; ибн Хишам III, 436).

Кейінірек Жаппардың жетімдерін қанатының астына алып, оларды өз қорғауына және тәрбиесіне алған болатын.

***

Әбу Бәкір (р.а.) қандай да бір қасіретке тап болған адамдарға былай деп көңіл айтатын:

«Сабыр, қасіреттің ауыртпалығын азайтады. Қайғырудың пайдасы жоқ. Өлімнен бұрынғы өмір оңай, қиыны өлімнен кейінгісі. Аллаһ Елшісін (с.а.у.) жоғалтқандарыңды еске түсірсеңдер, қасіреттің ауыртпалығы азайып, Аллаһ сауаптарыңды арттырады» (Әли әл-Муттақи XV, 744/42958).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір хадис-шәріпінде былай деген болатын:

«Кімде-кім сауап алатындығына сеніп, әрі сыйын тек Аллаһтан күтіп бір мұсылманның жаназасына қатысып, мәйіттің намазы оқылып жерленгенін күтсе әрбірі Ұхуд тауының үлкендігіндей екі қырат сауаппен (үйіне) оралады. Ал кімде-кім тек жаназа намазын оқып, мәйітті жерлеуге қатыспаса бір қырат сауаппен (үйіне) оралады» (Бұхари, Иман 35).

Бір күні Абдулла ибн Омар (р.а.), Сағд ибн Әбу Уаққаспен (р.а.) бірге отырған еді. Кенет Хаббаб ибн Әрат келіп: «Абдулла! Әбу Һұрайраның айтып жүрген нәрсесіне құлақ асшы!», деп жоғарыда аталып өткен хадисті риуаят етті.

Мұны естіген Абдулла: «Әбу Һұрайра да көп сөйлейтін болып кетті», -

деді. Артынша аталмыш хадистің мән-жайын білмекші болып, Хаббабты Хазірет Айшаға жіберіп: «Мынаны одан сұрап кел!» - деді.

Хаббаб орнынан тұрып кеткеннен кейін Абдулла жерден бір уыс майда тас алды. Жүзінен ашу байқалып, қолындағы тастарды айналдыра бастады.

Біраздан соң Хаббаб (р.а.) Айша анамыздан (р.а.): «Әбу Һұрайраның айтқан сөзі рас. Мен де Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) солай деп айтқандығын естіген едім!» - деген хабар жеткізді.

Көптеген сауаптан құр қалғандығын түйсінген Абдулла ибн Омар, қолындағы тастарды лақтырып жіберіп: «Көптеген қырат жоғалттыңдар десеңші!» - деп мұңын білдірді (Мүслим, Жанайз 56).

***

Қасым ибн Мұхаммед (р.а.) былай деп әңгімесін айтады:

«Әйелім көз жұмды. Мұхаммед ибн Кағб әл-Құрази көңіл айтып шығуға үйіме келді. Маған төмендегі мына уақиғаны айтып шықты.

Ертеде Исрайыл ұрпағынан шыққан ғалым, тақуа, қайратты кісі өмір сүреді. Қатты сүйетін салиқалы әйелі болады. Бір күні сол әйелі қайтыс болады. Ғалым әйелінің өліміне қатты қайғырады. Үйінен шықпай, адамдармен қарым-қатынасты үзеді. Ешкіммен сөйлеспейтін күйге жетеді. Исрайыл ұрпағынан шыққан бір әйел мұны естіген бетте, оған барады.

Іштегілерге: «Оған қояр бір сауалым бар. Пәтуа сұраймын. Жеке кездесуім керек», - дейді. Адамдар тысқа шығып кетті. Әйел есіктің аузында тұрып қалып, міндетті түрде онымен кездесуі керектігін қайталады. Адамдардың бірі ғалымға барып: «Есіктің аузында бір әйел тұр. Сенен пәтуа сұрағысы келеді. Кетпей тұр», - деп хабар береді. Ғалым әйелдің кіруіне рұқсат береді.

Әйел ғалымға қарап: «Сенен сұрағым келген бір мәселе бар», - деп сөзге бастайды.

Ғалым: «Қандай мәселе?!» - деп сұрайды.

Әйел: «Мен көрші бір әйелден білезік алған едім. Оны біраз уақыт тағып жүрдім. Жақында менің білезікті қайтаруымды өтініпті. Қалай ойлайсың, оған білезікті қайтарып беруім керек пе?» - деді.

Ғалым: «Иә. Уаллаһи қайтарып беруің керек», - деді.

Әйел: «Ол білезік көп уақыт менде қалды ғой (етім үйреніп, жақсы көріп кеттім)», - деді.

Ғалым: «Енді қайтпексің! Сен оны аманат ретінде алғандығың үшін әйелдің сенен кері қайта алуына құқығы бар», - дейді.

Әйел: «Аллаһ саған мейірімділік танытсын ей, ғалым. Аллаһ саған аманат ретінде берген дүниесін кері алғанда неге қайғырасың? Қайғыруға құқығың бар ма? Саған әйеліңді аманат ретінде берген еді. Кейін қайта алды. Аллаһтың оны өз құзырында ұстауына сенен де артық құқығы бар», - деп оны жұбатады.

Ғалым бұл сөздерден ғибрат алып, ақиқатты түсінеді. Өз-өзіне келеді. Осылайша Аллаһ, ғалымға әйелдің сөздерінен хақиқатты аңғаруды нәсіп етті» (Муатта, Жанайз 43).

***

Ибн Аббастың (р.а.) дегеніне сүйенсек, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір хадис-шәріпінде былай дейді:

«Қабірдегі мәйіт, теңізде тұншығып өлуге бет алып, бойын қорқыныш сезімі билеп жәрдем сұраған жан секілді. Әкесінен, анасынан, бауырынан, адал достарынан дұға күтеді. Егер қандай да бір дұға жасалса, ол дұға оған дүниедегі барша нәрседен артық көрінеді. Күмәнсіз Аллаһ, қабірдегі мәйіттерге дүниеде жүргендердің дұғаларының берекеті арқылы үлкендігі таудай сауап береді. Тірілердің өлілерге жасар ең үлкен сыйы, олар үшін кешірім тілеу және олардың атынан садақа беру (болып табылады)».[116]

Ибн Аббас (р.а.) былай деп риуаят етеді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) екі қабірдің қасынан өткенде, олар жайлы былай деген болатын:

«Екеуі де азап тартып жатыр. Бірақ (олардың ойынша) үлкен бір күнәнің себебінен емес. Олардың бірі (адамдар арасында) сөз тасығандықтан, ал екіншісі кіші дәретті дұрыс сындырмағандықтан азап тартып жатыр».

Артынша Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жас құрма бұтағын сұрады. Бұтақты екіге бөліп, бір-бірден екі қабірдің басына тіккеннен кейін: *«(Бұтақ) қурағанша, олардың азабын жеңілдетуі үміт етіледі»*, - деді.

Әйгілі ғұлама Құртуби бұл хадис-шәріпке былай деп түсініктеме береді:

«Хадистегі «қурағанша» сөзі, әлгі бұтақ кеуіп кеткенше тәсбих жасайтындығына айғақ болады. Ғалымдарымыз бұл жайлы былай дейді: «Қабірге тігілген ағаштың, немесе қабірдің басында оқылған Құран Кәрім аяттарының қабірдегі кісілерге пайдасы тиеді. Тігілген бір ағаштың өзі, өлінің азабын жеңілдетері хақ болса, оқылған Құран Кәрім аяттарының қаншалықты пайдасы тиерін кім біліпті?! Өлінің атынан жасалған

116. Дәйләми, әл-Фирдаус би мәсурил хитаб, Бейрут 1986 IV, 103/6323; Али әл-Муттақи XV, 694/42783; XV, 749/42971.

жақсылықтың сауабы міндетті түрде оған жетеді» (Құртуби X, 267).

Халық арасында бақилық болғандарға атап айтсақ «Ясин» сүресін оқу кеңінен тараған.

Бұл жайлы бір хадис-шәріпте былай делінген:

«Ясин, Құранның жүрегі. Кімде-кім оны Аллаһ разылығы үшін, әрі ақыретті ойлап оқыса, міндетті түрде күнәлары кешіріледі. Бақилық болғандарыңызға «Ясин» сүресін оқыңыздар!» (Ахмет V, 26).

Көз жұмған жандар үшін «Ясин» ғана емес, өзге де Құран Кәрім сүрелерін, аяттарын оқуға болады. Бұған қатысты риуаяттарға (деректерге) көз жүгіртіп көрейік:

«Араларыңнан біреу көз жұмса, оны көп күттірмей қабірге жерлеңдер! Жерлегенде араларыңнан біреу шығып, бас жағына отырып, Фатиха сүресін оқысын. Кейін аяқ жағына отырып Бақара сүресінің соңғы аятын оқысын!» (Табарани, Кабир XII, 340; Дайлами I, 284; Хайсами III, 44).

Ағла ибн әл-Ләжләж, сахабалардың бірі болған әкесінің, қайтыс болардан алдын мынадай өсиет қалдырғандығын тілге тиек етеді:

«Мен қабірге қойғанда: بِسْمِ اللهِ وَعَلى سُنَّةِ رَسُولِ اللهِ «Аллаһтың атымен, Аллаһ Елшісінің сүннеті бойынша», деп жерлеңдер! Бас жағыма отырып, Бақара сүресінің алғашқы аяттарын және соңғы бөлігін оқыңдар! Шүбәсіз, Абдұлла ибн Омардың мұны жөн көргендігіне куә болған едім» (Бәйһақи, әс-Сунанул-Кубра IV, 56).

Әйгілі сахаба Амр ибн Ас (р.а.) көз жұмардан алдын, мынадай өсиет қалдырады:

«Мені қабірге жерлегенде, бір түйені сойып, жіліктейтіндей мөлшерде күтіп тұрыңдар! Сендер сол жерде тұрғанда, жаңа өмірге аяқ басып, Раббымның елшілеріне айтар жауабымды әзірлейін!» (Мүслим, Иман 192).

Осы риуаятты кітабында атап өткен имам Нәуәуи, имам Шафиғидің: «Қабірдің басында Құран Кәрімнен аяттар мен сүрелер оқу мустахаб. Ал Құран Кәрімді хатым ету, одан абзалырақ», - деп пәтуа бергендігіне тоқталады.[117]

Міне, осы риуаяттардың баршасы қабірлерді зиярат етуге болатындығын көрсетеді. Сонымен қатар сәлем беруге, истиғфар етуге, олардың атынан игілік жасауға болатындығын меңзейді. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бақилық болған бауырларымызға былай деп дұға жасауымызды насихат етеді.

«Олар: Уа, Раббымыз! Біздің және бізден бұрын (ғұмыр кешіп) **иман келтірген бауырларымыздың** (күнәларын) **кешір! Сондай-ақ**

117. Нәуәуи, Риязус Салихин, Бейрут 293-бет.

жүректерімізде иман келтіргендерге қарсы кек қалдырма! Күдіксіз Сен аса мейірімді, ерекше рақымдысың» (Хашыр сүресі, 10-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) хадистерінде былай дейді:

«Бақилық болғаннан соң, құлдың дәрежесі өседі. Құл (аң-таң болып): «Уа, Раббым! Бұл сауап маған қайдан келді?» - деп сұрайды.

Хақ Тағала: «(Артыңда қалған) салих ұлың саған истиғфар етті, дұға жасады», - деп жауап береді» (Ибн Мәжә, Әдеп 1; Ахмет II, 509).

«Кез-келген кісі көз жұмғанда, үш амалынан өзге амалдарының барлығы тоқтап қалады. (Олар) садақа-жария, пайдалы білім және өзіне дұға жасайтын салих перзент» (Мүслим, Уасая 14).

Сағд ибн Ғұбада (р.а.) түзде жүргенде анасы қайтыс болады. (Аллаһ Елшісіне келіп (с.а.у.)) оның атынан садақа берсе, оған пайдасының тиіп-тимейтіндігін сұрайды.

Аллаһ Елшісінің: «Иә, тиеді», - деген жауабын ести салысымен, иелігіндегі жеміс бағын анасының атынан инфақ етеді (напақа қып таратып жібереді).

Абдуррахман ибн Әбу Амраның дегеніне сүйенсек, анасы бір құл азат етуге бел байлаған болатын. Бұл істі ертеңгі күнге қалдырады. Бірақ анасы сол түні көз жұмады. Абдуррахман Қасым ибн Мұхаммедке келіп: «Мен анамның орнына құл азат етсем, анама пайдасы тие ме?» - деп сұрайды.

Қасым: «Сағд ибн Ғұбада (р.а.) Аллаһ Елшісіне келіп: «Анам бақилық болды. Оның атына бір құл азат етсем, пайдасы тие ме?» - деп сұрайды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә, (тиеді)», - деп жауап берген еді», - дейді (Муатта, Ғитқ 14).

Әбу Бәкірдің (р.а.) ұлы Абдуррахман ұйықтап жатып сол күйі бақилық болады. Айша анамыз (р.а.), осы бауырының атынан көптеген құлды азат етеді (Муатта, Ғитқ, 14).

Ибн Аббас (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір кісі Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Анам қайтыс болған еді. Ұстамаған бір айлық қаза оразасы бар болатын. Оның атынан сол оразаны өтесем бола ма?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Анаңның қарызы болса, өтемес пе едің?» - деп сауал қойды.

Ол: «Иә, өтер едім!» - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһқа деген қарыз, өтелетін барша істен лайық (бұрын тұрады)», - деді (Мүслим, Сиям 155).

Міне осы хадистердің баршасы дүниемен қош айтысқан мүминдердің көзі тірісінде жасаған игіліктерінің қызығын көретіндігіне айғақ бола алады. Оған қоса, артында қалып қойған ұрпағының олардың атынан жасаған игіліктерінің пайдасы тиетіндігіне дәлел.

***

Қысқасы, ислам діні адам баласына қажетті күллі қағидаларды сыйға тартқан. Әрбір қадамына ерекше әдеп тармақтарын сыйлаған. Тіпті бақилық болған мұсылманның ертерек жерленуіне, жақсылап кебінделуіне, жуылып арулануына ерекше көңіл бөлген. Олай болмаған күнде жағымсыз көріністер пайда болуы әбден мүмкін.

Сонымен қатар ислам діні ұсынған бұл қағидалар топтамасы Хақ Тағаланың құлына нендей баға беретіндігін көрсетеді. Ұлы Раббымыз сүйікті құлдарының тыныштық, береке ұялаған қоғамда ғұмыр кешулерін қалайды. Иә, Аллаһтың әмірлеріне құлақ аспаған қоғамның жағдайы мәз болмайды.

Көңіл айтып шығу, исламның аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Кез-келген жанның қиын шақта, жұбатуға мұқтаж болары сөзсіз. Сол себепті біз, яғни мұсылмандар дін бауырымыздың қуанышына да, қасіретіне де ортақ болуымыз қажет.

5. ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУДА ЖАРЫСУ ЖӘНЕ АСЫҒУ

Адамзат баласына санаулы күн ретінде берілген өмір нығметі иләһи бір емтихан. Ақылды жан бұл құнды әрі шектеулі мүмкіндікті ең көркем түрде және пайдалы өткізудің жолын қарастырады. Бұл жайлы Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) былай дейді. «Дүние мүминдердің базары. Күн мен түн негізгі қаржылары. Ізгі амалдар сауда тауарлары. Жәннат тапқан пайдалары. Ал тозақ зарарлары».

Ақыретке толық иман келтірген мұсылман, амал дәптерін жақсылықтармен, ізгі амалдармен толтыру үшін өмірінің әрбір сәтін жемісті өткізуге күш салуы тиіс. Әрі әрқашан салих амал істеуге құлшынуы қажет. Қолына түскен түрлі жақсылық жасау мүмкіндігін Хақ Тағаланың игілігі деп білуі керек. Бағзы адамдардың жақсылық жасауға деген бейғамдығына алданып қалмай, кезіккен барша жақсылықты жүзеге асыруға тырысуы қажет.

Нәпсі қалауының тұтқынына айналған әрбір жан, күллі дүниенің өзінде болуын тілейді. Осылайша Аллаһтың уәде еткен нығметтерінен мақрұм қалады. Хақ Тағала құлдарына мынадай ескерту жасайды:

«Жоқ! Сендер (бес күндік) **дүниені жақсы көресіңдер. Ақыретті болса тәрк етесіңдер»** (Қиямет сүресі, 20-21 аяттар).

«Мына адамдар (бес күндік) **дүниені жақсы көріп, ауыр күнге** (ақыретке) **мән бермейді»** (Инсан сүресі, 27-аят).

«Нәпсісін (иман келтіру арқылы) **тазартқан, Раббысының атын еске алып, намаз оқыған жан мұратына жетті. Бірақ сендер дүниені артық көресіңдер.** (Ал) **ақырет одан қайырлы әрі мәңгі»** (Ағла сүресі, 14-17 аяттар).

Сағди Ширази адамды қатерден қатерге итермелейтін дүниеқоңыздық пен пайдакүнемдікті мына теңеу арқылы керемет түсініктеме береді:

«Құстың асқазан дерті болмаса, ешбір торға түспес еді».

Хазірет Мәулана да мынадай мысал келтіреді:

«Көптеген балық су ішінде кез-келген қатерден аман жүргенінде, өңешінің кесірінен қармаққа түседі».

Сондықтан адам баласы, дүниенің соңына түсем деп, ақыретті ұмытпауы керек. Жақсылықтың қайтарымы көбінесе о дүниеде болғандықтан нәпсі мен шайтан адам баласын алдап, қаперіне алмауына күш салады.

Құран Кәрімде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Әрбір жан иесі өлімнің дәмін татады. Күмәнсіз ақыларың қиямет күні толық төленеді. Кімде-кім тозақтан құтылып, жұмаққа кіргізілсе (көздеген) **мұратына жетті. Негізінде бұл дүние алдамшы нәрсе»** (Әли Имран сүресі, 185-аят).

Хақ Тағала жәннатқа қол жеткізудің жолы жақсылық жасауда жарысумен өтетіндігін былай деп жеткізеді:

«Жақсылықта жарысыңдар» (Бақара сүресі, 148-аят).

«(Сонымен қатар) **олар жақсылықта жарысады»** (Әли Имран сүресі, 185-аят).

«Раббыларыңның кешіріміне әрі тақуалар үшін әзірленген, кеңдігі жер мен көктей жәннатқа жарысыңдар» (Әли Имран сүресі, 133-аят).

Басқа бір аятта жақсылық жасауда жарысатын құлдарын былайша сүйіншілейді:

«Дүние-мүліктерің немесе балаларың сендерді бізге жақындатпайды. Бірақ иман келтіріп, салих амал істегендердің жөні басқа. Міне соларға істеген істерінің қайтарымы бірнеше есе болып беріледі. Сондай-ақ олар жәннат бөлмелерінде аман-есен болады» (Сәбә сүресі, 37-аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Пайдалы іс істеуге асығыңдар. Өйткені жақында болатын қараңғы түндер секілді бірнеше бүлік дүниені*

басып қалады. Ол кезде кісі мұмин болып таңды атырады, кәпір болып кешті батырады. Мұмин болып кешті батырып, кәпір болып таңды атырады. Дінін болмашы дүниеге сатып жібереді» (Мүслим, Иман 186; Тирмизи, Фитан 30, Зүһд 3; ибн Мәжә, Иқама 78).

Басқа хадис-шәріптерде мынадай ескертулер айтылған:

«Жеті нәрсе келместен алдын игі істер жасауға асығыңдар:

1. (Құлшылық пен мойынсұнуды) ұмыттыратын кедейлікті,

2. Шектен шығаратын байлықты,

3. (Кез келген) нәрсені бұзып, бейшара күйге түсірген сырқатты,

4. Ауызға келгенді айтқызатын кәрілікті,

5. Күтпеген жерден келетін өлімді,

6. Келуі күтілген нәрселердің ең жаманы Дажжалды

7. Қияметтен басқа нәрсені күтіп жүргендеріңді ойлап жүрсіңдер ме? Қиямет, оның қиыншылығы сондай қорқынышты әрі жанға қатты батады» (Тирмизи, Зүһд 3/2306).

Ұлы Раббымыз Хашыр сүресінде былай дейді:

«Уа, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар. Әрбір жан ертеңі үшін не дайындағынына назар салсын. Аллаһтан қорқыңдар. Шүбәсіз Аллаһ не істегендеріңді толық біледі. Аллаһты ұмытқан әрі Аллаһ оларға өздерін ұмыттырған кісілер тәрізді болмаңдар! Міне солар нағыз пасықтар» (Хашыр сүресі, 18-19 аяттар).

Шынында адам баласы, шын пейілімен Аллаһтан қорқып әрі бұл дүниенің ертеңі ақырет өмірі үшін не дайындағанына көз салуы тиіс. Бүгінгі пәни дүниедегі дайындығы мен ертеңгі мәңгі өмірдегі дайындығын саналы ақылымен салыстыруы тиіс. Әрі Аллаһ әрбір іс-әрекетін біліп тұратындығын ұмытпауы қажет. Мұның барлығын ой елегінен өткізіп, сілкініп үлкен белсенділікпен жақсылық жасаудың жарысына түсуі керек.

Қайырлы істерде әрдайым алда болудың маңыздылығын көрсететін мына риуаяттарға назар салып көрсек:

Бірде Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабалырының арт жақта сап түзеп жатқандығын көріп: *«Алға қарай келіп, маған еріңдер. Сендерден кейінгілер де сендердің соңдарынан ерсін. Қандай да бір қоғам әрдайым кері тұрар болса, Аллаһ та соңына қалдырып қояды»*, - деді (Мүслим, Салат 130; Әбу Дәуіт, Салат 97/680).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) намаз оқытар кезде және сұқбат жасар уақытта сахабаларын алға қарай шақыратын. Өзіне жақындауларын

сұранатын. Осылайша олардың көңілін аулап, өзінің рухани бұлағынан сусындауына толықтай ерік беретін. Үйреткісі келген білім, ахлақ және ізгіліктерді түгелдей меңгерулеріне мүмкіндік беруді сүйетін. Сахабалардың тәлім-тәрбиесін өзі жүргізе отырып әрі келешек нәсілді қалай тәрбиелеу керектігі жайында оларға жол сілтеп отыратын.

Егер адамзат баласы білім, ахлақ және ізгілік жолында алға баспай, кеpіге шегінер болса, ат үсті қарап баса назар аудармаса онда Аллаһтың мейірімділігі мен игілігінен құр қалары хақ. Мұндай бақытсыздыққа тап болған адам баласы қай жағынан болмасын кеpіде қалатындығына күмән жоқ.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«Зікір кезінде Хұтпа айтылып тұрғанда дайын болыңдар. Имамға жақын отырыңдар. Өйткені кісі, алыстай алыстай, жәннатқа кірсе де кеpіде қалады» (Әбу Дәуіт, Салат 232/1108).

Әрбір жан жақсылық, игілік жасаудан ұзақ қалса, жәннатқа кірген күннің өзінде аз сауапқа ие болғандықтан, төменгі дәрежелерден орын алады. Ал ақиқатына жүгінсек қиямет күні аз ғана сауаптың өзіне мұқтаж боларымыз даусыз.

Әнәстің (р.а.) нақыл еткен мына бір хадис-шәріпте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген:

«Қиямет күні адамдар сап түзейді. (Басқа бір риуаятта жәннаттықтар сап түзейді) Дәл сол шақта тозақтық бір кісі жәнннаттықтың біріне тап болып: «Ей, пәленше! Сен менен су сұрағаныңда, мен саған бір жұтым су берген едім ғой. Есіңе түсті ме?» - дейді. (Осылайша одан шапағат етуін сұранады) Мұмин оған шапағат етеді.

(Тозақтық жан жәннаттықтың қасына келіп): «Есіңде ме? Мен саған бір дәреттік су бергенім, - дейді. (Осылайша одан шапағат етуін сұранады) (Ол оның жақсылығын есіне түсіріп) оған шапағат етеді.

Тозақтықтардың бірі, жәннаттықтардың біріне келіп: «Ей, пәленше! Мені мынадай бір іске жіберген күн есіңде ме? Мен сол күні сен үшін барған едім»,дейді. Жәннаттық оған шапағат етеді» (Ибн Мәжә, Әдеп 8).

Өзге салих амалдар мен жоғарыда аталған ізгі істер салыстырылар болса, үлкен-кіші демей жақсылық атаулыда жарысқа түсуіміз керектігі тайға таңба басқандай айқын емес пе! Өйткені ақыретте әрбір жан жасаған жақсылығы немесе жамандығының жемісін көрмек. Мына хадис-шәріпте жан түршіктіретін қиямет былай деп суреттеледі:

«Аллаһ Тағала сендердің әрбіріңмен аудармашысыз жеке сөйлеседі. Кісі оң жағына қарайды ақыретке жібергендерінен өзге еш нәрсе көрмейді. Сол

жағына қарайды ақыретке жібергендерінен өзге еш нәрсе көрмейді. Олай болса, ең аз дегенде құрманың жартысымен болса да, өздеріңді тозақтан қорғаңдар. Мұны да таппаған, жақсы сөз сөйлеп (өзгенің көңілін аулап), өзін сонымен қорғасын» (Бұхари, Зекет 10, Риқақ 31, Таухид 36; Мүслим, Зекет 97).

Әбу Зар (р.а.) былай дейді:

Пайғамбарымыз (с.а.у.) маған қарап: *«Дін бауырыңды күлімсіреп қарсы алудың өзін кішкене іс деп есептеме»*, - деді (Мүслим, Бирр 144; Әбу Дәуіт, Либас 24; Тирмизи, Атғима 30).

Емтихан әлемі болған бұл дүниеде, жасаған жақсылықтың, игіліктің жемісін көретін о дүние үшін дайындалып, қолдан келген барша жақсылықты жасауымыз керек әрі күллі игілікке кілт болып, барша жамандыққа құлып болуымыз қажет.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«Адамдардың ішінде жақсылыққа кілт, ал жамандыққа құлып болатындары бар. Сонымен қатар керісінше жамандыққа кілт, жақсылыққа құлып болатындары да бар. Аллаһ Тағаланың қолдарына жақсылық кілттерін берген жандар нендей бақытты! Ал Хақ Тағаланың қолдарына жамандық кілттерін берген жандар нендей бақытсыз!» (Ибн Мәжә, Мұқаддима 19).

Мына нәрсені де ұмытпалық, ұлы Раббымыз болмашы жақсылыққа мол сауап береді. Хақ Тағаланың құлдарына деген бұл игілігі Құран Кәрімде былай деп айтылады.

«Өздерің үшін алдын-ала қандай да бір жақсылық жасасаңдар, оны Аллаһтың құзырында жақсы әрі зор сый ретінде көресіңдер» (Мұзаммил сүресі, 20-аят).

«Кімде-кім жақсылық жасаса, оған оның қайтарымы он есе беріледі» (Әнғам сүресі, 160-аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл аяттарға түсініктеме ретінде, былай деген: *«Аллаһ Тағала жақсылықтар мен жамандықтарды жазды. Кейін олардың жақсы және жаман болуын былай деп түсіндірді:*

«Кімде-кім жақсылық жасауға ниеттеніп, оны жүзеге асыра алмаса Хақ Тағала оны толықтай жасалған жақсылық ретінде тіркейді.

Ал егер кімде-кім жақсылық жасауға ниеттеніп, оны жүзеге асырса Хақ Тағала оның қайтарымын он еседен жеті жүз есеге дейін, тіпті одан да көп етіп жазады.

Кімде-кім жамандық жасауға ниеттеніп, оны жүзеге асырудан бас тартса Аллаһ Тағала оны толықтай жасалған жақсылық ретінде тіркейді.

Ал егер кімде-кім жамандық жасауға ниеттеніп, оны жүзеге асырса Хақ Тағала ол жамандықты тек бір күнә ретінде жазады» (Бұхари, Риқақ 31; Мүслим, Иман 207, 259; Тирмизи, Тәпсір 6/3073).

Жақсылық жасауда жарысу әрі оны жүзеге асыруға асығу кәміл мүмин болудың белгісі. Хазірет Мәулана нендей керемет айтқан десеңізші! «Құлшылықтардың қабыл болуының белгілері, ол құлшылықтардан өзге құлшылықтарға кірісу, бір-бірінің соңынан жақсылықтарға құлшыну болып табылады».

Мүминнің ешқашан жақсылық жасауға тоймайтындығын жадымызда тұтуымыз ләзім. Сонымен қатар бір жақсылықтың құндылығы, кешіктірілмей уақытында жасалуында екенін де ұмытпауымыз қажет.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Ұқба ибн Харис былай деп әңгімілейді:

«Пайғамбарымызға (с.а.у.) ұйып екінті намазын оқыған едім. Аллаһ Елшісі сәлем беріп намазды тәмамдағаннан кейін, дереу орнынан тұрып кетті. Саптарды жарып өтіп, әйелдерінің бөлмелеріне қарай бет алды. Жамағат Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл әрекетін түсінбей, абыржып қалды. Аз уақыттан кейін Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтып келді. Жасаған әрекетіне таңданып қалған сахабаларына қарап: «Бөлмемізде азғантай алтын мен күміс бар екендігі есіме түсіп кетті. Маған жақсылық жасауға кедергі болмасын деп дереу таратуды әмір еттім», - деді (Бұхари, Азан 158, әл-Амал фис-салати 18; Нәсай, Сәһу 104).

Бұхаридің өзге риуаятында болса:

«Бөлмеде садақа (ретінде таратылатын) алтын немесе күміс тастап кеткен едім. Оның түнде үйде қалуын жөн көрмедім» делінген.

Әрбір жақсылық жасауды нығмет деп біліп, дереу жүзеге асыру керек. Кейінге қалдырылған жақсылық пен игілікті іске асыру үшін көптеген кедергілер шығуы әбден мүмкін. Өйткені игілікті кейінге қалдырғандар жайлы: «Ертең жасаймын дегендер, күйреп жоқ болды» деген ұлағатты сөз қалған».

Әбу Масғұд әл-Ансари былай деп сөз өрбітеді:

Аллаһтың Елшісіне (с.а.у.) бір кісі келіп: «Астымда мініп жүрген көлігім өліп қалды. Маған мінетұғын көлік тауып берші», - деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Менің саған берер көлігім жоқ. Бірақ пәленшеге баршы. Сол саған жәрдем етіп қалар», - деді. Сахаба әлгі аталмыш кісіге барды. Ол оған көлік тауып берді. Сахаба қайтып Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп, мән-жайға қанық етті. Он сегіз мың ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Бір жақсылыққа жол нұсқаған, оны жасаған

секілді сауап алады» - деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 114-115/5129).

***

Аллаһтың Елшісіне (с.а.у.) бір кісі келіп: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Қайсы садақаның сауабы көбірек?» деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Күшің, қуатың тасып тұрғаныңда, денсаулығың мықты, пақырлықтан қорқып, сараңдыққа бет алған әрі бай болуды армандаған шағыңда берген садақаның сауабы көбірек. Жаның мұрныңның ұшына келгенде: Пәленшеге мұнша, анаған сонша деп айтуға келтірме. Өйткені ол мирасқорлардың анаусына, мынаусына мирас болып қалған», - деп жауап берді (Бұхари, Зекет 11; Мүслим, Зекет 92).

***

Хақ Тағаланың шексіз рақымдылығының бірі, құлдарына жақсылық жасау жолдарын жеңілдетуі болып табылады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұны хадис-шәріптерде былай деп тілге тиек етеді:

«Адамдардың әрбір буыны үшін күніге садақа берулері қажет. Екі кісінің арасында әділеттілікпен үкім етуің садақа. Көлігіне мінейін деп жатқанға жәрдемдесуің немесе жүгін көлігіне жүктеп беруің садақа. Жақсы сөз (сөйлеу) садақа. Намаз оқу үшін мешітке барғанда жасаған әрбір қадамың садақа. Өтіп жатқандардың мазасын алатын нәрселерді жолдан алып тастуың садақа» (Бұхари, Сулх 11, Жиһад 72, 128; Мүслим, Зекет 56).

«Мұсылман кісі бір тал егіп, одан адам, хайуан немесе құс жесе, әлгі желінген жеміс, қиямет күніне дейін ол мұсылман үшін садақа болады» (Мүслим, Мұсақат, 10).

***

Жақсылық жасау мен сауап алуға асығу керектігін көрсететін мына мысал нендей ғибратқа толы.

Жабир (р.а.) былай деп әңгімелейді.

Ұхуд соғысында бірі кісі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп: «Егер қаза тапсам, қайда боламын», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Жәннатта», - деп жауап берді. Мұны естіген әлгі кісі қолында жеп отырған құрмаларын лақтырып жіберіп, шайқасқа кіріп кетті. Шәһид болғанға дейін соғысты (Бұхари, Мағази 17; Мүслим, Имара 143; Нәсай, Жиһад 31).

***

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) Хайбар соғысында: «Мына туды, Аллаһты және оның Елшісін сүйетін, әрі Аллаһ та оның Елшісі де оны сүйетін, Хақ Тағаланың (мына қамалды) бағындыруды нәсіп ететін бір жігітке

беремін», - деді. Омар (р.а.): «Әмір болуды дәл сол күнгідей бұрын армандамаған едім. Мені шақырып қалар деген үмітпен Аллаһтың Елшісіне өзімді көрсетумен болдым», - дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әли ибн Әбу Талибті шақырып, туды оған берді. Әрі: «Алға бас, Аллаһ бағындыруды жеңілдеткенше, оң-солға қарама», - деді. Хазірет Әли (р.а.) дереу әрекетке көшіп, кейін тоқтады. Бетін бұрмаған күйде: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Олармен не (жасаулары) үшін соғысайын?» - деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Олар, Аллаһтан өзге тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммедтің Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік еткенге дейін шайқас. Мұны жасаса, діннің тыйым салғандарын бұзбайынша, қандары мен мүліктерін сенен қорғап қалады. Ал (ішкі дүниелерінің) есебі Аллаһтікі», - деді (Мүслим, Фадаилус-сахаба 33; Бұхари, Асхабун-наби 9).

Хазірет Омар (р.а.) тәрізді барша сахаба, сол күні туды алу үшін жарысқа түскен еді. Алайда ту тек бір кісіге ғана нәсіп болды. Өзгелері де оған көңілі қалмай, яғни ренжімей оның соңынан еріп, шайқасқа түскен еді.

***

Әсма бинти Язид (р.а.) Пайғамбарымызға (с.а.у.) биғат еткен ең алғашқы мәдиналық әйел болатын. Тілге жүйрік, әрі шешен болатын. Әйелдерге қатысты қандай да бір мәселе болса, Пайғамбарымыздан (с.а.у.) еш ұялмай сұрайтұғын. Аллаһ Елшісі оның бұл әрекетін бағалап, ұялу сезімінің дінін үйренуге кедергі болмағандығын айтып, мәдиналық әйелдерді мақтайтын. Бір күні әйел сахабалар бірігіп, Әсманы Пайғамбарымызға (с.а.у.) жібереді. Әсма (р.а.) Пайғамбарымызға келіп былай деді: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Әке-шешем саған құрбан болсын. Мен саған әйелдердің елшісі ретінде келіп тұрмын. Аллаһ Тағала күллі әйел мен еркекке пайғамбар етіп жіберді. Біз саған және сенің Раббыңа иман келтірдік. Әйел болғандығымыздан үйлерімізде отырып, сендерге тыныштық пен рақаттың қайнар бұлағына айналдық. Балаларыңды да тәрбиелеп отырған жайымыз бар. Сендер еркектер жұма намазын оқу, мешітке әрдайым бару, аурудың көңілін сұрап шығу, жаназаға қатысу, бір мәртеден артық қажылық жасау секілді істерде бізден артықсыңдар. Мұның барлығының ең маңыздысы Аллаһ жолында жиһад ету (күресу).

Алайда сендер қажылық және ұмра үшін немесе дұшпанмен соғысу үшін үйден шыққандарыңда, мүліктеріңді біз қорғаймыз, жіп иіріп сендерге киім тігеміз, балаларыңды бағамыз. Осыған орай біз, сендердің алған сауаптарың мен игіліктеріңе ортақ боламыз ба, жоқ па?

Хазірет Әсманың бұл сөздері Пайғамбарымызға (с.а.у.) қатты ұнады. Сахабаларына қарап: «Сендер дін жайында сұрап тұрған мына әйелден артық сөз сөйлеген жан көрдіңдер ме?» - деп сұрады. Кейін:

«Ей, әйел! Жақсылап түсініп ал. Әрі сені жіберіп отырған әйелдерге де жақсылап түсіндір. Кез келген әйелдің күйеуімен жақсы мәміледе болып, разылылығына қол жеткізуі сауап тұрғысынан манағы сен санап шыққан ізгі істермен тең», - деді.[118]

***

Жақсылық жасауда жарысқа түскен әйел сахабалардың бірі Умму Риғла әл-Құшайри еді. Бір күні Пайғамбарымызға (с.а.у.) келді. «Ассаламуғалейкум уа рахматуллаһи уа баракатуһу» деп сәлемін бергеннен кейін асқан сыпайылықпен сөз бастады. Әйелдердің перде артында, бөлмеде қалып қоятындықтарын, күйеулеріне қызмет ету, бала бағу, бесік тербету тәрізді үй істерімен шұғылданатындықтарын тілге тиек етті. Кейін: «Біз жорыққа шығып, орасан зор сауаптар алуға мүмкіндігіміз жоқ. Сіз бізге Аллаһқа жақындататын нәрсе үйретіңіз», - деп сұранды. Аллаһ Елшісі оған: Күні-түні Аллаһты зікір етіңдер. Көздеріңді бөгде еркекке қараудан сақтаңдар. Әрі оларға дауыстарыңды естіртуден сақ болыңдар», - деді.

***

Хадис ғаламы ибн Аун былай дейді:

«Үш нәрсе бар. Мен олардың өз бойымда әрі дін бауырларымның бойында болуын қалаймын. Олар:

1. Сүннетті үйреніп, оны мүлтіксіз жүзеге асыру

2. Құранды түсініп, терең ойланып зерттеу

3. Адамдардың әрдайым жақсылық, игілікте болуын қалау. Жақсы мәміле жасау немесе адамдарды тек жақсылыққа шақыру.

***

Бір дәруіш Хазірет Хасан Басридан бір нәрсе сұраған еді. Ол дереу орнынан тұрып, үстіндегі көйлегін шешіп оған берді. Маңайындағылар: «Ей, Хасан, үйіңе барып, сол жерден бір нәрселер бермедің бе?» - деп сұрады. Хасан Басри былай деп жауап берді.

«Бір күні мешітке пақыр кісі келген еді. «Қарным аш», - деді. Біз оны ұмытып, дереу ас әкелмедік. Оны мешітте қалдырып, үйімізге тарап кетістік. Таң намазға келгенімізде қарасақ әлгі бишара өліп қалыпты. Кебінге орап, көмдік.

Ертесі күні таңертең керемет ретінде, әлгі пақырды ораған кебініміздің, үстінде «Кебіндеріңді алыңдар. Аллаһ қабыл етпеді» деген жазулы күйде,

---

118. Ибн Асакир, Тариху Димашқ, Бейрут 1995, VII, 363-364, XXIX, 65-67; Бәйхақи, Шуғаб VI, 421; ибн Әсир, Усдул Ғаба VII, 19.

михрапта ілініп тұрғанын көрдік. Сол күні кез келген пақырды көрсем, оны күттірмей, дереу мұқтаждығын өтеймін деп ант берген едім».[119]

Хақ Тағала бағзы құпия сырларын сүйген құлдарына әр түрлі пішінде көрсетуі әбден мүмкін. Бұл уақиғалардың хикметі, құлдарының ішкі жан дүниелеріне қатты әсер етіп, бағыттарын түзеу болып табылады. Бірақ мұндай уақиғалар жалпы көпшілік үшін өлшем немесе үкім қамтымайды. Олар аса тақуа жандарға тән, иләһи ескерту.

***

Қысқасы жақсылық, игілік жасауда жарысу, күндері санаулы дүниені ең пайдалы түрде өткізу болып табылары сөзсіз. Негізінде салих амалдар істеген әрі жақсылық жасаған кісі, тек өз пайдасы үшін еңбектенеді.[120]

Хақ тағала былай дейді:

«Кімде-кім тозаңның түйіріндей жақсылық жасаса, қайтарымын көреді (яғни сауабын алады)**»** (Зілзала сүресі, 7-аят).

«Сендер қандай да бір жақсылық жасасаңдар, күмәнсіз Аллаһ оны біледі» (Бақара сүресі, 273-аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«Өмірді тек «бир» (яғни барша жақсылық, игілік) ұзатады. Тағдырды да тек дұға өзгертеді. Кісі істеген күнәсі үшін ырыздығынан мақұрым қалады» (Ибн Мәжә, Мұқаддима 10).

Амал дәптерін игіліктерге толтырып, жәннатта биік дәрежелерге қол жеткізгісі келген мүмин асығуы әрі уақытын тиімді пайдалануы қажет. Қолынан келген барша жақсылықты жасауға тырысуы керек. Алайда жақсылық, игілікте жарысқанда асығып, салих амалдарды кем әрі кемшілік атаулыдан аулақ ұстауы тиіс. Бұл жайлы әйгілі ғұлама Әли әл-Қари былай дейді:

«Аллаһтың әмірлері болып табылатын құлшылықтарды жасауға асығу мен оларды жүзеге асырғанда асығудың арасында үлкен парық бар. Бұлардың біріншісі мақталып, ал екіншісі жамандалған.

Яғни құлшылық және жақсылық жасауды дәл уақытында жүзеге асыру үшін асығу керек. Бірақ бұларды іске асырғанда тез бітіруге тырысу дұрыс емес. Өйткені Аллаһ істелген істің дұрыс әрі берік болуын сүйеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, кез келген мүмин соңғы аялдамасы жәннат болғанға дейін жақсылық, игілік жасауға

119. Дарир Мустафа Ефенди, Юз хадис юз хикаие, дайындаған Селахаттин Йылдырым Неждет Йылмаз, Станбул 2001, 151-бет.

120. Жасия сүресі, 15-аят.

тоймайды. Өйткені Хижр сүресінде: **«Саған өлім келгенге дейін Раббыңа құлшылық қыл»**, - делінген.

6. БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК СЕЗІМІ

Қоғамда жүйесіздік, бүлік, қайшылық, анархия орнамауы үшін белгілі бір жүйе болуы қажет. Әрі осы жүйеге еңбектеген баладан, қолына таяқ ұстаған қарияларға дейін бағынуы тиіс. Бұл іс, тек бір лидердің саясында жүзеге асады. Сол себепті Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сапар шеккен үш кісіге, тіпті азғана кісіден құралған қоғамда араларынан біреуді басшы етіп таңдауларын өсиет етеді.

Ол бір хадис-шәріпінде: *«Дүниенің қиыр ұшында болса да, үш кісінің араларынан біреуді әмір етіп тағайындамастан ғұмыр кешулері дұрыс болмайды»*, - дейді (Ахмед II, 177).

Міне осындай маңыздылығы бар басшылық, өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сонымен қатар басшылық, Хақ Тағаланың аманаты болып табылады. Басшылықты тек қабілетті және осы қызметке лайық жандар ғана атқара алады. Ал егер бұл істің мүддесінен шыға алмайтын біреу басшылық етсе, қиямет күні пұшайман болады. Қорлық пен азаптың зардабын тартады.

Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз (с.а.у.) басшылық қызмет жайлы былай дейді:

«Аллаһ Тағала адамдарға билеуші еткен кісі, оларға (адамдарға) шын ықыласымен қарайласпаса, пейіштің иісіне де қол жеткізе алмайды» (Бұхари, Ахкам 8).

«Хақ Тағала, басшы еткен кісі, қол астындағыларды алдаумен көз жұмса, Аллаһ Тағала оған жәннатты көрсетпейді» (Бұхари, Ахкам 8; Мүслим, Иман 227-228, Имара 21).

«Мұсылмандардың істерін атқаруды (өз мойнына) алып, олар үшін еңбектенбеген ешбір басшы, олармен бірге жәннатқа кіре алмайды» (Мүслим, Иман 229, Имара 22).

Рухани тәрбиеден мақұрым кісі, атақ, даңққа құмар болады. Мұсылманшылық, кісіні лайық болмаса басшылықтан қашуға өсиет етеді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Сендер адамдардың бойынан металдар (секілді алуан түрлі құрылысы бар екендігін) байқайсыңдар. Олардың жаһилия (қарабайыр қараңғы) дәуірінде құнды болғандары, діни үкімдерді дұрыс түсінсе, ислам дәуірінде де қайырлы, құнды болады. Сендер ең жақсы адамдардың, басшылықтан қашатын адамдар екендігін көресіңдер. Сонымен қатар сендер, ең жаман адамдардың екі жүзді адамдар екендігін көресіңдер. Олар бәз біреудің жүзіне бір шыраймен, ал өзге біреудің жүзіне*

басқа шыраймен қарап жүреді», - дейді (Бұхари, Мәнақиб 1; Мүслим, Фадайлус-сахаба 199).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Убада ибн Самитті (р.а.) салық пен зекетті жинау қызметіне тағайындады. Артынша оған қарап: *«Аллаһтан қорық! Өте сақ бол! Аллаһтан қорық! Қиямет күні Аллаһтың құзырына бақырған түйені, яки мөңіреген сиырды, немесе маңырағын қойды немесе ешкіні (арқаңа) салып келме!»* - деді.

Убада (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Жағдай шынымен-ақ солай бола ма?» - деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Иә! Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін! Жағдай осылай болады. Бұдан Аллаһтың мейіріміне бөленген кісі ғана құтылады», - деп жауап берді.

Мұны естіген Убада ибн Самит (р.а.) Пайғамбарымызға (с.а.у.): «Сені жіберген Аллаһқа ант етейін! Өмірімде екі кісіге басшы болмаймын», - деді (Әли әл-Муттақи VI, 569/16965).

Хазірет Омар (р.а.): «Басшы болмастан алдын, діни білімдерді үйреніңіз!»,-деген екен. Бұл сөзге Суфиян ибн Ғұйайна: «Өйткені, кімде-кім діни білімдерді жете түсінсе, басшылыққа деген құмарлығы өледі», - деген түсініктеме береді.[121]

Яғни, басшылықты талап етпеу қажет. Талап етілген (сұранысқа ие) жан болу керек. Алайда өзінен өзге лайық кісі болмаса, басшылықты қолына алуы тиіс. Әрдайым Аллаһтан қорқуы ләзім. Өйткені мол сауапқа қол жеткізу мүмкіндігімен қатар, Аллаһ Тағаланың құзырында ауыр есеп беруі ықтимал.

Қол астында алуан түрлі адамдары бар басшы, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) тәрізді бай-кедей деп бөліп жармастан, әрбір жанның мәселесімен шұғылдануы ләзім. Дертіне дауа болуға күш салу керек. Мейірімділік, рақымдылық іспетті жағымды қасиеттер арқылы қол астындағыларға деген ықыласы ерекше болуы қажет.

Басшылық, кешірімшіл болуды қажет етеді. Әрбір мәселеге түсіністікпен қарауға тура келеді. Егер басшы басшылығын әділ жүргізе алмаса, қол астындағы жандарға қарайласпаса Хақ Тағаланың құзырында ауыр есеп береді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Уа, Аллаһым! Үмбетімнің басшылығын өз мойнына алып, қиындық тудырғанға Сен де қиындық тудыр! Үмбетімнің басшылығын өз мойнына алып, жұмсақтық танытқанға, Сен де жұмсақтық таныт!»* - деп дұға еткен болатын (Мүслим, Имара 19; Ахмед VI, 93, 258).

121. Ибн Жәузи, Сифатус Сафуа, Бейрут 1979, II, 236.

Басшы, әрдайым құлшылығын мүлтіксіз жасауы тиіс. Елге есігін айқара ашып, өзімен кездесуді жеңілдеткені жөн. Ал мұқтаждар мен зұлымдыққа ұшырағандарға есігін жапса, өзі мұқтаж күйге түсетін қиямет күнінде оған мейірім есіктері жабылады. Міне осындай басшы Аллаһ Тағаланың күллі махлұқатты мейіріміне бөлеген мейірімінен мақұрым қалады.

Бұл ақиқат жайлы төмендегі хадис-шәріптерде былай делінген:

«Мемлекет басшысы мұқтаждарға, пақырларға есігін жапса, Аллаһ Тағала жеті қат көктің есігін, оның мұқтаждығы мен қалауына жауып тастайды» (Тирмизи, Ахкам 6/1332).

«Аллаһ Тағала біреуді мұсылмандардың билеушісі етіп тағайындап, ол халқының істерінің жүруіне, мұқтаждықтарының өтелуіне кедерге болса, Аллаһ Тағала оның істерінің жүруіне, мұқтаждықтарының өтелуіне кедергі болады» (Әбу Дәуіт, Хараж, 12-13/2948).

Бұл дүние, тек пәни ләззат атаулыны татып, нәпсінің айдауына еру үшін жаратылмаған. Керісінше ақырет азығын жинау, игі істер істеу, сауабы үзілмейтін садақа-жария қалдыру үшін берілген мерзім болып табылады. Ұлы әулиелер: «О дүниенің бақыты үшін, қаншама машақатқа түссең, соңында машақат бітіп, бақытқа қол жеткізесің. Ал пәни ләззат үшін күнә істесең, соңында ләззаты кетіп, қайғысы мен жазасы қалады», - дейді.

Бұл өсиеттің қадірін тек басшылар ғана емес, әрбір мұсылман баласы түйсінуі қажет. Басшы басшылығын өз пайдасына жаратпауы тиіс. Халықтың мұқтаждығын өтеумен айналысып, сауап алу үшін күш салуы керек.

Кез келген басшы мақтанудан аулақ болуы ләзім. Ұлы тұлғалар: «Мақтану, кісіні ақыреттен ұзақтатады», - дейді.

Адам баласы, дүниеге келместен бұрын кім еді? Өлгеннен кейін халі не болмақ? Мұны жете ойланып, әрдайым өлімді жадынан шығармауы керек. Бақилық болған нәсілдің халінен өнеге алуы қажет. Осы дүниенің мәңгілік мекен емес екендігін жадынан шығармауы қажет. Әрі бұл дүниенің емтихан мекені екендігін біліп жүруі тиіс.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«(Бұл) дүние тәтті. Әрі көрінісі әдемі. Күмәнсіз, Аллаһ дүниенің билігін сендерге беріп, қандай әрекет жасайтындықтарыңа, қандай істер істейтіндіктеріңе назар салады. Олай болса, дүниеден сақтаныңдар»*, - дейді. (Мүслим, Зікір 99).

Басшы, уақытын тиімді пайдалануы керек. Пайдалы істермен шұғылдануы ләзім. Оған ең қажетті қасиеттер: орынды сөз сөйлеу, тақуалық, қанағат және әділет болып табылады. Қолынан келгенше,

ішкі жан сарайын рухани тұрғыдан жақсы қасиеттерге баулуы тиіс. Қол астындағы халқына әрдайым жақсылық жасауды үндеуі қажет. Өйткені, халық билеушіге қарай бағыт алады. Хазірет Омар (р.а.): «Басшылар тура болса, адамдар да тура болады», - деді.[122]

Басшы қызметтегілер, тән мен жан рақатына бөлену үшін мөлшерден тыс ұйықтауға бой алдырмауы қажет. Түндерін құлшылық және ойға шомумен өткізуі керек. Өйткені түнде көп ұйықтаудан еріншектік туады. Ал еріншектіктің залалы қиямет-қайымда байқалады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жайлы былай дейді:

«Дәуіттің (а.с.) әйелі, ұлы Сүлейменге (а.с.) қарап: «Балам! Түнде көп ұйықтама! Өтйкені көп ұйқы, кісіні қиямет күні пақыр етеді», - деп өсиет айтқан еді» (Ибн Мәжә, Иқаматус-салаһ 174).

Басшы, өзінің жауапкершіліне кіретін нашар тұратын пақыр кісілердің хал-жағдайынан хабардар болуы тиіс. Олар жайлы сұрастырып тұруды өз міндетіне айналдыруы қажет. Өйткені халықтың көңілін табу, Аллаһ Тағаланың разылығына қол жеткізуге себепкер болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сапар шеккенде сахабаларының соңынан жүріп отыратын. Керіде қалып кеткендерге қол ұшын беретін. Оларды өзінің көлігіне мінгестіретін. Оларға дұға ететін (Әбу Дәуіт, Жиһад, 94/2639).

Ал Хазірет Омар (р.а.) Мәдинаның көшелерін аралап жүретін. Қала сыртына да шығып, ел жағдайын бақылайтын. Тіпті қалаларға сапар шегіп, халықтың жағдайын сұрастыратын. Мұқтаждықтары шығып жатса, өтеуге күш салатын.

Жүсіп Хас Хажиб, XI ғасырда Қарахан мемлекетінің билеушісіне ұсынған «Құтадғу Білік» атты туындысында ел бастап жүргендерге мынадай өсиеттер айтады:

«Мемлекетте біреу бір түн аш түнесе, оның есебін Аллаһ Тағала сенен сұрайды. Көзіңді аш!»

«Уа, билеуші! Сен қазіргі таңда дәрігерге ұқсайсың. Ал халқың саған мұқтаж сырқат. Халқыңның ішінен бәз біреулер қиыншылыққа тап болған бақытсыз жандар. Ал кейбіреулер пақырлықтың зардабын тартып жүр. Бағзылары аш. Бағзылары жалаңаш. Ал біреулер тіпті қайғының жетегінде жүр. Осылардың дауасы сенің қолыңда! Сен олардың дәрігері бол! Дәрі бер! Емде! Егер сен бұларды емдемесең, халықтың обалы сенің мойныңда қалады!».

«Мемлекетті ұстап тұрар нәрсе мұқияттылық пен сақтық. Дүние қалайтын болсаң, оған осы екеуі арқылы жетесің».

122. Ибн Жәузи, Мәнақибу әмирил муминин Умар бин әл-Хаттаб, Али Мухаммед Омар, Кайр 1997, 223-бет.

«Бойын ашкөздік жайлаған жандарға қызмет берме! Олардың мемлекеттің жүйесін бұзатындығынан шүбәң болмасын».

«Өз пайдаңды ойлама! Халықтың пайдасын ойла! Сенің пайдаң, сол халықтың пайдасының ішінде болады. Мұны ұмытпағайсың!».

«Патша, халық үшін үлкен бақыт көзі. Халық бақытты болуы тиіс. Бақытты болуы үшін халықтың қарны тою қажет».

«Халықтың тыныштығы мен рақатын қамтамасыз ететін жүйе құр! Халықтың ақ батасын аласың».

«Байлардың жүгін, орташа жағдайдағы жандарға жүктеме! Бұлай әрекет етпесең, халі орташа жандардың түбіне жетесің. Сонымен қатар халі орташа жандардың жүгін пақырларға жүктеме! Пақырларды қырып жібересің. Пақырлардың халі жақсарып, жағдайы орташа жандарға жетіп жатса, халі орташа жандар бай болады. Жағдайы орташа жандар байып жатса, мемлекет бай болады».

«Уәзірлік пен қолбасшылық қызметтері аса маңызды. Өйткені бұлардың бірі қылыш, ал екіншісі қалам ұстайды. Мемлекетті жеңіп алған қылышпен алды. Мемлекетті сақтап қалған да қалам арқылы сақтап қалды. Кез келген мемлекетті жаулап алу оңай. Алайда қалам болмаса, қолда ұстау қиын».

«Қолбасшы мақтаншақ (тәкаппар) біреу болса, міндетті түрде дұшпаннан таяқ жейді. Мақтаншақ адам енжарлық көрсетеді. Ал енжар адам бұзылып кетеді. Яки күтпеген жерден өліп кетеді».

«Уа, мемлекеттің билеушісі! Сен сарай салдыруға әуестенбе! Қара топырақтың астында жатар жерің дайын. Көкпен таласқан сарайларың осы дүниеде қалып қояды. Ал сен қараңғы көрге кіресің!».

«Уа, билеуші! Өзіңді алдап, қазіргі рақатыңа сенбе! Өйткені мұндай хал, сені ғапылдыққа итермелейді. Қымбат маталарға оранған денең, ертеңгі күні қара топыраққа оранады. Ойнақтаған сәйгүлігіңнен түсіп, бейшара күйге еніп ер-тоқымсыз ағашқа мінесің!».

Қысқасы, басшы кісі барша жақсы қасиетті бойына жинауға күш салуы қажет. Сараңдықтан қашып, қолы ашық болуы тиіс. Өйткені сараң бұл дүниеде пақыр болып өмір сүргенімен, ақыретте байлардың қатарынан табылып, есепке тартылады. Басшы қатігездік, безбүйректік секілді жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға тырысуы ләзім. Халықтың көңілін таба білетін, жағымды қасиеттерді бойына жинаған абзал жан болуы керек.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Хұзайфа (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Хазірет Омарға бардым. Үйінде кереуеттің үстінде өз-өзімен сөйлесіп, мұңайып отырғанын көрдім. Жанына барып: «Уа, муминдердің әміршісі! Сенің жаныңа батқан не нәрсе?» - дедім. «Мынау», - деп қолына ишарат етті. Биліктің басында жүріп жаңылыс бір әрекет жасаудан қорқатындығын білдірмекші болды.

«Осы ма жаныңа батып жүрген нәрсе. Уаллаһи, қате әрекет жасасаң сені түзейміз», - дедім.

«Өзінен өзге тәңір болмаған Аллаһ үшін, мен жаңылыс әрекет жасасам шынымен-ақ мені түзейсіңдер ме?» - деп сұрады.

Мен: «Өзінен өзге тәңір болмаған Аллаһ үшін, сенің жаңылыс әрекет жасағаныңды көрсек, міндетті түрде түзейміз», - деп жауап бердім.

Бұл сөзіме қатты қуанып: «Мен жаңылыс әрекет жасағанымда, сендердің араларыңнан, Мұхаммедтің (с.а.у.) сахабаларының арасынан мені түзейтін адамдар жаратқан Аллаһқа мадақ болсын», - деді (Ибн Әби Шайба, Мусаннаф VIII, 154).

Мүминдердің әміршісі Хазірет Омар (р.а.) «Менің ең жақсы көретін адамым, маған айып пен кемшіліктерімді айтатын жан», - дейтұғын» (Суюти, Тарихул-Хулафа 130-бет).

***

Хазірет Омар (р.а.) адамдарға бір нәрсені әмір еткенде яки тыйым салғанда әуелі өз жанұясынан бастайтын. Жанұя мүшелерін бір жерге жинап: «Мынадай мынадай нәрселерге тыйым салдым. Адамдар сендерді жыртқыш құстың етті аңдығаны секілді аңдып жүр. Сендер мына тыйым салған нәрселерді бұзсаңдар, олар да бұзады. Ал егер қорқып аулақ болсаңдар, оларда аулақ болады. Аллаһтың атымен ант етейін кез-келген біреуің бұл тыйым салған нәрселерді бұзса, маған туыс болғандығы үшін оны ел-жұрттан артық жазалаймын. Ал енді бұзғысы келген бұзсын. Қаламаған аулақ тұрсын», - дейтұғын (Ибн әл-Жаузи, Мәнақиб 206-бет).

***

Хазірет Омар (р.а.) қол астындағы жандардың халін күндіз-түні бақылап, тап болған қиыншылықтарын шешумен айналысатын. Бір күні түнде мұсылмандардың ахуалын білмекші болып үйінен шыққан еді. Мәдинаның сыртында матасы қылдан, құрылған шатырды көрді. Бұл шатыр бір күн бұрын жоқ болатын. Демек жаңадан құрылған. Шатырға жақындап келгенде ішінен қиналып, ыңырсып жатқан әйелдің дауысын естіді. Тағы да жақындай түскенде, қолымен тізесін құшақтап жерде отырған бір кісіні байқады. Сәлем беріп: «Сен кімсің?» - деп сұрады.

Кісі: «Шөлден келген біреумін. Мүминдердің әміршісімен көрісу үшін келдім. Біраз көмек және сыйлық сұраймын», - деп жауап берді. Екеуінің арасында мынадай диалог жүріп өтті:

– Шатырдың ішінен шығып жатқан дауыс не?

– Аллаһ саған мейірімділік танытсын! Кете бер ісіңе!

– Жоқ. Ол мен үшін өте маңызды. Не дауыс мынау?

– Босанайын деп жатқан әйелдің дауысы.

– Қасында көмек берер біреу бар ма?

– Жоқ.

Мұны естіген Хазірет Омар дереу тездетіп үйіне келді. Хазірет Әлидің (р.а.) қызы әйелі Умму Гүлсімге қарап:

– Аллаһ Тағала үлкен сауапты аяғыңның астына әкеліп тұр. Алғың келе ме? - деп сұрады. Умму Гүлсім (р.а.):

– Қандай сауап? - деп сұрады. Омар:

– Бишара бір қатын жалғыз өзі босанып жатыр, - деді. Әйелі:

– Жарайды. Жәрдем етейін, - деді. Хазірет Омар:

– Олай болса әйел үшін керекті мата, май тәрізді заттарды жаныңа ал. Маған тамақ істейтін май мен ұн бер, - деді.

Әзірленген заттарды иығына салып алған Омар әйеліне:

– Ал қанекей кеттік, - деді. Шатырдың қасына келгенде:

– Әйелдің жанына бар, - деді. Өзі шатырдың сыртында отырған адамның қасына барды. От жағып, қазанды үстіне қойды. Отты үрлей бастады. Түтін сақалының арасынан шығып жатты. Хазірет Омардың әзірлеген асы піскен сәтте, бала да дүниеге келді. Шырылдап жылаған баланың дауысы маңайды шарлап кетті. Умму Гүлсім (р.а.):

– Уа, мүминдердің әміршісі! Жолдасыңа барып, ұлды болғанын сүйіншіле,-деді.

Әлгі бәдәуи «мүминдердің әміршісі» деген сөзді естіген сәтте жүрегі шайлығып, Хазірет Омардың айбатынан қорқып тайсақтай бастады.

Хазірет Омар (р.а.):

– Тұрған орныңнан тырп етпе, - деп қазанды түсіріп, шатырдың есігінің алдына қойды. Әйелі Умму Гүлсімге:

– Әйелді тамақтандыр, - деді. Умму Гүлсім (р.а.) әйелді тойдырып, қазанды тысқа шығарып, қайтадан есіктің алдына қойды. Хазірет Омар орнынан тұрып, қазанды көтеріп әкеліп кісінің алдына қойды.

– Отыр. Тамақтанып ал! Өйткені сен түнімен аш және ұйқысыз болдың, - деді. Кейін әйеліне: «Қанекей шық, кетейік», - деп дауыстады. Ол жерден кетпестен алдын манағы кісіге қарап:

– Ертең кел. Мұқтаждықтарыңды өтейік, - деді.

Ертеңіне бәдәуи Омарға (р.а.) келді. Хазірет Омар (р.а.) оған сыйлықтар тарту етіп, сый-құрмет көрсетті (Ибн әл-Жаузи, Мәнақиб 95-96 бет).

Хазірет Омардың (р.а.) бұл игі ісінен өнеге алып, басшылық жауапкершілігінің қай жерлерге дейін баратындығын жақсылап ойлануымыз қажет.

***

Бір күні Ахнаф ибн Қайыс (р.а.) Ирак делагациясымен бірге Хазірет Омарға (р.а.) келген еді. Күн өте ыстық болатын. Хазірет Омар (р.а.) алжапқыш киіп алып, зекет түйелерінің бірін майлап, емін жасап жатыр екен. Оларды көріп: «Ахнаф, үстіңдегі киіміңді шешіп маған жәрдем ет. Өйткені бұл зекет түйесі. Бұл түйеде жетімдердің, жесірлердің және пақырлардың ақысы бар. Келгендердің бірі: «Аллаһ саған мейірімділік танытсын мүминдердің әміршісі! Құлдарыңның біріне әмір етсең, солардың бірі істей салса болмай ма?» - деп сұрады.

Хазірет Омар (р.а.): «Ей, пәленше! Кім Омардан немесе Ахнафтан жақсы құл бола алады? Омардың мұсылмандардың істерін атқаруды мойнына алғаны рас. Олай болса ол мұсылмандардың құлы. Құлдың қожайынына шын пейілді болуы, аманатқа қиянат етпеуі керек болса, оның да мұсылмандарға осылай әрекет етуі ләзім», - деп жауап берді (Әли әл-Муттақи V, 761/14307).

Хазірет Омардың, қашқан зекет түйесінің соңынан жүгіріп, оны ұстау үшін еңбектенгені де деректерде кездеседі.

***

Құрайыш руының бір кісісі Хазірет Омармен (р.а.) кездескен сәтінде:

– Бізге жұмсақтық таныт! Сенің айбатыңнан жүрегіміз шайлығады, - дейді. Хазірет Омар (р.а.):

– Менің осындай әрекетімде, қандай да бір зұлымдық байқала ма? - деп сұрайды. Құрайыштық:

– Жоқ! - деп жауап береді. Хазірет Омар (р.а.):

– (Олай болса) Аллаһ Тағала сендердің жүректеріңе байсалдылығым мен айбатымды арттырсын, - дейді (Ибнул-Жаузи, Мәнақиб 153-бет).

Халифа Омар (р.а.) басшыларға мынадай өсиет айтады:

«Адамдарға билік тек:

- Босаңсуға жол бермейтін жұмсақтық,

- Зұлымдыққа, зорбалыққа негіз болмайтын қаталдық арқылы ғана жүреді».

***

Сағит ибн Язид Хазірет Омардың (р.а.) билік басындағы үлкен жауапкершілігін былай деп жеткізеді:

Аштық жылында Хазірет Омардың (р.а.) үстінде бір киім көрдім. Он жеті жерден жамау салынған еді. «Аллаһым! Мұхаммед үмбетін менің себебімнен жоқ етпе», - деп дұға ететін (Ибн Сағд III, 320).

Хазірет Омар (р.а.) соңғы қажылығын өтегеннен кейін Абтахта майда тастарды жинап, төбешік етті. Киімінің бір жағын төбешікке жайып жастанды. Қолдарын аспанға көтеріп: «Аллаһым! Жасым ұлғайды. Қуатым азайды. Соңыма ерген халық дүниенің төрт бұрышына жайылды. Саған қарсы әрекет жасамастан, ғапылдыққа түспестен, мені өзіңе ал», - деп дұға еткен болатын (Муатта, Худуд 10; Хаким III, 98/4513).

***

Бір сауда керуені Мәдинаға жақын жерде орналасқан «мусаллаға» (намаз оқылатын жер) келіп түсті. Хазірет Омар (р.а.) сауда керуеніндегі шет жерден келген адамдарға қандай да бір зиян тиеме деп ойлап тынышы (мазасы) кетті. Абдуррахман ибн Ауфқа барып: «Қолың бос болса, мына керуенді түнімен күзетіп шығайық»,-деді. Абдуррахман бұл ұсынысқа келісе кетті. Сонымен екеуі керуенді түні бойы күзетіп шықты. Екеуі қалағанынша нәпіл намаз оқып шықты.

Түннің бір уағында Хазірет Омар (р.а.) жылаған баланың дауысын есітті. Дауыс шыққан жаққа барып, баланың шешесіне: «Аллаһтан қорық! Балаңа жақсылап қара!» - деді. Біраз уақыт өткеннен кейін бала қайтадан жылады. Тағыда анасына барып, қайтып сол сөздерді қайталады. Түннің соңғы бөлігінде бала қайтадан жылады. Хазірет Омар баланың анасына келіп: «Ей, сен өзі қандай анасың? Балаңа не болды? Түнімен тыныш таппады ғой», - деп кейіді.

Хазірет Омарды танымаған әйел: «Ей, Аллаһтың құлы! Түні бойы мені мезі еттің. Мен баламды емшектен шығарып жүрмін. Ал ол емшектен шыққысы келмей жүр», - деді.

Омар (р.а.): «Неге емшектен шығарайын деп жүрсің?» - деп сұрады.

Әйел: «Өйткені Халифа Омар тек сүттен шыққан балаларға ғана жәрдемақы береді екен», - деп жауап берді. Бұл жауапты естіген Омар (р.а.) төбесінен мұздай су құйылғандай болды. Баланың қанша айлық

екендігін сұрап алды да сосын: «Аллаһ саған тек игілік берсін. Оны емшектен шығаруға асықпа», - деді.

Таң намазының уақыты кірген болатын. Хазірет Омар (р.а.) михрабқа өтіп намаз оқытты. Намаз оқып тұрғанда жылады. Артындағы жамағат оның не оқығандығын түсінбеді. Сәлем бергеннен кейін: «Омар құрысын! Кім біледі қаншама мұсылман баласына зұлымдық жасағанын», - деді. Кейін бір кісіні шақыртып алып: «Балаларыңды емшектен шығаруға асықпаңдар. Өйткені мұсылман болып дүниеге келген әрбір сәби үшін жәрдемақы беріледі», - деп жар салдырды. Артынша бұл бұйрығын қағазға жазып, барша ислам аймақтарына жіберді (Ибн Сағд III, 301; ибн әл-Жаузи, Мәнақиб 77-бет).

Хазірет Омар (р.а.) орталыққа алыс аймақтардағы халықтың мұқтаждықтарын өтеумен де айналысатын. «Фыраттың жағасында бір қозы жоғалса, соның себебінен Аллаһ мені есепке тартады», - деуші еді.[123] Шалғай жатқан аймақтарда қоныс теуіп жатқан адамдардың шағымдары, мұқтаждықтары маған жетпей қалды-ау деп алаң болатын. Сондықтан олардың халін білмекші болып Мәдинаның тысына жиі-жиі шығатын. Кейінірек біраз аймақтарды аралап, өзге қалаларды қарап шығуға ниеттенгенде өмірі жетпей, шәһит болып Аллаһқа қауышты.

***

Омар ибн Абдулазиз (р.а.) халифа болып сайланған күні бойындағы тақуалық сезімі оны ысырапшылдықтың алдын алуды өз жанұясынан бастауға итермеледі. Әйеліне қарап: «Егер менімен тұрғың келсе, әуелі қолыңдағы күллі әсемдік бұйымдарыңды «бәйтулмалға» (қазынаға) өткізесің. Оларды өткізбейінше бірге жүріп-тұруымыз, арамызда түсіністіктің орнығуы қиындау болады», - деді. Мұны естіген әйелі Фатима барша бағалы әсемдік бұйымдарын бәйтулмалға өткізді.

Күйеуі қайтыс болғаннан кейін билік бауырының қолына өтті. Бауыры бәйтулмалға өткізген Фатиманың әсемдік бұйымдарын қайтарып бермекші болды. Алайда салиқалы әйел Фатима бұл ұсынысты қабыл етпей: «Күйеуімнің көзі тірісінде оған бағынған едім. Енді өлгеннен соң оған қарсы шығайын ба?» - деп таңқаларлық керемет жауап бергентұғын.[124]

***

Омар ибн Абдулазиз қара қылды қақ жарар әділдігімен әйгілі болды. Мемлекетте тыныштық орнатты. Адамзат тарихы куә болған көптеген игі істерге мұрындық болды. Ол билікті Аллаһтың аманаты ретінде

123. Ибн Әби Шайба, Мусаннаф, Хайдарабад 1976, VIII, 153.

124. Мехмет Зиһни Ефенди, Мешһур кадынлар, Бедреттин Четинер, Станбул 1982, II, 118.

қарайтын. Осындай ұлы сезімге бөленген халифаның халін, әйелі Фатима былай деп жеткізеді.

«Бір күні Абдулазиздің бөлмесіне кірдім. Күнделікті намаз оқитын жерінде, қолын маңдайына қойып жылап отыр екен. Көзінің жасы бетін малмандай су етіпті. Мен оған: «Мына халіңіз не?» - деп сұрадым.

Маған қарап былай деп жауап берді:

«Ей, Фатима! Бұл үмбеттің жүгі менің мойнымда. Үмбеттің аш-жалаңаш жандары, пақырлары, сырқаттары, жесірлері, мазлұмдары, басқа елге тұтқын болғандары, жасы ұлғайған қарттары, көп балалы мұқтаждары, менің жанымды жегідей жеп, тыныштық бермейді. Алыс яки жақын аймақтардағы мұсылман бауырларымды ойласам, жүрегім езіліп кетеді. Махшар күні Раббым, менен олар жайлы сұраса, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) олар үшін мені айыптаса қайтпекпін? Қалай жауап бермекпін?» (Ибн Кәсир, әл-Бидая IX, 208).

Фатима сөзін былай деп жалғастырады:

«Оның жасайтын құлшылығы сендердікіндей ғана болатын. Алайда кешке төсекке жатқанда қияметтегі есеп пен Аллаһтың азабын ойлағанда жүрегі дүрсілдеп соғатын. Суға түсіп кеткен немесе алақан ішінде қалып қойған құс тәрізді жанталасатын. Мен, оның бұл халіне шыдай алмай, үстіне көрпе жабатынмын. Ішімнен: «Шіркін, осы басшылық бізге берілмесе қандай жақсы болар еді. Шіркін, осы қызмет пен біздің арамыздағы қашықтық, күн мен жердің арасындағы қашықтықтай болғанда ғой», - деуші едім.

***

Хазірет шейх Адабалының Осман Ғазиға айтқан төмендегі мына өсиеті барша басшы қызметтегі жандарға үлгі болса керек:

«Уа, ұлым! Көсемсің! Бұдан былай ашу біздікі, момындық сенікі! Ренжу біздікі, көңіл қалдырмау сенікі! Кінә арту біздікі, сабыр ету сенікі! Дәрменсіздік, қателесу біздікі, хош көру сенікі! Талас-тартыс, келіспеушілік біздікі, әділет сенікі! Жаман көз, жаман ауыз, бұрыс жорамал біздікі, кешіру сенікі!

Уа, ұлым! Бұдан былай бөліну біздікі, біріктіру сенікі! Еріншектік біздікі, ескерту, жігерлендіру, түзету сенікі!

Уа, ұлым! Жүгің ауыр, ісің қиын! Күш-қайратың қылға байлаулы. Аллаһ Тағала саған жар болсын! Көсемдігіңді берекелі етсін! Хақ Тағала жолына пайдалы етсін! Шам-шырағыңды жарқыратсын! Жүгіңді таситын күш-қайрат, аяғыңды шалмайтын ақыл менен жүрек нәсіп етсін! Сен және достарың қылыш арқылы, ал біз секілді дәруіштер ой, дұға арқылы уәде етілген игіліктің алдын ашайық!

Ұлым! Күш-қайратың тасып тұр! Ақылдысың һәм шешенсің! Бірақ бұларды қалай қолдануын білмесең, таңертең соққан самал желдей жоқ болып кетесің. Ашуың мен нәпсің бір жақ болып, ақылыңды жеңіп кетеді. Сол себепті әрдайым сабырдан айрылма! Тұрақтылық жан серігің болсын! Қалауың, тілеуің темірдей болсын!

Сабырлылық өте маңызды! Патша сабырдың қадірін жақсы білуі тиіс. Уақыты жетпей жатып, гүл гүлдемейді. Піспеген алмұрт жеуге келмейді. Сен жеген күннің өзінде бауырыңда қалып қояды. Білімсіз қылыш та, дәл осы піспеген алмұрт іспетті.

Халқың, өз мәдениетінің деңгейінде өмір сүрсін. Дамысын, өркендесін. Оған теріс айналып кетпе! Әрдайым мұны жадыңда түт! Қоғамды дамытатын да, басқаратын да сол мәдениет деңгейі.

Ұлым! Көптеген жан таңертең дүниеге келіп, кешкі ақшам намазы уақытында дүниеден өтіп жатады. Мына дүние соншалықты үлкен емес. Барша игіліктің сыры, құпиясы сенің әділеттілігің мен ізгілігіңнің саясында көрінеді.

Әке-шешеңе құрмет көрсет! Берекенің жасы үлкендермен бірге екендігін ұмытпағайсың!

Бұл дүниеде сеніміңді жоғалтсаң, көкпеңбек болып жайнап тұрған шағың, қураған шөлге айналады.

Екі ұшты сөз сөйлеме! Барша сөзді өзіңе жүктеме! «Көзі көргенге айтпа, білгенге білдің ғой» деп жақ ашпа! Сені жақсы көретін жерге жиі-жиі барма, абыройыңа дақ түседі.

Мына үш кісіге жаның ашысын: Сауатсыз надандардың арасында бағаланбаған ғалымға, бай болып шалқып жүргенде, бір күнде пақыр болғанға, абыройы тасып тұрғанда, абыройдан айрылып қалғанға.

Мемлекет, билеушінің балаларының яки бауырларының ортақ дүниесі емес. Мемлекет тек билеушінің еркінде болуы қажет. Көз жұмып, о дүниелік болып жатса, орнына кім отырса, билік соның қолына өтеді. Кезінде осы қателікке ұрынған ата-бабамыз мемлекеттерін ұлдары немесе бауырларының арасында бөліп берді. Сондықтан дәурендері ұзаққа созылмады. (Міне осы насихат, Осман империясын 622 жыл ұстап тұрды).

Адам баласы бір отырса, орнынан қайта тұруы қиын. Кісі қимылдамаса, бойында қан жүрмейді. Қан жүрмегеннен кейін, бос сөзге әуес болады. Бос сөз өсекке айналады. Өсекке бой алдырған соң, ісінің оңға жүруі екіталай дүние. Дос дұшпанға, ал дұшпан жыртқыш аңға айналады.

Кез келген жанның күш-қайраты азаятын күн туады. Бірақ білім әрдайым өз күшін сақтайды. Білімнің сәулесі тіпті қараңғы көздің ішіне

болмашы мөлшерде түссе, шуаққа бөлейді.

Хайуан өлсе, ер-тоқымы қалады. Ал адам өлсе, артына қалдырған туындысы қалады. Бақилық болған кісінің емес, артына дәнеме қалдырмаған адам үшін жылау керек. Артында бітпеген ісі қалған жанның ісін жалғастыруы ләзім.

Соғысты сүймеймін. Қан төгуден жиренемін. Бірақ қылыштың жарқ етіп бір сермелетіндігін ішім сезеді. Қылыш сермелген күннің өзінде адамзаттың игілігі үшін сермелсін деп тілеймін. Өйткені біреудің өзге біреуге қылыш сермеуі үлкен қылмыс болып табылады. Патша, мемлекеттен жаны бөлек кісі емес. Бір патшаның кесір-кесапатынан, соғыс ашылмауы тиіс.

Тоқтауға, дем алуға құқығымыз жоқ. Өйткені уақыт жоқ, белгілі мерзім бар.

Жалғыздық қорқаққа жарасар қылық. Жердің жөн-жосығын білетін диқан, өзгелермен ақылдаспайды. Оған өз өресі жетеді. Тек топырақтың ылғалдығын білсе болғаны.

Махаббат, сүйіспеншілік кез келген істің негізгі қағидасы болуы қажет. Ал сүйіспеншілік тыныштықта байқалады. Бақырып-шақырып біреуді сүйе алмайсың. Тіпті көзге көрініп те сүйе алмайсың!

Өткенін білмеген, болашағын білмейді. Осман! Өткеніңді жақсы білсең, болашаққа сенімді қадам жасайсың! Қай жерден келгеніңді ұмытпасаң, қай жерге баратыңды есіңнен шығармайсың.

***

Осман Ғази ажалы таяғанда қолымен ишарат етіп, Орхан Ғазиді қасына отырғызды. Маңайында отырғандарға, оны өз орнына тағайындайтынын білдірді. Ұлдарына, қолбасшыларына оған биғат етуін (бағынуын) әмір етті. Артынша Орхан Ғазиге Осман империясының негізі болып табылатын төмендегі мына өсиеттерді айтты:

Ұлым! Ең негізгі тілеуім Аллаһ әмірінен өзге іс істеме! Білмегеніңді білетін жаннан сұрап алғын! Жете түсінбеген істі істеуден аулақ бол! Жауынгерлеріңе мол игілік жаса! Адамның игіліктің құлы болатындығын есіңнен шығарма!

Ұлым! **Дін істерін алға қой!** Өйткені бір парыздың орындалуын қамтамасыз ету, дін мен мемлекеттің күшеюіне септігін тигізеді. Сондықтан ғұламаларға үлкен құрмет көрсет! Сонда ғана дін істері жандана түседі.

Пәленше деген жерде бір ғалым бар екен дегенді естісең, жылы шырай таныт! **Бірақ дінін нашар ұстанатындарды, айуандық өмірге бейім жандарды, тәжірибесіз кісілерді мемлекет ісіне араластырма! Өйткені,**

Хақ Тағаладан қорықпаған кісі, күллі жаратылысқа мейірімділік көрсетпейді.

Зұлымдық пен бидғаттан аулақ бол! Өйткені олар түбіңе жетеді.

Біздің мақсатымыздың Аллаһ жолында күресу, оның дінін жаю екендігін жадыңнан шығарма!

Біздің мұратымыз, бос талас яки жиһангерлік емес, Аллаһтың дінін ұлықтау болып табылады. Аллаһ жолында жан-тәніңмен, дүние-мүлкіңмен қызмет етіп рухымды қуанышқа бөле!

Ұлым! Менің әулетімнен кімде-кім тура жолдан тайып, әділетсіздік жасаса махшар күні Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шапағатынан мақұрым қалсын!

Ұлым! Аллаһ разылығы үшін мемлекет қызметтеріне өмірін арнаған адал адамдарыңа әрдайым опалы бол! Оларды қорға! Қайтыс болып кеткен күннің өзінде жанұяларына қамқоршы бол!

Мемлекетке рухани тұрғыдан күш беретін игі ғалымдарға құрмет көрсет! Игілік жаса! Басқа өлкеде бір ғұламаның яки бір әулиенің бар екендігін естісең, оны сыпайылықпен еліңе шақыр! Дін және мемлекет істері солардың берекеттері арқылы дұрыс бағытын табады.

Ешқашан әскеріңнің көптігіне және байлығыңның молдығына алданба! Менің мына кейпімнен үлгі ал! Осы күнде дәрменсіз құмырсқа секілдімін. Еш лайық болмасам да, Хақ Тағаланың көптеген игілігіне қол жеткіздім.

Сен де менің жолымды ұстан! Аллаһтың және оның құлдарының ақысын толығымен өтеп жүргін! Бәйтулмалдан алатын ақыңа қанағат ет! Мемлекеттің зәру істеріне ғана қаражат жұмса! Ысырапшылдыққа жол берме! Сенің ізіңді басар (жалғастырар) нәсіл, сенен үлгі алсын! Зұлымдықтан аулақ бол! Әділеттен тайма! Барша ісіңде тек Аллаһ Тағалаға тәуекел ет! Тек одан медет сұра! Тек соған сыйын!

***

Шелеби Мехмет Сұлтан, Осман империясының екінші құрушысы болып есептеледі. Өйткені ол мемлекетті ішкі қақтығыстардан, бауырлардың бір-біріне қарсы күресуінен сақтап қалған болатын. Ауыр қиыншылықтармен күресіп, көптеген мәселелерді шешкен сұлтан егде жасқа жетпей жатып, сырқаттанып төсекке таңылды. Соңғы деміне дейін қол астындағыларды, мемлекетті ойлап, уәзірлеріне мына төмендегі сөздерді өсиет етті.

«Дереу үлкен ұлым Мұратқа хабаршы жіберіңдер. Тез жетсін. Өйткені мен мына төсектен тұрмайтын тәріздімін. Егер Мұрат келместен өлсем, өлгенімді ешкімге тіс жарып айтпаңдар. Әйтпесе бүкіл мемлекет

тұрғындары бір-бірімен араздасып, жаңадан сел болып бауыр қаны төгіледі».

Бойына осындай ұлы жауапкершілікті ұстанған сұлтан, көз жұмғанында жас болатын. Өсиетіне қарай әрекет жасалып, жаназасы ұлы келгенге дейін кешіктірілді. Ол осылайша өлі денесімен болса да мемлекетіне және халқына қызмет етті.

***

Екінші Баязит хан да, үлкен жауапкершіліктің мәнін сезіне білген, әулие падишаһтұғын. Бір мәжілісте мойнындағы үлкен жауапкершіліктің бір көрінісі ретінде уәзірлеріне былай деп ескерту жасаған еді:

«Пашалар! Қол астымдағылардың барша халі қиямет күні менен сұралатыны хақ. Сарайымның маңайында исламға теріс келетін қайшы әрекеттер жасағандарыңды естіп жатырмын. Бұл әрекеттерің арқылы, маған ақыретте жататын жер қалдырмайтын түрлерің бар. Мұны біле місіңдер? Махшар күнінде мен қалай жауап бермекпін? Сақ болыңдар! Аллаһтың разылығына сай келмейтін әрекет жасаушы болмаңдар».

***

Қануни Сұлтан Сүлеймен қайтыс болғанда, денесі қабірге түсірілгенде бір сандық әкелініп **«өсиетінде осылай делінген!»** деп бірге қоюға әрекет жасады. Шейхул-ислам Әбус-суғуд мырза дереу іске араласты. Жаназамен бірге құнды нәрсенің көмілуінің дұрыс емес екендігін білдірді. Шейхул-ислам Әбус-суғудқа мұның өлместен бір күн бұрын сұлтанның өсиет еткені айтылды. Таң қалып, сандықты ашты. Ішінен өзінің падишаһқа берген пәтуаларын көрді. Сасып қалып: **«Сен өзіңді құтқарып қалдың ұлы Сұлтаным! Біз ертең ақыретте не қылмақпыз?»** - деп мұңға батты. Кейін көз жасына ерік берді.

Өйткені Қануни, барша ғұмырындағы іске асыруға ниет еткен әрбір ісінің пәтуасын сұрайтұғын. Пәтуасын алғаннан кейін ғана істі жүзеге асырып отыратын.

***

Патша халқының қадірін білуі тиіс. Олардың құқығын, ақысын толықтай өтеуі қажет. Бір күні Қануни Сүлеймен сұлтан маңайындағыларға қарап: «Ғаламда игілігі үзілмейтін кім бар?» - деп сұрады.

Мәжілісте отырғандардың барлығы бір ауыздан: «Әрине, жиһанның падишаһы, мемлекетіміздің сұлтаны!» - десті.

Олардың жауабы падишаһтың көңілінен шықпай былай деді: «Ақиқатына жүгінсек, игілігі үзілмейтін халық болып табылады. Олар

мал шаруашылығы, диқаншылықпен айналысып, өздеріне демалуды, тынығуды мақұрым етеді. Тапқан табысымен бізді тойғызады».

***

Басқарушы халықты бағалап, ақыларын беруі керек. Қануни Сұлтан Сүлейман бір күні мәжілісте былай сұрақ қойды:

– Әлемнің жарылқаушысы кім? Ол жердегілердің бәрі бір ауыздан:

– Әрине осы өлкенің қожайыны Хазірет Сұлтанымыз, - десті.

Олардан алған жауабы патшаның көңілінен шықпады, ол жауапты қабыл етпей былай деді: «Негізінде жарылқаушы халық қой. Егін егіп бау-бақшамен айналысып жүруге тырысып жүргенде өздеріне тыныштық пен демалысты харам етеді. Тапқан нығметтерімен біздерді тамақпен қамтамасыз етеді».[125]

***

Сұлтан І Абдулхамит хан «Өзі» бекінісінен айрылғанда: **«Жауынгерлерім мен күнәсіз халқымның талқаны шықты-ау»**, - деп қатты қайғырды. Олардың қасіретін ойлап, мұңға батты. Бұл қайғыға шыдай алмағандықтан, көп ұзамай көз жұмды.

Мінекей жер-жиһан сұлтанына жүрегіне «уһ» дегізген жауапкершілік сезімі.

***

Бір кісі бір ат сатып алған еді. Аттың жасы екіде, семіз, шырақ жануар болатын. Соған қарамастан үш күн ішінде өліп қалды. Кісі атты сатқан жанның маған бір дұшпандығы болып, улап өлтірді-ау деген күмәнға түсті. Үш күн қатарынан сот мекемесіне барып, қазыны таба алмады. Уақыт өткізбестен аттың неден өлгендігін білу үшін, мал дәрігеріне атты сүйреп апарды. Мал дәрігерінің айтқандары күмәнын растай түсті. Біраз уақыт өткеннен кейін сот мекемесіне қайта соқты. Қазыны өз орнында тауып, мәселені баяндады. Қазы: «Неге әуелі маған келмей, мал дәрігеріне бардың? Дереу маған келгеніңде істің ізін суытпай, шешіп жіберер едік», - деді. Шағымданушы кісі: «Мырзам! Бірнеше күн болды, тіпті қатарынан үш күн келдім. Бірақ сіз орныңызда болмадыңыз (жоқ едіңіз)», - деді. Мұны естіген қазы: «Иә, айтып тұрғаның рас. Сен келген күндері мен жоқ едім. Өз жұртымда болатынмын. Шешем көз жұмған еді», - деді. Артынша сәл ойға шомып, хатшысына бұрылып: «Мәселе түсінікті болды. Жаз хатшы! Өз қызметінде уақытында болмағандығы үшін, айыпты қазы өтейді деп жаз», - деді.

Ұзын сөздің қысқасы, басшы болу екі жүзді пышақты ұстағанмен тең.

125. Дефтердар Сары Мехмед Паша, Нәсайхул Уәзара уәл Умәра, Станбул 1987, 95-бет.

Өйткені ол, өз қол астында жұмыс істейтін әрбір қызметкерге жауапты болу дегенге саяды. Сол себепті басшы болу соншалықты қызығарлық қызмет емес. Алайда басқаруға лайық бір кісі табылып, өзгесі сай келмесе жауапкершіліктен қашпай қызметіне кірісуі керек. Міне осылай болса ғана, Аллаһ оның жәрдемшісі болады.

Басшы қызметтегілер істерінің жемісті болуын қаласа, әрдайым өлімді және ақыретті ойлап жүрулері ләзім.

Сонымен қатар Фудайыл ибн Ғиядтың Харун Рашидқа айтқан мына өсиетін жадынан шығармауы тиіс:

«Қиямет күнінде Аллаһ пен Оның құлдарының арасында тек сен боласың. Ол күні әрбір кісі өз есебімен әурешілікке түседі. Ал сен барша үмбеттің есебін бересің» (Әбу Нұғайым, Хиля VI, 380; Бәйхақи, Шұғаб VI, 35).

Хазірет Омар (р.а.) қара қылды қақ жарар әділдігімен басшылық еткенімен, бақилық боларда бұл ісінен сауап күтпейтіндігін тілге тиек еткен болатын. Ол әрдайым осы қызмет барысында жасаған игі істерінің қателіктерімен тең түсуін тілейтін. Әділдігін айтып, мадақтаған жандарға: «Осы қызмет жайлы есепке тартылмасам болды. Сол маған жеткілікті. Сауап күтпеймін», - дейтұғын. Оның бұл сөздері, басшы болудың һәм ауыр жауапкершілігін һәм ғажап ислами тұлғасы екендігін көрсетеді.

7. КҮЛЛІ МАХЛҰҚАТ АТАУЛЫҒА ЖАРАТУШЫНЫҢ НАЗАРЫМЕН ҚАРАУ

Күллі жаратылысқа жаратушының көзімен қарап, мәміле жасау рухани тұрғыдан кемелденгенде пайда болатын игі қасиет болып табылады. Ол, ойға шому, зікір тәрізді абзал істерді әрдайым істеу арқылы туады. Өйткені иләһи махаббатты жете түсінгендер ғана, барша махлұқатқа мейірім көзімен қарайды. Яғни, күллі махлұқат атаулыға жаратушының көзімен қарап, мәміле жасау қабілетіне қол жеткізеді.

Сонымен қатар бұл қасиет, қабілет Аллаһ Тағаланың сипаттарына еліктеуден туындайды. Мұсылманның бойында рақымдылық, мейірімділік, кешірімшілдік іспетті ізгі қасиеттер орнығып күллі жаратылысқа игілік жасайды. Мысалы, адам баласын Аллаһтың жер жүзіндегі халифасы ретінде таниды.[126] Нендей күнәһар болса да, теріс айналып кетпей қолдан келген көмегін аяп қалмайды.

Жүніс Әміренің айтқаны секілді:

«Жаратушы үшін, (күллі) жаратылысты жақсы көр» деген түсінікпен әрекет етеді. Тура жолға түсіп, иман нұрына бөленуін тілейді. Мұны жүзеге асыру үшін барша мүмкіндікті жасайды.

126. Хижр сүресі, 29-аят.

Міне осы әдіс өте берекелі. Оған қоса адамның бойындағы игі қаситтерді жандандыра түседі.

Тасауфтың негізі болып табылатын «күллі махлұқат атаулыға Жаратушының назарымен қарап, мәміле жасау» көптеген қиын сәттерде өз жемісін беріп келді.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бәдірге мұсылмандар мен мүшріктер келіп аяқ тіреді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мүшріктермен соғыспастан келіссөз жүргізуге елшілерін жіберуге бел байлап жатқан еді. Дәл сол сәтте бір топ мүшріктер олардың арасында Хаким ибн Хизам да бар мұсылмандардың құдығынан су ішуге келді. Мұсылмандар оларға кедергі болмақшы болды. Алайда Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Кедергі болмаңдар! Ішсін!» - деді. Мүшріктер жапырылып келіп, суға бас қойды. Сол су ішкендерден тек Хаким ғана, Бәдір соғысынан тірі қалды. Ол кейінірек мұсылмандықты қабыл етті.

Сол Хаким, кез келген сәтте сөзін ант етумен растағысы келсе: «Жоқ! Мені Бәдірде өлімінен аман сақтап, иман нұрына бөлеген Аллаһтың атымен ант етейін», - деп сөз бастайтын (Ибн Хишам II, 261).

Хаким ибн Хизам Хадиша анамыздың (р.а.) туысы болатын. Жомарт, рақымды, игі іс істеуді жаны сүйетін жан еді. Ислам діні келместен бұрынғы қарабайыр қараңғы дәуірде қыздарын тірідей көмгісі келген кісілерден қыздарын сатып алып, өмір сүрулеріне қолғабыс көрсетіп, қамқорлық ететін.

Мұсылмандықты қабыл еткеннен кейін бір күні Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Жаһилия (ислам діні келместен бұрынғы қарабайыр қараңғы) дәуірінде жасаған көптеген игіліктерім бар. Садақа беру, құл азат ету, туыстық қатынасты үзбеу тәрізді. Осылардан маған сауап беріле ме?» - деп сұрады.

Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Сен сол бұрынғы жасаған игіліктеріңнің арқасында мұсылманшылықты қабыл еттің», - деді (Бұхари, Зекет 24, Буюуғ 100, Ғитқ 12, Әдеп 16; Мүслим, Иман 194-196).

Жоғарыда айтылып өткен уақиғада Аллаһ Елшісі (с.а.у.) соғысуға келген дұшпандарына су ішуіне рұқсат беру арқылы, бізге керемет ахлақ үлгісін тәлім етті. Міне осы тәрізді іс-әрекеттер қатігез жүректегі мұздың еруіне себеп болып, имандылыққа бет бұруына септігін тигізеді. Өйткені күллі жаратылысқа Жаратушының назарымен қарап, мәміле жасаудан туатын кең рақымдылық саясында көптеген өлі жүректер хақиқии өмірге қауышады. «Сені өлтіруге келген дұшпан, сені көріп тірілсін», - деген ұлылардың сөзі іске асады.

Бұл ақиқатты шайырлардың бірі былай деп жеткізеді.

«Мұсылмандарға жәрдем ет рақымдылығыңмен,

«Ал, кәпірлерге одан да көбірек мейірімділік таныт!».

Аллаһ Тағала Хакимнің (р.а.) жаратылысқа Жаратушының назарымен қарап, мәміле жасағандығы үшін иман нұрына бөледі.

***

Ямаманың көсемі Сумама ибн Усал мұсылман болды. Артынша Мекке мүшріктерімен жасайтын сауда-саттығын тоқтатты. Ал Құрайыш руы барлық азығын, мұқтаждықтарын Ямамадан алып тұратын. Аштық пен қиыншылыққа душар болған меккеліктер, не істерін білмей қайран болып Пайғамбарымызға (с.а.у.) кісі салды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Сумамаға хат жазып, сауда-саттығын жалғастыруын өтінді (Ибн Абдулбир, әл-Истиғаб I, 214-215: ибн Әсир, Усдул-Ғаба I, 295).

Ал ақиқатына жүгінсек мүшріктер мұсылмандарға он үш жыл бойы материалдық және рухани тұрғыдан көптеген зұлымдық жасап, жамандық атаулының барлығын әбден істеген еді. Әсіресе үш жыл бойы мұсылмандарды қоршауға алып, аштыққа душар еткентұғын. Аштықтан жылаған балалардың дауыстары Меккенің махаллаларында естіліп тұратын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұларды да кешірді. Өйткені ол Аллаһ Тағаланың ахлағымен ахлағын (мінезін) безендірген еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) махлұқатқа Оның рақымдылығы және мейірімімен назар салатын.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) һижреттің жетінші жылы Хайбарды бағындырғаннан кейін, құрғақшылық пен аштыққа душар болған Мекке халқына жәрдем ретінде алуан түрлі заттар беріп жіберген еді. Әбу Суфян бұлардың барлығын қабылдап, Құрайыш руының кедейлеріне таратып берді. Ол кезде әлі мүшріктұғын. Бұл ұлы әрекетке қайран қалып: «Аллаһ, бауырымның баласына жақсылық нәсіп етсін! Өйткені ол туыстық ақыны қорғап қалды», - деп разылығын білдірді.[127]

Аллаһ Елшісінің бұл ұлы мәмілесі меккеліктердің жүрегіндегі мұзды ерітіп, соның артынша Меккені бағындырғанында, оңай мұсылман болуларына ықпал етті.

***

Жұбайыр ибн Нафир былай деп әңгімелейді:

«Кипр бағындырылғанда, тұрғындар жан-жаққа таратылды. Халық мұңға батып, бір-бірін құшақтап жылап жатты. Сол шақта Әбуд-

127. Яқуби, Тариху-Яқуби, Бейрут 1992, II, 56.

Дарданың оңаша жылап отырғандығын байқап қалдым. Қасына барып: «Уа, Әбуд-Дарда! Аллаһ исламды және мұсылмандарды үстем еткен сәтте, сен неге жылап отырсың?»,-деп сұрадым.

Маған қарап: «Қарғыс атқыр! Адамдар Аллаһтың әмірін тәрк еткен шақта, олардың ешқандай бағасы қалмайды. Қарасаңшы, мына халық кезінде дүние-мүлкі асып-тасыған, күшті, қуатты ел болатын. Олар Аллаһтың әмірлерін тәрк еткен шақта, міне осындай кейіпке түсті», - деді (Әбу Нұғайым, Хиля 1, 216-217).

Құран Кәрімде бұл жайлы Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Кез келген) **қауым, өзін өзгертпейінше, Аллаһ ол қауымды өзгертпейді»** (Рағыд сүресі, 11-аят).

«Күмәнсіз Аллаһ Тағала (кез келген) **қауымға берген нығметін, олар өздері өзгертпейінше өзгертпейді»** (Әнфал сүресі, 53-аят).

Ардақты сахабалардың өздері жеңген дұшпан жайындағы мұндай терең ойлары нендей өнегелі! Бұл, мұсылмандардың пайда табу үшін емес, адамдарға екі дүниенің бақытына қол жетізуге мүмкіндік туғызу үшін күрескендіктерін көрсетеді.

Міне осы кейіпке түскен адамдар, бұл шайқас болмастан бұрын Аллаһтың дінін қабыл еткенде Әбуд-Дарданың және өзге де мұсылмандардың бауыры болып шыға келер еді. Мұндай қасіретке тап болмас еді. Бірақ олар, өз дегендерінен қайтпай соғысқа шықты. Нәтижесі жеңіліспен аяқталды. Әбуд-Дарда тәрізді мұсылманның жүрегі жеңіліс тапқан адамдардың қайғысына ортақтасып жылайды. Өйткені иман нұрына бөленген жүрек, ешбір жанның зиян көруін тілемейді. Керісінше барша адамзат баласының екі дүниелік бақытын тілеумен болады.

***

Имам Ағзам өзі анда-санда «усул» және «ақайдқа» (сенім тұрғысына) қатысты мәселелерде ғалымдармен ғылыми тартыстарға түсіп жүретін. Бірақ оқушыларына, туыстарына мұндай тартыстарға қатысуына тыйым салатын. Бір күні ұлы Хаммадтың бір кәлам (сенім) мәселесінде тартысып жатқанын көрді. Дереу бас тартуын талап етті. Оқушылары имам Ағзамнан: «Сенің тартыстарға түсіп жүргеніңді көріп жүреміз. Неге бізге тыйым саласың?» - деп сұрады.

Ол ұлы ғалым, жаратуышының жаратылысқа мейіріммен қарағаны секілді, оқушыларына назар салып: «Біз тартысқа түскенде әріптесім сүрініп кетер, жаңылып қалар деп қорқып, басымызда қонып отырған құс ұшып кетпесін дегендей сақ отыратынбыз. Сендер болсаңдар, тартысқа түсесіңдер, сонымен қатар әріптесіңнің сүрінуін тілеп отырасыңдар. Әріптесінің жаңылуын, сүрінуін қалаған жан, оның

күнәһар, адасушылықта болуын тілейді, күпірлікке итермелейді демек. Жолдасын «тәкфир» етуді қалаған жан, одан бұрын күпірлікке түседі», - деді.[128]

***

Бір күні Хазірет Мәулана шәкірттерімен сұқбатасып отырғанда бір мас кісі «дәргаһқа» кіріп келеді. Дәруіштер оған ұрсып ренжітеді. Артынша сыртқа шығарып тастауға әрекет жасайды. Хазірет Мәулана мас кісінің дәргаһқа ақиқатты іздеп келгендігін ойлап: «Шарапты ол ішкен екен. Ал мас болған сендер екенсіңдер», - деп шәкірттеріне ескерту жасады.

Міне осы уақиға жаратушының назарымен жаратылысқа қараудың көзге көрінерлік мысалы болып табылады. Мұсылманның міндеті күнәһар пендені сол күйінде тәрк ету емес, қолынан ұстап пәк ғұмыр кешуге жетектеу бауырлар!

***

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, мұсылмандардың мақсаты Аллаһ Тағала сүйетін күнә атаулыдан аулақ пәк ғұмыр кешу. Сонымен қатар, барша адамзат баласына тура жолды табуына жәрдемші болу. Осы мақсатты іске асыру үшін қолданар ең дұрыс әдіс, күллі жаратылысқа Жаратушының назарымен қарап, мәміле жасау болып табылады.

Жаратушының көзімен жаратылысқа қарап, мәміле жасалғанда, адамдардың машаққаттарына шыдау, төтеп беру жеңілдей түседі. Рақымдылық, мейірімділік, кешірімшілдік артады.

Аллаһ Тағаланың адамды қалай сүйетіндігін ойлаңызшы. Оған көптеген игіліктер жасайды. Күнәларын кешіреді. Жәннатқа кіруін қалайды. Міне осындай қасиетті бойына сіңірген мұсылман да адамдарға кешірім көзімен қарайды. Мұқтаждықтарын өтеуге күш салады. Тура жолға түсіп, екі дүниенің бақытына қол жеткізуін тілейді. Өзімшілдік қасиеттен аулақ болады. Баршаның бақытты болуын тілеп, ғұмыр кешеді.

128. Ибн Бәззази, Мәнақиби Имами Ағзам I, 121; Мұхаммед Әбу Заһра, Имам Әбу Ханифа, ауд.Осман Кескиоғлы, Коня 1959, 29-бет.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Мәміле


«Адаб я hу!»

– **Иман дегеніміз не? - деп ақылымнан сұрадым.**
Ақылым жүрегіме келіп:
– **Иман әдептіліктен бастау алады - деп сыбырлады.**

(Хазірет Мәулана)

МӘМІЛЕ

Хақ діннің, адамзат баласы жаратылғаннан бері иман негіздері мен басты ахлақи құндылықтары өзгермеген.

Алайда құлшылық түрлерімен мәміле үкімдері әрбір пайғамбардың дәуірінде сол кездегі қоғам шарттарына қарай ұсақ-түйек өзгерістерге ұшырап отырған. Аллаһтың қалауымен адамдардың мұқтаждықтарымен мәдени деңгейлеріне қарай діннің кемелденуі жүзеге асқан. Алғашқы жан Адам пайғамбардан басталған Хақ дін өзінің кәміл деңгейіне Пайғамбарымыздың (с.а.у.) тәблиғ еткен уахиымен жетті. Яғни Аллаһтың соңғы елшісі Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқылы дін ахлақи және мәміле тұрғысынан өзінің шырқау шегіне барды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқылы заңғар биікке көтерілген Ислам діні 1400 жылдан бері өз мән-мағынасын сақтап келе жатқан жалғыз дін.[129]

***

Исламның өзге діндерден айыратын үш негізгі ерекшелігі бар. Олар:

1. Таухид нанымы
2. Құлшылық
3. Мәміле

Мәміле ислам дінінің ойлау жүйесін тұрақтандыратын басты факторлардың бірі. Көптен бері мұсылман әлемінде материалистік және рациональдық пікірлер кеңінен таралды. Бұл пікірлердің ықпалында қалған адамдар ұлық ислам дінінің мәмілеге қатысты тұстарынан көз жа-

129. Қазіргі таңда үш Сәмауи дін бар. Олардың бірі христиандық, Иса пайғамбардың Аллаһтың бірлігі мен рухани жан дүниені тазартудан ғана құралған шектеулі міндеті бірнеше әлеуметтік ахлақи қағидалар, әмірлер әкелуіне мүмкіндік берді.

Кейінірек діннің басты мақсаты болып табылатын «Таухид» сенімі, адамдардың әрекетімен «Тәңірі», оның ұлы «Иса» және «Киелі рухтан» тұратын үш тәңірлік дінге айналды. Осылайша бұл дін қатты өзгеріске ұшырап танылмас халге жетті.

Яхудилік болса көптеген мәміле қағидаларын орнатқан еді. Алайда адам сенгісіз өзгеріске ұшырады. Наным әрі мәміле тұрғысынан негізіне мүлде ұқсамайтын күйге душар болды. Бұл дінде де «Таухид» негізі, Ұзейр пайғамбардың Аллаһтың ұлы деген теріс нанымымен бұзылды. Әрі Яхудиліктің тек еврейлердің діні деп танылуы, солайша айтылуы бұл діннің барша адамзаттың мұқтаждығын өтей алатын ерекшеліктерден мақұрым етеді.

зып қалған. Сондықтан әуелі исламды дұрыс ұғыну, әрі оны күнделікті өмірде іс жүзінде қолдану үшін діннің мәмілеге қатысты қағидаларын үйрену үлкен рөл атқарады.

Сәті түсіп отырғанда мәміленің маңыздылығын және бағзы қағидаларын қадірлі оқырманға тарту етеміз.

Ислам діні мәмілеге үлкен мән берген. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бірнеше негізгі қағидалар қою арқылы күллі істерін, барша әрекеттерін бір жүйеге келтірген. Мұсылман жеке ислам шарттарына негіздеп өмір сүруі қажет. Сондай-ақ әлеуметтік өмірін, яғни өзге адамдармен жасайтын мәмілесінде де Аллаһтың әмірлеріне сай пішінде жүйелендіруі қажет. Яғни исламды өмірінің әрбір бөлігінде қолдануы ләзім. Мұндай деңгейге қол жеткізбеген жан, салих мүминдердің қатарына жатпайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Нашар мәміле жасаушы жәннатқа кіре алмайды»*, - деген.

Хазірет Омар (р.а.): «Бір кісінің оқыған намазына, тұтқан оразасына назар аудармаңдар. Сөйлегенде шындықты сөйлей ме, өзіне бір нәрсе аманат етілгенде аманатына қиянат жасамай ма, дүниенің соңында жүргенде адал-арам екендігіне қарай ма, әуелі соған назар аударыңыздар» (Бәйһақи, әс-Сунанул-Кубра VI, 288; Шұғаб IV, 230, 326).

Бір кісі Хазірет Омардың (р.а.) құзырында біреуді жер-көкке сиғызбай мақтап жатыр еді. Омар оған қарап:

– Онымен сапарға шықтың ба?

– Жоқ.

– Онымен сауда-саттық секілді әлеуметтік мәмілең болды ма?

– Жоқ.

– Онда ең болмаса азаннан кешке дейін онымен көрші болдың ба?

– Жоқ. Омар:

– Өзінен өзге тәңір болмаған Аллаһқа ант етемін, сен оны танымайсың, - деген болатын.[130]

Демек адамның хақиқи кісілігі әлеуметтік мәмілерде көрінеді.

Кез келген мұсылман баласының рухани деңгейі жеке өмірі мен әлеуметтік мәмілелерінің дұрыс болуы арқылы өз кәмілдігіне жетпек. Мәміле делінгенде адамдар арасындағы қарым-қатынаста әділеттілік, кешірімділік, құл ақысын жемеу, жәрдемдесу қысқасы өте әдепті болуға қатысты бірнеше қағида ойға келеді. Олардың кейбіреулеріне тоқталып өтелік.

130. Ғазали, Ихиа-улимид-дин, Беирут 1990, III 312.

1. ӘДІЛЕТТІЛІК

Әділеттің ислам дініндегі алар орны ерекше. Кез келген істе оның өзіндік орны бар. Сондықтан оған аса үлкен мән беруімізге әмір етілген. Адамдар әділетті өз өмірлерінде негізгі ұстаным етіп алғандар ғана Аллаһтың разылығына қол жеткізеді әрі рухани жан дүниелері тыныштық тауып өмір сүреді. Осылайша бұл дүниелік әрі ақыреттік ізгіліктерге, игілікке кенеліп бақыт теңізінде жүзеді.

Әділет өз күшін жойса хақ, құқық, ынсап, және тепе-теңдік жайлы сөз қозғау мүмкін емес. Дүниелік өмірінде әділеттен тайып зұлымдық жасағандар қияметте ғапылдықта өткізген емтихан әлемі үшін қатты өкінеді.

Әділет иесі әрі әділеттің нақ өзі деген мағыналарға келетін «Әл-Адл» сөзі Аллаһ тағаланың көркем есімдерінің бірі болып табылады.[131]

Аллаһ Тағаланың Пайғамбарларды адамзат баласына жіберуінің басты себептері, адамдарды Аллаһтан ұзақтататын, пайдакүнемдік пен зұлымдыққа негізделген қатыгез жүйелердің түбіне жету әрі жер бетінде әділеттілік орнату үшін болды.

Құран Кәрімде былай делінген:

«Аллаһ тағала әділеттілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Жаман іспен сөзге, арсыздыққа және өзгеге зорбалық жасауға тыйым салады. Ол, ойланып таразылауларың үшін насихат етеді» (Нақыл сүресі, 90-аят).

«Күмәнсіз, Аллаһ аманаттарды лайықты орындарына тапсыруларыңды және адамдардың арасында үкім берсеңдер әділдік пен үкім етулеріңді әмір етеді. Расында Аллаһ сендерге керемет уағыздар айтуда. Күдіксіз Аллаһ естуші, көруші».

«Әділ» сипатының ақиқи қожайыны Аллаһ тағала құлдарының ішінде әділеттен таймағандарын сүйеді.[132]

Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Әділетпен үкім еткендер қияметте Рахманның оң жағында орналасқан, нұрдан жасалған мінбелердің үстінде отырады. Бұлар берген үкімдерінде, жан ұяларына және қол астындағыларға әділеттілік танытқандар»* (Ахмед II, 160).

Басқа хадис шәріпте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді.

«Қиямет күнінде адамдардың Аллаһ тағалаға ең сүйкімсізі және оған ең ұзақ болатыны залым бастық» (Тирмизи, Ахкам 4/1329; Нәсаи, Зекет 77).

131. Тирмизи, Дағауат 82-3570.
132. Хужурат сүресі, 9-аят.

Кез келген мұсылман тек үкім бергенде ғана емес өлшеп тартқанда, куә болғанда қысқасы әрдайым кез келген істе әділеттіліктен таймауы қажет.[133]

Аллаһ тағала Құран Кәрімде былай дейді.

«Уа, иман келтіргендер! Әділеттіліктен таймаңдар. Өздеріңнің, әке шешелеріңнің және туыстарыңның зиянына болса да Аллаһтың разылығы үшін куә болыңдар, бай немесе кедей болса да. Өйткені Аллаһ оларға сендерден жақын. Ендеше әділдік жасауда нәпсілеріңе ермеңдер?» (Ниса сүресі, 135-аят).

«Уа, иман келтіргендер! Аллаһтың разылығы үшін, куә болғандарыңда туралықтан айнымаңдар. Бір қауымға деген өшпенділіктерің сендерді әділеттен тайдырмасын. Әділдік етіңдер, өйткені тақуалыққа жарасатыны осы» (Мәйда сүресі, 8-аят).

Әділеттілік, мемлекеттерді жықпай ұстап тұратын негізгі діңгек. Тіпті, «Күпірлік пен тұрақтылық болуы мүмкін. Бірақ зұлымдықпен болмайды» деген сөз мақалға айналған. Күллі басшылықтың әділетпен тұрақталатындығын білдіру үшін де «Әділет мүліктің » негізі деп айтылған.

Әділет ертелі-кеш міндетті түрде өз жарқын бейнесін көрсетеді. Өйткені ең кеш көрінген әділет зұлымдыққа жақын әділет. Берілген үкім тура болса да кешіккен әділет зұлымдықтың бір түрі. Зұлымдық болса орасан зор зиянға тигізуге себепші болады.

Хақ Тағала Құран Кәрімде былай дейді: **«Хақ жолдан тайғандарға келсек тозаққа отын болады»** (Жын сүресі,15-аят).

«Зұлымдық жасағандарға ешбір жәрдемші жоқ» (Бақара сүресі, 270-аят).

Пайғамбарымыз зұлымдықтың үлкен күнәлардың бірі екендігін былайша тілге тиек етеді:

«Ақыретте жазасының берілуімен қатар дүниеде Аллаһ Тағаланың лезде жазаландыруына ең лайық күнәлар – зұлымдық пен туысқа қарайласпау» (Әбу Дәуіт, Әдеп 43-4902; Тирмизи, Қиямет 57, ибн Мәжә, Зүһд 23).

Бәз біреулер әдемі сөз сөйлеу арқылы және зеректігінің арқасында жасаған зұлымдықтарын жасыруы әбден мүмкін. Алайда олар ешқашан мұнымен құтыламын деп ойламаулары қажет.[134]

Бұл бес күндік жалған дүниеде мың бір айла тауып, әділеттіліктен тайғандар күндердің күнінде «хакімдердің хакімі» (үкім берушелердің

133. Қараңыз: Хайсами I, 90.
134. Бұхари, Шәһадат 27, Хиял, 10, Ахкам 20; Муслім, Ақдия 4.

ең әділі) болған Хақ Тағаланың құзырында шарасыздықтан басын иіп, есеп беруге мәжбүр болады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жайлы үмбетіне былай деп ескерту жасайды.

«Кімде-кімнің мойнында дін бауырының ары, намысы және мүлкіне қатысты қандай-да бір ақысы болса, алтын мен күміс жоқ етілетін қиямет күні келмес бұрын онымен адалдассын! Олай болмаған күнде өзінің салих амалдарынан жасаған зұлымдығының мөлшеріндей сауап алынады (Ақысы болғанға беріледі). Ал егер жасаған жақсылықтары жоқ болса, зұлымдық жасаған бауырының күнәлары оған жүктеледі» (Бұхари, Мазалим 10, Риқақ 48).

«Зұлымдыққа ұшырағанның қарғысынан өте сақ болыңдар! Өйткені оның қарғысы мен Аллаһтың арасында перде болмайды» (Бұхари, Зекет 41, 63, Мағази 60, Таухид 1; Мүслим, Иман 29, 31).

Әйгілі хазірет Мәулана әділдік пен зұлымдықты былай деп суреттейді:

«Әділет деген не? Жеміс ағаштарын суғару! Ал зұлымдық деген не? Тікендерді суғару».

«Әділетті білмеген адам, бөлтірікті емізген ешкіге ұқсайды».

Әлгі бағып-қаққан зұлымдығы күндердің күнінде оны күл-талқан етеді. Фәни пайдалар үшін әділеттіліктен тайғандар өз орын өздері қазады. Уақыты келіп жеткенде ішіне түседі. Олай болатын болса, қаншама ауыр болса да, әрдайым әділеттілік пен туралықтан таймау керек.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) біреуден қарыз алған болатын. Әлгі адам уақытынан бұрын қарызын талап етеді. Онымен қоймай дөрекі және жағымсыз сөздер айтады. Мұндай құрметсіздікке жаны шыдамаған сахабалар әлгінің сазайын тартқызуға ұмтылады. Алайда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған рұқсат етпей: *«Жіберіңдер оны! Өйткені қарыз берушінің қарызын алғанға дейін қарыз алушыға сөз сөйлеу құқығы бар»*, - дейді (Бұхари, Истиқрад 7; Мүслим, Мусақат 118-122/1600-1601).

Әбу Сағит әл-Хұдри (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір бәдәуи Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп, қарызын талап етті. Мұнысымен қоймай дөрекілік танытты. Тіпті: «Қарызыңды өтегенге дейін, осылайша сенің мазаңды ала беремін», - деп даурықты. Сахабалар: «Оңбаған! Сен кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білмей тұрсың ғой», - десті. Бәдәуи: «Мен ақымды талап етіп тұрмын», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына қарап: «Сендер неге толық құқығы бар адамды жақтамайсыңдар?» - деді.

Іле-шала Халуа бинти Қайысқа кісі жіберіп: «Сенде кепкен құрма болса, менің қарызымды өтеп жіберші! Құрмамыз келгенде қарызыңды өтейміз», - деп сәлем айтып жіберді.

Халуа (р.а.): «Әміріңізге құлдық! Әке-шешем жолыңа құрбан болсын!» - деп қарызды сүйсіне өтеді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әлгі бәдәуидің қарызын өтеп, әрі ас әзірлетіп мейман етті. (Бұл сыйға көңілі толған) бәдәуи: «Қарызыңды толық өтедің. Аллаһ та саған мұның сыйын толық берсін», - деп дұға етті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Міне осылар (яғни қарызын толық өтегендер) адамдардың ең қайырлысы. Әлсіздері зұлымдыққа ұшырап, ақысын ала алмаған қоғам Аллаһтың азабынан құтылмайды» (Ибн Мәжә, Садақат 17).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) кейде қарызданып қалатын. Бұл қарыздар төмендегі мына себептерден туатын:

а. Өзіне келген мұқтаж әрі пақыр жандардың мұқтаждықтарын өтеу үшін айналысқандықтан.

ә. Адамзат баласына қарыздың қалай өтелу керектігін көрсету.

***

Нұғман ибн Башир былай деп әңгімелейді:

«Әкем мені Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) ертіп апарды. Әкем оған қарап: Мен бір құлымды, мына балама сыйға тарттым», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мынаған сыйға тартқаныңды, өзге балаларыңа да бердің бе?» - деп сұрады.

Ол: «Жоқ. Бермедім», - деп жауап қатты.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Олай болса, берген сыйлығыңды қайтып ал!» - деді (Бұхари, Хиба 12; Шәһадат 9; Мүслим, Хибат 9-18).

Басқа бір риуаятта Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мұндай сыйлықты бар балаңа тарту еттің бе?» - деп сұрайды.

Башир: «Жоқ! Бәрін бірдей тартпадым!» - деп жауап береді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһтан қорқыңдар! Балаларыңнның арасында әділетті болыңдар!» - дейді. Мұны естіген Башир сыйлығын кері алады (Мүслим, Хибат 13).

Тағы да басқа бір риуаятта Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Баширге қарап: Бұл сыйлығыңа менен басқа біреуді куә қыл», - дейді. Артынша оған: «Балаларың саған жақсылық жасағанда бірдей жасауы сені қуанта ма?» - деп сауал қояды.

Башир: «Әлбетте қуантады», - деп жауап береді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Олай болса, сен де олай етпе!» - деп әмір етеді (Яғни, олардың барлығына бірдей әділетті бол дейді).

***

Сахабалардың бірі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жанында отырған болатын. Кенет күтпеген жерден кішкентай ұлы келді. Ол баланы құшақтап, бетінен сүйді. Кейін тізесіне отырғызды. Артынша іле-шала қызы келді. Сахаба оны тізесіне емес, жанына отырғызды.

Мұны көрген Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған: «Балалардың арасында әділетті болуларың керек қой?» - деді. Әрі қыз бен ұлдың айырымын жасамауды, бірін өзгесінен артық көрмеуді насихат етті. [135]

***

Бір кісі Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) құзырына келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің құлдарым бар! Әрдайым маған өтірік айтады. Қиянат етеді. Қарсы шығады. Мен де оларды азарлап, таяқ астына аламын. Сонда менің жағдайым (қияметте) қалай болмақ?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Олардың жасаған қиянаты, қарсылығы, жалған сөздері мен сенің оларды жазалауың есепке тартылады. Егер сенің жазаларың, олардың кінәсімен тең түсіп жатса пайда яки зиян көрмейсің! Ал егер сенің жазалауың, олардың кінәсінен аз болып жатса, сен үшін игілік, пайда болмақ. Ал керісінше болып, сенің жазалауың олардың кінәсінан асып түссе, ол артқанды өтеуге мәжбүр боласың! Бұл сенен қысас арқылы алынады», - деді.

Кісі шетке шығып, өкіріп жылай бастады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Сен Аллаһ Тағаланың: **«Біз қиямет күні әділдік таразыларын құрамыз. Сол шақта ешкім зұлымдыққа ұшырамайды.** (Істелген іс) **шаңның тозаңындай болса да оны әкелеміз! Есеп алушы ретінде** (барлық жанға) **жетеміз»**[136] деген аятын оқымадың ба?» - деді.

Кісі: «Уаллаһи! Уа, Аллаһтың Елшісі! Өзім үшін, әрі олар үшін бір-бірімізден айырылудан басқа қайырлы жол көріп тұрғаным жоқ! Куә болыңыз! Мен оларды азат еттім», - деді (Тирмизи, Тәфсір 21/3165).

Құл да адамзат баласы болғандықтан құлға қатысты ислами қағидаларға көз салсақ, қожайыны өз жегенінен оған жегізіп, өз кигенінен кидіріп, ауыр жүк тасытпауы, әрі оған зұлымдық жасамауы керек екен.

Ислам дінінің ұлы әділет түсінігі саясында құл қожайыны болу, құл

135. Тахауи, Шарху Мәғанил-Асар, Бейрут 1987, IV, 89; Бәйхақи, Шуаб VII, 468; Хайсами VIII, 156.

136. Әнбия сүресі, 47-аят.

болу деген мағынаға келеді. Осылайша бұрыннан келе жатқан құлдық жүйесі бірте-бірте ғайып болды.

Ирбад ибн Сария (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісімен бірге Хайбар бекінісіне келіп, ат басын тіредік. Жанында көптеген сахабалары бар болатын. Хайбардың көсемі тәкаппар, паң біреу еді. Ол Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Уа, Мұхаммед! Сендердің көлігімізді союға, жемісімізді жеуге, қатынымызды сабауға қандай құқықтарың бар?» - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ашуға мініп: «Уа, ибн Ауф! Атыңа мініп: «Хабарларың болсын! Жәннат тек мүминдерге ғана халал болмақ! Намаз оқуға жиналыңдар!» - деп жар сал!» - деді.

Сахабалар тез арада жиналды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) намаз оқытты. Артынша былай деді:

«Сендердің араларыңдағы біреу орындығына жайғасып алып, Аллаһтың Құранының ішіндегісінен басқа харамдары жоқ деп ойлай ма? Хабардар болыңдар! Мен насихат еттім. (Құранда болмаған кейбір нәрселерді) әмір еттім. Көптеген нәрсеге тыйым салдым. Олар Құранның теңдесі секілді. Бәлки одан да көп. Аллаһ Тағала әһли-кітаптың үйіне рұқсатсыз кіруге тыйым салған. Салықтарын өтегеннен кейін (яғни, жизия) қатындарын сабауларыңа, жемістерін жеулеріңе де тыйым салған» (Әбу Дәуіт, Хараж 31-33/3050).

Ислам діні мұсылмандардың азулы дұшпандарына да әділеттен таймауларын әмір етеді. Нендей ұлылық десеңізші! Кез келген мұсылман баласы тіпті кәпірге жасаған зұлымдығының есебін ойлап, әрдайым әділетті өз өмірінде ту етіп алады.

***

Хазірет Әлидің (р.а.) ағасы Жағфар алғашқы мұсылмандардан болатын. Ол Мекке мүшріктерінің зұлымдығынан қашады. Жанына әйелін алып, Эфиопияға һижрет етеді. Ол жерде бірнеше жыл тұрақтап қалады. Һижреттің жетінші жылында Мәдинаға келеді. Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) одан Эфиопияда көрген оғаш уақиғаларын айтып беруін өтінеді. Жағфар Таяр (р.а.) төмендегі мына уақиғаны айтып береді.

«Бір күні жай отырған болатынбыз. Тұсымыздан кәрі монах әйел өтті. Басының үстіне қойып алған үлкен су ыдысы бар еді. Жас бір жігіт бейшара әйелді итеріп жіберді. Әйел тізерлеп қалды. Басында тұрған әлгі су ыдысы да сынып қалды. Әйел орнынан тұрды. Жас жігітке қарап: «Ей, залым! Ертең Аллаһ күрсісін қойғанда, дүниеден өткен барша жанды жинағанда, аяқ пен қол өз істегенін мойындағанда, зұлымдыққа ұшырағанның ақысы залымнан алынғанда, арамыздағы даудың қалай шешілетіндігін көзіңмен көресің», - деді.

Мұны естіген Аллаһ Елшісі (с.а.у.) азу тістері көрініп, күлімсіреп: «Әйел дұрыс айтқан екен. Иә, дұрыс айтқан. Әлсіздердің күштілерден ақысы алынбаған қоғамды Аллаһ қалай ақтап алмақ!» - деді (Ибн Мәжә, Фитан 80; Әбу Яғла, Муснад IV, 7-8; ибн Хиббан, Сахих, (Арнаут) XI, 443-444).

***

Хайбар жеңісінен кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Абдулла ибн Рауаханы (р.а.) Хайбар қамалына жұмсайды. Ол алынуы керек болған құрманың мөлшерін шамалап, өндіріп алатын. Хайбардағы жердің диқаншылығымен айналысатын яһудилер Абдулланың мұқияттылығынан мезі болады. Тіпті бір жолы өзіне жылы шырай танытуы үшін пәре де беріп көреді. Әйелдердің әсемдік бұйымдарының бірнешеуін жинап, оған: «Мыналар сенікі! Бірақ құрманы көргенде біздің пайдамыз үшін әрекет ет! Бізге көз жұм», - деседі.

Абдулла: «Уаллаһи! Сендердің теріс қылықтарыңды жек көруім, сендерге әділетті болуыма кедергі бола алмайды. Сендердің маған бергендерің пәре болып табылады. Пәре болса, харам. Біз оны жемейміз», - деді.

Яһудилер таңданысын жасыра алмай: «Міне бұл әділеттілік, туралық. Осы екеуі арқылы көк пен жер өз тепе-теңдігін сақтайды», - десті (Муатта, Мусақат 2).

***

Мұсылмандар Византия императоры Гераклдың үлкен күшпен өздеріне бет алғандығын естиді. Мұсылмандар Хұмус халқына өтеген салықтарын қайтып беріп: «Біз дәл қазір бір шабуылға тап болар түріміз бар. Сіздердің қорғау мүмкіндігі бізде жоқ. Бұл салықтарыңды сендерді қорғау үшін алған едік. Өз еріктеріңіз өз қолдарыңызда. Қалауларыңыз білсін!» - дейді.

Хұмус тұрғындары: «Уаллаһи! Сендердің өкіметтерің мен әділеттіліктерің, сендерден бұрынғы көрген зұлымдық пен қаталдықтан әлдеқайда жақсырақ. Сендердің әкімдеріңмен бірге қаланы Гераклдан қорғаймыз», - деп уәде береді.

Қалада тұратын яһудилер де: «Тәуратқа ант етеміз! Біз жеңіліп, талқанымыз шыққанша Гераклдың әкімі қалаға кірмейді», - деп ант-су ішті.

Барша халық қаланың қақпаларын құлыптап, дұшпаннан қаланы қорғауға бел байлады. Бұрыннан келісімге келген өзге қалалардағы яһудилер мен христиандар да дәл солай әрекетке көшті.

Өз араларында: «Егер римдіктер мен олардың соңына ерген-дер мұсылмандарды жеңсе, біз баяғы зорлық-зомбылық көрген ескі күндерімізге қайта ораламыз. Ал егер мұсылмандар жеңіске жетсе,

бұрыннан жасаған келісімдеріміз өз күшін жоймайды. Олармен бірге боламыз», - дейді.

Аллаһ Тағала мұсылмандарға жеңіс сыйлап, кәпірлер жеңіледі. Мұны естіген қалалар мұсылмандарға қақпаларын ашып, сайқы-мазақтарын, күлекештерін қала сыртына шығарып өз қуаныштарын жеткізеді. Әрі салықтарын шын пейілмен төлейді.[137]

Мұсылман әскері бұл әділеттілікті тек Хұмуста ғана емес, бұрын бағындырып кейін шегінуге мәжбүр болған барлық аймаққа танытты. Мысалы, Плавна қолдан шыққанда Ғази Осман паша халыққа алған салығын қайтарып берген.

***

Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай деп хикая етеді:

«Сұлтандардың бірі киімін өзгертіп, өлкесін кезуге шығады. Жол-жөнекей бір шаруаның үйінде мейман болады. Шаруа жалғыз сиырының сүтімен күн көретін. Әлгі жалғыз сиыр бірнеше сиырдың сүтін беретін. Сұлтан бұл сиырды сарайыма алып кетейін деп ойлайды. Шаруа күндегі дағды бойынша сиырды бақтаға жібереді. Ол, кешке сиырды сауғанда күндегідей беріп келген сүтінің жартысындай ғана сүт бергендігін көріп, таң қалады. Шаруа кейпіндегі сұлтанның таңданысында тіпті шек жоқ болатын. Шаруаға қарап: «Бақташы бүгін сиырды басқа бір жерде бақты ма?» - деп сұрады.

– Жоқ, күндегі жайлауына айдап апарып жайды.

– Сиыр басқа жерден су ішті ме екен?

– Жоқ. Ішпеді.

– Олай болса, сүті неге жартыға түсті.

Өте ұғымтал шаруа: «Сұлтанымыз бұл сиырды өзіне алуға ниеттенді-ау деймін. Кез келген мемлекет басшысы халқына зұлымдық жасаса, яки зұлымдық жасауды ойласа ол мемлекетте береке қалмайды», - деді.

Сұлтан сасып қалып: «Сен сұлтанды қайдан танисың?» - деп сұрады.

Ал шаруа танығандығына сенімді болатын. Сұлтанның жүзіне қарап: «Бұл іс осылай болмақ», - деп жауап қатты.

Сұлтан мұндай зұлымдықты ойлағандығына қатты өкінді. Ішінен: «Аллаһым! Бұдан былай ешкімге зұлымдық жасамаймын! Бұл сиырды да алмаймын», - деп өз-өзіне сөз берді. Ертеңіне әлгі сиыр сауылғанда бұрынғысынша мол сүт берді».[138]

137. Балазури, Футухул-Булдан 187, Бейрут 1987.
138. Бәйһақи, Шұғаб VII, 53; Суюути, әд-дуррул-мансур, Бейрут 1993, II, 76-77.

Мәлік ибн Динар былай деп әңгімелейді:

«Омар ибн Абдулазиз Аллаһтың жәрдемімен таққа отырды. Тіпті таудағы шопандар: «Халықты басқаруды жақсы, салих бір кісі өз мойнына алды-ау», - десті. Олардан: «Мұны қайдан білесіңдер?» - деп сұралды.

Олар: «Тіпті жануарлар да тыныш тапты», - деп жауап берісті.

Мұхаммед ибн Ғұйайна былай деп хикая етеді:

«Омар ибн Абдулазиздың халифалығы тұсында қой бағатынмын. Халифаның әділеттілігі соншалық, маған қойлар мен қасқырлар бірге жайылып жүрген секілді көрінетін. Бір түні қасқырлардың қойға шапқанын көрдім. Сасып қалдым. Дүние өзінің тыныштығын жоғалтып жатқан іспетті еді. Ішімнен: «Мына әділ, әулие халифа көз жұмды-ау деймін», - дедім. Сұрастырып көрсем, шынымен-ақ Омар ибн Абдулазиз бақилық болыпты».

***

Бір кісі бір әйгілі әулиенің құзырында залым Хажжажды залымдығы үшін сөгеді. Әулие оған мынадай тәлім береді.

«Оны сөгемін деп шектен шықпа! Өйткені Хақ Тағала дүниесін тартып алып, жанын қиған жандардың кегін Хажжаждан алып береді. Жазасын береді. Бірақ бұл мұнымен шектеліп қалмайды. Кейін Хақ Тағала Хажжаждың ақысын, оның арына, намысына, абыройына тіл ұзатқандардан алып, сазайларын тартқызады».

Яғни, кез келген құл зұлымдыққа ұшырап, өзіне зұлымдық жасағанды сөгіп балағаттағаны соншалық, әлгі залымның деңгейіне жетіп қалады. Тіпті шектен шығып, залымның одан алар ақысы болады. Осылайша зұлымдыққа ұшырағанға қысас жасалады.[139]

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деп әмір етеді:

«Кімде-кім сендерге соқтықса, (шабуыл жасаса) сендер де олар өздеріңе соқтыққандай соқтығыңдар! Аллаһтан қорқыңдар! Біліп қойыңдар! Күдіксіз Аллаһ тақуа құлдарымен бірге!» (Бақара сүресі, 194-аят).

«Егер біреуді жазалайтын болсаңдар, өздеріңе жасалған (зұлымдықтың) мөлшерінде жазалаңдар! Алайда сабырлық танытсаңдар, әлбетте ол сабырлылар үшін қайырлы болмақ» (Нахыл сүресі, 126-аят).

***

139. Баба-Заде Ахмет Нагим, Ислам ахлағының негіздері 86, Стамбул, 1963.

Күндердің күнінде Таламсан падишаһы, сұлтан Жақия сарай ұлықтарымен бірге қаланы кезуге шығады. Оның және қасындағылардың айбаты мен әсемдігінің сиқыры баурап алған халық, сұлтанға құрмет көрсету ниетінде орындарынан тұрып: «Падишаһым! Ұзақ өмір сүріңіз!» - деп қошемет көрсетумен болды. Алайда сұлтанның көзі көпшіліктен аулақ, анадай жерде жалғыз, бейғам, дүниеден аулақ, жүзі нұрлы әулиеге ілікті. Қасындағылардан: «Мынау нұрлы жүзді кім?» - деп сұрайды.

Олар: «Сұлтаным! Ол әйгілі тунистік шейх (ғалым) қой. Ол, бір үңгірде жеке өмір сүреді», - деп жауап берісті.

Жан дүниесін мың бір сауал билеген сұлтан астындағы атын тунистік шейхқа бұрады. Ішін жегідей жеп жүрген мына сауалды одан сұрағысы келді.

Қасына барып: «Үстімдегі мына жібек киіммен намаз оқуыма бола ма?» - деп сұрады.

Бірақ шейх сұраққа жауап бергісі келмеді. Оған сарайында жүрген ғалымдардан сұрауын өтінді. Алайда сұлтан алған бетінен қайтпады.

Шейх: «Бір ит жайлы ойлаңыз. Әлгі ит бір өлік тауып алып, әбден тойғанынша жеді. Ішін, үсті-басын былғап алғанын елемей дәрет сындырғысы келгенде ластанбау үшін аяғын көтерді. Қойған сауалыңыздың жауабы да осыған ұқсайды», - дейді.

Сұлтан ашуға мініп: «Мұнымен не дегің келіп тұр?» - дейді.

Шейх: «Мына нәрсені айтқым келіп тұр. Сіздің асқазаныңыз бен денеңіз харамға, зұлымдық пен құл ақысына толы. Осылай бола тұра, сіз менен жібек киіммен намаз оқысам қалай болады деп сұрайсыз», - дейді.

Бұл хикметті сөздер сұлтанға қатты әсер етті. Дереу үстіндегі киімдерін шешіп, лақтырып жіберді. Қылышын да лақтырып жіберді. Таңырқап қарап тұрған халыққа: «Уа мұсылмандар! Менде ақыларың болса, кешіңдер! Әрі өздеріңе бір падишаһ тауып алыңдар!» - деді.

Осылайша тунистік шейхтің соңына еріп, оның ықыласты шәкірттерінің біріне айналды.

Сұлтан Жақия шейхтің құзырында, рухани тәрбиесінде үлкен дәрежеге қол жеткізеді. Тіпті тунистік шейх өзінен дұға етуді талап еткен халыққа: «Дұға етуді Жақиядан талап етіңдер! Өйткені мен, оның орнында болсам, оның істегенін істей алмас едім», - дей бастады.

Иә, егер сұлтандар оның жеткен биігіне қол жеткізудің қадірін білсе, барша дүние-мүлкін ойланбастан жұмсар еді.

***

Салжұқ сұлтаны Алауиддин Кейқұбат қаланың бекінісін тәмамдағанында Хазірет Мәуланың әкесі Бақауиддин Уәладтың келіп бекіністі көруін өтінеді. Ол оның бекініс жайлы пікірін білгісі келген болатын.

Хазірет Бақауиддин Уәлад бекіністі көріп былай дейді:

«Бекінісің селге һәм дұшпанның шабуылдарын тойтаратындай жақсы салынған екен. Бірақ сен қол астыңдағы зұлымдыққа ұшырағандардың, езіліп жаншылған жандардың қарғыс оқтарына қарсы қандай шара қолданбақшысың? Өйткені олардың қарғыс оқтары, сенің жалғыз бекінісің секілді жүз мыңдаған бекіністің талқанын шығарады. Дүниені ойран етеді.

Ең дұрысы, сен әділеттілік пен жақсылықтың мұнараларын тігуге кіріс! Ізгі жандардың арасынан дұға ететін әскер жасақта! Істің бұлай болуы, сен үшін мына бекінісіңнен қауіпсіздеу. Өйткені халық пен дүниенің тыныштығы, дұға ететін жан дүниесі бай әскердің саясында ғана жүзеге асады».

***

Сыртқы саясатта көптеген жетістіктерге қол жеткізген Йылдырым Баязит хан Анадолының бірлігі үшін үлкен қадамдар жасады. Әмірліктердің ең үлкені болып табылатын Қараман ұлдарының едәуір бөлігін Осман империясына қосты. Бірақ бұл бірігу олардың өз еріктерімен жүзеге асқан болатын. XV ғасырда өмір сүрген осман тарихшысы Ашық Пашазаде бұл уақиғаны былай деп хикая етеді:

«Баязит хан Конияға жақындағанда, қаланың қақпалары тарс жабылды. Алайда қырманның уағы болғандықтан Кония жазығының әрбір тұсында арпа және бидай үйінділері жатқан еді. Халық үрейленіп, бекініске тығылды. Оларды жинап алуға ешқандай мүмкіндік жоқ болатын. Мұны көрген Йылдырым Баязит ханның әскері бекіністің іргесіне жақындап, қала тұрғындарына: «Шығыңдар! Бізге арпа мен бидай сатыңдар! Аттарымызды жемдеп алайық!» - деп айқай салды. Халық бұл ұсынысқа таңырқап, тіс жарып ешнәрсе айтпады.

Бірнеше кісі: «Айтып тұрғандары рас па екен? Қанекей көрелік!» - деп бекіністен шықты. Әскердің тұсына келді. Мұны естіген Баязит хан әскеріне мынадай әмір берді.

«Бұлар біздің мұсылман бауырларымыз! Біреуге зұлымдық жасаудан сақтаныңдар! Құл ақысына мұқият болыңдар! Арпаның қожайындары арпасын өз қалауымен сатсын!»

Осылайша бекіністен шыққандар өз разылығымен және қалаған бағасына арпа мен бидайын сатты. Ақшаларын алып, риза болып бекініске

қайтты. Бекініс тұрғындары бұл ұлы әділеттілік пен адамшылықты көріп қаланың қақпаларын ашып, әскерді ішке кіргізді. Бұл уақиғаны естіген атыраптағы басқа қалаларға елшілер жіберіп, сұлтанды өз аймақтарына шақырды.

«Келіңдер! Қалаларымызды сендер билеңдер!» - деген дұғай-дұғай сәлем айтты».

***

Фатих сұлтан әділеттілікті ұстанатын, әрі әділеттілікті орнатуға күш салған қазыларға үлкен мән беретін. Олардың шығарған үкімдері жүзеге асу үшін тікелей өзі жәрдемші болушы еді. Бұл жайлы мына уақиғаға көз жүгіртіп көрелік.

«Сол дәуірдің алдыңғы қатарлы жандарының бірі Дәуіт паша жасаған зұлымдығы үшін Едірне қазысына келіп шағым түседі. Қазы, Дәуіт пашаны бұл істен бас тартуын ескертеді. Оған алатын жазасын да білдіреді. Екеуінің арасында талас туады. Таласта шектен шыққан Дәуіт паша қазының жағына салып-салып жібереді. Мұны естіген Фатих: «Әділеттің қызметшісі болған қазыны ұрған адам, дінді қорлаған, әрі дінді ойран еткен адам»,-деп пашаға ауыр жаза кеседі.

Дәуіт паша материалдық және рухани күйзелістен кейін төсекке таңылады. Қателігін түсінеді. Тәубе етіп, қатты пұшайман болады. Аллаһтың әміріне қайтып қарсы шықпайтындығына, әрі сондай теріс қылық жасамайтындығына уәде береді. Осыдан кейін Фатих екеуінің арасында жақындық пайда болып, уәзірлік қызметіне дейін өседі. Кейінірек II Баязиттің тұсында бас уәзірлік қызметін атқарады».

***

Явуз Сәлім сұлтанның Мысыр сапарында болған маңызды оқиғалардың бірі мынадай.

«Сұлтан орталықтан ұзап кеткендіктен қаржы мұқтаждығы байқалады. Бірнеше істер үшін бай бір саудагерден қарызға қаражат алынады. Кейін қазынадан күткен қаражат келеді. Қаржыгер қарызды өтеу үшін әлгі саудагерге барады. Саудагер қаржыгерге мынадай ұсыныс жасайды.

«Байлығым көп! Жалғыз ұлымнан өзге ешкімім жоқ. Қабыл етсеңдер, берген ақшамды сыйға тартайын. Тек бір шартым бар! Ұлыма мемлекеттік бір іс беріңдер!»

Қаржыгер саудагердің талабын сұлтанға жеткізеді. Сұлтан қатты ашуланып, қаһарына мінеді.

«Мына әкелген арам ұсынысың үшін, Аллаһқа ант етейін, сені де әлгі саудагерді де ойланбастан өлтірер едім. Алайда Сәлім сұлтан ақшаға

қызыққандығы соншалық саудагер мен қаржыгерді өлтіртті деген сөзден тайсалып тұрмын! Дереу саудагердің ақшасын қайтарыңдар! Әрі құзырыма мынадай арам, шариғатқа қайшы ұсыныстарды әкелмеңдер!» - дейді.

Кейін тексеру жүргізілгенде саудагердің яһуди екендігі белгілі болады. Ол іле-шала мемлекет орталығынан ұзақтатылады.

***

Польшада, «Османлылардың аттары Вистуль өзенінен су ішпейінше, бұл өлке бостандығы мен тәуелісіздігіне қол жеткізе алмайды» деген сөз бар. Міне осы сөз ата-бабамыздың әділеттілігін танытатын мақалға айналды. Шынымен-ақ Польша тарихта үш мәрте тәуелсіздігіне қол жеткізді. Олардың барлығы түрік аттарының Вистуль өзенінен су ішкен шақтарында болған. Иә, Османлы Польша халқының мемлекет ретінде қалыптасуына үлкен септігін тигізді.

Фатих сұлтанның әскері әйгілі «алтын көпір» деп аталған Константинопль қаласының бекіністерін шабуылдап жатқанда, Византия ақсүйектерінің бірі христиан Грандук Нотарастың әулие Софиядағы мәжілісте Пападан жәрдем сұрау ұсынысына қарсы шығып айтқан мына сөздері ғаламға мәшһүр болған.

«Бұл қалада кардинальдің шәпкесін көргенше, түріктердің сәлдесін көргенім артық!»

***

Әділеттілікті танытуда, көрсетуде өте биік шыңдарға қол жеткізген осман империясы христандардың империяға деген адалдығын арттыра түсті. Мына уақиға оған мысал бола алады:

«Қануни Сүлеймен сұлтан Венгрияға жасаған жорықтарының бірінде, бағзы венгрлер Германия императорының мүддесі үшін сұлтанды улап өлтіргілері келеді.

Олар сұлтанның жеке асшысы армян Манұқты христиандықпен алдауға күш салады. Алайда сұлтанның әділеттілігі мен адамшылығына қайран болып жүрген армян асшы бұл арам пиғылды ұсынысты қабыл етпейді».

***

Қануни Сүлеймен сұлтанның Австрияға жасаған сапарларының бірінде мынадай бір уақиға болады:

«Әскер дұшпанды өкшелеп, мұсылман болмаған ауылдардың тұсынан өтіп жатады. Сұлтан тынығу үшін аялдағанда бір христиан шаруа құзырына келіп: «Сұлтаным! Жауынгерлеріңіздің бірі бағымнан

жүзім жұлып, ақшасын орнына іліп кетіпті. Сол үшін сізге алғысымды білдірейін деп келдім», - дейді.

Сұлтан дереу іле-шала әлгі жауынгерді таптырып, жорықты ары қарай жалғастыруына тыйым салады. Ол бұл әрекетке таң қалған шаруаға былай дейді.

«Жауынгердің халі жеңістің алғашқы қадамы! Егер әлгі жауынгер жүзімнің ақшасын тастап кетпегенде, бұл әскердің аты залымдар әскері деп аталар еді. Әрі жауынгердің міндетті түрде басы кететін. Ақшаны жүзімге іліп кеткендіктен, басын құтқарып қалды. Алайда иесінің рұқсатынсыз мүлкіне қол сұққандықтан жорықты ары қарай жалғастыруына тыйым салынды».

Сұлтан аталмыш сапардан қайтып келе жатқан болатын. Алдынан кәрі бір әйел шыға келеді. Сұлтанның атының тізгініне жармасып: «Сенің үстіңнен шағым түсіремін», - дейді.

Сұлтан: «Кімге шағымданбақсың?» - деп сұрайды.

Әйел: «Сұлтаным! Иләһи сотқа шағымданамын. Өйткені сенің әскерің біліп істеді ме, яки білмей істеді ме білмеймін. Әйтеуір егістігімді таптап кетіпті. Бар егінім рәсуа болды», - деп жауап береді.

Сұлтан қатты мұңаяды. Үнжырғасы түсіп, басы салбырап кетеді. Көздері жасқа толып, көз жасына ерік береді. Артынша әйелдің көңілін хош етіп, риза етеді. Кейін сапарын ары қарай жалғастырады.

***

Қанунидің қол астындағыларға танытқан әділеттіліктерінің бірі мынадай:

«Мысыр уәлиі Мехмет паша Стамбулға жіберілетін жылдық табысты бір жолы мөлшерінен көп етіп жібереді. Мұны байқаған Қануни уәлиді мақтап, мадақтаған жоқ. Керісінше ашуға мініп: «Апырмай! Мына паша көзімізге түсу үшін Мысыр халқына ауыр міндеттер жүктеп, осынша қаражатты жинады ма екен?! Бұлай болса, зұлымдық жасаған екен», - дейді. Дереу пашаны Стамбулға шақыртады. Қануни пашаны қатты тергеуге алады. Нәтижеде пашаның айтқан сөзедерін сырттай қабылдағанымен, іштей көңілі толмады. Мысырдан келген қаржының артығын көпір арқалықтарын жөндеу тәрізді қалың көпшілікке арналған орындарға жұмсайды.

***

Ұзын сөздің қысқасы, зұлымдық қанша әсем көрінсе де соңы тастай қараңғылық, әділеттілік қанша ауыр көрінсе де соңы нұрлы. Кез келген шақта, кез келген жерде барша махлұқатқа әділеттілік танытқан

мұсылман баласы Аллаһтың, мұсылмандардың ыстық ықыласына бөленеді. Екі жаһанның құрметіне қол жеткізіп, бақыт теңізінде жүзеді.

Ал нәпсісінің дегеніне көніп, әділеттіліктен тайған жан еш нәрсеге қол жеткізбейді. Алдамшы, өтпелі кейбір пайдаға кенелгенімен, соңында орасан зор зиянға ұшырап, бармақ тістейді.

2. КЕШІРІМШІЛДІК, АЙЫПТЫ ЖАСЫРУ

Адамдардың қателерін кешіру және кемшіліктерін жасыру ең маңызды ахлақи көркем сипаттардың бірі. Хақ Тағаланың жақсы көретін бұл көркем ерекшелік иман мен ахлақтың кемелдігіне ишарат етеді. Аллаһ Тағаланың көркем есімдерінің бірі де оның кешірімшілдігін білдіретін «العفو» «әл-ғафу» (кешірімшіл) есімі болып табылады. Құран Кәрімде былай делінген: «(Ей, расулім!) **Кешірім жолын ұстан. Жақсылықты әмір ет. Надандардан аулақ бол!»** (Ағраф сүресі, 199-аят).

Кешірімшілдік Аллаһты сүйіп оның көркем мінезінен үлгі алу оған ұқсаудың нәтижесі. Өйткені жаратушылық көзімен жаратылысқа көз салу кешірімшілдіктің негізін қаламақ.

Кешірімшілдік – жазалауға күші жете тұрып кінәліні кеше білу. Бұл тұрғыдан алып қарасақ қақиқи ерекшелік нәпсінің дегеніне көнбей кешірімшілдік жолын таңдай білу. Аллаһ Тағала құлдарының кешірімшіл болуын қалайды. Кешірімшілікті сүйген құлдарынан ғибрат алуға лайықты құлдар екенін білдіреді. Өйткені олар шынымен-ақ ауыр істі атқарғандар. Нәпсілерін жеңіп кешірімшілдік және айыпты жасырушылық сипаттарына қол жеткізген жан. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Кімде-кім сабырлық танытып, кешірімшіл болса дау жоқ істердің ең маңыздысы осы»** (Шура сүресі, 43-аят).

«Олар (тақуа жандар) **кеңшілікте де, таршылықта да Аллаһ жолында мал сарп қылғандар. Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер. Адамдарды кешірушілер. Аллаһ та жақсылық жасаушыларды сүйеді»** (Әли Имран сүресі, 134-аят). Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Құл өзгелердің қателіктерін кешіре берген сайын Аллаһ Тағала да оның абыройын арттырады»*, - деген (Муслим, Бирр 69; Тирмизи, Бирр 82). Жеке басына жасалған қателіктерді көре тұра үндемеу және кеше білу, әуелде бір әлсіздік болып көрінуі әбден мүмкін. Ақиқатында ерекше қасиет ұлықтық сол. Хазірет Мәулана кешірімшіліктің хикметін былай деп түсіндіреді: «Алланың мейірімдігі әрдайым ашуынан үстем болмақ. Мұны біліп қой! Сондықтан әрбір пайғамбар өзіне қарсы шыққан дұшпанын жеңіп келген. Олай болса басқа келген пәледен құтылудың жолы қайғыру немесе зұлымдық жасау емес. Оған қолданар шара кешіру, кеше білу және жақсылық жасау.

«Садақалар бәледен қорғайды»,[140] - деген пайғамбардың сөзі сені ояртсын. Ендеше ауру мен бәлеге қолданар шараны жақсылап ұғын».

Исмайыл Хаккы Бурсауи былай дейді. «Ұстазым Атпазари Осман мырза былай дейтін: «Кісінің Хақ Тағаламен жасаған мәмілесінде ұстанатын ең дұрыс жол: тәслимат (толықтай мойын ұсыну) және разылық. Ал халықпен жасаған мәмілесінде болса ұстанар жолы кешірімшілдік пен жомарттық (Бурсауи I, 283, Бақара сүресінің тәпсірінде).

Сонымен қатар ашу үстінде кешіре білу бар. Ол одан артық қасиет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Күшті дегенің күресте қарсыласын жыққан емес, нағыз күшті ашуланғанында ашуын жеңе білген жан»* (Бұхари, Әдеп 76; Муслим, Бирр 107, 108).

«Шамасы жете тұрып ашуын жеңе білген кісіні Аллаһ Тағлала қиямет күнінде баршаның алдында шақырып хор қыздарының арасынан таңдағанын алуға ерік береді» (Әбу Дәуіт, Әдеп 3/4777; Тирмизи, Бирр 74, Қиямет 48; ибн Мәжә, Зуһд 18).

Аллаһтың Елшісі адамдармен жасаған мәмілесінде жеңілдікті артық көріп, зорбалыққа, ашуға, қызбалыққа жол бермейтін.

Көп ұзатпай кешіру, күнәмен көпшілікті қарсы алдындағы адамның халіне назар салып, өзіне тән әдіспен жоқ қылуы оның көркем дағдыларының бірі еді.

Ол жеңіске жеткен жорықтарында тұтқындарды кешірген еді. Өзіне қарсы шығып, сипаттауға тіл жетпейтін жамандық жасағандарға да жақсы мәміле, мейірімділік, рақымдылық танытып ұлылықтың үлгісін барша ғаламға көрсетті.

Қателік пен кемшілікті кешірумен қатар жамандыққа жақсылық жасау және жамандығын көре тұрып оның түзеліп тура жолға түсуі үшін дұға ету Аллаһ Елшісінің ерекше қасиеті еді.

Тайфта өзін таспен боратқандарды, Ұхудта тісін сындырып, жүзін жаралағандарға қарғыс айтпай тура жолға түсулері үшін дұға етуі бұған жеткілікті мысал бола алады. Әкелген дінінің құндылығын жоймау үшін Меккедегі мүшриктердің Аллаһтың қаһарына ұшырап жоқ болуларына жол бермей әрбірінің тура жолға түсуін тілеуі көптеген залымдардың құтылуына септігін тигізген.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді: **«Жақсылық пен жамандық тең емес, жамандыққа ең көркем әдіспен кедергі бол** (жамандыққа қарсы жақсылық қыл). **Сол уақытта сенімен екеуің араңда дұшпандық болған біреу, өте жақын достай болып кетеді»** (Фуссилат сүресі, 34-аят).

140. Тирмизи, Зекет 28; Суюти, әл-Жамиғус-Сағир I, 108.

Аллаһтың Елшісінің ұлы ахлақи көкжиегін көрсететін мына хадисшәріп мұсылмандарға мынадай жол көрсетеді: *«Адамдар жақсылық жасаса біз де жақсылық жасаймыз. Ал егер зұлымдық жасаса біз де зұлымдық жасаймыз деп әрбір істе өзгелерге еліктейтін кісілігі жоқ жандардан болмаңдар. Алайда өздеріңді жақсылық жасаса жақсылық жасауға, жамандық жасаса зұлымдық жасамауға дағдыландырыңдар»* (Тирмизи, Бирр 63/2007). Жақсылық жасағандарға жақсылық жасап, жамандық жасағандарға жамандық жасау жақсы қасиет емес. Жақсы қасиет – жамандық жасағандарға жауап қатпай жақсылық жасай білу. Өйткені жақсылық жасаған жан дұшпан болса дос болады. Ортада болса жақындайды. Жақында болса махаббаты одан сайын арта түседі. Алайда мынаны естен шығарып алмауымыз керек. Кешіру және кеше білу жеке басқа жасалған кінәларға қатысты. Бұл кінә қоғамға қатысты болса кешіруден гөрі түзетуге тырысу, әділдік таныту және дұрыс пен терісті жарыққа шығару керек. Өйткені мұндай бір кінәні кешіру одан да үлкен зұлымдыққа жол ашуы даусыз. Адамдық тұрғыдан алғанда мән берілетін істердің бірі осы. Мүминнің адамдардың кемшіліктерін іздемеуі, тіпті күтпеген жерден өзгенің айыбын яки кінәраттарын көрген уақытта жасыруы керек. Өйткені кейбір айыптар үшін «Жайылуы болғаннан бетер» деп айтылған. Яғни қоғамда бағзы кінәлардың құлақтан құлаққа жетіп жайылуы ол кінәнің істелгенінен артық нәтижелер беруі мүмкін. Сондықтан Хақ Тағала айып пен жамандықтың жайылуына қатты тыйым салады. Құран Кәрімде: **«Мүминдерге арасында арсыздықтың жайылуын жақсы көргендерге бұл дүниеде және ақыретте күйзелтуші азап бар»** - делінген (Нұр сүресі, 19-аят). Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: *«Кімде-кім бауырының айыбын жасырса, қиямет күні Аллаһ оның айыбын жасырады. Ал кімде-кім мұсылман бауырының айыбын жария етсе, Аллаһ та оның айыбын жария етеді. Тіпті үйінің ішінде айыбы арқылы абыройын төгеді»* (Ибн Мәжә, Худуд 5).

«Кімде-кім бауырын (тәубе еткен) күнәсі үшін айыптаса ол күнәні (өзі) істеместен көз жұмбайды» (Тирмизи, Қиямет 53/2505).

Айыпты жасырудың артықшылығын Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деп баян етеді: *«Кімде-кім бір мүминнің айыбын жасырса тірідей топыраққа көмілген қыз баласын қабірден шығарып тірілткенмен тең»* (Ахмет IV, 153-158; Әбу Дәуіт, Әдеп 38/4891).

«Өлікті жуып оның бойында көрген хош емес нәрселерді жасырған жанға Аллаһ Тағала қырық мәрте кешірім жасайды» (Хаким I, 506/1307; Бәйһақи, әс-Сунанул-Кубра III, 395).

Адамдардың жеке, жанұясына қатысты және өзге жасырын кемшіліктерін іздеу, айыптарын жария ету олардың рухани және ахлақи тұрғыдан бұзылуына тіпті адами құнын жоғалтуға себепші болуы әбден

мүмкін.[141] Айыптары табылып жария болған жандар айыптарын барлық жанның білетіндігіне көзі жетіп бірте-бірте ұялу сезімінен айрылады. Ұятын жоғалтқан адам кез келген нәрсені істей алады. Сонымен қатар өздері жайында жаман ойларды байқағанда көптеген жағымсыз қылықтар жасайды. Жек көру, өшпенділік және кекшілдік бойларын билеп алады. Бұлардың әрбір жанға және қоғамға тигізер залалы мол. Кісі өзгелердің айыбымен ауысудың орнына өз кемшіліктерін түзетуге тырысуы қажет.

Ибн Аббас (р.а.) былайша насихат етеді: «Достарыңның айыбын айтқың келгенде дереу өз айыптарыңды есіңе түсір!» (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад 328).

Әбу Һурайраның (р.а.) хикмет толы насихаттарының бірі мынадай болатын: «Сендердің араларыңдағы бірің бауырының көзіндегі қылшықты көріп өзінің көзіндегі үлкен келтекті ұмытып кетеді» (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад 592). Кез келген жан өзі істеген қателікті жария етпеуі, жасыруы қажет. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: *«Істеген күнәсін жария еткендер тыс өзге үмбетімнің барлығы кеширілген. Бір кісі түнде бір жаман іс жасап, Аллаһ оны жасырса да таңертең тұрып: «Ей, пәленше! Мен кеше былай істедім», - деп айтуы үлкен күнә. Шынында да сол түні Аллаһ оның жамандығын жасырған еді, бірақ ол таң атқанда Аллаһтың жасырғанын жария етеді»* (Бұхари, Әдеп 60; Муслим, Зүһд 52). Адам істеген күнәсын бір керемет іс екен деп жария етуі жамандықтың жайылуы демек. Хақ Тағала жамандықтың жайылуын жақсы көргендерді азаппен сүйіншілейді. Керісінше бұл дүниеде істеген күнәсын ұялып жасырған жанды қиямет күнінде қор қылмауы үміт етіледі. Қысқасы кейбір адамдар құлшылыққа үлкен мән бергендерімен Хақ Тағаланың басты сипаттарының бірі болған «Айыптарды жасырушы» деген мағынаға келетін сипатынан мақұрым қалады. Сондықтан рухани тұрғыдан ойдағыдай дәрежелерге қол жеткізе алмайды. Ал кешіру және айыпты жасыру көркем ахлақтың жақсы қасиеттерінің бірі.

Аллаһ Тағала біз секілді құлдарының есепсіз кемшіліктері мен қателіктерін жасырып кешіргені сияқты біз де кешірімшіл болуымыз ләзім. Ішкі жандүниесінде Аллаһ Тағаланың махаббаты болған жандар, кешірімшілікті де жанындай жақсы көреді. Аллаһтың құлдарын көбірек кешіріп, біз де оның кешіріміне лайық болалық.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Ибн Омар (р.а.): «Мен Аллаһтың Елшісінің былай дегенін естіген едім: *«Мумин қиямет күні Раббысының жақсылығына, игілігіне жақын*

141. *Әбу дәуіт, Әдеп 37/4888*

болғандығы соншалық, Аллаһ оған рақымдылық танытып қалың көпшіліктен жасырын істеген күнәларын мойындатады. «Мына күнәңді білесің бе? Ал мына күнәңді ше?» деп сұрайды. Мүмин: «Білмеймін, Раббым» деп жауап береді. Аллаһ Тағала: «Мен бұл күнәларыңды дүниеде жасырған едім. Бүгін кешіремін» дейді. Артынша оған жақсылықтары жазылған амал дәптері оралған күйде беріледі» (Бұхари, Тәпсір 11/4, Әдеп, 60, Таухид 36; Муслим, Тәуба 52; ибн Мәжә, Мұқаддима 13).

Аллаһтың Елшісі Мекке мүшриктерінің қаталдығы, қырсықтығы және зұлымдықтарынан ұзақтап өзіне қолдау көрсететін адамдар іздейді. Сондай үкілі үмітпен Тайфқа тағы туысқандарына бет алды. О бақытсыз жандар Пайғамбарымызды (с.а.у.) қабыл етпеді. Пайғамбарымызға (с.а.у.) жапа шектіріп қатты мұңайтты. Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтып келе жатқанда көңілі мұңға толы еді. Аллаһ Тағала Жәбірейіл (а.с.) мен бірге тау періштелерін жіберді. Періште не қаласа соны істейтіндігін, тіпті қаласа ол жақтағы екі тауды тайфтықтардың басына тастап жіберетіндігін білдірді. Ғаламға рақым нұры етіп жіберілген Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жоқ, мен Хақ Тағаланың олардың нәсілінен тек Аллаға құлшылық ететін және оған ешбір нәрсені ортақ етпейтін жандар шығаруын тілеймін»*, - деді (Бұхари, Бәдул-Халық 7; Муслим, Жиһад 111). Аллаһтың Елшісі өзін тасқа борап түрлі жамандықтар жасап қуып шыққан қауымды жоқ қылайын деп әмірін күткен періштеге осылай деп жауап берген еді. Өйткені Аллаһтың разылығы үшін кешіре білу оның ұлы қасиеттерінің бірі еді.

Бибі Айша анамыз (р.а.) былай дейді: «Аллаһтың Елшісі Аллаһ жолындағы соғыстардан тыс басқа уақытта бір әйелге немесе қызметшіге қысқасы, ешкімге қол көтермеген жан еді. Өзіне жамандық жасаған жаннан өш алмады. Алайда Аллаһтың тыйым салған әмірлері бұзылғанда, ол тыйымды бұзғанда Аллаһ үшін өш алатын» (Муслим, Фадаил 79; Әбу Дәуіт, Әдеп 4; ибн Мәжә, Неке 51).

Бір бәдәуи екі түйесімен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мешітіне келген еді. Аллаһ Елшісінің шапанын қатты тартып қалады. Шапанның жағасы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мойынында қызарған із қалдырды. Кейін бәдәуи түйелерін көрсетіп: «Ей, Мұхаммед! Мына екі түйеге жейтін тағам жүкте. Маған өз мүлкіңнен немесе әкеңнің мүлкінен беріп тұрған жоқсың», - деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) үш мәрте: «Жоқ өз мүлкімнен беріп тұрғаным жоқ. Бұлай деп ойлаудан Аллаһқа сиынамын. Бірақ мойынымды ауыртқаның үшін қысас жасамайынша (дәл солай етіп өшімді алмайынша) түйелеріңе жүк артпаймын», - деді. Бәдәуи: «Жоқ, уаллаһи қысас жасатпаймын», - деді. Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) қосқан шартын үш мәрте қайталады. Алайда бәдәуи әр мәртесінде қысас жасатпайтындығын айтты. Мұны естіген сахабалар орындарынан атып тұрды. Сахабалардың бәдәуиді далаға лақтырып тастауынан сескенген Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оларға қарап: «Сөзімді естігендер мен рұқсат

етпейінше орындарынан тапжылмасын», - деді. Сол жерде тұрған бір сахабаға түйелердің біріне арпа, басқасына құрма жүктеуін әмір етті. Кейін сахабаларына: «Аллаһтың берекетімен тараңдар», - деді (Әбу Дәуіт, Әдеп I/4775; Нәсәи, Қасама 24; ибн Мәжә, Либас 1).

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) туыстас көкесінің ұлы Әбу Суфян ибн Харис Пайғамбарлық келмей тұрып, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жақсы досы еді. Пайғамбарлық келгеннен кейін азулы дұшпанға айналып, оған қарсы әжуа өлеңдер жаза бастады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шайыры Хассан ибн Сәбит (р.а.) бұл әжуа өлеңдерге жауап қайыратын. Кейінрек Әбу Суфян жасаған ісіне қатты өкінді. Мәдинаға қарай жол тартты. Жолда Меккені бағындыруға келе жатқан Аллаһтың Елшісіне (с.а.у.) кезікті. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әбу Суфянның жүзіне назар салмады. Әбу Суфян қатты толқыды. Хазірет Әлидің (р.а.) үйреткен: **«Уаллаһи, шынында Аллаһ сені бізге үстем қылды. Ақиқатында біз қателік жасадық»** (Юсуф сүресі, 91-аят) деген аятымен кешірім сұрады. Мейірімділік пен рақымдылықтың телегей теңізі Пайғамбарымыз (с.а.у.): «(Жасаған ескі қателіктерің үшін) **бүгін сендерге сөгіс, айып тағу жоқ. Аллаһ сендерді кешіреді. Ол мейірімділердің ең мейірімдісі»** (Юсуф сүресі, 92-аят) деген аятты оқып оны және өзгелердің ескі қателіктерін кешірді. Әбу Суфян мұсылман болғаннан кейін ұялғаннан басын көтеріп Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бетіне қарай алмайтын (Уақиди II, 810-811; ибн Һишам IV, 20-24; ибн Абдил-Бир IV, 1674).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Меккені бағындырғаннан кейін Қағбаның маңына жиналған халыққа: «Ей, Құрайыш халқы! Дәл қазір мен сендерге не жасайды деп ойлайсыңдар?» - деп сауал қойды. Құрайыш халқы: «Біз сенің жақсылық жасауыңа үміттеніп, «игілік жасайсың» деп айтамыз. Сен жақсылық пен игілікті сүйетін бауырымызсың! Игілік пен жақсылық жасаған бауырымыздың ұлығысың», - деп жауап берді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мен де Хазірет Юсуфтың бауырларына айтқаны секілді «(Жасаған ескі қателіктерің үшін) **бүгін сендерге сөгіс, айып тағу жоқ. Аллаһ сендерді кешіреді. Ол мейірімділердің ең мейірімдісі»** (Юсуф сүресі, 92-аят) деймін. Кете беріңдер, сендер азатсыңдар», - деді.

Басқа бір сөзінде: «Бүгін мейірімділік күні. Бүгін Аллаһтың құрайыштықтарды Ислам арқылы күшейтіп үстем еткен күні», - деді. Мұның нәтижесінде Меккені бағындырудан алдын көптеген мұсылмандардың дүние-мүлкіне қол сұғып тіпті жанын қиғандар да бар еді. Солардың өзі тура жолға түсті.

Аллаһ Тағала Құрайыш мүшриктерін Пайғамбарының қолына түсіріп, оған мойын идірсе де Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) оларды кешіріп азат етті. Сондықтан Мекке тұрғындарына «Тулақа» яғни азат етілгендер деген ат

берілді.[142]

Хаббар ибн Әсуад ислам дұшпандарының ең азулыларының бірі еді. Түйе үстінде Мәдинаға хижрет етіп бара жатқан Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүйікті қызы Зейнепті (р.а.) найзасымен түйреп жерге түсірді. Хазірет Зейнеп жүкті болғандықтан баласы түсіп қалды және ауыр жарақат алды. Бұл жарақат кейінірек өліміне себепші болды. Хаббар бұл секілді талай қылмыстарды жасады. Мекке бағындырылғаннан кейін қашып қолға түспей кетті. Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) Мәдинада сахабаларымен отырған шағында мәжіліске кіріп мұсылман болғандығын білдірді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оны да кешірді. Сахабаларына оны сөгуді тіпті ауыспалы мағынада айып тағуларына тыйым салды (Уақиди II, 857-858).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) көпшіліктің ішіндегі кінәлі жанды білсе де ренжітпейін деген оймен оны белгісіз халге келтіретін, әрі сол кемшіліктен барша көпшілікті сақтандыратын. Кейде алдында тұрған жанның қателігін оның бойына жараспайтындығын айту мақсатында: «Маған не болған? Сендерді осылайша көріп тұрмын»[143], - деп жаңылыс көруді өзіне тағатын.

Сонымен қатар Пайғамбарымызға (с.а.у.) жағымсыз сөз жеткенде: «Пәленше неге бұлай деген?» - деп айтатын еді.

***

Абдулла ибн Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мінберге шығып, жуан дауыспен былай деп жар салды.

«Уа, тілімен мұсылман болып, жүрегіне иман орын теппегендер! (Мұнафықтар) Мұсылмандарға жапа шектірмеңдер! Оларды айыптамаңдар! Кемшіліктерін іздемеңдер! Өйткені кімде-кім мұсылман бауырының кемшілігін іздесе, Аллаһ та оның кемшілігін іздейді. Ал Аллаһ Тағала кімде-кімнің кемшілігін іздесе, оны үйінің ішінде болса да абыройын төгеді».

Ибн Омар қағбаға қарап: «Қадірің мен құрметің нендей ұлы! Алайда мүминнің Аллаһ құзырындағы құрметі сенен де ұлы», - деді (Тирмизи, Бирр 85/2032).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Қандай да бір күң зина жасап, әрі зина жасағандығы дәлелденсе,

142. Ибн Хишам IV, 835; ибн Сағд II, 142-143.
143. Бұхари, Манақиб 25; Муслим, Салат 119.

қожайыны оған тиісті жазасын берсін! Бірақ кінәсін бетіне басып, сөкпесін! Кейін екінші мәрте қайтып зина жасаса, дәл солай тиісті жазасын берсін! Алайда кінәсін бетіне басып балағаттамасын! Кейін аталмыш күң үшінші мәрте зина жасаса, қожайыны оны қылдан өрілген жіптің құнына болса да сатып жіберсін!» (Бұхари, Ғитқ 17, Хұдуд 35, 36; Буюуғ 66, 110; Мүслим, Хұдуд 30).

Міне Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) бойынан табылған, әрі барша мұсылман баласын осындай игі қасиетке шақырған ислам діні нендей ұлық!

Ислам діні тіпті ең ауыр күнәні істеген кісінің өзіне дөрекі сөйлеуге рұқсат етпеген.

Жүсіп пайғамбардың (а.с.) өзін құдыққа тастап, өліммен бетпе-бет қалдырған бауырларын кешіруі мұсылман тарихында алтын әріптермен жазылған дүние. Ол әуелі қараңғы құдыққа тасталады. Кейін одан шығарылып, құл секілді сатылады. Кейінірек зынданға қамалады. Уақыт өте келе Аллаһтың қалауымен Мысырдың қаржы министрі болады. Жамандық жасаған бауырлары жұттан құтылмақшы болып, Мысырға келеді. Олар оған мұқтаж күйге түскен еді. Жүсіп (а.с.) қолында жазалауға мүмкіндігі бола тұра, оларды жазалаудан бас тартады. Керісінше бауырына басып, олардың қателігін кешіреді. Мұнымен шектеліп қалмай, өздерін еркін сезінуін әмір етеді.

Хақ Тағала Құран Кәрімде бауырларының Жүсіпті (а.с.) таныған сәтін былай деп суреттейді: **«Бауырлары: «Расында сен Жүсіпсің бе?» - деді. Ол: «Иә, мен Жүсіппін! Мынау бауырым! Шынында Аллаһ бізге** (көптеген) **игілік жасады. Шын мәнінде кімде-кім Аллаһтан қорықса, әрі** (басына келген қасіретке) **сабырлық танытса, күдіксіз Аллаһ игілік жасаушылардың еңбегін зая етпейді», - деді. Олар: «Уаллаһи! Аллаһ шынында сені бізге үстем етті. Ақиқатында біз қателік жасадық!» - деді. Жүсіп (а.с.): «Жасаған ескі қателіктерің үшін бүгін сендерге сөгіс айту яки айып тағу жоқ. Аллаһ сендерді кешіреді. Ол, мейірімділердің ең мейірімдісі», - деді»** (Жүсіп сүресі, 90-92 аяттар).

Кейінірек әке-шешесімен кездескен сәті былай деп суреттеледі:

«Әке-шешесін тағына отырғызды. Барлығы оған (қауышқандығы үшін) **сәждеге жығылды. «Әкетайым! Міне бұл бұрынғы көрген түсімнің жоруы. Расында Раббым оны ақиқатқа айналдырды. Сондай-ақ шайтан мені мен туыстарымның арасын бұзғаннан кейін, мені зынданнан шығарып, сахарадан сендерді әкеліп, маған көп игілік жасады. Күмәнсіз Раббым қалаған жанына мейірімді. Ол толық білуші, хикмет иесі»** (Жүсіп сүресі, 100-аят).

Бұл аяттар аталмыш уақиғаны баяндаумен ғана шектеліп қалмай, тәрбие әдістерінің ең жоғарғысына ишарат етуде. Ол, жамандыққа

жақсылық жасау болып табылады. Өйткені мұндай ұлылық арқылы дұшпанның дұшпандығы жойылады. Дос та емес, дұшпан да емес ортадағы жандар достыққа бейімделеді. Ал досқа келсек, оның махаббаты одан сайын арта түседі.

Жүсіп (а.с.) бауырларына таңертеңнен кешке дейін салтанатты қонақасы беретұғын. Бауырлары бұрынғы жасаған қателіктерін еске алып, мұндай құрметке лайық емес екендіктерін ойлап, қатты ұялады. Жүсіпке адам салып: «Сен бізге таңның атысы, күннің батысы қонақасы беріп жатырсың! Алайда біз істеген қателіктерімізді ойлаған сайын жанымызға батып барады», - деп сәлем айтады.

Жүсіп (а.с.) оларды былай деп жұбатты.

«Мысырлықтар дәл қазіргі уақытқа дейін мені алғашқы көрген көздерімен қарайтын. Жиырма дирһамға сатып алынған құлды осындай дәрежеге көтерген Аллаһты пәктейміз», - деп сарнайтұғын. Ал қазір құдайға шүкір сендердің арқаларыңда үлкен абыройға қол жеткіздім. Өйткені олар, менің сендерге туыс әрі ұлы Ибраһим пайғамбардың (а.с.) немересі екендігімді біледі.

Ол әкесіне де: «Шайтан бауырларым мен арамды бұзды»,-деп бауырларының мұңын азайтқан болатын. Жүсіп бұл сөздердің барлығын бауырларының көңілін аулау үшін айтқан еді. Иә, бұл уақиға оның кешірімшілдігінің, айыпты жасыра білу кеңдігін көрсетті. Өйткені ол, жамандыққа жақсылық жасауды мұрат етті. Жеке басына жасалған зұлымдықтарды Хақ Тағала разылығы үшін ұмытып кетудің теңдессіз үлгісін танытты.

***

Әбубәкір (р.а.) Мистаһ атты кедейге әрдайым көмек көрсететін. Қызы Айша анамызға (р.а.) «ифк» уақиғасында жала жабылған еді. Жала жапқандардың арасында оның да бар екендігін естіген Әбубәкір (р.а.) екінші мәрте оған, әрі жанұясына жақсылық жасамайтындығына ант етеді.

Көмек үзілгеннен кейін Мистаһ пен жанұясы бейшара халге түседі. Осы уақиғадан кейін Хақ Тағала төмендегі мына аяттарды түсіреді:

«Сендердің араларыңдағы ізгілік пен молшылыққа ие болғандар жақындарына, міскіндерге, Аллаһ жолында һижрет еткендерге инфақ етпейміз деп ант етпесін! Ғафу етіп, кешірсін! Аллаһтың сендерді кешіруін жақсы көрмейсіңдер ме? Аллаһ, аса кешірімді. Өте мейірімді» (Нұр сүресі, 22-аят).

«Аллаһ атымен ант етіп, Аллаһтың есімін жақсылық жасамауға, тақуа болмауға, адамдардың арасын жарастырмауларыңа кедергі

етпеңдер! Аллаһ (барша нәрсені) **көруші, естуші»** (Бақара сүресі, 224-аят).

Бұл аяттар Аллаһ Тағаланың құлдарына деген мейірімділігін көрсететін бұлтартпас айғақ. Сондай-ақ игі жанның мәртебесін өсіретін тұсты да меңзейді.

Аталмыш аяттар түскеннен кейін Әбубәкір (р.а.): «Әрине! Мен Аллаһтың мені кешіруін қалаймын!» - дейді. Артынша іле-шала антының каффаратын өтеп, бұрыннан жасап келе жатқан игілігін ары қарай жалғастырады (Бұхари, Мағази 34; Мүслим, Тәубе 56; Табари, Тәпсір II, 546).

Адалдықтың заңғар биігі Айша анамызға (р.а.) жала жапқандардың етегінде кеткен жандардың бірі Хассан ибн Сәбит (р.а.) болатын. Алайда қадірлі анамыз (р.а.) оны Аллаһ Елшісіне деген махаббаты үшін кешіреді. Жиені Ұруа ибн Зұбайыр былай деп әңгімелейді:

«Нағашы әкпем Айшаның (р.а.) жанында Хассанға ашуланып, тіл тигізе бастадым.

Айша (р.а.) мені тоқтатып: «Оны сөкпе! Өйткені ол, жазған өлеңдерімен Аллаһ Елшісін (с.а.у.) (қызғыштай) қорғайтын», - деді (Бұхари, Әдеп 91).

Яғни Аллаһ Елшісіне деген махаббаты, Айша анамызға жала жапқандығын ұмыттырып жібереді.

Нендей ұлы махаббат! Нендей орасан кешірімшілдік қасиет!

***

Ұхуд соғысында мүшріктер жеңілуге шақ қалған тұста, күтпеген жерден Ібіліс: «Уа, Аллаһтың құлдары! Арттараңа қараңдар!» - деп баж ете қалады.

Айқайды естіген алдыңғы қатардағылар кері қайтып, арт жақта келе жатқандармен шайқасқа түседі. Дәл сол сәтте Хұзайфа (р.а.) мұсылмандардың жаңылысып, әкесіне қарай атой салып жатқандығын көріп: «Уа, Аллаһтың құлдары! Әкем! Әкем!» - деп айқайға басады. Алайда мұсылмандар қым-қуыт шайқастың ішінде оның дауысын естімейді. Әкесін өлтіріп тынады.

Мұны көрген Хұзайфа (р.а.) бар болғаны: «Аллаһ сендерді кешірсін!» - деумен шектеледі.

Хазірет Ұруа (р.а.) былай деп жеткізеді:

«Уаллаһи! Хұзайфаны осы ұлылығы, кешірімшілдігі өмірінің соңына дейін жалғасты. Ол мұсылман әкесін шәһит еткен мұсылмандарға арнап дұға жасайтын. Истиғфар ететін» (Бұхари, Манақибул-ансар 22).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әкесінің құнын алып бергенде, Хұзайфа (р.а.) ол қаражаттың барлығын кедей мұсылмандарға садақа ретінде таратып

жібереді.[144]

***

Мұсылман баласы «тажассустан» сақтануы қажет. Яғни ешкімнің айыбын, кемшілігін іздемеуі керек.

Хақ Тағала Құран Кәрімдегі **«**(Біреудің) **кемшілігін іздемеңдер!»**[145] деген аяты арқылы бұл жағымсыз әрекетке тыйым салған.

Ұқба ибн Амрдың хатшысы болған уақиға өрісін былай деп тарқатады:

«Мен Ұқбаға келіп: «Уа, Ұқба! Көршілеріміздің кейбіреулерінің арақ ішетіндігін байқап қалдым! Қала сақшыларын шақыртайын! Оларға дереу тыйым салсын!» - дедім.

Ол маған: «Олай етпегін! Сен әуелі оларға насихат айт! Ескерту жаса», - деді. Мен оның айтқанын бұлжытпай орындадым. Бірақ олар жағымсыз әдетті тәрк етуден бас тартты.

Мен Ұқбаға қайта келіп: «Оларға насихат еттім. Алайда жаман әдеттерін тастаудан бас тартты. Сақшыларды шақырамын», - дедім.

Ұқба: «Олай етпе! Өйткені мен, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): «Кімде-кім бір мүминнің айыбын жасырса, тірідей топыраққа көмілген қыз баласын қабірден шығарып тірілткенмен тең», - деп айтқандығын естіген едім», - деді (Ахмед IV, 153).

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандыққа ең көркем әдіспен кедергі бол! (Сол сәтте) **сенімен, екеуің араңда дұшпандығы болған біреу, өте жақын достай болып кетеді»** (Фұссилат сүресі, 34-аят).

Осы аятқа ибн Аббас (р.а.) мынадай түсініктеме берген екен:

«Аятта айтылған **«ең көркем әдістен»** мұрат, ашуланған шақтағы сабыр, жамандыққа душар болған шақтағы кешірімшілдік. Адамдар бұларды іске асырса, Аллаһ оларды қорғайды. Әрі дұшпандары бас иеді. Шынайы досқа айналады» (Бұхари, Тәпсір, 41).

***

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Сендердің араларыңнан біреу Әбу Дамдам секілді болуға шамасы жетпей ме? - деп сұрайды. Жанындағы сахабалар:

– Әбу Дамдам деген кім? - деп сауал қояды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

144. Ахмет Нагим, Тәжридус-сахих, аударма, Анкара, 1923, II, 468.
145. Хұжрат сүресі, 12-аят.

– Сендерден бұрын өмір сүрген қауымдардың бірінен болатын. Ол:

– Мені сөккенді яки тіл ұзатып ғайбаттағандарға ақымды халал етемін (оларды кештім) деп айтатұғын, - деп жауап береді (Әбу Дәуіт, Әдеп, 36/4887).

Табиғун буыны имам Қатада (р.а.): «Сендердің араларыңнан біреу Әбу Дамдам секілді болуға шамасы жетпей ме? Ол таң атқанда: «Аллаһым! Маған тіл ұзатқан, мені ғайбаттап абыройыма нұқсан келтірген құлдарыңа ақымды халал етемін!» - деп дұға ететұғын (Әбу Дәуіт, Әдеп 36/4886).

Нендей кешірімшілдік үлгісі! Ол жеке басына айтылған өсек, ғайбат, сөгу іспетті қатты жанға бататын айыптарды іле-шала кешіргендігін Аллаһқа білдіреді. «Құлдарыңа» деген сөзінен Аллаһқа деген махаббатын көруге болады. Иә, ол өзінің себебінен адамдардың қиямет күні қасіретке душар болмауын тілейді. Ол мұны Аллаһтың құлдарына жасаған игілігім, жақсылығым деп ойлайды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деп әңгімелейді:

«Сендерден бұрын өмір сүрген үмбеттердің бірінен бір кісі есепке тартылды. Оның кітабында жақсылық атаулыдан түк жоқ екен. Бірақ бұл кісі адамдармен қоян-қолтық араласқан жан болатын. Әрдайым қызметшісіне, қиыншылыққа тап болған кедейлердің қарызын кешіп жіберуді әмір ететін.

Аллаһ Тағала: «Біз кешірім жасауға одан да артық лайықпыз! Оның күнәларын жасырыңдар!» - деді (Мүслим 30; Ахмед IV, 120).

***

Әйгілі Жағфар Садықтың қызмет ететін құлы болатын. Өзіне өте жақын болады. Бір күні құл қолында сорпа толы ыдысты Жағфар Садықтың үстіне байқамай төгіп алады. Үсті-басы сорпамен былғанған Хазірет Жағфар ашуға булыққан кейіпте құлға қарайды. Құл:

– Мырзам! Құран Кәрімде «وَالْكَاظِمِينَ الْغَيْظَ» «(хақиқи момындар) **Ашуын жеңгендер»**[146] деп айтылған, - дейді. Жағфар Садық:

– Жарайды! Ашуымды жеңдім! - дейді. Құл:

– Мырзам! Дәл сол аяттың жалғасында «وَالْعَافِينَ عَنِ النَّاسِ»«(хақиқи мүминдер) **адамдардың кемшіліктерін кешіреді»** деп айтылған, - дейді. Жағфар Садық:

– Жарайды! Кешірдім сені! - дейді. Құл:

– Мырзам! Дәл сол аяттың соңында «وَاللّٰهُ يُحِبُّ الْمُحْسِنِينَ» **«Аллаһ**

146. *Әли Имран сүресі, 134-аят.*

жақсылық жасаушыларды сүйеді» деп айтылған, - дейді. Жағфар Садық:

– Жарайды! Бар! Сен азатсың! Сені Аллаһ разылығы үшін азат еттім, - дейді.

***

Қызметшісінің болмашы дүниеге сатылып, у салған асынан ауыз тиер-тимес өлім тырнағына іліккен халифа Омар ибн Абдулазиз дереу қызметшісін шақыртады. Оған қарап: «Мені улағандығың үшін қанша ақша алдың?» - деп сұрайды. Қызметші: «Мың динар алдым!» - деп жауап береді.

Әділдігіменелаузынаіліккенхалифаныңжүзіненашуізібайқалмайды. Қызметшісіне мың динарды қазынаға өткізуін әмір етеді. Әрі мұндай ауыр қылмыс істеген қызметшісіне кешірім жасайды. Өйткені ол, ұлы Раббысының құзырына пәк таза жүрекпен шыққысы келген болатын.

***

Әйгілі Халлаж Мансұр тасқа боралғанда: «Уа, Раббым! Менен бұрын мені тасқа борағандарды кешір», - деп жалбарынады. Осылайша тіпті өлімінің соңында ұлы әрекет жасаған болатын.

***

Хазірет Хатем Асамның төмендегі мына уақиғасы ғибратқа толы:

«Ол, мұңды, бейшара бір әйелмен сөйлесіп тұрған еді. Әйел дертін жан-тәнімен түсіндіріп тұрғанында, ішінен жағымсыз дауыс шығады (еріксіз жел шығарып қояды). Бейшара әйел балауыз секілді еріп, езіліп кетеді. Шейх ешбір нәрсе естімеген жан секілді, байсалдылық танытады. Қолын құлағына апарып: «Айтып тұрғаныңды естіп тұрғаным жоқ. Ауыр естимін. Қатты дауыспен айтыңыз. Мен кереӊ адаммын», - дейді.

Кемшілігім білінбей қалды-ау деп ойлаған әлгі әйел өмірге қайта оралғандай күй кешеді. Осы уақиға Хатемге «Асам», яғни кереӊ деген лақап таңды. Ғалым әйелдің кемшілігі білініп қалмасын деген ниетпен, ол әйел бақилық болғанға дейін халық арасында өзін кереӊ етіп көрсетеді. Ол, әйелдің өлімін естігеннен кейін жанында еріп жүрген шәкірттеріне: «Құлағым жақсы еститін болды. Орташа дауыспен сөйлесе беріңдер!» - дейді.

***

Шейх Сағди «Гүлістан» атты кітабында былай дейді:

«Күнәһар құлдың бірі қабыл болады-ау деген үмітпен қолын жайып дұға етеді. Жалбарынады. Бірақ Аллаһ Тағала оның дұғасын қабыл етпейді. Ол мойымай қайта дұға етеді. Аллаһ Тағала бұл жолы да қабыл етпейді. Құл үшінші мәрте қолын жайып дұға етеді. Жалбарына ба-

стайды. Бұл жолы Хақ Тағала: «Уа, періштелерім! Құлымның мойымай қайта-қайта жасаған дұғасын қабыл еттім. Қалағанын бердім. Өйткені құлымның бірнеше мәрте дұға етіп, ыңырсуынан ұяламын», - дейді.

Мұнан кейін шейх Сағди: «Аллаһтың игіліне қарашы! Күнәні істеген құл, ал ұялып жүрген Хақ Тағала», - дейді.

***

Қылығы оғаш наубайшы ғұмыр кешеді. Сауда-саттық жасағандардың арасынан бәз біреулер оған жалған ақша беріп жіберетін. Алайда ол жалған ақша екендігін біле тұра ләм мим демейтін. Сұраған нанын беретін. Сол маңайда тұратындардың барлығы оның бұл оғаш қылығына таңданатын. Сырын түсінбейтін. Ажал сәті келгенде, наубайшы қолын жайып, былай деп жалбарынады:

«Аллаһым! Көптеген жылдар бойы адамдар маған жалған ақша беріп келді. Мен, әлгі ақшаларды олардың бетіне лақтырмадым! Сұрағанын беріп келгендігімді білесің!

Аллаһым! Дәл қазір мен, Сенің құзырыңа жалған құлшылықтарыммен келемін. Оларды бетіме баспа!».

Тоқсан сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, айыпты жасырушылық мұсылмандықтың басты ерекшелігі болып табылады. Иә, көбінесе жамандықтарды жария етудің пайдасы болмай жатады. Керісінше залалы мол болмақ. Ал егер жасырсақ, мұның пайдасы тиері хақ. Мұндай әрекет қателіктердің жойылуына, көңілде кірбің ұялатуға кедергі болады. Сонымен қатар кешірімшілдік адамдарды тәрбиелеуде ықпалы мол әдіс.

Әрбір адамның қателігі мен кемшілігі болады. Өзгенің қателігімен, кемшілігімен айналысып, өзін ұмытқандардың халі нендей күлкілі! Ал өз-өзін есепке тартып жүрген кісі күнә атаулыдан арылып ізгі жандардың қатарына енуі әбден мүмкін.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Өзгенің кемшіліктерімен алыспай, өз кемшіліктерімен шұғылданған жанды сүйіншілеймін»*, - дейді (Әли әл-Муттақи XV, 865/43444).

Иә, кез келген жан қателігінің кешірілуін, ұмытылуын қалары хақ. Ар азабынан тезірек құтылып, тура жолдың даңғылына келеді.

Иә, өзінің қамын осылайша ойлап, алайда өзгенің кемшілігін іздеуі нендей ынсапсыздық десеңізші!

Иә, біз бүгін қолда мүмкіншілік бар да Аллаһтың құлдарын кешірелік. Дүние кезек демекші уағы келіп жеткенде олар бізді кешіп жатар. Яғни, кешіре беріп, кешіре беріп кешірімге лайық күйге енелік!

Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«Аллаһтың сендерді кешірулерін жақсы көрмейсіңдер ме?»** - дейді (Нұр сүресі, 22-аят).

3. ҚҰЛ АҚЫСЫН ЖЕМЕУ (өзгенің ақысына қол сұқпау)

Аллаһ Тағала адам баласын ең көркем пішінде жаратқандығын Құран Кәрімде тілге тиек етеді.[147] Мұнымен шектеліп қалмай оған сансыз нығметтер нәсіп етті. Біршама құқық берді. Осы құқық негізін сақтау үшін көптеген қағидалар, ережелер қойды.

Хақ Тағала берген құқықты таптап, құл ақысын жеу үлкен кәнәға жатады. Ұлы Раббымыз құл ақысынан өзге күнәнің барлығын кешіреді. Ал құл ақысының өтеуін зұлымдыққа ұшыраған жанның қолына береді. Сол себепті тәубе етіп, құл ақысын өтеуге ниеттенген кісі әуелі, зұлымдық жасап, ақысын жеген жаннан кешірім сұрауы тиіс.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Шәһиттің құл ақысынан өзге барша күнәсін Аллаһ Тағала кешіреді» (Мүслим, Имара, 119).

Жанын Аллаһ жолында құрбан еткен шәһиттің халі осындай болып жатса, басқалардың халі қандай болмақ? Хақ Тағала құл ақысын жеуге тыйым салады. Құран Кәрімде мүминдерге былай деп ескерту жасайды: **«Өз араларыңда дүние-мүліктеріңді теріс жолмен жемеңдер! Сонымен қатар, біле тұра теріс жол арқылы адамдардың дүние-мүлкінің бір бөлігін жеп қалу үшін билерге (пара) бермеңдер!»** (Бақара сүресі, 188-аят).

«Уа, иман келтіргендер! Өзара разылық арқылы жүзеге асатын сауда-саттықтан тыс, өз араларыңда дүние-мүліктеріңді теріс жол арқылы жемеңдер!» (Ниса сүресі, 29-аят).

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағы сахабаларға қарап: «Жалған ант ішіп, мұсылманның ақысын жегенге Аллаһ Тағала жәннатты харам етеді. (Ал) тозақты парыз етеді», - дейді.

Сахабалар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Болмашы нәрсе болса ше?» - деп сұрайды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Арақ ағашынан бір шыбық болсадағы», - деп жауап береді. Әрі Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл сөзін үш мәрте қайталайды (Мүслим, Иман 218; Муатта, Ақдия 11).

Құл ақысын жеп, сормаңдай болған жанның қияметтегі аянышты халін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деп суреттейді:

«Кейбір жандар Аллаһтың мүлкіне қол сұғып, дүние жинауға кіріседі.

147. Исра сүресі, 70-аят; Тин сүресі, 4-аят.

(Ал ақиқатына жүгінсек) бұл, қиямет күні оларға оттан өзге еш нәрсе емес» (Бұхари, Хумус 7).

«Кімде-кімде дін бауырының абыройына, намысына яки дүние-мүлкіне қатысты зұлымдығы болса, алтын мен күміс болмайтын қиямет күні келмей тұрып, ол кісіден адалдық сұрасын (яғни, кешірім сұрасын). (Бұлай істелмеген күнде) өзінің игі істері болып жатса, содан жасаған зұлымдығының мөлшеріндей сауап алынады (зұлымдыққа ұшыраған кісіге беріледі). Ал игі істері болмай жатса, өзі зұлымдық жасаған дін бауырының күнәларынан алынып, оған беріледі» (Бұхари, Мазалим 10, Риқақ 48).

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларымен отырғанда: «Мұфлистің кім екенін білесіңдер ме?» - деп сұрайды. Сахабалар: «Біздің пікірімізше «мұфлис» деген, қаражаты мен дүние-мүлкі жоқ кісі», - деп жауап береді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Күмәнсіз үмбетімнің мұфлисі мынадай кісі: Қиямет күні туғанда намаз, ораза және зекет сауабымен (Хақ Тағаланың құзырына) келеді. Бірақ мынаны балағаттағаны үшін, анаған зина жасады деп жала жапқаны үшін, ананың малын жегені үшін, мынаның қанын төккендігін үшін, мынаны ұрғандығы үшін істеген игіліктерінің сауабы анаған-мынаған беріледі. Құл ақысын өтеместен, сауабы таусылып жатса, (өзі зұлымдық жасап) зұлымдыққа ұшыраған жандардың күнәлары беріледі. (Осылайша) соңында тозаққа түседі» (Мүслим, Бирр 59; Тирмизи, Қиямет 2; Ахмет II, 303, 324, 372).

Құл ақысын жеудің ең қорқынышты түрі, өсім алу болып табылады. Мұндай зұлымдықты жасағандарға Аллаһ Тағала күйзелтуші азап әзірлейді.[148] Өсім жегендер шындығын айтсақ Аллаһқа және Оның Елшісіне (с.а.у.) соғыс ашады. Қиямет күні қабірлерінен шайтанның шылауына оралып, есеңгіреген кісі секілді оянады. Иә, өсім жейтіндер сырт көзге керемет ақша тауып жатқандығы көрініп тұрса да, ақиқатын айтсақ Аллаһ Тағала оның берекесін алып қояды. Түптеп келгенде жоқ етеді. Ал адал жолмен істелген сауда-саттықтың берекетін арттырады. Сонымен қатар ол, өсім жейтін құлдарын жақсы көрмейді.[149]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дегеніне сүйенсек, өсім адамның түбіне жетеді. Күнаға батыратын жеті күнәнің бірі болып табылады.[150] Өсім жеген, арадағы келісім-шартты жазған хатшы, оған қоса куә болғандар Аллаһ

148. Ниса сүресі, 161-аят.
149. Бақара сүресі, 275-279 аяттар; Рум сүресі, 39-аят.
150. Бұхари, Уасая 23, Тыб 38, Худуд 44; Мүслим, Иман 145.

Тағаланың лағнетіне ұшырайды.[151] Өсім арқылы көбейген дүние, түптеп келгенде жоқ болып кетеді.[152] Өсім жегендердің аянышты халі Пайғамбарымызға (с.а.у.) көрсетілген. Тіпті хадистерде олардың қып-қызыл (болып ағып жатқан) өзенде тас шайнап жүзіп жүргендіктері айтылған (Бұхари, Тағбир 48).

Құл ақысын жеу сауда-саттықта молынан кездеседі. Хақ Тағала былай деп ескерту жасайды:

«(Уа, иман келтіргендер!) **Өлшегенде толық өлшеңдер! Тура таразымен тартыңдар!** (Бұлай істеулерің) **һәм қайырлы һәм** (ақыретте) **нәтиже тұрғысынан жақсы** (болып табылады)» (Исра сүресі, 35-аят).

«Өлшеу мен (таразыға) **тартқанда кеміткендерге үлкен азап бар! Олар, адамдардан бір нәрсе өлшеп алғанда, толығымен дұрыс өлшеп алады.** (Ал керісінше адамдарға) **өлшеп бергенде яки таразыға тартып бергенде кемітеді. Олар,** (есеп беру үшін) **ұлы күнде** (қияметте) **қайта тірілетіндерін ойламай ма? Ол күні, барша адамзат баласы әлемдердің Раббысының** (құзырында) **тұрады»** (Мутаффифин сүресі, 1-6 аяттар).

Үмбетінің қамын жеп, мұңайатын Пайғамбарымыз (с.а.у.) әрдайым мұсылмандарды қауіпті нәрселерден сақтандырып отырған.

Аллаһ Тағаланың және Елшісінің (с.а.у.) ескертулеріне құлақ аспай, өз бетімен әрекет еткендердің соңы жақсы болмайды. Өйткені мазлұмның (зұлымдыққа ұшырағанның) дұғасы міндетті түрде қабыл болады.

Құл ақысын жеудің көп салалы тармағының бірі, қоғамның ортақ мүлкі мемлекет яки уақыф (қор) қаражатын жеу, өз пайдасына жарату болып табылады. Бұл өте қауіпті. Өйткені кейін істеген ісіне өкініп, кешірім сұрағысы келсе, кімді табады, кімнен сұрайды.

Әсіресе билік басында жүрген жандар құл ақысын жемеуге күш салуы тиіс. Сонымен қатар даулаушы өзінің толықтай құқығы бар ма, жоқ па, соны алдын-ала таразылауы қажет. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«Мен қарапайым адаммын. Сендер дауласып менің құзырыма келіп жатасыңдар. Бәлки араларыңдағы біреу, (сөзге ұста болып), өзге біреуге қарағанда айтар сөзін артықтау жеткізуі мүмкін. Мен де тыңдағаныма қарай, әлгі кісінің пайдасына шешім шығарамын. Кімде-кімнің пайдасына, өзгенің ақысын таптап үкім шығарсам, оған тозақтың бір бөлігін бөліп беремін» (Бұхари, Шаһадат 27; Мүслим, Ақдия 4).

Сонымен қатар біреудің дүние-мүлкіне қол сұғып ұрлау, рұқсатсыз қандай да бір нәрсені алу, кез келген жанды ренжіту, қорқыту, абырой-

151. Әбу Дәуіт, Буюғ 4/3333; Тирмизи, Буюғ 2; Ахмед I, 393.
152. Ибн Мәжә, Тижарат 58; Хаким IV, 353/7892.

ына дақ салу, пара беріп дегеніне жету, қарызды кешіктіру яки өтемеу іспетті жағымсыз іс-әрекеттер құл ақысына кірері хақ.

Құл ақысын жеу, үкімі харам болғандықтан адамның ішкі жан сарайына үлкен залал тигізеді. Кез келген жанға игі іс істеудің орайы келмейтіндігі де тікелей осыған байланысты. Құлшылығын риясыз атқарамын деген ниеті бар кісі, міндетті түрде құл ақысын жеуден жағымсыз, үкімі харам нәрселерден бойын аулақ ұстауы тиіс.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Харб ибн Сурайыж (р.а.) есімін атамаған кісіден төмендегі мына уақиғаны былай деп әңгімелейді:

«Мәдинаға келіп, сайға түстім. Қарасам, екі кісі үлкен бір ешкіні саудалап жатыр екен.

Сатып алушы сатушыға қарап: «Біраз түсірсеңші?» - деп тұр екен. Дәл сол сәтте, қарсы алдымнан келе жатқан біреуді көрдім. Ішімнен: «Мынау келе жатқан, әлгі Хашим атасынан шыққан, халықтың дінін ауыстырып, пұттардан бас тартуды талап етіп жүрген кісі емес пе?» - дедім. Назар салып қарасам, келе жатқан кісі әдемі, маңдайы ашық, жіңішке мұрынды, қалам қасты, кеудесі қара қылды екен. Үстінде екі бөліктен тұратын ескі киім бар еді. Біздің тұсымызға келіп, сәлем берді. Сәлемін алдық. Сол-ақ екен сатып алушы оған қарап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мынаған бірдеңе деңізші! Біраз түсірсін!» - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қолын көтеріп былай деді:

«Дүние-мүліктерің сендердің қолдарыңда! Қиямет күні Аллаһқа қауышқанымда, сендердің ешбіріңнің дүние-мүлкіне, жанына, абыройына «мен қол сұқты» деген дауды көргім келмейді. Аллаһ Тағала, сатқанда, сатып алғанда, үкім шығарғанда, біреумен дауласқанда жеңілдік көрсеткенге рақымдылық танытсын!»

Осы уақиғаны нақыл еткен кісі, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сөздерінен қатты әсерленіп, оның соңына түседі. Ислам діні жайлы сұраттырады. Соңында: «Айтқан нәрселерің нендей керемет», - деп мұсылмандықты қабыл етеді. Артынша былай дейді.

«Осы күнге дейін, одан артық ешкімді жек көрмейтінмін. Сол сәттен бастап ол, баламнан, әке-шешемнен және барша адамзат баласынан сүйікті халге жетті!» (Хайсами IX, 18).

***

Әнәс ибн Мәлік (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір топ кісі Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі!

Бағалар көтеріліп кетті. (Дүние-мүліктің) бағасын бізге қойып беріңіз», - деп өтінді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Бағаны қоятын Аллаһ. Ризықты молайтатын яки азайтатын да сол. Ал мен, ешбір жан менен қан немесе дүние-мүлік жайында ақы сұрамастан Аллаһқа қауышуды қалаймын»*, - деді (Әбу Дәуіт, Буюуғ 49/3451; Тирмизи, Буюуғ 73/1314).

***

Мұсылмандар Хайбар жорығына дайындық жүргізіп жатқан болатын. Бұл әрекет Мәдинадағы яһудилердің көңілінен шықпады. Аллаһ Елшісінің Қайнуқа, Надыр және Құрайза яһудилерін жеңгені секілді Хайбар яһудилерін де жеңетіндігін түйсінді. Дереу әрекетке көшіп, мұсылмандарға бірді-екілі қарыз берген яһудилер жағаға жармасты.

Яһуди Әбу Шахмның Абдулла ибн Әбу Хадрадта (р.а.) алатын бес дирһам қарызы бар еді. Қарыз, Абдулланың әлгі яһудиден жанұясына арпа сатып алуынан туған болатын. Ол жағасына жармасқан Әбу Шахмға: «Сен маған біраз уақыт бер! Құдай қаласа қарызымды өтеймін. Өйткені Аллаһ Тағала пайғамбарына Хайбар олжасын уәде етті. Уа, Әбу Шахм! Біз Хижаздың ең жемісі мол, қазынасы байлыққа толы қаласына аттанып барамыз», - деді.

Яһуди Әбу Шахмның ызасы арта түсіп: «Сен, Хайбар яһудилерін, бұрыннан соғысып көрген арабтарың деп тұр мысың? Тәуратқа ант етейін! Олардың қаруланған он мың жауынгері бар», - деді.

Абдулла: «Уа, Аллаһтың дұшпаны! Сен біздің қорғауымызда жүрсің! Уаллаһи, сенің үстіңнен Аллаһ Елшісіне шағым түсіремін», - деп, оны қолынан жетектеп Аллаһ Елшісінің құзырына келді.

Абдулла сөз алып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына яһудидің сөзіне құлақ салшы!» - деп, Әбу Шахмның сөздерін жеткізді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ләм-мим деп жақ ашпады. Тек еріндері қимылдады. Не айтқандығы естілмеді.

Яһуди сөз алып: «Уа, Әбул-Қасым! Мынау маған зұлымдық жасады. Қарызымды өтемеді», - деп шағымданды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Абдуллаға бұрылып: «Бер мынаның ақысын!» - деді.

Абдулла өзінің пақыр екендігін, Хайбар олжасынан қарызын өтейтіндігін жеткізді. Алайда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) айтқан сөздерін екі мәрте қайталады. Мұны естіген Абдулла орнынан тұрып, базарға бет алды. Үстіндегі киімін шешіп, сәлдесін үстіне орап алды. Яһудиге қарап: «Мына киімімді сатып ал!» - деді.

Яһуди киімді төрт дирһамға сатып алды. Артынша Абдулла (р.а.) қалған қарызын да өтеді (Ахмет III, 423; Уақиди II, 634-635).

Міне Аллаһ Елшісі (с.а.у.) осылайша құл ақысының өтелуіне ерекше мән беретін.

***

Омар ибн Хаттаб (р.а.) былай деп хикая етеді:

«Хайбар ғазауатында едік. Сахабадан бір топ кісі Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Пәленше шәһит болды. Түгенше шәһит болды», - десті. Артынша тағы бір кісінің атын атап: «Пәленше де шәһит болыпты», - деді.

Мұны естіп тұрған Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Жоқ! Мен оны олжаға түскен дүние-мүліктен рұқсатсыз алған шапанымен бірге тозақта жүргенін көрдім», - деді. Содан соң маған қарап: «Уа, ибн Хаттаб! Адамдарға барып: «Жәннатқа тек мүминдер кіреді», - деп жар сал», - деді.

Мен тысқа шығып: «Жәннатқа тек мүминдер кіреді», - деп жар салдым» (Мүслим, Иман 182).

Олжа дүниеде барша әскердің ақысы болады. Бөлісуден алдын қандай да бір болмашы нәрсені алу күнә болып табылады.

Сонымен қатар кез келген мұсылман баласы Аллаһ және оның пайғамбарының әміріне бас иіп, бағынуы қажет. Күллі іс-әрекетімізде мұсылманшылықтың иісі аңқып тұру керек. Сол себепті ешқашан ислами қағидаларды жадымыздан шығармағанымыз жөн.

Ислам дінінің қағидаларын өміріміздің кез келген сәтінде қолдануымызды әмір ететін мына аятқа көз салайықшы!

«(Уа, елшім!) **Сен, тәубе етіп сенің қасыңда болғандармен бірге, саған әмір етілгендей туралықтан тайма! Әрі шектен шықпаңдар!»** (Хұд сүресі, 112-аят).

Осы аят түскенде, қорқыныш пен мұңға батқан Пайғамбарымыздың шашына, сақалына ақ түседі (Тирмизи, Тәфсирус-сура 56/3297).

Алайда тәпсіршілердің сөзіне құлақ ассақ, пайғамбарымыздың қайғысы өзі үшін емес, үмбеті үшін болатын. Өйткені **«**(Уа, Мұхаммед!) **сен тура жолдасың!»** деген аят түскен Пайғамбарымыз (с.а.у.), үмбетінің осы мәселе жайында енжарлық танытуынан қорыққан еді.

***

Пайғамбарымызға (с.а.у.) қызмет ететін Мидғам атты қара түсті құл болатын. Оны Рифаға ибн Зәйд сыйға тартқан еді. Пайғамбармыздың жүгін түсіріп жатқанда, қай жерден атылғандығы, кім атқандығы белгілісіз бір оқ тиіп көз жұмды. Мұсылмандар: «Әй, Мидғам! Жәннаттық болуың құтты болсын. Уа, Аллаһтың Елшісі! Қызметшіңнің жәннаттық болуы құтты болсын», - десіп өздерінің жәннатқа деген ыстық сағыныштарын білдіріп жатты. Мұны естіген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Жоқ олай емес. Жа-

нымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, Хайбар олжасы таратылмастан бұрын бір кілем ұрлап алған еді. Дәл қазір сол кілем оның үстінде лапылдап жанып жатыр», - деді.

Мұны естіген мұсылмандар қатты қорықты. Артынша бір кісі бір немесе екі аяқкиімнің бауын Аллаһ Елшісіне алып келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен олжаға түскен дүние үлестірілместен бұрын аяқиімім үшін мына бауды алған едім», - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Саған жәһаннам отынан бір бау немесе екі бау бар (яғни мына баудың кесірінен азап тартасың)», - деді (Бұхари, Айман 33; Мүслим, Иман 183).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сапар шеккенде жүктеріне жәрдем ететін Киркира атты кісі болатын. Бұл кісі қайтыс болды. Мұны естіген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Ол тозақта», - деді. Сахабалар әлгі кісінің үйіне барып, заттарына көз жүгіртті. Заттардың ішінен олжадағы дүниеден ұрлап алынған шапан тауып алды (Бұхари, Жиһад 190; ибн Мәжә, Жиһад 34).

***

Мекке бағындырылғаннан кейін Халид ибн Уалид (р.а.) «ұзза» пұтын қиратып қайтты. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оны 350 кісілік әскерге қолбасшы етіп, исламға дағуат ету үшін Бану Жазима руына жіберген еді. Хазірет Халид (р.а.) жаңылысып, отыз кісінің өліміне себепкер болды. Бұл қайғылы уақиға Пайғамбарымызға (с.а.у.) жеткенде қатты қайғырды. Қолдарын аспанға көтеріп: «Аллаһым! Халидтің істеген ісіне қатысым жоқ екендігін саған айтамын», - деп Аллаһқа сыйынды. Кейін Хазірет Әлиге (р.а.) қыруар қаржы беріп, Бану Жазима руына жіберді. Хазірет Әли (р.а.) өлген кісілердің құнын төледі. Сонымен қатар Әли (р.а.) олжа ретінде алыған дүние-мүліктің яки зиянға ұшыраған барша дүние-мүліктің тіпті иттің итаяғына дейін құнын төлеп шықты. Артылып қалған қаржыны залалы тиді-ау деген істер үшін Бану Жазима руына тастап кетті. Хазірет Әли (р.а.) Мәдинаға кері қайтып, істеген ісін толықтай баяндады. Мұны естіген ғаламның рақым нұры Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Дұрыс істепсің. Ойдағыдай атқарыпсың», - деді.[153]

***

Әбу Зураға (р.а.) былай деп әңгімелейді:

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Тайыфқа сапар шеккен еді. Қарны-Маназил деген жерден шыққанымызда түйесіне мінгісі келді. Мен «қасуаны» әзірлеп тізгінін ұстап тұрдым. Аллаһ Елшісі түйеге мінгеннен кейін тізгінді өз қолына бердім. Өзім артына мінгесіп алдым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) түйені жылдам жүргізу үшін қамшылап отырды. Қамшылаған

153. Бұхари, Мәғази 58, Ахкам 35; Нәсай, Әдәбул-Құдат 16; ибн Хишам IV, 53-57; Уақиди III, 875-884.

сайын қамшының ұшы маған тиіп отырды. Маған бұрылып қарап: «Саған қамшы тиіп келе ме?» - деп сұрады.

Мен: «Иә! Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын», - деп жауап бердім. Жиранаға келіп жеткенімізде бір бұрышта иіріліп тұрған ұсақ малды көрдік. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) олжа дүниенің басында жүрген қызметкерден ұсақ мал жайлы сұрады. Қызметкер керекті мағлұматты берді. Кейін Аллаһ Елшісі: «Әбу Зураға қайда?» - деп айқайлады. Мен: «Мұндамын», - деп қасына келдім. Ол: «Мына ұсақ малды сен ал. Кешкісін тиген қамшының құны ғой», - деді. Малды санап шықтым. Жүз жиырма бас екен. Менің қолыма тиген әрі ең көп пайдаланған малым осы ұсақ мал еді (Уақиди III, 939).

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл ұсақ малды, өзінің пайына түскен олжадан берген еді.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қолына олжа түскенде, Біләлді (р.а.) шақыртып алып, барша халыққа жар салдыратын. Біләлдің дауысын естіген жорыққа қатысқан сарбаздар олжалаған дүниелерін Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп тапсыратын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) алдымен бестен бір бөлігін бөліп алып, қалғанын сарбаздарға таратып беретін. Бір күні олжа таратылғаннан кейін, бір кісі қылдан өрілген ноқтаның жібін Пайғамбарымызға (с.а.у.) әкеліп:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мынау олжа ретінде қолға түскен еді, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Сен үш мәрте айқайлаған Біләлдің дауысын есітпедің бе? - деп сұрады. Кісі:

– Естідім, - деп жауап берді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Онда неге әкелмедің? - деп сауал қойды. Кісі болмашы нәрселерді желеу етті. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Жоқ. Мұны мен сенен қабыл етпеймін. Қиямет күні сонымен бірге келесің, - деді (Әбу Дәуіт, Жиһад 134/2712).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) уақыты өтіп кеткеннен кейін әкелінген дүниені қабыл етпеді. Өйткені ноқтаның жібінде олжаны бөліскен сарбаздардың бірдей ақысы болатын. Сарбаздар тарап кеткеннен кейін, олардың ондағы пайларын жеткізу мүмкін болмай қалған еді.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қайтыс болардан алдын сахабаларын жинап алып, өсиетке ұқсас мынадай ескертулер жасаған еді.

«Уа, жарандар! Кімде-кім біреудің ақысын жесе, дереу орнын толтырсын! Бұл дүниеде масқара боламын деп ойламасын! Біліп қойыңдар!

Бұл дүниенің масқарасы, о дүниенің масқарасының жанында түк емес!» (Ибн Әсир, әл-Камил II, 319).

Аллаһ Елшісінің бұл сөзі, көптеген адамдарға әсер етті. Бәз біреулер өздерінің қателіктерін мойындап, кешірім сұрай бастады. Біраз уақыт өткеннен кейін бір кісі орнынан тұрып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Уаллаһи, мен барып тұрған өтірікшімін! Әрі мұнафықпын! Мен істемеген жамандық жоқ шығар», - деді.

Сол жерде отырған Хазірет Омар (р.а.): «Мына кісі, өзін-өзі масқара етті-ау», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған қарап: «Уа, Омар! Дүниенің масқарасы, о дүниенің масқарасының жанында түк емес», - деді.

Артынша Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әлгі кісіге арнап: «Уа, Аллаһым! Оған туралық пен иман кемелдігін нәсіп ет! Жаман істерін жақсылыққа айналдыр!» - деп дұға етті (Табари, Тарих III, 190).

Содан соң Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Мен де қарапайым адаммын! Араларындағы бәз біреулердің менен алар ақысы бар шығар. Кімде-кімнің дүние-мүлкінен байқамай бір нәрсе алсам, міне дүние-мүлкім! Келіп алсын! Біліп қойыңдар! Ең жақсы көретін кісім, алар ақысы болса менен келіп алған яки ақысын кешкен кісі! Өйткені Раббыма көңілім жай тауып қауышқым келеді.

Ешбір жан: «Аллаһ Елшісінің кегінен немесе дұшпандық ойлауынан қорқамын», - деп айта алмайды. Біліп қойыңдар! Кек яки дұшпандық ойлау менің бойымда жоқ. Араларында тұрып осы сөздерді айтуды жөн көріп тұрмын!

Бесін намазын оқып болғаннан кейін Пайғамбарымыз (с.а.у.) мінберге отырады. Алдын айтқан сөздерін қайта қайталайды. Сол сәтте бір кісі орнынан тұрып: «Бір кісі сізден қарыз ақша сұраған болатын. Сол кезде сіз маған, оған үш дирһам беруімді әмір еткен едіңіз», - дейді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Дұрыс айттың! Ей, Фадыл ибн Аббас! Мынаған үш дирһам бер!» - дейді (Ибн Сағд II, 255; Табари, Тарих III, 190).

Артынша Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деп дұға етеді:

«Уа, Аллаһым! Мен де қарапайым адаммын. Мұсылмандардың біріне ауыр сөз айтсам яки қамшымен ұрсам, сен оған оны сауапқа, рақымдылыққа, күнәдан арылуына себепші ет! (Ахмед III, 400).

«Уа, Аллаһым! Мен қандай да бір мүминге ауыр сөз айтсам, сол сөзімді қиямет күні оны, саған жақындауға себепші ет!» (Бұхари, Дағауат 34).

Иә, адамзаттың асылы Пайғамбарымыздың бұл әрекеті оның нендей

ұлы жан болғандығын көрсетеді. Оның бұл әрекеті барша мұсылман баласына өнеге болып табылады.

***

Ғұбада ибн Самиттің немересі былай деп әңгімелейді:

«Атам Ғұбада (р.а.) қайтыс боларында: «Өзім азат еткен құлдарды, қызметшілерді, көршілерді, маған келіп тұратын барша жанды шақырып келіңдер!» - деп әмір етті. Шақырған кісілері үйге жиналғанда: «Бүгін менің бұл дүниедегі соңғы күнім. Алдағы түн, ақыреттік алғашқы түнім. Білмеймін, бәлки араларындағы біреуге қолым яки тілім тиген шығар. Сол себепті жаным кеудемнен шықпай тұрғанда, араларындағы біреуді ренжітсем, дереу қазір келіп қысас жасасын. Оған істеген әрекетімнің, дәл сондайын маған істесін! Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін! Қиямет күнінде қысас болады», - деді.

Олар: «Сен, әкеміз секілді едің! Бізге әдептілікті тәлім еттің», - десті. Ал ақиқатына жүгінсек, Ғұбада (р.а.) ешбір қызметшісіне «әй» деген кісі емес.

Хазірет Ғұбада (р.а.) оларға қарап: «Сендерге жасағандарымды кештіңдер ме?» - деп сұрады. Олар: «Иә, кештік!» - деп жауап берді.

Ғұбада (р.а.): «Уа, Аллаһым! Куә бол», - деді. Артынша былай деді: «Қысас жасамайтын болдыңдар ғой. Олай болса мына өсиетіме құлақ асыңдар! Артымнан жылайтын жанға ақымды кешпеймін. Жаным кеудемнен шыққанда жақсылап дәрет алып, мешітке барып намаз оқыңдар! Маған және өздеріңе истиғфар етіңдер! Өйткені Аллаһ Тағала: **«Уа, иман келтіргендер! Сабыр мен намаз** (оқу) **арқылы** (Аллаһтан) **жәрдем сұраңдар!»**[154] деп әмір етеді. Мені қабіріме жылдам жеткізіңдер! Артымнан алау, шам жағып келмеңдер! Қабірімнің ішінде астыма «ергуан» ағашын төсемеңдер!» (Әли әл-Муттақи XIII, 555/37443).

***

Абдулла ибн Зұбайыр (р.а.) былай деп жеткізеді:

«Жамал уақиғасында, шайқас басталардан алдын әкем Зұбайыр мені шақырып алды. Мен дереу қасына бардым.

Ол маған қарап: «Балам! Бүгін көз жұматындар залым яки мазлұм. Маған келетін болсақ, бүгін мазлұм ретінде бақилық болармын деп ойлаймын. Ең үлкен қайғым, артымда қалып бара жатқан қарыздарым. Қалай ойлайсың? Қарыздарды өтегеннен кейін, қолда қаражат қалар ма екен?» - деді. Артынша сөзін былай деп жалғастырды: «Балам! Дүние-мүлкімді сатып, қарыздарымды өте!»

154. Бақара сүресі, 153-аят.

Осы өсиетін бірнеше мәрте қайталады. Кейін маған қарай бұрылып: «Балам! Егер қарызымды өтеуге шамаң жетпесе, Мәуламнан жәрдем сұра!», - деді.

Уаллаһи, не айтқысы келгендігін толығымен аңғармағандықтан: «Әкешім! Мәулаң[155] кім?» - деп сұрадым.

Ол: «Мәулам, Аллаһ», - деп жауап берді.

Аллаһқа ант етейін, оның қарыздарын өтеуге қиналғанымда: «Уа, Зұбайырдың Мәуласы! Оның қарызын өте», - деуші едім. Шыныменақ Хақ Тағала (қандай да бір себеп арқылы) қарызын тез арада өтеп жіберетін.

Зұбайыр, алтын яки күміс мұра етпестен көз жұмды. Тек Ғаба деп аталатын жерде бір жер мен бірнеше үй қалды.

Әкемнің қарыздары былай жинақталған болатын. Біреу оған келіп, аманат қалдырғысы келсе әкем Зұбайыр: «Жоқ! Аманат ретінде қабыл етпеймін! Бірақ қарызға беріп кет. Өйткені оның жоғалып кетуінен қорқам дейтұғын.

Зұбайыр ешқашан мемлекеттік қызмет атқармаған жан еді. Тек Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Әбубәкір, Омар, Оспандармен бірге жиһадқа барып тұратын.

Әкемнің қарыздарын есептесем, екі миллион екі жүз мыңға жетіпті».

Біраз уақыт өткеннен кейін, Хаким ибн Хизам (р.а.) Абдулла ибн Зұбайырға жолығып: «Уа, бауырымның ұлы! Бауырымның қарызы қанша?» - деп сұрайды.

Қарыздың мөлшерін естіген Хаким: «Бұған шамаң жетпес. Мұқтаждық туып жатса, менен көмек сұра», - дейді.

Зұбайырдан алар төрт жүз мың қарызы бар Абдулла ибн Жағпар (р.а.), Зұбайырдың ұлы Абдуллаға жолығып: «Қаласаң, қарызымды алудан бас тартайын», - дейді.

Абдулла: «Жоқ!» - деп жауап береді.

Мұны естіген Абдулла ибн Жағпар (р.а.): «Егер қарыздардың бір бөлігін кешіктіріп беруді ойлап жүрсеңдер, менікін кешіктіре беріңдер!» - дейді.

Абдулла: «Жоқ! Мұны ойлап жүргеніміз жоқ!» - дейді.

Абдулла ибн Зұбайыр (р.а.) әкесінің қарыздарын өтеп біткенде, бау-

155. Мәула – Аллаһ Тағаланың есімдерінің бірі. Сондай-ақ қорғаушы, жәрдем беруші, қожайын, дос, құлын азат еткен қожайын, азат етілген құл мен қожайынның арасындағы келісім тараптарының бірі деген мағыналарда жиі қолданылатын сөз.

ырлары оған келіп: «Мирасты арамызда бөліп бер», - деп ұсыныс жасайды.

Абдулла: «Аллаһқа ант етейін! Төрт жыл бойы қажылық маусымында: «Кімнің Зұбайырда қарызы бар болса, біз өтейік», - деп жар салдырмайынша, оның мирасын бөліп бермеймін», - дейді.

Осылайша ол төрт жыл бойы жар салдырады. Төрт жыл өткеннен кейін мирасты балаларына бөліп береді (Бұхари, Фардул-хумус 13).

Бұл риуаят, сахабалардың нендей игі жан болғандықтарын көрсетеді. Зұбайыр (р.а.) күллі саналы ғұмыры бойынша көптеген игіліктер жасады. Қайтыс болардан алдын, қарыздарын өтеуді тапсырып, мұқияттылықтың, құл ақысын жемеудің үлгісін көрсетті. Ұлы Абдулла да қолынан келгенін аянып қалмай, әкесінің қарызын өтеді. Басқа сахабалар да Абдулланың жағдайына қарай жеңілдіктер жасауға күш салды. Міне сахабалар осындай игі жандар болатын ағайын!

Бір әйел, саудагершілікпен айналысатын. Хазірет Имам Ағзамға сату үшін жібектен тігілген киім әкелген еді. Имам Ағзам киімнің бағасын сұрады.

Әйел: «Жүз дирһам», - деді.

Әбу Ханифа айтқан бағасына қарсы шығып: «Жоқ. Мұның бағасы бұл бағадан артық», - деді.

Әйел аң-таң болды. Бағасының үстіне жүз дирһам қосты. Имам тағы да қабыл етпеді. Әйел тағы да жүз дирһам қосты. Кейін тағы да жүз дирһам қосты.

Имам Ағзам: «Жоқ. Мұның бағасы төрт жүз дирһамнан артық», - деді.

Әйел одан сайын таңырқап: «Имам! Сіз менімен әзілдесіп тұрсыз ба?» - деді сасқанынан.

Имам Ағзам әйелге киімнің ақиқи бағасын көрсетпекші болып, бұл істің маманын шақыртты. Ол келіп, киімнің бағасын бес жүз дирһам деп бағалады. Әбу Ханифа сол бағаға сатып алды.[156]

Міне ислам дінінің сауда-саттықта құл ақысына деген мұқияттылығы осындай. Демек ақы, құқыққа көңіл бөлмей: «Сатып алушыдан не алып қалсамда пайда» деген оймен жасалған сауданың адам үшін тигізер қандай пайдасы болатындығына көз жүгірту керек-ақ.

***

Имам Ағзам Әбу Ханифа нәпсісімен күрескен қаһармандардың бірі

156. Ибн Хажар Хайтами, Хайратул-Хисан 44; Мұхаммед Әбу Заһра, Әбу Ханифа ауд. Осман Кескиоглы, Коня 1973ж. 34-бет.

болып табылады. Ол бұл күресте көптеген жеңіске қол жеткізді. Тіпті ақтық демінде, біреуден тартып алынбаған, таза жерге жерленуін өсиет еткен еді[157] (Әбу Заһра, Әбу Ханифа 64 бет).

***

Қануни Сүлеймен сұлтан құл ақысынан қатты қорқатын. Әділдікті орнатуға аянбайтын. Сүлеймания мешіті мен «куллиясының» құрылысы тәмамдалғанда бас сәулетшіден бастап, қарапайым жұмысшыға дейін барлығын жинады. Хақ Тағалаға мадақ айтып, хұтпасын былай деп бастап кетті.

«Уа, дін бауырларым! Мына мешіттің құрылысы Аллаһтың рұқсатымен тәмамдалды. Қандай да бір қателік болып, айлығын ала алмаған, келіп айлығын алсын! Сондай кісі болып, бұл жерге келмесе, осы жердегілер оған хабар салсын. Бізден келіп, ақысын алсын!».

Кейінгі зерттеулерге көз тастасақ, құрылыс жүріп жатқанда тіпті жануарларға арнайы бағдарлама түзілген екен. Яғни құрылыста қолданылатын ат, қашыр тәрізді жануарлардың жұмыс істеу сағаты, жайылу сағаты, тынығу сағаты барлығы есептеліп отырған. Қануни Сүлеймен салдырған осы мешіт, сол руханияттың белгісі, нышаны ретінде ұлылығын сақтап тұрған тәрізді.

***

Әулие Хазірет Махмуд Сами Рамазанұлы құқық факультетін тәмамдаған болатын. Алайда құл ақысынан қорқып, бұл мамандықпен шұғылданбады. Тахтакаледегі бір жұмыс орнында есепші болуды артық көрді.

Құл ақысына аса мұқияттылық танытатын. Мысалы құрметті ұстаз, жұмысқа бару үшін кемемен Қаракөйге қатынайтын. Билет алғанда адамдарды күттіріп қойып құл ақысын мойнына алудан қорқып, алдын-ала ақшасын майдалап алуға қатты көңіл бөлетін. Қаракөйден Тахтака-

157. Екінші Аббасилер халифасы Әбу Жағфар Мансұр Имам Ағзамға Бағдатта қазылық міндетін атқаруға ұсыныс жасады. Алайда ол халифаның зұлымдық пиғылдарын қолдау мағынасына келетінін және де үкім шығарған кезде де басшылықтың үстемдік жасайтынын ойлап ұсынысын қабыл етпеді. Сол үшін Мансұр оны зынданға тастатып дүре соқтырды. Анда-санда Бағдат қазылығын қабыл етсе бостандыққа шағаратындығын айтып жүрді. Имам Ағзам болса: «Оның пайдасына бола ижтихад жасағанша зынданда жатқаным әлдеқайда дұрыс болар», - деп айтатын.

Қартайып, күш-қайратынан айрылған кезде барып зынданнан шығарылды. Өлімі жақындағанда Мансұр тарапынан озбырлықпен басып алынған жерге жерленуін қаламайтындығын айтып өсиет қалдырды.

Дүниеден озған кезінде жаназа намазына жиналған адамдардың есебі жоқ еді. Бағдатта ешқашан мұндай құжынаған жамағат болмаған. Жамағат тарап кеткен соң Мансұр қабірдің басына келіп намаз оқыды. Біраз уақыт қабірдің басында тұрды, қатты өкініп ойға батты...

леге дейін автобусқа мінудің орнына, одан бас тартып жаяу баратын. Ал билет ақшасын инфақ ететін.

Ұлыларымыздың құл ақысына деген мұқияттылығы біз үшін әрқашан таптырмайтын үлгі болмақ.

***

Қысқасы, мұсылман әрдайым ақыретті ойлап ғұмыр кешуі қажет. Ешбір жанның ақысын жемей дүниеден өткені абзал. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді: *«Мұсылман, өзге мұсылмандардың оның тілі мен қолынан аман болған жан»* (Бұхари, Иман 4-5).

Бұл дүниеде кісі ақысын жегендердің қиямет күнгі халдері өте мүшкіл болады. Сол себепті парқында болып немесе болмай кісі ақысын жегендер, қысқа мерзімнің ішінде одан құтылуы абзал. Өйткені ақыреттегі ұят пен масқаралық, бұл дүниедегіден артығырақ. Сол күн туғанда, тіпті мүйізсіз қойдың өзі, залалы тиген мүйізді қойдан ақысын алады.[158]

Сондықтан мұқияттылық пен ыждығаттылықты әуелі жақын туыстардан бастау қажет.

А) ӘКЕ-ШЕШЕ АҚЫСЫ

Құл ақысының ең маңыздыларының бірі әке-шеше ақысы болып табылады. Аллаһқа және Оның елшісіне бас иіп бағынудан кейін, әке-шешеге бағыну келеді. Өйткені әке-шеше бар болуымыздың басты себепшілері. Материалдық және рухани тұрғыдан ғұмырымызды жандандыратын ізгі жандар екендігі даусыз. Кез келген ана жүрегі мен құшағы, бала тәрбиесі іске асатын керемет дәрісхана.

Жанұя ошағы баланың болашағын жасайтын алғашқы тәрбие мекемесі екендігі хақ. Сондықтан әке-шешенің ақысы орасан зор.

Жақсы ата-ана өскелең ұрпақ үшін үлкен береке және ырыс. Салиқалы ананың орны тіпті бөлек. Ол мейірімділік пен рақымдылықтың бұлағы, жанұя өмірінің шам-шырағы.

Біздерді әуелі тоғыз ай тоғыз күн қарнында, кейін қолында, кейін өмір бойы жүрегінде тасып өтетін аналарымыздан артық қадірлі жан жоқ шығар ғаламда. Иә, үй шаруасы, бала тәрбиесін өз мойнына алған аналарымыз мәңгі құрметке лайық.

Кез келген ананың рухындағы мейірімділік пен рақымдылықтың өлшеуі бар ма екен? Өзі ішіп-жемесе де жегізген, өзі киінбесе киім кигізген, өзі ұйықтамаса да ұйықтатқан... Үстімізге титтей тозаң түспесін

158. Муслим, Бирр 60; Тирмизи, Қиямет 2; Ахмед II, 235, 323, 372, 411.

деп шыр-пыры шыққан ананың ақысын өтеу мүмкін бе? Бұл ақиқатты Хазірет Мәулана былай деп жеткізеді:

«Ана ақысына ерекше көңіл бөл! Оны басыңның тәжісі ет! Өйткені аналар босанғанда қиналмағанда, бала шығар жол таппас еді».

Хақ Тағала Құран Кәрімде әуелі өз ақысынан кейін, ата-ананың ақысына тоқталып, оларға жақсы мәміле жасауды әмір етеді: **«Аллаһқа құлшылық етіңдер! Оған еш нәрсені ортақ етпеңдер! Сондай-ақ әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, ұзақ көршіге, жақын жолдасқа, жолаушыға, қол астындағыларға жақсы мәміле жасаңдар!»** (Ниса сүресі, 36-аят).

«Адам баласына әке-шешесіне жақсы мәміле жасауын өсиет еттік. (Өйткені) **анасы оны, нендей қиыншылықтарға** (төтеп беріп, қарнында) **тасыды.** (Баланы) **сүттен айыру, екі жылдың ішінде** (жүзеге асады)**.** (Сол себепті адам баласына)**: «Әуелі маған, кейін әке-шешеңе шүкір ет! -** (деп өсиет еттік)**. Сонымен қатар қайтар жақ, мен жаққа!»** (Луқман сүресі, 14-аят).

Хақ Тағала өзінің разылығын ата-ананың разылығына негіздеген. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Аллаһ Тағаланың разылығына, ата-ананы разы етумен қол жетеді. Аллаһ Тағаланың азабы, ата-ананы ашуландырудан туады» (Тирмизи, Бирр 3/1899).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) төмендегі мына дұғасы кез келген мұмин үшін үлкен сүйініш:

«Ата-анасына жақсылық жасаған жан нендей бақытты! Аллаһ Тағала оның өмірін ұзақ етсін!» (Хайсами VIII, 137).

Ата-ананың ақысын өтеу мүмкін емес. Хадис-шәріпте былай делінген:

«Ешбір бала әкесінің ақысын өтей алмайды. Тек әкесі құл болып, оны азат етсе ғана, әкелік ақыны өтейді» (Мүслим, Ғитқ 25; Әбу Дәуіт, Әдеп 119-120; Тирмизи, Бирр 8/1906).

Сол себепті игілікті әуелі ата-анадан бастау қажет. Кейін өзге жандарға да қолғабыс беру керек. Бұл жайында Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Қандай да бір игілікке мал сарп етуге бел байласаңдар, әке-шешеге, жақын туыстарға, жетімдерге, міскіндерге, жолаушыларға сарп етіңдер! Шүбәсіз Аллаһ, жасаған барша игіліктеріңнен хабардар болады» (Бақара сүресі, 215-аят).

Перзент, ата-анасына құрмет көрсетулері қажет. Бұл міндет. Басқа

қалада тұрып жатқанның өзінде жиі-жиі келіп зиярат етіп тұрғандары жөн. Ақ батасын алуға тырысу керек. Оларға қызмет етіп, жылы сөз сөйлеп, шат-шадыман етулері керек. Ұлы Раббымыз оларға титтей де қарсы шығуымызға яки наразылық көрсетуімізге тыйым салады.

«(Уа, Мұхаммед!) **Раббың, тек өзіне құлшылық етулеріңді, әрі әке-шешеге жақсылық жасауларыңа әмір етті! Егер екеуінің біріне яки екеуіне бірдей кәрілік жетсе, ешқашан** (тіпті) **«уф» деп айтпа! Екеуіне де зекіме!** (Сондай-ақ) **екеуіне де жылы сөз сөйле! Оларға қарапайымдық пен мейірім қанатын жай!** (Сонымен қатар) **Уа, Раббым! Ол екеуі мені балалық шағымда тәрбиелегені секілді, сен де оларға мейірімділік таныт!» - деп дұға ет!»** (Исра сүресі, 23-24 аяттар).

Ата-анаға қызмет жасау, аса игі іс болып табылады. Осындай мүмкіндікті пайдалана алмағандар кейін опық жейді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Ата-анасына яки олардың тек біреуіне жасы ұлғайған шағына жетіп, пейішке кіре алмаған жан құрып кетсін! Құрып кетсін, құрып кетсін!» (Мүслим, Бирр 9, 10).

Есепсіз игілік жасаса да, ата-анасының ақысын өтемегендердің өзге жандарға игілік жасауы ақылға қонымсыз дүние. Сол себепті мұндай жандардан жақсылық күтуге болмайды.

Ата-ананың дұғасы міндетті түрде қабыл болады. Олардың ақ батасын алуға күш салу қажет. Теріс батасынан сақтану керек. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) хадистерінде былай дейді:

«Қабыл болуында күмән жоқ, үш дұға бар.

(Олар): Әкенің баласына жасаған дұғасы, қонақтың дұғасы және жәбірленушінің дұғасы» (Әбу Дәуіт, Уитр 29/1536; Тирмизи, Бирр 7/1905, Дағауат 47; ибн Мәжә, Дұға 11).

«Әкенің баласына жасаған дұғасы, пайғамбардың үмбетіне жасаған дұғасы секілді» (Суюти II, 12/4199).

Ананың дұғасы әкенің дұғасынан мәртебесі артық. Сол себепті хадис-шәріптерде айтылуы қажет деп табылмаған.

Иә, әке-шешеге қарсы шығудың үлкен күнәлардың қатарына кіретіндігі де осыған айғақ шығар.

Нұфай ибн Харис (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайында отырған бізден: «Үлкен күнәлардың ең ауырын сендерге айтайын ба?» - деп үш мәрте сұрады. Біз: «Иә, айтыңыз! Аллаһтың Елшісі!» - дестік.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһқа серік қосу, ата-анаға қарсы шығу»*,

- деді. Артынша сүйеніп отырған жерінен, бойын түзеп: *«Жақсылап тыңдаңдар! Оған қоса өтірік айту және жалған куә болу»*, - деді.[159]

Бұл сөздерді көп қайталағандығы соншалық, одан бетер мұңаймасын деген ниетпен, осымен шектеліп үндемесе екен деп тіледік» (Бұхари, Шәһадат 10, Әдеп 6, Истизан 35, Иститаба 1; Мүслим, Иман 143).

Кейбір риуаяттарда қиямет күнінде Аллаһ Тағаланың, ата-анасына қарсы шығып, бағынбаған жандардың жүзіне назар салмайтындығы айтылады.[160]

Кісі, ата-анасына қандай мәміле жасаса, балаларынан да сол мәмілені көреді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Ата-аналарыңа жақсылық жасасаңдар, балаларың да сендерге жақсылық жасайды»*, - дейді. Иә, әке-шешесіне алуан түрлі жамандық жасаған жандардың, сондай мәмілені өз балаларынан көргендігі күнделікті өмірде кездесетін ақиқат.

Адамдар, әке-шешесіне және өзге де жандарға жасайтын мәмілелерінде ислам діні негізін қалаған әдептілік пен сыпайылық қағидаларына иек артса, қоғамда тыныштық орнары даусыз. Ұлты француз Брайер, Осман империясы қоғамында көрген өнеге айналарын былай деп тілге тиек етеді.

«Осман империясы қоғамында балалар кәмелетке толып, есейген шақта ата-анасының қолында қалуды мақтан тұтады. Балалық шақтарында әке-шешесінен қандай мейірімділік көрсе, соны есейген шақтарында әке-шешесіне көрсетумен өздерін бақыттымыз деп санайды. Ал ақиқатына жүгінсек өзге мемлекеттерде балалар кәмелетке толар-толмас ата-анасынан ұзақтауға күш салады. Мирас, мұра жайында қырқысып қалады. Тіпті өздері байлыққа кенеліп, қызыққа батып жүргенде ата-анасының пақырлық кебін киіп жүретіндігі жасырын емес. Ата-анасы жасы ұлғайып, көмекке зәру болып жүрген шақта, балалары танымайтын кісісі секілді бейғамдық танытады».

Хақ Тағала баршамызды ата-анасының айтқанынан шықпайтын, олардың разылығына қол жеткізіп екі дүниенің бақытына кенелген құлдары болуымызды нәсіп етсін!

Әумин!!!

159. Негізінде үлкен күнәлар жоғарыда айтылғандармен ғана шектелмейді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) басқа хадис шәріптерінде басқа да күнәлар жайлы айтып өткен. Бұл хадистердегі қайшылықтар болса Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзі болған уақыты, жері және қарым-қатынаста болған адамына қарай қажет деп есептеген әр түрлі жағдайлардан туындаған.

160. Нәсай, Зекет 69.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әбу Һұрайра (р.а.) былайша баян етеді:

«Бір кісі Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп:

– Жақсы мәміле жасауыма әуелі кім лайықты, - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Анаң (лайықты), - деп жауап берді. Сахаба:

– Одан кейін кім (лайықты)? - деп сауал қойды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Анаң (лайықты), - деп жауап берді. Сахаба қайтадан:

– Одан кейін кім (лайықты)? - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Анаң (лайықты) - деп жауап берді. Сахаба:

– Одан кейін кім (лайықты)? - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жолы:

– Әкең (лайықты), - деп жауап берді» (Бұхари, Әдеп 2; Мүслим, Бирр 1).

Басқа риуаятта әлгі сахаба: «Уа, Аллаһтың Елшісі! «Жақсы мәміле жасауыма кім лайықты», - деп сұрайды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Анаң, кейін анаң, кейін тағы да анаң! Содан соң әкең. Содан кейін ең жақын туысың», - деп жауап береді (Мүслим, Бирр 2).

***

Абдулла ибн Масғұд (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісінен (с.а.у.):

– Аллаһтың ең жақсы көретін амалы қандай? - деп сұрадым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Уақытында оқылған намаз, - деп жауап берді. Мен:

– Одан кейін қандай амал келеді? - деп сауал қойдым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Ата-анаға игілік жасау. Әрі айтқандарын тыңдап, бағыну, - деп жауап берді. Мен қайтадан:

– Одан кейін қандай амал? - деп сұрадым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Аллаһ жолында күресу, - деп жауап берді» (Бұхари, Мауақит 5, Жиһад 1; Мүслим, Иман 137-139).

***

Бибі Айша (р.а.) былай деп жеткізеді:

«Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) бір кісі келді. Жанында жасы ұлғайып қалған кісі бар еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Уа, пәленше! Жаныңдағы кім?» - деп

сұрады.

Кісі: «Әкем ғой!» - деп жауап берді. Мұны естіген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Оның алдына түспе! Одан бұрын отырма! Оны атымен шақырма! Оған тіл тигізбе!» - деді» (Хайсами VIII, 137).

***

Бір сахаба Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп:

– Хижрет және жиһад ету үшін саған биғат етемін! Бұлардың сауабын Аллаһтан күтемін, - дейді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Әкең яки шешең тірі ме?, - деп сұрайды. Сахаба:

– Иә, екеуі де тірі, - деп жауап береді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Сауап алғың келіп жүр ғой! Солай емес пе? - деп сұрайды. Сахаба:

– Иә, солай, - деп жауап береді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– (Олай болса), ата-анаңа қайт! Оларға жақсы мәміле жаса! - дейді (Бұхари, Жиһад 138; Әдеп 3; Мүслим, Бирр 6).

***

Ардақты сахабалардың бірі Йеменнен һижрет етіп, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) құзырына келеді. Жиһадқа қатысуға одан рұқсат сұрайды. Артынша Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мен екеуінің арасында мынадай диалог жүріп өтеді.

– Йеменде жақының қалды ма?

– Ата-анам қалып кетті. Уа, Аллаһтың Елшісі!

– Олар саған рұқсат берді ме?

– Жоқ! Берген жоқ!

– Йеменге кері қайт! Олардан рұқсат сұра! Рұқсат беріп жатса, келіп жиһад ет! Рұқсат бермесе ата-анаңды разы етуге күш сал! (Әбу Дәуіт, Жиһад 31/2530).

***

Бір сахаба Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Әке-шешем артымда жыларман болып, қалып қойды. Мен һижрет ету үшін саған биғат етуге келдім», - дейді.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деп жауап береді: «Дереу, оларға кері қайт! Оларды қалай жылатсаң, солайша қайта күлдір!» (Әбу Дәуіт, Жиһад 31/2528; Нәсай, Биғат 10).

Хижрет және нәпіл жиһад істерінде ата-анадан рұқсат алу шарт ретінде қабыл етілгендіктен, өзге істерде олардан рұқсат алуымыз тіпті

жөн шығар.[161]

***

Бір күні Пайғамбарымыз отыр еді сүт әкесі қасына келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған құрмет көрсетіп шапанының бір шетін төсеп соған отырғызды. Көп уақыт өтпей сүт анасы да келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) шапанының екінші етегін төсеп оны да отырғызды. Біраз уақыт өткен соң сүт бауыры келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) орнынан тұрып оны да алдына отырғызды (Әбу Дәуіт, Әдеп 119-120/5145).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сүт туысқандарының құрметіне Хұнайнда тұтқындалғандардан өз үлесіне тиесілілерге бостандық беріп, азат етті. Сахабалар да бұл ізгі амалдан өз нәсіптерін алулары үшін шын көңілдерімен: «Біз де өз тұтқындарымызды Аллаһ Елшісіне тарту еттік!» десті.[162] Осылайша бұл күні алты мың тұтқын еш төлемақысыз азат етілді.

***

Хазірет Әбубәкірдің (р.а.) қызы Әсма (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) көзі тірісінде, мұсылмандықты қабыл етпеген анам үйіме келді. Мен Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) бұл жайлы пікірін білмекші болып: «Анам мені сағынып келіпті. Оған сый-құрмет көрсетейін бе?» - деп сұрадым.

Пайғамарымыз (с.а.у.): «Иә, анаңа жақсы мәміле жаса!» - деп жауап берді» (Бұхари, Хиба 29, Әдеп 8; Мүслим, Зекет 50).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) күллі саналы ғұмырында туыстарына, жақындарына ерекше мәміле көрсеткен.

Хазірет Әлидің (р.а.) анасы Фатима бинти Әсет (р.а.) Пайғамбарымыздың балалық шағында оған өз шешесі іспетті қызмет етті. Осы салиқалы әйел бақилық болғанда, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жаназасына келеді. Бас жағына отырып, оның жасаған игіліктеріне тоқталады.

«Уа, анам! Аллаһ саған мейірімділік танытсын! Сен менің өз анамнан кейінгі анам едің! Өзің аш қалсаң да, мені тойындыратын едің. Өзің кимесең де, маған киім кигізуші едің. Өзіңді тәтті тағамдардан мақұрым етіп, маған жегізуші едің! Бұлардың баршасын тек Аллаһ разылығы үшін және ақыретте сауабын аламын деген ниетпен жасаушы едің!

Артынша Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жаназаның үш мәрте жуылуын әмір

161. Бірақ парыз болған жихадты орындаймын деген адамға ата-ананың рұқсаты шарт емес. Ата-анасы кәпір болғандар да парыз болсын нәпіл болсын жихадқа шығулары үшін олардан рұқсат алулары мәжбүр емес.

162. Бұхари, Мәғази 54; ибн Хишам IV, 134-135.

етті. Кезек «кафур» деп аталатын суға жеткенде, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл суды өзі төкті. Кейін үстіндегі көйлегін шешіп, оған кигізді. Содан соң мәйіт кебінделді.

Қабір қазылып, кезек мәйіт қойылар шаққа жеткенде, «лахыдты» яғни үйді дайындауды Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өз мойнына алды. Өзі қазып, топырағын сыртқа шығарды. Бұл істі тәмамдағаннан кейін, бір сәт сол жерде шалқасынан түсіп жатты. Артынша былай деді.

«Жанды алатын да, беретін де бір Аллаһ! Ол ешқашан өлмейді. (Уа, Аллаһым) анам Фатима бинти Әсетке рақым ет! Оған «хужжатыны» (кәлима-таухидті) аузына сал! Кірген жерін (қабірін) кеңейт! Пайғамбарлардың және менен бұрынғы пайғамбарлардың құрметі үшін (дұғамды қабыл ет)! Шүбәсіз сен, рақымдылардың ең рақымдысысың!».

Кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) төрт тәкбір алып, содан соң Аббас (р.а.) және Әбубәкірмен (р.а.) бірге мәйітті қабірге қояды (Табарани, Кәбир XXIV, 351-2; Яқуби II, 14; ибн Абдулбәр IV, 1891).

***

Хазірет Айша (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деді:

«Көзім ілініп кетіпті. Жәннатта жүр екенмін. Біреудің дауысы құлағыма шалынды. Құран Кәрім оқып отыр екен.

– Мынау кім? - деп сұрадым.

– Бұл, Хариса ибн Нұғман ғой, - делінді.

Түсін айтып өткен Пайғамбарымыз (с.а.у.) сөзін: «Игілік деген осылай болмақ! Игілік деген осылай болмақ!» - деп жалғастырды.

Осы риуаяттың соңында Харисаның (р.а.) осындай мәртебеге көтерген ерекшелігіне тоқталып: «Ол анасына жақсы мәміле жасайтын сахаба болатын», - делінген» (Ахмед VI, 151-152; Хаким IV, 167).

***

Ибн Аббас (р.а.) былай деп хикая етеді:

«Сағд ибн Ғұбаданың (р.а.) анасы қайтыс болды. Ол Аллаһ Елшісіне келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен түзде жүргенімде, анам көз жұмды. Оның атынан садақа берсем, оған пайдасы тие ме?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә, тиеді», - деп жауап берді. (Мұны естіген) Сағд (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сен куә бол! Мен жеміс бауымды анамның атынан садақа еттім», - деді» (Бұхари, Уасая 15).

***

Мәлік ибн Рабиға (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні біз Аллаһ Елшісінің қасында отырғанымызда Сәлім руының бір кісісі келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әке-шешем өлгеннен кейін, оларға жасар жақсылығым бар ма?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Иә, бар! Оларға дұға етесің! Истиғфар етесің! Өсиеттерін орындайсың! Туыстарына қамқор боласың! Достарына сый-құрмет көрсетесің», - деп жауап берді» (Әбу Дәуіт, Әдеп 119-120/5142; ибн Мәжә, Әдеп 2).

***

Әбу Һұрайра (р.а.) Зұлхұлайфада тұратын. Анасы бөлек үйде, өзі бөлек үйде ғұмыр кешетін. Үйінен шығып, бір жаққа бет алғанда анасының есігіне келіп:

– Уа, анашым! Саған Аллаһтың сәлемі, мейірімі және берекеті жаусын! - деп сәлемдесуші еді. Анасы да:

– Балам! Саған да Аллаһтың сәлемі, мейірімі және берекеті жаусын! - деп үн қататын. Содан соң Әбу Һұрайра:

– Кішкене күнімде мені мейіріміңмен өсіргенің секілді, Аллаһ та саған мейірімділік көрсетсін! - дейтін. Анасы да:

– Маған жасым ұлғайған шақта, игілік жасағаның тәрізді, Аллаһ та саған мейірімділік танытсын! Істеген игілігіңнің сыйын берсін! Сенен разы болсын! - деп жауап беретін.

Әбу Һұрайра (р.а.) үйіне қайтқанда да сол әрекетін қайта қайталаушы еді (Бұхари, әл-Әдәбул-муфрад №12, 14).

***

Абдулла инб Динар былай деп әңгімелейді:

«Бір күні ибн Омар (р.а.) Меккеге сапар шекті. Түйеге мінуден жалыққанда, мінетін есегі бар болатын. Басында сәлдесі бар еді. Жолда есегімен келе жатып бір бәдәуиге жолықты. Оған қарап:

– Сен пәленшенің ұлы, түгенше емессің бе? - деп сұрады. Ол:

– Иә, солмын! - деп жауап берді.

Ибн Омар астындағы есегін оған беріп:

– Мынаған мініп ал, - деді. Артынша басындағы сәлдесін беріп: «Мынаны басыңа орап ал!»,-деді.

Жанындағы жолдастарының бірі ибн Омарға (р.а.) қарап:

– Аллаһ сені кешірсін! Есегіңді және сәлдеңді мына бәдәуиге босқа бердің, - деді. Ибн Омар (р.а.):

– Мен Аллаһ Елшісінің: *«Игіліктің ең жақсысы, кісінің әкесі өлген*

соң, әке досының жанұясына қамқор болуы», - деп айтқанын естіген едім. Мына кісінің әкесі, менің әкем Омардың досы болатын», - деді» (Мүслим, Бирр 11-13; Әбу Дәуіт, Әдеп 120; Тирмизи, Бирр 5).

***

Ислам тарихындағы ұлық тұлғалардың бірі имам Ағзам (р.а.) Бағдаттағы абақтылардың бірінде зұлымдықтың ащы қамшыларының астында жатып: «Мына халімді анашым естімесін! Күйіп кетеді. Мен оның қайғыруына шыдай алмаймын»,-деп, анасына деген шексіз махаббаттын білдірген еді.

***

Ұлы ғалымдарымыздың бірі Нақышбәндидің өсиеті секілді төмендегі мына насихатына көз жүгіртсек, оның ұлылығын байқаймыз:

«Біздің қабірімізді зиярат етуге келген кісі, әуелі анамыздың қабірін зиярат етсін!»

Шынымен-ақ қазіргі таңда Хазірет Нақышбәндидің қабірін зиярат етуге ниеттенген кісілер, әуелі оның анасының қабірін зиярат етеді.

Абдуррахман Жәми ана махаббатына қатысты мынадай пікір түзейді:

«Мен анамды қалайша сүймеймін! Ол мені біршама уақыт тәнінде, біраз уақыт құшағында, ал кейін өле-өлгенше жүрегінің түкпірінде тасып дүниеден өтті. Оған құрметсіздік жасаудан артық жамандықты білмеймін!»

***

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, ата-ана ақысы өтелуі мүмкін емес дүние. Имандылықтан кейін, ең маңызды нәрсе ата-анаға қызмет ету болып табылады. Аллаһқа серік қосуды яки Оған (Аллаһқа) қарсы шығар әрекетті әмір етпейінше, олардың айтқандарына құлақ асып, бағынуымыз тиіс. Жәннаттың жолы ата-ананың разылығы арқылы өтеді. Аллаһ Тағала пейішті аналардың аяғының астына төсеген. Ал әкені жәннаттың ортаңғы есігі еткен. Енді кез келген жанның қалауы білсін! Қалаған жан оларды разы етсін! Қаламаған жан көңілін қалдырып, ренжітсін!

Ә) ЖАНҰЯ АҚЫСЫ

Адамзат баласы жаратылысынан жанұя құруға, жанұя ішінде ғұмыр кешуге мұқтаж. Бұдан тыс ғұмыр адамға бақыт сыйлай алмайды. Алайда жанұя өз қызметін мүлтіксіз атқаруы үшін жанұя мүшелерінің өзіне қатысты құқықтары мен міндеттерін білулері тиіс. Әрі оларды мүлтіксіз

іске асырулары қажет. Адамға ең жақын жан, туыстар болғандықтан оларға ең үлкен жауапкершілік және құқық берілген.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бұл жайлы былай дейді:

«Туыстар Аллаһтың үкіміне қарай бір-біріне өзге мұсылмандар мен мұһажирлерден жақынырақ» (Ахзап сүресі, 6-аят).

Әкенің, шешенің, балалардың бір-біріне қатысты құқықтары бар. Әке, әйелін және балаларын дұрыс тәрбиелеп, мұқтаждықтарын адал жолмен өтеуі қажет. Сондай-ақ оларды ақыретке дайындауы ләзім.

Ал ана, күйеуіне деген міндеттерін аса мұқияттылықпен өтеуі керек. Үйіне, бала-шағасына бас-көз болып, ие болуы қажет. «Ұяны құратын ұрғашылар» деген мақалға сәйкес қанағатшыл болуы, ысырапшылдыққа жол бермеуге күш салуы тиіс. Сонымен қатар әрбір ісін ақылға салып, іске асыруы ләзім.

Ата-ана балаларына бірдей әділеттілік танытуға тырысуы қажет. Оларды бөліп жармауы керек.

Ал балалар да ата-анасына құрмет көрсету жолында аянбаулары қажет-ақ. Шын ықыласпен оларға қызмет етуге қолдан келгенді аянып қалмаулары ләзім.

Жанұя ішінде ең маңызды тәрбие істерінің бірі жанұя мүшелеріне екі дүниенің бақытын сыйға тартатын ислам дінін үйрету болып табылады.

Аллаһ Тағала бұл жайлы былай дейді: **«**(Уа, Мұхаммед!) **жанұяңа намаз оқуды әмір ет! Әрі оны өзің сабырлықпен жалғастыр!»** (Taha сүресі, 132-аят).

«Уа, иман келтіргендер! Өздеріңді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастардан болған тозақтан қорғаңдар!» (Тахрим сүресі, 6-аят).

Бұл аяттың тәпсірі жайлы тәпсірші ғалымдар, жанұя мүшелеріне әсіресе балаларды бағып қағатын, діни тәрбиесіне әкенің жауапты екендігін айтып өткен.[163]

Діни және ақыреттік құқықтардан кейін дүниелік мұқтаждықтар орын алады.

Мұғауия ибн Хайда былай деп әңгімелейді:

«Мен, Аллаһ Елшісінен (с.а.у.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Әйелдеріміздің бізден алар қандай құқықтары бар?» - деп сұрадым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деп жауап берді: *«Өздерің жейтін дәрежеде жегізу, киінетін дәрежеде киіндіру. Сондай-ақ беттерінен ұрмау. Жасаған істерінің яки*

163. Құртуби XVIII, 165; Рази XXX, 41.

өздерінің сүйкімсіз екендігін айтпау. Оларды төсектерінде жалғыз тастау керек болса, бұл істі тек үйде жасау» (Әбу Дәуіт, Неке 40, 41; ибн Мәжә, Неке 3).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) отбасының ырыздығын қамтамасыз ету үшін қанша керек болса, сонша еңбектенген. Бұл жолда жасалған еңбектің құлшылық пен инфаққа жататындығын айтып өткен.

«Аллаһ жолында сарп еткенің, құл азат етуге жұмсағаның, пақырға садақа ретінде бергенің, жанұя мұқтаждықтарын өтеуге жұмсаған қаражатың бар ғой! Міне, бұлардың ішінде ең көп себепкер болатыны жанұяға жұмсағаның» (Мүслим, Зекет 39).

Бұл сүйінішті хадис-шәріп Раббымыздың мүминдерге деген үлкен жақсылығы, орасан игілігі. Хақ Тағала құлдарының адалдан мал табуларын әмір етеді. Кісі, жанұясының ырыздығын адалынан табуға тырысып жүргенде, ешкімге мұқтаж болмайтындығын, әрі сауап жинап ақыретке дайындық жасап жатқандығын ойлап рахатқа бөленеді. Әрі жандүниесі тынышталады. Жанұя мүшелері жаратылыстарына және жағдайларына қарай отбасы міндеттерін өзара бөлісіп алулары қажет.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жанұя істерін бөлгенінде қызы Фатимаға үй істерін атқаруды, ал, күйеу баласы Хазірет Әлиге түздегі істерді атқаруды өсиет еткен.[164]

Әкенің тауып берген үйі, яки жалға алынған немесе өзінікі болсын жанұя мүшелеріне толықтай баспана болатын кеңдікте болғаны жөн. Сонымен қатар жақсы бір ортада, жақсы көршілердің арасында болуын қамтамасыз ету керек. Сондай-ақ әке киім тұрғысында өзіне, әйеліне және балаларына қыстық-жаздық, ең азында екі киім әзірлеуі ләзім. Жұма күні мейрам күндері, той секілді қуанышты күндерде киетін арнайы киім тіктіру де күнә емес.

Үй иесі әйелінің хабарынсыз ұзақ сапарға шықпауы керек. Үйге хабар салмастан және кім екендігін білмейтін қонақтарды әкелмеуі керек. Әйелінен шариғаттан тыс намахрам (үйленуіне болатын) жандардың арасына кіріп-шығуын, қызмет етуін талап етпеуі қажет. Жанұясын мүмкіндігінше аралас-құралас орталардан ұзақ ұстауы қажет.

Әкенің жанұя мүшелеріне үлгі болуы ләзім. Әрі жақсы мәміле жасауы тиіс. Хадис-шәріптерде былай деп айтылған:

«Сендердің ең қайырлыларың – жанұя мүшелеріне қайырлы болғандарың. Сендердің араларыңдағы жанұясына ең қайырлы жан менмін» (Тирмизи, Манақиб 63/3895; ибн Мәжә, Неке 50).

164. Касани, Бәдаиғус-Санай фи Тәртибиш-Шәрағи, Бейрут 1982, IV, 24.

«Кез келген мұмин әйелін жек көрмесін! Оның бір мінезін жек көрсе, басқа бір мінезін жақсы көреді» (Мүслим, Радағ 61).

Жанұя өмірінде махаббат, рақымдылық және мейірімділік сезімдері алда болуы қажет. Отбасы тіршілігінде ақылдарын жүректерінен жоғары қойған жандар, құрғақ бірге болудан басқа ешнәрсеге қол жеткізбейді. Мұндайлардың үйлері жанұя болудан шығып, тек қабырғалардан тұратын үйге айналады. Кісі жанұя ішінде кешірімшіл және момын болуы қажет. Кісі ашуына мінгенде кез келген нәрсеге ант етіп, кейін оның жақсылыққа апармайтындығын түйсінген де, дереу одан бас тартып, антының каффаратын өтеуі тиіс.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Мен, Аллаһ қалап, уаллаһи деп бір іс жайында ант етемін. Кейін одан қайырлысын (жақсы) көргенімде антымның каффаратын өтеп, әлгі қайырлырақ болғанды жасаймын» (Бұхари, Айман 1, Каффарат 10; Мүслим, Айман 7).

Дәл осылай істемей, кісінің жанұясына қайырлы болмаған бір антты жалғастыруы, оны Аллаһ құзырында каффаратын өтеп, антынан бас тартуынан артық күнәһар етеді.[165]

Жанұя ішінде әйелдің тақуалығы мен туралығы күйеуін, балаларын, туыстарын тіпті, көршілерін жақсылыққа итермелейтін болуы керек. Салиқалы әйел маңайына бақыт шашып, жәннат иісі аңқыған гүл іспеттес.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) нендей керемет айтқан десеңізші!

«Салиқалы әйел, күйеуі жүзіне қарағанда оны қуантады. Күйеуінің айтқанын істейді. Әрі ол болмаған жерде дүниесін және абыройын қорғайды» (Ибн Мәжә, Неке 5).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) күйеулерінің құқықтарын өтеген әйелдерді мынадай хабармен сүйіншілеген:

«Күйеуі өзіне разы болып өлген әйел жәннатқа кіреді» (Тирмизи, Радағ 10/1161; ибн Мәжә, Неке 4).

Ақылды әйел күйеуінің мінезін, дағдыларын өзінен күтетін әрекеттерін қысқа уақыт ішінде аңғаруы тиіс. Үйінің және өзінің таза әрі ретті болуына мән беруі қажет. Күйеуін әрдайым күлімсіреп қарсы алуы керек. Таңертең жұмысқа кеткенінде дұғалар оқып шығарып салуы жөн.

«Тапқаның аз да болса, адалынан болсын! Адал жолмен не әкелсеңде разымын деп ескерту жасауы ләзім. Жақсы әйел тамағын уақытында

165. Бұхари, Айман 1; Мүслим, Айман 26.

әзірлейді. Күйеуінің жақсы көріп, сүйген ас түрлерін дайындауға күш салады. Қанағатшыл, үнемшіл болады».

Балалардың да әке-шешесінен алар ақылары бар. Ибн Омар (р.а.) Аллаһ Елшісінің былай деп айтқанын нақыл етеді:

«Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бағзы құлдарын «абрар» деп атаған. Өйткені олар әке-шешесіне әрі балаларына игілікпен жақсылық жасағандар. Әке-шешенің сенен алар ақысы болғаны секілді, дәл солай баланың сенен алар ақысы бар» (Хайсами YIII, 268).

Хақ Тағала жанұяға бала нәсіп еткенінде оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтып, оған жақсы ат қою әке-шешенің басты міндеттерінің бірі.[166]

Жағдайы жақсылар туылғаннан бір аптадан кейін Аллаһқа шүкір ретінде ақиқа құрбанын шалулары қажет. Баланың шашын алып, шашының салмағындай күмісті пақырларға таратуы жөн.[167]

Жанұядағы балалар ғибратты пайғамбарлардың қиссаларынан ғибрат алуы лəзім. Әке-шешелері әуелі оларға алғашқы діни мағлұматтарды үйретуі керек. Кейін таңдап алатын мамандықтарына байлынысты ислами үкімдерді үйренулеріне жәрдемші болулары қажет. Жанұя мүшелері нәпсінің, шайтанның, қара ниетті жандардың айласынан Аллаһқа сиынып, қырағы болулары тиіс. Өйткені бұлар ең қасиетті мекеме болып табылатын жанұяны жығу үшін қолдарынан келгенін аямайды. Олар жанұяны жықса, көпшіліктің ахлақын бұзатындығын және дінді де жығатындығын жақсы біледі. Мұның маңыздылығын білдіретін хадисшәріптерге көз жүгіртіп өтейік:

«Ібілістің аршы теңізде, жәрдемшілерін адамдарды азғыру және адастыру үшін жер жүзіне жібереді. Оның құзырында ең мәртебелісі және ең үлкені адамдарды ең көп азғырғаны. Олардың бірі келіп: «Бүгін мен ананы-мынаны істедім» - дейді. Ібіліс оған қарап: «Ешнәрсе істемепсің!» - дейді. Кейін басқа біреуі келіп: «Мен (әлсіз жерін тапқан) кісінің әйелін, одан айырғанға дейін жағасынан айырылмадым» - дейді. Бұған қатты сүйінген Ібіліс оны өзіне жақындатып, жанынан тастамайды. Әрі оған: «Сен нендей кереметсің!» - деп қошемет көрсетеді» (Мүслим, Мунафиқун 66).

Мүминдер шайтанға, нәпсіге қолайлы сәт тудырмастан жанұясын бұзбай ұстауға, санын арттыруға тер төгуі қажет. Отбасы құқықтарының әрбір құқығын міндетті түрде аса үлкен мұқияттылықпен атқаруы керек. Бұл құқықтар іске аспаған жағдайда, қиямет күні азапқа душар болады.

166. Әбу Дәуіт, Әдеп 61, 106-107.
167. Бұхари, Ақиқа 1, 2; Муатта, Ақиқа 2, 3.

Ол күнгі есептің ауырлығынан әрбір жан бір-бірінен қашқысы келеді. Бірақ оның еш пайдасы болмайды. Хақ Тағала былай дейді: **«Қиямет күні кісі бауырынан, шешесінен, әкесінен, әйелінен және балаларынан қашады. Ол күні әркімнің өзіне жетіп, артылар дерті бар»** (Ғабаса сүресі, 34-37 аяттар).

Иә, ол күні адамдар жақындарынан ақыларын талап етпесін деп қашады. Дүниеде Аллаһ Тағала разылығының бағытымен өмір сүргендердің жүздері қуаныштан нұрланады. Ал, міндеттерін орындамағандардың жүздері қорқу, қайғы және өкініштен қап-қара болып түтігіп кетеді. Хақ Тағала бізді барша құқығын мұқиятты өтеген, әрі құзырына жүзі жарқын кейіпте шығатын құлдарынан етсін! Әмин!

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жанұя мүшелерін махаббатпен, мейірділікпен тәрбиелеген. Рухани жандүниелерін байытып, оларды ақыретке дайындаған. Дүниелік мұқтаждықтарын да өтей отырған. Пайғамбарымыз (с.а.у.) олжа ретінде қолға Бану-Надрдың құрма бауының жемісін сатып, жанұясының бір жылдық нәпақасын айырушы еді. Қалғанын бәйтулмалға өткізетін. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл ізгі әдетін өмірінің соңына дейін жалғастырды (Бұхари, Нафақат 3; Мүслим, Жиһад 49).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) жанұясын асырау үшін түйелер алған болатын. Бұл түйелер Ұхуд пен Жамма жайлауында бір күннен аса жайылып келетін. Үйге келген түйелер сауылып, кешкі ас ретінде қонақтарға берілетін. Қалған сүт пен келесі күні таңертең сауылған сүт Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) әйелдеріне үлестірілетін. Анамыз Үмму-Салама (р.а.) Пайғамбарымыздың әрбір әйеліне әр түрлі ат қойылған бірнеше түйе атағандығын, әрі Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) шұбаты мол түйесі болғандығын, әрі ырыздықтарының үлкен бөлігін түйелерден және ұсақ малдан болғандығын айтып өткен (Ибн Сағд I, 494-496).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әрбір әйелі үшін мешітке түйістіріп, бірнеше бөлме салған. Осылайша олардың тұрғын үй мұқтаждығын қамтамасыз еткен. Өлімінен кейін күн көріністерін жалғастыру үшін Хайбардан келетін түсімнің өзіне түскен пайынан әрбір әйеліне сексен уасық[168] құрма және жиырма уасық бидай атаған (Ибн Сағд ҮIII, 56, 69, 127).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деген болатын: *«Әйелдерімнің күн көрісі мен жұмысшымның айлығынан басқа соңымда қалған дүние садақа (уақыф)[169]»*.

---

168. Бір уасық шамамен 200 кг.

169. Бұхари, Уасая 32; Мүслим, Жиһад 55. Хадисте айтылған жұмысшы Пайғмабарымыздың жер телімдеріне қараған кісі меңзелген. Өйткені, бағзы риуаяттарда Аллаһ Елшісінің

Яғни, өзінің жер телімдерінің бір бөлігінен әйелдерінің жылдық нәпақасын айырып, өзге түсімді мемлекеттің және халықтың мұқтаждықтарына арнаған.[170]

***

Он сегіз мың ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) жанұясына қажетті мағлұматтарды үйретуге көңіл бөлген. Шифа бинти Абдулла былай деп әңгімелейді:

«Мен Хафсаның жанында отырғанымда, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жанымызға келді. Маған қарап: *«Мынаған жазуды үйреткенің секілді «нәміле» шипасын*[171] *үйретпейсің бе?»* - деді (Әбу Дәуіт, Тыб 18/3887).

***

Осман ибн Мазғұнның (р.а.) әйелі Хаула бинти Хаким жақсы киінетін әйел болатын. Бір күні ескі тозығы жеткен киім киіп Хазреті Айшаға (р.а.) келді. Қадірлі анамыз: «Бұл халің не?» - деп сұрады. «Күйеуім түнімен намаз оқиды. Күндіз ораза ұстайды» - деп жауап берді. Дәл сол сәтте Аллаһ Елшісі (с.а.у.) кіріп келді. Хазірет Айша (р.а.) болған жайды айтып берді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жанұясының жауапкершілігін ескерту ниетінде Осман инб Мазғұниға былай деді. «Осман! Бізге монахтар сияқты өмір сүру әмір етілмеді. Менің бойымда сен үшін алар үлгі жоқ па? Уаллаһи, сендердің іштеріңде Аллаһтан ең қатты қорқатыны және Оның қойған шектеріне ең үлкен құрмет көрсететіні менмін (Ахмет YI, 226; ибн Хажар, Әл-Исаба IY, 291).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір хадис-шәріпінде бізге былай деп ескертеді: *«Кісінің күн көрісін қамтамасыз етуі міндетті болған жандарға бейғамдық танытуы оған күнә болуға жетіп артылады»* (Мүслим, Зекет 40; Әбу Дәуіт, Зекет 45).

Сахабалар кейде рухани тұрғыдан қатты толқып дүние мүліктерін түгелдей инфақ (сарп) етуге ұмтылатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) олардың ішінен тек Хазірет Әбубәкірдің ғана инфағын (сарп еткендігін) түгелдей қабыл еткен. Өзгелерінен болса, бірінен малының жартысын, енді бірінің дүниесінің үштен бірін инфақ етуіне рұқсат беретін. Үмбетіне жанұяларын мұқтаж жағдайға душар қылмауларын өсиет еткен.

***

Хузайфа (р.а.) былай дейді: «Менің тілімде, жанұя мүшелеріме

(с.а.у.) құрма бақтарына қараған бір кісі жайында айтылады (Мүслим, Мусақат 99-100).

170. Науауи, Шарху-Сахихи-Мүслим, Мысыр 1981, 12, 82.

171. Хадисте айтылған нәміле яғни, құмырсқа сөзі адамның екі жанымен денесінің басқа тұстарына шығатын жара атауы.

келгенде өлшеу жоқ еді, алайда бұл басқалармен кездескенде болмайтын. Халімді Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) баяндадым. Маған: «Истиғфар тұрғысынан қандайсың? Бұл кеңшілігіңнің кешірілуі үшін күніне жетпіс мәрте истиғфар ет» - деді (Ибн Мәжә, Әдеп 57).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) азат еткен Раджб былай дейді: «Пайғамбарымыздан: «Ей, Аллаһтың Елшісі біздің балалардан алар ақымыз секілді олардың да бізден алар ақылары бар ма?» - деп сұрадым. Былай деді: *«Баланың әкеден алатын ақысы оған жазу жазуды, жүзуді, садақшылықты үйретуі және адал мал тауып тамақтандыруы»* (Бәйхақи, Шуғаб YI, 401; Әли Әл-Муттақи XYI, 443).

Яғни, әкенің материалдық тұрғыдан қазіргі таңдағы шарттарға қарай болашаққа дайындауы, әрі рухани тұрғыдан жан сарайына сызат түспеуі үшін адал рызықпен тойдыруы қажет. Бұл тақырып жайлы мынандай хадис-шәріптер бар.

«Баланың әкеден алар ақысы оған жақсы ат қоюы, уақыты келгенде үйлендіруі және жазу жазуды үйретуі» (Әли Әл-Муттақи XYI, 417).

Өмірде оған құрметті дәрежеге жетуіне септігін тигізу және оған жақсы тәрбие беруі (Бәйхақи, Шуғаб YI, 401-402).

«Ұл балаларыңа жүзуді және оқ атуды, ал қыздарыңа жіп іируді үйретіңдер» (Суннат II, 52).

Ахзап сүресінің: **«Ей, пайғамбардың әйелдері! Сендер өзге әйелдер секілді емессіңдер. Егер Аллаһтан қорықсаңдар, қылымсып сөйлемеңдер. Жүрегінде дерті бар әлде кім дәмеленіп қалады. Әрі жақсы сөз айтыңдар. Үйлеріңде отырыңдар. Ескі қараңғылық дәуірде болғаны сияқты әсемденіп далаға шықпаңдар. Намаз оқыңдар, зекет беріңдер және Аллаһқа әрі Оның пайғамбарына бағыныңдар. Әй, пайғамбардың үй іші шын мәнінде Аллаһ сендердің күнәларыңды кешіріп өздеріңді тап-таза етуді қалайды»** (Ахзап сүресі, 32-33 аятттар) деген аяттар түскенде Аллаһ Елшісі шамамен алты ай таң намазына барғанда Хазірет Фатиманың үйіне барып күні бойы істеген істен шаршағанын ойлап, қалайда оларды ескерту ниетінде: «Намазға тұрыңдар ей, Әһлі-Бәйт! (Пайғамбардың жақын туыстары, үй іші) Аллаһ сендердің күнәларыңды кешіріп өздеріңді тап-таза етуді қалайды» - деп айтатын (Тирмизи, Тәпсір 33/3206).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) кейбір түндерде Хазірет Әли мен Фатиманың есігін қағып: *«Намаз оқымайсыңдар ма?»* - деп айтатұғын (Бұхари, Таһажжуд 5).

***

Зейд ибн Әсләм былай дейді: **«Ей, иман келтіргендер! Өздеріңді және жанұяларыңды отыны адамдар мен тастан болған тозақтан қорғаңдар»** (Тахрим сүресі, 6-аят).

Аят түскен кезде сахабалар: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Өзімізді қорғай аламыз ғой. Жанұямызды қалай қорғай аламыз?» - деп сұрады. Аллаһ Елшісі былай деп жауап берді: «Оларға Аллаһқа құл болуды, мойынсұну мен құлшылықты әмір етесіңдер. Аллаһқа қарсы келуден және күнә істеуден тыйасыңдар. Міне осылайша қорғау болмақ» (Алуси XXYIII, 156).

***

Уаһб инб Абдулла (р.а.) былай дейді: «Аллаһ Елшісі Салман мен Әбу-Дарданы бір-біріне бауыр қылды. Сондықтан Салман Әбу-Дарданы зиярат етіп тұратын. Бір келгенінде оның әйелі Умму Дарда ескі тозығы жеткен киімді киіп алыпты. Оған:

– Мынауың не? - деп сұрады. Әйел:

– Баурың Әбу-Дарда мүлікке және дүниенің ләззатына мән бермейді, - деп жауап берді. Дәл сол кезде Әбу-Дарда үйге келді. Әйеліне дайындатқан асты Салманға ұсынып:

– Отырыңыз, асыңызды ішіңіз.

– Мен оразамын, - деді.

– Салман сен жемесең мен де жемеймін, - деді. Әбу-Дарда дастарқанға отырып ас жеді. Түн болған да Әбу-Дарда таһажжуд (түңгі намазы) намазын оқуға дайындалды. Салман оған:

– Ұйықта! - деді. Әбу-Дарда ұйықтап қалды. Біраз уақыт өткеннен кейін қайта тұруға әрекеттенді. Салман қайтадан:

– Ұйықта! - деп тұрғызбады. Түннің соңғы бөлігінде Салман оған:

– Ал, енді тұр! - деп оятып алды. Екеуі бірге намаз оқыды. Кейін Салман Әбу-Дардаға былай деді:

– Сенен Раббыңның алар ақысы бар, нәпсіңнің ақысы бар, жанұяңның ақысы бар, әр ақының иесіне ақысын бер! Әбу-Дарда (р.а.) Пайғамбарымызға барып болған оқиғаны айтты. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Салман тура айтқан екен», - деді (Бұхари, Саум 51, Әдеп 86).

***

Қысқасы, адам бәрінен бұрын жанұясына жауапты. Олардың өзіне Аллаһ тарапынан берілген аманат екендігін білуі, ақыларын қолынан келгенше өтеуі қажет. Өйткені бұл бағытта жасалған істер Раббымызды разы етеді. Әрі тыныш, рахат өмір сүруімізге себепші болады. Бұл

істерге мән бермеу кісіні бұл дүниеде де, о дүниеде де қиын жағдайға душар етеді.

Б) ТУЫС АҚЫСЫ

Әрбір кісінің туыстарымен, жақындарымен қарым-қатынасты үзбеуі, қорғауы дініміздің ең көп мән беретін негіздердің бірі. Өйткені Аллаһ Тағала туыстарды бір-біріне мирасқор еткен. Туыстар арасында көптеген міндеттер жүктей отырып, байланысты күшейткен.

Туыстар адамның материалдық және рухани тұрғыдан күйзелуден құтқарады. Әрі көптеген игі істердің іске асуына жәрдемші болары хақ. Пайғамбарлар тәблиғтерін (үміттерін) әуелі өз туыстарына жеткізген. Әрі олардың демеуі арқылы, өз міндеттерін ойдағыдай атқарған.[172] Мысалы Шұғайыптың (а.с.) бүлікшіл қауымы: «Егер ағайының болмаса, сені тасқа борап өлтірер едік», - деген болатын.

Сондықтан мұсылман діни және дүниелік істерде туыстарына пайдалы болуы қажет. Игі істерде оларды қолдану үшін туыстық қатынасты үзбей, өзінің туыстық парызын мүлтіксіз орындауы ләзім. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді: **«Туыстармен арадағы қарым-қатынасты үзуден сақтаныңдар! Күмәнсіз, Аллаһ Тағала сендерді бақылаушы»** (Ниса сүресі, 1-аят).

«Ата-анаға, туыстарға ... жақсы мәміле жасаңдар!» (Ниса сүресі, 36-аят).

Аллаһ Тағала «Рахим» деп атаған туыстық қатынасты, өзінің «Рахман» (аса рақымды) және «Рахим» (ерекше мейірімді) деген көркем есімдерінен алған. Құдси хадисте: «Оны (туыстық қатынасты) үзбегенге, мен игілік жасаймын. Ал үзгенді, игілігім мен мейірімімнен мақұрым қалдырамын», - дейді (Әбу Дәуіт, Зекет 45/1694).

Демек, туыстық қатынас Аллаһ Тағаланың «Рахман» есімінен шыққандықтан, мейірімділік пен рақымдылық негізінде болуы тиіс. Төмендегі мына хадис-шәріп осы мағынаны көрсетеді:

«Туысының жасаған игілігіне, дәл сондай игілік жасаған жан туыстық қатынасты үзбеген кісі қатарына енбейді. Нағыз туыстық қатынасты үзбеген жан, туыстары онымен қатынасты үзгенімен, оларға жақсылық жасаудан танбаған жан (болып табылады)» (Бұхари, Әдеп 15; Әбу Дәуіт, Зекет 45; Тирмизи, Бирр 10).

Бір сахаба Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) сауабы мол амалды сұраған болатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзімен қарым-қатынасты үзгеніне қарамастан,

172. Ибн Хиббан, Сахих, Бейрут, 1993, XIV, 86.

туыстарымен кездесуді үзбеудің сауабы мол амалдардың бірі екендігін айтқан болатын (Ахмед IV, 148, 158).

Сонымен қатар туыстық қатынасты үзбеу, тікелей иманға да қатысы бар. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһқа және ақыретке иман келтірген жан, туысына игілік жасасын»*, - дейді (Бұхари, Әдеп 85; Мүслим, Иман 74, 75).

Аллаһ Талаға өзінің ізгі құлдарын: «Олар, Аллаһтың үзбеуін әмір еткен нәрсесін (туыстық қатынасты), үзбей жалғастырады. Әрі Раббыларынан қорқады. Әрі (қияметте) есептерінің жаман болуынан қорқады», - деп сипаттайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) немере ағасы Хазірет Аббасты: «Бұл Аббас ибн Мутталиб! Құрайыш руының ең жомарт кісісі әрі туыстық қатынасқа үлкен мән беретін жан», - деп мақтайды (Хаким III, 371).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) игілік жасауымыз керек болған жандарды былай деп тізбектейді:

«Қаражатты әуелі өзіңе жұмса! Артылғанын бала-шағаңа жұмса. Жанұяңнан бір нәрсе артылып жатса, оны туыстарыңа жұмса. Туыстарыңнан артылып жатса, оң жағың мен сол жағыңдағы көршіңе бер» (Нәсай, Зекет 60, Буюғ 84; Мүслим, Зекет 41).

Туыстарға жұмсалған инфақ һәм садақа туысқа қарайласу болып табылады.

Туыстық қатынасты үзбеудің көптеген қиыншылықтары болуы мүмкін. Бірақ сауабы мол. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) туысқа қарайласудың жақсылығын: *«Кімде-кім рызығының молаюын, өмірінің ұзақ болуын қаласа туысына қарайлассын»*, - деп жеткізеді (Бұхари, Әдеп 12, Буюғ 13; Мүслим, Бирр 20, 21; Әбу Дәуіт, Зекет 45).

Оған қоса, туыстық қатынасты үзбеу Аллаһ Тағаланың сүйіспеншілігіне ілігудің бір жолы болып табылады. Құдси хадисте Аллаһ Тағала: *«Туыстары және достарымен қатынасты үзбегендер, менің разылығым үшін бір-бірін зиярат еткендер, менің сүйіспеншілігіме ілігеді»*, - дейді (Ахмед V, 229).

Ал керісінше туыстарымен туыстық қатынасты үзгендерге, оларға қарайласпағандарға шариғатта көптеген ескертулер жасалған.

Құран Кәрімде бұл жайлы былай делінген:

«Аллаһқа берген серттерін бұзғандар, сондай-ақ Аллаһтың үзбеуді әмір еткен нәрсесін (туыстық қатынасты) **үзгендер, әрі жер жүзінде бұзақылықпен айналысқандар Аллаһтың лағнетіне ұшырайды. Тозақ та соларға арналған»** (Рағыд сүресі, 25-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Аллаһ Тағала барша махлұқатты жара-*

тып болғаннан кейін, «рахим» (туыстық қатынас) орнынан тұрып: «(Құзырыңдағы) мына тұрыс, туыстық қатынасты үзген жаннан, саған сыйынғанның тұрысы», - деді.

Аллаһ Тағала: «Жарайды! Саған қарайласқанға қарайласуымды, ал сенен қатынасын үзген жаннан, мейірімді үзуіме разы емессің бе?» - деп сұрады.

«Рахим» (туыстық қатынас): «Иә, разымын», - деп жауап берді». Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жайтты айтқаннан соң: «Қаласаңдар (мұны растай түсетін) мына аятты оқыңдар», - деді.

«(Уа, мұнафықтар!) **егер сендер іс басына келетін болсаңдар, жер жүзінде бұзақылық жасап, туыстық қатынасты үзесіңдер ғой!** (Солай емес пе?) (Міне) **осылар Аллаһ лағнет етіп, құлақтарын саңырау, көздерін соқыр еткен жандар!»** (Мұхаммед сүресі, 22-23 аяттар).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) осы мәселе төңірегінде хадис-шәріптерінде былай дейді: *«Ақыретте жазасы берілгенімен, бұл дүниеде Аллаһ Тағаланың тез арада жазалауына ең лайықты күнәлар, зұлымдық жасау және туысқа қарайласпау (болып табылады)»* (Әбу Дәуіт, Әдеп 43; Тирмизи, Қиямет 57; ибн Мәжә, Бирр 16).

«Әрбір жұма күні адам баласының амалдары Аллаһ Тағалаға көрсетіледі. Алайда туыстарымен қатынасты үзген жанның амалдары қабыл етілмейді» (Ахмед II, 484).

«Жер жүзіндегі кез келген мұсылман Аллаһтан бір нәрсе тілесе, (әрі ол тілеуден кейін) күнә істеуден яки туыстарымен қатынасты үзуден аулақ болып жүрсе, Аллаһ Тағала міндетті түрде оған тілегенін береді. Немесе оның тілеуінің мөлшеріндей жамандықтан сақтайды» (Тирмизи, Дағауат 115/3573; Ахмед III, 18).

«Туыстарымен қатынасты үзген жан пейішке кірмейді» (Бұхари, Әдеп 11; Мүслим, Бирр 18, 19).

Осы аяттар мен хадистер туыстық қатынастың маңыздылығын көрсетеді. Маңыздылығы соншалық, туыстар мұсылман болмаған күннің өзінде, олардың белгілі деңгейде құқықтары бар. Өйткені Құран Кәрімде, мұсылмандықты қабыл етпеген әке-шешеге игілік жасау, жақсы мәміле көрсету айтылған[173].

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) пайғамбарлық келместен бұрын көкесі Әбу Тәліптің материалдық әл-ауқаты төмен болатын. Өзі шеттей бала-

173. Лұқман сүресі, 10-аят.

шағалы жан. Көптеген қиындықтарға тап болып, әжептәуір қиналып қалады. Мұны байқаған Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзге көкесі болып келетін Хазірет Аббасқа келіп: «Көкешім! Бауырың Әбу Тәліптің шет-тей бала-шағасы бар екендігін білесің! Адамдар аштыққа душар болып, қиналып жатыр. Қанекей! Екеуміз Әбу Тәліпке барып сөйлесейік. Ұлдарының бірін мен, бірін сен ал. Осылайша оның ауыртпалығына қол ұшын берейік», - деді.

Хазірет Аббас (р.а.) бұл ұсынысты қуана-қуана қабыл етті. Екеуі бірге Әбу Тәліптің үйіне барады. Әбу Тәліп ұсынысты естіп: «Ақылға тимеңдер! Қалған ұлдарымның арасынан таңдағандарыңды алыңдар», - деді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Әлиді (р.а.) ал көкесі Аббас Жаппарды алды. Адамзаттың асылы Пайғамбарымызға (с.а.у.) пайғамбарлық келгенге дейін Хазірет Әли оның қанатының астында тәрбиеленді (Ибн Хишам I, 264).

***

Әбу Хурайра (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Жақын туыстарыңа ескерту жаса» деген аят түскенде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Құрайыш руын шақырды. Олардың баршасы Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бәз біреулерге жалпылай, ал бәз біреулерге жекелей былай деп жар салды:

«Уа, Абдушамстың ұлдары! Уа, Кағб ибн Луайдың ұлдары! Өздеріңді тозақтан құтқарып қалыңдар!

Уа, Абдуманафтың ұлдары! Өздеріңді тозақтан құтқарып қалыңдар!

Уа, Хашимның ұлдары! Өздеріңді тозақтан құтқарып қалыңдар!

Уа, Абдулмутталиптің ұлдары! Өздеріңді тозақтан құтқарып қалыңдар!

Ей, Фатима! Өзіңді тозақтан құтқарып қал! Өйткені сендерді Аллаһтың азабынан қорғап қалуға шамам жетпейді. Бірақ арамыздағы туыстықтың арқасында, сендермен қарым-қатынасты үзбеймін» (Мүслим, Иман 348, 351; Бұхари, Тәпсір 26/2; Тирмизи, Тәпсір 27/2).

***

Амр ибн Абаса (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Мен «жәһилия» (қараңғы қарабайыр) дәуірде халықтың адасып жүргендігінің шет-жағасын білетінмін. Тура жолда жүрмегендерін ішім сезетін. Өйткені олар пұттарға табынатын. Сөйтіп жүргенде, Меккеде бір кісінің маңызды нәрселерді айтып жүргендігі құлағыма шалынды. Әлгі кісіні көрейін деп, көлігіме мініп Меккеге тартып кеттім. Меккеге

келсем, қала халқы оған қарсы екен. Онымен кездесудің жолын іздедім. Оны тауып алып:

– Сен кімсің? Не істейсің? - деп сұрадым. Ол маған қарап:

– Мен пайғамбармын, - деп жауап берді. Мен:

– Пайғамбар деген кім? - деп сауал қойдым. Ол:

– Мені Аллаһ жіберді, - деп жауар берді. Мен:

– Сені қандай міндетпен жіберді? - деп сұрадым. Ол:

– Аллаһ маған, туыстарға қарайласуды, пұттардың жойылуын, Хақ Тағаланың бір екендігін білдіруді, оған ешбір нәрсенің серік емес екендігін жеткізу міндетін жүктеп жіберді, - деді (Мүслим, Мусафирун 294).

Пайғамбарлық міндеті жүктелместен бұрын-ақ Аллаһ Елшісі (с.а.у.) туыстарымен өте жақсы қарым-қатынаста болатын. Ал пайғамбар болғаннан кейін бұл қарым-қатынас одан әрі арта түсті. Әрі Аллаһ Елшісі (с.а.у.) саналы ғұмырында күллі мұсылман жанға мұның маңыздылығын атап көрсеткен. Әрі бұл мәселеде исі мұсылман баласына өзі үлгі болған.

Византия императоры Әбу Суфияннан Пайғамбарымыз (с.а.у.) жайлы сұрастырған еді. Бір сауалында: «Ол (пайғамбармын деп жүрген) кісі сендерге нені әмір етеді?» - деп сұраған болатын.

Әбу Суфиян: «Ол бізге: «Тек Аллаһқа құлшылық етіңдер! Оған серік қоспаңдар! Ата-бабаларың иман келтірдік деп айтқан нәрселерін тәркетіңдер»,-дейді. Бізге намаз оқуды, сөзіміз бен іс-әректетімізде туралықтан таймауымызды, абыройлы ғұмыр кешуді, туыстарға қарайласуды әмір етеді», - деп жауап берген еді (Бұхари, Бәдул-Уахи 6, Салат 1, Садақат 28, Жиһад 74).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) көлігінің үстінде сахабаларымен бірге тұрған еді. Кенеттен бір кісі келді. Келген кісінің асығып аптыққанына таңданған сахабалар:

– Мынаған не болған? - десті. Пайғамбарымыз (с.а.у.) жол ашыңдар деп ишарат етіп:

– Өзіне сай маңызды ісі бар болар, - деді. Әлгі кісі Аллаһ Елшісінің тізгініне жармасып:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Маған, мені жәннатқа кіргізетін, тозақтан аулақ ететін қандай амал бар? Айтшы! - деді. Оның неге мұқтаж екендігін байқаған Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Тек Аллаһқа құлшылық ет! Оған серік қоспа! Намазыңды оқы. Зекетіңді бер. Туыстарыңа қарайлас!»* - деген өсиет айтты. Қойған сауалының жауабын алған сахаба кері ай-

налып қайтып кетті. Оның артынан қарап тұрған Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағыларға қарап: *«Егер айтқандарымды мүлтіксіз орындаса, міндетті түрде жәннатқа кіреді»*, - деді (Бұхари, Әдеп 10; Мүслим, Иман 14; Нәсай, Салат 10).

***

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына қарап: «Сендер (ақша бірлігі) ретінде «қират» қолданылатын Мысырды бағындыруға қол жеткізесіңдер. Оның халқына жақсы мәміле жасаңдар. Бұл менің өсиетім. Өсиетімді орындаңдар! Өйткені олармен «оларды өлтірмейміз» деген келісім-шарт жасастық. Сонымен қатар бізбен олардың арасында туыстық қатынасымыз бар», - деді.

Ғұламалардың дегеніне сүйенсек, хадисте айтылып өткен туыстық қатынас, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) атасы Хазірет Исмайылдың (а.с.) анасы Ажардың мысырлық болуынан әрі Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ұлы Ибраһимді дүниеге әкелген Мария (р.а.) анамыздың да Мысырдан келгендігінен туындаған.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) туыстарға деген жылы қарым-қатынасы бізге яғни, Мұхаммед үмбеті үшін үлгі болуға жеткілікті.

***

Ибн Аббас (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әкем Аббасқа қарап: «Көкешім! Дүйсенбі күні ұлыңды ертіп үйіме кел. Сендерге дұға етейін. Хақ Тағала сол дұғаның саясында саған және ұлыңа игіліктер нәсіп етсін», - деді.

Уәделескен күні әкеммен еріп Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) үйіне бардым. Ол үстімізге бірнеше киім кигізіп: «Аллаһым! Аббастың және ұлының барша күнәсін қамтитын кешіріміңмен кешірім жаса! Аллаһым! Оны ұлының саясында барша жамандықтан сақта», - деп дұға етті» (Тирмизи, Мәнақиб 28/3762).

Осы дұғаның шарапаты тиіп, Хазірет Аббас және ұлы хадис, тәпсір секілді ғылымдарда сөзі өтетін беделді тұлғаларға айналды. Әрі барша мұсылман баласына тақуалықтарымен үлгі болды.

***

Сафия анамыз (р.а.) яһудилердің беделді кісілерінің бірі Хуайдың қызы еді. Мұсылманшылықты өз дінінен артық көріп, адамзаттың асылы Пайғамбарымыздың жұбайы болу мәртебесіне қол жеткізді. Бір күні Сафия анамыздың күңі халифа Омарға (р.а.) келіп: «Уа, мүминдердің әміршісі! Сафия сенбі күнін жақсы көреді. Әрі туыстарымен қарым-қатынасын үзбеді», - деген шағым түсіреді. Мұны естіген Хазірет Омар

(р.а.) бір адам жіберіп, анық-қанығын сұрастырады.

Қадірлі анамыз әлгі кісіге қарап: «Сенбі күні жайлы сұрап тұрсың. Аллаһ маған оның орнына жұма күнін нәсіп еткеннен бері, ол күнді жақсы көрмеймін. Яһудилер жайындағы сауалыңа тоқталар болсақ, олармен туыстық қатынасым бар. Соны үзбей жүрмін», - деді.

Артынша Сафия анамыз (р.а.) күңіне қарап, неге жала жапқандығын сұрады.

Күң: «Шайтанның дегеніне ердім», - деп кінәсін мойындады.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жұбайы Сафияның (р.а.) әлгі кісіге берген жауабы һәм Ислам ахлағын көрсетті, һәм қадірлі анамыздың мұсылманшылықты жан-тәнімен қабылдағандығына ишарат еткен болатын.

Артынша жазықсыз жала жапқан күңіне қарап: «Кете бер! Сені азат еттім», - деді (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 347).

Өйткені Құран Кәрімде мына тәсіл өсиет етіледі: **«Жамандықты ең көркем түрде жолға сал. Сол кезде (сен) сенімен дұшпандығы бар кісінің, өте жақын достай болып кеткендігін (көресің)»** (Фуссилат сүресі, 34-аят).

Ардақты анамыз яһуди туыстарымен қатынасын үзбей, олардың тура жолға түсуіне себепші болуды қалаған еді.

***

Бурайда (р.а.) былай деп хикая етеді:

«Бір күні Хазірет Омардың (р.а.) жанында отырған болатынмын. Кенет күтпеген жерден шырылдап жылаған айқай шықты. Омар (р.а.) қызметшісі Ярфаға қарап: «Мынау ненің дауысы екен? Қарап келші!» - деді.

Ярфа айқайдың мән-жайын білуге орнынан тұрып, кетіп қалды. Қайтып келгенде: «Құрайыштың бір қыз баласы, анасының сатылып жатқандығына қиналып, жылап жатыр екен», - деп бізді хабардар етті.

Хазірет Омар (р.а.) Ярфаға:

– Мұхажирлер мен Ансарды маған шақырып кел, - деп әмір етті. Көп ұзамай үйдің іші-сырты адамға лық толды. Омар (р.а.) сөз бастап әуелі Аллаһқа мадақ айтты. Артынан:

– Мұхаммед (с.а.у.) әкелген дінде туыстық қатынасты үзу бар ма? - деп сауал қойды. Олар:

– Жоқ, - деп жауап берді. Омар (р.а.):

– Бірақ сол қазіргі шақта аралаларында жайылып кеткен сыңайлы,

- деді. Артынша төмендегі мына аятты оқыды: **«Демек, егер сендер іс басына келетін болсаңдар, жер жүзінде бұзақылық жасап, туыстық қатынасты үзесіңдер ғой! (Солай емес пе?)»** (Мұхаммед сүресі, 22-аят). Кейін:

– Көздеріңнің алдында бір қыз баласының анасының сатылуы артық туыстық қатынасты үзуге жеткілікті емес пе? Бұл қажеттілік қайдан туды? Аллаһ Тағала сендерге мол игілік жасады емес пе?. Дүние-мүлік берді ғой, - деді. Жиналған сахабалар:

– Олай болса, бұл мәселеге қатысты тоқетер пікіріңді айт, - десті. Хазірет Омар (р.а.) хатшысына:

– Азат кісінің анасының сатылмайтындығын, (сатылса) туыстық қатынасты үзуге жататындығын, ал туыстық қатынасты үзудің дінімізде харам екендігін жаздырып, бұл бұйрықты шартарапқа жіберді (Хаким II, 497/3708).

Құрметті оқырман! Мына нәрсеге де тоқталуды жөн көрдік:

Әлемде Ислам дінінің құлдық жүйені сақтап, ары қарай өмір сүруіне септігін тигізеді деген көзқарас бар. Бұл өрескел қателік болып табылады. Ислам қайта оның сақталуына кері әсерін тигізіп, бірте-бірте мұндай жүйенің жойылуына жол ашқан. Қызығарлығы сол ислам, құлдық жүйені жоюды қоғамдық қайшылылықтарға жол бермей, адамдардың шын пейілімен, өз еркімен іске асыруына көмегін тигізген. Өйткені Пайғамбарымыздың (с.а.у.) заманында құлдық жүйе, соғыс қағидасы болатын. Және оны бірден жою, мүмкін емес еді. Алайда ислам дінінің қағидалары жүзеге аса бастағанда, бір құлдың қожайыны болу кісіге ауыртпалық туғызды. Осылайша ғасырлар бойы жалғасып келген үрдіс ешқандай зорлық-зомбылықсыз, уақыт өте келе бірте-бірте тамыры қурады.

Ислам діні жиырма үш жылдың ішінде, адамзат баласын таңғажайып мәдениетке, өркениетке бастаған болатын. Мұсылманшылықта ең үлкен азаттық, мұсылман баласының Раббысына құл бола білу. Ал ең төменгі құлдықтың, құлдың құлға құл болуы екендігі хақ.

Әсіресе Хазірет Омардың (р.а.) құлдық жүйеге қарсы күресі, тілге тиек етерліктей ғажап болып табылады. Ол құлдық жүйені жою үшін қолынан келгенін аянып қалмады. Бірнеше шаралар қабылдады. Осы еңбегінің арқасында құлдық жүйе Араб шығанағында толықтай жойылды.

Хазірет Омар (р.а.) халифа болып сайланған күні, соғыста қолға түскен барша жанды азат етті. Ал бұрын бұл секілді тұтқындар құл, күң ретінде қолданылатын.

Халифа Омар (р.а.) Мысыр және Ирак секілді мемлекеттер бағындырылғанда ешбір жанның тұтқын яки құл ретінде қолданылуына рұқсат етпеді. Ешбір жанның насихатына құлақ аспады. Мұсылман әскері Мәдинаға әкелген Мысыр тұтқындарын, азат етіп, өз мемлекеттеріне қайтарып жіберген болатын.

Хазірет Омар (р.а.) сырқаттанып қалған құлдардың көңілін сұрап шықпаған қызметкерлерді жұмыстан шығарып жіберетін.[174]

***

Ұзын сөздің қысқасы, кез келген жанның туыстарына қарайласуы, қол ұшын беруі Хақ Тағала сүйетін іс. Әрі Аллаһ Елшісі (с.а.у.) аса үлкен мән берген істердің бірі екендігі даусыз. Туыстарға жасалатын ең үлкен игілік, олардың ішкі жан сарайларын рухани тұрғыдан жандандыру болып табылады. Мұнан кейін алуан түрлі мұқтаждықтарын өтеуге күш салу қажет. Олардың қуанышына, қайғысына ортақ болу керек. Жиі-жиі зиярат етіп, көңілдерін қалдырмауымыз ләзім.

Хақ Тағаланың туыстық қарым-қатынасты үзбеуді әмір етуінде біздің санамыз жете бермейтін көптеген сыр бар. Біздің міндетіміз Раббымыздың әмірін мүлтіксіз орындап, туыстық қарым-қатынасты одан әрі күшейте түсу, мұның сыйын Жаратушы Жаппар иемізден күтуден ғана тұрады.

В) КӨРШІ АҚЫСЫ

Құл ақысына кіретін тақырыптардың бірі көрші ақысы болып табылады. Хақ Тағала көрші ақысына ерекше мұқияттылықты танытуымызды талап етеді. Өйткені кез келген кісі туысы емес, көбінесе көршісімен жасар мәмілесі көп болады.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде мүминдерге: **«Әке-шешеге, туысқа, жетімдерге, пақырларға, жақын көршіге, алыс көршіге, жолдасыңа, жолаушыға, қол астындағыларға жақсы мәміле жасаңдар!»** - деп әмір етеді.

Аяттағы «жақын көршіге» жақсы мәміле жасау, үйі жақын орналасқан, туыстығы бар, әрі көршілігі бар, әрі дін бауыр болып табылатын жанға жақсы мәміле жасау керектігіне саяды.

Ал «ұзақ көршіге» жақсы мәміле жасау үйі ұзақтау орналасқан яки туыстығы болмаған немесе мұсылман емес көршілерге жақсы мәміле жасау қажеттілігін меңзейді.

174. Рамазаноғлу Махмұд Сами, Хазрети Өмерул-Фарук радиаллаһу анһу, Станбул, 158-160.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) көршілерді үш топқа бөлген:

а. Бір құқығы бар көршілер. Яғни мұсылман болмаған көршілер. Бұлардың тек көршілік ақысы бар.

ә. Екі құқығы бар көршілер. Бұлар мұсылмандар. Олардың көршілік және дін бауырлық ақысы бар.

б. Үш құқығы бар көршілер. Бұлар туыстығы бар көршілер. Олардың көршілік, дін бауырлық және туыстық ақысы бар.[175]

Ислам діні адами мәмілерді белгілі бір жүйе негізінде құрған. Сол себепті туыс болғанның өзгелерден көбірек ақысы бар. Адам баласының табиғатына тән нәрсе де осы.[176] Кез келген жан жақсы көршімен қатар тұруды армандайды. Сондықтан алдымен өзіміз жақсы көрші болуға күш салуымыз қажет. Содан кейін ғана жақсы көршілермен қатар тұруға тырысуымыз керек. Өйткені мұсылман жанды бұл дүниеде бақытты ететін нәрселердің бірі жақсы көрші.[177] Сол себепті Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Тұрақты тұратын жерлеріңде жаман көршінің (жамандығынан) Аллаһқа сиыныңдар! Ал көп тұрақтамайтын жерлеріңде жаман көршілер әйтеуір белгілі бір уақыттан кейін сендерден көз жазып қалады»*, - деген (Нәсай, Истиғаза 44).

Бұл жайлы ел аузында жүрген «Үй алма, көрші ал!» деген қанатты сөз, жақсы көршілердің арасында тұрудың біз үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетуге жеткілікті. Сондай-ақ мешітке жақын тұруға күш салуымыз керек. Осылайша кісі намаз оқуға шақырған азанның руханиятынан мақұрым қалмайды.

Көршіліктің маңыздылығы соншалық бұл дүниелік істермен шектеліп қалмайды. Пәни дүниеде салихтермен, ізгі жандармен бірге болу қаншалықты маңызды болса, мазарда ондай жандармен қатар жатудың дәл сондай маңыздылығы бар.

Мұның маңыздылығын Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деп баян етеді: *«Мәйіттеріңді салих адамдардың арасына жерлеңдер!»* (Дәйлами I, 102).

Көршілердің ұсақ-түйек беймазалығына, қиыншылықтарына шыдау қажет. Өйткені Хақ Тағала сүйген жандарының бірі, көршісінің беймазалығына Аллаһ разылығы үшін шыдаған жан. Ұлы Аллаһ қалай да болса, оны көршісінің жамандығынан сақтап қалады.[178]

Пайғамбарымыз (с.а.у.) көрші ақысы жайлы былай деген: *«Жәбірейіл (а.с.) маған әрдайым көрші ақысы жайлы насихат ететін. Тіпті мен,*

---

175. Ибн Хажар, Фәтхул-Бари, Дарул-Фикр, Фуат Абдулбақи нешри X, 456; Суюти, әл-Жамиғус-Сағир I, 146.
176. Бұхари, Шуфға 3, Һибә 16, Әдеп 32.
177. Ахмет III, 407.
178. Ахмед V, 176.

көршілерді бір-біріне мирасқор ететін шығар деп ойладым» (Бұхари, Әдеп 28; Мүслим, Бирр 140).

«Көршіңе жақсылық жаса! Кәміл мумин боласың!» (Тирмизи, Зүһд 2/2305; ибн Мәжә, Зүһд 24).

Әбу Зар (р.а.) былай дейді: «Досым Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған мына нәрсені өсиет етті: *«Ас пісірсең, суын молдау ет! Кейін көршілеріңе назар сал! Қажет деп тапқаныңа асыңнан құйып, беріп жібер!»* (Мүслим, Бирр 143).

Осындай сарынды хадис-шәріптерге көз жүгіртсек көршілік ақысын өтеуге жоқшылық секілді нәрселер желеу бола алмайды. Мүмкіндігі аз кісі де шамасы жеткенінше көршісіне қолдау көрсетіп отыруы қажет. Өйткені бізге Пайғамбарымыздан мынадай ескерту хабары жеткен: *«Көршісі аш бола тұрып, тоқ жатқан жан (кәміл) мумин емес»* (Хаким II, 15; Хайсами VIII, 167).

Көршілердің мазасын алу, үлкен иман кемшілігі болып табылады. Көршілер әуелі бір-бірінің жамандығынан аман болулары керек.

Әбу Һұрайра (р.а.) Аллаһ Елшісінің былай деп айтқанын нақыл етеді: «Уаллаһи, иман келтірмеді. Уаллаһи, иман келтірмеді. Уаллаһи, иман келтірмеді». Сахабалар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Кім иман келтірмеді?» - деп сұрады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Көршісінің істейтін жамандығынан сақтанбаған жан»*, - деп жауап берді» (Бұхари, Әдеп 29; Мүслим, Иман 73;Тирмизи, Қиямет 60).

Жамандығынан көршісі аман болмаған жанның жәннатқа кірмейтіндігі де хадис-шәріпте айтылған.[179]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) көрші құқықтарын былай деп баян етеді: *«Бір кісі жанұясына және мүлкіне келетін жамандықтан қорқып, көршісіне есігін жабуға мәжбүр болса, ол көрші хақиқи мумин емес. Сонымен қатар жамандығымен қорқылған көрші де мумин емес. Көрші ақысының не екендігін білемісің? Сенен жәрдем сұрағанында жәрдем етуің, қарыз сұрағанында қарыз беруің, мұқтаждыққа тап болғанында мұқтаждығын өтеуің, сырқаттанып қалғанында көңілін сұрап шығуың, жақсылыққа қауышқанында құттықтауың! Сондай-ақ қасіретке душар болғанында көңіл айтуың, өлгенінде жаназасына қатысуың! Оның рұқсаты болмайынша ғимаратты оның ғимаратынан биігірек салып, самал желіне кедергі болмауың! Қазаныңның иісіне мазасы кетпеуі үшін, істеген асыңнан аз да болса, оған тарту ет! Қандай да бір жеміс сатып алғаныңда оған да бер! Егер оны істей алмасаң, жемісті көршіңнен жасырып әкел! Оны балаң тысқа алып шығып, көрішіңнің баласын қызықтырмасын!»* (Бәйхақи, Шұғаб VII, 83; Құртуби V, 120-123).

179. Муслим, Иман 73.

Көршіге берілетін яки одан келетін қандай да бір сыйлықты ешқашан қор көрмеу ләзім. Әрдайым сыйлықтар тарту етіп, жақсылық жасауымыз жөн болады. Аллаһ Елшісінің бұл жайлы айтқан хадисіне назар салып көрелік!

«Бір-біріңе сыйлықтар тарту етіңдер! Өйткені сыйлық, көңілдегі кірбіңді жояды. Алып бергендері кішкентай қойдың сирағы болса да, көрші әйелдер бір-біріне сыйлық тарту етуді қор көрмесін!» (Тирмизи, Уәла 6/2130).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Көрші ақысы құқықтарының ең маңыздыларының бірі, оларға рухани тұрғыдан жәрдем болу. Діни және рухани кемшіліктерін толықтыру, жаңылыстарын түзету. Бұл жайлы Абза әл-Хұдағи (р.а.) мынадай өнегелі уақиғаны баян етеді:

«Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мінбеге шығып, сөз сөйледі. Мұсылмандардың кейбіреуін мадақтады. Мадақтағаннан кейін былай деді: *«Бағзы біреулерге не көрінген? Көршілеріне діни мәселелерді түсіндірмейді, білмеген нәрсесін үйретпейді. Оларды түсінігі мол жандарға айналдырмайды. Оларға жақсылық жасауды әмір етпейді. Жамандықтан тыймайды.*

Бәз біреулерге де не көрінген? Білмеген нәрсесін неге көршісінен сұрап үйренбейді? Түсінігі мол болуға неге тырыспайды? Уаллаһи! Білімді кісі көршісіне үйретеді. Оларды түсінігі мол жанға айналдырады, жақсылық жасауды әмір етіп, жамандықтан тыяды. Білмегендер де көршісінен сұрап үйренеді. Діни мәселелерді түсінуге күш салады. Олай болмаған күнде, оларды (әрбір топты) міндетті түрде жазалаймын!».

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл сөздерді айтқаннан кейін мінбеден түсіп, үйіне қарай бет алды.

Сол жердегі кейбір жандар: «Пайғамбар Йемендік ашғариларды меңзеді-ау. Өйткені олар, түсінігі, білімі мол жандар. Көршілері болса, дөрекі, мінезі шатақ, әрі су бастауларын іздеп көшіп жүретіндер», - десті.

Ашғарилар мұны естіп Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сен бір қауымды мадақтап, ал бізді болса даттапсың! Ол біздің қандай кінамыздан болып отыр?» - десті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мінбеде айтқан сөздерін қайта айтты. Ашғарилар оның өздерін меңзеп-меңземегінен сұрағанында, пайғамбар айтқан сөздерін қайта қайталады.

Ашғарилар: «Олай болса, бізге бір жыл уақыт бер!» - десті. Аллаһ

Елшісі (с.а.у.) оларға көршілерін тәрбиелеп, діни мәселелерді үйрету үшін бір жыл уақыт берді. Артынша төмендегі мына аятты оқыды:

«Исрайыл ұрпағынан кәпір болғандар Дәуіт (а.с.) пен Мәриям ұлы Исаның (а.с.) тілімен лағнеттелген. (Лағнетке ұшыраулары) **қарсылық білдіріп, шектен шығуларының салдарынан. Олар бір-бірін істеген жамандығынан тыймайтын. Расында олардың істеген істері нендей жаман еді!»** (Мәйда сүресі, 78-79 аяттар) (Әли, әл-Муттақи III, 684/8457; Хайсами I, 164).

***

Сахабалардың көрші ақысына деген жауапкершілігін және дін бауырлық құқығына мұқияттылықтарын көрсететін төмендегі мына уақиға нендей өнегелі!

Ибн Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Қатарлас отырған жеті үй бар еді. Барлығы сіңірі шыққан кедей болатын. Біреу бұл үйлердің біріне бір қойдың басын беріп жібереді. Үй иесі, көршісінің өзінен өте мұқтаж екендігін ойлап, басты көршісіне береді. Екінші көрші де дәл солай ойлап, үшінші көршіге беріп жібереді. Осылайша қойдың басы жеті үйді аралап, алғашқы берілген үйге қайтып жетеді» (Хаким II, 526).

***

Мүслим ибн Сағдтың жиені Абдулла былай деп әңгімелейді:

«Қажылыққа баруға ниеттендім. Нағашым Мүслим он мың дирһам беріп: «Мәдинаға барғаныңда ең пақыр жанұяны тауып, мына қаражатты соған бер!» - деді.

Мәдинаға келіп жетікенімде ең пақыр жанұяның кім екендігін сұрастырдым. Сол жердегілер маған бір үйді нұсқады. Барып есігін қақтым. Үй ішінен бір әйел:

– Ол кім? - деп сұрады. Мен:

– Бағдаттан келе жатқан кісімін. Маған біреу он мың дирһам берген еді. Оны Мәдинаның ең пақыр жанұясына бер деген болатын. Бұл жерге келіп сұрастырғанымда, осы маңайдағылар сіздің үйді көрсетті. Бұл қаражатты менен алыңыз! Өтінемін! - дедім. Әйел:

– Саған бұл қаражатты берген кісі ең пақыр жанұяға бер деп шарт қосқан екен. Мынау біздің тұсымыздағы жанұя, бізден гөрі мұқтаждау, - деді.

Ол үйден шығып, әйел айтқан үйге бардым. Есігін қақтым. Маған жауап қатқан әйелге бұрынғы айтқандарымды түгелдей айтып шықтым.

Әйел маған қарап:

– Біз де, қатарлас отырған көршілеріміз де бірдей мұқтажбыз! Ол ақшаны арамызда теңдей етіп бөліп бер, - деді (Ибн Жаузи, Сифатус-сафуа II, 206).

***

Бір күні ибн Омардың (р.а.) үйінде қошқар сойылады. Ибн Омар жанұя мүшелеріне қарап: «Мынаның етінен яһуди көршімізге бердіңдер ме?» - деп сұрайды. Ол жоқ деген жауапты естігенде: «Бұдан оған да беріңдер! Өйткені мен, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): «Жебірейіл (а.с.) маған көрші ақысы жайлы көп өсиет еткендігі соншалық, көршіні көршіге мирасқор етеді деп ойладым», - деп айтқанын естіп едім», - деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 122-123/5152; Тирмизи, Бирр 28/1943).

***

Бағзы біреулер Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сахабаларының бірі Абдулла ибн Амрды (р.а.) зиярат етуге барады. Хазірет Абдулланың қызметшісі қой сойып жатады. Сойып біткеннен кейін Абдулла (р.а.) оған маңайындағы яһуди көршілерінен бастап, етті таратуын бұйырады. Қасында отырғандардың бірі шыдай алмай: «Аллаһ тілеуіңді берсін! Яһуди дедің бе?» - деп сұрайды.

Ол: «Иә. Мен Аллаһ Елшісінен көршіге жақсы мәміле жасау жайлы көп нәрсе естіген едім. Тіпті біз, оны көршіні көршіге мирасқор етеді-ау деп ойлаушы едік», - деп жауап береді (Бұхари, әл-Әдәбул-Мұфрад 58; Бәйхақи, Шұғаб VII, 84-85).

***

Бір сахаба Аллаһ Елшісіне келіп, көршісінен шағымданады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған сабырлық танытуын бұйырады. Әлгі кісі екі-үш мәрте келіп, шағымын қайта-қайта айта береді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Үйіңдегі мүлікті шығарып, жолдың үстіне үйіп қой»,-дейді.

Ол, Аллаһ Елшісінің бұйрығын бұлжытпай орындайды. Жолдан ары-бері өтіп жатқан жүргіншілер одан дүние-мүлкін неліктен жолға үйіп қойғандығын сұрайды. Ол жағдайды түсіндіріп, Аллаһ Елшісінің осылай өсиет еткендігін айтады. Мән-жайға қанық болған олар, жаман көршіні лағнеттей бастайды. «Аллаһ оны өйтсін, бүйтсін», - деп қарғауға басады.

Сонда жаман атанып отырған көрші жақсы көршісінің жанына келіп: «Дүние-мүлкіңді ішке тасып ал! Бұдан былай менен жамандық көрмейсің!» - деп өтінеді (Әбу Дәуіт, Әдеп 122-123/5153; Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад 57-бет; Хаким IV, 183; Хайсами VII, 170).

***

Ибн Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Біз көпті көрдік. Тіпті арамызда ешкімнің өзінің алтыны мен күмісіне (яғни, материалдық қажеттіліктерге) мұсылман бауырынан лайығырақ көрмейтін шақты (көрдік). Қазіргі таңда алтын мен күміс (яғни, дүниелік нәрселер) бізге мұсылман бауырымыздан сүйкімдірек болып кеткен.

Мен Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): *«Қиямет күнінде көптеген көрші көршісінің жағасына жармасып: «Уа, Раббым! Мынау есігін тарс жауып, жақсылық пен жәрдемін менен есіркеді деп айтады»*, - дегенін естіген едім», - деді (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад 111-бет).

***

Табиғин ғұлама, әйгілі мұхаддис (хадисшіге) Абдулла ибн Мүбәрак қажылықты өтегеннен кейін Қағбада ұйқылы-ояу күйде, көктен екі періштенің түскенін көреді. Періштелердің бірі жанындағысына: «Биыл алты мың кісі қажылық жасады. Барлығының қажылығы Шамда тұратын Әли ибн Муаффақ атты етікшінің жасаған амалының құрметіне қабыл болды. Бұл кісі қажылыққа ниет еткен болатын. Бірақ бара алмай қалды. Оның жасаған бір амалының құрметіне мұнша адамның қажылығы қабыл етілді», - дейді.

Оянып кеткен Абдулла инб Мүбәрак аң-таң болады. Бір керуенмен ілесіп Шамға барады. Ол кісіні тауып алып: «Сен қажылыққа бармасаң да, қандай амал істеп едің?» - деп сұрайды.

Әли ибн Муаффақ Абдулла ибн Мүбәрак секілді әйгілі тұлғаны көргенде қатты таң қалады. Өз-өзіне келгеннен кейін былай дейді: «Отыз жылдан бері қажылыққа баруға ниеттендім. Етікшіліктен тапқан үш жүз дирһамым бар болатын. Қажылық жасауға бел байладым. Аяғы ауыр әйелім: «Көршінің үйінен еттің иісі шығып жатыр. Маған бір тілім ет сұрап әкелші», - деді.

Көршіме бардым. Жағдайды түсіндірдім. Көршім жылап, былай деді: «Жеті күннен бері балаларым аш. Жолдың үстінде өліп жатқан бір хайуанды таптым. Бір бөлік ет кесіп алған едім. Қазір соны қайнатып, балаларымды жұбатып отырмын. Адал азық таппасам, амал жоқ соны жегіземін. Қаласаң берейін. Бірақ бұл қайнап жатқан ет өлімге душар болайын деп отырған балаларыма адал. Ал саған харам».

Мұны естігенде ішім солқ ете қалды. Әрең жинаған үш жүз дирһамды оған бердім. «Уа, Раббым! Қажылық ниетімді қабыл ет!» - деп Раббыма сыйындым».

Абдулла ибн Мүбәрак: «Раббым, маған дұрыс білдірген екен», - деп қайта сапар шекті.

***

Қысқасы мұсылман баласы көршісіне жауапты. Сол себепті ең алдымен көршісінің тынышын алатын (мазасын кетіретін) барша әрекеттен аулақ тұруы қажет. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһқа және ақыретке иман келтірген жан көршісінің мазасын алмасын!»* - деген.[180]

Сонымен қатар Аллаһқа және ақыретке иман келтірген жанның көршісіне жақсылық жасауы әмір етілген.[181]

Демек жақсы көрші бола білу Аллаһқа және ақыретке иман келтіруге қатысы бар мәселе. Көршісіне нашар мәміле жасаған жанның иман кемшілігі бар дегенге саяды. Кей кездері көрші жақын туыстан бұрын тез жәрдемге келеді. Кісінің сүйініші яки күйінішін барша жұрттан бұрын көршісі бөліседі. Бұған байланысты: «Көрші, көршінің күліне мұқтаж» деген қанатты сөз бұл ақиқаттың үдесінен шығады.

Хазірет Әбубәкір (р.а.): «Көршіңмен жанжалдаспа! Қонақ кетіп қалады. Ал көрші қалады», - деген өсиет айтқан.

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) мүминдерге айтқан мына сөздеріне назар салып, соған қарай амал етейік ағайын:

«Аллаһ Тағала қасында жолдастың қайырлысы, жолдасына пайдалы болғандар. Әрі Аллаһ Тағала қасында көршілердің қайырлысы, көршісіне қамқор болғаны»! (Тирмизи, Бирр 28/1944).

Г) АЛЛАҺТЫҢ ҚҰЛДАРЫН ТӨМЕН САНАМАУ

Аллаһ Тағала адамға өз рухынан үрлеген,[182] яғни оған иләһи сыйға қол жеткізуіне себепкер болатын қабілет берді. Оны **«ахсани тақуим»** (ең көркем пішінде) қадірлі етіп жаратты[183]. Аллаһ құлдарын сүйеді. Құлдарының пейішке кіруін қалайды. Сол себепті Аллаһтың құлдарын қор көру, төмен санау жаман қылық болып табылады.

Ақиқатына жүгінсек, Аллаһ құзырында кімнің қадірлі екендігі бізге беймәлім. Хақ Тағала артықшылықты, қадір-қасиетті тақуалықпен есептейді. Ал тақуалық жүректе болады. Жүректің құпия перделері тек Аллаһқа аян. Адамның жүрегін ашып көру мүмкіндігі болмағандықтан, Хақ Тағаланың құзырында кімнің қадірлі, кімнің қадірсіз екендігі ғайып дүние.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл жайлы былай дейді: *«Шашы, сақалы ұйпа-тұйпа, киімі ескі, ешбір кісі қадірлемейтін көптеген жандар, Аллаһқа ант етсе, Аллаһ оның антын орындайды»* (Тирмизи, Мәнақиб 54/3854).

180. Бұхари, Неке 80, Әдеп 31, 85; Риқақ 23; Муслим, Иман 74, 75.
181. Муслим, Иман 77.
182. Хижр сүресі, 29-аят; Сад сүресі, 72.
183. Исра сүресі, 70-аят; Тин сүресі, 4-аят.

«Сендерге кімнің жәннаттық екендігін айтайын ба? Олар һәм нашар һәм халық тарапынан нашар болып көрінгендіктен, ешбір жан мән бермейтін, алайда «осылай болады» деп ант етсе, қалауын Аллаһ Тағала іске асыратын жандар.

(Ал енді) сендерге кімнің тозақтық екендігін айтайын ба? Қатігез, дөрекі, сараң және паңданып жүретін тәкаппар жандар (болып табылады)» (Бұхари, Айман 9, Тәпсір 68/1, Әдеп 61; Мүслим, Жәннат 47).

Демек, мұсылманға жарасар қылық, әрқашан Аллаһтың құлдары жайлы жақсы ой ойлау, оларға құрмет көрсету, жақсы мәміле жасау. Бұл жайлы Аллаһ Тағаланың әмірі мынадай:

«Уа, иман келтіргендер! Бір қауым өзге қауымды тәлкек етпесін! Бәлкім олар, өздерінен жақсы шығар. (Сондай-ақ) **әйелдер, әйелдерді келеке етпесін! Бәлки олар, өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңе жаман лақап тақпаңдар! Иман келтіргеннен кейін, пасықтық нендей жаман есім! Кімде-кім** (осындай жаман әрекетінен тыйылып)**, тәубе етпесе, міне солар залымдардың нақ өзі!»** (Хұжурат сүресі, 11-аят).

Аяттағы **«Өз-өздеріңді мінемеңдер!»** деген сөзден дін бауырын айыптауға кіріскен мүминнің, негізінде өзін айыптайтындығын аңғарамыз. Өйткені мүминдер бір-біріне бауыр болғандықтан, бір денеге ұқсайды. Сол себепті кез келген мүминге қолымен яки тілімен зарар тигізу, негізінде өзіне-өзі залал тигізумен бірдей.

Сонымен қатар аятта, кісінің абыройына нұқсан келтіретін ұнамсыз лақап тағуға, кез келген жанды мазақтау, қор көруге тыйым салынған. Демек, кісінің көңілін қалдыратын лақаптарды қолдану, мүминге лайық қылық емес. Өйткені Аллаһ Тағала осы тәрізді жағымсыз қылықтарды «иманнан кейінгі пасықтық» деп сипаттайды. Әрі Аллаһ Тағала пасықтықтың мүминге жараспайтындығын, осындай жағымсыз қылықтарды тәрк етіп тәубе етпегендердің сазайын беретіндігін тілге тиек етеді.

Адамдарды қор көру тек сөзбен ғана емес, іс-әрекет және қас-көз ишараты арқылы жүзеге асуы мүмкін. Аллаһ Тағала мұндай ұнамсыз қылыққа тыйым салады: **«Бүкіл қорлаушы, өсекшіге нендей өкініш!»** (Һүмәзә сүресі, 1-аят).

Құран Кәрімге көз жүгіртсек бұл сипаттың кәпірлерге тән сипат екендігін аңғарамыз. Кез келген мүминнің бойында мұндай сипат болмауға тиіс. Мүмин мүминнің бауыры. Оның ақысын жемейді. Төмен санамайды[184].

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Аллаһ Тағала маған: «Бір-біріңе қарапайымдылық*

184. Мүслим, Бирр 28-34.

көрсетіңдер! (Сонда ғана) ешбір жан өзгеге зұлымдық жасамайды. Әрі ешбір жан басқа біреуге тәкаппарланып, өзін артықпын деп санамасын!» - деп уахи етті» - дейді (Мүслим, Жәннат 64; Әбу Дәуіт, Әдеп 40; ибн Мәжә, Зүһд 16).

Аллаһ Тағаланың осындай әмірлеріне құлақ аспай, дін бауырын қор көрген кез келген жан үлкен зарарға тап болады. Бұған Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): *«Кісіге күнә ретінде, мұсылман бауырын қор көру жеткілікті»*, - деген хадисі айғақ бола алады (Мүслим, Бирр 32).

Аллаһтың құлдарын төмен санау, жүректе тақуалықтың болмауынан, тәкаппарлықтан туады. Қажы Байрам Уәлидің сөзіне құлақ ассақ: «Тәкаппарлық – белге байланған тас секілді. Не ұшыртпайды, не жүздірмейді».

Хазірет Әбубәкір (р.а.): «Құл, дүние нығметтерінің біріне мас болып, тәкаппарланса, Аллаһ Тағала сол нығмет одан кеткенше оны жек көреді», - дейді.

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағы сахабаларға қарап: *«Жүрегінде зәредей тәкаппарлығы бар жан, пейішке кірмейді»*, - деді.

Сахабалардың бірі: «Адам, киімі мен аяқкиімінің әдемі болуын қалайды ғой», - деп бұл мәселені жақсылап түсінгісі келді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһ әдемі. Әрі әдемілікті сүйеді. Тәкаппарлық болса, ақиқатты қабыл етпеу және адамдарды қор көру»*, - деген түсініктеме жасады (Мүслим, Иман 147; Әбу Дәуіт, Либас 26; Тирмизи, Бирр 61).

Адамдарды қор көрудің, тәкаппарлықтың соңының қандай болатындығын көрсететін төмендегі мына хадистерге назар салайық:

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді: *«Бір кісі: «Уаллаһи, Аллаһ пәленшені кешірмейді», - деп ант-су ішті. (Мұны естіген) Ұлы Аллаһ: «Пәленшені кешірмейтіндігіме, кімнің (ант ішіп) үкім беруге құқығы бар? Мен оны кешірдім, ал сенің амалдарыңды жоқ еттім», - деді»* (Мүслим, Бирр 137).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа хадисінде былай дейді:

«Кімде-кім (өзін өзгелерден артық көріп): «Адамдар құрып кетті»,- десе, олардан бұрын өзі құриды» (Мүслим, Бирр 139; Әбу Дәуіт, Әдеп 77).

Құран Кәрімге жүгінсек, әрбір пайғамбардың қауымындағы мүшріктер иман келтірген мүминдерді қор көрген. Пақырлармен мәжілістес болуды ар санаған. Мысалы, Нұх (а.с.) Пайғамбардың қауымындағы мүшріктер: «Соңыңнан қор көрген жандар ерді екен деп, саған иман келтірейік пе?» - деп, пақырларды қуып жіберуін талап етті. Өйткені олар, пақыр және бейшара біреулердің сенген дінін хақ дін екендігіне иланбайтын. Ал Нұх (а.с.) оларға былай деп жауап берген болатын:

«(Уа, қаумым!) **мен иман келтіргендерді қасымнан қумаймын!** (Өйткені) **олар, міндетті түрде Раббыларына қауышады. Бірақ мен сендерді надан** (қауым) **деп ойлаймын! Уа, қаумым! Мен оларды қасымнан қуып жіберсем, Аллаһтың құзырында маған кім жәрдем етеді? Соны ойламайсыңдар ма?»** (Хұд сүресі, 29-30 аяттар).

Қысқасы, Нұх пайғамбардың (а.с.) қауымы және өзге қауымдар бұл қылығынан бас тартпады. Осы қылық олардың түбіне жеткен себептердің бірі болды. Бейшара немесе пақыр болып көрінген жан Аллаһ құзырында бағалы болуы әбден мүмкін. Өйткені Аллаһ Тағала адамның дүние-мүлкіне, түр-түсіне назар салмайды. Ол тек өз жолында жан-тәнімен беріле еңбектенгендерді сүйеді.

Дерекке сүйенсек, бір күні Хазірет Мұса (а.с.): «Уа, Раббым! Сені қай жерден іздейін?» - деп Аллаһ Тағалаға жалбарынады.

Аллаһ Тағала: «Мені, көңілі жабырқап жүргендердің қасынан ізде», - деп уахи етеді (Әбу Нұғайым, Хиля II, 364).

Сол себепті пайғамбарлар әрқашан мүминдерге құшақ жайған. Қанатының астына алып, қарайласып отырған.

Әрі пайғамбарлар, даңдайсыған кәпірлерге «Көздеріңе қор болып көрінген жандарға, Аллаһ ешқашан игілік жасамайды», - деп айта алмаймын», деуден танбаған.

Мекке мүшріктері Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) маңайындағы пақыр мұсылмандарды жанынан ұзақтатуын, ең болмаса олар келгенде мұны істеуді талап еткен болатын. Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға (с.а.у.) мынадай ескерту жасады:

«(Уа, Мұхаммед!) Күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, оның разылығын тілегендерді қасыңнан қума! Олардың есебінен, сен жауапқа тартылмайсың! Әрі олар сенің есебіңнен жауапқа тартылмайды. Егер оларды қасыңнан қусаң, залымдардың қатарына кіресің! Осылайша біз олардың бәз біреулерін, өзге біреулермен: «Арамыздағы Аллаһтың игілік танытқан кісілері, осылар ма?» - деп айтулары үшін емтихан еттік. Аллаһ Тағала шүкіршілік еткендерді біледі емес пе?».

Мүшріктер қор көрген осы пақырлар, құлдар, түгі жоқ міскіндер, уақыт өте келе ғаламға сөз айтар деңгейге жетті. Ислами ғылымдар саласында сөзі өтерлік үлкен ғұламаларға айналды. Есімдері адамзат тарихында алтын әріптермен жазылды.

Ұлы Раббымыз, бейшара мұсылмандарды қор көрген кәпірлердің ақыреттегі халін былай деп суреттейді:

«(Олар)**: «Бізге не болды? Өздерін жамандардан санаған адамдарымызды көрмей тұрмыз ғой», - деседі. Оларды келеке етумен,**

қателік жасадық па? Яки біз оларды көрмей тұрмыз ба?» (Сад сүресі, 62-63 аяттар).

Хазірет Мәулананың бұл жайлы көзқарасына көз жүгіртіп көрейік.

«Ешбір кәпірге қор көзбен назар салма! Өйткені мұсылман болып өлуі әбден мүмкін. Кәпір деген кісіңнің ғұмыры қандай күйде бітеді? Әлде одан хабардарсың ба? Неге одан сырт айналасың?».

Сонымен қатар Мәулана Халид Бағдадидің «Мактубатының» 16 хатындағы ақтық демнің таңғажайып ақиқатын былай деп жеткізеді:

«Халық көптеген нашар жандарға аяныш сезімімен қарап жүргенде, олар ақтық демінде иманын серік етіп, бұл дүниеден аман-есен кетіп жатады. Өкінішке орай көптеген ғалым, әйгілі тұлғалар заманның мүршидтері (жол көрсетуші көсемдері) бола тұра, ғапылдыққа түсіп имансыз көз жұмады. Демек, ақтық демге дейін босаңсуға жол беруге болмайды. Міне ақтық демнің маңыздылығы осындай бола тұра, өзін өзгеден артықпын деп мастану, тәкаппарлану нендей бақытсыздық!

Ешбір жанды қор көрмеу жайлы Хазірет Бурсауи мынадай мысал береді:

«Мүмин ешқашан дін бауырын қор көрмеуі тиіс. Одан өзін артықпын деп санамауы қажет. Ібіліс Адамды (а.с.) қор көрді. Одан өзін артықпын деп есептеді. Осылайша мәңгі-бақи Аллаһтың лағнетіне ұшырады. Мінекей, кімде-кім мұсылман бауырын қор көріп, одан өзін артықпын деп ойласа, заманның Ібілісіне айналады. Ал бауыры Адамның (а.с.) дәрежесінде болады» (Бурсауи IX, 79).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Хазірет Әнәс (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһым! Маған пақыр болып өмір сүруімді нәсіп ет. Пақыр күйде жанымды кеудемнен ал! Қиямет күнінде пақырлармен бірге жина!» - деп дұға етті. Мұны естіп қалған Айша анамыз (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Неге былай деп дұға еттіңіз?» - деп сұрады.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Өйткені олар пейішке байлардан қырық жыл бұрын кіреді. Уа, Айша! Жарты құрмамен болса да, пақырлардың қолын бос қайтарма! Уа, Айша! Пақырларды жақсы көр! Оларды өзіңе жақындатсаң, Аллаһ қиямет күні сені өзіне жақындатады»*, - деп жауап берді (Тирмизи,Зүһд 37/2352).

Демек Аллаһтың құлдарын төмен санамай, оларға жақын болу, дертіне шипа болуға күш салу, мұқтаждықтарын өтеуге тырысу бізді Аллаһқа

жақындататын ең ізгі амалдар болып табылады.

***

Мусғаб ибн Сағд (р.а.) былай деп жеткізеді:

«(Әкем) Сағд Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) пақыр сахабаларынан өзін артықпын деп санаушы еді. Мұны байқап қалған Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Сендерге, тек пақырларыңның саясында жәрдем тиеді, рызықтарың беріледі»*, - деді (Бұхари, Жиһад 76; Нәсай, Жиһад 43).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) ешбір жанды қор көрмейтін. Әл-ауқаты нашар жандарға әрдайым жақын болатын. Тіпті пақыр мұхажирлердің құрметіне Аллаһтың мұсылмандарға жеңіс және жәрдем нәсіп етуіне дұға ететін» (Табарани, Кәбир I, 292).

***

Хаббаб (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Тәкаппар мүшріктер Ақра ибн Хабис және Ғұйайна ибн Хисн Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келген болатын. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Біләл, Сұхайып, Аммар, Хаббаб тәрізді пақыр және ешкімі жоқ мұсылмандармен бірге отыр еді. Әлгі екеуі бұл бейшара мұсылмандарды төмен санап, менсінбеді. Пайғамбарымызға қарап: «Біз үшін, мыналардан бөлек мәжіліс құруыңды талап етеміз. Арабтар біздің мыналардан артық екендігімізді көрсін. Өзің де шет жағасын білесің ғой. Бізге араб руларынан елшілер, делагациялар келіп жатады. Олардың бізді мына құлдармен бірге отырғанымызды көруінен ұяламыз. Сондықтан біз келгенде, оларды маңайыңнан аулақ ұста. Сенімен ісіміз тәмамдалғаннан кейін, қаласаң олармен бірге бола бер», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әлгі мүшріктердің тура жолға түсуінен үміттеніп: «Жарайды», - деп келісімін берді.

Олар: «Жарайды деп айтуың жеткіліксіз! Мұны қағаз жүзіне түсір», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Хазірет Әлиді (р.а.) шақыртты. Бір қағаз алдыртты. Біз бір бұрышта отырған едік. Дәл сол сәтте Жәбірейіл періште (а.с.) төмендегі мына аяттарды әкелді: **«**(Уа, Мұхаммед!) **Күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның разылығын тілегендерді қасыңнан қума! Олардың есебінен, сен жауапқа тартылмайсың! Әрі олар сенің есебіңнен жауапқа тартылмайды. Егер оларды қасыңнан қусаң, залымдардың қатарына кіресің! Осылайша біз олардың бәз біреулерін, өзге біреулермен: «Арамыздағы Аллаһтың игілік танытқан кісілері, осылар ма?» - деп айтулары үшін емтихан еттік** (сынадық)**. Аллаһ Тағала шүкіршілік еткендерді біледі емес пе?** (Уа, Мұхаммед!) **саған, аяттарымызға иман келтіргендер келгенде, «сәламун аләйкум»** (сен-

дерге есендік болсын!) **деп айт! Әрі Раббыларың мейірімділік танытуды уәде етті (**деп айт!)**»** (Әнғам сүресі, 52-54 аяттар).

Ғаламның мақтанышы келісімді жазуға алдыртқан қағазын лақтырып жіберді. Дереу бізді қасына шақырды. Жанына барып, отырғанымызда ол: «Сәлем сендерге! Раббыларың мейірімділік танытуды уәде етті», - деуден танбады. Жақын отырғандығымыз соншалық, тіземіз оның тізесіне тиді. Осы аяттар түскеннен кейін, бұрынғыдай Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қасында отыруды жалғастырдық. Ол қалаған уақытында біздің қасымыздан кетіп қалатын. Мына аяттар түскеннен кейін бұл әрекетін де тәрк етті.

«(Уа, Мұхаммед!) **күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, оның разылығын тілеген жандармен бірге сабыр ет!** (Жалған) **дүниенің әсемдігіне қызығып, олардан көзіңді алма!»** (Кәһф сүресі, 28-аят).

Бұдан кейін, біз мұқият болуға тырыстық. Онымен біраз уақыт отырғаннан соң, мазасын алмау үшін сыпайылық танытып, одан бұрын тұрып кететінбіз (Ибн Мәжә, Зүһд 7; Табари, Тәпсір VII, 262-263).

Осы соңғы аяттар түскенде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дереу пақыр сахабаларын іздеуге кірісті. Оларды мешіттің артында Аллаһты зікір етіп отырған сәттерінде тауып алған Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жанымды кеудемнен алмай тұрып, үмбетімнің осындай адамдарымен бірге сабыр етуімді әмір еткен Аллаһқа мадақ!!! Бұдан былай өмірім де, өлімім де сендермен бірге болады»*, - деді (Уақиди 306-бет).

***

Әбу Барза (р.а.) хикая еткен төмендегі мына уақиға ешбір жанды қор көрмеуге ғажап мысал бола алады:

«Ансардың кез келген қызы бойжетіп үйлену шағына жеткенде, Аллаһ Елшісінің пікіріне, өсиетіне құлақ аспастан тұрмысқа бермейтін. Бір күні Пайғамбарымыз (с.а.у.) Ансардың бір кісісіне:

– Сенің қызыңа құда түссем бе деген ойым бар, - деді. Ансарлық қатты қуанып:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Келістім. Бұл мен үшін үлкен мәртебе, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Оған өзім үшін құда түсіп жатқаным жоқ, - деді. Ансарлық:

– Олай болса, оған кім үшін құда түсіп жатырсыз, - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Қызыңды Жұлайбибқа алып берсем деген ойым бар, - деп жауап берді (Жұлайбиб (р.а.) сұлу жігіт емес еді). Ансарлық:

– Онда мен қыздың анасымен кеңесейін, - деп үйіне кетіп қалды.

Әйеліне келіп:

– Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қызыңа құда түсем деп жатыр, - деді. Жұбайы:

– Нендей ғажап! Бұл үлкен мәртебе ғой, - деп сүйінді. Ансарлық сахаба:

– Өзі үшін емес, Жұлайбибқа алып беремін деп жатыр, - деді. Жұбайы:

– Жұлайбибқа ма? Жоқ! Уаллаһи, оған қызымды бермеймін, - деді. Сахаба Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп, жағдайды баян етейін деп орнынан тұрды. Мұны байқап қалған қызы:

– Маған кім құда түсіп жатыр, - деп сауал қойды.

Анасы жағдайды толығымен айтып, оны құлағдар етті. Қызы жұлып алғандай:

– Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қалауын кері қайтарайын деп тұрсыңдар ма? Мені Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) еркіне беріңдер. Ол маған жамандық ойламайды, - деді.

Әкесі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп:

– Қызымыздың еркін сізге бердік. Шешімді сіз беріңіз, - деп қызының сөзін жеткізді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қызды Жұлайбибпен үйлендірді.

Біраз уақыт өткеннен кейін, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ғазауатқа (майданға) аттанып кетті. Жеңіспен аяқталған бұл ғазауатта Аллаһ Тағала Пайғамбарына (с.а.у.) көптеген олжа нәсіп етті. Елге қайтуға бел буған шақта Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына қарап:

– Жолдастарың түгел ме? - деп сұрады. Барлығы бір ауыздан:

– Иә, түгел, - десті. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Көзіме Жұлайбиб түспей тұр. Оны тауып әкеліңдер, - деді.

Сахабалар оны іздеуге кірісті. Олар оны өзі өлтірген жеті кәпірдің қасынан шәһит болған күйде тауып алды. Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына жерде жатыр екен. Жеті кісіні өлтіріп, өзі де шәһит болыпты, - десті. Аллаһ Елшісі оның қасына жақындап:

– Жеті кәпірді өлтірген екен. Ал олар шәһит етіпті. Ол менен, мен оданмын, - деді. Соңғы сөйлемін екі-үш мәрте қайталағаннан кейін қабір қазылуын әмір етті. Қабір қазылып біткеннен соң, денесін қолына алып өзі жерледі».

Табиғин ұлықтарының бірі Сәбит әл-Бунани: «Ансар әйелдерінің ішінде ең көп жақсылық, игілік жасайтын Жұлайбибтің жұбайы болатын. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған: «Аллаһым! Мына әйелге мол

жақсылық, берекет бер! Оның өмірін мұңды етпе!» - деп дұға еткен еді», - дейді (Ахмед I, 422, 425; Хайсами IX, 367-368).

***

Марур ибн Суайыд былай деп әңгімелейді:

«Мен бір күні Әбу Зармен (р.а.) кездестім. Үстіне аса бағалы киім киіп алыпты. Жанындағы қызметшісінің де үстінде дәл сондай киім бар еді. Мен таң қалып Әбу Зардан (р.а.) мұның себебін сұрадым. Әбу Зар (р.а.) Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) көзі тірісінде бір кісіге жағымсыз сөздер айтқандығын, оның шешесіне тіл тигізгендігін айтып берді. Осы әрекетін естіген Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Сенің бойыңда әлі «жәһилия» (қарабайыр қараңғы) дәуірдің қалдығы бар екен. Олар сендердің қызметшілерің болғанымен, бір жағынан бауырларың болып табылады. Аллаһ оларды сендердің қол астыларыңа аманат етіп берген. Кімде-кімнің химаясында (қорғауында) бауыры болса, өз жегенінен оны тамақтандырсын, өз кигенінен де оны киіндірсін. Оларға көтеруге шамасы жетпейтін жүкті артпаңдар. Ал егер артып жатсаңдар, онда өздерің де қол ұшын беріңдер», - деп айтқандығын жеткізді (Бұхари, Иман 22; Ғитқ 15; Мүслим, Айман 40).

Қандай жоғары қызметтерде болмасын, мұсылмандар әрдайым бір-біріне бауыр екендіктерін ұмытпаулары қажет. Сонымен қатар бір-бірін қор көрмеуі керек!

***

Адамдар қор көріп, кісі санатына қоспаған жандардың бәз біреулері Аллаһ құзырында ерекше мәртебеге ие болады. Бұлардың бірі Уайыс әл-Қарани болып табылады. Оған қатысты дерек мынадай:

«Хазірет Омар (р.а.) Йеменнен қосымша әскерлер келіп жатқанда:

– Араларыңда Уайыс ибн Амр бар ма? - деп сұраушы еді. Кейінірек Уайысты тауып алып:

– Сен Уайыс ибн Амрсың ба? - деп сауал қойды. Ол:

– Иә, менмін, - деп жауап берді. Артынша екеуінің арасында мынадай әңгіме жүріп өтті.

– Мұрад руының, Қаран атасына жатасың ба?

– Иә.

– Сен алапес ауруына шалдықтың. Дертіңнен айықтың. Бірақ бір дирһамның көлеміндей жер қалып кетті. Солай емес пе?

– Иә, солай.

– Анаң тірі ме?

– Иә.

– Мен Аллаһ Елшісінің (с.а.у.): «Уайыс ибн Амр, сендерге Йеменнен келетін қосымша әскердің ішінде келеді. Ол Мұрад руының, Қаран атасына жатады. Алапес ауруына шалдыққанымен, сауығып кеткен. Тек бір дирхамдай жер қалып кеткен. Оның анасы бар. Ол анасына өте жақсы қарайды. Ол (бір нәрсенің іске асуы үшін) дұға етсе, Аллаһ оның дұғасын қабыл етеді. Сенің күнәларыңның кешірілуіне оның дұға етуіне қолың жетсе, пайдаланып қал», - деп айтқанын естіген едім. Ал қазір менің күнәларымның кешірілуі үшін дұға ет!

Уайыс Хазірет Омар (р.а.) үшін дұға етті. Хазірет Омар оған қарап:

– Қайда баруды қалайсың? - деп сұрады. Уайыс әл-Қарани:

– Куфаға, - деп жауап берді. Хазірет Омар (р.а.):

– Сен үшін Куфа әкіміне хат жазайын ба? - деп сұрап еді. Ол:

– Пақырлардың, қарапайым халықтың арасында болуды артық көремін, - деп жауап берді (Мүлім, Фадайлус-Сахаба 225; Ахмед I, 38; III, 180).

Басқа бір риуаятта Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Хазірет Уайыстың «табиғиндердің ең қайырлысы» екендігін білдіреді.[185] Алайда бұл хадис-шәріптерден хабары болмаған бағзы жандар оны қарапайым түйе бағушы деп санайтын. Тіпті кейбіреулері оны қор көретін. Олар біраз уақыт өткеннен кейін әлгі хадис-шәріптерді естігенде, пікірлері мүлдем басқа бағытқа ауысты. Өзіне деген ықыластың артқандығын байқаған Уайыс әл-Қарани, атақ, даңқ дертінен құтылу үшін Куфаны тәрк етті. Осыдан кейін ғана, Куфа халқы оның қадірін түсінді. Бірақ қайтып оны таба алмады (Мүслим, Фадайлус-Сахаба 225; Ахмед I, 38; III, 180).

***

Амр ибн Шурахбил (р.а.) ешбір жанды қор көрмеу жайындағы сезімталдығын былай деп тілге тиек етеді:

«Біреудің ешкі еміп жатқандығын көріп оған күлсем, оның ісін істеуден немесе оның кейпіне түсуден қорқамын».

Ал Абдулла ибн Масғұд (р.а.): «Бәле ауыздан шыққан сөзге байланысты болады. Бір итті келеке етсем, ит болудан қорқамын», - дейді (Замахшари VI, 19, Хұжурат сүресі, 11-аяттың тәпсірі).

***

Риуаят етілген дерекке көз жүгіртсек, бір күні Иса (а.с.) яһудилердің салих, ізгі кісі деп санайтын бір жанмен қала сыртына шыққан болатын. Соңдарынан халық арасында пасықтығымен әйгілі болған, алайда қайғылы кейіпке түскен күнәһар бір кісі ерді. Иса (а.с.) қасындағы кісімен дем алып тынығу үшін бір жерге келіп тоқтады. Артта келе

185. *Мүслим, Бирр 224.*

жатқан күнәһар пенде, шын пейілімен істеген істеріне өкініп, іштей өртеніп олардан аулақтау жерге барып отырды. Екі қолын аспанға көтеріп рақымдылардың ең рақымдысы болған Аллаһ Тағалаға сыйынып: «Уа, Раббым! Мына ұлы пайғамбарыңның құрметіне менің күнәмді кешір!» - деп жалбарынды. Алайда әлгі салих деп саналған кісі оны байқап қалып, қор көрді. Екі қолын жайып: «Аллаһым! Ертеңгі қиямет күнінде, мына кісімен бірге тірілтпе», - деп дұға етті.

Сол сәтте Аллаһ Тағала Исаға (а.с.): «Уа, Иса! Құлдарымды құлағдар ет. Екеуінің де дұғасын қабыл еттім. Бейшара күнәһар құлымды кешіріп, жәннаттықтардың қатарына кіргіздім. Ал халықтың салих деп санаған кісісін, менің рақымдылығыма бөленіп кешірім берген құлыммен бірге болмауды қалағандықтан, оны жәннаттықтардың қатарына кіргізбедім», - деп уахи етті.

Аллаһтың лағнеті мен ашуына ұшырағандардан өзге, істеген күнәсі үшін Аллаһтың құлдарын қор көру Аллаһ Тағаланың қаһарына ұшырауға әкеліп соғатын үлкен қателік болып табылады. Кімнің қандай күйге түсетінін, жүректің тереңінде ненің жасырынып жатқандығын тек Аллаһ Тағала ғана біледі. Біздің міндетіміз өз қателіктерімізбен алысып, тәубе мен истиғфарға жүгінумен шектелетіндігі даусыз.

***

Дерекке сүйенсек, Мұхиддин ибн Араби теңіз жағалауының бойымен келе жатып, құмыраны басына көтеріп шарап ішіп жатқан жас жігітті көреді. Әлгі жігіт онымен қоймай, жанынан өтіп бара жатқан әйелге тисіп тұрған еді. Мұхиддин ибн Араби ішінен: «Адам баласы жаратылған махлұқаттың ішінде өзін ең төменімін деп санауы қажет. Сыпайы болуы керек. Бірақ мен қалай да болса, мына жігіттен артық шығармын. Шарап ішпеймін. Оғаш қылықтар жасамаймын. Ұятты істерден аулақ жүремін», - деді.

Дәл сол шақта, теңізден: «Батып барамыз! Құтқарыңдар!»,-деген жанұшырған айқай естілді. Мұны құлағы шалып қалған әлгі жас жігіт қас-қағымда суға сүңгіп кетті. Санаулы минуттарда батып бара жатқан төрт кісіні құтқарып, жағалауға шығарды. Осының барлығын таңдана қарап тұрған Мұхиддин ибн Араби, алдындағы ойын теріске шығарды. Ішінен: «Қарасаңшы! Жаңа ғана қор көріп тұрған кісің төрт кісіні құтқарып қалды. Ал сен не істедің? Төртеу түгілі бір кісіні құтқаруға шамаң жетпеді», - деді.

Сонымен ұзын сөздің қысқасы, жас жігіттің мейірімділі мен рақымдылығы себеп болып, Мұхиддин ибн Араби екеуінің арасында достық пайда болды. Жас жігіт күллі жамандығынан тыйылып, жаңа өмір бастайды. Мұхиддин ибн Арабидің жақсы шәкірттерінің біріне айналады.

Хазірет Мұхиддин ибн Араби: «Осы сүйіспеншіліктің арқасында мен қалай әрекет етсем де, ол міндетті түрде маған еліктейтін. Осылайша қимас достар болып шықтық», - дейді.

Бұл уақиғадан мынадай ғибрат алуға болады:

«Адам жақсы көрген кісісіне еліктейді».

«Достық, жақсы көрген кісінің жақсы көрілген жанның бойынан өз қасиеттерін көруден туады».

Өзіміздің бойымыздан табылып, мақтан тұтатын сипаттардан артығы, ұлығы біз қор көріп, келек етіп жүрген кісілердің бойынан табылуы әбден мүмкін. Мұны жадымыздан шығармайық ағайын! Сондықтан Аллаһтың құлдарын қор көру, ақиқатында өзіміздің мәртебемізді кемітетін жағымсыз қасиет болып табылады.

***

Бір араб тілінің синтаксисін жетік білеттін ғалым теңіз жағалауында тұрған қайыққа келіп отырады. Қайық жүзіп келе жатқанда біліміне мастанған ғалым қайықшымен әңгімеге кіріседі. Қайықшыға алуан түрлі сауал қояды. Бірақ әрбір қойған сауалына «білмеймін» деген жауапты естіген ғалым: «Нендей өкінішті! Сауатсыздығыңның арқасында өміріңнің жартысын босқа өткізіпсің»,-деп қайықшыны келеке етеді.

Ішкі жан дүниесі таза қайықшы, өзін келеке еткен ғалымның бұл әрекетінен қатты көңілі қалады. Бірақ тіс жарып ешнәрсе айтпайды. Дәл сол сәтте теңіз тулап, қайық үлкен иірімге қарай бет алды. Қайықтағы барша жан әбігерге түсіп, жанталасып жатқанда қайықшы әлгі синтаксис ғалымына қарап: «Ей, ұстаз! Жүзе аласың ба?» - деп сұрайды.

Ғалымның жүзі сарғайып, дірілдеген дауыспен: «Жоқ. Жүзе алмаймын»,-деп жауап береді.

Қайықшы мұңды дауыспен: «Синтаксис ғылымын білмегендігім үшін, жарты өмірім босқа өтіп еді. Ал қазір сенің барша ғұмырың босқа өтеді. Өйткені қайық мына иірімнен құтыла алмайды. Ей, ғалым! Мына дарияда синтаксистен гөрі жүзе білудің артық екендігін білмеуші ме едің?» - дейді.

Кез келген адамзат баласы шектеулі білімімен алдында тұрған кісінің халін, деңгейін біле бермейді. Сыртқы кейпіне қарап, қате үкім шығарады. Сондықтан ешбір жанды қор көруге болмайды. Ішкі жан дүниесінің есебін Аллаһ Тағала біледі.

***

Қысқасы, кез келген мұсылман баласы Аллаһ Тағаланың өзіне нәсіп еткен нығметтеріне мастанып, өзге жанды қор көрмеуі қажет. Өйткені бұл

дүниеде берілген нығметтер, емтихан кезінде оқушыдан сұралатын сауалдар іспетті. Оқушы ешқашан осы сауалдар арқылы мақтануды мұрат етпейді. Тек берген жауаптары арқылы алған ұпай санымен мақтанады. Мүминдерге емтихан ретінде берілген нығметтер мен мүмкіндіктердің сыйы ақыретте беріледі. Сондықтан олармен бұл дүниеде мақтанудың ешбір пайдасы жоқ. Керісінше мұндай әрекет үлкен алдану болып табылады.

Әйгілі ғалым Әбу Хазым: «Аллаһқа жақындауға себепші болмайтын әрбір нығмет, бас пәлесі», - дейді.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) әлемге рақымдылықты таныту үшін жіберілді. Амалдың жоқтығынан өзінің артықшылықтарын айтуға мәжбүр болған сәтте, әрбір сөзін «Мақтанудан аулақ» деген сөзбен бастаған болатын.

Адамзаттың асылы, Аллаһтың сүйікті құлы Пайғамбарымыздың өзі осылай деп жатса, Аллаһ Тағала нәсіп еткен нығметтерге мастанып, өзгелерден өзін артықпын деп даңдайсуға кімнің батылы жете қояр екен?!

Ғ) ЕШКІМДІ РЕНЖІТПЕУ ЖӘНЕ ЕШКІМНЕН РЕНЖІМЕУ

Кез келген мұсылман рақымды, сезімтал, нәзік сыпайы кісі болуға күш салуы тиіс. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.) танытқан және жақсы көрген мүмин һәм барша жанға жылы шырай көрсетеді һәм өзгелер де оған жылы шырай танытатын кісі болып табылады.

Хазірет Мәулана осы мағынаға жақын: «Өзгеге дертке шипа болар балдай бол, мұңайтатын тікен болма», - дейді.

Хақиқи мүмин әуелі өзін жаратқан әрі алуан түрлі нығмет берген Раббысын ренжітуден сақтануы қажет. Кейін Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) көңілін қалдырудан аулақ болуы керек. Өйткені Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деп ескерту жасайды:

«Күмәнсіз, Аллаһқа және Оның елшісіне тіл тигізгендерге, Аллаһ лағнет етеді. Әрі (Аллаһ) **оларға қорлаушы азап дайындайды»** (Ахзап сүресі, 57-аят).

Яғни, кез келген мұсылман алдымен өз дінінің парыздарын мүлтіксіз орындауы ләзім. Харамдардан ұзақ тұрып, Аллаһтың сүйген құлы болу мәртебесіне қол жеткізу үшін көп еңбектенуі қажет-ақ. Кейін күллі махлұқ атаулыны ренжітуден, көңілін қалдырудан, қайғыға салудан сақтанғаны жөн.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) мұсылманды: *«(Хақиқи) Мұсылман, басқа мұсылмандардың оның тілінен және қолынан*

зарар көрмеген кісі. Ал мұхажир, Аллаһтың харамдарын тәркеткен кісі», - деп суреттейді (Бұхари, Иман 4-5, Риқақ 26; Мүслим, Иман 64-65).

Басқа хадис-шәріпте Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Кімде-кім тозақтан аулақ болып, жәннатқа кіруді қаласа, өлімін Аллаһқа және ақыретке иман келтірген күйде күтсін. Әрі басқа жандардың өзіне қалай мәміле жасауын тілесе, оларға да солай мәміле жасасын!»* - дейді (Мүслим, Имара 46; Нәсай, Бәйғат 25).

Адамның ішкі жан сарайына Аллаһтың назары түсіп тұрады. Сол себепті біреудің ішкі жан сарайын жаралайтын әрекет жасау үлкен қателік болып табылады.

Хазірет Мәулана былай дейді:

«Бойыңда жақсы қасиет болса, әуелі біреудің ішкі жан сарайын шатшадыман ет! Топырақтан соғылған Қағбаның негізгі мағынасы осы. Мынаны, есіңнен шығарма! Аллаһтың назары түсіп тұратын біреудің ішкі жан дүниесін талқан етсең, Қағбаға жаяу барып, тапқан сауабың оны жаба алмайды!

«Сен сынық инеге бағаламаған біреудің ренішті ішкі жан сарайы Ғарыштан артық! Курсиден, Ләухтан, Қаламнан артық. Қор көрме! Қандай жағдайда болмасын, ол барша дүниеден қадірлі. Ренішті кісінің ішкі жан сарайына Аллаһ Тағаланың назары түседі. Мұндай ішкі жан сарайы екі жүз бөлікке бөлініп, ренжіген жанның көңілін табу Аллаһ Тағаланың құзырында көптеген игіліктің сауабынан артық. Жақ ашпа! Әрбір шашыңда екі жүз тіл болса да, ішкі жан сарайдың құндылығын жеткізе алмайсың!».

Шейх Сағди былай дейді:

«Қандай да бір хабардың біреуді ренжітетінін аңғарсаң, жақ ашпа! Сен емес, басқалары жеткізсін!».

Фарудиддин Аттар «Пәрднама» атты туындысында былай дейді:

«Біреуді ренжітуге әуестенбе! Абырой табамын десең, халықтың игілігін айт! Жақсылық жасауға шамаң жетпесе, ең болмаса жамандық етпе! Аман-есен болайын десең, халықтың өсегінен абай бол!».

Басқа да ұлық кісілердің сөзіне көз жүгіртіп көрейік:

«Дүниедегі ең бақытсыз жан, адамдарды ренжіткен жан. Өйткені басына іс туғанда маңынан демеу көрсетер жан табылмайды».

«Гүлдің әдемі бейнесін көргің келсе, күздіңгүні сабағын сындырма!».

«Адамдарға дауыс көтеріп, дөрекі сөз қолданба! Дөрекі сөз лаулап жанған от тәрізді».

Ешбір жанды ренжітпеуге, қанаты қайысқан жетімдерге қамқор болу

да осыған жатады. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Ал) **жетімге келер болсақ,** (ақысын жеп, зұлымдық етіп) **оны қақпайлама!** (Сонымен қатар) **тіленшіге зекіме!»** (Дұха сүресі, 9-10 аяттар).

«Дінді (яғни, қиямет пен қиямет күнгі есепті)**, жалған деп санап жүргенді көрдің бе? Ол, жетімді қақпайлап,** (ақысын жеп, зұлымдық жасайды)**. Сондай-ақ ол, өзге біреуді, міскінді тамақтандыруға шақырмайды** (құлық танытпайды)**»** (Мағұн сүресі, 1-3 аяттар).

Демек, Аллаһ разылығын көздейтін болсақ жетім-жесірдің мұқтаждығын өтеуге тырысуымыз қажет. Әдептен озбай, көмек көрсеткеніміз абзал. Бұл жайлы Аллаһ Тағала құлдарына былай деп ескерту жасайды: **«Уа, иман келтіргендер! Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірмеген күйде, дүние-мүлкін рия** (елге көрсету) **үшін сарп еткен жан секілді,** (берген) **садақаларыңның** (құнын) **міндетсіну және ренжіту арқылы жоймаңдар!»** (Бақара сүресі, 264-аят).

Аллаһтың кез келген құлын қор көру, оны ренжіту Аллаһ Тағаланы ашуландырады. Сол себепті ұлы адамдар әрдайым біреуді ренжітуден аттонын ала қашатын болған. Олар әрқашан оның Хақ Тағаламен байланысы болатындығын жадынан шығармаған.

Хазірет Мәулана бұл жайлы былай дейді:

«Біреудің ренжіткен жанның Аллаһ Тағаланы ренжіткенінен хабары жоқ. Ол бұл жүректің, Хақ Тағаланың өзенінен су ішіп жүргендігін қайдан білсін!».

«Сауатсыздығымыз, надандығымыздың кесірінен Хақ Тағаланың достарын ренжітуді шын пейілімізбен тілейтіндігімізді аңғара бермейміз».

«Пәлеге тап болу, үлкен дерт. Адамдар пәлеге тап болған кісіге жаны ашиды. Алайда ақымақтық, өзін де өзгені де жаралайтын дерт болып табылады».

«Ақымақтар адамның қолынан шыққан мешітке құрмет көрсетеді. Ал керісінше адамдардың ішкі жан сарайын жаралайтын әрекеттерді іске асыру үшін қолдан келгенді істеп бағады».

Даңқы барша әлемге аян шайыр Жүніс Әміре біреуді ренжітудің терістігін былай деп жеткізеді:

Көңілді құлазытқан болсаң,

Намазың босқа кетті.

Жетпіс екі ұлт болса да,

Беті қолын жумайтын жан жоқ сірә.

Тағы бір өлеңінде былай дейді:

Ақсақалды пір ұстаз да,
Өз ахуалынан бейхабар.
Қажылықтан бас тартсын,
Егер көңіл қалдырса.

Көңіл Аллаһ Тағаланың орны,
Аллаһ та оған назар салды.
Ал кімде-кім көңіл қалдырған болса,
Екі дүниеде масқара болды.

Ешбір жанды ренжітпеу қаншама қиын шаруа болсадағы, адамның қолындағы дүние. Бірақ ешбір жаннан көңілі қалып, ренжімеу тіпті қиын. Өйткені жүрек пен қалауға кедергі болу үлкен машақат. Сол себепті ешбір жанды ренжітпеу жолдың басы, ал ешкімнен көңілі қалып ренжімеу жолдың аяғы болып табылады. Екеуінің арасы жер мен көктей. Осы қашықтықтан мүдірмей өту, таудай талап пен қажымас қайратты қажет етеді.

Иә, бұл аралықты өтуге ниеттенген кісі күллі іс-әрекетіне дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. Нәпсісін жамандықтан арылтып, ішкі жан сарайын пәктікке бөлеу басты ұстанымдарының біріне айналу керек. Міне осындай сатылардан кейін ғана мұсылман Хақ Тағала iлтипатына iлігетін деңгейге жетеді. Бұл деңгейде үш түрлі хал байқалады.

1. Ешкімді ренжітпеу. Бұл тақуа жандардың бойында болатын қасиет. Міне осындай сындарлы сәтте жүрек нәпсінің жаманшылығынан сақтанып, көркем ахлақтың негізін салады.

2. Ешбір жаннан (көңілі қалып) ренжімеу. Бұл бойында жаратылысқа деген махаббаты мол кісілерде кездесетін қасиет. Олар адамдардың мадағы мен сынына мән бермейді.

Шайыр бұл ақиқатты былай деп жеткізеді:

Ей, дүние сарайындағы ғашық!
Адам мен жынның мақсаты Хаққа ғашық болу.
Сен ешкімге ренжіме,
Саған да ешкім ренжімесін.

3. Бұл дүниелік пайда мен ақыреттік пайдаға тап болғанда, ақыреттік пайданы таңдап, Аллаһтың разылығын көздеу.

Өйткені мұсылман баласы ешбір пендеге залалын тигізбесе Аллаһ Тағаланың құзырына тақуалықпен, ешкімнен ренжімесе опалықпен, істеген ісіне қарымта күтпесе ықыласпен келеді.

Ұзын сөздің қысқасы ешбір жанды ренжітпеу, ешкімнен көңілі қалып ренжімеу имандылықтың белгісі. Осылай барша саналы ғұмырды өткізу үлкен ғанибет. Кез келген мұсылман баласының аузынан Аллаһы түспесе, өлім ақиқатын жадынан шығармайды. Құлшылығы мен күллі іс-әрекетіне мән береді. Яғни, ешбір жанға қолымен яки тілімен зарарын тигізбейді. Сонымен қатар қарапайым халықтың сауатсыздықтан туындайтын тұрпайылығы мен дөрекілігіне сабыр етеді. Сонда ғана ол, өзін бақытқа жетелер жолға түседі.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) екі азаншысы бар болатын. Солардың бірі Абдулла ибн Мактум жиі-жиі Аллаһ Елшісіне келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһтың саған үйреткен нәрселерін бізге де үйрет», - дейтұғын. Пайғамбарымыз (с.а.у.) қадірлі сахабасының көңілін қалдырмай, барша сауалына жауап беретін.

Бір күні Құрайыш руының белді кісілерінің бірнешеуі Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қасында мәжіліс құрып отырған еді. Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) бәлки мына Құрайыштың белді кісілері имандылық жолына түсіп, соңына ергендер де тура жолға түсер деген үміті бар болатын.

Дәл сол сәтте Абдулла ибн Мактум келеді. Зағип болғандықтан Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қасында кімдердің отырғандығын байқамайды. Сол себепті, күнделікті тілегін қайта қайталайды. Қонақтарының жанында, Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның сауалдарына жауап бере алмайды. Қатты қысылады. Басын басқа жаққа бұрып, оған мән бермейді. Бұған Абдулла ибн Мактум да ренжіп қалады. Сол кезде Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) «Абаса» сүресінің алғашқы аяттары ескерту ретінде түседі: **«Ол** (Аллаһ Елшісі (с.а.у.),) **зағип келіп** (мәжілістің тыныштығын бұзды) **деп, қабақ шытты. Теріс айналды»** (Ғабаса сүресі, 1-2 аяттар), (Тирмизи, Тәфсір 80; Муатта, Құран 8; Рази XXXI, 50).

Осы уақиғадан кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Абдулла ибн Мактумды қайда көрсе де: *«Уа, Раббымның маған ескерту жасаған кісі! Қош келдің!»* - деп ілтипат көрсететін (Уақиди 471-бет).

***

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жолда отырған сахабаларын көріп:

– Жолда отырудан сақтаныңдар, - деді. Сахабалар:

– Біз мұны істеуге мәжбүрміз. Күллі мәселемізді сол жерде

қарастырамыз, - десті. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Отырудан бас тартпасаңдар, жолдың ақысын беріңдер, - деді. Олар:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Жолдың ақысы қандай болады? - деп сұрады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«(Жолдың ақысы) харамға қарамау, ары-бері өтіп жатқандарды ренжітпеу, (берілген) сәлемді алу және жақсылықты әмір етіп, жамандықтан тыю»*, - деп жауап берді (Бұхари, Мазалим 22, Истизан 2; Мүслим, Либас 114).

***

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жас сахабасы Жәбир ибн Абдулланың үйіне соққан еді. Оның әкесі Абдулла (р.а.) Ұхуд ғазауатында шәһит болғандықтан, артында қалған жеті (немесе тоғыз) балаға қарау міндеті Жәбирге жүктелген болатын. Бұл міндетін атқарып жүргенде ешқандай машақаттан тайынбағандығы үшін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оны қатты жақсы көретін. Пайғамбарымыз (с.а.у.) осы жас сахабасына бір жақсылық жасайын деген оймен қолынан жетелеп үйіне ертіп әкелді. Жанұясынан ас сұратты. Қызметші құрма жапырағынан жасалған дастарқанды жайып, үш тілім нан қойды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) нанның бір тілімін өзі алып, бір тілімін Жәбирге берді. Үшінші тілімді екеуі бөлісіп алды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Нанмен жейтін нәрсе бар ма? - деп сұрады. Үй ішінен:

– Жоқ. Тек сірке суы бар, - деген дауыс естілді. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Әкеліңдер оны! Сірке суы нендей керемет нәрсе! - деді (Мүслим, Әшриба 169).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ешқашан алдына қойылған астың кемшілігін іздемейтін. Ұнатпағандығын білдірмеуші еді. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) астан қандай да бір кемшілікті табудың, ас иесін ренжітетіндігін білетұғын. Ешкімнің көңілін қалдырып ренжітпеу, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) ерекше мән берген әрекеттердің бірі болатын.

***

Хұдайбия бейбіт келісім-шартынан кейінірек Әбу Суфян ішінде Сәлман Фариси, Сухайып Руми, Біләл Хабаши бар бір топ мұсылманның тұсынан өтіп бара жатқан еді. Оны көріп қалған мұсылмандар:

– Аллаһтың қылышы, Аллаһтың дұшпанының көзін құртпады,-десті. Мұны естіп қалған Әбубәкір (р.а.):

– Мына сөзді Құрайыштың көсеміне айтып жатырсыңдар ма? - деді.

Артынша Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) барып, уақиғаны бастан-аяқ айтып шықты. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Әбубәкір! Аузыңнан шыққан мына сөзіңмен бәлки оларды ренжіткен шығарсың! Егер оларды ренжітсең, Раббыңды да ренжітесің, - деді. Хазірет Әбубәкір дереу әлгі пақыр мұсылмандарға келіп:

– Бауырларым! Сендерді ренжітіп қойған жоқпын ба? - деп сұрады. Олар:

– Жоқ! Саған ренжіген жоқпыз. Аллаһ саған мейірімділік танытсын бауырым! - десті (Мүслим, Фадайлус-Сахаба 170).

Сахабалардың бұл әрекетінде ешкімді ренжітпеуді және ешкімнен көңілі қалып ренжімеуді байқаймыз.

Хазірет Фәридуддин Аттар «Парднама» атты еңбегінде: «Сені ренжіткендердің желеулерін қабыл ет! Халықты ренжіткенді Аллаһ сүймейді. Мұндай мінез діндар кісіге жараспайды. Біреудің көңілін қалдырып, мұңайтқан кісі әуелі өз көңілін жаралайды», - дейді.

***

Абдулла ибн Зұбайырдың ұлы Амир, пақыр-ғаріптерге жәрдем етіп тұратын. Ол оларды ренжітпеу үшін мына әдісті қолданатын.

Жәрдемге мұқтаж кісілер сәждеге жығылғанда, ол ақша салынған әмияндарды олардың аяқкиімдерінің қасына көрінетіндей етіп тастап, көзге түспей кетіп қалатын. Біреулер одан:

– Неге жәрдеміңді, біреуді жіберіп жасамайсың? - деп сұрайтын. Сонда ол:

– Олардың бірінің, жіберген кісіммен немесе менімен кездескенде жерге қарауын қаламаймын. Сондықтан осылай істеймін, - деп жауап беретін (Ибн әл-Жәузи, Сифатус-Сафуа II, 411).

***

Хазірет Мәулана «Мәснауи» атты кітабында ешкімді ренжітпеу жайында мынадай қыссаны риуаят етеді:

«Теңізде жүзіп келе жатқан кемеде бір дәруіш бар болатын. Оның жүгі жоқ болатын. Бойында көркем ахлақ атаулыдан мәрттік, адамгершілік байқалатын. Кеме алған бағытын жалғастырып жүзіп келе жатқанда бір дорба алтын жоғалды. Дәруіш ол кезде ұйықтап жатыр еді. Алтын иесі кемедегі барлық кісіні тінтіп шықты. Бірақ алтынды таба алмады. Бір кісі алтынның иесіне дәруішті нұсқап:

– Мына ұйықтап жатқан пақырды тінтіп шығайық, - деді. Алтын иесін, алтынның күйініші өртеп дәруішті оятты. Ол жазықсыз дәруішке күмәнді көзбен қарап:

– Мына кемеде бір дорба алтын жоғалды. Барлық кісіні тінтіп шықтық. Алайда таба алмадық. Кезек сенде. Шапаныңды шеш. Ешкімнің сенде күмәні қалмасын, - деді. Ал дәруіш:

– Уа, Раббым! Жазықсыз құлыңды кінәлі деп жатыр мыналар. Шағымымды саған айтамын, - деп Хақ Тағалаға сыйынды.

Кемедегілер дәруішке көңілін қалдыратын мәміле жасады. Ол пәк дәруіштің қожайыны, яғни Аллаһ Тағала оның ренжуіне разы болмай балықтардың су бетіне шығуын әмір етті. Көзді ашып жұмғанша теңіздің беті шұпірлеген сансыз балыққа толып кетті. Балықтар судан басын шығарып жатты. Әрбіреуінің аузында аса бағалы ірі інжу бар еді. Нендей ғажап інжулер десеңізші! Адамның басы айналады көргенде!!! Құндылығына баға жетпес бұл інжулерді Аллаһ Тағала шығарып жатқан болатын. Ешбір жанның мүлкі емес еді бұл інжулер.

Дәруіш балықтардың аузынан бірнеше інжуді алып, кемеге лақтырды. Өзі орнынан секіріп ауада орындыққа отырған жан секілді тұрып қалды. Падишаһтардың тақта отырғаны тәрізді малдас құрып отырып алды. Кеме оның алдында кетіп бара жатқан болатын. Кемедегілерге қарап:

– Сендер кете беріңдер! Кеме сендердікі, ал Аллаһ Тағала менікі болсын. Ол мені ұрлық істедің деп айыптамайды. Яки қателіктерімді тауып, жария еткен кісінің қолында қалдырмайды, - деп айқайлады. Кемедегілер:

– Уа, ұлы құл! Саған мұндай мәртебені неге берді? - деп сұрады. Дәруіш:

– Әулиелерге құрмет көрсеткендігім үшін алдым бұл мәртебені. Пақырлар жайлы ешқашан жаман пікірде болмайтынмын. Нәзік әрі дем алысы хош пақырлар бар ғой! Міне солардың мәртебесін ұлықтау үшін «Абаса» сүресі түсті. Олардың пақырлығы дүниелік үшін емес еді. Немесе дүниенің соңына түсу үшін емес болатын. Өйткені олардың бұл дүниеде Аллаһ Тағаладан өзге нәрселері болмағандықтан, олар пақырлықты артық көрді, - деп жауап берді.

Міне сондықтан ешкімді қор көрмеу керек. Ешбір жанның көңілін қалдырып, ренжітпеу қажет. Өйткені Хақ Тағаланың әрбір құлына берер сыйы болады. Қарсы алдымызда тұрған кез келген кісіге нені сыйға тартқандығын білмейміз. Бәлки білместік қылып, оған нашар мәміле жасап, оны мұңға батыруымыз әбден мүмкін. Сондықтан ішкі жан сарайымыздың нәзіктік пен жұмсақтыққа бой алдыртып, Аллаһтың құлдарын ренжітуден сақтану әрдайым өзінің жемісін берері хақ.

***

Хазірет Сами мырза «Дәрул-фунунның» құқық факультетін жаңа

бітіріп шыққан болатын. Оның бойындағы пәктікті, таза өмірін ұнатқан бір әулие: «Балам! Бұл оқу орны жақсы оқу орны болып табылады. Бірақ сен негізгі оқуды бітіруге көңіл бөл. Сені «ирфан» мектебіне тіркейік. Ол жерде ішкі жан дүниенің білімдері және ақырет сырлары үйретіледі», - деді.

Артынша оған қарап: «Балам! Ол жерде тәлім беру ісі қалай жүзеге асатындығын білмеймін. Алайда білетін бір нәрсем бар. Бұл оқудың алғашқы дәрісі ешкімді ренжітпеуден басталып, соңғы дәрісі ешбір жаннан көңілің қалып ренжімеумен тәмамдалады», - деді.

Бойындағы көркем ахлақ пен ұлық қасиеттері арқылы басқа жандардан ерекшеленіп тұратын әулиелер, ешкімді ренжітпеу және ешбір жаннан көңілі қалып ренжімеу ізгілігінің асқар шыңынан орын алғандықтары даусыз.

Біреулер Әбу Абдулла Саламадан: «Әулиелерде өзге кісілерден ерекшелендіріп тұратын қандай сипаттар бар?» - деп сұраған болатын.

Ол жауап ретінде әулиелердің мынадай сипаттарын тізбектеп: «Әулиелер өзге жандардан:

«Тіліндегі тәттілікпен»

«Ахлағындағы көркемдікпен»

«Жүзіндегі күлімсіреумен»

«Бойындағы және іс-әрекетіндегі сыпайылықпен»

«Жомарттықпен»

«Желеу мен сылтауды қабыл етудегі өзгешілдігімен»

«Жақсы яки жаман барша жанға деген рақымдылығының кеңдігімен,ерекшеленіп тұрады»,-деп жауап берген еді.

***

Қысқасы, бұл дүние мен о дүниеде тыныштық тапқысы келген кісі һәм ешбір жанды ренжітпеуі керек, һәм ешбір жаннан көңілі қалып ренжімеуі қажет. Әрбір жанның Аллаһ құзырында қадірлі екендігін жадынан шығармай, жақсы мәміле жасауы тиіс. Хазірет Мәулана бұл жайлы былай дейді:

«Аллаһтың құзырына алтын толы мыңдаған кесе апарсаңда, Хақ Тағала: «Бізге бір нәрсе әкелуге бел байласаң, өзің шат-шадыман етіп, ішкі жан сарайын тыныштыққа бөлеген біреуді әкел», - дейді

4. ЖӘРДЕМДЕСУ

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде адам баласының әлсіз жаратылғандығын

білдіреді.[186] Әсіресе оның балалық шағы мен қартайған шағында әлсіздік айқын байқалады. Адам баласы өмірінің ортаңғы бөлігі болып табылатын жастық пен қуатты шағына алданбауы қажет. Өйткені ол, келетіндігіне күмән жоқ қартайған шақ үшін жақсылық пен игілік жасап қалар шақ. Иә, адамның жастық шағы тез өтеді. Көптеген пенде ол шақтың еш бітпейтіндігін, әрдайым күшті, қуатты күшінде қалатындығын ойлап, ғапылдықтың иіріміне бет алады. Нәпсісін жеңіп, қуатты шағында әлсіздердің жәрдеміне жүгірген әрбір жан, мұқтаждыққа тап болған шақтарында көмек көреді. Олай болса, мүмкіндік бар кезде адамдарға жәрдем етіп, сауап қазынасын толтыруға күш салу керек. Жәрдемдесу, сонымен қатар қоғам ретінде өмір сүрудің алғы шарттарының бірі.

Адамдардың бір-біріне жәрдем етіп, жақсылық жасауда жарысулары Аллаһ Тағала сүйетін ізгі іс. Сондай-ақ ислам бауырмалдығының негізін қалайтын ерекше қасиет. Өйткені әлсіз бен мұқтаждардың көмегіне жүгіру иманның кемелдігіне ишарат. Хақ Тағала былай деп әмір етеді:

«Жақсылық пен тақуалықта бір-біріңе жәрдем беріңдер! Ал күнә мен дұшпандықта бір-біріңе жәрдемдеспеңдер!» (Мәйда сүресі, 2-аят).

Мүминдер Аллаһтың әміріне бағынып, нәпсінің дегеніне көнуден аулақ болуы үшін бір-біріне көмек қолын созулары тиіс. Бір-бірін жақсылық жасауға итермелеп, игілік жолдарын ашып, салих амалдарды іске асыру үшін бір-біріне насихат етуі қажет.

Ұзын сөздің қысқасы, о дүниенің игілігіне қол жеткізу жолында аянбай тер төгу қажет-ақ. Мүминдердің күнәда, Аллаһқа қарсы шығуда, яки зұлымдық жасауда біреуге жәрдем етуі немесе себепкер болуы мүмкін емес. Мақсаты бүлік шығару, дұшпандық жасау немесе адамдарға зарар беруді мұрат еткен жанға жәрдем ету имандылықпен түйіспейді. Аллаһ Тағала ең пайдалы жәрдемдесудің ақиқат пен сабырды өсиет ету екендігін, мұндай әрекетті жүзеге асырған жандардың ақыретте зиянға ұшыраудан аман қалатындығын былай деп жеткізеді:

«Заманға серт. Еш күдіксіз адам баласы зиян ішінде. Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты үгіттеп, сабырды насихат еткендердің жөні басқа (Олар бұған кірмейді**)»** (Ғасыр сүресі, 1-3 аяттар).

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) ұлық ахлағының бір көрінісі ретінде танылған сипаты ол, Аллаһтың құлдарына жәрдем етуден үлкен ләззат алатын. Пайғамбар болмастан бұрын да «Хилфул-фудул»[187] атты ұйымға мүше болып, зұлымдыққа ұшыраған жандардың жәрдеміне жүгіретін. Кейінірек пайғамбарлық міндеті жүктеліп, аманатты толықтай өтей ала-

186. Ниса сүресі, 28-аят.
187. Хилфул-фудул жайлы 249 беттен қараңыз.

мын ба деген толқуда жүргенінде бәйбішесі Хазірет Хадиша (р.а.) анамыз Пайғамбарымызды (с.а.у.) былай деп жұбатқан еді:

«Еш қорықпа! Уаллаһи, Аллаһ сені ұятқа қалдырмайды. Өйткені сен туыстық қатынасты үзбейсің! Тура сөйлейсің! Ісін атқаруға шамасы жетпегендердің жүгін тасисың! (Әлсізге, жетімге, кедейге жәрдем етесің) Пақырға жақсылық жасайсың! Ешкімнің бере алмайтынын бересің! Сондай-ақ қонағыңды жақсы күтесің!» (Бұхари, Бәдул-Уахи 1; Мүслим, Иман 252).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) исламға шақыру міндетін бастағанда үмбетіне сырқаттың көңілін сұрап шығуды, жаназаға қатысуды, түшкіргенге жақсылық тілеуді, әлсіздерге жәрдем етуді, зұлымдыққа ұшырағанға қол ұшын беруді, қандай да бір істі істеймеймін деп ант-су ішкен кісінің антын орындауға күш салуын тағы басқаларды әмір етті.[188]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) осы өсиетіне құлақ асып, дін бауырына жәрдем етуге құлшынған мүминдерді мынадай хабармен сүйіншілейді: *«Кімде-кім дін бауырының мұқтаждығын өтесе, Аллаһ Тағала оның мұқтаждығын өтейді. Кімде-кім дін бауырының мұңына, дертіне шара тапса, (оны құтқарса) Аллаһ Тағала оны (сол ізгі ісі арқылы) қиямет қиыншылықтарының бір қиыншылығынан құтқарады»* (Бұхари, Мазалим 3; Мүслим, Бирр 58).

Иә, Аллаһ Тағаланың өзіне жәрдемші болуын кім тілемейді десеңізші!.. Әсіресе қияметтің жан түршігерлік қиыншылықтарында...

Атап айтсақ, кісі қиын жағдайға душар болып, шара таба алмай жүргенінде жасалған жақысылықтың сауабы мен құндылығы жоғары болады. Хақ Тағала қиыншылыққа тап болған құлына жәрдем етілуін қатты сүйеді. Ал керісінше мүмкіндігі бола тұра, қиыншылыққа тап болған мүминге қол ұшын созбаған пенденің мойнына ауыр күнә жазылады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) көлігіне міне алмай жатқанды көлігіне мінгізу, жүгін көлігіне артып жіберу секілді болмашы болып көрінген жәрдем түрлерін садақа ретінде қабыл етілетіндігін айтып өткен.[189]

Бұл Раббымыздың құлдарына деген шексіз мейірімділігі мен рақымдылығының бір көрінісі ғана.

Аллаһ Тағала қандай да бір игі іске баруға ниеттенген мұсылманға жәрдем берген кісіге де, оған берген сауаптың мөлшеріндей сауап беретіндігін уәде еткен. Бұл жайлы бір хадис-шәріпте былай деп айтылған:

«Кімде-кім Аллаһ жолында жиһадқа баратын бір жауынгердің сауыт-

188. Бұхари, Мазалим 5; Мүслим, Либас 3.
189. Бұхари, Сулх 11, Жиһад 72, 128; Мүслим, Зекет 56.

сайманын қамтамасыз етсе, керекті мұқтаждықтарын өтесе жиһадқа барып келгендей сауап алады. Жиһадқа кеткен жауынгердің артта қалған жанұясына жақсы қарап, олардың мұқтаждығын өтеген кісі, жиһадқа барып келгендей сауап алады» (Бұхари, Жиһад 38; Мүслим, Имара 135-136).

Мүминдер бір-біріне жәрдем етуге аянбай кіріссе бір кірпіші өзге кірпішті ұстап тұратын мықты ғимаратқа айналады. Бірі өзгесінің кемшілігін толықтырып, жаңылысын түзейді.[190]

Он сегіз мың ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына сөздері нендей ғажап:

«Мұсылман – мұсылманның бауыры. Ол оған зұлымдық жасамайды. Одан жәрдемін үзбейді. Әрі оны қор көрмейді» (Мүслим, Бирр 32).

«Мүмин – мүминнің бауыры. Ол оның күнкөрісіне жәрдем етеді. Әрі оны жамандықтан қорғайды» (Әбу Дәуіт, Әдеп 49/4918).

Әбу Һұрайра (р.а.) былай дейді:

«Мүмин, дін бауырының айнасы. Оның бойынан бір кемшілікті байқаса оны түзетеді» (Бұхари, Әдәбул-Муфрад 238).

Яғни, мүмин дін бауырының бойынан көрген барша кемшілікті шын пейілімен түсіндіреді. Ал оның бойынан жақсы қылық байқаса, қуанышын жеткізіп, оған бұл әрекеттен бас тартпауға үгіттейді.

Құдай бетін бізден аулақ етсін, бірақ керісінше барша істің берекеті кетіп, мұсылмандар бір-біріне жәрдем етпесе бірліктің құты қашып, күш-қуаттан айрылады. Өз аяғында тұра алмайтын мешеу халге жетеді. Иә, мұсылман әлемі шынайы дін бауырмалдықты жүзеге асырса материалдық һәм рухани тұрғыдан бағындырар биіктері мол болмақ. Адамзат тарихында мұның көптеген мысалын байқауға болады.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Әбу Һұрайра (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Қиыншылыққа тап болған бір кісі Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келіп, (одан жәрдем сұрады). Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына әлгі жанға жәрдем етулерін әмір етті. Сахабалардың бірі: «Менде мұнша мүлік бар», - деп оған әкеліп берді. Сол жерде отырған барша жан әлгі кісіге азды-көпті жәрдем етті. (Мұны көрген) Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Кімде-кім бір жақсылықты бастатып, өзгелері де оны жалғастырса, ол кісі жасаған жақсылығының сауабын алады. Сонымен қатар ол жақсылықты жалғастырғандардың сауабының мөлшеріндей оған сауап беріледі. Бірақ*

190. Бұхари, Салат 88, Мәзалим 5; Мүслим, Бирр 65.

олардың сауабынан еш нәрсе кемімейді. Ал кімде-кім бір жамандықты бастап, өзге жандар да оны жалғастырса, әлгі кісіге жамандықтың күнәсі толықтай беріледі. Оған қоса бастаған жамандығының соңынан кеткендердің күнәсінің мөлшеріндей оған күнә жазылады. Бірақ олардың күнәларынан еш нәрсе кемімейді», - деді» (Ибн Мәжә, Мұқаддима 14).

***

Жәбир ибн Абдулла (р.а.) былай деп баян етеді:

«Бір күні Аллаһ Елшісінің құзырында отырған едік. Дәл сол сәтте қылыштарын асынған, бейшара кейіпке түскен Мұдар руының бір топ кісісі кіріп келді. Олардың үстерінде жолбарыс тересіне ұқсайтын ала сызықты қарапайым киіз киім бар екен. Киізді тесіп, бастарынан өткізіп алыпты. Бірақ киіз олардың тәндерін әрең жауып тұр еді. Оларды мұндай бейшара күйде көрген Пайғамбарымыздың жүзінің реңі бұзылды. Дереу үйіне қарай бет алды. Киініп шығып, Біләлға азан шақыруын бұйырды. Ол азан шақырды. Кейін қамат түсірді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзі имам болып, намаз оқытты. Намаздан кейін мынадай хұтпа оқыды:

«Уа, адамдар! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) **жаратқан, әрі одан оның жұбайы** (Хауа ананы) **жаратып, ол екеуінен көптеген еркек пен әйел жаратқан Раббыларыңнан қорқыңдар! Еш күдіксіз Аллаһ Тағала сендерді бақылап тұрушы!»** (Ниса сүресі, 1-аят).

«Уа, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар! Әрбір жан ертеңі үшін не дайындағынына назар салсын!» (Хашр сүресі, 18-аят).

Әрбір жан алтынынан, күмісінен, бір дорба болса да бидайынан, құрмасынан садақа берсін! Тіпті жарты құрма болса да, садақа берсін!

Мұны естіген Ансардан бір кісі, ауырлығынан өзі көтере алмаған бір дорба әкелді. Халық бірінен соң бірі ағылып, кезекке тұра бастады. Кейін киім мен азықтың екі төбе болғанын байқадым. Көз тастап қарасам Аллаһ Елшісінің жүзі жылып, алтын секілді жарқырап тұр еді» (Мүслим, Зекет 69).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) аталмыш аяттармен бай болсын, кедей болсын барша адамзат баласының бір әке-шешеден туғандығын еске түсірді. Артынша мүминдердің бір-біріне жәрдем етіп, ақыретке дайындық жасау керектігіне тоқталған. Мұны естіген сахабалар шын пейілімен көмек көрсетті.

***

Ислам бауырмалдығын «исар» сезімімен атқарудың көркем мысалдарының бірі мынадай. Жәбир (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қандай да бір жорыққа аттанардан алдын: «Уа, Мұһажирлер мен Ансарлар! Малы мен туысы жоқ бауырларың бар! (Со-

ларды ұмытпаңдар!) Әрбірің қастарыңа олардан екі немесе үш кісі алсын!» - деп айтатын. Негізінде біздің бір кісімен кезектесіп мінетұғын бір түйеміз бар болатын. Мен кезектесіп мінетін болып, қасыма екі (яки үш) кісі алдым. Менің де олар секілді түйеге кезектесіп мінуге құқығым бар еді» (Әбу Дәуіт, Жиһад 34/2534).

Әбу Сағит әл-Хұдри (р.а.) былай деп жеткізеді:

«Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бір жорықта едік. Кенет күтпеген жерден түйесіне мінген біреу шыға келді. Бір нәрседен үміттеніп оң-солына қарай бастады. Мұны байқап қалған Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мұқтаждығынан басқа өзге көлігі болғандар, көлігі жоқтарға көлігін берсін! Артық азығы болғандар, азығы жоқтарға берсін!» - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) тағы да басқа дүние-мүлік түрін айтып шықты. Міне сол сәтте ешбір жанның мұқтаждығынан артық дүние ұстауға құқығы жоқ екендігін аңғардық» (Мүслим, Лұқата 18; Әбу Дәуіт, Зекет 32).

***

Әбу Мұса әл-Ашғари (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзіне қиыншылыққа тап болған бір кісі келгенінде, маңайындағыларға қарап: «Мына кісіге жәрдем етіңдер! Сауап аласыңдар! Аллаһ Тағала қалаған нәрсесін пайғамбарына айтқызады», - дейтін (Бұхари, Зекет 21, Әдеп 36, 37, Таухид 31; Мүслим, Бирр 145).

***

Хазірет Әлидің (р.а.) айтуынша Аллаһ Елшісі (с.а.у.) соғыстың қорқынышты сәттерінде алдыңғы қатарда жүретін. Барлығы оның арқасын паналайтын. Сапардан қайтқанда яки жолшылықта керуеннің соңынан жүріп отыратын. Артта қалып қойған әлсіздерге, мұқтаждарға жәрдем ететін. Яғни оның әрбір әрекеті Аллаһтың құлдарына қызмет етуге бағытталатын.

Жәбир (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жолшылықта керуеннің соңынан жүріп отыратын. Әзер жүріп келе жатқан әлсіздерге жәрдем беретін. Оларды көлігіне мінгізіп, оларға дұға ететін» (Әбу Дәуіт, Жиһад 94/2639).

Бір күні адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) маңайындағы сахабаларға қарап: *«Дін бауырың залым болса да, (зұлымдыққа ұшыраған мазлұм болса да) жәрдем ет!»* - дейді. Бір кісі:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Бауырым мазлұм болса жәрдем етейін-ақ, бірақ залым болса қалай жәрдем етпекпін? - деп сауал қояды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Оны зұлымдықтан тыясың, зұлымдығына кедергі боласың! Күмәнсіз (осы ісің) оған жәрдем ету (болып табылады), - деп жауап

береді» (Бұхари, Мазалим 4, Икраһ 6; Тирмизи, Фитан 68).

***

Жүндүп ибн Жүнада (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісінен (с.а.у.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Ең жақсы амал қандай? - деп сұрадым. Ол:

– Аллаһқа иман келтіру және Аллаһ жолында жиһад (күресу), - деп жауап берді. Мен:

– Қандай тұтқынды яки құлды азат ету артығырақ? - деп сауал қойдым. Ол:

– Қожайынының қасында ең құнды, әрі бағасы жоғары болғаны, - деп жауап берді. Мен:

– Бұларды істей алмасам ше? - деп сұрадым. Ол:

– Бір іс істеп жатқанға жәрдем етесің! Яки ісін істей алмағанның ісін істейсің! - деп жауап қатты. Мен:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұлардың ешбірін істей алмасам ше? - деп сұрадым. Ол:

– Адамдарға зарар тигізбейсің! Бұл өз-өзіңе жақсылық жасау демек! - деп жауап берді» (Бұхари, Ғитқ 2; Мүслим, Иман 136).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бір-біріне жәрдем етуде өзгелерге үлгі болған Йемендік Ашғари руын былай деп мақтайды:

«Ашғарилар жорықта азықтары таусылуға айналғанда яки Мәдинадағы жанұяларының азығы бітуге жақындағанда қолдарындағы барша нәрсені бір алашаға жинайды. Кейін жиналған дүниені бір ыдыс арқылы теңдей бөлісіп алады. Сол себепті Ашғарилар менен, мен де оларданмын» (Бұхари, Ширкет 1; Мүслим, Фадайлус-Сахаба 167).

***

Хақ Тағала адамдарға көмек беруге кедергі болудың, діни және ахлақи кемшіліктен туындайтынын тілге тиек етеді: **«Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш! Олар намазды рия үшін оқиды. Сондай-ақ олар,** (күнделікті) **тұтыну заттарын** (қолдана тұруға) **тыйым салады»** (Мағұн сүресі, 4-7 аяттар).

Ардақты сахабалар болмашы болып көрінген кез келген көмектің түріне өз үлестерін қосатын. Әрдайым бір-бірін инфақ етуге шақыратын.

Ибн Масғұд (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Біз, Аллаһ Елшісінің көзі тірісінде (Мағұн сүресінде айтылған)

қазан, шелек секілді заттарды өзгеге қолдануға беруді жәрдем қатарына кіргізетінбіз» (Әбу Дәуіт, Зекет 32/1657).

Яғни, сахабалар әрдайым бір-біріне көмек көрсететін. Әрі бір-бірін мұқтаж жанға қол ұшын беруге шақыратын.

***

Бір тіленші Абдулла ибн Аббасқа келіп, бір нәрсе сұрайды. Абдулла оған қарап:

– Аллаһтан өзге тәңір жоқ екендігіне, әрі Мұхаммедтің (с.а.у.) Аллаһтың Елшісі екендігіне куәлік етесің бе? - деп сұрайды. Тіленші:

– Иә, - деп жауап береді.

– Рамазан оразасын ұстайсың ба?

– Иә!

Абдулла:

– Сен бір нәрсе сұрадың. Сұраушының сұрауға ақысы бар. Саған жәрдем ету бізге міндет, - деп тіленшіге бір киім береді. Артынша төмендегі мына хадис-шәріпті риуаят етеді:

«Кез келген мұсылман өзге мұсылманға бір киім кидірсе, әрі (берілген киімнің қандай да бір бөлігі) бауырының үстінде жүргенше, (киім) берген кісі Аллаһтың қорғауында болады» (Тирмизи, Қиямет 41/2484).

***

Хазірет Әли (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Маған берілген екі нығмет бар. Қайсысының мені көбірек сүйіндіретінін білмеймін.

Біріншісі, бір кісінің мұқтаждығымды өтейді-ау деген үмітпен маған келіп, шын ықыласымен менен көмек сұрауы.

Ал, екіншісі Аллаһ Тағаланың ол кісінің мұқтаждығын өтеуді мен арқылы іске асыруы яки жеңілдетуі болып табылады. Мен бір мұсылманның қандай да бір мұқтаждығын өтеуді, дүние толы алтын мен күмістен артық көремін!» (Әли әл-Муттақи VI, 598/17094).

***

Имам Жағфар Садықтан: «Аллаһ Тағала, өсім жеуді неге харам етті?» - деп сұралған еді. Имам Жағфар: «Адамдар бір-бірлеріне жақсылық жасаудан мақұрым етпесін, бір-біріне көмек беруден қашпасын деген оймен, харам етілді», - деп жауап берген болатын (Әбу Нұғайм, Хиля III, 194).

Шынымен-ақ адамдар егер бір-бірлеріне өсім арқылы қарыз берсе, араларында болуы қажет жәрдемдесу ұғымы жоғалып кетер еді.

Имам Ағзам Әбу Ханифа әділетті, турашыл әрі біреуге қол ұшын беруді жақсы көретін саудагер еді. Сатып алушы пақыр яки досы болса, тауарды өз бағасына сататын. Тіпті тапқан пайдасын сатып алушыға беретін күндері де болатын.

Бір жолы бір кәрі әйел келіп:

– Мен пақыр жанмын! Мына киімді өз бағасына маған сатасың ба? - деп қолқа салады. Әбу Ханифа:

– Жарайды! Төрт дирһам бер де, ала бер! - дейді. Әйел киім бағасының өте төмен екендігіне таң қалып:

– Мен, жасы ұлғайған жанмын. Менімен әзілдесіп тұрсың ба? - дейді. Әбу Ханифа:

– Жоқ! Әзілдесіп тұрғаным жоқ. Мен бұл киімнің түрінен екеуін сатып алған едім. Біреуін екеуін сатып алған ақшаға, төрт дирһам кемге саттым. Яғни, мына киім маған төрт дирһамға қалды. Мұны сен ал, - деп жауап береді.

Бір жолы достарының бірі келіп:

– Маған осындай сапада, осындай түсте бір киімдік мата керек еді, - дейді. Имам:

– Біраз күте тұр! Ол матаның бағасы түссе, саған алып қоямын! - дейді.

Бір апта өтпестен, әлгі сипаттағы мата келіп түседі. Досы жол-жөнекей Әбу Ханифаға соғады. Имам:

– Сенің сұранысыңды дайындап қойдық! - дейді. Ол:

– Қанша болды? - деп сұрайды. Имам:

– Бір дирхамға, - деп жауап береді. Досы:

– Сені менімен қалжыңдасар деп ойламаушы едім, - дейді. Имам:

– Жоқ! Қалжыңдасып тұрғаным жоқ. Мен, жиырма динар және бір дирһамға екі киім сатып алған болатынмын. Біреуін жиырма динарға саттым. Ал мынау маған бір дирһамға түсті, - дейді[191].

***

Әйгілі ғалым Яқуб ибн Шайба былай деп әңгімелейді:

«Бір адамның жүз динары бар болатын. Құрбан мерекесі жақындап қалғанда, достарының бірі хат жазады.

Ол хатта: «Мерекенің келуі жақындап қалды. Бірақ қолымда

191. *Хатиб Бағдади, Тариху Бағдад, Бейрут, Дарул-Кутубул-Араби XIII, 362; Әбу Заһра 34-35.*

балалардың мұқтаждығын өтейтін қаражатым жоқ! - деп одан қаражат сұрайды.

Әлгі кісі көп ойланбастан жүз динарды әмиянға салып, аузын мөрлеп досына беріп жібереді. Әмиян қаражат сұраған кісінің қолына тиеді. Көп уақыт өтпестен оған басқа досынан хат келеді. Хатта досы, қиыншылықтарға душар болғандығын, сол себепті құрбан мерекесіне керек қажеттіліктері үшін қаражат сұрайды. Кісі дереу әмиянды, сол мөрленген қалпы досына беріп жібереді.

Әмиянды алғаш жіберген кісінің қолында да еш нәрсе қалмаған болатын. Ол басқа досына, жағдайды түсіндіріп хат жазады. Ол, әмиян қолына тиген соңғы кісі еді. Досы келген әмиянды, сол күйінде оған беріп жібереді. Яғни, алғашқы иесіне беріп жібереді. Әмиян келіп жеткенде кісі таң қалып, дереу досының үйіне барады. Оған қарап: «Маған беріп жіберген әмиян саған қайдан келді?» - деп сұрайды. Ол, болған жайтты толығымен досына баяндап шығады. Мұны естіген досы: «Қанекей, әлгі досымыздың үйіне барайық», - деп, ортақ достарының үйіне барады. Мән-жайға қаныққаннан соң әмиянды ашып, ішіндегіні бөлісіп алады.

***

Элия Кадоурияның кітабындағы Осман империясының қоғамы жайлы төмендегі мына мәліметтер кез келген оқырманды елең еткізеді. Қаламгердің дегеніне сүйенсек, XIX ғасырдың соңына қарай Шығыс Анадолыда үлкен жұт болады. Ағылшындар, сол жердегі халық көтеріліске шығатын шығар деп, мұны біліп келуге арнайы тыңшы жібереді. Тыңшының әкелген хабары, ғибратқа толы болатын.

«Мына жерде жұт бар. Бірақ аштық байқалмайды. Барлығы бір-біріне жәрдем беруде. Сол себепті жұт, аштыққа айналмай жатыр. Сөздің тоқ етерін айтар болсам, ішінде мынадай берік қатынас орнаған қоғамда көтерілістің лап етуі екіталай».

Де Ла Мортая естелігінде былай дейді:

«Осман империясында біреудің үйі дүние-мүлкімен бірге өртеніп кетсе, тіпті қолында түгі қалмаса да бақырып жылаған бала, яки шашын жұлған әйел көзге түспейді. Осылайша қолындағы барша нәрседен айырылып қалған кісілердің бойынан Аллаһқа тағдырына көндігу, ерекше тәуекелшілдік байқалады. Сол маңайда тұратын халық дереу оған үй салып беріп, қажетті қаражат жинап береді. Тіпті кейде қажеттіліктен артық көмек көрсетеді».

Ал енді, Корнелл Ле Браунның естеліктеріне назар салып көрейік:

«Түріктердің жақсылық жасауға құштар екендіктерін, тіпті жақсылық жасауды христиандардан артық жақсы көретіндігі ешкімге құпия емес.

Бұған ешкім қарсы шыға алмайды. Осман империясында тіленшілердің өте аз болуы мұны айғақтай түседі.

Пақырларға жәрдем беруге мүмкіндіктері болмаған түріктер, қолынан келетін көмегін қара жұмыс арқылы жасайды. Күре жолдар бұзылса жөндеуге жәрдемдеседі. Шөлдеген жолаушылар ішсін деген ниетпен жол бойына көптеген үлкен су бөшкелерін қояды. Су тасып сел басқанда, жүргіншілерге өткелдер дайындайды. Осы іспеттес көптеген игіліктерді жасайды. Қызығы сол, бұл істеріне жалақы яки ақша алмайды. Тіпті еңбегіне болмашы қаражат берілсе де оны қабыл етпейді. Бұл істерді Аллаһ разылығы үшін істегендіктерін тілге тиек етеді».

Моурадги де Охсонның Ислам қоғамы жайындағы төмендегі мына естелігіне көз жүгіртейік:

«Халықтың әрбір сатысында ата-ана, жақын туыстар балаларға кез келген мәселеде үлгі болуға күш салады. Балалық шақтарынан бастап, игі істер істеуге үйретеді. Игілік жасау дейсіз бе, немесе жақсылық жасау дейсіз бе, білмеймін. Бірақ осындай игі қасиеттердің саясында өзімшілдік, сараңдық, ашкөздік тәрізді жағымсыз қасиеттер жоғалады. Оның орнын адамзат баласына кез келген сәтте көмек көрсету тәрізді жағымды қасиеттер басады. Осының арқасында мұсылмандар арасында бір-біріне жәрдем беру қасиеті өлмейді. Бұл ерекшелік, мемлекеттің өзге мемлекеттерден деңгейінің биік болуын қамтамасыз етері хақ!».

5. БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТЫНЫШТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Адамзат тарихы, қоғамдық жүйе бұзылған әрбір дәуірде сопылар мен әулиелердің бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етуге күш салғандығына ең үлкен куәгер болып табылады. Олар рухани күйзеліске тап болған жандарға қол ұшын беретін. Оған қоса сансыз ғапыл, бейхабар жандарды емін күтіп отырған сырқат ретінде қабыл алып, рақымдылық пен мейірімділікке негізделген мәміле жасайтын.

Қоғамдық бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етуге зекет, садақа, инфақ, игілік шараларының, әсіресе уақыфтардың үлкен көмегі тиді. Сонымен қатар мүминдер арасындағы бір-біріне көмек беру, жомарттық, халықшылдық, кешірімшілдік, бірлік пен ынтымақ сезімдері қоғамдағы бейбітшілік пен тыныштықтың негізін қалайды. Мүминдер жүректерінің тек бір жүрек іспетті соғуына септігін тигізеді.

Ислам сөзі, Аллаһқа тәслім болу, амандық, бейбітшілік деген мағыналарға келеді. Исламның негізгі мақсаты, бейбітшілік, тыныштық болып табылады. Ал мұсылмандардың міндеті, һәм жеке тұлғаны һәм қоғамды дұрыстау, түзету. Осылайша олар адамдар арасында ортақ

пікірдің пайда болуына мұрындық болады. Міне бейбітшілік пен тыныштық осылай дүниеге келеді.

Аталмыш мақсатты іске асыру үшін дін бауырларды сүю, оларға қол ұшын беру, бірлік пен ынтымақ іспетті қасиеттердің молынан болуы істі жеңілдете түседі. Жүректері бір жүрек ретінде соқпайтын қоғам, Хақ Тағалаға деген құлшылығын ойдағыдай атқара алмайды. Мұны жадымызда тұтайық.

Аллаһ Тағала жер жүзінде бұзғыншылық пен қайшылықтың тууына себепкер болатын жандарды сүймейді. Мұсылмандарға жер бетіндегі бұзғыншылық пен бүліктің түбіне жетуді әмір етеді. Бейбітшілікті және оны орнату жолында тер төккендерді мадақтап былай дейді:

«Олардың өзара күңкілдескендерінің көбінде қайыр жоқ. Бірақ кімде-кім садақа беруді, яки игілікті немесе адамдардың арасын жарастыруды әмір етсе, (оның жөні бөлек)**.** (Міне осыларды) **кімде-кім Аллаһ разылығы үшін іске асырса, оған мол сауап береміз!»** (Ниса сүресі, 114-аят).

«Жарасу (әрдайым) **жақсы»** (Ниса сүресі, 128-аят).

«Егер шынымен-ақ хақиқи мүмин болсаңдар, Аллаһтан қорқып, араларыңды түзеңдер! (Сонымен қатар) **Аллаһқа және оның пайғамбарына мойынсұнып бағыныңдар!»** (Әнфал сүресі, 1-аят).

«Егер мүминдерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырыңдар! Ал егер екі жақтың бірі, екіншісіне өктемдік жасаса, Аллаһтың әміріне қайта мойынсұнғанша өктемдік жасаған топпен соғысыңдар! Егер қайта мойынсұнып жатса, араларын әділдікпен жарастырыңдар! Әділдіктен таймаңдар! (Өйткені) **Аллаһ әділдіктен таймайтындарды сүйеді»** (Хұжурат сүресі, 9-аят).

«Шын мәнінде мүминдер бір-біріне туыс (қой)**.** (Сол себепті) **туыстарыңның арасын жарастырыңдар!»** (Хұжурат сүресі, 10-аят).

Бейбітшілік пен тыныштықтың маңыздылығы соншама, игілігі мол Аллаһ Тағала адамдарға кешірімшілдік танытып, бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз еткен жандардың сыйын өзі беретіндігін білдіреді:

«(Кез келген) **жамандықтың жазасы, оған тең келер жамандық. Ал кімде-кім** (өзгенің қателігін) **кешіріп, бейбітшілікті қамтамасыз етсе, оның сыйын Аллаһ береді. Шүбәсіз Ол, залымдарды сүймейді»** (Шура сүресі, 40-аят).

Ұлы Раббымыз адамдарды татуластыру жолында кедергі болар ешбір желеуді қабыл етпейді. Бұл жайлы мүминдерге былай деп ескерту жасайды:

«Ант-су ішкендіктен Аллаһтың (есімін) **жақсылық жасауға, Одан қорқуға, әрі адамдардың арасын жарастыруға кедергі етпеңдер! Аллаһ кез келген нәрсені естуші, білуші»** (Бақара сүресі, 224-аят).

Хазірет Мұса (а.с.) Хақ Тағаламен сөйлесуге аттанарда, бауыры Харунға мынадай өсиет айтқан болатын:

«Қауымымның ішінде менің орнымды сен бас! Оларды татуластыр! Бүлікшілердің жолына түспе!» (Ағраф сүресі, 142-аят).

Ислам діні, қоғамда бейбітшілік пен тыныштықтың орнауына көптеген шара қолданған. Мысалы, мұсылмандардың бір-бірімен сәлемдесуінің өзі бейбітшіліктің, амандықтың, достықтың нышаны. Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһ құзырындағы ең қадірлі, әрі оған ең жақын жан алдымен сәлем берген жан»*, - дейді (Әбу Дәуіт, Әдеп 132-133/5197; Тирмизи, Истизан 6).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) араздасып қалған екі кісіні татуластырудың садақа ретінде қабыл етілетіндігін айтып өткен.[192] Сонымен қатар адамдарды татуластыру ниетімен жалған сөзді, хабарды жеткізген кісінің өтірікші саналмайтындығына да тоқталған. Араздасқан екі кісіні татуластыру жолында, әрі күйеуінің әйеліне, әйелінің күйеуіне ақиқаттан тыс нәрселерді айтуға рұқсат берген.[193]

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағы сахабаларға қарап:

– Сендерге дәреже тұрғысынан ораза мен зекеттен артық амалды айтайын ба? - деп сұрады. Сахабалар:

– Иә, айтыңыз уа, Аллаһ Елшісі! - десті. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Адамдарды татуластыру. Ал адамдардың арасын бұзу (діннің) түбіне жетеді, - деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 50/4919).

Ұстараның шашты түбінен сыпырып алғаны секілді, адамдардың арасын бұзу кісінің нанымын, сенімін бұзады. Яғни бұл өте жағымсыз қылық. Сол себепті мүминдердің бір-бірімен ұзақ уақыт ренжісулеріне тыйым салынған. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) осындай жағдайдың өзінде сәлемдесуді өсиет етіп, былай дейді:

«Кез келген мүминге дін бауырын үш күннен артық тәрк етіп, ренжісуі харам. Үш күн өтсе, онымен кездесіп сәлем берсін. Егер сәлемін алса, екеуі де сауапқа ортақ болады. Ал егер сәлемін алмаса күнәға кіреді. Сәлем берген (осылайша) ренжісуден құтылады» (Әбу Дәуіт, Әдеп 47/4912).

Аллаһ Тағала ренжіскен құлдарының арасын жөндеу үшін, бір-бірімен татуласқанға дейін амалдарының қабыл етілуін және кешірімге

192. Бұхари, Сулх 11, Жихад 72,128; Мұслим, Зекет 56.
193. Бұхари, Сулх 2; Мұслим, Бирр 101.

ілігуін кешіктіреді. Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) төмендегі мына хадисі соған дәлел бола алады:

«Әрбір дүйсенбі және бейсенбі күні, амалдар Аллаһ Тағалаға көрсетіледі. Дін бауырымен ренжіскен кісіден өзге Аллаһқа серік қоспаған әрбір құлдың күнәсі кешіріледі. (Періштелерге): «Сендер мына екеуін бір-бірімен татуласқанға дейін кешіктіріңдер», - деп айтылады (Мүслим, Бирр 36; Әбу Дәуіт, Әдеп 47).

Жүректегі кекшілдікті, күндеушілікті, дұшпандықты шығарып тастап, олардың орнына махаббат, мейірім, жақсы ой тәрізді сезімдерді орнықтыру үшін нәпсінің тәзкияға (тазаруға), тәрбиеге ал жүректің тасфияға (пәктеуге) мұқтаждығы бар. Бұларды іске асыратын ең дұрыс әдіс – «тасауф» тәрбиесі болып табылады.

Сонымен қатар ислам діні жеке тұлғалар ғана емес, халықтар арасында жақсы қарым-қатынастың, бейбітшілік пен тыныштықтың болуын қалайды. Сол себепті исламдағы әуелгі мақсат соғыс емес, негізгі мақсат – бейбітшілік. Соғыс мақсат яки мұрат ретінде қабыл етілмейді. Бейбітшілік пен тыныштықты бейбіт жолмен орнатуға еш мүмкіндік тумаса, соғысу мәжбүрлігі тууы мүмкін. Бірақ мұсылмандар алдына қойған мақсатын, соғыспастан іске асыру мүмкіндігі туып жатса міндетті түрде соғысудан аулақ болады. Тіпті дұшпанмен кездескенде, мүмкіндік туса ойланбастан бейбітшілікті қабыл етеді. Өйткені Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: **«Егер олар** (дұшпан) **бейбітшілікке ыңғайланса, сен де бейбітшілікке бой ұрып, Аллаһқа тәуекел ет!»** - дейді.

Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Дұшпанмен кездесуді тілемеңдер! Аллаһтан амандық сұраңдар! Бірақ егер олармен соғысуға мәжбүр болсаңдар, сабырлы болыңдар! Тұрақтылық танытыңдар! Жәннаттың қылыштардың көлеңкесінің астында екенін ұмытпаңдар»*, - дейді (Бұхари, Жиһад 112).

Әрине, бейбітшілік пен тыныштықтың мәңгі болуы мүмкін емес. Уақыты келіп жеткенде қара ниетті адамдар пайда болып, бейбітшілік пен тыныштық бұзылады. Оларға кедергі болар кісілер қажет болады. Міне осындай кезге, әрдайым дайын болу керек.

Сол себепті мұсылман баласы кез келген салада күшті болуы ләзім. Қолдағы мүмкіндіктерін адамдардың екі дүниелік бақыты үшін сарп етуі қажет. Осылайша һәм қара ниетті адамдарға кедергі болады, һәм Аллаһ Тағаланың разылыға қол жеткізеді.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үйінде отырып, мешіттен (пайғамбар мешітінен) шығып жатқан шуды естіді. Қағб ибн Мәлік ибн Әбу Над-

рад атты кісіден қарызын сұрапты. Шу содан туған екен. Үмбетінің қиыншылықта өмір сүруіне қатты қынжылған Пайғамбарымыз (с.а.у.) бөлмесінің есіктегі пердесін ашып:

– Кағб! - деп айқайлады. Кағб (р.а.):

– Қандай бұйрығың бар? Уа, Аллаһтың Еліші! - деп оған қарай бет бұрды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған қолымен қарызыңның жартысын кеш деп, ишарат етті. Мұны көрген Кағб (р.а.) дереу:

– Жартысын кештім. Аллаһтың Елшісі, - деді. Бұл әрекетке дән риза болған Пайғамбарымыз (с.а.у.) ибн Әбу Хадрадқа қарап:

– Тұр орныңнан! Қалған қарызыңды өте, - деді (Бұхари, Салат 71, 83; Мүслим, Мусақат 20).

***

Амра бинти Абдуррахман былай деп әңгімелейді:

«Бір кісі бір баудың жемісін көтерме бағамен сатып алды. Жемісті жинап өлшегенде, ойлағаннан аз шықты. Кісі баудың иесіне келіп, жетпей қалған мөлшерді есептеп, оны жалпы есептен шегеруін немесе келісім-шарттан бас тартуын талап етті. Бірақ бау иесі ұсыныстардың ешбірін қабыл етпеуге ант ішті. Мұны естіген саудагердің анасы Пайғамбарымызға келіп жағдайды баян етті. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Ол кісі, жақсылық жасамауға ант еткен екен», - деді.

Бұл сөзді естіген бау иесі ғаламның мақтанышы Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Оның ұсынысын қабыл етемін», - деді (Муатта, Буюғ 15; Бұхари, Сулх 10; Мүслим, Мусақат 19).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Бәдірде құрайыштықтармен кездескенде, елшілер жіберіп бейбітшілік келісім-шартын ұсынды. Өйткені ол ешқашан соғысты қаламайтын. Бейбітшіліктің әрдайым қайырлы екендігін тілге тиек ететін. Ол Хазірет Омарды (р.а.) құрайыштықтарға елші етіп жіберіп: «Кері қайтыңдар! Сендерден басқа біреумен соғысу маған әлдеқайда жақсырақ», - деп сәлем айтып жіберді.

Мұны естіген Хаким ибн Хизам: «Бұл ынсаптылық. Оны дереу қабыл етіңдер. Уаллаһи, бұдан кейін сендерге мұнан артық ұсыныс келмейді», - деді.

Ал Әбу Жәһил: «Ант етемін, Аллаһ бізге мұндай сәтті бергенде, өшімізді алмастан кері қайтпаймыз. Оларға өз орындарын білдіреміз», - деп мүшріктерді соғысқа айдап салды.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) кіші қажылық жасауға бел байлап, сапарға шықты. Бірақ мүшріктер кедергі болды. Олар мұсылмандарды Меккеге кіргізгісі келмеді. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хұдайбияға келіп тоқтады. Сол жерден Құрайыш руына мынадай хат жіберді:

«Біз ешкіммен соғысуға келмедік. Мақсатымыз Қағбаны зиярат ету, кіші қажылық. Соғыстың Құрайышқа қатты зардабы тиді. Олар қаласа арадағы соғысты тоқтатып, белгілі бір уақыт ішінде соғыспауға келісейік. Міне осындай жағдайда олар, мені мен өзге адамдардың арасынан аулақ болады. Егер мен, өзге адамдарды жеңсем, қаласа ел кіріп жатқан Ислам дініне, олар да кірсін! Ал егер жеңіліс тапсам, (құрайыштықтар менімен соғысудан құтылып) тыныштыққа қол жеткізеді.

Егер Құрайыш, бұл ұсынысымды қабыл етпесе, уаллаһи мен, осы дін үшін басым кеудемнен жұлынғанша соғысамын. Аллаһ міндетті түрде уәдесін орындайды» (Бұхари, Шурут 15).

Осыған қарамастан меккеліктер Қағбаны тауап етуге рұқсат бермеді. Мұсылмандар мұңға батты. Олар соғысуға қарар берген болатын. Мүшріктермен келіссөз жүргізіліп, келісім-шарт жасалды. Алайда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұсылмандарға сабыр етуді, бір жыл күту керектігін өсиет етті. Хұдайбияда жасалған осы келісім-шарттың үлкен «фатх» (жеңіс) екендігін білдірді.

Мұны естіген сахабалардың бірі шыдай алмай: «Қағбаны тауаф етуден қағылдық. Құрбанымыздың харамда (қағба мешітінде) союымызға кедергі жасалды. Мұсылмандықты қабыл етіп, бізден пана сұраған екі кісіні Аллаһ Елшісі кері қайтарып жіберді. Бұл қандай «фатх» өзі?» - деді.

Осы сөздер Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) жетті. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл келісім-шарттың шынымен-ақ ең үлкен «фатх» екендігін меңзеді. Ислам дінінің сол күннен бастап, жылдам тарайтындығына ишарат етіп, былай деді:

«Иә! Бұл келісім-шарт үлкен «фатх». Мүшріктер сендерге (келесі жылы болса да) өз аймағына кіруге рұқсат берді. Қалаған істеріңді істеуге разы болды. Келіп-кеткенде аман-есен болуларыңды мұрат етті. Олар енді, осы күнге дейін жиреніп келген Исламды сендердің бойларыңнан көріп үйренеді. Аллаһ сендерге жеңіс сыйлайды. Барған жерлеріңнен аман-есен табысты ораласыңдар. Ал осындай фатх, фатхтардың ең үлкені (болып табылады)».[194]

***

194. Халеби, Инсанул-Ғуюн, Мысыр 1384-1964, II 715; Әбу Дәуіт, Жихад 143-144/2736.

Хұдайбия келісім-шартына екі жыл толмастан мүшріктер жасалған келісімді үлкен опасыздық жасап бұзды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) жорыққа дайындалуға бұйрық берді. Іргелес отырған руларды Мәдинаға шақырды. Ал қонысы ұзақтау отырған руларға, жолда күтуді әмір етті. Іс-әрекеттің барлығы құпия өтті. Меккеліктерді шубаға түсірмейін деген ниетпен Сирия тарапына шолғыншы жіберді. Осылайша Пайғамбарымыз (с.а.у.) күллі тарапты өз бақылауына алды. Ол Хақ Тағаланың жәрдемімен қан төкпестен үлкен жеңіске қол жеткізуді тіледі. Оны жүзеге асыру үшін бірнеше шара қабылдады.

Әуелі жорыққа дайындалуды бұйырғанымен, қай жерге беттейтіндігін айтпады. Ниетін жасырып қалды.[195] Тіпті ең жақын досы Хазірет Әбубәкір (р.а.) Меккеге жорыққа аттанатындығын білмейтін. Ол өз қызы Айша анамыздан жорықтың қайда жасалатындығын сұраған еді.

Айша анамыз (р.а.): «Білмеймін. Бәлки Сұлайым руына, бәлки Сақиф руына, бәлки Хауазин руына аттанатын шығар», - деп жауап берген болатын.[196] Өйткені ол да, Аллаһ Елшісінің ниетінен хабардар емес еді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) меккеліктердің соғысқа дайындалуын қаламады. Жеңістің бейбіт жолмен іске асуын тіледі. Меккеге ешбір хабардың яки тыңшының жетпеуіне үлкен мән берді. Хақ Тағалаға жалбарынып: «*Уа, Аллаһым! Қоныстарына күтпеген жерден жеткенге дейін, Құрайыштың тыңшысы мен хабаршысын жолда ұстап қал! Оларды түк көрмес соқыр, естімейтін саңырау ет! Құрайыштықтардың көзін байла! Мені күтпеген жерден күтіп алсын!*» - деп дұға етті (Ибн Хишам IV, 14).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мәдинадан шыққанда құрайыштықтарға күмән тудырмау үшін, шалғайдағы руларға қарай бет алды. Шеңбер тәріздес жол жүріп, мақсатының белгісіздігі одан сайын арта түсуіне жол ашты. Меккенің тұсына жеткенде әрбір жауынгердің бір ошақ от жағуын әмір етті. Осылайша әскер санының көптігін көрсеткісі келді.[197]

Сонымен қатар Пайғамбарымыз (с.а.у.) миқат жері болып табылатын Зулхұлайфада ихрамға кірмей, жорықтың құриялығын сақтап қалған еді.[198]

Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз (с.а.у.) тек Меккені бағындырарда емес, барша жорықтың осылай іске асуына күш салатын. Міне осындай айғақтар, оның соғысқұмар емес екендігін көрсетеді. Бейбітшілік пен тыныштыққа нендей баға бергендігі байқалады. Ал

---

195. Ибн Сағд II, 134.
196. Ибн Хишам IV, 14.
197. Хамидулла, Ислам Пейгамбери, Станбул 1995, I, 264-265.
198. Неби Бозкурт, DIA, Мекке XXVII, 557.

мұндай түсінік кез келген кісінің нендей ұлы тұлға екендігіне дәлел бола алады.

***

Сағд ибн Муғаз бен Сағд ибн Убада ренжісіп қалған болатын. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларды татуластыру үшін Сағд ибн Муғаздың қолынан жетелеп, жанына тағыда басқа әустықтарды (ру көсемдерін) алып Убаданың үйіне барды. Сол үйде біраз отырып әңгімелесті. Сағд ибн Убада ас тарту етті. Барлығы дәмнен ауыз тиіп, тарқап кетті.

Біраз уақыт өткеннен кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Сағд ибн Убаданың қолынан жетелеп, қасына тағыда басқа хазраждықтарды алып Сағд ибн Муғаздың үйіне барды. Отырып, әңгіме дүкен құрды. Сағд ибн Муғаз ас берді. Барлығы астан дәм татып, тарап кетті (Уақиди II, 435).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларының арасын жарастыру арқылы бізге адамдарды қалай татуластыру керектігін үйретуде. Мұндай ғажап әдіс, шын пейілді көрген кез келген жанның ынсапқа келіп, арадағы үзіліп кеткен сүйіспеншілік жібі қайта жалғанады.

Мінекей кәміл мүмин де маңайындағы ренжісіп қалған адамдарды осы пайғамбар әдісі арқылы татуластырып, олардың арасындағы қарым-қатынасты қайта жандандыруы тиіс.

***

Әбубәкір (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісін (с.а.у.) мінберде тұрғанын көрдім. Жанында Хазірет Хасан бар екен. Халыққа бір, Хазірет Хасанға бір қарап: «Аллаһ мына немерем арқылы (соғысуға келген) екі үлкен мұсылман әскерін татуластырады», - деп айтып тұр екен» (Бұхари, Мәнақиб 25, Фадайлул-Асхаб 22).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзінен кейінгі нәсілдің бейбітшілікпен тыныш өмір сүруін қалайтын. Адамдардың тыныштығын қамтамасыз ету үшін, өз жанұясының мәртебесін құрбан етіп, мұсылмандардың осылай әрекет етуіне ишарат еткен еді.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Менен кейін пайғамбарлыққа лайық және кәміл халифалық отыз болады»*, - деп айтқан болатын (Әбу Дәуіт, Сүннет 8/4646; Ахмед V, 50, 220, 221).

Халифалық Хазірет Әлимен (р.а.) жиырма тоғыз жыл алты айға толған еді. Алты ай Хазірет Хасан халифа болды. Ол мұсылмандардың арасындағы қайшылық пен бүлікті тоқтату үшін Мұғауияға (р.а.) хат жазды. Хатында мұсылмандардың бейбітшілігі мен тыныштығы үшін өз

құқығы болып табылатын халифалықтан бас тартатындығын білдірді. Осылайша Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) тағы да бір мұғжизасы іске асты.

***

Мұқатил ибн Хаййан былай деп әңгімелейді:

«Имрул-Қайыс Кинда руынан Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келген делагация құрамында болған сахаба еді. Кейінірек осы рудан көптеген адамдар муртад (Ислам дінінен шыққандар) болып кетті. Бірақ ол иманын сақтап қалды. Міне осы сахаба, басқа сахабамен жер дауымен Пайғамбарымыздың құзырына келеді.

Өзге сахаба әуелі сөз алып:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына кісі, менің әкемнен қалаған мүлікке қол сұқты, - деді. Имрул-Қайыс:

– Ол жер менің жерім. Ол жерге егін егіп, жемісін алып жүрмін. Оның бұл жерге құқығы жоқ, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әлгі сахабаға қарап:

– Бұл жердің сенің мүлкің екендігін айғақтайтын дәлел әкелесің! Яки мынаған ант ішкіземін, - деді. Сахаба:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол өтірік ант ішіп, жерімді алып кетеді ғой, - деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Дәлелің жоқ болса, оның антынан басқа шара жоқ, - деді де артынша: – Кімде-кім бауырының мүлкінің бір бөлігіне қол сұғу үшін өтірік ант ішсе, Аллаһ Тағалаға қауышқанда, оны өзіне ашулы күйде көреді, - деді. Имрул-Қайыс:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Өзінің туралығын біле тұра, даудан бас тартқанға не сый бар? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Жәннат, - деп жауап берді. Имрул-Қайыс Пайғамбарымызға (с.а.у.) қарап:

– Сен куәсің! Мен ол жерді мынаған бердім, - деп даудан бас тартты. Артынша Аллаһ Тағала төмендегі мына аятты түсірді: **«Дүние-мүліктеріңді араларыңда теріс жолмен жемеңдер! Сондай-ақ біле тұра, кісі малынан бір бөлік** (жымқырып) **жеп қалу үшін билерге** (дау айтып) **бармаңдар!»** (Бақара сүресі, 188-аят).

***

Табиғин Сағит ибн Мусаййаб (р.а.) маңайындағыларға қарап:

– Сендерге намаз оқып, садақа беруден артық нәрсені айтайын ба? - деді. Олар:

– Иә, айт, - десті. Ол:

– Екі кісінің арсын жөндеп, өкпелескендерді татуластыру. Соны-

мен қатар жеккөрушіліктен сақтаныңдар. Өйткені жеккөрушілік (діни сезімдерді және көркем ахлақты) құртады, - деді (Муатта, Хуснул-Хулқ 7).

***

Қысқасы, Аллаһ Тағаланың әмірлеріне бас иіп, Пайғамбардың жолын ұстанған жанда бейбітшілік пен тыныштық орнайтын қоғам құрайды. Адамзат тарихы бұған куә. Мысалы, Стамбул елшілігінде қызмет атқарған, мұсылмандар мен түріктердің қас дұшпаны Сэр Джеймс Портер Осман империясының қоғамы жайында былай дейді:

«Осман империясында қарақшылық, алдап-арбаушылық, ұрлық секілді оқиғалар тіпті жоқ десе болады. Соғыс жағдайы яки соғыстан тыс уақыт болсын жолдар мен үйлер қауіпсіздігі толықтай сақталады. Әсіресе үлкен даңғылдар арқылы Осман империясын кез келген шақта түгелдей аралап шығу мүмкіндігіңіз бар. Жолаушыларға, саяхатшыларға лық толы осы мемлекетте қылмыстың аз болуы еріксіз таңданысыңызды арттырады. Ұзақ жылдар бойы оқта-текте қылмыс болып тұрады».

Міне осындай деңгейге Осман империясы тек Ислам діні арқылы қол жеткізді. Демек, Ислам діні адамзат баласына екі дүниенің бақытын тарту етеді. Оның әмірлеріне бас иген кез келген қоғам бейбітшілік пен тыныштықтың қадірін біледі.

Ұлық Раббымыз Құран Кәрімде былай дейді: **«Уа, иман келтіргендер! Исламға бүтіндей** (түгелдей) **кіріңдер! Шайтанның ізіне ермеңдер! Өйткені ол сендерге, қас дұшпан»** (Бақара сүресі, 208-аят).

6. БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ САҚТАУ

Ислам діні мүминдерді тек жеке тұлға ретінде кемелдендіріп, дамытумен қалып қоймай қоғамның тыныштығын, амандығын қамтамасыз ететін ұлы ұстанымдар сыйлаған. Қоғам мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасты дін бауырластығы шаңырағының астында махаббатпен жүзеге асуын әмір етеді. Сонымен қатар қоғамның әрбір мүшесін көпшіл, халықшыл болуға шақырып, қоғамның бір денедей болып қалыптасуына үлесін қосады. Мұны өз басынан кешірген қоғамдар бірлік пен ынтымақтың рухымен ұлықтанып, барша адамзатқа өнеге болар «ізгілікке толы ғұмыр кешу» идеясын ұсына алады.

Қоғамдағы ең үлкен қауіп пікір қайшылықтары, жік-жікке бөлінушілік, бір-біріне бас имеуден туатын анархия болып табылады. Әрбір мұсылманның бүліктен құтылып, пікір қайшылықтарына түспеуі үшін қарабайыр қалауы мен нәпсінің кедергісін бұзатын кәміл пікірге, бауырмалдық сезімге бой алдыруы қажет. Бұл Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннеті және хулафа-рашидиннің жолын ұстану арқылы жүзеге асады.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Барлығың бірдей Аллаһтың жібіне (дініне) **жабысыңдар! Бөлінбеңдер! Сондай-ақ Аллаһтың сендерге нәсіп еткен нығметін еске алыңдар!** (Өйткені) **сендер бір-бірлеріңе дұшпан жандар едіңдер!** (Бірақ) **Аллаһ жүректеріңді біріктіріп, соның саясында бір-бірлеріңе бауыр болдыңдар!»** (Әли-Имран сүресі, 103-аят).

«(Уа, иман келтіргендер!) **Аллаһқа және Оның Елшісіне бас иіп, бағыныңдар! Сондай-ақ бір-бірлеріңмен жанжалдаспаңдар!** (Олай істер болсаңдар) **үрейленіп, күш-қуаттарың азаяды. Сонымен қатар, сабыр етіңдер!** (Өйткені) **Аллаһ сабырлы жандармен бірге болады»** (Әнфал сүресі, 46-аят).

Ұлы Раббымыз мүминдерді бір жүрек тәрізді бірлік пен ынтымақтың туының астында болуын әмір етеді. Бұл мәселені бұрынғы пайғамбарларға да уахи етуі,[199] адамзат баласының әрдайым бөлінуге құштар тұратындығын, әрі бөлінудің қоғамдағы өмір үшін үлкен қауіпті екендігін көрсетеді.

Нәпсі мен шайтан адамзат баласының ашқарақтық, күншілдік, пайдакүнемдік тәрізді жағымсыз сезімдерін күшейтіп, адамдардың арасын бұзуға тырысады. Бұл екі ата жауымыздың қолындағы бөлінушілікке бастайтын құралы һәм күшті һәм залалы мол. Сондықтан мұсылмандар ешқашан бауырмалдық сезімдерін жоймай, бөлінушілікке жол бермеулері қажет. Өйткені бейбіт, тыныш өмір сүру мүмкіндігі бола тұра қайшылыққа түсіп, түсініспеушілікке жол беру мүминнің ішкі жан дүниесіне кереғар дүние.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Мүминнің мүминге деген жағдайы бір-бірінен ажырамай нығыздап ұстап тұратын ғимараттар секілді»*, - деп мұны түсіндіру үшін екі қолының саусақтарын бір-бірінің арасына қосып ұстап көрсеткен (Бұхари, Салат 88, Мазалим 5; Мүслим, Бирр 65).

Сондай-ақ басқа да хадис-шәріптерінде былай дейді:

«Сендерге бірлік пен ынтымақта болуды, бөлінуден сақтануды насихат етемін. Өйткені шайтан жалғыз кісімен бірге, ал екі кісіден аулақ болады. Жәннаттың дәл ортасында болуды қалаған жан, мұсылмандардан айрылмасын» (Тирмизи, Фитан 7/2165; Ахмед I, 26, V, 370-371).

«Мүминдердің бір-біріне деген сүйіспеншілікте, бір-біріне деген жанашырлықта және бір-бірін қорғауда бір денеге ұқсайды. Дененің кез келген ағзасы ауырғанда, өзге ағзалар да ұйқысыздыққа тап болады. Қызуы көтеріледі» (Бұхари, Әдеп 27; Мүслим, Бирр 66).

199. Шура сүресі, 13-аят.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бірлік пен ынтымаққа қандай да бір сызат түспеу үшін қоғамдағы мұнафықтарды (екіжүзділерді) біліп тұрып олардың аттарын Хұзайфадан (р.а.) өзге ешкімге айтпаған. Оларға өмір бойы жақсы мәміле жасап отырған. Күллі машақаттарына шыдай білген. Тіпті Аллаһ Елшісінің уәзірі Хазірет Омардың (р.а.) өзі мұнафықтардың кім екендігін білмейтін. Ол біреу қайтыс болса өмір бойы Хазірет Хұзайфаны аңдып өткен. Егер Хұзайфа дүние салған кісінің жаназа намазына қатыспаса, оның мұнафықтардан екендігін аңғарып өзі де қатыспайтын.

Сонымен қатар мұсылмандардың күнде бес уақыт жамағаттармен намаз оқуы арамыздағы қарым-қатынастың беріктігін, мықтылығын көрсетері хақ. Аллаһ Тағала намаз, қажылық, зекет, құрбандық секілді құлшылықтарда мұсылмандарды рухани тұрғыдан ынтымақта болуға дайындайды.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді: **«Намазды толық оқыңдар! Зекетті толығымен өтеңдер! Әрі Аллаһқа рұкуғ еткендермен** (тізе бүккендермен) **бірге, рұкуғ етіңдер!»** (Бақара сүресі, 43-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үмбетінің бірлігі мен ынтымағын намаз саптарынан бастаған болатын. Бұл жайында төмендегі мына хадис-шәріптерде айтылады.

«Саптарыңды түзу ұстаңдар. Бірің алда, бірің артта тұрмаңдар. Өйткені жүректерің бір-бірінен алшақтай түседі» (Мүслим, Салат 122).

«Саптарыңды түзу ұстаңдар. Иықтарыңды бір сызыққа келтіріңдер. Арадағы қашықтықты қысқартыңдар. Сапты түзеу үшін қолдарыңнан тартқан бауырларыңа жұмсақтық танытыңдар. Араларыңда шайтан кіретін бос орын қалдырмаңдар. Аллаһ саптарын иін тіресе ұстағандардың көңілін хош етеді. Саптарын иін тіресе ұстамағандарға Аллаһ нығметтерін нәсіп етпейді» (Әбу Дәуіт, Салат 93/666).

Намазда саптар иін тіресіп түзу тұрмаса мүминдер арасындағы гармония, низам, бірлік және ынтымақ жоғалады. Жүректер мен көңілдер жібі үзілген тәспінің тастатары іспетті жан-жаққа шашылып кетеді. Ал низамға, тәртіпке бағынып, намазда түзу саптар түзеген мүминдердің ішкі жан дүниесінде рухани тұрғыдан күш пайда болады. Дұшпандарының жүрегіне қорқу салады.

Хазірет Мәулана (р.а.): «Адамдармен дос бол! Өйткені керуендегі адамдардың саны неғұрлым көп болса, соғұрлым қарақшылардың көзін құртады», - дейді.

Бір еуропалық елші Венгрияда жұма намаз оқу үшін тоқтаған Осман империясының әскерін көреді. Олардың шын пейілімен жұма намазын оқып жатқандығын байқап, қайран қалып: «Түп-түзу саптар түзеген елу мың кісі имамның бір сөзімен қол байлайды. Барлығы бір денеге айна-

лады. Артынша тек бір-ақ сөзбен елу мың кісі бірден Аллаһқа сәжде жасайды. Мынадай орасан зор көпшілікке бейшара христиан әскері қалай қарсы шыға алсын?» - деп айтқан екен.[200]

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Күмәнсіз Аллаһ, өз жолында** (кірпіштері) **берік қаланған ғимарат секілді сап түзеп соғысқандарды жақсы көреді»** (Саф сүресі, 4-аят).

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) айтқанына сүйенсек, мүминдердің Аллаһтың дінін қатты ұстанып, бір-бірінен ажырамаулары Аллаһты разы етеді екен.[201] Сонымен қатар бір кісінің мұсылман жамағатында болуы, оның ішкі жан дүниесінің таза, пәк екендігін көрсетеді.[202]

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Ислам жамағатынан ұзақтап, қоғамнан бөлек өмір сүріп өлуді, «мұсылманша өмір сүрмей басы бос, уақыт өткізіп өлген қарабайыр надан дәуірдің адамының» халіне ұқсатқан (Мүслим, Имара 53, 54; Ахмед II, 306, 488).

Мұсылмандар бірлік пен ынтымақтан аулақ тұрып, бір-бірінен ажырап қалса Аллаһтың сүйіспеншілігінен мақұрым болады. Әрі күш-қуаттарын жоғалтып, күйзеліске ұшырайды. Мұның қазіргі таңда мысалы көп.

Ұзын сөздің қысқасы, «Жамағат дегеніміз – мейірімділік, ал бөлінушілік – азап», - деген хадис шәріп сөзімізді түйіндей түсері хақ (Ахмед IV, 278, 375; Хайсами V, 217).

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Ирбаз ибн Сария (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бізге қатты әсер еткен насихат айтты. Осы насихаттың арқасында жүрегіміз жібіп, көзіміз жасқа толды. Біз оған:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына насихат, бақилық болар кісінің өсиетіне ұқсайды. Бізге қандай өсиет айтасың? - дестік. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Сендерге, Аллаһтан қорқуды, оған тағзым жасауды, бастарыңа тіпті бір «хабаши» (эфиопиялық) құл басшы болса да, дегеніне құлақ асып бағынуды өсиет етемін. Менен кейін ғұмыр кешкендер көптеген қайшылықтарға (ихтилафқа) тап болады. (Сол кезде) сендер менің сүннетіме және Хулафа-Рашидиннің сүннетіне жабысыңдар (соған сай әрекет етіңдер)! Бұл сүннеттерді уыстарыңнан шығармаңдар! Кейіннен пайда болатын бидғаттардан аулақ болыңдар! Өйткені кез келген

200. Ахмед Ерсөз, Егитимде депремли йыллар, Станбул 1993, 70-бет.
201. Мүслим, Ақдия 10.
202. Тирмизи, Ілім 7/2658; ибн Мәжә, Муқаддима 8.

бидғат, адасушылық (болып табылады), - деді (Әбу Дәуіт, Сүннет 5/4607; Тирмизи, Білім 16; Ибн Мәжә, Мұқаддима 6).

***

Мүшріктер Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) Худайбияда жасаған келісім-шартты екі жылдан кейін, мұсылмандарды өлтіру арқылы бұзды. Олар Пайғамбарымыздың бейбітшілікке негізделген келісім-шартына мән бермеді. Артынша істеген істеріне өкініп, қатты мұңға батты. Мәдинадағы мән-жайды біліп келу үшін Әбу Суфянды аттандырып жіберді.

Мәдинада ешбір жан Әбу Суфянға жылы шырай танытпады. Тіпті Пайғамбарымыздың әйелдерінің бірі болып табылатын қызы Умму Хабиба (р.а.) үйіне келген әкесінің астынан көрпені тартып алды. Әбу Суфян аң-таң болып:

– Қызым! Көрпені маған лайық көрмедің бе? Әлде мені көрпеге лайық көрмейсің бе? - деп сұрады. Пайғамбарымыздың сүйіспеншілігіне бөленген анамыз Умму Хабиба (р.а.):

– Мына көрпе, Аллаһ Елшісінің көрпесі. Сондықтан сен лас мүшрік бола тұра, бұған отыруға лайық емессің, - деп жауап берді. Әбу Суфян сасып қалып:

– Қызым! Сен үйден кеткелі көп өзгеріпсің, - деді. Анамыз:

– Жоқ! Аллаһ мені Ислам діні арқылы абыройға бөледі, - деп имандылықтың құндылығын көрсетті (Ибн Хишам IV, 12-13).

Әбу Суфян шарасыз кейіпте Меккеге қайтты. Меккеге келіп мүшріктерге бейбітшіліктің нышаны қалмағандығын түсіндірді. Сөз арасында: «Мен жүректері, тек бір жүрекке ұқсап соғатын қауымды көрдім. Уаллаһи, осының бір пайдасы тиер деп ойлаған үлкен-кіші барлығымен сөйлестім. Нәтиже шықпады», - деді.[203] Бұл сөзін бірнеше мәре қайталады.

Міне бұл уақиға мұсылмандарда болған бірлік пен ынтымақтың құндылығын көрсетеді.

Тек бір жүрекке ұқсап соғу... Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) жүрегі сияқты соғу! Ол жүрек, Аллаһ Тағаланың ұлы кітабы Құран Кәрім түскен жүрек еді.

***

Сұлтан I Мұрат хан Румеліде ғазауатта болатын. Мұны қолайлы сәт деп білген Қараманұлы Алауиддин Бей, осман империясының жеріне шабуыл жасады. Мәртебелі сұлтан бұл хабарды естігенде қатты

203. Абдурраззақ, әл-Мусаннаф, Бейрут 1970, V, 375.

қайғырды. Маңайындағыларға қарап: «Мына залымның істеген ісіне қараңдаршы! Біз бір айлық жол жүріп, күні-түні кәпірлермен соғысып жатқанымызда, мына құрығыр мұсылмандардың мүлкін талан-таражға салып жатыр. Уа, батырлар! Мен қазір жиһадты тастап, қалай мұсылман бауырларыма қылыш жалаңдатпақпын?» - деді. Осылайша үмбеттің ынтымақ-бірлігі үшін Анатолия тұрғындарына үлкен сабырлылық танытып, шыдамдылығын көрсетті.

***

Бірлік пен ынтымақ жолында болған уақиғалардың біріне тоқталып өтейік. Оңтүстік шығыс Анадолыда ру көсемі Ідіріс Битлиси, Явуздың барша мұсылмандарды бір тудың астына жинау үндеуіне ден қойып, өз жерлерін Осман империясына қосқан болатын.

Ідіріс Битлисидің бұл әрекеті сипаттауға тіл жетпейтін ерлік, қаһармандық болып табылады. Шыққан тегі күрт болса да, оның осындай игі ісін бағалай білген Явуз сұлтан үлкен құрмет көрсеткен. Мақтап-мадақтаумен қатар, өзі жөн деп санаған көптеген игі істерге мұрындық болуына мүмкіндік жасаған. Тіпті аймақтарға әкім тағайындауды оның еркіне берген. Өйткені Ідіріс Битлиси мұндай құрметке лайық еді.

Сұлтан тарапынан қаншама сый-сияпат, шексіз билікке қол жеткізгенімен Ідіріс Битлиси, ешбір бұйрықты сұлтанның қолы болмастан іске асырмайтын. Ол сафауилардың шығыс аудандардың жері мен халқына билігін жүргізу армандарын жүзеге асырмай тастады. Осылайша үмбет бірлігін ыдыратпауға күш салған қаһармандардың бірі болды. Сонымен қатар шаһ Исмайылдың бастауымен келген Сафауи әскерінің талқанын шығарып жеңіске жетті.

Ислам тарихындағы осындай ұлы тұлғалардың бірі Барбарос Хайруддин паша. Ол ислам бірлігі, ынтымағы негізінде өз қол астындағы Солтүстік Африканы Осман империясына қосты. Қануни Сүлеймен сұлтан оның мұндай әрекетін ерекше бағалап, оған Осман империясының теңіз күштері қолбасшылығын берді. Міне сол игі істің саясында Жерорта теңізі толығымен Осман империясының иелігіне өтті. Сол кезде тіпті Үнді мұхиты арқылы, мұсылмандарға жәрдем берілді. Судан және Эфиопияға жорықтар ұйымдастырылды. Осман империясының шекарасы, оңтүстікте Африка құрлығының орта шеніне жетті. Солтүстікте Қырымға, Мәскеуге таяп қалды. 1548 жылы Тибриз төртінші мәрте қайта алынды. Осылайша шығыстағы шекара Каспий теңізіне жетті.

Хайруддин пашаның орасан зор Алжирға сұлтан болудан бас тартып, мемлекетті Осман империясына қосуы шынымен-ақ үлкен игі іс. Үмбеттің бірлігі мен ынтымағы үшін осындай ізгі іске қадам жасаған ол, әрдайым мұсылмандар үлгі алар ұлы тұлға болып қала бермек. Бұл қадам, оның рухани тұрғыдан кемелдігін, халифаға деген адалдығын

көрсетеді. Оны осындай игі қадамға итермелеген фактор, оның ішкі жан дүниесі болатын. Түсінде көрген төмендегі мына түсі, осыны айғақтай түседі.

Өзі былай деп әңгімелейді:

«Түсімде бір кісі маған келді. Қолыма бір шүберек ұстатып: «Уа, Хайруддин! Мынаны, падишаһымыз Сүлеймен сұлтанға бер», - деп ғайып болды. Шүберекті ашып қарасам, ақ қағаздың үстіне жасыл сиямен: «Тағы да басқа, сендер жақсы көретін нәрсе бар! Аллаһ тарапынан жәрдем мен «фатх» (жеңіс). Мүминдерді (осы нәрселермен) сүйіншіле» деген аят жазылған екен. Оқып көзіме, жүзіме сүрттім. Артынша: «Уа, ғаламдардың тәңірі! Саған мадақ болсын!» - деп ұйқымнан оянып кеттім».

Хайруддин паша, көптеген шайқастарда жеңіске жетіп даңқы жер жарса да, өте қарапайым жан еді. Қол астындағы кісілерге әрдайым рақымдылық, мейірімділік танытатын. Жауынгерлері сырт көзге ғажап шайқасатын жандар болып көрінгенімен, оларды рухани тұрғыдан көп тәрбиелейтін. Көзге көрінген болмашы қателіктерге ескерту жасаудан аулақ болып, жауынгерлерінің қайта сапқа оралуына мүмкіндік жасайтын. Бөлінушілікке бастайтын қандай да бір уақиға лап етсе, тіпті өзінің мәртебесіне нұқсан келтірсе де, өшіруге күш салатын. Бірлік пен ынтымақты сақтауға тырысатын. Маңайындағы қолбасшыларға : «Қолбасшылар! Сендер мұны ұмытыңдар! Басқа мәжілістерде бұл жайлы сөз қозғамаңдар!» - деп ескерту жасайтын. Ол осылайша нәпсінің айдауына көнбей, бірлік пен ынтымақты сақтау жолында аянбай еңбек ететін.

***

Қысқасы, мұсылмандардың нанымы таухидке (сенімге), құлшылықтары мен мәмілелері бірлік пен ынтымаққа негізделіп құрылған. Мүминдер күніне қырық мәрте «Тек Саған ғана құлшылық етеміз! Сенен ғана жәрдем сұраймыз», - деп бірлік пен ынтымақ негізінде қарекет ететіндіктерін тілге тиек етеді.

Аллаһ Тағала құладарына былай деп ескерту жасайды:

«**Айқын дәлелдер келгеннен кейін** (қырық пышақ болып) **бөлініп, қайшылыққа түскендер секілді болмаңдар! Міне соларға үлкен азап бар»** (Әли Имран сүресі, 105-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) «қоштасу қажылығында», тіпті өмірінің соңғы күндерінде үмбетіне көптеген ескертулер жасады. Солардың бірі, өзі бақилық болғаннан кейін бөлінушілікке бой алдырып, бір-бірімен

соғыспаулары еді.[204] Өйткені бірлікте мейірімділік пен береке бар. Аллаһ әрдайым жамағатпен бірге болады. Жамағаттан айрылған, тозақ жолына түседі.[205]

Сол себепті Аллаһ Тағалаға: «Жүректерімізді бір-біріне жақындат, біріктір», - деп көптеп дұға етейік ағайын! Біз мұның қадірін біле бермейміз. Бұл біле білгенге үлкен нығмет. Абдулла ибн Масғұдтың дегеніне сүйенсек, төмендегі мына аят бір-бірін Аллаһ разылығы үшін жақсы көрген мүминдер жайында түскен екен:

«Ол (Аллаһ) **олардың** (яғни, мүминдердің) **жүректерін біріктіреді. Ал сен дүниедегі барша нәрсені сарп етсең де, сен олардың жүректерін бірлестіре алмас едің! Бірақ Аллаһ оларды біріктірді.** (Өйткені) **Ол, аса үстем, аса дана»** (Әнфал сүресі, 63-аят); (Табари, Тәфсір X, 48).

7. АҚЫЛДАСУ

Ақылдасу, бір іске кірісуден алдын біліміне, тәжірибесіне, ахлағына сенуге болатын кісілермен пікір алмастыру, кеңесу деген сөз. Аллаһ Тағала былай дейді: **«**(Кез келген) **істе олармен кеңес!** (Қандай да) **бір істі жүзеге асыруға бел байласаң, Аллаһқа тәуекел ет!** (Өйткені) **Аллаһ тәуекелшілдерді жақсы көреді»** (Әли-Имран сүресі, 159-аят).

«Олардың істері, өзара ақылдасу (арқылы жүзеге асады)**»** (Шұра сүресі, 38-аят).

Демек ақылдасу мұсылмандардың негізгі сипаттарының бірі. Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) ғұмырына көз жүгіртсек, оның әрбір істі өзгелермен ақылдасып іске асырғандығын байқаймыз. Бұл ақиқатты Әбу Хурайра (р.а.): «Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) артық достарымен ақылдасқан жанды көрмедім», - деп жеткізеді (Тирмизи, Жиһад 35/1714).

Ал күнделікті өмірде бірнеше ақылдың жалғыз ақылдан көбірек дұрыс шешім қабылдайтындығын көзіміз көріп жүр. Мұны Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Истихара жасаған жан зарарға ұшырамайды, ақылдасқан жан пұшайман болмайды, үнемдеген жан пақыр болмайды»*,[206] - деген сөздерімен баян етеді.

Хазірет Хасан Басри ақылдасудың пайдасы жайында: «Уаллаһи, ақылдасқан кісілер міндетті түрде алдындағы таңдаулардың ең жақсысына бет алады», - деп, **«Олардың істері, өзара ақылдасу** (арқылы жүзеге асады)**»** деген аятты оқыған еді (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад №258).

204. Бұхари, Хаж 132, Ілім 43, Мәғази 77, Дият 2, Әдахи 5; Муслим, Иман 118-120, Қасамә 29.
205. Тирмизи, Фитән 7.
206. Хайсами II, 280.

«Ақыл, ақылдан артық» деген мәтел де лайықты кісілермен ақылдасу керектігін аңғартады.

Хазірет Мәулана: «Барлық нәрсені аңғаратын, түйсінетін ақылдың өзі, достарынан айрылғанда садағы сынған садақшы секілді аң-таң күйге түседі», - дейді.

Демек кез келген кісі нендей ақылды болса да барша нәрсені білуі мүмкін емес. Өзі душар болған мәселелерде міндетті түрде лайықты кісілермен ақылдаспастан шешім қабылдамауы қажет.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әйелдермен, әсіресе оларға қатысты мәселелерде ақылдасудың қажеттілігін төмендегі мына хадис-шәріптерде тілге тиек етеді:

«Әйелдерге қатысты мәселелерде олармен ақылдасыңдар» (Ибн Әсир, Усдул-Ғаба IV, 15).

«Жесір әйелдің өзімен ақылдаспастан, қыздың рұқсаты алынбастан үйлендірілмейді» (Мүслим, Неке 64).

«Қыздары жайында әйелдермен сөйлесіңдер» (Әбу Дәуіт, Неке 22-23).

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде еркектердің әйелдерімен ақылдасуының керектігіне былай деп ишарат етеді:

«Егер ата-ана өзара кеңесіп, өз разылықтарымен баланы емшектен шығаруға бел байласа, екеуіне де күнә жазылмайды» (Бақара сүресі, 233-аят).

Әсіресе жастардың жасы ұлғайған, көпті көрген, тәжірибесі мол кісілермен ақылдасуы ләзім.

Бұл жайында Хазірет Мәулана: «Жастардың айнадан көргенінен артығын, ақсақалдар бір күйген кірпіштің сынығынан көреді», - дейді.

Ақылдасу, өзімшілдік сезімін тәрбиелеп адамды істеген ісімен мақтанудан қорғайды. Ал ақылдаспау тек өзін жақсы көру, өзін өзгелерден артық көру тәрізді жағымсыз мағынаны меңзеп, тәкаппарлықтың белгісі болып табылады. Сонымен қатар шын пейілмен өзгелермен ақылдасу, оларға құрмет көрсетуді білдіргендіктен арада өзара махаббаттың, сүйіспеншіліктің артуына септігін тигізері хақ.

Біреумен ақылдасқанда жағдай толықтай баяндалуы тиіс. Болмаса теріс нәтиже шығуы әбден мүмкін. Мұны Хазірет Әбубәкір (р.а.): «Саған жол көрсетуді қалаған кісіден халіңді жасырма. Әйтпесе өзіңді алдайсың», - деп жеткізеді.

Ақыл сұралатын кісі де дереу үкім шығармауы қажет. Ақылдасуға келген кісіні тарапсыз өте мұқият тыңдап шығуы керек. Өзі дұрыс деп есептеген нәрсесін жасырмауы ләзім. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.)

өзінен ақыл сұрап келгендерге дұрыс бағыт бермегендерді: *«Кімде-кімге мұсылман бауыры келіп бір мәселе жайында ақылдасып, ол оған жаңылыс жолды көрсетсе оған қиянат еткен болып табылады»*, - деп ескертеді (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад №259).

Яғни ақыл сұралатын кісінің кез келген мәселе жайындағы біліктілігі жеткіліксіз. Оның бойында көркем ахлақ болуы керек. Сонымен қатар алуан түрлі рухани аурудан аман болуы қажет. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Ақыл сұралатын кісі, сенімді жан болуы ләзім»* (дұрысты жасырып, досына қиянат етпеуі керек), - дейді (Тирмизи, Әдеп 57/2822).

Ал Хазірет Омар (р.а.): «Істерің жайында Аллаһтан қорқатын жандармен ақылдасыңдар», - дейді (Ибн Әбу Шәйба, Мусаннаф VIII, 147).

Перғауынның ақылдасдастар мәжілісі пайдакүнемділік пен бүлікшіліктің соңынан жүретін кісілерден құралғандықтан ақылдасудың нәтижесінде Хазірет Мұсамен (а.с.) күресу шешімі қабылданған еді.[207] Бұл теріс шешім перғауынның мәңгі бақытсыз болуына септігін тигізді.

Жәрдем берсем пақыр болып қаламын деп қорқатын сараң, кейбір істерде адамның жігерін құртатын қорқақ, зұлымдыққа жаны құмар залым ақылдастар кеңесіне мүше болмауы қажет.

Құтадғу Білік атты еңбекте: «Ей, дос! Тек өзінің пайдасын ойлайтын жанмен ақылдаспа», - деген насихат кездеседі.

Сахабалар ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыздан (с.а.у.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Құран Кәрімнен яки сүннеттен шешімін таба алмаған мәселеге тап болсақ, не істейік, - деп сұраған болатын. Сонда ғаламның рақым нұры Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Ол жайлы фақиһтерден (шариғат мәселелерін терең білетіндер) және ғабитдерден (құлшылыққа берік жандар) сұраңдар. Олармен ақылдасыңдар. Ол мәселе жайында жеке пікірлеріңмен амал етпеңдер (іске асырмаңдар), - деп жауап берді (Хайсами I, 178).

Олай болса, һәм діни һәм дүниелік істерде лайықты кісілермен ақылдасу, ең дұрыс шешім екен бауырлар!

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Бәдір ғазауатына аттанбастан бұрын Мұһажирлермен және Ансармен ақылдасты. Соғысыуға шешім қабылданды. Мұжаһидтермен бірге Бәдірге ең жақын судың басына келгенде штабтың қай жерге орналасуы жайында Ансармен ақылдасты.

207. Шұғара сүресі, 35-37 аяттар.

Хубаб ибн Мунзир (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына жер штаб үшін қолайлы емес. Құрайыш руының аяқ тіреген жерге ең жақын судың басына түселік. Өзіміз түскен жердің суының соңында қалған барша құдықты жауып тастайық. Ол судың үстіне хауыз жасап, ішін суға толтырайық», - деді.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл ұсынысты қабыл етті (Ибн, Хишам II, 259-260; ибн Сағд II, 15).

***

Бәдір ғазауатында мұсылмандар жетпіс кісіні тұтқындаған еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бұл тұтқындарға қандай мәміле жасалатындығы жайлы сахабаларымен ақылдасты. Хазірет Әбубәкір (р.а.) құн алып, босатып жіберуді ұсынды. Ал Хазірет Омар (р.а.) тұтқындардың өлтірілуін ұсынды. Мәжілісте олардан құн алып, босатып жіберуге шешім қабылданды (Мүслим, Жиһад 58; Тирмизи, Сияр 18/1567; Ахмед I, 30-31, 383-384; Уақиди I, 107; ибн Сағд II, 22).

***

Ұхуд ғазауатында да Аллаһ Елшісі (с.а.у.) алдын ала сахабаларымен ақылдасқан болатын. Өзі қаладан шықпай, соғысуды артық көрген еді. Бірақ Бәдір ғазауатына қатыспаған жастар мен Хазірет Хамза (р.а.) секілді батыл жігіттер, бұрын қол жеткізе алмаған сауаптарға, игілікке қол жеткізу ниетімен қала сыртында соғысуды ұсынды. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл ұсынысты қабыл етті (Ибн Хишам III, 6-7).

Сонымен қатар Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Хандақ соғысында ор қазғанда, Тайыф қоршауын бұзғанда, Тәбуктан қайтқанда тағы да басқа көптеген мәселеде сахабаларымен ақылдасқан еді.

***

Худайбия бейбіт келісім-шарты жасалғаннан кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына: «Қане, құрбандарыңды сойып, шаштарыңды алыңдар», - деген еді. Қағбаны тауап ете алмағандықтан мұңға батқан сахабалардың ешқайсысы бұл бұйрықты орындау үшін орнынан тұрмады. Олар сырын біле алмаған бір мәселенің тұманында қалып қойды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұйрығын үш мәрте қайталады. Сонда да ешкім тырп етпеді.

Бұл Пайғамбардың бұйрығына қарсы шыққандық емес. Қағбаны тауаф ете алмаған сағыныштан туған, жүректі тілімдеген сезім немесе енді жасалған келісім-шарттың бұзылуын күткен қас-қағым сәт еді. Әлде жағдайды өзгертетін уахидің түсуін күту болатын. Әйтпесе барлығы бір күн бұрын: «Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) ойында қандай мұраты бар

болса, оны орындауға биғат етемін (келісемін, мойындаймын)», - деп пайғамбарға бағыну антын жасасқан еді.

Сахабаларының қарекетсіз отырғандарын көріп Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қатты қайғырды. Мұңының қалың бұлты сейілмей, әйелі Умму Саламаның (р.а.) шатырына кірді. Болған уақиғаны қадірлі анамызға айтып берді. Анамыз Пайғамбарымызды: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз сахабаларыңызға ләм-мим деместен, құрбаныңызды шалыңыз. Шашыңызды алдырыңыз. Міне осы сәтте олар қандай мұңға батса да сіздің соңыңыздан ереді. Оларды кешіріңіз», - деп жұбатты.

Ақылдасудан кейін шатырдан шыққан Аллаһ Елшісі (с.а.у.) солайша әрекет етті. Мұны көрген сахабалар келісім-шарттың бұзылмайтындығын аңғарды. Барлығы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) істегенін істеді. Құрбандарын шалып, шаштарын алдыртты. Бұл уақиғаны өз көзімен көрген Умму Салама (р.а.): «Мұсылмандардың құрбандарына ерекше құлшыныспен жүгіргендігі соншалық, бір-бірін езіп кете ме деп қорықтым», - дейді (Бұхари, Шурут 15; Ахмед IV, 326, 331; Уақиди II, 613).

***

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде ғибрат алуымыз үшін ақылдасуға мынадай мысал көрсетеді.

Хазірет Сүлеймен пайғамбардың хаты қолына тиген Сәба патшайымы былай дейді:

«Уа, ұлықтар! Маған қадірлі бір хат келді. Хат Сүлейменнен. (Әрі хат) «Аса рақымды, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен (бастаймын деп басталыпты). Маған қарсы шықпаңдар! Мойынсұнған кейіпте құзырыма келіңдер! (делінген екен хатта).

Уа, ұлықтар! Бұл іс жайында маған пәтуа беріңдер! Мен ешбір істі, сендермен ақылдаспастан іске асырмаған едім».

Олар: «Біз күшті, әрі мықты жауынгерлерміз. (Бұл) істің шешімі саған қалсын. Қандай бұйрық беретініңді, сен жақсылап ойлан!» - десті.

Патшайым: «Шүбәсіз, кез келген патша бөгде мемлекетке басып кіргенде, бұзақылық жасап, елдің қадірлі кісілерін қор қылады. (Иә), олар солай етеді. (Бұл патша да осылай істейтін шығар). Мен оларға елшілер арқылы сыйлық тарту етіп, елшілердің қандай хабар алып келетіндігін күтемін», - дейді (Нәміл сүресі, 29-35 аяттар).

Нәтижесінде Сәба патшайымы Сүлейменге (а.с.) бағынып, иман нұрына бөленеді.

***

Хазірет Омар (р.а.) қоғамға қатысты мәселелерге қарар берместен бұрын мұсылмандармен ақылдасатын. Арасында жасы, кәрісі бар барша ғалым (Құрра) Хазірет Омардың (р.а.) ақылдасу мәжілісіне келетұғын (Бұхари, Тәпсір 7/5, 110/4, Иғтисам 2).

Хазірет Омар (р.а.): «Ақылдаспастан жүзеге асқан істер табысты болмайды», - деуші еді. Оның ақылдасқанда қолданатын әдісі мынадай болатын.

Алдымен мәселені қолы жеткен мұсылмандардың көпшілігімен ақылдасатын. Артынша Құрайыш руы кісілерінің пікірін сұрайтын. Ең соңында сахабалардың мәселе жайында пікір білдірулерін өтінетін. Осылайша ең дұрыс шешімді қабылдайтын.

Сонымен қатар ол қиын бір мәселеге тап болғанда, тіпті балалармен және жастармен ақылдасатындығы, олардың өткірлігін пайдаланғандығы деректерде көптеп кездеседі (Бәйһақи, әс-Сунанул-Кубра X, 113).

***

Омар ибн Абдулазиз халифа болып тағайындалғанда өзіне әрдайым ақиқат пен жақсылықты насихат ететін «ақылдастар кеңесін» құрған еді. Олар халифаға насихат айтып, қауіптен сақтандырып қателік жасауына жол бермейтін (Бәйһақи, әс-Сунанул-Кубра X, 110).

Осман империясының сұлтандары да дін ғалымдарымен, жақын адамдарымен ақылдаспастан шешім қабылдамайтын.

Мысалы, Шалдыран жорығына аттануды қалаған Явуз Сұлтан Сәлім хан сол шақтың ең ұлы ғалымдарының бірі ибн Камал Пашадан пәтуа алу үшін үш күн күткен болатын.

***

Ұзын сөздің қысқасы ақылдасу маңыздылығы ерекше Ислами негіз әрі сүннет болып табылады. Кез келген істі біле бермейтін, қандай да бір мәселеде дұрыс шешім қабылдай алмайтын адамзат баласы жаратылысынан ақылдасуға мұқтаж. Ақылдасу адамның қателікке түсуіне жол бермейді. Бармақ шайнап, пұшайман болудан сақтайды. Хазірет Сүлейменнің (а.с.) ұлына айтқан өсиеттерінің бірінде: «Балам! Маман бір кісімен (ұстазбен) ақылдаспастан ешқандай іс жайында шешім қабылдама. Егер осылай істесең қайғы-қасіреттен аулақ боласың», - деген еді. (Бәйһақи, әс-Сунанул-Кубра X, 110).

Әрбір ісін ақылдасып істеген кісі, көңілі тыншып ісін нәтижелі атқарады. Сенімді қадамдар жасайды. Ақылдасу арқылы жасалған істерде үлкен береке болатыны сөзсіз.

8. ОРТА ЖОЛДЫ ҰСТАНУ

Ислам діні, діни және дүниелік істерде шектен шықпай орта жолды ұстануға шақырады. Кез келген нәрсені дұрыс істеуді насихат етеді. Өйткені ислам дінінің мақсаты, адамзат баласына көңіл тыныштығын және рухани кемелденуді ұсынып, жақсы ғұмыр кешуіне мүмкіндік таныту болып табылады.

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Осылайша сендерді** (шектен шығу мен кемшілік атаулыдан арылған**) орташа үмбет еттік!»** (Бақара сүресі, 143-аят).

Орта жолды ұстану дегеніміз, кез келген нәрсенің бұзылмай сақталуын қамтамасыз ететін тепе-теңдікті ұстап тұру дегенге саяды. Ұлық Раббымыз барша ғаламды керемет тепе-теңдік ішінде жаратты. Құран Кәрімдегі әмірлер сол тепе-теңдікті ұстап тұруға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан өмірде орта жолды ұстанудың ең дұрыс әдісі Аллаһ Тағаланың әмірлеріне мойынсұну болып табылады. Аллаһ Тағала негізін қалаған қағидалар бұзылған күнде ғұмыр кешу қағидасы машақатқа айналып бассыздық кең етек алады.

Бұған Құран Кәрімдегі мына аят айғақ бола алады:

«Ол аспанды көтеріп, тепе-теңдік орнатты. Олай болса, шектен шығып тепе-теңдікті бұзбаңдар!» (Рахман сүресі, 7-8 аяттар).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадистерінде былай дейді:

«Істердің ең қайырлысы, орта жолдан шықпағаны» (Бәйһақи, Шұғабул-Иман V, 261).

«Орта жолды ұстаныңдар! Амалдарыңды кемелдендіруге, Аллаһқа жақын болуға күш салыңдар! Таңертең және түс пен ақшамның арасында жұмыс істеңдер! Түннің бір бөлігінен де пайдаланыңдар![208] *Алдарыңа мақсатқа жету үшін, асығып-аптықпаңдар!»* (Бұхари, Риқақ 18).

«Орта жолды ұстану, асығып-аптықпау, хал мен жүрісте шектен шықпау, пайғамбарлықтың жиырма төрт бөлігінің бір бөлігі» (Әбу Дәуіт, Әдеп 2/4776; Тирмизи, Бирр 66/2010; Муатта, Шағар 17).

Жоғарыда айтылған аят пен хадистерден діни және дүниелік істерде шектен шықпау деген мағына шығады. Аллаһ және Оның Елшісі негізін қалаған қағидалар өмірде жүзеге асып жатса, қоғамда тыныштықтың орнайтыны сөзсіз. Өйткені кез келген нәрсенің өміршеңдігін орта жолды ұстану қамтамасыз етеді. Бұл жайлы Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Сөз бен іс-әрекеттерінде шектен шыққандар құрып кетті» (Мүслим, Білім 7).

208. Бұл жерде Мекке мен Мәдинаның климатына сәйкес жұмыс істеуді меңзеп отыр.

Кез келген мұсылман құлшылықтың өзінде де шектен шықпауы қажет. Төмендегі мына хадис шәріптер соған дәлел бола алады:

«Парыз болмаған амалдарды шамаларың жеткенше істеңдер! Өйткені амалдардың ең қайырлысы, аз болса да үзілмей жалғасқаны» (Ибн Мәжә, Зүһд 28).

«Араларыңнан кімде-кім адамдарға (имам болып) намаз оқытса, қысқа оқысын! Өйткені олардың арасында халі нашар, ауру, жасы ұлғайған жандар бар. Өз басына намаз оқығанда, қалағынанша ұзартсын!».

«Сендердің араларыңдағы (Аллаһтан) ең қатты қорқатын, әрі тақуасы менмін. Мен кейде ораза ұстаймын. Бағзы уақытта нәпіл намаз оқимын. Ал кей кезде оқымаймын. Демаламын! (Сонымен қатар) әйелдерге үйленемін» (Бұхари, Неке 1; Мүслим, Неке 5).

Яғни, ислам дінінде монах секілді әрекет жоқ. Адам рухының рухани азыққа мұқтаж болғаны тәрізді, тәнінің де біршама мұқтаждықтары болады. Бұл мұқтаждықтар қамтамасыз етілмеген жағдайда тепе-теңдік бұзылып өмір сүру салты қиындай түседі.

Аллаһ Тағала инфақта да орта жолдан таймауды әмір етеді:

«Сараң да болма, қолы мүлдем ашық жан да болма! (Өйткені елдің) **табалауына тап болып, қасірет шегесің!»** (Исра сүресі, 29-аят).

«(Сонымен қатар олар) **дүние-мүлік сарп еткенде, ысырапшылдыққа жол бермейді. Әрі сараңдық танытпайды. Осы екеуінің арасындағы** (орта жолды) **ұстанады»** (Фұрқан сүресі, 67-аят).

Жомарттық пен садақа істерінде ысырапшылыққа түсу яки сараңдық таныту мұсылман баласын Аллаһтың қаһарына іліктіреді. Ысырапшылық, қажеттіліктен тыс жұмсау, ал сараңдық игілікті тек өз басына ғана тілеу деген мағынаға саяды. Аллаһ Тағала осы екі жағымсыз қасиеттен арылып, жомарт болуға үндейді.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«(Елшім!) **олар сенен** (Аллаһ жолында) **нені инфақ ететіндіктерін сұрайды. Сен: «**(Қажеттіліктен) **артығын инфақ етіңдер!» - деп айт!»** (Бақара сүресі, 219-аят).

Инфақ мәселесінде шектен шығу, пақырлық кебін киюге, бала-шағаны аш-жалаңаш қалдыруға жол ашатындықтан дұрыс әрекет деп бағаланбайды. Өйткені, бір қиыншылыққа тап болып, мұқтаждықтың дәмін татқан кісі қайтып инфаққа беттемеуі әбден мүмкін.

Бағзы сахабалар кейде қатты тебіреніске түсіп, күллі дүние-мүлкін инфақ етуді қалайтын. Алайда Пайғамбарымыз (с.а.у.) инфақ етуге ниеттенген кісінің материалдық жағдайына немесе рухани деңгейіне қарай

кей шақта дүние-мүлкінің жартысын, ал кей сәтте үште бірін, тіпті кей уақытта тек бір бөлігін қабыл алатын. Өзі және Хазірет Әбубәкір (р.а.) бұлардың қатарына кірмейтін.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) кейде бір күннің ішінде өз пайына түскен олжадан байып қалатын. Бірақ қолына тиген дүние-мүліктің бір бөлігін негізгі мұқтаждықтарын өтеуге жұмсайтын. Ал қалып қойған үлкен едәуір бөлігін түгелдей инфақ ететін. Өзінің мұқтаждығынан артық дүниені жаратпайынша жаны тынышталмайтын.

Хазірет Әбубәкір (р.а.) қандай да бір жағдай болып, қаражат мұқтаждығы туып жатса күллі дүние-мүлкін арқалап Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келетұғын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларының арасынан тек оның дүние-мүлкін толығымен қабыл ететін. Өйткені ол басына іс туса да, инфақ еткен дүниесіне пұшайман болмайтын.

Иә, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) яки Хазірет Әбубәкірдің жөні бөлек. Ал олардан басқа барша мұсылман баласы орта жолды ұстануы қажет. Өйткені басты мақсат, ниеттегі шын пейілділік пен ықылас болып табылады. Бұған төмендегі мына хадис айғақ бола алады.

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маңайындағы сабаларға қарап: *«Орта жолды ұстаныңдар! Туралықтан таймаңдар! Біліп қойыңдар! Ешбірің амалының саясында құтылмайды!»* - деді. Маңайындағы сахабалар: «Сенде құтылмайсың ба?» - деп таңданыстарын жасыра алмады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«(Иә), мен де құтылмаймын. Тек Аллаһ мейірімі мен рақымдылығына бөлеп жатса, әңгіме басқа!»* - деп жауап берді (Мүслим, Мұнафиқун 76, 78; Бұхари, Риқақ 18, Марда 19).

Құлшылықта енжарлық, жалқаулық таныту кісіні ақыретте үлкен өкінішке душар етеді. Ал құлшылықта шектен тыс әрекет етуден жалығушылық, қателік туады. Содан соң Аллаһтың әмірлерін толықтай атқаруға кедергі болады. Сол себепті орта жолды ұстану қажет.

Өздеріңіз көріп отырғандай құлшылықтың өзінде шектен шығуға рұқсат берілмейді екен. Міне осының өзі өзге іс-әрекеттерде орта жолды ұстанудың дұрыс екендігін көрсетеді. Сондықтан ішіп-жеу, киім-кешек кию тәрізді материалдық қажеттіліктердің өзінде орта жолдан шықпау қажет.

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Жеңдер, ішіңдер! Бірақ ысырапшылдыққа жол бермеңдер!** (Өйткені) **Ол** (Аллаһ) **ысырапшылдыққа жол бергендерді сүймейді»** (Ағраф сүресі, 31-аят).

Өйткені ішіп-жеу де, киіну де орта жолдан таю, денсаулыққа, дүние-мүлікке зарарын тигізері сөзсіз.

Сонымен қатар адамдармен жасалар мәміледе кездесетін махаббат

және жек көру іспетті сезімдерде орта жолды ұстанудың тигізер пайдасы мол.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді: *«Досыңды сүйсең, мөлшерлі сүй! Өйткені күндердің күнінде дұшпаның болып шығуы мүмкін. Дұшпаныңды мөлшерлі жек көр! Өйткені күндердің күнінде досың болуы мүмкін»* (Тирмизи, Бирр 60/1997).

Ұзын сөздің қысқасы, мұсылман баласы сөзінде, іс-әрекетінде орта жолды ұстануы ләзім.

Асығып-аптықтау Аллаһ Тағала жақсы көретін қасиеттердің бірі болып табылады. Яғни кез келген істі іске асырғанда асықпай, алды-артын ойлау керек. Бұл қасиет қателікке ұрынудан сақтайды.

Ислам діні асығып-аптықпауға үлкен мән береді. Өйткені істің басында болмашы болып көрінген нәрселер, үлкен қайшылықтарға себеп болуы әбден мүмкін. Хазірет Мәулананың «Мәжалисус-сабға» атты еңбегінде келтірген төмендегі мына мысалы нендей өнгелі:

«Дәнді көрген құс бейшара, құрылған тозақ жоқ па деп жан-жағына жүз мәрте қарайды. Құс әрдайым теріс нәрселерді ойлағандықтан, оның бойындағы жан қайғысы, жем қайғысынан артық болады».

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бойында асығып-аптықпау қасиеті бар сахабасын былай деп мақтайды:

«Сенің бойыңда Аллаһ сүйетін екі қасиет бар:

1. Момындық. Жұмсақ мінезділік.

2. Асығып-аптықпау. Асықпай әрекет ету» (Мүслим, Иман 25, 26; Әбу Дәуіт, Әдеп 149; Тирмизи, Бирр 66/2011).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа хадисінде: «Асығып-аптықпау Аллаһ Тағаладан, ал асығу шайтаннан», - дейді.

Хазірет Әбубәкірдің Худайбия келісім-шарты жайындағы төмендегі мына сөздері осы хадистің мағынасын аша түседі.

«Ислам (тарихында) Хұдайбия бейбіт келісім-шартынан артық «фатх» (жеңіс) болған емес. Алайда адамдар, болашақты ойлай алмағандықтан осы келісім-шартқа әуелде қарсы шыққан болатын. Адамдар, Аллаһ Тағала мен Пайғамбардың арасындағы істердің тез арада бітуіне асығады. Ал Аллаһ Тағала олар секілді асықпайды. Кез келген істі мерзімі келген шақта жүзеге асырады» (Уақиди II, 610; Халаби II, 721).

Сонымен қатар, игі іс екендігінде шүбә болмаған істерді жүзеге асыруға асығу қажет. Бұл, игі іс екен деп, асығып-аптығып қалай болса солай тәмамдауға емес, тезірек шешім қабылдау маңызды.

Аллаһ Тағала былай дейді: **«Араларындағы кез-келген жанның біріне**

өлім келіп: «Уа, Раббым! Менің өлімімді азғана уақыт кешіктірсең, садақа беріп, ізгі жандардың қатарына кірер едім!» - деп айтпастан бұрын, өздеріңе нәсіп еткен ырыздықтан сарп етіңдер!» (Мұнафиқун сүресі, 10-аят).

Бұл жайлы Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Асығып-аптықпау, ақыретке қатысты амалдардан өзге күллі істе қайырлы»*, - дейді (Әбу Дәуіт, Әдеп 11/4810).

Әйгілі ғұлама қазы Ғияд: «Ақыретке қатысты амалдарда, сылбырлық таныту дұрыс әрекет емес. Аллаһқа жақындау әрі пейіштегі дәрежені көтеру үшін ақыретке қатысты амалдарда тез шешім қабылдауға жігер танытатын жан болу қажет», - дейді.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Игі істерді істеуде бір-біріңмен жарысыңдар!» (Бақара сүресі, 148-аят).

«(Өйткені) **олар игі істерді істеуге асығатын.** (Азабымыздан) **қорқып, мейірімімізден үміттеніп бізге шын ықыластарымен дұға етіп жалбарынатын»** (Әнбия сүресі, 90-аят).

Ал ұлы тұлғалар: «Асығыстықпен жүзеге асырылған істің соңы жақсы болмайды. Асығып-аптығып ішіп-жеген астан көптеген ауру тарайды. Сондықтан әрдайым байсалдылықты, аптықпауды өзіңе серік ет. Бірақ құлшылыққа келгенде тез әрекет ет», - дейді.

Сонымен қатар қарызды өтеу, жаназаны жерлеу, кәмелетке толған балаларды үйлендіру іспетті істерде асығуға өсиет етілген.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Хазірет Айшадан (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қандай да бір күнге маңыздылық танытушы ма еді?» - деп сұралды.

Қадірлі анамыз (р.а.): «Жоқ. Аллаһ Елшісінің амалы тоқтамай себелеп жауып тұратын жауын секілді еді. Қайсыңның Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) істеген ісіне шамаң жетеді?» - деп жауап берді (Бұхари, Саум 64, Риқақ 18; Мүслим, Мусафирун 217).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) құлшылықта шектен шықпай орта жолды ұстанатын. Бірақ оның құлшылықтары үзілмейтін. Ол аз да болса, үзілмейтін амалдың артық, қайырлы екендігін әрдайым айтатын.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) арапа күні (Арафаттан Муздалифаға) қайтып келе жатқан болатын. Арт жақтан бағзы біреулердің (асығып) айқайлап түйелерін қамшылап жатқандығын, түйелердің бақырған дауысын естіді.

Оларға қамшымен ишарат етіп: «Уа, адамдар! Асықпаңдар. Асығыстықпен сауап алынбайды», - деді (Бұхари, Қажылық 94; Мүслим, Қажылық 268).

***

Абдулла ибн Амр (р.а.) былай деп хикая етеді:

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) менің: «Аллаһқа ант етейін, жаным кеудемде тұрғанда, барша ғұмырымда күндізімді ораза ұстаумен, түнімді ұйықтамай құлшылық етумен өткіземін», - деп айтқанымды естіпті. Маған жолығып:

– *Бұларды айтқан сенбісің?* - деп сұрады. Мен:

– Әке-шешем жолыңа құрбан болсын уа, Аллаһтың Елшісі! Иә, мен осылай деп айтқан едім, - деп жауап бердім. Ол:

– *Сенің бұған шамаң жетпейді. Сен һәм ораза ұста, һәм ауыз аш. Әрі көз шырымыңды ал. Әрі құлшылық ет. Шүбәсіз сенде денеңнің алар ақысы бар. Екі көзіңнің ақысы бар. Әйеліңнің ақысы бар. Сені көруге келгендердің ақысы бар. Балаларыңның да сенен алар ақысы бар. Әрбір айда үш күн ораза ұста. Өйткені әрбір жақсылыққа он есе сауап беріледі. Ал бұл барша уақытыңды ораза ұстаумен өткізгенмен тең,* - деді. Мен оған:

– Мұнан да көбін жасауға шамам жетеді, - дедім. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– *Олай болса бір күн ораза ұстап, екі күн ораза ұстама,* - деді. Мен:

– Бұдан артық жасауға шамам жетеді, - дедім. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– *Олай болса, бір күн ораза ұстап, екінші күні ұстама. Бұл Дәуіттің (а.с.) оразасы. Оразаның ең жақсысы әрі игісі. Аллаһтың жақсы көретін намазы Дәуіттің (а.с.) намазы. Дәуіт (а.с.) түннің жартысын ұйықтаумен өткізетін. Үштен бір бөлігінде намаз оқу үшін ұйқысынан оянып, алтыда бір бөлігінде қайта ұйықтайтын. Бір күн ораза ұстап, екінші күні ораза ұстамайтын. Дұшпанмен кездескенде қашпайтын,* - деді. Мен оған:

– Мұнан артығына шамам жетеді, - дедім. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– *Мұнан игісі, артығы жоқ,* - деді. Артынша ол: – *Барша уақытын оразамен өткізгеннің оразасы қабыл болмайды,* - деп бұл сөзін үш мәрте қайталады.

Ал Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) өсиет еткен әрбір айда үш күн ораза ұстауды қабыл етсем, маған дүниедегі барша нәрседен жанұямнан және дүние-мүлкімнен қайырлы, игі болады екен. Мұны білмеппін.

Кейін Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған қарап:

– *Қалай хатым түсіресің,* - деп сұрады. Мен:

– Әр түні хатым түсіремін, - деп жауап бердім. Ол маған:

– *Айына бір хатым түсір,* - деді. Мен оған:

– Мұнан артығына шамам жетеді, - дедім. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– *Олай болса, жиырма күнде бір хатым түсір,* - деді. Мен оған:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Бұдан артық жасауға күшім жетеді, - дедім. Ол маған:

– *Олай болса, он күнде бір хатым түсір,* - деді. Мен қайтадан:

– Мұнан артығына шамам жетеді, - дедім. Ол маған қарап:

– *Олай болса, жеті күнде бір хатым түсір. Мұнан жоғары шықпа,* - деді.

Сөйтсем мен арттырған сайын, залалы өзімен тиеді екен. Пайғамбарымыз (с.а.у.) маған: *«Сөз жоқ, сен мұны білмейсің. Бәлки ғұмырың ұзақ болар»,* - деді. Расында да айтқаны тура келді. Қартайғанымда Аллаһ Елшісінің айтқанын неге қабыл етпедім деп өкіндім».

Абдулла ибн Амр жасы ұлғайып қартайған шағында: «Әттең Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) рұқсатын (айтқан өсиетін) қабыл етсемші», - деуші еді. Түнде оқитын Құран Кәрімнің жетіден бір бөлігін күндіз жанұя мүшелерінің біріне оқып беретін. Күш-қуатын жинап алу үшін бірнеше күн ораза ұстамайтын. Кейін ораза ұстамаған күндерін санап, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) берген сөзінде тұру үшін тұтпаған күндерінің қазасын өтейтін (Бұхари, Саум 55, 56, 57, Тәһажжуд 7, Әнбия 37, Неке 89; Мүслим, Сиям 181-193).

Демек құлшылықтарымызды көңіліміз жай табуы үшін Аллаһ Тағаланың нәсіп еткен жан саулығы мен тән саулығын өз орнымен қолдануымыз қажет.

Құл, күш-қуаты бар шағында нәпіл құлшылығын тұрақты түрде жасаса, сапардың қиын сәттерінде, сырқаттанғанда яки жасы ұлғайып шамасы жетпей қалғанда ұлы Раббымыз сол нәпіл құлшылықтың сауабын оған береді. Мұндай мағынаны мүфассирлер төмендегі мына аяттан шығарған.

«Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендердің (жөні бөлек)**. Оларға үзілмес, таусылмас сый бар»** (Тин сүресі, 6-аят).

Аллаһ Елшісі де (с.а.у.) бұл жайлы хадистерінде былай дейді:

«Құл, сапарға шықса яки сырқаттанып қалса, Аллаһ оған мұқим (тұрақтылықты) кезінде және дені сау шақтағы жасаған амалдарының сауабын береді» (Бұхари, Жиһад 134; Ахмед IV, 410, 418).

«Түнде намаз оқуды дағдыға айналдырған жан, ұйықтап қалып, тәһажжуд намазын оқымаса, Аллаһ оған тәһажжуд намазының сауабын жазады. Ұйықтауы да өзі үшін садақа» (Муатта, Салатул-ләйл 1).

Бір күні сахабалардың бәз біреулері қадірлі аналарымызға келіп, Аллаһ Елшісінің құлшылығын сұрастырады. Олар өз көрген-білгендері бойынша жеткізеді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) орта жолдан (шектен) шықпай жасаған құлшылығын аз көрген бұл сахабалар:

– Аллаһ Елшісі қайда? Біз қайда? Оның барша күнәсы кешірілген ғой, - деседі. Араларындағы біреу:

– Мен өмірімнің соңына дейін, түнді намаз оқумен өткіземін, - дейді. Екіншісі:

– Мен де ғұмырымның соңына дейін ораза ұстаймын. Оразасыз күн өткізбеймін, - дейді. Үшінші сахаба:

– Мен де кеудемде жаным барда, әйелдерден аулақ тұрамын. Үйленбей өтемін, - деп уәде береді. Біраз уақыт өткеннен кейін, Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларға келіп былай дейді:

«Осылай, осылай деген сендер ме? Сендерге ескертіп қояйын! Аллаһқа ант етейін араларыңдағы Аллаһтан ең қатты қорқатын, әрі оған ең үлкен құрмет көрсететін менмін! Бірақ мен кейде ораза ұстаймын. Кейде ұстамаймын. Түнде һәм намаз оқып, һәм ұйықтаймын. Әйелдерге де үйленемін. Менің сүннетімнен бас тартқан жан, менен емес» (Бұхари, Неке 1).

***

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына қиямет жайлы әңгімелейді. Олар қатты әсерленіп, көз жасына ерік береді. Артынша араларынан он кісі Осман ибн Мағзұнның үйіне жиналады. Олардың арасында Хазірет Әбубәкір (р.а.) және Хазірет Әли (р.а.) бар болатын. Өзара мәжіліс құрып, нәтижесінде бұдан былай дүниеден безуге, өз-өздерін піштіруге, күндізді оразамен, түнді құлшылықпен өткізуге, ет жемеуге, әйелдермен қарым-қатынасты азайтуға, хош иісті әтір қолданбауға, жер-жүзінде саяхат жасамауға шешім қабылдайды.

Бұл шешім, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) жетеді. Дереу Осман ибн Мағзұнның үйіне бет алады. Бірақ оны үйінен таба алмайды. Әйеліне, Осман мен жолдастары маған келіп-кетсін деген уәж айтады. Біраз уақыт өткеннен кейін олар, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) олардың қабылдаған әрбір шешімдеріне жеке-жеке тоқталып: «Бұл мәселелер жайында бір ауыздан келістіңдер ғой! Солай емес пе?» - деп сұрайды.

Олар: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Солай! Мұндай шешімге келгендегі мақсатымыз тек игілік», - десті. Олардың сөзіне құлақ асып тыңдаған Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді:

«Шынын айтқанда (Аллаһ бұларды) маған әмір етпеді. (Оған қоса)

нәпсілеріңнің сендерден алар ақысы бар. Кейде ораза ұстаңдар! Кейде ұстамаңдар! Түнде һәм құлшылық етіңдер, һәм ұйықтаңдар! Мен құлшылық та жасаймын, ұйықтаймын да. Кейде ораза ұстайтын күндерім болады. Тіпті ұстамайтын күндерім де болады. Ет жегенім секілді, әйелдеріммен де бірге боламын. Кімде-кім менің сүннетімнен бас тартса, менен емес!»

Кейін сахабаларын жинап, былай дейді:

«Біреулерге не көрінген? Олар әйелдерімен бірге болуды, ішіп-жеуді, хош иісті әтірді қолдануды, ұйықтауды, әрі рұқсат етілген дүние қызықтарын өздеріне харам етеді. Мен сендерге монах болуды әмір етпеймін! Менің дінімде ет жемеу, әйелдерден ұзақтау болмағаны тәрізді, дүниеден безіп монастырға қамалу да жоқ. Үмбетімнің саяхаты ораза, монахтығы (тақуалығы) жиһад (болып табылады). Аллаһқа құлшылық етіңдер! Оған серік қоспаңдар! Үлкен қажылық пен кіші қажылықты жасаңдар! Намаздарыңды оқыңдар! Зекеттеріңді беріңдер! Сендер туралықтан таймасаңдар, өзгелер де туралықтан таймайды. Сендер бұрын өмір сүріп кеткен қауымдар, шектен шыққандықтан құрып кетті. Дінді қиындатып жібергендіктен, Аллаһ Тағала да оларға дінді қиындатып жіберді. Бүгінгі шіркеу мен монастырларда жүргендер солдардың қалдығы».

Осы уақиғадан кейін төмендегі мына аят түседі:

«Уа, иман келтіргендер! Аллаһтың сендерге адал етіп берген жақсы нәрселерді өздеріңе арам етпеңдер! Әрі шектен шықпаңдар! (Өйткені) **Аллаһ Тағала шектен шыққандарды сүймейді»** (Мәйда сүресі, 87-аят); (Уақиди 207-208 бет. Әли, әл-Қари, әл-Мирқат I, 182-183).

***

Айша (р.а.) анамыз былай деп әңгімелейді:

«Бір әйелмен бірге отырған едім. Кенет Пайғамбарымыз (с.а.у.) кіріп келді. Маған қарап:

– Мына әйел кім? - деп сұрады. Мен:

– Бұл пәленше деген әйел, - деп жауап бердім. Артынша оған оның көп намаз оқитындығын айттым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Мұны айтпай-ақ қой. Шамаларыңа қарай, құлшылық етсеңдер сендерге жеткілікті. Аллаһқа ант етейін, сендер жалықпасаңдар Аллаһ жалықпайды, - деді (Бұхари, Иман 32).

***

Абдулла ибн Аббас (р.а.) былай деп сөз өрбітеді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) адамдармен сөйлесіп тұрған еді. Бірден түрегеп тұрған бір кісі көзіне түсті. Оның кім екендігін сұрады. Сахабалар: «Ол

Әбу Исрайыл. Күннің астында тұруды, отырмауды, көлеңкелемеуді, ешкіммен сөйлеспеуді және әрдайым ораза ұстауды өзіне нәзір етті», - деп жауап берді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Оған барып айтыңдар: «Адамдармен сөйлессін, көлеңкелесін, отырсын және оразасын жалғастырсын», - деді (Бұхари, Айман 31; Әбу Дәуіт, Айман 19).

Міне, құлшылық та, риязат та қысқасы барлық уақытта шектен шықпай орта жолды ұстану керек екен.

***

Ибн Аббас (р.а.) мұқияттылыққа мысал болатын төмендегі мына оқиғаны былай деп әңгімелейді:

«Бір тышқан шамның пілтесін Аллаһ Елшісінің алдына, үстінде отырған «хасырдан» тоқылған көрпеге тастап кетті. Шамның пілтесі бір дирһамның көлеміндей жерді күйдірді. Әрдайым жинақылық пен мұқияттылыққа үлкен көңіл бөлген Пайғамбарымыз мұны көріп: «Ұйықтайтын шақтарыңда шамды өшіріп жатыңдар! Өйткені шайтан, мына секілділерге жол көрсетіп, сендерді өртеп жібереді», - деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 160-161/5247).

***

Мүминдердің анасы Сафия бинти Хуай (р.а.) асығып-аптықпау мен мұқияттылық жайында Аллаһ Елшісінің бойынан көрген оқиғасын былай деп нақыл етеді.

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) иғтикафқа кірген болатын. Бір күні түнде оған кіріп шықтым. Кейін үйге қайтуға жиналғанымда, ол мені шығарып салмақшы болып мешіттен шықты. Сол сәтте ансарлық екі кісі тұсымыздан өтті. Аллаһ Елшісін (с.а.у.) жанұясымен бірге келе жатқандығын байқап қалып, тұсымыздан шапшаң өте бастады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оларға қарап: «Асықпаңдар! Жанымдағы Сафия бинти Хуай», - деді.

Олар: «Аллаһ Елшісінің теріс әрекет жасауынан Аллаһты пәктейміз», - десті.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Шайтан, адамның денесінде қанның айналғаны секілді айналады. Оның жүректеріңе жамандық яки күмән ұялатуынан мазасыздандым», - деді (Бұхари, Иғтикаф 11; Мүслим, Сәлем 23-25).

***

Әрдайым жинақы әрі мұқиятты болуды өсиет еткен Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадистерінде үмбетіне мынадай ескертулер жасайды:

«Араларыңдағы кез келген жан, дін бауырына қарумен ишарат етпесін!

Өйткені ол парқында болмайды. Бәлки шайтан қаруды қолынан шығарып жіберіп, соның кесірінен тозақтың бір шұңқырына түсіп кетер» (Бұхари, Фитан 7; Мүслим, Бирр 126).

«Біреу бауырына темірмен ишарат етсе, оны қолынан тастағанша періштелер оған лағнет оқиды. Тіпті ата-ана бір бауырына болса да».

«Оқшантайында оқ болып, мешіттерімізге яки базарларымызға соққан кісі, мұсылмандардың кез келген біріне залалын тигізбеу үшін, оғының ұшындағы темірді қолымен көлегейлеп жүрсін!»

Жабир (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қынынан шыққан қылышты қолдан қолға беруге тыйым салды», - дейді (Әбу Дәуіт, Жиһад 66; Тирмизи, Фитан 5).

Жолдасына қарай қару бағыттау, қару арқылы әзілдесудің зияны барша жанға аян. Пайғамбарымыз (с.а.у.) мұндай жағымсыз әрекеттердің барлығына тыйым салған. Қандай да бір дұшпан қатері болмаса, мейрам күндері, базарларда, көпшілік мол болатын жерлерде қару тасуды тыйған. Қаруы болған күннің өзінде ешкімге зарары тимейтіндей етіп ұстап жүруді әмір етеді.

***

Әбу Саламаның дегеніне сүйенсек Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сахабалары әрдайым орта жолды ұстанатын. Шектен шықпайтын. Сұхбат мәжілістерінде орайы келіп жатса өлең оқитын. Жаһилия дәуіріндегі естеліктерін айтысып отыратын (Ибн Әбу Шайба, әл-Мусаннаф V, 278).

Әбубәкір әс-Сақафидің айтқанына құлақ ассақ, олар яғни, сахабалар біраз Құран Кәрім оқитын. Біраз өлең оқитын.[209]

Ибн Аббас (р.а.) шәкірттерімен бірге отырғанда, бір хадис-шәріп нақыл еткеннен кейін: «Тәбетімізді ашыңдар! Яғни әзіл әңгіме айтыңдар! Өлең оқыңдар! (Өйткені) рух, тәннің шаршағаны секілді шаршайды», - деуші еді. Артынша арабтардың мысалдарын хикая ететін. Кейін дәріске қайта айналып соғатын. Қажеттілік туындап жатса, бұл әрекетін бірнеше мәрте қайталайтын.

***

Амр ибн Ас (р.а.) Мысырға уәли болып тағайындалған болатын. Ол қызметін мүлтіксіз атқарған болатын. Адамдар бір күні одан мұның сырын сұрады.

Амр ибн Ас: «Маңайымдағы әрбір адаммен арамызда бір жіп бар деп ойлаймын. Бұл жіп keріліп үзілуге шақ қалғанда оны біраз босатамын. Ал шектен шығып босап кетсе, кері тартамын. Осылайша барша адаммен

209. Қаттани, Низамул-хуматун-Нәбәуиия (әт-Тәратибул-Идария) Бейрут 1996, II, 236.

істерімді тұрақты іске асырып отырамын», - деп жауап берді.

***

Ұзын сөздің қысқасы, һәм шектен шықпай, һәм асығып-аптықпай орта жолды ұстану ислам діні насихат ететін ұлық әрекет болып табылады. Ал жалқаулық, шектен шығушылық, кез келген істің берекетін кетіріп талқанын шығарады. Қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынасты бұзады.

Сондықтан мұсылман, орта жолдан шықпай әрекет етуі қажет. Әрбір әрекетін алдын ала ойлап, таразылауы керек. Ал құлшылық және игі істерде жинақылық танытуы ләзім.

9. ӨЗАРА СЫЙ АЛЫП-БЕРІСУ

Өзара сыйлық тарту, ішкі жан сарайы бай мүминдердің бір-біріне сый ұсынып, қуанышқа бөленетін ізгі істердің бірі болып табылады. Шын пейілмен жасалған сыйлықтар адамдар арасындағы махаббат пен бауырмалдық сезімдерін арттыра түсері даусыз. Сонымен қатар, сыйлық беру арқылы Аллаһ Тағаланың разылығына қол жеткізуге болады.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Бір-біріңе сый тарту етіңдер! Арадағы сүйіспеншіліктерің арта түседі»*, - деп сый тартудың маңыздылығын көрсетеді (Муатта, Хуснул-Хулқ 16; Бұхари, әл-Әдебул-Муфрад 594; Мунауи III, 271).

Басқа хадис-шәріпте Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Бір-біріңе сыйлық беріңдер! Көңілдеріңдегі кірбің кетеді»*, - дейді (Тирмизи, Уәла 6/2130).

Әнәс ибн Мәлік (р.а.): «Балаларым! Бір-біріңе сый тарту етіңдер! Өйткені ол, араларыңдағы сүйіспеншілікті арттыратын ең күшті дәнекер», - деп өзара сый алып-берісудің маңыздылығын атап айтқан (Бұхари, әл-Әдәбул-Муфрад 595).

Сыйлық тарту ету жомарттықтың, нышаны. Әрі көркем ахлақтың белгісі. Мұсылман ішкі жан сарайы бай, жомарт жан болғандықтан сыйлық тарту еткенде үлкен ләззат алады. Бір кісіні сүйіндіріп, дұғасын алу ол үшін үлкен қуаныш болып табылады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзара сый тартысуды құптайтын. Қолына мүмкіндік тиген сәтте-ақ сыйлық тарту ететін. Әрі өзі тарту етілген сыйлықты қабыл ететін. Бұған Айша анамыздың (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сыйлық қабыл ететін. Әрі қарымта ретінде сый тарту ететін», - деген риуаяты айғақ бола алады (Бұхари, Хиба 11).

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзіне берілген нәрсенің сыйлық яки садақа екендігін сұрастырып жүретін. Егер садақа бол-

са, сахабаларының пақырларына үлестіріп беретін. Өйткені садақаны игілігіне жарату Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) харам етілген болатын. Ал берілген нәрсе, сыйлық болып шықса һәм өзі алатын һәм сахабаларының мұқтаждарына беретін (Бұхари, Хиба 5; Мүслим, Зекет 175).

Сый тарту ету, берілген сыйлықты алу кісіні бағалаудың нышаны. Терең сүйіспеншіліктің белгісі. Сол себепті сыйлықтың құндылығы емес, онымен бірге келген мән-мағына маңызды. Демек сыйлықтың үлкендігі яки кішкенелігі маңызды емес кең пейілділік, ықылас маңызды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Уа, мұсылман әйелдер! Ешбір әйел қойдың сирағы болса да, көршісіне беретін сыйлығын аз көріп, бермей қоймасын»*, - дейді (Бұхари, Хиба 1, Әдеп 30; Мүслим, Зекет 90).

Басқа хадис-шәріпте Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Егер мен, сирақ яки жауырынмен (пісірілген) асқа шақырылсам дереу барамын. Ал егер маған, жауырын немесе сирақ сыйға берілсе, (ойланбастан) қабыл аламын»*, - дейді (Бұхари, Хиба 2, Неке 73; Мүслим, Неке 104).

Құлдар да қолындағы барымен арпа нанға Аллаһ Елшісін (с.а.у.) қонаққа шақыратын. Ол оны аз көрмей қонаққа баратын (Хайсами IX, 20).

Демек, тарту еткенде немесе қабыл алғанда сыйлықтың үлкендігіне, кішілігіне мән бермеу қажет. Өйткені материалдық жағдайға қарай, сыйлық беру әдептілік қағидасына кіреді.

Берілген сыйлыққа, қолдағы мүмкіндікке қарай қарымта беру ләзім. Бірақ қатты шығынға батудың да қажеті жоқ. Бұл жайлы хадис-шәріпте былай делінген:

«Сендерге біреу сыйлық тарту етсе, қарымта сыйлық беріңдер! Беретін нәрселерің болмаса, оған дұға етіңдер!» (Ахмед II, 96).

Сыйлық тарту еткенде әуелі жақын көршіден, туыстан бастау қажет. Қолдағы мүмкіндікке қарай һәм жақынға һәм алысқа сыйлық беріледі.

Хазірет Айша анамыз (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Екі көршім бар. Қайсысына сыйлық тарту етейін?» - деп Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) сұрадым дейді. Сонда Пайғамбарымыз маған қарап: *«Есігі саған жақынырақ болғанға бер»*, - деді (Бұхари, Шұфға 3, Һиба 16, Әдеп 32).

Сыйлық тарту еткенде қандай да бір пайда күтпеу қажет. Тек Аллаһ Тағала разылығы үшін берілуі керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) шынайы ықыласпен берілмеген сыйлықты алуға тыйым салған. Бұл жайлы хадистерде былай делінген:

«Кез келген біреу бауырының ісін жүргізуге септігін тигізіп, бауыры оның (көрсеткен бұл қызметіне) сый тарту етті (делік). Егер ол сыйлықты қабыл алса, өсім есіктерінің біріне кіргенімен тең (өсім жегенмен тең)» (Әбу Дәуіт, Буюғ 82/3541).

«Араларыңдағы біреу, бауырына қарызға ақша берді (делік). Қарызға ақша алған жан, қарыз бергенге сыйлық тарту етсе, қабыл етпесін! Яки көлігіне отырғызғысы келсе, көлігіне отырмасын! Бірақ бұрыннан араларында бір-біріне сый тарту, жәрдем беру болса, ол басқа әңгіме, бұған кірмейді (Ибн Мәжә, Садақат 19).

Абдуррахман ибн Сағд (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Әзд руының ибн Лұтбия деп аталатын кісісін, зекет жинау қызметіне тағайындады. Осы кісі қызметін толықтай атқарып Аллаһ Елшісінің құзырына келіп: «Мына дүние-мүлік сендердікі, ал мыналар маған сыйлық ретінде тарту етілді», - деді.

Мұны естіген Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мінберге шықты. Аллаһ Тағала мадақ айтып, былай деп хұтпасын бастап кетті:

«Аллаһ Тағаланың менің билігіме берген істердің біріне, араларыңнан біреуді тағайындаймын. Кейін ол маған келіп: «Мына дүние-мүлік сендердікі, ал мыналар маған сыйлық ретінде тарту етілді», - дейді. Егер айтқан сөзі шын болса, неге әкесінің яки шешесінің үйінде отырғанда оған сыйлық тарту етілмейді?!

Аллаһқа ант етейін! Араларыңдағы кез келген жан (заңсыз) бір нәрсе алса, сол алған нәрсесімен бірге Хақ Тағаланың құзырына шығады».

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) артынша қолын көкке көтеріп: *«Уа, Аллаһым! Тәблиғ еттім бе (жеткіздім бе)?»* - деді (Бұхари, Хиял 15, Зекет 3, Хиба, 17, Жиһад, 189, Айман 3, Ахкам, 24; Мүслим, Имара 26-27).

Ислам дінінде кез келген қызметтегі қызметкердің, қызмет бабын өз пайдасына қолдану ықтималы болғандықтан, оның қандай да бір сыйлық алуына тыйым салынған. Тіпті мемлекеттің зекет және салық қызметкерлерінің сыйлық алуына да тыйым салынған. Бұл үкім басқа да қызметтердегі жандарға жүреді. Өйткені үкімі харам болып табылатын пара алуды, нәпсінің айдауына көніп сыйлық ретінде қабыл алу, үлкен күнә.

Абдулла ибн Амр: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) пара бергенді де, пара алғанды да лағнеттеді», - дейді.

Өзара сыйлық берісудегі маңызды нәрселердің бірі, берген сыйлықты қайтып алмау болып табылады. Ғаламның мақтанышы (с.а.у.): *«Кез келген жанның сыйлық тарту етіп, оны кері қайтып алуы адал емес. Тек әке, баласына жасаған тартуын қайтып ала алады»*, - дейді (Әбу Дәуіт, Буюғ 81/3539).

Шынымен-ақ мұндай әрекет адамшылыққа жатпайды. Өйткені мұсылман баласы жасаған игілігіне өкінбейді. Әрі кез келген ісінің, Аллаһ Тағаланың разылығына сай болуына үлкен мән береді.

Бір-бірімізге сыйлық тарту еткенде төмендегі мына әдеп қағидаларын біліп жүруіміз қажет:

1. Адал жолмен келген, сыйға ұсынылған сыйлықты қабыл ету керек.

2. Харам жолмен табылғандығы белгілі болған сыйлықты қабыл етпеу керек. Өйткені харам дүние-мүліктің зекеті де алынбайды. Бірақ сыйлық арқылы, ол кісіге тура жолды насихат ету мүмкіндігі туып жатса, сыйлықты қабыл етіп, сауап алуға үміттенбестен мұқтаж кісіге беру жөн болады.

3. Қандай жолмен табылғандығы белгісіз сыйлықты, тарту еткен кісінің көңілін қалдырмау үшін қабыл етуге болады. Сонымен қатар оның қандай жолмен табылғандығын іздестірудің қажеті жоқ.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Ибн Омар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Әкем Хазірет Омар (р.а.) сатылып жатқан атлас киім көрді. Оны Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) апарып: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мынаны сатып алып, делегациялар келгенде, жұма күндері кисеңіз қалай болады?» - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мұны (ақыреттен) нәсібі болмағандар киеді», - деді.

Кейінірек Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Хазірет Омарға (р.а.) атластан тігілген киім беріп жіберді. Хазірет Омар Пайғамбарымызға келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сіз жібек жайында, мұны (ақыреттен) нәсібі болмағандар киеді», - деп едіңіз ғой. Кейін мынаны маған беріп жіберіпсіз (мұның сыры не?)» - деді.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Мұны, сен өзің кисін деп бермедім. Сатып жіберіп бір мұқтаждығыңды өтерсің немесе бір әйеліңе кидірерсің деп беріп жібердім», - деді (Бұхари, Либас 30; Жұма 7, Идайын; Мүслим, Либас 6; Муатта, Либас 18).

Жібектен тігілген киім кию еркектерге харам, ал әйелдерге рұқсат. Хадис-шәріпке сүйене отырып, жібектен тігілген бір сыйлық келсе, оны әйеліне яки қызына беру шартымен қабыл етуге болады деген тоқтамға келеміз.

***

Әнәс ибн Мәліктің (р.а.) нақыл еткеніне сүйенсек Рим императоры Пайғамбарымызға (с.а.у.) атластан тігілген, алтынмен сырылған, ұзын жеңді бір киім тарту еткен еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оны үстіне кигенде қасына жиналып тұрған халық: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мынау саған аспаннан түсті ме?» - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Қатты ұнатып

қалдыңдар ма? Жанымды қолында ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, Сағд ибн Муғаздың жәннаттағы бет орамалдарының бірі, мынадан қайырлы әрі әдемі», - деді. Кейін үстіндегі киімді шешіп, Хазірет Жағфарға (р.а.) беріп жіберді. Жағфар (р.а.) оны киіп алды. Мұны көрген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мұны саған кисін деп бермедім», - деді. Хазірет Жағфар: «Жарайды. Онда мұны не қылмақпын?» - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Бауырың Нажашиға беріп жібер», - деді (Ахмед III, 229; ибн Әсир, Усдул-Ғаба I, 324; ибн Сағд I, 456-457).

***

Дихятул-Кәлби Пайғамбарымызға (с.а.у.) бір мәсі және бір шапан сыйға тартты. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оларды киіп алған еді (Тиримизи, Либас 30/1769).

***

Бір күні Дәуіт (а.с.): « Аллаһым! Мен сені қайдан табамын?» - деп дұға еткен еді. Аллаһ Тағала: «Менен қорқып, жабығып жүргендердің қасынан табасың», - деп уахи етті (Ибн Кәсир, әл-Бидая IX, 287).

Пайғамбарымыз да (с.а.у.) әл-ауқаты нашар жандарға, жалғызбастыларға, шарасыз қалғандарға, құлдарға, көңілі жабығып жүргендерге үлкен құрмет көрсететін. Олардың мәселелерімен өзі бас болып, айналысатын. Оларды дән разы ететін бір шара тауып, көңілдерін алуды ойлайтын. Бұл хал, мүминдердің тәкаппарлығы мен менмендігін жоятын, нәпсіні тәрбиелейтін жақсы әдістердің бірі болып табылады.

Әнәс ибн Мәлік былай деп әңгімелейді:

Шөлде көшіп қонып жүретін бәдәуи Захир атты бір сахаба бар болатын. Бұл кісі Аллаһ Елшісіне әр келгенінде шөлде өсетін жемістерді тарту ететін. Қайтатын кезде Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның қажетті заттарын дорбасына салып беріп: «Захир біздің шөліміз, ал біз оның қаласымыз», - дейтін.

Захир сұлу кісі емес. Алайда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оны қатты жақсы көретін. Бір күні Захир қолындағы заттарын сатумен айналысып тұрғанда Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оны арқасынан қапсыра құшақтап, көздерін екі қолымен жапты. Захир:

– Кімсің сен? Жібер мені, - деп құтылуға тырысты. Бірақ көздерін жапқан кісінің Аллаһ Елшісі (с.а.у.) екендігін аңғарған сәтте, жаны жай тапты. Арқасын Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) кеудесіне үйкей түсті. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Мына құл сатылады. Алатын кісі бар ма? - деп жар салды. Захир мойнын бүгіп, мұңды дауыспен:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мен секілді құнсыз құлға, уаллаһи көк тиын

беретін пенде табылмас, - деді. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Жоқ Захир! Сен Аллаһтың құзырында өте құнды әрі бағалысың, - деді (Ахмед III, 161).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өзін көруге келген кісілерге, делегацияларға сыйлықтар беруді ешқашан ұмытпайтын. Бахрейн халқынан өз арасынан жиырма кісіні таңдап, өзіне жіберуін өтініп, хат жазып жіберген еді. Келген кісілердің он екісі Абдулқайыс руынан болатын. Олар Пайғамбарымызбен (с.а.у.) кездесіп, мұсылмандықты қабыл етті. Көптеген мәселелерді сұрастырып, үйреніп алды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) олар қайтқанда, әрбіріне сыйлық тарту етуді әмір етті. Делегация басшысы Абдулла ибн Ауфқа он екі жарым уқия[210] күміс берілді (Ибн Сағд I, 315).

Хазірет Пайғамбарымызға (с.а.у.) Мурра руының он үш кісіден құралған делегациясы Харис ибн Ауфтың басшылығымен келген еді. Аллаһ Елшісі оларға: «Артыңда қалған ел-жұрттың жағдайы қалай?» - деп сұрады.

Харис: «Уаллаһи, біз құрғақшылыққа және аштыққа тап болдық. Хайуандарымыз дем ала алмай қалды. Біз үшін Аллаһқа дұға етші», - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Аллаһым! Оларды жаңбырыңмен сула», - деп дұға етті.

Мурра руының делегациясы Мәдинада бірнеше күн қалғаннан кейін өз еліне қайтқысы келді. Пайғамбарымызға (с.а.у.) қош айтысуға келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Харис ибн Ауфты оларға басшы етіп тағайындады. Біләл Хабашиді шақырып, делегация мүшелеріне сыйлықтарын беруді әмір етті. Ол делегациясының әрбір мүшесіне он уқиядан, ал Харис ибн Ауфқа он екі уқия күміс берді (Ибн Сағд I , 289; ибн Әсир, Усдул-Ғаба I , 410).

***

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзіне берілген сыйлықтарды қабыл ететін. Қолында мүмкіндігі болса дос демей, дұшпан демей, барлығына, әсіресе Мәдинаға келетін делегацияларға сыйлықтар тарту етуге күш салатын. Тіпті соңғы сырқатында, қатты ауырып жатқанда келген делегацияларға сыйлықтар берілуін бұйырған еді.[211]

Өлімінің алдында айтқан өсиеттерінің бірінде: *«Менің жасағаным*

210. Уқия – көне күміс ақша. 1 уқия шамамен 128 грамм болады. Уқия сонымен қатар ауырлық өлшемі болып та қолданылуда.
211. Бұхари, Жизя 6.

секілді сендер де келген делегацияларға сыйлықтар тарту етіңдер», - деген болады (Мүслим, Уасият 20).

***

Бір-бірімізге сыйлық тарту еткенде аса мән берілуі керек болған нәрсе өзімізге ұнамайтын, қажетсіз бұйымдарды сый ретінде бермеуіміз қажет.

Бір күні Аллаһ Елшісіне кесіртке сыйға берді. Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) оны жақсы көрмейтіндігін білетін Айша анамыз (р.а.) дәл сол сәтте есіктің аузына келген пақырға беріп бермеуін одан сұрады. Қадірлі Пайғамбарымыз (с.а.у): «Оларға өздерің жемейтін нәрселерді бермеңдер», - деді (Ахмед VI, 105, 123).

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларымен бірген Сағида руының тұрып жатқан жеріне келген болатын. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Сәһіл ибн Сағдқа (р.а.) қарап: «Әй, Сәһіл. Бізге су берші», - деді. Сәһіл дереу бір тостақ су берді. Сәһіл (р.а.) бұл ыдысты өмір бойы сақтап өтті.

Әбу Хазым (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Сәһіл бізге ол тостақты шығарып көрсетті. Біз одан су іштік. Кейінірек Омар ибн Абдулазиз Сәһілден мубарак тостақты сыйға тартуын өтінді. Ол оның өтінішін орындап тостақты оған сыйға тартты» (Бұхари, Әшриба 30).

Сахабалар өздеріне ең құнды, қымбат болып табылатын дүниелерді шын пейілімен сыйға тартатын. Мұның бір мысалы Сәһіл (р.а.) көптеген дүниеге айырбасталмас тостақты сыйға тартқан еді.

***

Фирас атты сахаба өмір сүрді. Ол Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қандай да бір затына иелік етуді арман ететін. Бір күні ол Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) алдында тұрған табақтан тамақтанып жатқан болатын. Фирас табақты өзіне сыйға тартуын өтінді. Ешкімнің мәселесін, көңілін қалдырмаған Пайғамбарымыз (с.а.у.) табақты оған сыйға тартты.

Хазірет Омар (р.а.) кейде Фирастың үйіне барып: «Әкел ана мубарак табақты», - деуші еді. Аллаһтың сүйікті құлы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) саусақтары тиген табаққа зәмзәм құйып шөлі қанғанша ішетін. Артылып қалған суды жүзіне, көздеріне шашатын (Ибн Хажар, әл-Исаба III, 202).

***

Ғияз ибн Химар (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісіне бір сыйлық тару еткен едім. Маған қарап:

– Мұсылман болдың ба? - деп сұрады. Мен:

– Жоқ, - деп жауап бердім. Ол:

– Маған мүшріктердің сыйлықтарын алуға тыйым салынды, - деп сыйлығымды қабыл етпеді» (Әбу Дәуіт, Хараж 35/3057).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) осылай әрекет етуінің сыры, Ғияздың мұсылмандықты қабыл етуін қалауынан туындаған еді.

Бірақ халықаралық қатынастардың орны бөлек. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мемлекет басшыларынан келген сыйлықтарды, оларды исламға жақындата түсу үшін қабыл ететін. Хазірет Әли (р.а.): «Кисра Аллаһ Елшісіне сыйлықтар тарту еткен еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл сыйлықтарды қабыл етті. Өзге патшалар да оған сыйлықтар тарту етті. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оларды да қабыл еткен еді», - дейді (Тирмизи, Сияр 23/1576).

***

Ұзын сөздің қысқасы, сый алып-берісу Пайғамбарымыздың сүннеті болып табылады. Осы сүннетті жандандырып бауырмалдық, өзара жәрдемдесу секілді қасиеттерді әрдайым бұзбай ұстап тұру әрбір мұсылманның міндеті.

Пайдакүнемдік пен дүниенің соңына түсу шарықтап тұрған мына заманда, шын пейілден берілген сыйлық талай жанның көңілінде қуаныш алауын тұтатуы сөзсіз.

Егер сыйлық дұшпанға тарту етілсе, оның дұшпандығы мен кегін азайтады. Тіпті уақыт өте келе жоқ қылады. Сыйлық дос та емес, дұшпан да емес ол біреуге берілсе достыққа жол ашады. Ал досқа тарту етілсе, достығы одан сайын арта түседі. Бұған Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) мұсылмандықты жаңа қабыл еткендердің көңілін ислам дініне жақындата түсу үшін берген мол сыйлықтары дәлел бола алады.

10. ҚОНАҚ КҮТУ

Аллаһты және оның пайғамбарын барша нәрседен артық сүйетін әрі пайғамбардың мінез-құлқын өзіне үлгі тұтқан әрбір мүмин Аллаһ Тағаланың құлдарын жақсы көріп, оларға қонақжайлық танытуы қажет. Әсіресе сапар шегіп, ел-жұртынан алыс қалып, әбігер күйге түскендерді тауып алып, қанатының астына алып, көңілдеріндегі қайғы мен мұңды қуаныш пен сүйінішке айналдыруға күш салуы тиіс. Өйткені көңілі жабыраңқы жандарға сүйеу болу Аллаһ Тағалаға жақындататын игі істердің бірі.

Сонымен қатар өзін көруге келген мүмин жанды ыстық қабылдап,

күлімсіреген жүз таныту, жылы сөз сөйлеу, қандай да бір мәселесі болса шешуге тырысу дін бауырмалдығының аса маңызды бір әдебі.

Сонымен қонаққа сый көрсету, мүминнің негізгі ұстанымдарының бірі. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһқа және ақыретке иман келтірген жан қонағына сый көрсетсін»* деген (Бұхари, Неке 80, Әдеп 31, 85, Риқақ 23; Мүслим, Иман 74, 75).

Мейманға сый көрсетілген үйге жақсылық, береке кіреді. Мұны Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жақсылық пен береке, қонаққа сый көрсетілген үйге, пышақтың түйенің өркешіне жетуінен бұрын кіреді»* деп суреттейді (Ибн Мәжә 55).

Арабтар өте қонақжай әрі жомарт жандар болатын. Қонақ келгенде, тіпті түйе сойып сый көрсететіндері де болатын. Түйенің ең тәтті жері өркеші болғандықтан, мейманға тарту ету үшін үй иесінің пышағының жүзі алдымен өркешке тиетін. Сондықтан әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл мысал арқылы үмбетін қонақжайлыққа үндеген.

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) қонақ күтуді қаламаған жанға, жақсылық атаулы болмайтындығын атап айтқан.[212] Өйткені мұқтаж жанды қонақ етпеу, ұлы пайғамбарлардың көңілін қалдыратын жағымсыз әрекет.

Хазірет Мұса (а.с.) мен Қыдыр (а.с.) сапар шеккенде, бір ауылға тап болған еді. Алайда ауыл тұрғындары оларды қонақ етуден қашқақтады. Бұл әрекет олардың көңілдеріне кірбің ұялатты.[213]

Мұнымен қатар Пайғамбарымыз (с.а.у.) әкенің, қонақтың және зұлымдыққа ұшыраған жанның жасаған дұғасының қабыл болатындығының күмәнсіз екендігін айтып өткен.[214]

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) үйде қонақтар үшін бір төсектің артық болуын өсиет еткен. Әрі ысырапшылдыққа жол бермеу керектігін де атап өткен.[215]

Ғұламалардың айтуынша Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) үйінде ит ұстамауының басты себептерінің бірі, иттің келетін қонақты үркітуі болып табылады. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бұл әрекеті оның қонақжайлығын көрсетеді. Ол былай дейді:

«Қонақты алғашқы түні күту, әрбір мұсылманның мойнындағы міндеті. Кімде-кім (қонақ ретінде, біреудің) үйінің алдында таңды атыруға ниеттенсе, (оған сый көрсету) үй иесі үшін парыз. Қалаған жан

---

212. Ахмед IV, 155.
213. Кәһф сүресі, 77-аят.
214. Әбу Дәуіт, Уитр 29/1536; Тирмизи, Бирр 7, Дағауат 47.
215. Мүслим, Либас 41.

парызын өтесін, қаламаса борыштар болып қалсын» (Әбу Дәуіт, Атғима 5/3750).

Тағы бірде Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірген жан қонағына «жайызасын» берсін»*, - деді. Сахабалар: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Қонақтың «жайызасы» не?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Оны бір күн, бір түн күту. Қонақ үш күндік. Қонақты үш күннен артық күту садақа»* - деді (Бұхари, Әдеп 31, 85; Мүслим, Лұқата 14).

Мейманды бір күн бір түн ерекше тағамдармен күту, ал екінші және үшінші күндері күнделікті өзінің жанұясы тамақтанатын тағамдармен күтіп, шығынға кірмеу дұрыс деп саналған. Қонақтан артылған нәрселер, үй иесі үшін береке.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бізді қонақ етпеген, тіпті сый көрсетпеген жандарды да қонақ етіп, күтуімізді әмір еткен.[216]

Сонымен қатар бір әйелдің күйеуінің рұқсатынсыз, бөгде жанды үйіне кіргізуіне тыйым салынған.[217]

Мейман келгенде өте аш болуы мүмкін немесе асығыс кетіп қалу ықтималы болғандықтан, дереу бар болған тағамдарды ұсыну қажет. Тамақты кейін дайындауға болады. Өйткені қонаққа лайықты сый, құрмет көрсету, жанұяның адамгершілік борышы.

Қонақ кетуге ниеттенгенде оны, есік алдына дейін шығарып салу сүннет.[218]

Мейман үй иесінің мазасын алатындай көп уақыт қалмауы керек. Бұл жайлы Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Бір мұсылманның дін бауырының жанында, оны күнаһар ететіндей қалуы халал емес»*, - деді. Сахабалар: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Адам өз дін бауырын қалай күнаһар етеді?» - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Қонағына беретін ешнәрсесі қалмаған жанның қасында қалуы арқылы», - деп жауап берді (Мүслим, Лұқата 15, 16).

Қонақ үйге кіру үшін рұқсат сұрағанда, көзін үйдің ішіне және махрам (қарауға тыйым салынған) жерлерге қараудан сақтауы керек. Өйткені Құран Кәрімде: **«(Бір-бірлеріңнің құпияларыңды, қателіктеріңді) тексерменңдер, іздемеңдер!»** - деп айтылған.

Кіргенде, шыққанда қимыл-әрекетіне көңіл бөліп, қатты дауыс көтеріп сөйлемеуі керек. Аяқ киімін керекті жерде шешіп, дұрыстап қоюы қажет. Үйге кірерден алдын, аяқкиіміне назар салып, қандай да бір нәжіс жабысып қалса, тазалауы ләзім. Қонақ, үй иесінің көрсеткен

216. Тирмизи, Бирр 63/2006.
217. Бұхари, Неке 84, 86; Мұслим, Зекет 84.
218. Ибн Мәжә, Атғима 55.

жеріне отыруы керек. Басқа жерге отыруға тырыспау қажет.

Мейман, бір үйге кіргенде, бір нәрсе іздеп жүрген яки аңдып жүрген адам тәрізді емес, назарын шектеу керек. Қонақтың жабық тұрған жәшік, сандық, шкаф секілді нәрелерді ашуы, ислам әдебіне теріс әрі аманатқа қиянат болып табылады.

Қонақтың үй иесінің рұқсатынсыз имам болуы немесе оның жеке орнына отыруы дұрыс емес.[219] Яғни қонақ толығымен үй иесінің билігіне бағынып, тіпті оның рұқсатынсыз нәпіл ораза ұстауына болмайды.[220]

Қысқасы, қонақ та үй иесі де әдептен озбай, жақсы қарым-қатынаста болулары тиіс.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) қонақты өте жақсы көретін. Тіпті сыпайылығы сондай, қонағына өзі сый, құрмет көрсететін. Қонақтарды қарсы алардың алдында таза әрі әдемі киім киетұғын. Қабылдау рәсімінде қасында болатын адамдарға да өзі секілді бірдей киінуін қалайтын. Мысалы; Кинда делегациясы келгенде Хазірет Әбубәкір, Хазірет Омар және Хазірет Әли барлығы Йемендік бағалы киімдер киген еді (Ибн Сағд IV, 346).

Хазірет Әбубәкір (р.а.) барша рәсімдерге жауапты болатын. Мәдинаға келген делегацияларды, қонақтарды қарсы алып, олармен алдын-ала келісімдер жасап, әдеп үйрететін. Аллаһ Елшісінің құзырында қалай жүріп-тұратындықтарын, қандай әрекеттер жасайтындықтарын үйрететін. Қонақтарға Саубан (р.а.) қызмет ететін. Хазірет Біләл болса, тамақтандыру ісіне жауапты еді. Делегацияларға кейде ет пен нан, кей уақытта нан мен сүт берілетін (Кәттани I, 348).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымызға қонақ болып, оның жан дүниесінен нәр алғандар, рухани дүниесіндегі әдеміліктерді тамашалағандар, еліне қайтқанда Мәулананың тілімен айтқанда былай дейтін: «Уаллаһи, қайда болсамда, қайда барсамда мен сенің өмір-бақи қонағың болып өтемін. Мен өлі едім. Сен тірілттің. Бұдан былай мен сенің азат құлыңмын. Сенің есік алдындағы қызметшіңмін. Өйткені дүние де ақырет те сенің шапағат дастарқанының қонақтары...»

***

Әбу Хурайрадан (р.а.) Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) қалай аш қалатындығы сұралғанда, былай деп жауап берген еді:

«Бұл жағдай, оның маңайында жүргендердің, қонақтардың көптігінен

219. Муслим, Мәсажид 290.
220. Тирмизи, Саум 70/789.

туатын. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) бірнеше сахабаларынсыз және мешітке келген мұқтаж жандарсыз тамақтанбайтын. Аллаһ Тағала Хайбарды бағындыруды нәсіп еткеннен кейін ғана, адамдардың жағдайы түзелді. Алайда соған қарамастан ел арасында күн көру қиыншылығы бар болатын» (Ибн Сағд I, 409).

***

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) үйіне бір кісі қонақ болып келген еді. Мейман әлі мұсылман емес еді. Яғни мұсылмандықты қабылдамаған болатын. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір қойдың сауылуын әмір етті. Қонақ әкелген сүтті сіміріп ішіп салды. Қайта әкелінді, қайта бітірді. Тағы да әкелінді, тағы да бітірді. Осылайша жеті ыдыс сүт ішті. Бұл қонақ ертесі күні таңертең мұсылман болды. Аллаһтың Елшісі (с.а.у.) оған қайтадан сүт берілуін бұйырды. Қонақ бірінші ыдысты ішіп алды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайтадан толтырып ұсынды. Алайда ол бұл жолы сүтті тауыса алмады. Мұны көріп тұрған Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Мұмин бір ішегімен, ал кәпір болса жеті ішегімен ішеді»*, - деді (Бұхари, Атғима 12; Мұслим, Әшриба 186).

***

Ибраһим пайғамбардың ең айрықша сипаттарының бірі қонақжайлық болатын. Ол қонақты өте жақсы көретін, аса үлкен сый көрсететін, жомарт және қадірлі пайғамбар еді. Тіпті үйіне қонақ келіп түспеген күндері, жолға шығып, мейман іздеп, жолда өтіп жатқан жүргіншілерге сый көрсету үшін шаңырағына ертіп алып келетін. Үйінің маңынан өткен әрбір жанға сусын беріп, тамақтандыратын. Сондықтан оның лақабы «әбул-адиаф», яғни «қонақтардың әкесі» болатын. .

Хақ Тағала Ибраһимның (а.с.) қонақжайлығынан үлгі алуымыз үшін былай дейді: **«Шүбәсіз елшілеріміз сүйінішті хабармен Ибраһимге келіп, сәлем берді.** (Ибраһим) **олардың сәлемін алып,** (көп ұзамай) **қуырылған бұзау** (тарту етті)**»** (Хұд сүресі, 69-аят).

«(Уа, Мұхаммед!) **Ибраһимнің сыйлы қонақтарының хикаясын естімедің бе? Олар Ибраһимге келгенде, «сәлем» деді.** (Сәлем берді)**.** (Ибраһим) **олардың сәлемін алып,** (ішінен мыналар) **бөгде жұрттың** (кісілері-ау) **деді. Дереу жанұясына барып, семіз бұзаудың** (қуырылған етін) **алып келді.** (Етті) **олардың алдына қойып: «Жемейсіңдер ме?» - деді»** (Зарият сүресі, 24-27 аяттар).

Ибн Аббастың риуаятына жүгінсек келген бұл қонақтар Жебірейіл, Исрафил және Мекайыл (а.с.) дейді (Құртуби XVII, 44).

Хазірет Ибраһим, қонақтардың сәлемін жылы қабыл алып, оларды үйіне шақырды. Ас әзірлеу үшін олардың қасынан сездірмей шығып кетіп, семіз, жақсы малының бірін сойды. Етті қуырып, қонақтарына

тарту етті. Бұл сыйды өзі көрсетіп, қонақтарға шын ықыласымен қызмет еткен еді.

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бізге жақсылық жасаудан қашқақтаған, тіпті жамандық жасаған жандардың өзін, қонақ етіп, күтуімізді өсиет еткен. Мұның керемет мысалын Хазірет Жүсіптің ахлағында көре аламыз. Хақ Тағала оны былай деп суреттейді:

«Жүсіптің бауырлары, оның құзырына кірді. (Жүсіп) **оларды таныды.** (Ал) **олар оны тамады.** (Жүсіп) **олардың жүгін әзірлеп болғанда: «Әкелерің бір, бауырларыңды маған алып келіңдер! Таразыны тура өлшегенімді, әрі ең хайырлы қонақжай екендігімді көрмедіңдер ме?»** - деді (Жүсіп сүресі, 58-59 аяттар).

Жүсіп (а.с.) өзіне алуан түрлі жамандық жасаған бауырларына үлкен қонақжайлық танытып, оларды жақсылап күтіп, барша сыйды көрсетіп бақты.

Демек қонақжайлық, пайғамбар сипаттарының бірі. Ішіп-жеуде үнемділікке мән берілуі керек болса, қонаққа берілген тағамда, сыйда ысырапшылдық жоқ. Алайда бұл сыйдың және шақырудың дүниелік әрі нәпсінің пайдакүнемдік ойынан ұзақ тұрып, тек Аллаһ разылығы үшін болуы керек.

***

Әбу Зәр (р.а.) һидаятқа қалай келгенін хикая еткенде, керемет қонақжайлық жайында сөз қозғайды.

«Мен Ғифар руынанмын. Меккеде бір кісі шығыпты, өзін пайғамбармын деп жариялапты деген хабарды естігенімде, Аллаһ Тағала менің көңіліме ислам сүйіспеншілігін орнықтырды. Дереу азығымды алып, месіме су құйып жолға шықтым. Меккеге келдім. Аллаһ Елшісін (с.а.у.) танымайтын едім. Сұрастырудан да тайсақтадым. Харам мешітіне оның келуін күттім. Аштық пен шөлімді зәмзәм суымен басатынмын. Бір кезде Хазірет Әли жаныма келіп:

– Сен бұл жерді білмейтін тәріздісің? - деп сұрады. Мен оған:

– Иә, - деп жауап бердім.

– Олай болса үйге жүріңіз, қонақ болыңыз, - деді. Әлиге (р.а.) еріп үйіне бардым. Меккеліктердің ызғарынан, қаһарынан тайсақтаған Әли менің келу себебімді де сұрамады. Таң атқаннан кейін Аллаһтың Елшісін табу үшін Харам мешітініне қайта келдім. Кешке дейін күтіп, ол жайлы еш мағлұмат ала алмадым. Хазірет Әли маған қайта келіп:

– Сен әлі баратын жеріңді таппадың ба? - деп сұрады. Мен:

– Жоқ, - дедім.

– Олай болса бізге қайта қонақ бол, - деді. Үйіне барғанымызда:

– Сенің мұның не? Бұл жерге неге келдің? - деп сұрады. Құпия сақтайтынына әрі маған жол нұсқайтындығына ант ішкіздім. Кейін:

– Бізге жеткен хабарға қарағанда, бұл жерде бір кісі шығыпты. Өзінің Пайғамбар екендігін айтатын көрінеді. Онымен кездесіп, сөйлесу үшін келдім, - дедім. Ол:

– Дұрыс істепсің! Ол кісі Аллаһтың Елшісі. Хақ Пайғамбар. Таңертең менің соңымнан ер. Мен кірген үйге сен де кір. Сен үшін қандай да бір қауіп көрсем, аяқ киімді түзеткен болып, қабырғаға айналып кетемін. Сен білдірмей өтеп кет, - деді.

Әйтеуір Пайғамбарымыздың (с.а.у.) құзырына жеттік. Маған исламды түсіндірді. Дереу мұсылман болдым. Аллаһтың Елшісі мұсылман болғаныма қатты қуанып, күлімсіреді. Біраз уақыт Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасында қалдым. Кейінірек:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Не істеуімді әмір етесің? - деп сұрадым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Саған бұйрығым жеткенше, қауымыңа исламды тәблиғ ет! Жарыққа шыққанымызды естігеніңде, жаныма кел, - деді (Бұхари, Мәнақибул-Ансар 33, Ахмед V, 174; Хаким III, 382-385; ибн Сағд IV, 220-225).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Мәдинаға һижрет еткенде, күллі Ансар оны мейман ету үшін жанталасқан еді. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) үлкен парасаттылықпен және бизылықпен мәселені шешті. Ешкімнің көңілін қалдырмай Әбу Айюб әл-Ансаридің (р.а.) үйіне түсті.

Әбу Айюб әл-Ансари (р.а.) басында Аллаһ Елшісін (с.а.у.) үйдің үстіңгі қабатында тұруға қанша үгіттесе де Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Ей, Әба Айюб! Үйдің төменгі қабатында тұру біз үшін қолайлы», - деп үстіне шығуға көнбеді.

Қадірлі қонағы Аллаһ Елшісіне теңдессіз құрмет көрсетті, махаббатпен қызмет етті. Әбу Айюбтің (р.а.) өзі және жанұясы, жатқан жерінің Пайғамбардың (с.а.у.) тұсына келіп қалады-ау деп қатты қысылып, бөлменің қабырғаларына жабысып ұйықтайтын. Бір күні су құйылған ыдыстары сынып, ішіндегі су еденге төгілді. Су құрметті меймандардың үстіне тамбасын деген оймен Әбу Айюб, жамылып жүрген жалғыз жамылғыларын су төгілген жерге тастап жіберді. Асығыс-үсігіс жерді құрғатып алды. Таң рауандап атқаннан кейін Пайғамбарымызға (с.а.у.) барып, үстіңгі қабатқа жайғасуын қатты өтінді. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Біз үшін төменгі қабат қолайлы, - деді. Әбу Айюб (р.а.):

– Сіз төменгі қабатта болсаңыздар, біз үстіңгі қабатқа шыға алмаймыз, - деді. Сөйтіп орындарын ауыстыруға разы болысты.

Әбу Айюб әл-Ансари (р.а.) өте ерекше ықылас білдіріп, қонағы Пайғамбарымызды (с.а.у.) риза ету үшін қолынан келгенін аянып қалмайтын. Әрдайым ас пісіріп, Аллаһ Елшісіне жіберетін. Тамақтың артылғаны келсе, Пайғамбарымыздың саусақтары тиген жерді тауып, тәбәрік ететін (Мүслим, Әшриба 170, 171).

***

Меккеден Мәдинаға һижрет еткен мүһажирлер де дәл сол қонақжайлықты көрген еді. Олар Мәдинаға алғаш келген күннің өзінде Ансар қадірлі қонақтарын мейман ету үшін өз араларында жарысқа түсті. Тіпті қонақтарды бөлісе алмай, жеребе тастауға мәжбүр болды (Бұхари, Жанайз 3; Мәнақибул-Ансар 46).

Кейінірек бауларын, бақшаларын, дүние-мүліктерін және басқа да нәрселерін олармен бөліскен еді.

***

Әбу Хурайра былай деп әңгімелейді:

«Бір кісі Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп:

– Мен ашпын, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әйелдерінің біріне хабар салып, жейтін бір нәрсе беріп жіберуін өтінді. Анамыз:

– Сені пайғамбар етіп жіберген Аллаһтың атымен ант етейін, үйде судан өзге ешнәрсе жоқ, - деді. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа әйелінен жейтін нәрсе сұратты. Ол да дәл солай деп жауап қайырды. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзге әйелдері де:

– Сені пайғамбар етіп жіберген Аллаһтың атымен ант етейін, үйде судан өзге ешнәрсе жоқ, - дегеннен кейін, сахабаларына қарап: – Осы түн, мына кісіні кім қонақ етеді? - деп сұрады. Ансардан біреу шығып:

– Мен қонақ етейін, уа, Аллаһтың Елшісі! - деп әлгі пақырды үйіне ертіп әкетті. Үйге барғаннан кейін әйеліне:

– Аллаһ Елшісінің қонағын күт, - деді. Кейін: – Үйде жейтін нәрсе бар ма? - деп сұрады. Әйелі:

– Тек балаларым жейтіндей ғана ас бар, - деді.

– Олай болса, балаларыңды жұбат. Дастарқанға келуді қаласа, дереу ұйықтат. Қонақ ішке кіргенде шамды сөндір. Дастарханға отырып, жеп отырған кісі тәрізді боламыз, - деді.

Дастарханға келіп, жайғасып отырды. Қонақтың қарны тойды. Үй иесі бала-шағасымен бірге аш жатты. Таңертең әлгі сахаба Пайғамбарымызға

(с.а.у.) барды. Оны көрген Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Кеше түнгі мейманға көрсеткен сыйларыңнан Аллаһ Тағала разы болды», - деді. Аса үлкен ізгіліктің үлгісі болған бұл оқиғадан кейін, мына аяттың түскендігі нақыл етіледі:

«Бұрыннан Мәдинаға қоныстанған, әрі көңілдерінде иман ұялаған жандар, өздерінің жұртына һижрет еткендерді сүйеді. Оларға (һижрет еткендерге) **берілген нәрселерге көңілдерінде кірбеңдік болмайды.** (Сонымен қатар) **өздерінде таршылық бола тұра, оларды өздерінен артық көреді»** (Хашыр сүресі, 9-аят); (Бұхари, Мәнақибул-Ансар 10, Тәпсір 59/6; Мүслим, Әшриба 172-173).

***

Әбубәкір Сыддықтың ұлы Абдуррахман былай деп баян етеді. Асхабус-суффа кедей жандар болатын. Бір күні Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Екі кісілік асы бар (Асхабус-суффадан) үшінші етіп біреуді, төрт кісілік асы бар бесінші етіп, тіпті алтыншы етіп үйіне ертіп әкетсін»*, - деді.

Хазірет Әбубәкір олардың үшеуін үйге алып келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) он кісіні үйіне ертіп әкетті. Әбубәкір (р.а.) маған қарап:

– Мен Пайғамбардың қасына кетіп барамын. Мен келгенге дейін қонақтарға қызмет ет. Астарын жегіз, - деді. Мейманларға ас әкеліп: – Алыңыздар, - дедім. Олар:

– Бұл үйдің иесі қайда? - деп сұрады. Мен оларға:

– Сіздер ала беріңіздер, дәм татыңыздар, - дедім. Олар:

– Үй иесі келгенге дейін нәр татпаймыз, - деді.

– Өтінемін! Астарыңызды жеңіздер. Әкем келгенде тамақтанбағандарыңызды көрсе, маған ашуланады, - деп қанша айтсам да, оларды көндіре алмадым.

Әкем Әбубәкір, кешкі асты Пайғамбардың (с.а.у.) үйінде жеді. Құптан намазын оқып, түннің бір уағында келді. Маған қатты ашуланатынын біліп, ол келген сәтте тығылып қалдым.

– Қонақтарды қайттіңдер? - деп сұрады. Үйдегілер болған оқиғаны айтып берді. Мұны естіген әкем:

– Абдуррахман, - деп мені шақырды. Мен дыбыс шығармай жатып алдым. Кейін қайта – Абдуррахман, - деп айқайлады. Мен үн қатпадым. Бұл жолы:

– Ұлым! Түк естімеген жанның кейпін салма! Дауысымды естісең, Құдай үшін жаныма кел, - деді. Мен қасына барып:

– Менің жазығым жоқ. Қаласаң қонақтардан сұра, - дедім. Қонақтар:

– Абдуррахман шынын айтып тұр. Бізге ас әкелді. Бірақ біз жемедік, - деді.

– Демек мені күттіңдер. Мен де бұл асты осы түнде ішпеймін, - деп ант етті. Олар:

– Аллаһтың атымен ант етеміз! Сен ішпесең, бізде ішпейміз, - деді. Хазірет Әбубәкір:

– Аллаһ жақсылықтарыңды берсін. Сендерге не болған? Берген асымызды қабыл етпейсіңдер. Кәнекей, асқа келіңдер, - деді. Ас қайта келді. Әкем асқа қолын салып, бісмілләсін айтып: «Ашу үстінде еткен антым шайтанның түртуінен болды», - деп тамаққа бас қойды. Қонақтар да жеді. Аллаһқа ант етейін, біз қолымызды ұзатқан сайын, ас арта түсті. Қонақтар тойды. Ас алғаш әкелген кейпінен көбірек болып ортада қалды (Бұхари, Мәуақит 41, Мәнақиб 25, Әдеп 87-88; Мүслим, Әшриба 176-177).

***

Пайғамбырымыз (с.а.у.) Бәдір соғысында қолға түскен тұтқындарды бір жерге жинап ұстамаған. Оларды сахабаларға бөліп берген. Әрі оларды қонақ етіп, күтулерін әмір еткен. Сахабалар өздерінің пайына түскен нанды тұтқындарға беріп, өздері құрма жеген (Ибн Хишам II, 288; Хайсами VI, 86).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) және оның сахабалары исламды үйрену үшін Мәдинаға келетін делегацияларды, өзге жандарды қонақ етіп, жақсылап күтіп жіберетін. Кейде бұл көп уақытқа созылып кететін. Өйткені келгендер Құран Кәрімді және исламды Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзінен үйренетін. Сондықтан біраз уақыт Мәдинада қалып қоятын.

Бұлардың бірі Абдулқайыс делегациясы келгенде ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) Ансардан оларды мейман етіп, күтіп жіберулерін өтінді. Ертеңіне таңертең келіп, жағдайларын сұрады. Ансардың қонақжайлығынан разы болып, болмағандығын сұрады. Олар риза еткендіктерін білдіріп: «Олар нендей жақсы бауырлар. Бізді жұмсақ төсектерге жатқызды. Тәтті әрі хош тағамдар тарту етті. Күн демей, түн демей Раббымыздың кітабын, Пайғамбарымыздың сүннетін үйретуде», - деді.

Бұл Пайғамбарымызға (с.а.у.) қатты ұнап, қуанып қалды. Кейін Пайғамбарымыз (с.а.у.) олардың әрбірін жеке-жеке тексеріп, жаттаған әттахият, фатиха және басқа сүрелерді, үйренген сүннеттерін өзі тыңдап шықты (Ахмед III, 432).

Мәдинада осы тәрізді он күн немесе одан көп қалып қоятын делегациялар үшін арнайы қонақ үйлер ашылды. Абдуррахман ибн Ауфтың үйі осы

мақсатта қолданылатын. Рамла бинти әл-Харистің құрма бауларының арасында салынған кең әрі әдемі үйі де осы бағытта қолданылғандығы нақыл етіледі (Каттани I, 347).

***

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) әйелдері, қадірлі аналарымыздың бөлмелерінен қонақ үзілмейтін. Олар әйел сахабаларды қонақ ету үшін, Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) рұқсат сұрап алған еді. Әйел сахабалар діни мағлұматтарды үйрену үшін қадірлі аналарымызға жиі келетін. Аналарымыз оларды әрдайым жылы жүзбен қарсы алып, олармен шұғылданатын.[221]

***

Қонақжайлықтың қайтарымын көрсететін мына уақиға нендей керемет.

Хазірет Хасан, Хазірет Хұсейн және Абдулла ибн Жаппар (р.а.) қажылық үшін, Мәдинадан сапар шеккен еді. Жолда заттарын жоғалтып алады. Аш әрі сусыз қалады. Шөлде құрылған бір шатырды көріп, соған жақындайды. Шатырдың ішінде тек кәрі бір әйел бар екен. Әйелден:

– Ішетін сусыныңыз бар ма? - деп сұрайды. Әйел:

– Бір қойым бар. Сүтін сауып ішіңдер, - дейді. Сүтті ішіп алғаннан кейін, аш екендіктерін айтып, – жейтін нәрсеңіз бар ма? - деп сұрайды. Әйел:

– Осы қойдан басқа ешнәрсеміз жоқ. Сойып беріңдер, сендерге ас пісіріп берейін, - дейді. Қойды сойып, тамақ әзірлетіп тойып алады. Кететін кезде:

– Біз Құрайыш руынан боламыз. Қажылыққа бара жатырмыз. Мәдинаға аман қайтсақ, бізді тауып ал! Жасаған жақсылығыңыздың қайтарымын өтейік, - десті. Кешке әйелдің күйеуі келді. Болған уақины естіп, ашуға мініп:

– Өзің танымайтын әлдекімдерге қойды қалай жегіздің? Құрайыштың бірнеше кісісі дейсің. Оларды қалай тауып алмақпыз? - деді.

Бұл жанұя біраз уақыт өткеннен кейін Мәдинаға көшуге мәжбүр болды. Маңайдағы тезекті теріп, соны сатып күн көретін. Бір күні Мәдина көшелерінің бірінен өтіп бара жатқанда Хазірет Хасанның үйіне тап болды. Есіктің алдында отырған Хасан (р.а.) әйелді бірден таныған еді. Әйел оны тани алмады. Дереу орнынан тұрып, әйелге жақындап жасаған жақсылығын айтып, әйелге көптеген алтын және қой тарту етті. Әрі Хазірет Хұсейннің үйіне жіберді. Ол да дәл сондай сыйлықтар берді.

221. Бұхари, Иман 32, Тәһажжуд 18; Муслим, Мусафирун 221.

Кейін Хазірет ибн Жағфардың үйіне жол нұсқады. Ол Хазірет Хасан мен Хазірет Хүсейннің бергеннің екі еселсін әйелге сыйға тартып:

– Алдымен оларға барғаныңыз дұрыс болыпты. Өйткені әуелі маған келгеніңізде, олар қиналып қалатын еді, - деді (Ғазали, Кимиауыс-Сағада 463-464 бет).

Мәдениетіміздегі «құдайы қонақ» түсінігі, қадірлі халқымыздың қонаққа берген бағасын, оған жасаған құрметін көрсетуге жеткілікті. Ата-бабамыздың жомарттық сезімдерінің кеңдігі соншалық, келген қонақты күту үшін өзара жарысқа түсетін. Он төртінші ғасырда бүкіл ислам әлемін шарлап шыққан, әйгілі тунистік саяхатшы ибн Баттутаның өз көзімен көрген мына уақиға нендей ғажап. Ибн Баттута жолдастарымен бірге Анадолыны кезіп жүргенде, ол кезде «Ладик» деп аталған Теңізшіге соғады. Мұнан кейінгісін өзі былай әңгімелейді:

«Қалаға кіріп, базар тұсынан өткенімізде дүкендерден шыққан бірнеше кісінің, көліктерімізді бұрып жіптеріне жабысқанын көрдік. Басқа бір топ кісі келіп, оларды тоқтатты. Кейін талас туды. Сөйлегендерін түсінбегендіктен қорқа бастадық. Бұлар қарақшы Гермиандар әрі мына қала да солардікі деп ойладық. Дүние-мүлкімізді тартып алып, өзімізді өлтіреді-ау деп қатты қайғырдық.

Кейін Аллаһ Тағала бізге арабша білетін, қажылыққа барып келген адам жіберді. Одан мыналар не қалайды деп сұраттым. Бұлардың Ахи дәруіштері екендігін айтты. Бізбен алғаш кездескендер Ахи Синанның, ал кейіннен келгендердің Ахи Думанның дәруіштері екен. Екі жақта бізді өз «зауияларында» қонақ болуымызды қалағандықтан осы тартыс туған екен. Олардың орасан зор қонақжайлығына таңданбау қолдан келмеді. Әйтеуір істі жеребе тастап шешетін болып екі жақ келісті. Кімге жеребе түссе алдымен соның «теккесіне» барып, қонақ болуымыз қарарластырылды. Жеребе Ахи Синанға түсті. Ол мұны естіп, жанына бірнеше дәруішті ертіп, бізді қарсы алды. Оның «теккесіне» қонақ болып түстік. Бізге алуан түрлі тағамдар тарту етті.

Біраз тыныққаннан кейін Ахи Синан бізді моншаға ертіп апарды. Маған жеке өзі қызмет етті. Басқа дәруіштердің үш-төртеуі бір жолдасыма қызмет етті. Моншадан шыққаннан кейін үлкен дастарқан жайды. Тамақтан соң, дауысы әдемі қарилардан Құран тыңдадық. Зікірлер айттық. Ертеңіне Ахи Думан және оның муридтерінің бізді алып кету үшін дайын тұрғандықтарын көрдік. Ол жерде көптеген жомарттықты көзіміз көрді».[222]

***

222. Ибн Баттута, «Рихлату ибн Баттута», Бейрут, 305-306 бет.

Әулие Шалабидің Сокуллы Мехмет пашаның уақфиясындағы қонақ үйлерге қатысты берген мағлұматы нендей керемет.

«Егер түннің ортасында сырттан қонақ келсе, есікті ашып ішке алсын. Әзір тұрған тағамды тарту етсін. Алайда жиһан төңкерілсе де сыртта ешкімді қалдырмасын. Таңертең қонақүй қызметшілері тәллалдар тәрізді (базарда айқайлап, зат сататындар): «Ей, Мұхаммед үмбеті! Малыңыз, жаныңыз, атыңыз және киімдеріңіз түгел ме? Қандай да бір мұқтаждықтарың бар ма?» - деп жар салсын. Қонақтардың барлығы: «Иә, түгел. Аллаһ Тағала игілік иесіне мейірімділік танытсын», - деп айтқандарында, есік қызметшілері шапақ уақытында қақпаларды айқара ашып: «Абай болыңдар. Кілемдеріңді жоғалтып алмаңдар. Танымайтын біреулерді өздеріңе жолдас етпеңдер. Алға басыңдар. Аллаһ жеңілдік нәсіп етсін», деп дұға етіп, насихатпен шығарып салсын».

***

Л. Х. Деламерре Османдық қоғам өмірінен көрген естеліктерінде былай дейді: «Стамбул маңындағы саяхаттарымда, мен әрдайым бұл халықтың сыпайылығы мен қонақжайлығына куә болдым. Кездескен түріктің кез келгенінен жол сұрасам, дереу маған жол көрсетіп, ішіп-жейтін нәрселер жайында қолынан келгенін аямайтын. Олардың күллі іс-әрекетінде кәміл адамшылық пен ақсүйектік байқалатын.

Доктор А. Брайердің алған әсері мынадай:

Османдықтарда ерекше бір рух бар. Соның арқасында олар әрбір құдайы қонақты үлкен нығмет деп бағалайды.

Үй иесі, қонағына үйінің ең жақсы бөлмесін беріп, барша қызметін шын пейілімен атқарады. Тіпті қонақ сырқаттанып қалса, дәрігердің ақшасын да төлейді. Өйткені қонаққа қаражат жұмсаттыруды ұят деп санайды. Қонақ үйден кетерде, үйіне түсіп, сыпайылық танытқандығына алғыс әрі естелік ретінде үй иесі оған бірнеше сый тарту етеді».

***

Қысқасы, Хақ Тағаланың разылығы үшін көрсетілген қонақжайлық Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірудің жемісі болып табылады. Қонақ күту, бұл дүниеде жақсылық, береке, молшылыққа себеп болуымен қатар, о дүниеде аса маңызды бақыт қоймасы екендігі хақ. Ата-бабамыз қонаққа жұмсалған қаржының, мүлікті азайтпайтындығын іс жүзінде көргендіктен: «Қонақ өз нәсібімен келеді», - деген. Сонымен қатар қонақ күтемін деп шығынға түспеу үшін «Қонақ қалап келгенін емес, тапқанын жейді», - деп айтқан. Бұл түсінікке ие болған мұсылмандар, шығынға кірмегендіктен әрқашан қонақ күтуден қашпаған. Әрдайым Аллаһтың құлдарына сый-құрмет көрсетіп өткен.

11. ӘДЕП

Әдептің ислам дініндегі орнының орасандығы соншалық, оны қысқаша таныту үшін «Ислам дегеніміз – әдеп» дей аламыз. Өйткені Аллаһқа және Оның Елшісіне бас иіп, істелген істердің барлығы құлшылыққа жатумен қатар, әдеп болып табылады. Тыйым салынған нәрселерге келсек, олар әдепке теріс келетін жағымсыз нәрселер.

Ақыл мен даналыққа сүйеніп, Құран Кәрімге көз жүгіртсек ең көп қолға алынған мәселенің әдеп және көркем ахлақ екендігін байқаймыз. Тіпті ондағы тарихи қыссалардың өзі әдеп және көркем ахлақты, яғни жақсы мәміленің кемелдігін көрсету үшін айтылған. Хазірет Мәулана бұл ақиқатты былай деп жеткізеді:

«Көзіңді аш! Аллаһтың кәламына бастан-аяқ көз таста. Құранның әрбір аяты әдеп тәлімінен тұрады».

Құлдарына әдеп пен нәзіктікті өсиет еткен Аллаһ Тағала, бұларға қайшы келетін барша жамандыққа тыйым салады: **«Шын мәнінде Аллаһ әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Арсыздыққа, жамандыққа және шектен шығуға тыйым салады. Сендер түйсінер деген оймен, сендерге насихат етеді»** (Нахыл сүресі, 90-аят).

Басқа бір аятта Аллаһ Тағала әдепті құлдарына кешірім жасайтындығын білдіріп, былай дейді: **«Ұсақ-түйек күнәларынан тыс, үлкен күнәлардан, арсыздықтардан аулақ болған жандарға, шүбәсіз Раббыңның кешірімі мол!»** (Нәжім сүресі, 32-аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына барша жақсы әдепті үйретіп кеткен. Сондықтан дініміздің, адамның кез келген сәтіне, әрекетіне қатысты әдеп қағидалары жетерлік. Бұлардың кейбірінің үкімі парыз, бағзысының үкімі сүннет яки мұбах. Барлығы адамзат баласының абыройына дақ салмау, арын таптамау, осылайша дүниелік әрі ақыреттік бақытымызды қамтамасыз ету үшін қойылған. Бір сұлтанның немесе биік мәртебелі кісінің құзырындағы жан, күнделікті қарабайыр әрекетін жасамайды. Сол мақамдарға қатысты әдептерді толықтай орындауға тырысары хақ. Әулие кісілерде әрдайым Аллаһтың назарында болатындықтарын түйсінгендіктен, әрқашан әдепке үлкен мән береді. Осылайша әдептілік олардың барша саналы ғұмырынан тиесілі орнын алады. Өйткені олар кез келген жер мен уақытта Аллаһ Тағаланың құзырында екендіктерін пердесіз әрі дәлелсіз сезінетін жандар. Яғни, олар: **«Ол, қайда болсаңдар да** (әрдайым) **сендермен бірге»**, деген аяттың ақиқатын ұғынған жандар болып табылады (Хадид сүресі, 4-аят).

Хақ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Олар әрқашан намазға үлкен мұқияттылық көрсетеді» (Мағариж сүресі, 34-аят).

«Олар әрдайым намазын оқиды» (Мағариж сүресі, 23-аят).

Хазірет Мәулана осы аяттардың мағынасына жақын: «Құл намаздағы халін, намаздан кейін де бұзбайды. Осылайша барша өмірін, әдептілікпен Аллаһ Тағаланың қаһарынан қорқумен өткізеді. Тілі мен ішкі жан дүниесін күллі жамандықтан қорғап өтеді. Бұл ақиқи әулиелердің халі», - дейді.

Әдеп, иманның кемелденуімен дүниеге келеді.

Әдеп, кісіні хайуандық сипаттардан арылтып, хақиқи адами ерекшеліктерін бойына сіңіруіне септігін тигізеді. Хақиқи мұсылманшылық ислам әдебін үйреніп, іс жүзінде қолдану арқылы ғана іске асады.

Әдеп, әдепсіз жанның әдепсіздігіне сабырлық таныту.

Әдеп, рух пен ішкі жан дүниенің көркі.

Әдеп, кез келген іс жүзеге асырылғанда қолданылатын метод, әдіс. Әдіс, метод қолданбастан істі жүзеге асыру мүмкін емес. Сол секілді әдептілікті пайдаланбай, хақиқи адамгершілік деңгейіне жету де мүмкін емес. Өйткені адам баласы денесімен емес, рухани байлығымен бағаланады.

Әдеп, ақыл мен ізгіліктің көзге көрінетін сыртқы бейнесі болып табылады. Өйткені әдеп, адамгершілік ақыл мен ізгіліктен туады.

Муминнің әдеп және көркем ахлақ тұрғысынан жоғары деңгейде болуы, оның иманының кемелдігін көрсетеді.[223] Яғни, әдеп кәміл иманның айнасы болып табылады.

Әдеп, кісінің қиын жағдайда паналайтын баспанасы. Оның маңыздылығын ибн Аббас (р.а.): «Абыройларыңды қорғап тұратын бекініс, ол – әдеп», - деп жеткізеді.

Әдеп, кәміл жандардың өзгеге шуағын шашатын көктемі. Әдеп, кісінің өз ортасында абыройлы болуына үлесін қосады. Сондықтан ғаламдағы барша ұлық кісі: «Кісінің бойында әдептің болуы, оның дүниенің күллі байлығына ие болуынан артық», - деп әдептің маңыздылығына тоқталып өткен.

Әдеп – шайтанның қас жауы. Өз балаларына әдепті үйретпеген атаана шайтанның сүйінуі мен дұшпандарының табалауына тап болады.

Әдеп негіздерінің бірі, кісінің өз шегін біліп сақтанып жүруі болып табылады. Бұған ел аузында жүрген: «Ғұламаның жанында тіліңе, әулиенің қасында жүрегіңе, дастарқанның басында қолыңа, қонақта көзіңе ие бол», - деген ұлағатты сөз айғақ бола алады.

223. Әбу Дәуіт, Сүннет 15/4682.

Әдеп кісіні материалдық және рухани тұрғыдағы күллі жамандықтан қорғайды. Мұны бір шайыр:

Әдеп Аллаһ Тағаладан келген тәж,

Киіп алып, күллі жамандықтан аман қал, - деп жеткізеді.

Сондықтан медреселердің маңдайшасына көркем жазумен «Уа, Раббым әдеп бер!» деп жазылып ілініп қойылған.

Әдеп кез келген істің негізі болып табылады. Мұны тағы бір шайыр:

Әдебиетшілердің арасында талаптандым,

Шеберліктің, іскерліктің жолынұстандым.

Сонда да нәтижесі болады екен,

Тек қана әдептікпен, әдептікпен, - деп жеткізеді.

Әнәс ибн Мәлік (р.а.): «Амалда әдеп байқалса, оның қабыл болуына ишарат бар», - дейді.

Әулиелер: «Құлшылық кісіні жәннатқа апарады. Ал құлшылықтағы әдеп пен тағзым Аллаһқа апарады, Хақ Тағалаға жақындатады», - деп айтып өткен.

Демек, көркем ахлақтың ең ұлығы, әдептің ең кереметі діндегі әдеп, яғни, Хақ Тағалаға көрсетілетін әдеп болып табылады екен. Тасауфтың насихат етер негізгі қағидасы, мақсаты да осы. Міне осы мақсат негізінде кез келген жан «ихсан» дәрежесіндегі кемелдікке қол жеткізеді.

Ибн Аббас (р.а.): «Әдептің басы – қуаныш немесе қайғы-қасіретте Аллаһ Тағаланың әміріне бас иіп, тыйым салғанынан аулақ болудан басталады», - дейді.

Ал Хазірет Мәулана:

«Иман деген не?» - деп ақылымнан сұрадым. Ақылым жүрегімнің құлағына иіліп: «Иман әдептен құралады», - деп сыбырлады. Әдепсіз кісі, Аллаһтың игілігінен мақұрым қалады», - дейді

Аллаһқа көрсетілетін әдептен кейін, Оның Елшісіне әдептілік таныту келеді. Хақ Тағала атап айтсақ «Хужурат» сүресінде және басқа да аяттарда мүминдерге Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) әдептілілік танытуды әмір етеді.

Міне осындай әдеп тәрбиесі ұстаздан шәкіртке, әке-шешеден балаға жалғасып барша махлұқатты қамтиды.

Суфиян Сәури (р.а.): «Көркем әдеп Аллаһ Тағаланың қаһарын сөндіреді», - дейді.

Сонымен қатар аталмыш ғұлама: «Мына үш қасиет бойында болған кісі, мақұрым қалмайды. Олар:

1. Әдепті болу

2. Әдепті кісімен мәжілістес болу

3. Өзге жанды ренжітуден аулақ болу», - дейді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Аллаһ Тағала жағымсыз іс-әрекеттер жасайтын, жаман сөз сөйлейтін жанды жақсы көрмейді»*, - дейді (Тирмизи, Бирр 62/2002).

Аллаһ Құран Кәрімде: **«Иман келтіргендердің арасында арсыздықтың жайылуын тілеген жандарға бұл дүниеде және о дүниеде күйзелтуші азап бар»**, - дейді (Нұр сүресі, 19-аят).

Ұяттың аздығы және әдепсіздік иман әлсіздігі мен діни сауатсыздықтан өрбиді. Сондықтан әдептіліктің ауылынан ұзақ болған жандар, Аллаһ Елшісінің әдебінен мақұрым қалғандар болып табылады.

Мұны бір шайыр:

«Әке-шешесінен айрылған жан жетім емес.

Жетім дегенің, әдептен мақұрым қалған жан», - деп жеткізеді.

Әдеп, көркем ахлақтың шыңы. Аллаһтың кез келген жанға жасаған ең үлкен жақсылығы, игілігі оған көркем ахлақты нәсіп етуі болып табылады.[224] Қиямет-қайымда мизанда салмағы ауыр тартатын сауабы ең мол амал, тағы да осы көркем ахлақ.[225] Әрі Аллаһ және Оның Елшісі (с.а.у.) сүйген кісісі, әдепті кісі. Ақыретте Пайғамбарымызға ең жақын отыратын жан да әдепті кісі.[226] Демек әдеп, кісіні пейішке кіргізуге септігін тигізетін құрал екен ағайын! Мұны жадымыздан шығармалық![227]

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) адамзат баласының ең сыпайысы, ең нәзігі, ең биязысы болатын.[228] Көркем ахлақы ерекше еді. Әрдайым күлімсіреп жүретін. Гүл тәрізді әсем, ұяты жоғары еді. Сөйлеген сөзінде немесе істеген әрекетінде ешқандай терістік байқалмайтын. Ол мұнымен шектеліп қалмай, жағымсыз болып табылатын барша нәрсеге мән бермейтін. Көшеде, базарда айқайлауды, жамандыққа жамандық жасауды ешқашан дұрыс көрмейтін. Қателіктерді кешіретін. Теріс қылық көрсе, бетін бұрып әкетіп, ол жерден кетіп қалатын.[229] Үмбетінің адамдардың арасында, жүздегі әдеміліктің нышанын білдіретін «мең» (яғни кісінің

224. Ибн Мәжә, Тыб 1.
225. Әбу Дәуіт, Әдеп 7/4799.
226. Тирмизи, Бирр 71/2018.
227. Тирмизи, Бирр 62/2004.
228. Ибн Сағд I, 365.
229. Тирмизи, Бирр 69.

жүзін әсемдей түсетін) тәрізді болуын қалайтын еді (Әбу Дәуіт, Либас 25/4089).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жолда келе жатып бір адамға кездесті. Ол кісі ұяты мол бауырына ұрсып: «Сен ұялып жүрсің. Әдептісің. Бірақ мұның саған залалы тиеді. Істерің алға баспайды», деген сияқты сөздерді айтып бұл мінезінен арылуын айтып жатыр екен. Мұны естіген Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Оған тиіспе. Өйткені, ұят – имандылықтың белгісі»*, - деді (Бұхари, Әдеп 77, Иман 16; Мүслим, Иман 57-59).

Сахабалардың дегеніне сүйенсек, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үстіне жамылғысын жауып алған бойжеткен қыздан да өте ұятты және әдепті еді (Бұхари, Әдеп 77).

***

Бір топ яһуди Аллаһ Елшісінің жанына келіп: «Әс-саму алейкум» (Жер құшыңдар, өліңдер), - десті. Мұны естіп қалған Айша анамыз: «Сендер жер құшыңдар! Аллаһтың лағынеті мен қаһарына ұшыраңдар», - деп айқайлады.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Тыныштал Айша! Нәзіктік және жұмсақтық таныт. Қатігездік пен жамандықтан сақтан! - деді. Хазірет Айша анамыз (р.а.):

– Не айтқандарын естімедіңіз бе? - деп сұрады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Сен менің оларға не деп жауап бергенімді естімедің бе? Өз сөздерін өздеріне қайтардым. Менің олар жайындағы дұғам қабыл етіледі. Ал олардың маған қарсы жасаған дұғалары қабыл етілмейді»*, - деді (Бұхари, Әдеп 38).

***

Әнәс ибн Мәлік (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) әдебі мен көркем ахлағын былай деп сипаттайды.

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) ешқашан біреуді балағаттамайтын. Мубарак аузынан жаман сөз шықпайтын. Біреуді лағнеттемейтін. Арамыздағы біреуді тәртіпке салғысы келсе тек: «Аллаһ игілігін берсін! Оған не болған?» - деуші еді» (Бұхари, Әдеп 38, 44).

***

Сүлеймен ибн Сурад (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жанында отырған едім. Кенет екі кісі бір-бірімен ұрысып, балағаттасып жатты. Біреуінің ашуға қатты мінгендігі соншалық қып-қызыл болып, күре тамыры адырайып шығып кетті. Мұны көрген Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Мен, мына кісі оны

айтса, бойындағы ашуы тарайтын бір сөзді білемін. Егер ол: *«(Аллаһтың рақымдылығынан) қуылған шайтанның (жамандығынан) Аллаһқа сыйынамын»*,-деп айтса бойындағы ашуы тарайды», - деді.

Сол жерде отырғандар Аллаһ Елшісінің осы насихатын әлгі кісіге жеткізді (Бұхари, Бәд-ул-Халқ 11, Әдеп 44, 76; Мүслим, Бирр 109; Әбу Дәуіт, Әдеп 3).

***

Яһудилердің қадірлі бірнеше кісісі, дуалаумен аты шыққан мұнафық Ләбид ибн Ағсамға ақша беріп Аллаһ Елшісін (с.а.у.) дуалауды өтінді.

Яһудилермен келіскен Ләбид, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бірнеше тал шашын қолға түсіріп, бірнеше түйін етіп үрледі. Түйілген және үрленген шаштарды, еркек құрманың кеуіп қалған гүлінің қауашағына салды. Кейін оны бір құдықтың ішіндегі баспалдық тасының астына тығып қойды. Бұл дуалаудан кейін Аллаһ Елшісі сырқаттанып қалды. Көзінің нұры азайды. Ауруы үдей түсті. Ішіп-жеуден қалды. Қатты қиналды.

Аллаһ Тағала бұл дуалаудың кім істегендігін, қалай жасалғандығын, қай жерге жасырылғандығын Аллаһ Елшісіне білдірді. Кей дерек көздерінде, Аллаһ «Фәлақ және Нас» сүрелерін түсіріп, дуаның әсерін жойды.

Дертіне шипа табылып, сауығып кеткен Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Ләбидтің жүзін көрмеді. Оның ауыр кінәсін бетіне баспады. Өміріне қауіп төндірген Ләбидті яки оның руы Бәну Зұрайықтан ешкімді өлтіртпеді.[230]

Хазірет Айша анамыз Пайғамбарымызға (с.а.у.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Дуалаған кісіні тауып алып, масқара етпейсіз бе?» - деді. Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Аллаһ Тағала маған шипа берді. Мен адамдарға жамандық жасауды немесе оларға нашар мәміле жасауды қаламаймын», - деп жауап берді (Бұхари, Әдеп 56).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жазалауға шамасы жетіп тұрса да, өзіне қастандық жасаған кісіге кешірім жасаған еді. Тіпті қандай бір сөз яки ишаратпен кінәсін бетіне баспады. Өйткені Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұсылман, кәпір деп бөлместен ешкімге жамандық ойламайтын. Барша жанға үлкен әдептілік танытып, сыпайылықпен мәміле жасайтын.

Сонымен қатар, Пайғамбарымыз (с.а.у.) барша адамзат баласы үлгі алу үшін жіберілгендіктен, адамның басынан өтетін кез келген уақиғаның бірі оның басынан өту арқылы күллі адамзат баласына үлгі болды. Әйтпесе Хақ Тағаланың оны дуа тағы да басқа нәрселерден қорғап қалуға шамасы жетер еді.

230. Ибн Сағд II, 197; Бұхари, Тыб 47, 49; Мүслим, Сәлем 43; Нәсай, Тахрим 20; Ахмед IV, 367, VI, 57; Айни XXI, 282.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдардың қателігін түзегенде, оны тікелей бетіне айтып салмайтын. Жалпы көпшілікті қамтитын сөздерді қолданып, «Сөз иесін табады» демекші кінәлінің қажетті хатын алуын күтетін. Хазірет Айша (р.а.): «Бір күні Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір үкімді жүзеге асырды әрі бұл мәселе жөнінде адамдарға рұқсат берді. Бірнеше кісі мұны іске асырудан тартынды. Бұл хабар Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) жеткенде, дереу мінберге шықты. Әуелі Аллаһқа мадақ айтып: «Бәз біреулерге не болған? Менің істегенімді істеуден тартынып жүрген секілді. Уаллаһи, мен Аллаһты олардан жақсы білемін. Әрі Аллаһтан олардан артық қорқамын», - деп хұтпа айтты (Бұхари, Әдеп 72).

***

Мұқатил (р.а.) нақыл еткен төмендегі мына уақиға бізге тамаша мәжіліс әдебін тәлім етеді.

Бір жұма күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Суффада болатын. Ол жер тарлау жер еді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мұхажир мен Ансардың ішінен Бәдір жорығына қатысқандарды ерекше жақсы көретін. Олардың арасындағы бәз біреулер сол күні мәжіліске кешігіп келді. Біреулер орын берер деген үмітпен жерге отыра алмай, Пайғамбарымызды (с.а.у.) тұрып тыңдады. Бірақ орын бере қояр ешкім табылмады. Мұны көрген Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұңайып: «*Бауыры үшін орын ашқанға Аллаһ мейірімділік танытсын*», - деп дұға етті. Сахабалар дереу орындарынан тұрып, келген бауырларына орын бере бастады. Осы уақиғадан кейін, жұма күні төмендегі мына аят түсті:

«Уа, иман келтіргендер! Мәжілістерде сендерге: «Орын беріңдер!» - деп айтылғанда орын беріңдер! Аллаһ Тағала да сендерге кеңшілік танытады. Әрі сендерге: «Тұрыңдар!» - деп әмір етілгенде тұрып кетіңдер! (Сол арқылы) **Аллаһ араларындағы иман келтіргендер мен білім берілгендердің дәрежесін көтереді. Аллаһ барша істеген іс-әрекеттеріңнен хабардар»** (Мүжәдәла сүресі, 11-аят); (Уақиди 431-432; ибн Кәсир IV, 347).

***

Ардақты сахабалардың әдебі мен сыпайылығын көрсететін төмендегі мына уақиға нендей ғибратқа толы.

Хазірет Омар (р.а.) қанжармен пышақталып, төсек тартып қалды. Ұлы Абдулланы шақырып: «Мүминдердің анасы Айшаға (р.а.) бар. Омар саған сәлем айтып жатыр деп айт. Мүминдердің әміршісі деп айта көрме. Бүгіннен бастап мен мүминдердің әміршісі емеспін. Оған Омар ибн Хаттаб екі досының жанына жерлену үшін сенен рұқсат сұрап жатыр», - деп айт», - деді.

Абдулла мұнан кейінгі болған уақиғаны былай деп жеткізеді.

«Хазірет Айшаның үйіне барып есігін қақтым. Кіруге рұқсат сұрадым. Рұқсат берілгеннен кейін, сәлем беріп бөлмесіне кірдім. Айша (р.а.) жылап отыр екен. Оған қарап: «Омар саған сәлем айтты. Екі досының қасына жерлену үшін сенен рұқсат сұрап жатыр», - дедім.

Хазірет Айша анамыз (р.а.): «Аллаһ Елшісінің жанында қалған бір кісілік орынды өзім үшін дайындаған едім. Бірақ бүгін Омарды өзімнен артық көремін», - деді. (Аллаһ Елшісі (с.а.у.) және Хазірет Әбубәкір (р.а.) Айша анамыздың бөлмесіне жерленген болатын. Айша (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.у.) және әкесінің қасына жерленуді қалап жүрген болатын. Бірақ үлкен қайырымдылық жасап, өз орнын Хазірет Омарға (р.а.) берді).

Абдулла үйіне кері қайтты. Үйге кіріп келгенде Хазірет Омарға:

– Міне Абдулла келді, - деп айтылды. Омар (р.а.) не болды екен деп алаңдап:

– Мені тұрғызыңдар, - деді. Бір кісіге сүйеніп орнынан тұрып:

– Қандай хабар әкелдің? - деп сұрады. Ұлы:

– Тілегің орындалды. Хазірет Айша (р.а.) рұқсат берді, - деп жауап берді. Омар (р.а.):

– Құдайға шүкір! Бұдан артық еш нәрсе көзіме ілінбей жүр еді. Кеудемнен жаным шыққанда, мені сол жерге апарыңдар. Хазірет Айшаға қайтадан сәлем беріп: «Омар рұқсат сұрап тұр деп айтыңдар. Егер рұқсат берсе, бөлмеге алып кіріңдер. Ал егер рұқсат бермесе мені мұсылмандардың мазарына апарып жерлеңдер, - деді.

Олар Омар (р.а.) қайтыс болғанда, оны көтеріп Хазірет Айшаның бөлмесіне апарды. Абдулла (р.а.) Айша анамызға сәлем беріп: «Омар рұқсат сұрап тұр», - деді.

Қадірлі анамыз: «Ішке алып кіріңдер», - деді. Омардың денесі дереу ішке кіргізіліп, Хазірет Айшаның (р.а.) бөлмесінде, екі қимас досының қасына жерленді (Бұхари, Асхабун-Нәби 8, Жанайыз 96, Жиһад 174, Тәпсір 59/5, Ахкам 43).

***

Хазірет Дәуіт Тай былай деп әңгімелейді:

«Жиырма жыл Әбу Ханифаның қасында болдым. Осы уақыт ішінде оның жалғыз яки біреулермен отырғанда жалаңбас отырғандығын, немесе демалу үшін аяқ созып отырғандығын еш көрмедім. Мен оған: «Жалғыз отырғанда аяғыңды ұзатқанда тұрған не бар?» - деп сұрадым.

Маған қарап: «Хақ Тағаланың алдында әдепті болу абзал», - деп жауап берді.

***

Сұлтан I Ахмет хан, өзінің мешітін алты мұнаралы етіп салғанда Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) құрметіне Пайғамбар мешітіне тағы бір мұнара қосқан болатын (Илбер, Ортайлы, Османлыйы иениден кешфетмек 150 бет).

***

Ата-бабамыз әдеп, абырой және намыс мәселелерінде күллі әлем қайран қалатын ерекше көркем ахлақты жер-жаһанға паш еткен болатын. Бұл ақиқатты өз дінін қатты ұстанған протестант епископ Саламон Шуайгер саяхатнамасында мұсылмандарды таныстырғанда былай деп жеткізеді:

«Бұлар тіпті моншада үстіне орамал жауып жүреді. Нендей әдепті адамдар. Бұл әдеп пен намысты мына варварлардан үйренуіміз қажет» (Илбер, Ортайлы, Османлыйы иениден кешфетмек 88 бет).

***

Қысқасы, әдеп Исламның адамдарға тәлім еткен ең маңызды ұстанымдарының бірі болып табылады. Алтын мен күмістің құны жоғалуы мүмкін, ал әдептің құны ешқашан жоғалмайды. Сондықтан мұсылмандар мұсылманшылықтың әдеп қағидаларын үйренулері қажет. Оларды сөз жүзінде қалдырмай, іс-әрекетімен өрнектеулері ләзім. Сонымен қатар әдеп қағидаларын бойларына сіңіргеннен кейін, өзге жандарға үлгі болулары керек.

Әдепті тәркету, адамды хайуаннан бетер етеді. Онымен шектеліп қалмай адамды мәңгілік бақытсыздыққа бастайтын ғапылдық болып табылады. Өйткені әдепсіздік түбі жоқ құдық секілді, түбіне жете алмайсың. Әдепсіз кісі күннен-күнге оның тереңіне бата береді. Кісі өз нәпсісінің дегеніне көнсе, ертеңіне оның басқа бір қалауына ереді. Осылайша кісі нәпсісінің соңынан ере беретін болса, һәм материалдық һәм рухани тұрғыдан залал көреді. Әдепсіздіктің жайылуын тілеген адамдардың зияны өздерімен шектеліп қалмай қоғамның да бұзылуына септіктерін тигізіп, үлкен күнәнің астында қалады. Ал Аллаһтың құзырында көретін азаптары одан да бетер.

Хазірет Мәулана былай дейді:

«Хақ Тағаладан әдепті болуды нәсіп етуін тілейік. Өйткені әдепсіз кісі, Аллаһтың игілігінен мақұрым қалады. Әдепсіздің зияны, өзімен ғана шектеліп қалмай, барша жерді өртейді.

Досына опасыздық жасаған, басқа жанға да опасыздық жасайды. Мұндай жан қорқақ болып табылады. Кімде-кім әдептіліктен бас тар-

тып, әдепсіздікке ден қойса, соңы жақсы болмайды. Қайғы мен өкініштің көлінде жүзеді. Ғарыш, әдептілігінің арқасында нұрға бөленді. Періште әдептілігінің саясында күнәсіз, пәк болды. Ал Ібілістің Хақ Тағаланың мейірімінен қуылуы, әдепсіздік танытуынан туындады».

«Егер шайтанның көзін құртуды қаласаң, көзіңді аш. Шайтанның түбіне жететін әдеп. (Мұны есіңнен шығарма) Адам баласының бойында әдеп болмаса, ол адам емес. Өйткені адам мен хайуанды бір-бірінен айыратын нәрсе әдеп болып табылады».

Сондықтан кез келген мұсылманның әрбір сөзі, іс-әрекеті ислам діні сыйға тартқан әдеп қағидаларына сай болуы қажет. Оның бойынан имандылықтан туатын биязылық, сыпайылық байқалуы керек. Хақ Тағалаға сонымен қоса кез келген жанға әрдайым әдепке сай мәміле жасауы ләзім. Тіліне, көзіне, құлағына, жүрегіне ие болып, барша ағза мүшесіне әдептіліктің шегінен шықпауды үйреткені дұрыс. Сонымен қатар әрдайым Аллаһ Тағаланың бақылауында болатынын жадынан шығармауы тиіс.

Осылардың ішінде мұсылмандар үшін маңыздылығы ерекше нәрсе «тілге ие болу» екендігі хақ. Яғни, қашан, қаншалықты, қай жерде және қалай сөйлеу керектігін біліп жүрулері қажет-ақ. Сол жайлы сөз қозғайық.

А) СӨЙЛЕСУ ӘДЕБІ

Ойлану және сөйлеу, адамды өзге жандылардан айырып тұратын ерекшелік. Бір кісінің сөйлеуі оның ақыл деңгейін, ойлану қабілетін көрсетіп тұратын айна секілді. Яғни, адамды адам ететін қызыл тіл. Оның бақыты да пәлекеті де алдымен тіліне байланысты. Сондықтан кез келген жан сөйлегенде өте сақ болуы қажет. Қателік жасамауға күш салуы тиіс.

Сөз сөйлегенде ең үлкен құрмет Аллаһ Тағалаға және Оның Елшісіне жасалуы керек. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) разы болмайтын халге түсу, мүминдер үшін үлкен қауіп болуы әбден мүмкін.

Хақ Тағала мүминдерге: **«Уа, иман келтіргендер! Аллаһтан әрі оның елшісінен ілгері кетпеңдер!** (Сонымен қатар) **Аллаһтан қорқыңдар! Шүбәсіз Аллаһ** (барша нәрсені) **естиді, біледі. Уа, иман келтіргендер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан асырмаңдар! Өзара бірбіріңе дауыстағандай, Пайғамбарға дабырлап сөйлемеңдер!** (Әйтпесе) **амалдарыңның босқа жойылып кеткендігін аңғармай қаласыздар!»** (Хұжурат сүресі, 1-2 аяттар), - деп ескерту жасайды.

Яғни, мүмин әрдайым өз шегін біліп, Аллаһтың және Оның

Елшісінің (с.а.у.) алдына түспей бір мәселе жайында (Аллаһтың және Пайғамбардың) үкімі бола тұра, өзге үкімге бас қоймауы ләзім. Сонымен қатар аса қажеттілік болмаса үлкендердің, құрметті кісілердің қасында дауыс көтеріп сөйлеу үлкен әдепсіздік болып табылады.

Мүмин сөзін әуелі «бисмиллә», кейін Аллаһқа мадақ айтумен бастауы керек. Пайғамбарымыз (с.а.у.) осы тәртіппен басталмаған істің берекеті болмайтындығын, нәтижесіз қалатындығын айтып өткен.[231] Тіпті Аллаһ Елшісі (с.а.у.) кішкентай бала сөйлей бастағанда, алғашқы сөздерінің иләһи кәлам болуын тілейтін. Абдулмутталиб атасынан шыққан бір баланың тілі шыққанда Пайғамбарымыз (с.а.у.) оған **«Барша мақтау бала иемденбеген, әрі мүлкінде** (билігінде) **ешбір серігі болмаған, сондай-ақ шарасыздықтан көмекшісі болмаған Аллаһқа лайық деп айт! Әрі оны ұлықта!»** - деген аятты он мәрте оқытып үйрететін (Абдурразақ IV, 334; ибн Әбу Шайба, әл-Мусаннаф I, 348).

Мүмин Аллаһты зікір етпеуден, әсіресе дүниелік бос сөздерді сарп етуден аулақ болуға тырысуы қажет. Өйткені мұндай жағымсыз әрекет жүректің қатігездікке бой алдыруына себеп болуы мүмкін. Ал қатігез жүректер Аллаһтың мейірімінен ұзақ қалады.[232]

Оған қоса көп сөйлеу адамды қателікке итермелейді. Бір шайыр бұл ақиқатты:

«Шешендер бұл ақиқатты:

«Кім көп сөйлесе, сол қателікке мол түседі», - деген өлең жолдарымен жеткізеді. Сөз сөйлегісі келген жан әуелі не айтатындығын ойлап алуы керек. Айтайын деп отырған сөзінің өзіне яки өзгеге пайдасы тиіп-тимейтіндігін таразылап алуы қажет. Пайдасы болса айтып, пайдасы тимесе ләм-мим деп жақ ашпаған жөн. Өйткені пайдасыз сөздің көбінесе һәм өзіне һәм өзгелерге залалы тиетіндігін түйсініп жүруі керек. Ақиқатына жүгінсек жақ ашпай залалдан сақтану кез келген кісіге өз пайдасын тигізері хақ.

Тіпті бір мәселе жайында сөз сөйлеу мен жақ ашпау тең түссе, тіс жармау сүннет. Өйткені үкімі мубах. Сөз бағзы уақытта харам немесе мәкруһ үкіміне айналуы ғажап емес. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Адамзат баласына, жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйған яки Аллаһ Тағаланы зікір еткен сөздерінен басқа сөздің пайдасы емес залалы тиеді»*, - деп айтып кеткен (Тирмизи, Зүһд 63/2412).

Мүмин кісі адамдарды жамандауға, лағнеттеуге себеп болатын сөздерден аулақ болуы тиіс.[233] Аузынан жаман сөз шығатын, қылығы

231. Әбу Дәуіт, Әдеп 18/4840; Ибн Мәжә, Неке 19.
232. Тирмизи, Зүһд 62/2411.
233. Тирмизи, Бирр 48/1977; Ахмед I, 405, 416.

нашар пенде болмауға күш салуы қажет. Бұл жайлы ұлық әулиелер шәкірттерін: «Жыланның улы тілімен сөйлеуден аулақ бол», - деп сақтандырып отырған. Өйткені таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді. Әрі оның салған жарасы жазылмайды. Ал ақиқатына жүгінсек жылы сөзді болу үлкен нығмет. Жылы сөз иесін өзгелерге сүйдіреді. Істерінің жылдам іске асуына септігін тигізеді. Мұны халық: «Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады»,-деп нақыл еткен. Сондықтан сөз бастаудан алдын, аузыдан шығатын сөздерге үлкен мән беруіміз ләзім. Өйткені мақсатымыз, жүректерді улы қанжарлармен жаралау емес жылы сөзбен баурап алу болып табылады. Мұнан кейін іс-әрекетіміз, қарым-қатынасымыз сөзімізді құптауы керек. Әрбір қылығымызбен қоршаған ортамызға гүлдей шуақ шашуымыз қажет.

Сонымен қатар кісінің аузынан шыққан әрбір сөзінен жауапқа тартылатындығын жадымыздан шығармайық.

Құран Кәрімде: **«Кісі** (жақсы болсын, жаман болсын**) қандай бір сөз сөйлесе, оны жазуға әзір перiште бар»** деп айтылған (Қаф сүресі, 18-аят). Сондықтан сөз бастаудан алдын, қолданатын сөздерге көз жүгіртіп шығу қажет. Қолданатын сөздерді жақсылап таразылағаннан кейін ғана айту керек.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Құл,(алдын-ала таразылап) ойланбастан бір сөзді қойып қалуы мүмкін. Ол сол сөздің кесірінен тозақтың, шығыс пен батыстың аралығынан ұзақтау жеріне түсіп кетеді»*, - дейді (Бұхари, Риқақ 23).

Мұның маңыздылығын білдіру үшін ұлық жандар «Басқа пәле тілден», - деген.

Шынымен-ақ біреудің кәпір яки мұсылман екендігін бір-ақ сөзбен шешеміз. Мұның өзі үлкен мағынаны білдіреді.

Мұсылман ісіп-кеуіп, сөз сөйлеуден аулақ болуы керек. Әрдайым Аллаһ Тағалаға сыйынып сөз сөйлеуі қажет. Өйткені жаратылысы нәзік адам баласы, айтқан нәрсесінің барлығын іске асыруға шамасы жетпеуі мүмкін. Сондықтан келешекте жүзеге асатын істерге «Құдай қаласа» деп айтуды жадынан шығармауы тиіс.[234]

Сонымен қатар, ол ешқашан «мұндай қателік жасамаймын» деп айтпауы ләзім. Мұндай әрекет шайтанның өшпенділігін арттыра түседі. Ол осы сөзді, яғни «мұндай қателік жасамаймын» деп айтқан кісіге мініп алып, сол істі істетпей қоймайды.[235] Сондықтан айтылар сөздің соңын ойлау керек. Тіпті кей шақтарда қажеттілік туып жатса, ләм-мим деп

234. Кәһф сүресі, 23-24 аяттар.
235. Суюти, әл-Жамиғус-Сағир I, 110.

жақ ашпастан отыру оған тиімді болады.

Құлдарының бойынан қарапайымдылықты көргісі келетін Аллаһ Тағала дауыс көтеріп сөйлеуді дұрыс көрмейді. Бұл жайлы Құран Кәрімде: **«**(Уа, Мұхаммед!) **Даусыңды бәсеңдет! Шүбәсіз дауыстардың ең жаманы, есектің дауысы** (болып табылады)**»** - деп айтылған (Лұқман сүресі, 19-аят).

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) айтылар сөздің арасында жаман, ұятсыз сөздердің болмауын қалайтын. Мағынасы соған жақын сөздердің арасынан, әдепке сай келетінін қолдануын насихат ететін.

Кез келген жанның бойында шындықты айта алатын өткірлігі болуы қажет. Ал жалған сөзден барынша аулақ болуы керек. Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«Уа, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар! Әрі дұрыс сөз сөйлеңдер! Аллаһ істеріңді оңалтып, күнәларыңды кешіреді»**, - дейді (Ахзаб сүресі, 70-71 аяттар).

Жалған сөз сөйлеу, ғайбаттау, балағаттау, келеке ету тіл арқылы іске асатын күнәлар екендігі хақ. Сонымен қатар болмашы бір нәрсеге бола тартысып, бауырының көңілін қалдыру да бұған жатады. Ал аталмыш жағымсыз қылықтарды тәркетіп, ешбір жанның көңілін қалдырмау ақыретте аман-есен пейішке кіруге себеп болады. Кісі өзі жақсы білмейтін мәселеде, сөз қозғамауы ләзім. Білетін кісі болса, соның дегеніне құлақ асып мәлімет алуды артық көруі қажет. Өйткені көз, құлақ, жүрек бұлардың барлығы істеген істері үшін есепке тартылады.[236] Әрі кісіні тозақтық ететін тіл екендігін ұмытпайық ағайын.[237]

Мұсылман ешкімнің сөзін бөліп, көңілін қалдырмауы қажет. Аллаһ Елшісінен (с.а.у.): «Ең жақсы жан кім?» - деп сұралған еді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Тілі мен қолынан (өзге) мұсылмандар аман болған кісі»*, - деп жауап берген болатын (Бұхари, Иман 4-5).

Мұсылман, артынан кешірім сұрайтын сөзді айтпауы ләзім.[238] Әрдайым жақсы сөз сөйлеуге күш салуы тиіс. Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«**(Уа, Мұхаммед!) **Құлдарыма ең көркем сөзді қолдансын деп айт!»** - дейді (Исра сүресі, 53-аят). Өйткені жақсы сөз садақаның орнын басады. Кісі сөз арқылы пейіштік болуға қол жеткізуі әбден мүмкін.[239]

Сөзді, уақыты жеткенде және лайықты жерде айту қажет. Сөз иесін таппайтын болса, айтудың қажеттілігі жоқ. Бұл жайлы Хазірет Әбубәкір (р.а.): «Не айтатыныңды, кімге айтатыныңды, қашан айтатыныңды алдын-ала ойлап ал», - дейді.

236. Исра сүресі, 36-аят.
237. Тирмизи, Иман 8/2616.
238. Ибн Мәжә, Зуһд 15.
239. Мүслим, Зекет 68.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) білімділігін және өзін өзгелерден артықпын деп көрсету ниетімен, көптеген кісі түсіне бермейтін алуан түрлі сөздер қолдану, Хақ Тағаланың азабын тартуға себепші болатындығын айтып өткен.[240]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) өсиеттерінің бірінде: *«Ей, ибн Аббас! Адамдар ұғынбайтын сөз сөйлеме. Өйткені, бұлай істесең, олардың бүлікке түсуіне себеп болады»*, - дейді (Дайлами V, 359).

Екі кісінің қастарындағы үшінші кісіден жасырып сыбырласулары дұрыс әрекет деп бағаланбаған. Өйткені мұндай әрекет кісінің көңілін қалдырады.[241]

Шариғатта киім кию үлгісінде, іс-әрекетте, сөз сөйлеуде еркектердің әйелдерге, ал әйелдердің еркектерге ұқсауына тыйым салынған. Сондықтан кез келген мұсылман баласы мұны ұмытпағаны жөн. Осы мәселе әсіресе қазіргі таңда өршіп тұр. Бұл теріс қылықтар, қоғамдағы діни түсініктің әлсіреуінен туып отыр.

Әйелдер еркектермен сөйлескенде, назданып, тартымды кейіпте сөйлесуден аулақ болулары қажет. Өйткені ойы жаман кісі, дәмеленіп азғындыққа түсуі әбден мүмкін.[242]

Ерлі-зайыптылар арасында жыныстық қатынасқа қатысты мәселелерде де астарлы мағынадағы әдіс қолдануы қажет. Бұл мәселелерге қатысты қандай да бір сауалға, сауал қойған кісіні араластырмай жауап беру керек. Мысалы, «араларыңнан кез келген біреу, кімде-кім» іспетті сөздерді қолдану жөн болады. Насихат айтатын кісі де, бір кісіге ғана қадалып қалмай Пайғамбарымыз (с.а.у.) секілді жалпы көпшілікке арнап, насихатын айтуы ләзім.

Сонымен қатар Пайғамбарымыз (с.а.у.) сөз және іс-әрекетте шектен асқандардың құрып кеткендіктерін тілге тиек етеді.[243]

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) құптан намазынан бұрын ұйықтауды және құптан намазынан кейін сөйлесуді дұрыс көрмейтін.[244] Өйткені адам денесінің демалуға мұқтаждығы бар. Әрі демалу уақыты кешіктірілсе, сәресідегі рухани берекеден құр қалып қою ықтималы бар. Ал ақиқатына жүгінсек Хақ Тағала былай дейді:

«(Олар, яғни тақуалар) **сәресі уақытында истиғфар етеді»** (Зарият сүресі, 18-аят).

240. Әбу Дәуіт, Әдеп 86/5005.
241. Бұхари, Истиғзан 47.
242. Ахзаб сүресі, 32-аят.
243. Мұслим, Ілім 7; Әбу Дәуіт, Сүннет 5.
244. Бұхари, мәуақит 23; Мұслим, Мәсажид 236.

«Олардың жамбастары төсектен ажырап (түнде ұйқыдан тұрып)**, Раббыларының азабынан қорқып, әрі мейірімінен үміт етіп дұға етеді. Сондай-ақ олар, нәсіп еткен ырыздығымыздан, инфақ етеді** (өзгеге жұмсайды)**»** (Сәжде сүресі, 16-аят).

Сондықтан түннің бір уағына дейін бос сөз және пайдасыз іс-әрекетпен айналысып тәһажжудқа тұрмау, тіпті таң намазын оқымау мүмин үшін үлкен зиян. Бірақ құптан намазынан кейін пайдалы әңгімелерге, жиналысқа, сұхбаттарға рұқсат беріледі.

Бос, пайдасыз сөздер адамды рухани тұрғыдан күйзелтеді. Ал хикметті сөздер көңілге қуаныш сыйлайды.

Ұлық әулиелердің сөз сөйлеу әдебі жайлы айтқан сөздеріне көз жүгіртейік.

«Көп сөз адамды ұмытшақ етеді» (Хазірет Әбубәкір).

«Аузы былапытпен сөз таластырып, жауап берме. Өйткені оның тілінде одан бетер сөздер бар. Айтқан сөзіңе солармен жауап береді» (Хазірет Әли).

«Наданмен әзілдеспе. Тілі улы болғандықтан, көңіліңе қаяу салар» (Хазірет Әли).

«Сөз сөйлеу үшін әуелі тыңдау қажет. Сондықтан сөзді тыңдаудан баста» (Хазірет Мәулана).

«Көп сөзді, мұратын жеткізе алмағандар сөйлейді» (Хазірет Мәулана).

«Қанша білсең де, айтқандарың қарсы алдыңдағы адамдардың түсінгеніндей ғана болады» (Хазірет Мәулана).

«Аз тамақтан, көп құлшылық ет. Барша игілікті біліп жүр. Бірақ сөзді аз сөйле» (Жүсіп Қас Хажиб).

«Көп тыңдап, аз сөйле. Сөзді ақылмен айтып, біліммен сәнде» (Жүсіп Қас Хажиб).

«Адамдарға жаман сөз айтпа. Жаман сөз жанып жатқан алау секілді. Оны аузыңнан шығарғанда, әуелі өзің жанасың» (Жүсіп Қас Хажиб).

Тоқсан сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ, Аллаһқа және ақыретке иман келтірген жан жақсы сөз сөйлеуі қажет. Немесе жақ ашпауы керек.[245] Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Кімде-кім маған екі жағы (тілі) мен абыройын қорғауға сөз берсе, мен де оған жәннатты уәде етемін»*, - деді (Бұхари, Риқақ 23).

245. Муслим, Иман 77.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Бізді мәңгі бақыт жолына бастайтын теңдессіз тұлға Хазірет Мұхаммед Мұстафа (с.а.у.) аса зәру және сауабы мол мәселелерде ғана тіс жаратын. Сөйлейтін сөзі мұсылмандарға пайдасы тиетін болса, олардың бір-біріне деген қарым-қатынасын күшейтуге қолдау көрсетсе, араларында суықтық яки бөлінушіліктің тууына кедергі танытатын болса ғана жақ ашатын. Айтатын сөзінің зікір халінде болуына күш салатын. Дауыс көтеріп сөйлемейтін. Қысқа әрі нұсқа сөйлейтін. Сөзді керексіз жерде ұзатпайтын.

Жұма және айт намаздарының хұтпаларын шектеулі мөлшерде болуына үлкен мән беретін. Хұтпаны ұзатпайтын. Сонымен қатар ел түсінбейтіндей қысқартпайтын. Сол себепті оны тыңдағандар әрдайым көздеріне ұйқы тығылмай қырағы отыратын. Сахабалар оның сөздерін тырп етсе бастарының үстінде отырған құс ұшып кете ме дегендей күйде ден қойып тыңдайтын. Сахабалар Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мубарак аузынан шыққан әрбір насихатты шын пейілімен тыңдап, түйсінетін. Тіпті жаттап алып, бір-біріне қайталап айтып жүретін.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) аз сөзбен көп мағынаны меңзеу әдісін артық көретін. Бірақ мұны іске асырғанда, міндетті түрде адамдардың түсіну деңгейін де ешқашан ұмытпайтын. Түсінілуі қиын мәселелер жайлы сөз қозғамайтын. Оның насихатын, сөзін тыңдаған кез келген жан өз үлесін алатын.

Сөйлеген сөзі көңілге ұнамды, анық, балдай тәтті болатын. Әрбір сөзінде кемшілік немесе артықшылық байқалмайтын. Сөздерді жеке-жеке айтып шығатын. Кез келген қолданған сөйлемін барлығы ұғатын.

Әнәстің (р.а.) риуаят еткеніне сүйенсек, Пайғамбарымыз (с.а.у.) сөйлеген сөзінің түсінікті болуы үшін айтқан сөзін үш мәрте қайталайтын. Бір топ кісінің қасына барып, сәлемдесетін болса, сәлемін үш мәрте қайталайтын (Бұхари, Білім 30, Истизан 13).

Хазірет Айша (р.а.): «Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сөйлеген сөзі кез келген жан ұғынатындай анық әрі тура болатын», - дейді (Әбу Дәуіт, Әдеп 18/4839).

Басқа хадис-шәріпте Айша анамыз (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сендер секілді тез сөйлеп, сөздерді бірінің үстіне бірін мінгізбейтін», - дейді (Бұхари, Мәнақиб 23).

Адамдарды жақсылыққа шақырғанда, оларды исламға дағуат еткенде әсерлі насихаттар айту, хикмет толы сөздер қолдану, ғибратты мысалдар келтіру Пайғамбарымыздың сүйікті әдісі болатын. Ол барша адамзат баласын баурап алған кең рақымдылығымен жақсылық, игілік, һидаят, адамшылықтың мәртебесі үшін нөсерлеп жауған жауын тәрізді еді. Осы-

лайша адамдардың өліп қалған ішкі жан дүниесінің қайта көктеуіне аянбай тер төгетін.

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) өзі дүниеге әкелген қағидаларды аса анық дәлелдермен айғақтап отырған. Оларға қысқа әрі нұсқа дана сөздерді қолданып, түсінік беретін. Сұрақ сұралғанда, беретін жауабы анық болатын. Егер онымен біреу тартысқа түссе, қолданған айғақтары түсінікті және ақылға қонымды болушы еді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) әзілдесетін. Алайда оның әзілінде шектен шығушылық немесе ақиқаттан тыс болушылық байқалмайтын. Біреумен сөйлесетін кезде, бар денесімен бұрылып сөйлесетін.

Ұзын сөздің қысқасы, ол қысқа әрі нұсқа, мағыналы сөз сөйлейтін шешен болатын. Сөйлеген сөздерінде даналық көзге түсетін. Сонымен қатар ол өз пікірін, ойын мүлтіксіз тура жеткізетін.

***

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) түйесінің үстінде келе жатқан еді. Ал сахабалары оның алдына түсіп кеткен болатын. Мұғаз ибн Жәбал (р.а.) Аллаһ Елшісіне қарап:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Мазаңды алмасам, жаныңа жақындауыма рұқсат бер, - деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Жарайды, жақында! - деді. Мұғаз оған жақындап, бірге жүріп отырды. Бір кезде Мұғаз (р.а.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Жаным жолыңа құрбан болсын! Хақ Тағаладан біздің жанымызды сенен бұрын алсын деп тілеймін. Құдай бетін аулақ етсін, бірақ сен бізден бұрын көз жұмсаң, қандай құлшылықтар жасайық? - деп сауал қойды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның сауалына жауап бермеді. Мұғаз (р.а.) шыдай алмай:

– Аллаһ жолында күресейік пе? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Аллаһ жолында күресу ғажап іс. Бірақ адамдарға одан да қайырлы іс бар, - деді. Мұғаз (р.а.):

– Яғни, ораза ұстап, намаз оқу ма? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Адамдарға мұнан ізгі іс бар, - деп жауап берді. Мұғаз (р.а.):

– Әке-шешем жолыңа құрбан болсын! Адамдарға мұнан артық қандай ізгі іс бар? - деп сұрады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) аузын нұсқап:

– Игі нәрсе айтпаса, жақ ашпау, - деп жауап берді. Мұғаз (р.а.):

– Сөйлеген сөзіміз үшін есепке тартыламыз ба? - деді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) Мұғаздың тізезін ұрып:

– Аллаһ сені мейіріміне бөлесін Мұғаз! Адамдарды тозаққа түсіретін, тіл емей немене? Кімде-кім Аллаһқа және ақыретке иман келтіретін болса пайдалы сөз айтсын. (Пайдасыз сөз болса) жұмған аузын ашпасын. Зияны тиетін сөзді айтпасын! Сендер игі сөз сөйлеп, табысқа жетіңдер. Зиянды сөз айтудан аулақ болып, тыныштық табыңдар, - деді (Хаким IV, 319/7774).

***

Тағы да сол Мұғаз ибн Жәбал (р.а.) риуаят еткен төмендегі мына уақиға һәм Аллаһ Елшісі (с.а.у.) һәм Мұғаз (р.а.) іске асырған сөйлесу әдебіне мысал бола алады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларымен бірге Тәбук ғазауатына шықты. Жолда Мұғаз (р.а.) Аллаһ Елшісінің соңынан еріп отырды. Кенет Мұғаздың (р.а.) түйесі сүрініп кетті. Ол түйенің бұйдасын тартып, қамшымен салып-салып жіберді. Бұл дауыстан Аллаһ Елшісінің астындағы түйе үркіп кетті. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) бетіндегі орамалды шешіп қарағанда, жанындағы тұрған Мұғазды (р.а.) көріп:

– Ей Мұғаз! - деді. Мұғаз (р.а.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Құлағым сенде, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Жаныма жақында, - деді. Мұғаздың Пайғамбарымызға жақындағаны соншалық, астына мініп келе жатқан түйелері бір-біріне сүйкенерліктей күйге келді. Мұғаз (р.а.) Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) өзіне жеке жылы шырай танытқандығын пайдаланып:

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Рұқсат берсеңіз, жаныма батып, мені мұңайтып жүрген нәрсе жайлы сұрайын деп едім, - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– Қалауың білсін, - деді. Мұғаз (р.а.):

– Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Жәннатқа кіруіме себеп болатын амалды айтыңызшы! Одан өзге қояр сауалым жоқ, - деді. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.):

– Жарайсың! Шынымен-ақ үлкен нәрсе сұрадың! Бірақ Аллаһ жеңілдік танытқан кісіге, бұл іс оңай, - деді. Бұл сөзін Пайғамбарымыз (с.а.у.) үш мәрте қайталады. Артынша: – Аллаһқа және ақырет күніне иман келтіресің! Намазыңды оқып, тек Аллаһқа құлшылық етесің! Кеудеңнен ақтық демің шыққанша оған серік қоспайсың (осыларды жүзеге асырсаң жәннатқа кіресің), - деді. Мұғаз (р.а.):

– Уа, Аллаһтың Елшісі! Қайталап айтасыз ба? - деп өтініш білдірді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл сөзін үш мәрте қайталады (Ахмет V, 245-246).

Хазірет Иса (а.с.) жолда келе жатып бір доңызды көріп оған: «Амандықпен жолдан шық», - дейді. Маңайындағылар: «Бұл сөзіңді мына доңыз үшін айттың ба?» - деп сұрайды.

Ол (доңыз деген сөзді айтудан сақтанатындығын білдіру үшін): «Мен тілімді жаман нәрсе айтып дағдыландырудан қорқамын», - деп жауап берді (Муатта, Кәлам 4).

***

Бір күні Хазірет Омар (р.а.) Хазірет Әбубәкірдің тілінің ұшынан ұстап, тартып жатқандығын көреді. Аң-таң болып:

– Не істеп жатырсың? Аллаһ Елшісінің халифасы! - деп сұрады. Әбубәкір (р.а.):

– Мені осы күйге мына тілім түсірді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Денедегі кез келген мүше тілдің керексіз және былапыт сөйлеуін Аллаһқа айтып шағымданады»*, - деп айтқан еді, - деп жауап берді (Хайсами X, 302).

Әбубәкірдің (р.а.) бойындағы Аллаһтан қорқу сезімі, аузынан шығып кеткен болмашы сөздің себебінен оны осындай күйге түсіретін.

***

Құбас ибн Ұшайым (р.а.) әңгіме үстінде: «Мен және Пайғамбарымыз (с.а.у.) піл жылында дүниеге келдік», - деді.

Осман ибн Аффан (р.а.) оған қарап: «Сен үлкенсің бе? Жоқ Пайғамбарымыз (с.а.у.) сенен үлкен бе?» - деп сұрады.

Қадірлі сахаба: «Пайғамбар (с.а.у.) менен өте көп әрі сипаттауға тіл жетпейтін дәрежеде үлкен. Ал туған күнімізде мен одан ескілеумін», - деп әдептілік танытты (Тирмизи, Мәнақиб 2/3619).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай дейді:

«Біреу, уаллаһи Аллаһ пәленшені кешірмейді», - деп кесіп айтып салды. Аллаһ Тағала оның айтқанын естіп: «Пәленшеге кешірім жасамайтындығыма ант ішіп жүрген кім? Мен оған кешірім жасадым. Ал сенің амалыңды жойдым», - деді (Мүслим, Бирр 137).

Діни мәселелерде, әсіресе Хақ Тағала қатысты мәселелерде сөз айтуға өте сақ болу қажет. Шектен шығатын сөздерден барынша аулақ болу керек.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) былай деп әңгімелейді:

«Яһудилердің арасында жүріс-тұрысы бір-біріне ұқсамайтын екі кісі өмір сүреді. Біреуі күнәһар, ал екіншісі көп құлшылық ететін кісі бола-

тын. Салиқалы кісі көбінесе күнәһар пенде күнә істеп жатқанда үстінен түсетін. Оған қарап:

– Күнә істеме, оны тәркет! - деп айтатұғын. Ол бір күні тағы да күнәһар күнә істеп жатқанда үстінен түсіп: «Күнә істеме, одан бас тарт», - деді. Күнәһар:

– Менде не шаруаң бар? Құдайдың алдында өзім жауап беремін. Сен менің қыр соңымнан қалмайтын тергеуші ме едің? - деді. Ол күнаһардың жүзіне қарап:

– Уаллаһи, сені Аллаһ кешірмейді яки Аллаһ сені жәннатқа кіргізбейді, - деді. Дәл сол сәтте Аллаһ Тағала екеуінің де жанын алды. Екеуі бірге Аллаһтың құзырына келеді. Хақ Тағала көп құлшылық ететін кісіге қарап:

– Сен менің мүлкімдегі нәрсеге сөзің өте ме? - деді. Артынша күнаһарға қарап: – Мейіріміме бөленіп, жәннатқа кір! - деді. Ал әлгі кісіні «тозаққа апарыңдар», - деп әмір етті.

Әбу Хурайра (р.а.): «(Бейшара Аллаһтың қаһарын тудыратын) орынсыз сөз айтты. Сөйтіп бұл дүниенің және о дүниенің бақытынан айрылды», - дейді.

Сондықтан Аллаһтың разылығына себеп болатын кез келген іс мүлтіксіз орындалу қажет. Ал Аллаһтың қаһарын тудыратын барша істен аулақ болу керек. Мына фәни дүниеде мина төселген жерде жүрген жан тәрізді, әрбір іс-әрекетімізді таразылап өте сақ болуымыз қажет. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.) жәннатқа кіруге таяп қалған шақта, ол бақыттан айырылап қалғандар жайлы сөз қозғаған. Сонымен қатар тозаққа кіруге таяп қалған шақта, жәннатқа кіру бақытына қол жеткізгендер жайлы да айтып өткен. Хақ Тағала кеудемізден ақтық дем шыққанша іс-әрекетімізді бақылауымызды өсиет етеді.

«Раббыңа, саған өлім келгенше құлшылық ет!» (Хижр сүресі, 99-аят).

***

Қайыс ибн Бишр былай деп хикая етеді:

«Әбуд-Дәрданың (р.а.) жолдасы болған әкем маған төмендегі мына уақиғаны айтып берген еді.

Дамаскта Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабаларының бірі ибн Ханзалия атты кісі тұрып жатқан болатын. Бұл кісі жалғыз өмір сүретін. Адамдармен аз көрісетін. Әрдайым намаз оқитын. Намаздан қолы қалт еткенде, бала-шағасына келіп кететін. Жол бойында тәкбір, тәспих айтып машғұл болатын. Бір күні біз Әбу Дарданың (р.а.) қасында отырғанымызда әлгі кісі мәжілісімізге келді.

Әбуд-Дарда (р.а.) оған қарап: «Бізге пайдасы тиетін, сізге залалы тимейтін сөз айтасыз ба?» - деп өтінді. Ибн Ханзалия (р.а.) ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) құзырында болған бір уақиғаны айтып берді. Артынша Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) хадис-шәріптерін нақыл етті.

Кейінірек ибн Ханзалия (р.а.) мәжілісімізге тағы да соққан еді. Әбуд-Дарда (р.а.) оған назар салып: «Бізге пайдасы тиетін, сізге залалы тимейтін сөз айтасыз ба?» - деп сұрады. Ол Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) бірнеше хадис-шәріпін риуаят етті. Дәл осы уақиға бірнеше мәрте қайталанды» (Әбу Дәуіт, Либас 25; Ахмед IV, 179-180).

Нендей ғажап сөйлесу үлгісі!!! Хазірет Әбуд-Дарда (р.а.) аталмыш сахабаны көрген сайын, тыңдағандарға пайдасы тиетін, айтып бергенге залалы тимейтін сөз айтуын сұранады. Ол жауап ретінде әрдайым Аллаһ Елшісі (с.а.у.) жайлы сөз қозғайды. Оның өнегелі сөздері мен іс-әрекеттерін риуаят етеді, хадис-шәріптерін нақыл етеді. Кез келген кісіге екі дүниеде пайдасы тимейтін сөздерден қатты сақтанады. Міне, баршамызға үлгі болатын керемет әдеп!

***

Әбу Мулайых бір кісіден былай деп риуаят етеді:

«Мен Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) көлігіне мінгесіп келе жатқан болатынмын. Кенет астымыздағы көліктің аяғы тайып кетті. Мен: «Қап сайтан алғыр», - деп қалдым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған қарап: «Бұлай деп айтпа. Өйткені сен бұлай деп сөйлесең, шайтан үлкейе түседі. Тіпті үйдің көлеміндей үлкен болады. Әрі ол: «Оны өз күшіммен жықтым», - деп сайрандайды. Сен керісінше: «бисмиллә», - деп айт. Өйткені бұлай деп айтсаң, ол кішірейе түседі. Тіпті шыбынның көлеміндей кейіпке түседі», - деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 77/4982).

***

Еуропалық жазушылардың бірі Вигуер осман империясының қоғамына қатысты естеліктерінде былай дейді:

«Сұхбат жасайтындардың сөздері қысқа әрі нұсқа болады. Әріптерді шайнамай, толықтай айтып шығады Олардың күлімсіреуінде сыпайылық байқалады. Қол әрекеттерінде биязылық, қарапайымдылық көзге шалынады. Шетелдіктерді қайран қалдыратын нәрсе, бірнешеуінің бірден сөйлемей араларындағы тек біреуінің сөйлеуі болып табылады. Сөз алған кісі көбінесе қысқа сөйлеуге күш салады. Тыңдап отырған кісі де сөз аяқталғанша аса үлкен мұқияттылық танытады. Бір-бірінің қарсы пікірлерін үлкен құрметтілікпен қорғап шығады. Сөйлеген сөздерінде қандай да бір жамандық, өсек, жала жабу тәрізді жағымсыз нәрселер, әдепке теріс түсетін бос сөздер атауымен болмайды. Олар сонымен

қатар қарттарға, үлкенге құрмет көрсетеді. Олардың ақысы мүлтіксіз орындалады. Құқықтарына қол сұғылмайды. Осының барлығы керемет сыпайылықпен жүзеге асады. Мен, османдықтардың ахлағындағы ерекшеліктер, кез келген адамды сиқырымен баурап алады деп еркін айта аламын».

***

Қысқаша тоқталар болсақ, кісі тілінің астында жасырынып жатады. Сөз бастауы әдепті жан, әдепті кісі дегенге келеді. Олай болса, орынды сөз сөйлеу үшін әуелі исламның көркем ахлағын бойға сіңіру керек. Басқаша айтар болсақ, Құран Кәрімнің адамзат баласына ұсынған көркем ахлағын ұғынып, күнделікті өмірде іске асыру қажет.

Сонымен қатар орынды сөз сөйлеу үшін, тыңдауды үйрену ләзім. Адам баласы көп тыңдап, аз сөйлесін деп Хақ Тағала оған екі құлақ, бір тіл нәсіп еткен. Көп сөз сөйлеу кісінің абыройын түсіреді. Сондықтан кісі аз және орынды сөз сөйлеуге күш салуы тиіс. Әрі айтар сөзін алдымен таразылап, кейін асығып-аптықпай жеткізе білуі керек. Өйткені сөз, оқ тәрізді. Ауыздан шыққаннан соң, кері қайтуы мүмкін емес. Оны айтудан бұрын сенің билігің жүреді. Ал айтқаннан кейін сен оның жетегінде кетесің. Яғни, өз сөзіңнің тұтқынына айналасың. Әрі айтылмаған сөзді кез келген уақытта айтуға болады. Ал айтылған сөзді әрдайым қорғау керек. Әрі оның есебі болады. Кейбір сөз істі бітіреді. Ал кейбір сөз басты шаптырады. Мұны шайыр Жүніс былай деп жеткізеді:

Кей сөз бар соғыс тоқтатар,

Кей сөз бар бас шаптырар.

Кей сөз бар «у» секілді көрінер,

Нәтижеде удың өзің бал мен сүтке ауыстырар.

Ә) ОРЫНСЫЗ ЖЕРДЕ ҮНДЕМЕУ ЖӘНЕ ОЙҒА ШОМУ

Орынсыз жерде жақ ашпау мен ойға шому бір-бірін толықтырып отыратын аса маңызды қасиеттер болып табылады. Құндылықтары жоғары болғандықтан, оларға қол жеткізу де оңай шаруа емес.

Хакім Лұқман: «Сабыр мен жақ ашпау, нендей ұлық ізгілік болса да, олардың пайдасын білетін жан аз», - дейді.

Орынсыз жерде тіс жармау ғұламалардың көркі, ал сауатсыз надандардың жамылғысы екендігі даусыз. Тіс жармауды паналаған жандар әрдайым қауіп-қатерден аман қалады. Атап айтсақ қызғаншақ, күндес кісілердің отты назарына, алаулы сөздеріне тап болудан сақтайды.

Хақ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Рахманның құлдары, жер жүзінде қарапайымдылықпен жүреді. Сауатсыз надандар оларға тіл қатқанда, «сәлем» (амандық тілеп) **деп айтады»** (Фурқан сүресі, 63-аят).

Ал Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Қажеттіліктеріңді орындауға күш салғанда, әрдайым жасырын жасаңдар. Өйткені әрбір нығметке бөленген жанға күндестікпен қаралады»*, - дейді.

Яғни, кісі көп сөйлеуден аулақ болып, іс істеуге жақын болуы қажет. Олай болмаса, сөзге жақын болған кісінің ісіне кедергі жасайтын көре алмас қызғаншақ жандар молынан табылады.

Орынсыз жерде жақ ашпау мен ойға шому кісінің бойында байсалдылық және салмақталықтың пайда болуына септігін тигезеді. Осы екі қасиет арқылы даналықтың есігі ашылады. Ғаламның құпия сырларына сәуле түседі. Кісі Құран Кәрімнің терең мағыналарына сүңгіп, өмірдің мәнін ұғынады. Бұл екі ерекшелік кісі рухының екі қанаты секілді, кез келген жанды мағрипат көгіне ұшырады. Мұны Зия паша:

«Бұл ғалам кітабының әрбір жапырағында мағрипат білімінің мыңдаған дәрісі жазылған. Уа, Раббым! Мына ғалам мектебі, ой дариясына сүңгіп өнеге алатын нендей ұлық мектеп!» - деп жеткізеді.

Ал Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Раббым маған (орынсыз жерде) үндемеуімнің ойға шомуға айналуын әмір етті (мен де, соны сендерге бұйырамын)»*,[246] - деп айтқан.

Ибн Масғұт (р.а.) Құран Кәрімді жатқа білетін қарилардың сипаттарын былай деп таныстырады:

«Құран Кәрімді жаттаған кісі халыққа орынсыз жерде сөйлемеумен танылуы керек. Әрі оның көзінен мұң, жүзінен салмақтылық, байсалдылық байқалу қажет. Әрі әрқашан ойға шомып, орынсыз жерде үндемеуі ләзім» (Әбу Нұғайм, Хиля I, 130).

Орынсыз жерде сөйлемеудің табиғатын бұзып, жүректі бос дырдуға толтыру, кісіні рухани күйзеліске апарып соғады. Әрі Хақ Тағаланың жолына түскен жанды теріс жолға бастауы әбден мүмкін. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһқа және ақыретке иман келтірген жан жақсы сөз сөйлесін. Болмаса үндемесін»*, - дейді (Бұхари, Әдеп 31, 85, Риқақ 23; Мүслим, Иман 74, Лұқата 14).

Жақсы сөз сөйлеу, орынсыз жерде тіс жармау мұсылмандардың сөз бастаудағы негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Әрі мұсылман жанның иманының кемелдігін көрсетеді. Әрі мұсылман өзі отырған мәжілісте сөз сөйлеуінің дұрыс яки бұрыс екендігін ислами

246. Хадистің толық мәтіні үшін қараңыз: Ибраһим Жанан, Хадис ансиклопедиси XVI, 252, хадистің номері: 5838.

қағидағаларға сай таразылауы керек. Сөз сөйлеу мен үндемеу тең түсіп жатса, үндемеуді жөн көруі қажет.

Кез келген Аллаһқа иман келтірген жан, әуелі орынсыз жерде сөйлемеуге бой алдыруы тиіс. Кейінірек ойға шомуды әдетке айналдыруы ләзім. Аллаһ Тағала барша махлұқатқа өз деңгейінде ойлау қабілетін берген. Адам баласы мен жындардан өзге махлұқаттарда ойлау қабілеті өте төмен деңгейде қалыптасқан. Хайуанның өз баласына деген махаббаты, оны қорғауы бұған мысал бола алады.

Адамзат баласына ойға шому, ғаламдағы Аллаһтың құдіретін ойлап «мағрипатқа» қол жеткізу үшін берілген. Ал мағрипатқа қолы жеткен кісінің ізгі істер істеуге бейімділігі арта түседі.

Кісі саналы ғұмыры бойынша орынсыз жерде жақ ашпау мен ойға шомудың тереңдігіне неғұрлым бойлай түссе, соғұрлым Хақ Тағаланың сүйіспеншілігіне бөленіп, жәннаттағы сыйы молая түседі.

Сонымен қатар кісіні асқар биікке көтеретін ең үлкен құрал, орынсыз жерде үндемеудің тереңіне сүңгіп, ақиқатты ойлау болып табылады.

Екі дүниенің бақытын көрсететін Құран Кәрім алғашқы аятынан бастап, соңғы аятына дейін кісіні ойға шомуға шақырып отырады. Оның жаратылысына, ғаламның жүйелілігіне тоқталып, Құран Кәрімнің ұлылығын танытады. Құран Кәрім **«Ойланбайсыңдар ма?»**, **«Өнеге алмайсыңдар ма?»** деген секілді сөздермен адамдарға ескерту жасайды. Сондықтан кез келген жан адамдық деңгейде өмір сүруді, рухани тұрғыдан кемелденуді мұрат ете отырып, Құран Кәрім көрсеткен ойға шомуға үлкен мән беруі қажет.

Зәредей бір тұқымның (дәннің) құнарлы жерде үлкен ағашқа (талға) айналуы кісіні таң қалдырады. Сол тәрізді кісі терең ойға шомып, сезімдерінің Құран Кәріммен біте қайнасқан шағында туатын ақиқаттар да шынымен-ақ үлкен болады.

Хақ Тағала былай дейді: **«Олар өздері жайлы ойланбай ма? Аллаһ Тағала жеті қат көк пен жерді, ол екеуінің арасындағыларды босқа жаратпады. Әрі белгілі мерзім үшін** (жаратты)**.** (Бірақ) **адамдардың көпшілігі Раббыларымен кездесуді теріске шығарады** (иман келтірмейді)**»** (Рум сүресі, 8-аят).

«Шүбәсіз жеті қат көк пен жердің (жаратылуында) **иман келтіргендерге** (Аллаһтың бар және бір екендігіне) **көптеген айғақтар бар. Сендердің жаратылуларыңда, сондай-ақ** (Аллаһтың жер жүзінде алуан түрлі) **жануарларды жаратуында нағыз иман келтіргендер үшін көптеген дәлелдер бар. Күн мен түннің ауысуында, сондай-ақ Аллаһтың көктен жаңбыр жаудырып, өлі жерді қайта тірілтуінде,**

(сонымен қатар) **желдерді игеруінде ақылын қолданған жандар үшін көптеген дәлелдер бар»** (Жасия сүресі, 3-5 аяттар).

«Алғашқы жарату, бізді шаршатты ма? Жоқ олар керісінше, жаңадан жаратылудан (өлімнен кейін қайта тірілуден) **күмәнданады. Расында адамзатты біз жараттық. Оған нәпсісінің не деп сыбырлағандығын да білеміз.** (Өйткені) **біз оған күре тамырынан да жақынбыз»** (Қаф сүресі, 15-16 аяттар).

Құран Кәрімдегі осындай ойға шому мысалдарын арттыра түсуге болады. Хақ Тағала құлдарының бойынан ойға шому, ізденімпаздық, терең түсінік, биязылық іспетті қасиеттерді көргісі келеді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ойға шомудың артықшылығын былай деп тілге тиек етеді: *«Аллаһтың махлұқаттары жайлы ойлаңдар»* (Дайлами II, 56; Хайсами I, 81).

«Ойға шомудан асқан құлшылық жоқ» (Әли әл-Муттақи XVI, 121).

Ал Хазірет Әли (р.а.): «Білімсіз құлшылықта, ойға шомусыз Құран Кәрім оқуда береке болмайды», - дейді.

Әбуд-Дарда (р.а.): «Бір сағат ойға шому, қырық түн бойы жасалған нәпіл құлшылықтан артық», - дейді (Дайлами II, 70-71, 2397, 2400).

Ал Жүсіп Хамадани: «Адамның бойында ойға шому қасиеті туғанда, ислами іс-әрекеттер кемелдене түседі. Яғни, Аллаһтың әмірлерін мүлтіксіз орындау сезімі қалыптасады. Бұл екеуін, яғни, амал мен ойға шомуды біріктіру үшін қолдан келгенді аянып қалмау керек».[247]

Сауал сұрау арқылы білім алу, кез келген ғылымның, оқытудың ең маңызды кілті болып табылары сөзсіз. Алайда «ладунни ғылымда» сауал, тартыс тәрізді әдістер іс жүзінде қолданылмайды. Керісінше орынсыз сөз сөйлемеу, ойға шому, сабыр, тәслимият секілді жағымды қылықтар болады. Кез келген істің нәтижесі маңызды. «Ладунни ғылымға» қол жеткізгендер әулиелер, жұрт ұйықтап жатқан сәттерде зікір мен ойға шому арқылы Аллаһтың разылығын іздейді. Өйткені әулиелер үшін бұл уақыттың маңызы өте зор.

Әйгілі ғұлама имам Ғазали: «Ғариф болуды қаласаң, әуелі орынсыз жерде жақ ашпауың ойға шомуың қажет. Көз тастауың ғибрат алу болсын. Ал тілеуің Аллаһқа құлшылық ету болсын. Өйткені бұл үш қасиет, ғарифтердің белгісі», - дейді.

Ал Ибраһим Дасуқи: «Ұлым! Талас-тартыс, даурықпа тәрізді пайдасыз нәрселермен айналыспа! Орынсыз жерде тіс жарма. Ықыластың соңынан қалма. Осы жолда игі іс істеп, нәпсіңнің дегеніне ерме», - дейді.

247. Жүсіп Хамадани, Рутбетул-Хаят (ауд.Неждет Тосун), Станбул 2002, 60-бет.

Хазірет Мәулана да көптеген бәйіттерінде орынсыз жерде жақ ашпаудың артықшылығын былай деп танытады:

«Иә, орынсыз жерде үндемеу теңіз секілді. Ал сөз сөйлеу өзенге ұқсайды. Саған теңіз керек. Неге сен оны іздемейсің? Ал сен неге керісінше өзеннің, яғни дүниелік нәрселер өсегінің қыр соңынан қалмай жүрсің?»

«Бұл дүниенің өсегі шаң тәрізді. Ол көңілді, ішкі жан сарайды басып қалады. Ақылыңның насихатына құлақ асып, кейде үндемеуді мінезге айналдыр»

«Сабыр мен үндемеу Аллаһтың мейіріміне жол ашады. Қандай да бір айғақ немесе куәгер іздеуің бойыңда пайда болған аурудың нышаны. Жаның мейірімге бөленсін десең аяттағы **«Үндемеңдер»**[248] әміріне мойынсұнғайсың».

«Көп сөз сөйлеуді басқаларына бере сал. Сен одан да басқа бір жанның ішкі жан сарайына еніп, көңілін табуға күш сал. Жоғары қызмет, мақамның соңынан шаппай, пақырларға молынан садақа таратып Хақ Тағаланың разылығын сатып ал. Иә, осылай ет. Сонда Аллаһтың игілігіне бөленесің. Ілтипатына ілігесің. (Ол жүзеге асқанда) Тіпті көк жүзі сенің мәртебеңе қызғана көз салады».

«Орынсыз жерде үндемеу арқылы сөзіміз өтімді болады. Жақ ашпай-ақ сезімдерімізді мүлтіксіз жеткізуге болады. Бірақ оны қызғанып, көрінуіне тыйым салсақ, одан сайын көрінуге деген құштарлығы арта түседі».

«Бойыңдағы бар қасиетті көрсетпе, үндемеуге бой алдыр. Кәміл кісі болуды қаласаң жақ ашпа, риядан сақтан!»

Кісі сөз сөйлеуді ұйғарса, жақ ашпаудан құны жоғары хикметтерді айтуы қажет. Бірақ сөздің қадірін түсінетін кісі таппаса үндемегені абзал. Өйткені әрбір кісінің ақыл деңгейімен есептесу қажет. Әйтпесе қабақтың әрекетін ұғынбаған жанға хикмет, мағрипат жайлы сөз қозғау ақиқатқа жасалған үлкен қиянат болады.

Хазірет Әли (р.а.): «Адамдар түсінетін деңгейде сөз сөйлеңдер», - дейді (Бұхари, Білім 49).

Кейде үндемеу, ең дұрыс жауап болып табылады. Өйткені ислам ғұламалары: «Ақымаққа айтылар ең дұрыс жауап, үндемеу», - деп мұның маңыздылығын атап көрсеткен.

Хазірет Мәулананың төмендегі мына сөзі нендей ғажап!

248. Ағраф сүресі, 204-аят; Ахқаф сүресі, 29-аят.

«Қарғалар қарқылдауын бастағанда, бұлбұлдар сайрауын тоқтатады».

Иә, нендей ұлық ғалым болса да, қол жеткізген ақиқатын тыңдайтын құлақ таба алмайтын көптеген ғұлама бар емес пе? Олар оны айтудың орнына, үндемеуді артық көреді. Бірақ қызығы сол, аз білетін кісінің үнін өшіру қиын.

Мән берілу қажет нәрселердің бірі, өзгені тыңдау болып табылады. Өйткені тыңдауды үйренбеген жан, сөз сөйлеудің әдебін білмейді. Сондықтан балаларымызға әуелі тіліне ие болуды үйретуіміз қажет. Ал сөз сөйлеуді кез келген шақта үйреніп алары хақ.

Сағди Ширази: «Кімде-кім ойланбастан сөз сөйлесе, қателігі мол болды», - дейді.

Құтадғу Біліғ атты еңбекте: «Әуелі сөйлейтін сөзіңді ойлап алғын. Кейін жақсылап жеткізе біл. Тек саған сауал қойылғанда ғана жұмған аузыңды аш. Әрі сөзіңді ұзатпа», - деп айтылады.

Ал Хазірет Әли (р.а.): «Саған сауал қойылғанға дейін үндемеу, үніңді өшіргенге дейін сөйлеуден артық», - дейді.

Алайда біліп тұрып үндемеу яки сөйлейтін жерде аузын буған өгіздей жақ ашпау, орынсыз жерде қойып қалу секілді жағымсыз қылық екендігі сөзсіз. Өйткені бағзы сәттерде сөз сөйлеу зиянды болғанымен, кейде ақиқатты айтпау үлкен апатқа әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан кез келген жан ақиқатты айту керек болғанда, тайынбауы қажет.

Әбу Әли әд-Даққақ: «Ақиқатты айтуға мүмкіндігі бола тұра, жақ ашпаған жан тілсіз шайтан секілді», - дейді.

Атап айтсақ, дүниелік бір пайда үшін немесе өлімнен қорқып ақиқатты залымдарға айтпау үлкен кемшілік. Мұнымен шектеліп қалмай, залымға тілі арқылы қолдау көрсету залымның зұлымдығын істеумен тең.

Залым Хажжаж зұлымдығымен даңқы шыққан кісі еді. Бірақ онымен замандас болған ғұлама Хасан Басри ешқашан ақиқатты айтудан тайынбай, бетіне айтып салатын.

Ұзын сөздің қысқасы үндемеудің уақытын білмеу, сөйлеудің орнын білмеу секілді әбес қылық болып табылады. Мұны шейх Сағди: «Екі нәрсе ақылдың аздығын көрсетеді. Сөйлейтін жерде сөз сөйлемеу және орынсыз жерде сөз сөйлеу», - деп айтады.

Олай болса, асығып-аптықпай сөз сөйлеудің орнын, уақытын білу қажет. Сонымен қатар сөйлейтін сөзді алдын-ала дайындап алу керек. Біле білген жанға шаршы топтан өзге жерлерде орынсыз сөз сөйлемей, ойға шомып жүрген абзал.

Мұны бір шайыр:

«Сөйлеуің күміс болса, үндемеуің алтын болсын,

«Кәміл жандар, кемелдігін үндемеумен тапқан екен», - деп жеткізеді.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) орынсыз жерде үндемеуді және ойлануды жақсы көретін. Пайғамбарлықтың келуі жақындағанда оңашалануды, жалғыз отыруды тілейтін еді. Меккеден шамамен бес шақырымда орналасқан Хира үңгіріне келіп, бірнеше күн қалып қоятын. Оның оңашаланудағы құлшылығы, ойлану, атасы Ибраһим (а.с.) іспетті жеті қат көк пен жерге назар салып ғибрат алу және Қағбаны тамашалау болатын.[249]

Өйткені Хира үңгірі мәңгі сөнбес алауға айналатын Құран Кәрімнің Аллаһтың құзырынан жүрегі пәк Мұхаммедке түсіп, сол арқылы күллі адамзат баласына жетуін қамтамасыз ететін дайындық сатысы жүзеге асқан жер еді.

Сол шақтарда ғалам мен оның жаратушысы жайлы ойланған Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ғұмырының қалған жылдарында әрдайым ойлы жүретін. Аса зәрулік тумаса, жақ ашпайтын. Кейде үндемеуі ұзаққа созылып кететін. Сөзге бастаса, сөзін міндетті түрде тәмамдайтын. Бірнеше мағынаны санаулы бірнеше сөздің ішіне сыйғызатын. Яғни қысқа әрі нұсқа сөйлеуші еді.[250]

***

Айша анамыз (р.а.) Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) мейірімділігіне және ой тереңдігіне қатысты көзі көрген уақиғасын былай деп әңгімелейді:

«Бұр күні түнде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) маған қарап: «Ей, Айша! Рұқсат берсең, осы түнді Раббыма құлшылық етумен өткізейін», - деді.

Мен: «Уаллаһи, сенімен бірге болуды қатты жақсы көремін. Бірақ сені сүйіндірген нәрсені одан артық көремін», - дедім.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) дәрет алып, намазға тұрды. Намаз оқып тұрғанда көз жасына ерік берді. Қатты жылағандығы соншалық сақалы, тіпті намаз оқып жатқан жері суланып кетті. Дәл сол сәтте намазға шақыру үшін Біләл (р.а.) келді. Ол Пайғамбарымыздың (с.а.у.) мына күйін көріп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһ сенің барша күнәңді кешкен жоқ па? Неге жылайсың?» - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Аллаһқа көп шүкір ететін құл болмаймын ба?*

249. Айни, Ғұмдәтул-Қари Шарху Сахихил-Бұхари, Бейрут, Идаратут-Тибағатил-Мунирийя I, 61; XXIV, 128.
250. Ибн Сағд I, 422.

Уаллаһи, осы түнде маған аяттар түсті. Оларды оқып, ойға шомбаған кісілерге нендей өкініш!» - деп төмендегі мына аяттарды оқыды:

«Шүбәсіз, жеті қат көк пен жердің жаратылуында, күн мен түннің ауысуында (Аллаһтың бар және бір екендігіне) **ақылды жандар үшін көптеген айғақ бар. Олар, тұрып тұрғанда, отырғанда, жамбастап жатқанда** (барша халде) **Аллаһты зікір етеді.** (Сондай-ақ) **олар жеті қат көк пен жердің жаратылуы жайында ойға шомып: «Уа, Раббымыз! Сен мұны босқа жаратпадың? Сені** (нұқсан келтіретін барша нәрседен) **пәктейміз! Бізді тозақ отынан сақ!» - деп жалбарынады»** (Әли Имран сүресі, 190-191 аяттар).

***

Әбу Зар (р.а.) Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) бір күні түнде таңға дейін ойға шомып, Аллаһ Тағалаға жалбарынғандығын былай деп тілге тиек етеді: «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) түні бойы намазда: **«Егер оларды азаптасаң, олар сенің құлдарың!** (Ал) **егер оларды жарылқасаң да күдіксіз сен аса үстем, хикмет иесісің»** деген аятты қайталап оқып тұрды (Мәйда сүресі, 118-аят); (Нәсай, Ифтитах 79; Ахмед V, 156).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) аяттың мағынасын терең ойлап, үмбетінің қиямет қайымдағы халіне көз жүгірткен еді. Оларға жаны ашып, еріксіз көз жасын тыя алмай Хақ Тағалаға жалбарынған болатын.

***

Лұқман (а.с.) тыныш жерде оңаша отырып ойлануды жақсы көретін. Әрі мұны жиі-жиі іске асыратын.

«Неге жалғыз отырасыз? Адамдармен бірге отырып, әңгіме дүкен құрғаныңыз артық емес пе?» - деп әрекетінің сыры сұралғанда ол: «Ұзақ уақыт оңаша отыру, ойлануға жақсы. Ал ұзақ уақыт ойлану Хақ Тағаланың жолына жетелейді», - деп жауап берді.[251]

***

Бір кісі Хазірет ибн Аббасқа жаман сөздер айтты. Ал ибн Аббас жұмған аузын ашпады. Кісі таң қалып, ибн Аббастан үндемеуінің сырын сұрады.

Ибн Аббас: «Менің бойымда үш қасиет бар. Олар, менің саған жауап беруіме кедергі жасайды.

Біріншісі: Аллаһтың кітабынан бір аят оқылғанда, әттең барша адамзат баласы менің мына тыңдаған нәрсемді білсе ғой, деп тілеймін.

251. Тарсустағы көне бір мешітте Лұқман аләйһис сәләмның итикафқа кіріп, тәфәккур еткен орны әлі күнге дейін зиярат етілуде.

Екіншісі: Мұсылман бір билеушінің әділетті ұстанғандығын естігенімде қатты қуанамын. Ал ақиқақатына жүгінсек ол билеушімен ешқандай қатынасым жоқ. (Мен тек ислам ғажайыптарының іске асқандығына, әділеттің орнағанына қуанамын).

Үшіншісі: Мұсылмандардың аймағына жауын жауғанда қатты сүйінемін. Ал шындығына келсек, ол аймақта жайылып жүрген малым, яки жерім жоқ. (Өйткені, дін бауырымның қуанышы, мені сүйіндіруге жеткілікті)», - деп жауап берді (Хайсами IX, 284).

Ибн Аббас (р.а.): **«Сауатсыз надандар оларға тіл қатқанда, «сәлем»** (амандық тілеп) **деп айтады»** деген аятпен амал етіп жүрген болатын. Ол қарсы алдындағы кісіге бойындағы хал тілімен: «Менің ішкі жан дүнием осындай халде бола тұра, қалайша саған тіл қатып көңіліңді қалдырамын», - деп тұрған еді. Міне ол осылайша кітап іспетті, сауатсыз надандарға жақ ашпаудың мысалын көрсетті.

***

Сыр сақтай білу тілге ие болудың, үндемеудің бір түрі болып табылады. Бұл маңызды ерекшелікті, үндемеудің қадірін білетіндер ғана ұғынады. Төмендегі мына уақиға һәм осы жағынан һәм Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) көрсетілген әдеп және құрмет жағынан көптеген ғибратқа толы.

Сәбит әл-Бунанидің риуаят еткеніне сүйенсек, Әнәс ибн Мәлік (р.а.) оған мына уақиғаны айтып берген болатын:

«Мен балалық шағымда балалармен ойнап жүргенімде Аллаһ Елшісі (с.а.у.) қасыма келді. Бізге сәлем беріп, мені бір іске жұмсап жіберді. Осы себептен үйге кеш қайттым. Үйге келгенімде анам:

– Неге кешіктің? - деп сұрады. Мен:

– Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мені бір іске жұмсаған еді. Сол үшін кеш келдім», - деп жауап бердім. Анам:

– Ол не іс? - деп сұрады. Мен:

– Бұл құпия іс, - дедім. Бұл сөзімді естіген анам:

– Ұлым, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сырына мұқият бол. Ешкімге айтпа, - деді.

Хазірет Әнәс (р.а.) бұл уақиғаны айтқаннан кейін Сәбит әл-Бунаниге қарап: «Сәбит, егер бұл сырды біреуге айтар болсам, уаллаһи саған айтар едім», - деді (Мүслим, Фадайлус-Сахаба 145, 146).

***

Төмендегі мына уақиға Омар ибн Абдулазиздің ойлау тұңғиығын көрсетеді.

Мұхаммед ибн Кағб әл-Құрази былай деп әңгімелейді:

«Омар ибн Абдулазизді Мәдинада бұрын көрген едім. Ол кезде әдемі әрі байлықтың қызығын көріп жүрген жас жігіт болатын. Кейінірек ол халифа болғанда алдына кіріп шығуға бет алдым. Кіруге рұқсат сұрадым. Рұқсат берілгеннен кейін ішке кірдім. Оның кейпін көріп таң қалдым. Таңданысым арта түсіп, оған сүзіле қарай бастадым. Ол маған қарап:

– Уа, ибн Кағб! Неге олай қарайсың? - деп сұрады. Мен:

– Уа, мүминдердің әміршісі! Түсіңіз бұзылып кетіпті. Азып кетіпсіз. Шаштарыңыз түсіп, ағарып кетіпті ғой. Сізді мынадай кейіпте көргенімде таңданысымды жасыра алмадым, - деп жауап бердім. Ол маған қарап:

– Ей, ибн Кағб! Мені қабірге жерлегеннен кейін үш күн өткен соң көрсең, кім біледі қалай таң қалатыныңды? Ол кезде құмырсқалар көзімді ойып, көзім бетіме ағып жатады. Аузы-мұрным қан мен іріңге толы болады. Міне сол шақта мені тани алмайтын шығарсың! Таңданысың да арта түсер. Сен бұған мән бермей-ақ қой! Сен одан да маған ибн Аббастың (р.а.) Аллаһ Елшісінен (с.а.у.) риуаят еткен хадис-шәрібін қайтала», - деді (Хаким IV, 300/7706).

***

Бір күні ұлық әулиелердің бірі Хазірет Жұнайыд Бағдади көптеген кісінің асығып-аптығып бір жерге жүгіріп бара жатқандығын көрді. Оларға қарап:

– Мұнша асығып аптығатындай не болып қалды? - деп сұрады. Олар:

– Пәлен деген жерден бір ғұлама келіпті. Оның Аллаһ Тағаланың бар және бір екендігіне мыңдаған дәлелі бар екен. Соның дәлелдері мен түсініктемелерінен пайдаланып қалайық деп кетіп барамыз. Қаласаң сен де жүр бізбен бірге, - десті. Жұнайыд Бағдади оларға қарап:

– Көретін көз, еститін құлақ, сезетін жүрек үшін ғаламда Аллаһтың бар және бір екендігіне есепсіз айғақтар бар. Тіпті Хақ Тағаланың өзінің қаншама куәсі бар. Уа, жарандар! Осылардың барлығы бола тұра күмәні бар кісі болса, барсын. Біздің көңілімізде титтей шүбә жоқ, - деді.

Ал Сағди Ширазидің мына сөздері нендей керемет!

«Ақылды жандардың пікірінше жасыл ағаштың әрбір жапырағы Аллаһты тану үшін диуандай! Ал ғапылдар үшін барша ағаш бір жапырақтың құнына татымайды».

Адамзат баласы, ойға шомып ғалам кітабын оқуды үйренсе, оған маңайындағы нәрсенің барлығы Хақ Тағаланы танытады. Осылайша мағрипатқа қол жеткізеді.

***

Хазірет Мәулана үндемеу мен ойға шомудың ғажаптығын төмендегі мына уақиға арқылы былай деп жеткізеді:

«Бір сопы ойға шомып ләззат алу үшін әдемі бауға кіреді. Баудың әдемілігіне мастанып, ішкі жан дүниесін қуаныш кернейді. Көзін жұмып, ойға шомады. Сол маңайда жүрген ғапыл кісі, сопыны ұйықтап жатыр екен деп ойлайды. Оның мына халіне көз жүгіртіп таң қалады. Артынша қарай-қарай мезі болады. Сопының қасына келіп:

– Неге ұйықтап жатырсың? Көзіңді ашып, жүзім сабақтарына, гүлдеген ағаштарға, жасыл желекке оранған гүлзарларға қарамайсың ба?! Аллаһ Тағаланың мейірімінен туған дүниелерге көз салсаңшы, - дейді. Сопы оған қарап былай деп жауап береді:

– Ей, ғапыл! Аллаһтың мейірімінен туған ең қадірлі дүние көңіл, ішкі жан дүние болып табылады. Одан өзге нәрселер, көңілдің көлеңкесі іспетті. Мысалы, ағаштардың арасымен өзен ағып жатыр делік. Оның мөлдіреген таза суынан, екі жағалаудағы ағаштардың бейнесі көрінеді. Судың ішінде көрінген нәрсе, ақиқаты жоқ жалған дүние екендігі хақ. Ал ғажап бау-бақшалар адам баласының көңілінде, ішкі жан дүниесінде орын тебеді. Өйткені көңіл, ішкі жан дүние Хақ Тағаланың ғана назары түсетін орын. Көңілдің, ішкі жан дүниенің толқуынан туған ғажайыптар су мен балшықтан тұратын осы дүниеде көрінеді. Егер осы дүниедегі нәрселер, көңілдің, ішкі жан дүниенің ғажайыптары болып есептелмегенде, Хақ Тағала бұл дүниені фәни, алдамшы жалған дүние деп атамас еді. Құран Кәрімде Аллаһ Тағала: **«Негізінде дүние тіршілігі, алданыштың дүниесі»**, - дейді.

Ғапыл жандар бұл дүниені жәннат көріп: «Жәннат дегенің осындай-ақ болар»,-деседі. Олар әлгі өзеннің мөлдіреген суынан көрінген бейнеге алданғандар. Ғажайып бау-бақшалардан, яғни әулиелерден ұзақтап кеткендер, осындай қиялға елігіп адасуға бой ұрады. Бір күні уақыты келгенде ғапылдық ұйқысы соңғы аялдамаға келіп жетеді. Көз ашылып, ақиқат көрінеді. Бірақ ақтық демде көрінген ақиқаттың қандай пайдасы болар дейсің? Өлместен бұрын өліп, рухы ғажайып баудың ақиқатынан өз үлесін ала білген жан нендей бақытты!».

***

Еуропалық жазушы Торнтон мұсылмандардың үндемеуі мен ойға шомуының ғажайыптығын былай деп тілге тиек етеді:

«Түріктер аса байсалды, салмақты болып көрінеді. Көңіл көтерулерінің өзінде сөздерінде, іс-әрекеттерінде салмақтылық байқалады. Қуанышты, сүйінішті улап-шулап өткізуді ақымақтық деп есептейді. Үндемей жақ ашпау мен тыныштықтан ерекше ләззат алады. Әрекеттерінде көрінетін салмақтылықтан ұлылық көзге түседі. Қолдары бос уақытта тынығуды

жақсы көреді. Осылайша өздерінің саулығын сақтайды. Сонымен қатар олар ерте ұйықтап, күн шуағын төкпестен ерте тұрады».

***

Қысқасы, орынсыз жерде үндемеу мен ойға шому саналы ғұмырымызда аса мұқтаж болатын ерекшеліктер болып табылады. Иманымыздың күшейіп, іс-әрекетіміздің бағыты дұрыс болуын, өміріміздің гүлденіп жандануын қаласақ, осы ерекшеліктерді бойымызға сіңіруіміз қажет. Өйткені ойға шому, мұсылман баласын тахқиқи иманға бастайды.

Мұны бір шайыр:

«Мына ғалам Аллаһты танытатын ең үлкен кітап. Бұл үлкен кітаптың кез келген әрпін оқысаң, мағынасының Аллаһ екендігін көресің. Ғаламның қандай да бір зәредей түйіріне көз жүгірсең, сені Хақ Тағалаға бастайды», - деп жеткізеді.

Орынсыз жерде жақ ашпау, адамға тыныштық әкеледі. Жүзінде салмақтылықтың, байсалдылықтың бейнесі көрінуіне септігін тигізеді. Әрі жүрек түкпіріне тереңдікті туғызып, жәннатқа кіретін үміткерлердің қатарына енгізеді. Өйткені Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«(Орынсыз жерде) жақ ашпаған жан, құтылды (яғни, жәннаттық болуға қол жеткізді)»*, - деген (Тирмизи, Қиямет 50/2501; Дарими, Риқақ 5).

Ұзын сөздің қысқасы, орынсыз жерде жақ ашпау мен ойға шомудың пайдасы есепсіз көп. Сондықтан сөзді көп ұзатпай, тәмамдаған жөн шығар!

Б) ҒАЙБАТТАУ

Ғайбат айту, бір мұсылманның өзге мұсылман бауыры естігенде мұңаятын яки ұялатын кемшілігінен сөз қозғауы болып табылады. Аллаһ Тағала адамзат баласын ерекше құрметке бөлеген. Көптеген нығметтер нәсіп еткен. Әрбір құлына өзіне жарасар ерекшелік берген. Сондықтан кісіні көзі жоқта кемшіліктері жайлы сөз қозғау діни тұрғыдан үлкен күнә болып есептеледі. Рақымдылығы қаһарынан зор Раббымыздың күнәһар әрі кемшілікке толы құлын қорғауы да мейірімділігінің нышаны. Мұндай жағымсыз іс сонымен қатар қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты, бауырмалдық сезімді жояды. Шынымен-ақ тарих беттеріне көз жүгіртсек ғайбаттау, әрдайым ислам бауырмалдығын бұзушы, қоғам жүйесін талқандаушы, бірліктің рухын өлтіруші фактор ретінде бой көрсетіп келген. Сондай-ақ ол, қоғамда дұшпандық, өшпенділік және алауыздық отын көріктеген. Бағзы біреулер айтқан ғайбатының хақиқи тұстары да болады деген желеумен өзін-өзі жұбатады. Ақиқатына жүгінсек, ғайбаттау қандай да кемшіліктің, нұқсандықтың айтылуы. Болмаған нәрсені айту,

жала жабу. Ойын осылайша таразылап, сөздерінің ақиқатты баяндап тұрғандығына нанатын, әрі өзін-өзі жұбататын, әрі осындай пікірінен таймаған пенде нендей үлкен ғапылдықта жүр десеңізші!

Бір күні Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларынан:

– *Ғайбаттаудың не екенін білесіңдер ме?* - деп сұрайды. Ардақты сахабалар:

– Оның мәнісін Аллаһ және Оның Елшісі (с.а.у.) бізден артық біледі, - деп жауап қатады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– *Ғайбаттау, дін бауырыңды өзі жақсы көрмейтін сипаттарынан сөз қозғауың,* - дейді. Сахабалар:

– Айтылған сипат (кемшілік) бауырымыздың бойында болса, оған не дейсіз? - деп сұрайды. Аллаһ Елшісі (с.а.у.):

– *Егер айтқан нәрсең (кемшілігің) оның бойында болса ғайбат еттің. Ал жоқ болса, оған жала жаптың демек*, - деп жауап береді (Мүслим, Бирр 70; Әбу Дәуіт, Әдеп 40/4874).

Ғайбаттау көптеген мәселені қамтитын ауқымды тақырып. Кез келген дін бауырымыздың бітімі, мінезі, дүние-мүлкі, балалары, көлігі, заты, жүріп-тұруы, сөйлеуі т.б. ерекшеліктерін, оған ұнамайтын жазбаша яки ауызша түрде сөз қозғау, ишаратпен, яғни қас-қабақпен немесе қолмен түсіндіру, оған еліктеп мазақ қылу, тіпті ым білдіру ғайбаттау шеңберіне кіреді. Яғни мұсылман баласының қандай да бір кемшілігін өзгеге жеткізу үшін қолданылған әрбір сөз немесе әрекет ғайбаттаудың нақ өзі. Ғайбаттауда бүлікшіл ниеттің болуы шарт емес. Жете ойланбай айтылған сөз бен іс-әрекет ғайбаттау күнәсінің батпағына батуымызға жетеді.

Ғайбаттау – улы қанжар. Аталмыш қанжар жүректе орын тепкен махаббат, рақымдылық, мейірімділік, бауырмалдық сезімдерін жояды. Адамдар арасында алауыздықтың пайда болуына септігін тигізіп, дұшпандық өрши түседі. Әйгілі ғалым Фұдайыл ибн Ғияд: «Ғайбаттау кірген жерден, бауырмалдық қашып шығады», - деген.

Ғайбаттау, нәпсіден жеңілудің, жүректе теріс сезімдердің пайда болуы және жағымсыз мінез-құлықтың жемісі. Кісінің нәпсісін семірте түсетін күнә. Өйткені ғайбаттаушы өзі қор көріп айыптаған кісінің істеген ісінен яки күнәсынан іргем аулақ деп ойлайды. Яғни ол күнәні іске асырмағандығы үшін, өзін одан артық көреді. Алайда Пайғамбарымыздың төмендегі мына ескертуін жадымыздан шығармайық:

«Мұсылманның дін бауырын қор көруі, жамандық (күнә) ретінде оған жетіп артылады» (Мүслим, Бирр 32).

Сондай-ақ, өзге біреуді қандай да бір кемшілігі жайлы сөз қозғап

жүргендердің көп уақыт өтпестен сол кемшілікті жүзеге асырып жүргендіктерін көзіміз көріп жүр.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Кімде-кім дін бауырын, істеген күнәсі үшін айыптар болса, сол күнәні өзі істемей дүниеден өтпейді»*, - дейді (Тирмизи, Қиямет 53-2505). Яғни ғайбаттаудың негізінде тәкаппарлық, менмендік, Аллаһтың құлдарын қор көру, өшпенділік тәрізді жағымсыз сипаттар жатыр. Бұл жайт, ғайбаттаушының жүрегінің аянышты халде екендігін көрсетеді.

Ғайбаттау Аллаһқа иман келтірген құлдардың арасын бұзатын, дін бауыры жайында теріс ойларға себепкер болатын зәрлі у.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына: *«Сахабаларымның ешқайсысы өзгесі жайлы маған сөз жеткізбесін! Өйткені мен, сендердің алдарыңа таза, пәк жүрекпен шыққым келеді!»* - деген болатын.

Ғайбаттау адамның жан дүниесін, жүрегін ластайтын теріс қылық. Айша анамыз (р.а.) бұл жайлы былай дейді:

«Кісінің мүминдерге бауырын ғайбаттағандықтан емес, адал ас жегендіктен аузын шаюы нендей оғаш қылық!»[252]

Аллаһ Тағала мүминдерге Құран Кәрімде былай деп ескерту жасайды:

«Уа, иман келтіргендер! Күмәннің көпшілігінен сақтаныңдар! Бір-біріңнің кемшілігін іздемеңдер! Біреуді біреу ғайбаттамасын! (Араларыңдағы) **қайсыңа өлген бауырының етін жеу ұнайды? Әрине оны жек көресіңдер! Олай болса, Аллаһтан қорқыңдар! Күмәнсіз Аллаһ тәубені қабыл етуші, әрі ерекше мейірімді»** (Хұжурат сүресі, 12-аят).

Аллаһ Тағала қысқа ғана бір аят пен көптеген мағынаны қамтыған. Адамдарды ғайбаттаудан ақыл-ой мен әрі сезім мүшелері сезіне алатындай айғақтармен тыйым салған. Көзі жоқта адамды жамандаудың адами, ақли жаратылысқа теріс және діни тұрғыдан залал екендігін адамның құтын алатын сипатпен суреттеген.

Аяттағы **«өлген бауырының етін жеумен пара-пар»** деп суреттелген ғайбаттаудың үлкен қылмыс екендігіне бұлтартпас айғақ бола алады. Адам етін, тірі болған күннің өзінде жеу харам. Ал өлген бауырының етін сүйсіне жеудің қаншалықты жиіркенішіті екендігін өзіңіз ойланып көріңіз. Мұсылманның жаны, дүние-мүлкі, намысы, абыройы шариғатта қадірлі болып есептеледі. Оларға тисуге ешкімнің құқығы жоқ.[253]

Кез келген мұсылман баласын ғайбаттап, арына, абыройына дақ салу,

252. Ахмед бин Ханбал, әз-Зуһд, Бейрут 1398, I, 59.
253. Бұхари, Ғылым 9, 37; Қажылық 132; Мұслим, Қажылық 147, Қасама 29, 30.

оның жаны мен дүние-мүлкіне қол сұғу тәрізді ауыр қылмыс. Сол себепті біреуді жамандаудан, өсектеуден аулақ болу қажет.

Аллаһ Тағала өзгелерді ғайбаттауға дағдыланған жанға Құран Кәрімде былай деп сын айтады:

«Барша өсекші мен қорлаушыға азап болсын! (Олар) **мал жиып, қайта-қайта санайды.** (Ол) **жиған мүлкін, өзін мәңгі жасатады деп ойлайды. Жоқ! Әлбетте ол, Хұтамаға тасталады. Хұтаманың не екендігін саған кім білдірді? Ол, Аллаһтың жүрекке жетіп өртеген, алаулаған тозағы. Олар тозақтың ішінде ұзын діңгектерге байланады. Әрі тозақ, оларды қоршап алады»** (Һұмаза сүресі, 1-9 аяттар).

Ұлы Аллаһ Тағала ғайбаттауға тыйым салумен қатар, оны тыңдауға да рұқсат етпеген. Өйткені ғайбаттауды үнсіз тыңдау, іштей соған қосылуды, құптауды білдіреді. Көптеген аяттарда мүминдердің мұндай жағымсыз мінез-құлықтан аулақ болатындықтары айтылып өткен: **«Олар бос әрі пайдасыз сөз бен іс-әрекеттен аулақ болады»** деген аят сөзімізге дәлел бола алады. Өйткені кез келген мүмин өз жауапкершілігін өте жақсы біледі. Сонымен қатар өзіне берілген нығмет пен мүмкіндіктің, әрбір іс-әрекетінің есебі бар екендігін әрдайым жадынан шығармайды.

Хақ Тағала Құран Кәрімде құлдарына былай деп насихат жасайды:

«Өзің білмеген нәрсенің соңынан түспе! Өйткені құлақ, көз және жүрек істеген істерінен жауапқа тартылады» (Исра сүресі, 36-аят).

Бір жерде бір мұсылман ғайбатталып жатса, яки абыройына дақ түсіп жатса оны қорғау қажет. Кедергі болуға күш салу керек. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мұндай іс-әрекет жасаған мұсылманға үлкен сый уәде етеді:

«Кімде-кім бір мұсылманды бір мұнафыққа қарсы шығып (ғайбаттаушыға) қарсы шығып қорғаса, Аллаһ Тағала қиямет күні оның етін қоритын періште жібереді. Ал кімде-кім бір мұсылманның жаманатты болуын тілеп, жала жапса, Аллаһ Тағала қиямет күні тозақ көпірлерінің бірінің үстінде жапқан жаласының күнәсынан арылғанша ұстап тұрады» (Әбу Дәуіт, Әдеп 36-4883).

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде былай деп ескерту жасайды:

«Уа, тілімен иман келтіріп, жүрегіне иман орын теппеген жандар! Мұсылмандарды ғайбаттамаңдар! Кемшіліктерін де іздемеңдер! Кімде-кім мұсылмандардың кемшілігін іздесе, Аллаһ Тағала да оның кемшілігін іздейді. Ал Аллаһ Тағала біреудің кемшілігін іздесе, үйінің ортасында болса да, абыройын төгеді» (Әбу Дәуіт, Әдеп 35; Тирмизи, Бирр 85; ибн Кәсир, Тәфсір IV, 229).

«Күдіксіз өсімнің ең үлкені, мұсылманның арына тіл ұзату».

Өйткені өсімде кісінің малына нақақтан-нақақ қол сұғу бар. Ал ғайбаттауға келетін болсақ, кісінің ары мен абыройына дақ салу бар. Әрі кісілігіне нұқсан келтіреді.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) ғайбаттау мен өсек арқылы қол жеткізген дүние-мүліктің жақсылық әкелмейтіндігін былай деп тілге тиек етеді:

«Кімде-кім мұсылманды (ғайбаттаумен арына дақ салу) арқылы бір үзім нан жесе де, Аллаһ оған міндетті түрде дәл сондайын тамұқтан таттырады. Ал кімде-кім мұсылманға (жала жабу, ғайбаттау секілді) істеген ісіне сый ретінде бір киім кисе, Аллаһ оған міндетті түрде дәл сондайын тамұқтан кигізеді» (Әбу Дәуіт, Әдеп 35/4881).

Ғайбаттаумен шұғылданған жан күнәнің батпағына белшесінен батумен шектеліп қалмай, өзінің айып пен кемшілігін көруден, оны түзеуден мақұрым қалады. Осылайша үлкен залалға душар болады. Қиямет күнінде адамдар өздерінің өте мұқтаж болғандықтарына қарамастан сауаптарын ғайбат еткен, өсегін айтқан адамдарға беруге мәжбүр болады. Ал егер сауабы болмай жатса, оның күнәсінің жазасын тартады.[254] Сол себепті даңқы жер жарған ғұлама Хасан Басри: «Егер біреуді ғайбаттағың келіп тұрса, әке-шешеңді ғайбатта! Ең болмаса, ақыретте сауабыңды соларға бересің! Яки олардың күнәсін өз мойныңа аласың!» - деген екен.

Мүмин ешкімді ғайбаттамаумен қатар, өзі жайлы айтылған жағымсыз сөздерге сабырлық танытып, кешіре білсе игі іс іске асырғанмен тең болады.[255] Өйткені кәмілдіктің нышаны өсек пен жалаға сабырлық көрсетуде байқалады. Бұл жайында үш баспалдақ бар.

Әуелгі баспалдақ өсек пен жалаға сабырлық таныту

Екінші баспалдақ, өсек пен жалаға жауап қайырмай, күнәның ғайбат еткен жанға ауғанына сүйіну. Алайда бұл жайт кемшілік саналады.

Үшінші баспалдақ, сауап, Аллаһтың рақымдылығы секілді нәрселерге қол жеткізуге сүйсініп, ғайбаттаушы мен жала жапқанның ақыреттегі халін ойлап қайғыру.

Сонымен қатар ғайбаттаудың күнә болып есептелмейтін жерлері бар.

Олар:

1. Зұлымдыққа ұшыраған жанның залымнан ақысын алу үшін қолында билігі бар патша, әкім секілді тұлғаларға барып, «Пәленше маған осындай-осындай зұлымдық жасады» деп шағымдануы.

---

254. Бұхари, Мазалим 10, Риқақ 48; Муслим, Бирр 59; Тирмизи, Қиямет 2; Ахмед II, 303, 324, 372.

255. Әбу Дәуіт, Әдеп, 36, 4887.

2. Бір кісінің пәтуа бөліміне барып, «Пәленше маған осындай зұлымдық жасады. Ақымды алудың, оның зұлымдығын тоқтатудың қандай жолдары бар?» тәрізді сөздерді айтуы. Мұндай жайт мұқтаждықтан туғандықтан, шариғатта рұқсат етілген. Алайда мәселені жасырын айту ізгілік болып табылады.

3. Мұсылмандарды жамандықтан сақтандыру және жақсылығын тілеу. Мұның да бірнеше түрі бар:

а. Хадисті нақыл етушілер мен куәгерлердің кемшіліктері табылып жатса, айыптап айту. Бұған ижма рұқсат еткен. Бағзы ғұламалар мұның үкімі «уәжіп» дейді.

ә. Бір кісі біреуге құдаласу, ортақтық, көршілік, сауда-саттық, яки аманатқа бір нәрсе тастау іспетті іс-әрекеттер жасауға ниеттенсе, әлгі адам жайлы мағлұматтардың айтылуы.

б. Дінді әрі діни ғылымдарды үйренгісі келіп жүрген шәкіртті, пасық жағымсыз мінезі бар, бидғатшы, күнәһар ұстаздан сақтандыру.

в. Жүктелген міндетті ойдағыдай атқара алмай жүрген қызметкерді, жоғарыдағыларға білдіру.

г. Пасықтығы мен бидғатшылығы байқалып жүрген жан жайлы сөз қозғау. Алайда осы екі қасиетінен өзге қасиеттері жайлы айту харам.

ғ. Егер бір кісі ақсақ яки керең немесе соқыр, тәрізді сипаттармен ғана білінсе, оларды тек таныту мақсатында сол лақаптарымен таныстыру. Мұндай лақаптары бар кісілерді басқа есімдері мен сипаттары арқылы танытуға рұқсат болған жағдайда да, тұрпайы сипаттарды қолданудан аулақ болу қажет.

Алайда бұл секілді жайттарда ғайбаттауға болады екен деп, нәпсіге ермеу керек. Сынау яки мінеудің қайсысының дұрыс екендігін өте жақсы айыра білу ләзім. Өйткені нәпсі алуан түрлі желеумен өзгені ғайбаттаудың дұрыс, игі іс екендігін көрсете алады. Тіпті «сенікі дұрыс, айтуға құқығың бар» деп азғыруы әбден мүмкін.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) ғайбаттаушының ақыреттегі аянышты халін былай деп суреттейді:

«Миғражға шыққанымда тырнақтары мыстан болған жандардың жүздері мен көкіректерін тырнақтарымен осып жатқан қауымның тұсынан өттім. Жәбірейілден: «Уа, Жәбірейіл! Мыналар кім?» - деп сұрадым.

Ол: «Бұлар ғайбат етіп, адамдардың еттерін жегендер. Олардың

абырой-намысымен ойнағандар!» - деп жауап қатты» (Әбу Дәуіт, Әдеп 35/4878).

***

Жәбир (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Мен Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) бірге едім. Кенет шіріген өліктің иісі пайда болды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Бұл иістің не екендігін білесіңдер ме? Бұл, муминдерді ғайбаттаған жанның иісі»*, - деді (Ахмед III, 351). Қазіргі таңда бұл иісті сезінбеуіміз, жүрегіміздің ластанғандығының нышаны.

***

Салман Фариси (р.а.) екі сахабамен бірге сапар шегеді. Оларға қызмет жасап, солармен бірге тамақтанатын. Бір күні олар жүріп кеткенде Салман ұйықтап қалады. Олар ілгері жылжып кетеді. Кейін естеріне түсіп, оны іздеп таба алмайды. Шатырларын өздері құрып түнейді. Екеуі өз араларында: «Салман дайын тамақ пен құрылған шатырға келуден басқа дым білмейді», - деп сөз қозғайды. Салман (р.а.) арттарынан қуып жеткенде: «Пайғамбардан айран сұрап әкел!» - деп жұмсап жібереді. Салман (р.а.) қолына ыдыс алып, Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) барады.

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Екі жолдасым сенен айран сұратқалы жіберді», - дейді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Жолдастарың айранды не қылмақшы? Ішетін айрандарын ішті ғой!» - дейді.

Салман болған оқиғаны екі жолдасына келіп баян етеді. Олар дереу Пайғамбарға (с.а.у.) келіп: «Аллаһ атымен ант ішейік! Тоқтағанымыздан бері нәр татпадық!» - дейді.

Пайғамбар (с.а.у.): «Ғайбаттауларың арқылы Салманды айран етіп іштіңдер ғой», - дейді. Бұл оқиғадан кейін **«Араларыңдағы қайсыңа өлген өлі бауырының етін жеу ұнайды?»** деген аят түседі (Хұжурат сүресі, 12-аят).

Басқа бір риуаятта Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Мен ол бауырларыңның етін тістеріңнің арасында көріп тұрмын!»* - дейді. Әлгі екі сахаба Пайғамбарға (с.а.у.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Күнәміздің кешірілуі үшін дұға ет!» - деп жалбарынады.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Ғайбаттаған жолдастарыңнан сұраңдар! Ол сендер үшін истиғфар етсін!» - дейді (Ибн Кәсир, Тәфсір IV, 231).

***

Айша анамыз (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Аллаһ Елшісіне қарап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сафияның

бойының қысқа болуы, кемшілік ретінде соған жетіп артылады», - деп қалдым. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Әй, Айша! Сөйлеген сөзің теңізбен араласса, суын (құрамын) бұзатындай сөз айттың», - деді.

Бір күні бір кісінің әрекетін өзім салып түсіндірген едім. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Маған дүниенің бар асылын, біреу оған ұнамайтын пішінде салып айтуға берсе де қабылдамас едім», - деді (Әбу Дәуіт, Әдеп 35/4875; Тирмизи, Қиямет 51).

***

Пайғамбарымыз (с.а.у.) соңғы рет науқастанғанында мүминдердің аналары қасына жиналды. Олардың арасындағы Сафия анамыз (р.а.): «Уа, Аллаһтың Елшісі! Басыңа келген мына қиыншылық саған келмей, маған келуін қалар едім», - дейді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өзге әйелдері қас қабақтарымен ишарат етіп, мынау не деп тұр дегендей ымдасады. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) олардың не істеп тұрғандығын көрмесе де: «Ауыздарыңды шайыңдар!» - деп әмір етеді. Олар аң-таң болып: «Неге шаялық?» - дейді. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Сафияны қас-қабақтарыңмен ымдағандарың үшін. Уаллаһи, ол маған айтқан сөздерін шын көңілден айтты»,-дейді (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 348).

***

Ғитбан ибн Мәлік (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) біздің үйге келді. Өзі имам болып, намаз оқытты. Намаздан кейін жамағаттың бірі: «Мәлік ибн Дұхшұм қайда екен?» - деп сұрады. Сол жерде отырғандардың бірі: «Ол, Аллаһты және Оның Елшісін сүймейтін мұнафық қой!» - деді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): «Олай деме! Ол Аллаһтың разылығын тілеп «Лә иләһә илләллаһ» деп жүр! Аллаһтың разылығынан үміттеніп, «Лә иләһә илләллаһ» деген жанды, Аллаһ тозаққа харам қылды», - деді (Бұхари, Салат 45, 46, Азан 4, 5, 153-154; Мүслим, Иман 54-55). Аталмыш оқиғада Пайғамбарымыз (с.а.у.) кез келген мұсылманның өзге мұсылман жайлы теріс ойлауына тыйым салған. Әрі ғайбаттың батпағына батудан сақтандырған.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) Тәбүкте еді. Жанында отырған сахабаларынан: «Қағып ибн Мәлік не қылды?» - деп сұрайды. Бәну Саламаның (ру аты) кісісі: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Киіміне, оң-солына қарап кербезденгені оны Мәдинадан шығармады», - деді.

Мұғаз ибн Жәбал (р.а.): «Қатты айттың!» - деп қарсы шықты. Пайғамбарға (с.а.у.) қарап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Біз ол жайлы тек жақсы нәрселерді ғана білеміз ғой», - деді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) тіс жарып, ләм демеді (Бұхари, Мағази 79; Мүслим, Тәубе 53).

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыздың аталмыш оқиғада үндемеуі Мұғазды құптауының нышаны. Осылайша ол, кез келген мүминнің ғайбатталуына «тақрири» жауап арқылы тыйым салған болатын.

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) азат еткен Ғұбайыд былай деп хикая етеді:

«Екі әйел ораза ұстап жүрген еді. Түскі уақытта біреу келіп: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Мына жерде ораза ұстаған екі әйел бар. Қаталап өлетін түрлері бар. (Оразаларын ашуға рұқсат бер!)» - дейді. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сырт айналып, оның дегеніне мән бермеген сыңай танытады. Әлгі кісі айтқан сөзін бірнеше мәрте қайталап: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Уаллаһи, өлетін түрі бар!» - деуден танбайды.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оған қарап: «Шақыр оларды!» - дейді. Әйелдер келеді. Пайғамбар (с.а.у.) бір ыдыс сұратты. Ыдысты әйелдердің біріне ұстатып: «Ішіндегіні құс!» - дейді.

Әйел ыдыстың жартысы қан, ірің және ет құсады. Пайғамбар (с.а.у.) өзге әйелге де құсуын бұйырады. Ол әйел ыдысқа толған қан, ірің және ет құсады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Мыналар, Аллаһтың адал қылған нәрселерінен тыйылып, харам еткен нәрселерімен оразаларын бұзды. Бірі өзгесінің жанына отырып алып, адамдардың еттерін жеген (ғайбаттаған)»*, - дейді (Ахмед V, 431; Хайсами III, 171).

***

Хазірет Мәулана адамдардың өз бойындағы қателігін көрмей, өзгенің кемшілігі жайлы сөз қозғауын төмендегі мына мысал арқылы түсіндіреді:

«Үндістандық төрт мұсылман бір мешітке кіреді. Құлшылық жасауға бел байлайды. Әрбірі ниет етіп, намазға бастайды. Сәжде етіп, рұкуғқа барады. Олар өздерінің кемшіліктерін іштей сезінгендіктен намазды шын ықыласпен бастаған болатын. Сол сәтте мешітке азаншы кіріп келеді. Намаз оқып тұрғандардың бірі намазда екендігін ұмытып: «Ей, азаншы! Азан айтылды ма? Әлде әлі уақыт бар ма?» - деп қалады.

Қасында тұрған: «Өй! Аузыңды жап! Сөз сөйлеп намазыңды бұздың ғой!» - дейді.

Үшіншісі екіншісін нұқып қалып: «Көке! Сен неге одан кемшілік іздейсің? Сен де сөз сөйледің! Сен әуелі өз бойыңа көз жүгірт! Насихат айтуды әуелі өзіңнен баста!» - дейді.

Төртіншісі: Құдайға шүкір! Мен сендер секілді құдыққа түспедім. Яғни, сөз сөйлеп намазымды бұзғаным жоқ!» - дейді.

Осылайша төртеуінің де намазы бұзылады. Кез келген жанның айыбын іздеп, жария еткендер негізінде өздеріне қиындық тудырады. Қателікке бой алдырып, көп сүрінеді. Өз айыбын көре білген жан нендей бақытты! Біреу өзгенің айыбын көрсе, оны сатып алды. Өйткені адам баласының жартысы, яғни нәпсісі мен материалдық жағы, айып пен кемшілік әлемі бұл дүниеде. Екінші жартысы яғни, рухани және ішкі жан дүниесі ғайып әлемінде. Ақиқатында сенде нәпсінің теріс, жағымсыз тұстары және хайуанның мінезі тәрізді рухани ауру түрлері бар.

Олай болса, өз дертіңнің дауасын тап. Өз кемішілігін көру, өзін айыптай білу әлгі дерттің шипалы дауасы. (Өйткені өз кемшілігін білу кәмілдіктің асқар шыңы) Бір мұсылманның бойында сен көрген айып пен кемшілік сенің бойыңда жоқ болса да өз-өзіңе сеніп алданба! Ондай айып істі сенің де іске асыруың әбден мүмкін.

***

Суфиян ибн Хұсайын былай деп әңгімелейді:

«Бір күні Иястың жанында отырып біреуді жамандадым. Ол маған қарап:

– Биыл римдіктерге қарсы жиһадқа қатыстың ба? - деп сауал қойды. Мен:

– Жоқ! Барған жоқпын, - деп жауап бердім. Ол:

– Римдіктер мен кәпірлер сенен құтылды. Ал мұсылман бауырың сенің жамандығыңнан құтыла алмапты, - деді.

***

Сағди Ширази былай деп әңгімелейді:

«Балалық шағымда зуһдке (дүниеден арылып оңаша қалу), риязатқа және түнде құлшылық етуге құмар едім. Бір күні әкемнің жанында отырған болатынмын. Түні бойы көз ілмей шықтым. Құран Кәрім қолымнан түспеді. Маңайымызда бірнеше кісі ұйықтап жатқан еді. Әкеме қарап: «Мыналардың ешқайсысы ұйқысын қиып, екі рәкағат намаз оқымайды. Өліктерге ұқсап ұйықтап жатқандығын қарашы!» - дедім.

Әкем қабағын түйіп: «Балам Сағди! Өзгелерді ғайбаттағанша, олар секілді ұйықтағаның артық еді. (Өйткені сенің қор көргендерің дәл қазір Аллаһтың мейірімінен мақұрым болса да, иықтарындағы періштелері теріс нәрсе жазып жатқан жоқ. Ал сенің амал дәптеріңде дін бауырларыңды қор көру және ғайбаттау күнәсі жазылды)», - деді».

***

Өзгені ғайбаттауға дағдыланған бір кісі, тіпті сол маңайда тұратын әулиені ғайбаттауға кіріседі. Оны осы жағымсыз қасиетінің кесірінен

ешкім сүймейтін. Алайда әлгі әулие ғайбаттаушыны әрдайым күлімсіреп қарсы алатын.

«Кел менің сүйікті серіктесім!» - деген тәрізді жылы сөздер қолданатын. Уақыт өте келе ғайбаттаушы ынсапқа келіп: «Мен бұл кісіні жатсам да тұрсам да ғайбаттап жүремін. Ал ол болса, әрдайым маған ілтипат көрсетеді. Осы сәттен бастап оны ғайбаттамауға бел байладым», - деп ант ішеді. Шынымен-ақ ол, әулиені ғайбаттауын қояды. Алайда ол, әулиенің құзырына барғанда бұрын көріп келген ілтипаттан дәнеме қалмағандығын байқайды. Мұның себебін білмекші болып: «Уа, қадірлі кісім! Бұрынғы ілтипатыңыз қайда кеткен?» - деп сауал қояды.

Қойылған сауалды насихат айтуға қолайлы сәт деп түсінген әулие күлімсіреп былай дейді.

«Бұрын екеуміздің бір саудада серіктестігіміз бар еді. Серіктестік тоқтады. Ілтипат сонымен бітті».

Әлгі кісі: «Қандай серіктестік? Ондай серіктестіктен хабарым жоқ!» - деп ағынан жарылады.

Әулие: «Сен мені бұрын жатсаң-тұрсаң ғайбаттаушы едің. Мен қарымта қайырмай, сабарлық танытуды жөн көруші едім. Бұл сабырымның өтеуі ретінде менің күнәларым сенің амал дәптеріңе, ал сенің сауаптарың менің амал дәптеріме жазылушы еді. Иә, сенімен осындай саудада серіктестігіміз бар болатын. Қазір сен мені ғайбаттауды тоқтаттың! Серіктестік соның себебінен құрыды», - деп серіктестіктің мәнін ұғындырады.

Әлгі кісі терең ойға шомып: «Шынымен-ақ ғайбаттаушының халі осындай болмақ па?» - деп аң-таң болады. Әулие оған төмендегі мына мысалман жауап береді.

«Имам Шарани былай дейді: «Біреуді ғайбаттағым келіп тұрса, әуелі әке-шешемді ғайбаттаймын. Өйткені ғайбаттаушы өз сауабын ғайбатталған кісіге береді. Әрі оның күнәсін өз мойнына алады».

Бұл сөздерге ден қойып тыңдаған кісі әрекетінің терістігіне көзі жетеді. Артынша әулиеге ешбір жанды ғайбаттамайтындығына уәде береді».

***

Қысқасы, ғайбаттау бір кісінің құқығына қол сұғу болып табылады. Қиямет күнінде жанға батар ауыр күнә. Көптеген адамдар дастарқан басында әңгімелесіп отырып, ғайбаттаудың батпағына түскендіктерінің парқында болмайды. Тіпті кейде ақиқатты айтып отырмыз ғой деп даурығады. Кейде сонымен өздерін жұбатады. Ғайбаттаудың қатерлі тұстары да осы. Ғапыл жанға түкке тұрғысыз болып көрінгенімен

ақиқатына жүгінсек, оның бұл дүниелік әрі ақыреттік өмірін ойран ететін ауру түрі.

Қоғамдағы махаббат, құрмет, бауырмалдық сезімдері ғайбаттаудың кесірінен жойылады. Сонымен қатар бірлік, жәрдем беру секілді ізгі қасиеттердің түбіне жетеді. Қияметте тер төгіп қол жеткізген көптеген сауаптың босқа кетуіне себепкер болады. Оған қоса күнәнің ауыртпалығы да бар. Осыған қарамастан өкінішке орай көптеген жан оның жетегінде кетеді. Тіпті дағдыға айналдырады. Сол себепті мұндай мәселелер жайында өте қырағы болуымыз қажет. Аллаһ Тағала баршамызды бұл улы тілдің жамандығынан сақтасын! Әумин!

В) ТАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ БИЯЗЫЛЫҚ

Ислам, тазалық, биязылық, сыпайылық, қарапайымдылық діні болып табылады. Хақ Тағала Құран Кәрімде: **«Аллаһ таза жандарды сүйеді»**, - дей отырып мұсылмандарды һәм материалдық һәм рухани тұрғыдан тазалыққа шақырады (Бақара сүресі, 222-аят).

Ал адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) болса: *«Аллаһ таза әрі тазалықты сүйеді»*, - дей отырып тазалықтың дінімізде алар орнын айрықша атап өткен (Тирмизи, Әдеп 41/2799).

Ислам діні адамзат баласына құрылысы тазалыққа, биязылыққа, сыпайылыққа, қарапайымдылыққа негізделген ерекше жүйе сыйға тартқан. Әрі дініміз тазалықтың имандылықтың бір бөлшегі екендігіне тоқталған. Сонымен қатар хадис, фиқһ кітаптарымыздың да тазалыққа қатысты тараулардан басталатыны да бекер емес. Тән немесе құлышылық жасайтын мекеннің таза болмауы кейбір құлышылықтарды өтеуге кедергі болады.

Дінімізде әсіресе әжетхана әдептеріне ерекше мән берілген. Әсіресе истибраға ерекше көңіл бөлуімізді талап еткен.

Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Қабір азабының көпшілігі нәжіс атаулыдан аулақ болмаудан туады»*, - деп үмбетінің тазалыққа мұқияттылық танытуын насихат еткен (Ибн Мәжә, Таһарат 26).

Ислам діні мұсылмандарға тәндерін, киімдерін, тұрған жерлерін, өмір сүрген ортасын әрдайым таза ұстауды әмір етеді. Сондай-ақ, ішкі жан дүниелерінің тазалығына да көңіл бөлулерін бұйырады. Сол себепті дініміз, тазалықты барша құлшылықтың негізгі шарты ретінде қарастырады. Яғни міндетті түрде жасалатын тазалықты, ислам діні құлшылық ретінде қабыл алған. Осылайша әрбір мұсылман баласының тазалыққа деген ыждағаттылығын арттырып, құлшылық ретінде қалыптасуына мүмкіндік танытқан.

Құран Кәрімде, хадис-шәріптерде мұсылмандарға дәрет пен ғұсылдың маңыздылығын білдіретін мағлұматтар жетіп артылады. Өйткені дәрет пен ғұсыл медициналық және рухани тұрғыдан тазаланудың таптырмас құралы. Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) тіпті құлшылықтан тыс уақыттарда әрқашан дәретпен жүруімізді өсиет етеді. Тіпті бір хадис-шәріпте тазалыққа еті үйренсін, дағдылансын деген ниетпен : *«Дәретке, тек шынайы муминдер ғана дағдыланады»*, - дейді (Муатта, Таһарат 6).

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) мұсылмандардан аса үлкен мұқияттылық танытуларын талап еткен істерінің бірі ауыз тазалығы болып табылады. Сол себепті Пайғамбарымыз (с.а.у.) тәуліктің кез келген сәтінде, атап айтар болсақ дәрет алудың алдында мисуак қолдануды үмбетіне әмір еткен.

Айша анамыз (р.а.) былай деп әңгімелейді:

«Біз, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) дәрет суын және мисуағын алдын-ала ақшам уақытында әзірлеп қоятынбыз. Ол қалаған уақытында оянып, алдымен мисуакпен тістерін тазалайтын. Кейін дәрет алып, намаз оқитұғын» (Мүслим, Мұсафирун 139).

Тағы да сол Айша анамыздан (р.а.): «Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үйге келгенде немен шұғылданатын еді?» - деп сұралған болатын.

Айша анамыз (р.а.): «Тістерін мисуакпен тазалайтұғын», - деп жауап береді (Мүслим, Тахарат 43-44).

Мұсылман баласы астан алдын және кейін қолын жуу арқылы астың берекетін арттырады.[256]

Сонымен қатар тырнақ алу, сақал мен мұрттың қысқартылуы секілді тән мұқтаждықтарын өтеу Пайғамбарымыздың бізге тәлім еткен әдебінің бір бөлшегі ғана.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Пайғамбарлардың сүннеті бесеу. (Бұл бес нәрсе тәннің мұқтаждықтары болып табылады.) Олар: «Сүндетке отыру, екі бұт арасын қыру, тырнақ алу, қолтық астын қыру және мұртты қысқарту»*, - деп, аталмыш нәрселердің тазалық үшін негізгі факторлар екендігін білдірген.

Мұсылман баласы тұрып жатқан үйін яки тұрақтап жатқан мекенін таза ұстауы қажет. Өйткені мұсылман келіп тоқтаған жер, міндетті түрде құлышылық жасайтын мекенге айналады. Ол жерге періштелердің кіруіне кедергі болатын жаман және нәжіс атаулыны жолатпауы қажет. Өйткені періштелер таза әрі хош иіс аңқыған мекенге үйір болады. Жағымсыз иіс

256. Тирмизи, Әтғима 39/1846.

яки нәжіс атаулы сол жердің шайтан мен пасық жындардың ордасына айналуына себепші болады.

Сондай-ақ мұсылман баласының қоршаған ортасы да кіршіксіз таза болуға тиіс. Ол ортада кісіні беймаза етер жағымсыз іс-әрекеттерге, көріністерге жол берілмейді. Мысалы, мұсылман жүргінші жолына түкіру тәрізді жағымсыз, теріс қылық жасамайды. Керісінше жүргінші жолынан ары-бері өтіп жатқан адамдарға залалы тиеді-ау деп ойлаған нәрсесін жол бойынан алып тастауды имандылықтың белгісі деп ұғынады.

Ұзын сөздің қысқасы мұсылман баласының күллі болмысы таза болады. Айта кетер тағы бір жайт, материалдық тазалықтың рухани тазалыққа тигезер пайдасы орасан зор. Бұл жайлы көптеген ғұламалар, адам жан сарайының тазарып, ізгі істер іске асыруға деген құштарлығына, әрі жүректің ихсан мәртебесіне жетуіне материалдық тазалықтың тигізер көмегін ерекше атап өткен.

Ал сыпайылыққа келер болсақ, ол да мұсылман баласының айрылмас серігі екендігі даусыз. Ал сыпайылық пен биязылықта өнеге алар тұлғамыз сыпайылықтың асқар шыңына байрақ тіккен Пайғамбарымыз (с.а.у.) болып табылады.

Мұсылман, адамзат баласының жағымды әрі жақсы деп бағалайтын барша сыпайылық қағидаларына әрқашан ерекше көңіл бөлуі тиіс. Бұл қағидалар қарапайым формалар болып көрінгенімен түптеп келгенде адамның болмысын қалыптастырады.

Иә, сыпайылық қағидалары әуелі кез келген жанның жан сарайынан орын алып, өз қызметін атқара бастайды. Тек бір тұлғаға ғана емес сыпайылық қағидаларының қоғамға тигізер пайдасы да мол. Міне осылайша тәртіпті, жүйелі, әрі молшылыққа негізделген ғұмыр дүниеге келеді.

Бұл қағидалардың кейбіреуіне тоқталып өтелік.

Мұсылман өзге біреудің үйіне, яки мәжіліске кіруден алдын рұқсат сұрайды.

Хақ Тағала Құран Кәрімде бұл жайлы: **«Уа, иман келтіргендер! Өз үйлеріңнен бөгде үйге рұқсат сұрамайынша әрі үй иесіне сәлем бермейінше кірмеңдер! Бұл сендер үшін қайырлы.** (Аллаһ Тағала бұл насихат арқылы әдептілікті тәлім етуде), **әрине түсінерсіңдер! Егер бөгде үйлерде ешкімді таппасаңдар, сендерге рұқсат берілмейінше** (ішке) **кірмеңдер! Егер сендерге: «Қайтыңдар!» - деп айтылса дереу қайтыңдар! Бұл сендер үшін** (Аллаһ Тағала құзырында) **қайырлы. Аллаһ Тағала барша іс-әрекеттеріңді толық біледі»**, - дейді.

Басқа бір аятта Аллаһ Тағала: **«Уа, иман келтіргендер! Меншіктеріңдегі құл-күңдер, әлі ержетпеген балаларың, таң намазының алдында, түсте киімдеріңді шешкен уақытта, құптан намазынан кейін жандарыңа рұқсат сұрап кірсін!** (Аталмыш) **уақыттан кейін** (кіріп шығу) **сендерге де, оларға да айып емес. Өйткені сендер бір-бірлеріңе кіріп-шығуға мұқтажсыңдар! Осылайша Аллаһ сендерге аяттарын баян етеді. Күдіксіз Аллаһ** (барша нәрсені) **білуші, хикмет иесі.**

Балаларың ер жеткенде, бұрынғылар рұқсат сұрағандай рұқсат сұрасын! Осылайша Аллаһ сендерге аяттарын баян етеді. Күдіксіз Аллаһ (барлық нәрсені) **білуші, хикмет иесі»** (Нұр сүресі, 58-59 аяттар).

Бір кісімен кездескенде дұрыстап сәлемдесу қажет. Сондай-ақ берілген сәлемді де жылы кейіпте қарсы алу керек. Тіпті кірген жерде тірі пенде болмаса да кісінің сәлем беріп кіргені абзал.[257]

Аллаһ Тағала құлдарының сыпайылық қағидаларының шегінен шықпай, дұрыс жүріп-тұруларын қалайды. Қатты сөзден, айқайлап-бақырудан мұсылмандардың аулақ болуын талап етеді.

Хақ Тағала бұл жайлы былай дейді:

«(Уа, Мұхаммед!) **жүргенде орташа жүр!** (Яғни, тез де емес, ақырын да емес) **Әрі дауысыңды бәсеңдет!** (Яғни, қатты айқайлап сөйлеме) **Күдіксіз дауыстардың ең жаманы есек дауысы»** (Лұқман сүресі, 19-аят).

Өзін мұсылманмын деп санаған кісі, бәсең дауыспен сөз сөйлеуі, әсіресе үлкендерді айқайлап шақырмауы ләзім.

Бұл жайт жайлы Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

«Уа, иман келтіргендер! Дауыстарыңды пайғамбардың дауысынан артық көтермеңдер! Сондай-ақ, амалдарыңның сендер аңғармастан жойылмауы үшін бір-біріңе дауыстағандай айқайлап, пайғамбарды шақырмаңдар!» (Хұжурат сүресі, 2-аят).

«(Уа, Мұхаммед!) **шынында сені бөлмелердің арт жағынан айқайлап шақырғандардың көпшілігі ақылсыз жандар!»** (Хұжурат сүресі, 4-аят).

Мұсылман баласы тілі жұмсақ, сөзі шырайлы жан боуға күш салуы қажет. Әрдайым жақсылық жасауды тілге тиек етуі керек.[258] Орайы келіп жатса ізгілік, туралық, тақуалық жайлы сөз қозғағаны жөн.[259]

Мұсылман баласы, мәжілісте «Орын беріңдер!» деп айтылғанда орын беруі, сонымен қатар «Тұрыңдар!» деп айтылғанда мәжілістен тұрып

257. Нұр сүресі, 61-аят; Ниса сүресі, 86-аят.
258. Исра сүресі, 53-аят.
259. Мұжәдала сүресі, 9-аят.

кетуі керек.[260] Әрі рұқсат сұрамастан мәжілістен үйге кетіп қалу да жөн емес.[261]

Иә, мұсылман баласы тіпті біреумен әзілдескен күннің өзінде сыпайылық қағидасының шегінен шықпауы қажет. Арадағы сүйіспеншілікті арттыра түседі деген желеумен оғаш, жағымсыз әзілдердің қолданылуы, етене жақын араласқысы келген жанның көңіліне кірбің ұялатуы әбден мүмкін. Сол себепті әрбір мұсылман баласының ғұмыры сыпайылыққа негізделуі ләзім.

ӨНЕГЕЛІ КӨРІНІСТЕР

Пайғамбарымыз (с.а.у.) тазалыққа, сыпайылыққа жаны жақын болатын. Бір жолы жолға түкірген адамды көреді. Дереу жүзі қызарып, орнында тұрып қалады. Мұны аңғарған ардақты сахабалары түкірік үстіне дереу құм төгеді. Сонан соң Пайғамбарымыз (с.а.у.) бара жатқан бағытына қайта жөнеледі.

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) үмбетіне киімнің жақсысын киюді әмір етті. Сонымен қатар шаш пен сақалдың таралып, ретке келтірілуін бұйыратын.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) киімнің тазалығымен қатар, оның реттілігіне де үлкен мән беретін. Ол әрдайым шаш пен сақалын тарайтын. Тіпті құлағының сырғалығына дейін өсірген шашын бағзы уақытта қынамен бояп, зәйтүн майымен майлаушы еді (Тирмизи, Шамайл 27-28).

Сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) ұйықтардан алдын көзіне сүрме тартқандығы да деректерде кездеседі.[262]

Хош иісті иіссулар Пайғамбарымыз (с.а.у.) сүйетін үш нәрсенің бірі болатын. Әнәс (р.а.) Аллаһ Елшісінің иіссу сақтайтын шишасының болғандығын, әрі оны әрдайым қолданғандығын нақыл етеді (Әбу Дәуіт, Тараджжул 2/4162).

Алайда Пайғамбарымыз киім кию, шаш пен сақалды ретке келтіріп тарау секілді істерге көп уақыт бөлмейтін. Киімнің таза болуын, қарапайымдылықтың шегінен шықпауын имандылықтан екендігін айтып өткен.[263] Оның аталмыш істер үшін қолданған құралдары саусақпен санарлық әрі қарапайым дүниелер еді. Олар: айна, тарақ, қайшы, мисуак,

260. Мұжәдала сүресі, 11-аят.
261. Нұр сүресі, 62-аят.
262. Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына Исмид тасынан өндірілген сүрмені қолдануларын өсиет еткен. Ол көзді жарқыратып, кірпіктерге жақсы болатындығын айтқан (Тирмизи, Либас 23/1757).
263. Әбу Дәуіт, Тараджжул 1.

сүрмелік, иіссу шишасы және жұқа орамал. Пайғамбарымыз (с.а.у.) сапар шеккенде осыларды өзімен бірге алып жүретін.

***

Төмендегі мына уақиға мұсылманның бойынан табылуы қажет тазалық пен сыпайылыққа, сүйіспеншілік пен махаббатқа мысал бола алады.

Мұғира ибн Шұғба (р.а.) уақиға желісін былай деп тарқатады:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) менен су сұрады. Мен маңайымызда тігілген шатырлардың біріне бет алдым. Ішіне кірсем, бәдәуи қатын отыр екен. Мен оған қарап: «Анау тұрған кісі Аллаһтың Елшісі. Дәрет алу үшін су сұрап тұр. Суың бар ма?» - деп сұрадым.

Әйел: «Әке-шешем Аллаһ Елшісінің жолына құрбан болсын! Көк аспанның астын, жердің үстін мекен еткен адамзат баласының ішінде маған ең сүйіктісі Аллаһтың Елшісі. Мына мес өлі хайуанның терісінен жасалған. Онымен Аллаһ Елшісін ластауға дәтім бармайды», - деді.

Мен Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) қайта келіп, уақиғаны баян еттім. Аллаһ Елшісі (с.а.у.): Оған қайта бар! Егер теріні илеген болса, тері тазарады», - деп мені қайта жіберді.

Әйелге барып, Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сөздерін жеткіздім. Әйел: «Уаллаһи! Теріні илегенмін», - деді. Осылайша местегі суды Аллаһ Елшісіне (с.а.у.) алып келдім» (Ахмед IV, 254).

***

Бір жолы Аллаһ Елшісі (с.а.у.) мешітте отырған шағында, шашы, сақалы ұйпа-тұйпа бір адам кіріп келеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) қолымен оған шашы мен сақалын тарап, ретке келтіруін ишарат етеді (Муатта, Шағыр 7; Бәйхақи, Шұғаб V, 225).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір күні шашы таралмаған, үсті-басы алба-жұлба бір кісіні көріп: «Бұл адам неге басын жуып тарамайды?» - деп таң қалған еді.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) үстіне лас киім киген жанды көрген сәтте: «Мына адам киімін жуатын су таба алмай жүр ме?» - деп әрдайым мұсылмандардың таза әрі ұқыпты киіну керектігін баса айтқан болатын (Әбу Дәуіт, Либас 14/4062; Нәсай, Зинат 60).

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыз (с.а.у.) басқа бір жолы үсті-басы алба-жұлба адам құзырына кіріп келгенде: «Дүние-мүлкің бар ма? Жағдайың қалай?» - деп сұрады.

Ол, кісі материалдық жағдайының өте жақсы екендігін хабардар еткен сәтте: «Аллаһ саған дүние берсе, нығметі үстіңде көрінсін!» - деді (Әбу Дәуіт, Либас 14/4063; Нәсай, Зинат 54; Ахмед IV, 137).

Өйткені Аллаһ құлына берген нығметін оның үстінде көруін сүйеді.[264]

***

Ата ибн Ясар былай деп әңгімелейді:

«Пайғамбарымыз (с.а.у.) мешітте отырған болатын. Шашы, сақалы үйпа-түйпа бір адам кіріп келді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оның қайта шығуын қолымен ишарат етті. Шашы мен сақалын ретке келтіруін талап еткендей болды. Кісі шаш-сақалын ретке келтіріп, қайта кіргенде Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Араларыңдағы кез келген жанның шайтан тәрізді иқы-жиқы болмай, былайша (реттеліп) кіргендерің артық емес пе?»* - деді (Муатта, Шағыр 7).

***

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) адамзат тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі. Рақымдысы. Әрі ең нәзік жүрекке ие жан еді. Тіпті балалық шағында ешқандай өрескел қылықтарды жасаған емес. Бір жолы бір дөрекі адам: «Ей, Мұхаммед! Ей, Мұхаммед!» - деп бірнеше рет айқайлап шақырған болатын. Пайғамбарымыз (с.а.у.) болса: «Иә, қалауың не?» - деп сыпайылықтың шегінен шықпаған еді.[265]

***

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сыпайылығы соншалық, қонақтарына өзі бас болып қызмет ететін еді (Бәйхақи, Шұғаб VI, 518, VII, 436).

***

Айша анамыз (р.а.) былай дейді:

«Аллаһ Елшісі (с.а.у.) оң қолын тазалыққа және ас ішу үшін, ал, сол қолын әжетханада тазалану секілді істерде қолданатын» (Әбу Дәуіт, Таһарат 18/33).

***

Ғаламның мақтанышы Пайғамбарымыз (с.а.у.) мүмкіндігінше ақ түсті киім киюді насихат ететін.

Ол: «*Ақ киім киіңдер! Өйткені, ақ киім таза әрі көрінісі көңілге ұнамды. Мәйітттеріңді де ақ кебінге ораңдар!*» - дейтін (Тирмизи, Әдеп 46/2810).

Осылайша Пайғамбарымыз (с.а.у.) киімнің алғы шарттарының бірі – тазалық екендігін атап көрсеткен.

***

264. Тирмизи, Әдеп 54/2819; Ахмед II, 311.
265. Муслим, Нузур 8; Әбу Дәуіт, Әйман 21/3316; Тирмизи, Зуһд 50; Ахмед IV, 239.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.) киімінде жағымсыз иістердің болуын жаны сүймейтін. Бір жолы үстіне киген шапанынан жүннің иісін сезген бетте-ақ шапанды шешіп тастады. Бұл оқиғаны баяндаған Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздың хош иістерді жақсы көргендігін бізге жеткізеді (Әбу Дәуіт, Либас 19/4074).

Ардақты сахабалар өз істерін өздері істейтін. Олар жұма намазының уақыты кіргенге дейін өз жұмыс орындарында жұмыс істейтін. Азан шақырылған бетте-ақ жұмыстарын тастап, жұма намазына келетін. Сол себепті тәндерінен жағымсыз иіс шығып тұратын. Мұны байқап қалған Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жұма күні жуыныңыздар!»* - деп әмір етті (Бұхари, Жұма 16, Буюғ 15; Мүслим, Жұма 6).

***

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) әйелдерге деген сыпайылығына төмендегі мына оқиға мысал бола алады.

Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) шеккен сапарларының бірінде Әнжаша есімді қызметші өлең айтып, түйелердің тез жүруіне себепкер болған еді.[266] Алайда, мұны байқап қалған Пайғамбарымыз (с.а.у.) түйелер тез жүрсе әйелдерге залалы тиер деген оймен: «Уа, Әнжаша! Шишалар сынып қалмасын», - дейді (Бұхари, Әдеп 95; Ахмед III, 117).

***

Адамзаттың асылы Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сыпайылығы Құраннан бұрын түскен иләһи кітаптарда айтылған.

Абдулла ибн Аббас Кағбул Ахбарға[267] қарап: «Тауратта Аллаһ Елшісінің (с.а.у.) сипаттары қалай аталып өтеді? - деп сұраған еді.

Хазрет Кағб былай деп жауап береді:

«Мұхаммед ибн Абдулла Меккеде дүниеге келеді. Мәдинаға хижрет етеді. Шамды билейді. Ешқашан жағымсыз сөз сөйлемейді. Әрі базарларда қатты дауыс көтеріп сөйлеспейді. Жамандыққа жамандықпен жауап қатпайды. Керісінше кешіреді. Үмбеті молшылықта да, қиыншылықта да кез келген жерде Аллаһқа мадақ айтып, оны ұлықтайды. Белдеріне изар байлайды. Қолдарын жуады (дәрет алады). Соғыста сап-сап болып тұрғандары секілді, намаздарында да сап-сап болып тұрады. Мешіттерінен араның ызыңы іспетті Құран мен зікірдің дауыстары шығып тұрады. Азан дауысы көкжиекті баурап алады» (Дарими, Мұқаддима 2).

***

266. Түйелер әсем, әуезді дауысқа құмар болып келеді. Сондықтан түйенің бақташылары түйелерін тез жүргізулері үшін әуезді дауысқа салады. Мұны «Хида» деп атайды.

267. Кағбул Ахбар (рахимаһуллаһ) Бәни Исрайлға қатысты деректерде танымал болған табиғин буынының адамы. Хазірет Әбу Бәкірдің (р.а.) уақытында мұсылмандықты қабыл етіп, хижри 32 жылы қайтыс болды.

Ислами сыпайылықтың айырылмас бөлшектерінің бірі адамдарға залал тигізбеу болып табылады. Ал бұл іс үлкен ыждахаттылықты талап етеді. Мұғаз ибн Әнас былай деп әңгімелейді:

«Мен Аллаһ Елшісімен (с.а.у.) ғазауатқа шыққан едім. Жауынгерлер түскен жерін тарылтып, жолды бөгеді. Мұны байқаған Пайғамбарымыз (с.а.у.) жауынгерлердің арасына хабаршы жіберіп былай деп жар салуын әмір етті».

«Кімде-кім қандайда бір жерді тарылтса, яки жолды бөгесе (немесе бір мүминге зиянын тигізсе), оның жиһады жоқ!» (Әбу Дәуіт, Жиһад 88/2629; Ахмед III, 441).

Жауынгерлердің түскен жерлерін тарылтудағы тигізер зияны, әрбір жауынгердің кез келген жерге түсуі, мұқтаждығынан тыс орынды иемденуі, әрі өзге жандарға залал тигізуі деген сөз.

Жолды бөгеудегі басты зиянға тоқталар болсақ, жауынгерлердің заттарын жүргінші жолына қоюы, қозғалыстың жүйелі түрдегі ағымына кедергі болады. Пайғамбарымыз (с.а.у.) жүргінші жолы мен жолдарды қажетсіз бөгеуді, тарылтуды Аллаһтың құлдарының тыныштығын алатын өрескел қателік екендігін атап айтқан. Аталмыш іс-әрекетті жасаған әрбір жауынгердің жиһадтың сауабынан мақұрым қалатындығын тілге тиек ете отырып барша жауынгерлеріне тыйым салған.

Аллаһ Елшісі (с.а.у.): *«Кімде-кім жұма күні мұсылмандардың мойындарын баса-баса ілгері ұмтылса, тамұққа созылған көпірге ие болады»*, - дейді (Ахмет III, 437).

Шынында да бұл өрескел қылық. Алайда адамдар мешіттің алдыңғы қатарын толтырмай арт жаққа отырса, аталмыш хадис-шәріп өз күшін жояды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хазрет Омарға Қағбаны тауап еткенде дөрекіліктен аулақ болуын өсиет етіп, былай деген еді:

«Уа, Омар! Сен өте күшті қуатты жансың. Хажарул-Әсуадқа жету үшін адамдарды езіп, әлсіздерге зияныңды тигізбе. Мазаң кетпесін, әрі біреудің мазасын алма! Адам көп болмаса, Хажарул-Әсуадқа истиләм етіп, оны сүй! Ал, керісінше адам көп болса, ұзақтан қол бұлғап, сүйіп жатқандай ишарат жасап, кәлимә таухид айтып, тәкбір айтып өт!» (Хайсами III, 241; Ахмед I, 28).

Әбу Уасыл былай дейді: Әбу Әйюб әл-Ансаримен кездескен едім. Менімен қол алысып сәлемдесті. Тырнақтарымның ұзын екендігін байқап: «Пайғамбарымыз (с.а.у.) маған былай деген еді: «Сендердің іштеріңде көктен хабар алумен шұғылданатындар бар. Шынына келер болсақ, тырнақтарын құс тырнағы секілді ұзартып, тырнақ астында кірлас нәрселер пайда болған» (Ахмед V, 427).

Мұсылман сүндетке отыру, тырнақ алу, шаш қысқарту сияқты адамзат баласының жаратылыс мұқтаждықтарын өтейді. Қазіргі таңда мода деген желеумен тырнақ өсіру іспетті теріс қылықтар адамның жаратылысына сәйкес келмейтін жат қылық әрі соқырлық.

***

Омар ибн Хаттаб (р.а.): «Аллаһ сендерді мол нығметке бөлесе, сендер де өздеріңе жақсы қараңдар (таза киініңдер, ысырапшылыққа жол бермеу шартымен) әркім киген киіміне ерекше назар аударсын, - деген болатын (Муатта, Либас 3).

***

Мұсылман мешіттердің тазалығына да көңіл бөлуі қажет. Бұхаридың тазалығы мен сыпайылығын көрсететін мына бір оқиға біздер үшін ғибратқа толы. Оқиға өрісін Мұхаммед ибн Мансұр былай деп тарқатады:

«Бұхари мен бірге бір мәжілісте отырған едік. Мәжілісте отырғандардың бірі сақалына жабысқан қиқымды лақтырып жіберді. Кейін Бұхариға назар салсам қиқымға бір, адамдарға бір қарап тұрғанын байқадым. Адамдар назарын басқа жаққа бұрған сәтінде дереу қолын ұзатып қиқымды алды. Кейін киімінің жеңіне тығып қойды. Мешіттен шыққанымда оның жеңінен қиқымды шығарып тиісті жерге лақтырғанын өз көзіммен көрдім» (Ибн Хажар, Һадуш-Шариғ II, 196).

***

Әрбір істе сыпайылық таныту қажет. Инфақта да (Аллаһ жолында мал жұмсау) сыпайылықтың алар орны ерекше. Марқұм әкем және көкелерім инфақ жасарда сезімталдық көрсететін. Зекет ақшасы немесе садақа салынған конверттің үстіне: «Қабыл алғандарыңыз үшін алғыс білдіреміз», - деп жазатұғын. Осылайша сыпайылық танытатын. Кедей-кепшікке берілетін азық, қаржыны жақсылап орауға, ешкімді ренжітпеуге тырысатын. Алған да қуанышқа бөленіп, берген де көңіл тыныштығын табар еді. Яғни алушы алған нәрсесінің Аллаһтан келді деген ниетпен алар еді. Беруші де Аллаһтың аманатын өтедім деген ойда болар еді.

***

«Тазалық – иманның жартысы» деген хадис-шәріпті көркем жазулармен жазып, үйінің төріне ілген, Осман империясының тұрғындары тазалықты өздерінің өмірлік ұстанымы ретінде қабылдаған.

Мәшһүр сәулетші Синан мұсылмандардың рахаты, тыныштығы, тазалығы үшін мемлекеттің әрбір бұрышына алуан түрлі керуен сарайларын, су құбырларын, құдықтар, моншалар салуды өмірінің соңғы деміне дейін орындаған. Олар материалдық һәм рухани тазалықты жүзеге

асырды. Өйткені, тазалық пен діни қызметтер егіздің сыңарындай. Тазалық үшін, тіпті түкпір-түкпірдегі ауылдарда да моншалар салынған. Мұсылмандардың үйлері өте таза болған. Аяқкиіммен үйде жүру үрдісі қалыптаспаған. Үйдің кез келген жерінде намаз оқуға мүмкіндік болатын. Үйде хайуан асырау атауымен жоқ. Тіпті құстарды үйге кіргізбейтін. Бұл жақсы қасиеттердің ортасында дүниеге келген әрбір османлы дені сау, ірі, қуатты болатұғын. Батыс зерттеушілерінің жазған мағлұматтарына сүйенсек батыс ол шақтарда тазалықты түсінде де көрмейтін.

Әйгілі Лувр сарайында әжетхананың салынбауы батыстың сол кездегі тазалығын әлемге паш ету үшін жетіп артылады. Кезінде Францияда қол шатырлар көшеге төгілген кірлі су мен кіші дәреттен қорғану үшін қолданылғаны еңбектерде кездеседі.

Кейбір батыс зерттеушілерінің Осман империясындағы қоғамның тазалағы мен сыпайылығын көрсететін мына еңбектерге көз жүгіртелік.

М. Де. Тевенот кітабында былай дейді:

«Түріктер гигиенаға үлкен мән береді. Сол себепті оларда сырқаттар аз кездеседі. Мемлекетімізде мол кездесетін бүйрек аурулары және де көптеген жұқпалы, қауіпті ауру түрлері оларда атауымен жоқ. Тіпті аттарын білмейді. Түріктердің денсаулықтарының мықты болуының басты сыры жиі-жиі жуынуларында, ішіп-жеулерінде ысырапшылдыққа жол бермеулерінде деп топшылаймын. Олар өте аз тамақтанады. Олардың ас түрлері, христиандардың күнделікті асына мүлде ұқсамайды».

Ригаут: «Астан алдын және кейін қол жуу түріктердің дағдысына айналған. Әрі бұл әдет қалың көпшіліктің арасында кең тараған», - дейді.

Ж. Б. Таверниер болса: «Осман империясындағы қоғамда дастарқаннан тұрар-түрмас міндетті түрде қол жуылып, ауыз шайылады. Олардың үйіне қонақ болып, бара қалсаңыз, алдыңызда міндетті түрде ыстық су мен сабын дайын тұрады. Ал ұлықтарының үйінде келген қонақтың қолына роза суы яки басқа хош иісті иіссулар құйылады. Онымен орамалыңыздың шетін сулап алсаңыз да болады», - дейді.

Ж. Р. Дурбент өз естелігінде былай дейді:

«Түріктер күніне бес уақыт намаз оқуды діни міндет ретінде қабыл көреді. Әрі оларға күніне бірнеше мәрте дәрет алу міндеттелген. Олар осылайша рухтарының да тазалануына кәміл сенеді».

Доктор А. Брайард өз кітабында былай дейді:

«Осман империясында өмір сүретін кез келген жан жуынып тазалануды ешқашан ақсатпайды (ұмытпайды). Шамасы жетпеген күннің өзінде баласын яки қызметшісін, немесе әйелін пайдаланып жуынып

алады. О дүниелік болғанда да, жаназасы шариғат үкімдеріне қарай жуылып, тазаланғаннан кейін ғана қабірге қойылады. Ал европалықтар сырқаттанғанда яки шамасы келмей қалғанда тазалық атаулыны мүлде ұмытады. Өлгенде үйіндегі ең жаман матаға оралып, табытқа қойылады. Жанұясы өліктің аз да болса, тазалануын ойламайды.

Осман қоғамының, әдеп, сыпайылық, тәрбиеде қол жеткізген жетістіктері ешбір халық бағындыра алмас биіктерде!

Түріктердің қарым-қатынастағы әдептері, ұстанымдары теңдессіз! Олардың сыпайылығы мен қарапайымдылығы тайға таңба басқандай айқын көрініп тұрады. Олар халық немесе мәзхаб айырымы жасамастан, барша адамзат баласына бірдей қарайды. Сол себепті Осман империясы демек, қызғанышпен көз тігетін әдеп пен сыпайылықтың заңғар бәйтерегі болып табылады. Аталмыш ерекшеліктер күнделікті өмірде молынан кездеседі. Османлылар шын көңілден ислам дініне берілгендер. Діннің дұшпандық пен өшпенділікке тыйым салуы, олардың әр жұма және мейрам күндерін арадағы алауыздықты жоятын себепші етіп алған. Өздеріне жасалған жамандыққа кек сақтаудың орнына кешірімді болу кеңінен тараған».

Вилламонт естеліктерінің бірінде былай дейді:

«Түріктерде кімде-кімнің дұшпаны болса, оған барып кешірім сұрауы ләзім. Дұшпаны да қолын сүюден алдын яки қол алысып сәлемдесуден алдын кешіргендігіні білдіруі тиіс. Олай болмаса, мейрамның қызықты, берекелі болуы мүмкін емес. Бұл қағидаға бас имеген жан, адамдар арасында пасық болып есептеледі».

Ата-бабамыздың әдебінің, сыпайылығының, тәрбиесінің жемістері шексіз. Мұсылманшылықпен біте қайнасқан осман қоғамында:

а) Европалықтарда кездесетін шектен шығу, әдепсіздік, көше төбелестері жоқ болатын.

ә) Сөйлеп тұрғанның сөзі кесілмейді. Сөз алған кісі әрдайым сөзін байсалдылықпен тәмамдайды. Айтылған әрбір сөз ұғынықты болатын. Мұны көрген Чарльз Мак Фарлайн: «Мына халықтың сөйлеген тілі нендей ғажап! Нендей керемет! Бұлар осы тіл арқылы мәдени тұрғыдан дамыған күллі мемлекетке үлгі бола алады», - деп таңданысын жасыра алмаған.

б) Жүріс-тұрыстарында ерекше сыпайылық пен байсалдылық байқалатын.

в) Жасы ұлғайған кісілерге ерекше құрмет көрсетілетін. Өте жоғары деңгейде қадір тұтылатын.

г) Әйелдерге деген құрмет өте биік болатын. Әрбір әйел көпшіліктің

анасы ретінде қаралатын. Жақын туыс болмаса да әйелдер, әкпе, апа, ана ретінде мәміле жасалатын.

Осындай яки өзгеде мәселелер жөнінде зерттеулер жүргізген еуропалықтардың бағзы мағлұматтарына назар аударалық!

Әйгілі Гвер естеліктерінің бірінде былай дейді:

«Түріктердің көптеген қарым-қатынас қағидалары бар. Олар бұл қағидаларды мүлтіксіз орындайды. Бір-бірімен кездескенде қолдарын көкіректеріне қойып, бастарын иіп сәлемдеседі. Әрі қарсы алдындағы тұлғаның дәрежесіне қарай «Паша! Аға! Сұлтан! Мәртебелі! секілді сөздерді қолданады».

Леди Гравен өз таңданысын былай деп жеткізеді:

«Түріктердің әйелдерге деген құрметі күллі ғаламға өрнек бола алады. Мысалы, бір ер кісіге өлім жазасы кесілсе, барлық құжаттары тексеруден өтеді. Дүние-мүлкі тәркіленуі әбден ықтимал. Алайда әйеліне өте жақсы мәміле жасалып, әсемдік бұйымдары өзімен бірге қалады».

Эдмандо Де Оличис кітабында былай дейді:

«Зерттеулеріме сүйене отырып, Еуропаның ең сыпайы, ең әдепті халқы Стамбул тұрғындары деген тоқтамға келдім. Орасан зор қаланың адам тұрмайтын көшелерінің өзінде шетелдік азамат үшін ешқандай қауіп-қатер жоқтың қасы. Тіпті намаз уақыттарында мешіттерге кіріп, серуендей аласыз. Кез келген шетелдік үлкен сый-құрметке бөленеді. Біз көрген құрметке шіркеулерді көруге келген түрік қол жеткізе алмауы мүмкін.

Халық арасында едірейіп қарау былай тұрсын, жасырын көзбен қарау байқалмайды. Қарқылдаған күлкілерді өте сирек естисіз. Көшелерде жанжал, төбелес мүлде кездеспейді. Есіктен, терезеден, яки дүкеннен әйел дауысы естілмейді».

А. Брайер таңданысын былай деп тілге тиек етеді:

«Сіз қызметкері аз болған мекемелерге көз салып қараңызшы! Адамдардың киген киімдері, үсті-басы нендей таза! Іс-әрекеттерінде ақсүйектік, сыпайылық байқалады. Қолданған тілдері нендей тәтті! Әрі нендей үйлесімді десеңізші!»

***

Османлы қоғамында шәһит жанұяларына жабық ыдыстармен ас таратылатын. Әрі бұл іс ымырт жабылғаннан кейін жүзеге асырылатын. Иә, осы ұлы әрекет олардың абыройын, қасиетін қорғауда үлкен рөл атқаратын. Міне осындай қасиеттер османлы қоғамының сыпайылы мен биязылығын көрсетеді. Келешек ұрпаққа да теңдессіз үлгі. Сонымен қатар кедей-кепшік, қолы қысқа жандар қысылмастан өз

мұқтаждықтарын өтеу үшін салынған «садақа тастары» ғаламда теңеуі болмаған сыпайылық пен нәзіктіктің қайталанбас туындысы болып табылады.

***

Сыпайылыққа, биязылыққа қатысты мына мысалға назар салып көрейік:

«Кезінде Иранда ғалымдар мен ақындар «үндеместер мәжілісі» атты ұйым құрады. Оның құрамы бар болғаны отыз жаннан құралатын. Әрі бұл санды арттырмайтын. Ұйымға мүше болудың алғы шарты көп ойланып, аз жазу, әрі аз сөйлеуден тұратын. Сол заманда өмір сүрген атақты ақындар мен әйгілі ғалымдар аталмыш ұйымға мүше болуға ынтызар болатын. Бір күні әлгі ұйымның бір мүшесі қайтыс болады. Оны естіген бір ғалым көз жұмған жанның орнына мүше болу үшін ұйымның сарайына қарай бет алады. Сарай алдындағы қызметшіге ләм деместен аты жазылған қағазды беріп жіберуін өтінеді. Ұйым мүшелері кезекті мәжілісте отырған еді. Олар қағазды көрген сәтте қатты мұңайады. Өйткені хат иесі мүшелікке лайық жан болатын. Бірақ олар марқұм болған мүшенің орнына басқа біреуді алып қойғантұғын. Келген ғалымға мәжілісте орын жоқтұғын. Мәжіліс бастығы бір кесені суға толтырып ғалымға жібереді. Зерек ғалым әңгіме төркінін дереу түсінеді. Өйткені бір тамшы су, кеседегі судың төгілуіне себеп болар еді. Ол да өсіп тұрған раушан гүлінің жапырағын жұлып, кеседегі судың үстіне қояды. Бір қызығы кеседегі су тасымады. Қызметшіге кесені ұсынып, қайта апаруды сұранады. Мәжілістегілер бұл нәзік жауапқа таң қалады. Ұйым мүшелері дереу ақылдасып, ғалымды ұйымға мүше ретінде қабыл алуға шешім қабылдайды. Мәжіліс бастығы тізімге ғалымның атын қосады. Отыз санының соңына тағы бір нөл қосып, үш жүз деп жазады. Ол зерек, сыпайы ғалымның арқасында мәжілістің он есе артық қасиетке ие болғандығының дәлелі еді.

Тізімнің соңғы пішіні жаңа мүшенің алдына келіп жеткенде, ол мәселені аңғарған болатын. Алайда оған мүшелер санының көптігі ұнамады. Соңғы нөлді өшіріп, оны отыз санының алдына қояды. Қарапайым ғалым осылайша өзін нөл деп есептеп, кеседегі суды тасытпағаны секілді, мәжілістің құрылысын бұзбайтындығын білдіреді. Өзге мүшелер оның бұл әрекетін түйсінген сәтте, ғалымға деген құрмет пен таңданыстары арта түседі. «Үндеместер мәжілісінің» жаңа мүшесіне ерекше құрмет көрсетіп, тағзым етеді.[268]

***

Ұзын сөздің қысқасы тазалық пен сыпайылық мұсылманның ай-

268. Рыза Акдемир, Бир Демет Чичек, 76-78 қысқартылып алынған.

рылмас жан серігі, берік ұстанымы. Тазалықтың материалдық, рухани, гигиеналық, діни тұрғыдан алар орны ерекше. Тазалық болмаса, құлшылықты да ойдағыдай атқара алмайсыз. Мысалы, мұсылман баласы көз жұмғанда тап-таза әрі аппақ кебінге оралады. Әрі таза топыраққа жерленеді. Қиямет қайым болғанда қабірінен таза кейіпте тірілуі үшін жаназаға келгендер шын ықыласымен дұға етеді.

Иә, сыпайылық пен биязылық мұсылманның әшекейі іспетті. Осы қасиеттер оны көптеген қателіктерге ұрынудан сақтайды. Қауіп-қатерден сақтайды. Қоғамда қадірлі, құрметті жанға айналауына себепші болады. Нәтижесінде Аллаһтың разылығына қол жеткізіп, рухани жан дүниесін қуанышқа бөлейді. Өйткені ислам діні адамзат баласына сыпайылық пен биязылыққа толы ғұмырды сыйға тартады. Міне осындай дінді толықтай ұстануды Аллаһ Тағала баршамызға нәсіп етсін! Әумин!

Мазмұны